

В. Ульянов (Ленин)

Том 6

ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА при ЦК КПСС

В. И. ЛЕНИН

ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

ИЗДАНИЕ ПЯТОЕ

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
МОСКВА · 1972

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

ШЫҒАРМАЛАР ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ОРЫСША БЕСІНШІ БАСЫЛУЫНАН АУДАРЫЛДЫ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1975

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

6 ТОМ

Январь—август 1902

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1975

3 К 2
Л 40

Л $\frac{0112-040}{401(07)-75}$ 1—74

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1975.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының алтыншы томына «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» (1901 жылғы күз — 1902 жылғы февраль) деген кітабы және 1902 жылғы январь — августа жазған шығармалары кіреді.

Бұл кезде Россияда революциялық дағдарыс онан сайын тереңдеп, шиеленісе түскен еді; самодержавиелік-помещиктік құрылысқа қарсы революциялық қозғалыс барған сайын бұқаралық сипат алды. 1902 жылғы февраль — мартта болған Петербург, Екатеринослав, Дондағы Ростов, Батум жұмысшыларының демонстрациялары мен стачкалары, Саратовта, Вильнода, Бакуде, Нижний Новгородта және басқа қалаларда болған бірінші май демонстрациялары патша самодержавиесіне қарсы бүкіл халықтық күрестің авангарды — жұмысшы табының белсенділігі өскендігінің және оның саяси жағынан есейгендігінің айқын айғағы болды. Харьков, Полтава, Саратов губернияларының шаруалары помещиктерге қарсы көтеріліске шықты; «аграрлық тәртіпсіздіктер» басқа да көптеген жерлерді қамтыды, Гурия (Кутаиси губерниясы) шаруаларының күресі ерекше табандылығымен және ұйымшылдығымен көзге түсті. «Шаруалар былай деп шешті,— бұл шешу тіпті дұрыс еді,— аштық өліммен күреспей өлгенше, қанаушылармен күресіп өлген жақсы десті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 6-том, 450-бет).

Осындай жағдайда лениндік «Искраның» Россиядағы жұмысшы және социал-демократиялық қозғалыстың басты кедергісі болған «экономизмге» қарсы, Россия со-

циал-демократиясындағы революциялық маркстік элементтерді идеялық және ұйымдық жағынан топтастыру жолындағы, оппортунизммен ымыраға келмейтін, үйірмешілдік пен фракцияшылдықтан арылған жаңа түрпатты партияны, жұмысшы табының саяси жетекшісі, самодержавие мен капитализмге қарсы революциялық күрестің ұйымдастырушысы және көсемі болып табылатын партияны құру жолындағы күресінің өте-мөте зор маңызы болды.

В. И. Лениннің 1902 жылы мартта шыққан «Не істеу керек?» деген кітабы маркстік жұмысшы партиясын құру жолындағы күресте аса маңызды роль атқарды. Бұл кітабында Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің жұмысшы қозғалысының революцияшылдандырушы, басшы және ұйымдастырушы күші ретіндегі партия туралы идеяларын жаңа тарихи жағдайға сәйкестеп негіздеді және дамыта түсті, жаңа түрпатты партия, пролетарлық революцияның партиясы туралы ілімнің негіздерін талдап жасады. Революциялық марксизмнің осы тамаша шығармасынан орыс социал-демократтары өздерін толғандырып келген мәселелерге: жұмысшы қозғалысындағы саналы элемент пен стихиялы элементтің арақатынасы туралы, пролетариаттың саяси көсемі ретіндегі партия туралы, жақындап келе жатқан буржуазиялық-демократиялық революциядағы Россия социал-демократиясының ролі туралы, жауынгер революциялық пролетарлық партия құрудың ұйымдық формалары, жолдары мен әдістері туралы сұрақтарға жауап тапты.

«Не істеу керек?» кітабы Ленин халықаралық оппортунизмнің (бернштейншілдіктің) орыс топырағындағы бір түрі деп қараған «экономизмді» идеялық жағынан талқандау ісін аяқтады. Ленин социал-демократия қатарындағы оппортунизм тамырларын: буржуазия мен буржуазиялық идеологияның жұмысшы табына жасайтын ықпалын, жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында табынуды, социалистік сананың жұмысшы қозғалысындағы ролін кемітуді әшкереледі. В. И. Ленин былай деп жазды: халықаралық социал-демократияда XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында қа-

лыптасқан және «сын еркіндігі» ұранымен марксизмге ревизия жасауға әрекеттенген оппортунистік бағыт өз «теорияларын» бүтіндей буржуазиялық әдебиеттен көшіріп алды, атышулы «сын еркіндігі» дегеніміз «социал-демократияны реформалардың демократиялық партиясына айналдыру еркіндігі екені, социализмге буржуазиялық идеялар мен буржуазиялық элементтерді енгізу еркіндігі екені айқын» (осы том, 10-бет), онан басқа түк те емес.

Ленин пролетариаттың социалистік идеологиясы мен буржуазиялық идеология арасында үздіксіз және ымырасыз күрес жүріп жататынын көрсетіп берді: «...Мәселе *тек былай ғана* қойылмақ: не буржуазиялық идеология, не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ... Сондықтан социалистік идеологияның маңызын кемітушілік *атаулының бәрі*, одан *шеттеушілік атаулының бәрі* буржуазиялық идеологияны күшейткендік болып табылады» (43-бет). Социалистік сана, деп түсіндірді ол, стихиялы жұмысшы қозғалысынан тумайды, оны жұмысшы қозғалысына революциялық маркстік партия енгізеді. Сондықтан пролетарлық партияның аса маңызды міндеті социалистік идеологияның тазалығы үшін, жұмысшы табына буржуазиялық ықпал жасауға қарсы, жұмысшы қозғалысында буржуазиялық идеологияны таратушылар және жүргізушілер болып табылатын оппортунистерге қарсы күрес жүргізу болмақ.

Ленин ғылыми социализм теориясының жұмысшы қозғалысы үшін, жұмысшы табының революциялық маркстік партиясының бүкіл қызметі үшін аса зор маңызын көрсетіп берді: *«...Алдыңғы қатарлы теорияны басшылыққа алатын партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады»* (28-бет). Ленин орыс социал-демократиясы дамуының тарихи ерекшеліктеріне және оның алдында тұрған революциялық міндеттерге байланысты орыс социал-демократиясы үшін алдыңғы қатарлы теорияның ерекше зор маңызы бар екенін атап көрсетті.

«Не істеу керек?» деген кітапта және Лениннің искралық кезеңде жазылған басқа да шығармаларында

Россия пролетариаты мен оның партиясының тактикасын негіздеуге елеулі көціл бөлінген. Жұмысшы табы, деп жазды Ленин, самодержавиелік-помещиктік құрылысқа қарсы жалпы халықтық демократиялық қозғалысты басқаруы тиіс және басқара алады, орыс қоғамының барлық революциялық және оппозициялық күштерінің авангарды бола алады. Сондықтан самодержавиені жан-жақты саяси әшкерелеу ісін ұйымдастыру Россия социал-демократиясының аса маңызды міндеті, пролетариатқа саяси тәрбие берудің сөзсіз шарттарының бірі болды. Мұның өзі Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың «толғағы жеткен мәселелерінің» бірі болды. «Экономистер» пролетариаттың тап күресі жөнінде бүтіндей қате және зиянды көзқарастарды уағыздай отырып, бұл күресті экономикалық, кәсіптік, күрес саласымен шектеді. Мұндай саясат, тред-юнионизм саясаты, жұмысшы қозғалысын буржуазиялық идеология мен буржуазиялық саясатқа бағындырмай қоймады. Осы оппортунистік бағытқа қарама-қарсы, Ленин қоғам дамуында, социализм жолындағы пролетарлық күресте саяси күрестің бірінші дәрежелі маңызы туралы марксизм-ленинизмнің аса маңызды қағидасын тұжырымдап, негіздеп берді: «... Таптардың ең елеулі, «шешуші» мүдделері, тегінде, түбегейлі *саяси* өзгерістер жасағанда *ғана* орындала алады; атап айтқанда, пролетариаттың негізгі экономикалық мүддесі буржуазия диктатурасының орнына пролетариат диктатурасын орнататын саяси революция жасалғанда ғана орындалады» (50-бет).

«Экономистердің» пролетариаттың ұйымдық міндеттері саласында стихиялылыққа табынуы, олардың партия құрылысы мәселелеріндегі «майдагерлігі» Россиядағы социал-демократиялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді. Ленин социал-демократияның міндеттерін тред-юнионизм дәрежесіне дейін төмендетіп кемітуді, жұмысшы табы ұйымының екі типін: жұмысшылардың экономикалық күресін ұйымдастыратын кәсіпшілік одақтары мен жұмысшы табының таптық ұйымының жоғары формасы ретіндегі саяси партияны шатастыруды «экономистердің» майдагерлігінің қайнар көзі деп

білді. Ленин орыс социал-демократтарының бірінші және ең маңызды міндеті революционерлердің бір орталыққа бағынған жалпы россиялық ұйымын, яғни бұқарамен айырғысыз тығыз байланысты, жұмысшы табының революциялық күресіне басшылық ете алатын саяси партия құру деп есептеді. Мұндай ұйымды құруға қалай кірісу керек екенін, қай жолды таңдап алу керек екенін Ленин 1901 жылғы майда «Искраның» 4-номерінде басылған «Неден бастау керек?» деген мақаласында-ақ көрсетіп берген болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер), ал «Не істеу керек?» деген кітабында егжей-тегжейлі негіздеп берді.

Ленин кітабының Россияда кең таралуы РСДРП-да лениндік-искралық бағыттың жеңуіне көмектесті. «Не істеу керек?» кітабы партия кадрларын марксизм негізінде топтастыруда, партияның II съезін әзірлеуде және Россияда революциялық маркстік партияны құруда зор роль атқарды. В. И. Ленин бұл шығармасында батыс европалық социал-демократиялық партиялардағы Бернштейн мен оның жақтастары сияқты ревизионистерге мықтап соққы берді, олардың оппортунизмін және жұмысшы табының мүдделеріне опасыздығын әшкереледі.

1902 жылдың бірінші жартысында «Искра» мен «Заря» редакциясы әзірлеп, РСДРП II съезінде (июль — август 1903 ж.) қабылданған РСДРП программасы жобасының орыс революциялық социал-демократтарын идеялық жағынан топтастыруда өте-мөте зор маңызы болды. Осы томда басылып отырған «РСДРП программасын жасау жөніндегі материалдар» В. И. Лениннің партия программасының искралық жобасын дайындаудағы ролін, «Искра» редакциясында түрлі жобаларды талқылаған кездегі принциптік күресті айқын көрсетеді. Лениннің арқасында программа жобасында пролетариат диктатурасы туралы марксизмнің аса маңызды қағидасы айқын тұжырымдалды; кейінірек Ленин былай деп жазды: РСДРП программасына пролетариат диктатурасы туралы мәселе «нақ Бернштейнге қарсы, оппортунизмге қарсы күреске байланысты» (Шығармалар,

31-том, 345-бет) қосылды. Марксизмнің бернштейншілдер шабуыл жасаған бірқатар принципті қағидалары жөнінде солқылдақтық көрсеткен Плехановпен айтыстарында Ленин программа жобасына капиталистік қоғамның заңды процесі ретінде ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруы туралы тезисті енгізуді қорғап қалды, Лениннің талап етуі бойынша программа жобасында пролетариаттың таптық қозғалысының мүдделерін саналы түрде білдіруші ретіндегі партияның басшылық ролі дәлме-дәл көрсетілді және жұмысшы табының гегемондығы туралы идея айқын бейнеленді.

РСДРП программасының искралық жобасының аса маңызды бөлімдерінің бірі оның В. И. Ленин жазған аграрлық бөлімі болды. Принциптік жағынан ұстамды аграрлық программаның соншама қажет болған себебі: социал-демократтарға аграрлық мәселе жөніндегі маркстік идеяларды эсерлер партиясы бейнесінде қайта туып келе жатқан, шаруалардың мүддесін білдірушілер және қорғаушылар ролін атқаруға дәмеленген халықшылдарға қарсы күресте орнықтыруына тура келді. Аграрлық программа болмайынша, шаруа мәселесіндегі социал-демократиялық саясаттың басшылыққа алатын негізгі қағидаларын белгілемейінше, РСДРП өзінің шаруаларға ықпалын күшейту жөніндегі аса маңызды міндетін, XX ғасырдың бас кезінде қалыптаса бастаған жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту міндетін орындай алмаған болар еді. Орыс революциялық социал-демократиясының аграрлық программасында крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан кесіп алынған жерлерді оларға қайтарып беру үшін шаруалар комитеттерін құру, сатып алу және оброк төлемдерін, жаппай кепілдікті, т. б. жою талаптары қойылды; пролетарлық партияның бұл талаптары шаруаларды крепостниктік правоның барлық қалдықтарына қарсы күреске көтеруді, деревнядағы тап күресін өрістетуге көмектесуді көздеді.

«Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласында Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында социал-демократиялық аграрлық программаның негізгі талаптары қан-

дай болуы керектігін түсіндірді, бұл талаптардың таптық мазмұнына және тарихи шарттылығына терең талдау жасады. Ленин кесінді жерлерді қайтарып беру талабы «аграрлық программаға ерекше сипат беретін негұрлым маңызды, өзекті пункт» (осы том, 351-бет) деп көрсетті. Сонымен бірге ол «белгілі революциялық кезеңде» кесінді жерлерді қайтарып беру талабының орнына жерді национализациялау талабын қоюды мүмкін деп есептеді. Мақаланың бұл қағидасы «Искра» редакциясында елеулі алауыздық туғызды: шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіндіктері мен маңызын жете бағаламаған Плеханов, Аксельрод және Мартов бұл қағидаға қарсы шықты. Бұл алауыздықтар ішінара большевиктер мен меньшевиктер арасындағы болашақтағы алауыздықтың бастамасы іспетті болды. Кейінірек, 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы дәуірінде, шаруалар қозғалысы мықтап өрге басқан жағдайда Ленин партияның аграрлық программасын қайта қарау туралы, кесінді жерлерді қайтарып беру талабының орнына барлық помещиктік жерлерді кәмпескелеу және белгілі бір саяси жағдайларда жерді национализациялау талабын қою туралы мәселе көтерді.

Ленин жазған «РСДРП комитеттерінің кеңесіне (конференциясына) «Искра» редакциясының баяндамасы», оның ««РСДРП Солтүстік одағына» хаты», ««Оқушыға» жауап» және ««Күрес» тобы туралы» деген заметкалары революциялық марксизмнің программасы, тактикасы мен ұйымдық принциптері негізінде РСДРП-ны идеялық және ұйымдық жағынан топтастыру жолында «Искраның» жүргізген күресіне арналған.

««Искра» редакциясының баяндамасында...» Ленин «экономистердің» өздерінің Белостокта шақырған (1902 жылғы марттың аяғында) конференциясын партияның II съезіне айналдыруға тырысқан әрекеттеріне батыл қарсы шығады; ол РСДРП съезіне жан-жақты және тыңғылықты әзірлепудің жоспарын ұсынады; бұл съезд партияны қайта құра алатын және аса маңызды жалпы партиялық мәселелерді: программаны қабылдау, самодержавие мен капитализмге қарсы пролетарлық күрес тактикасын белгілеу, тағы басқа мәселелерді шеше ал-

ған болар еді. Ленин былай деп жазды: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының съезінен енді жұрттың бәрі осы заманның *барлық* революциялық міндеттерінің дәрежесіне сай келерліктей шешімдер күтіп отыр», «егерде біз *енді* осындай нағыз сын сағатта тайсалатын болсақ, онда біз социал-демократияның саяси күресте гегемон болу жөніндегі барлық үміттерін жойған болар едік» (322-бет).

Лениннің «РСДРП Солтүстік одағына» — «Искраға» алғашқылардың бірі болып қолдау жасаған ұйымға — жазған хаты жолдастық принципшіл сынның үлгісі болып табылады. «Солтүстік одақтың» 1902 жылғы январьда болған съезінде қабылданған «программасының» кемшіліктерін көрсете келіп және программаны жасаушылардың марксизм теориясының бірқатар аса маңызды мәселелерін түсінбейтінін ашып, Ленин «Солтүстік одақтың» қайраткерлерін революциялық социал-демократияны партиялық тұрғыдан біріктіру ісіне де, сондай-ақ партия программасын жасау ісіне де белсене ат салысуға шақырды.

Россияда революция жақындап қалған жағдайда, жұмысшылардың, шаруалардың, барлық еңбекшілердің революциялық қозғалысы күшеюінің ықпалымен, революциялық және оппозициялық партиялар мен ағымдар ұйымдық және саяси жағынан қалыптасып жатты. РСДРП бұл партиялар мен ағымдардың қандай таптар мен жіктердің мүдделерін білдіретініне сәйкес олар жөніндегі өзінің көзқарасын анықтап алуға тиіс болды.

1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында Россиядағы және шетелдегі халықшыл топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде социалист-революционерлер (эсерлер) партиясы пайда болды. «Алжыған халықшылдықтың» жандануы революциялық маркстік партия үшін елеулі қауіп еді және социал-демократияның алдына ұсақ буржуазиялық социализмнің осы бағытына қарсы күрес жүргізу міндетін қойды: «Социал-революционаризм — ұсақ буржуазияшыл идеялық тұрақсыздық және социализмді ұсақ буржуазиялық тұрғыдан тұрпайыландыру белгілерінің бірі, социал-демократия бұларға қарсы әрқашан батыл соғыс жүргізіп отыруы

керек және жүргізеді де»,— деп жазды В. И. Ленин «Социал-демократия неліктен социалист-революционерлерге үзілді-кесілді және аяусыз соғыс жариялауы керек?» (405-бет) деген мақаласында. Лениннің «Революциялық авантюризм» деген мақаласы эсерлердің аграрлық программасы мен тактикасын қатты сынауға арналған. Ленин РСДРП Дон комитетінің «Орыс азаматтарына» (Шығармаларда бірінші рет басылып отыр) деген прокламациясына жазған кіріспесінде де революциялық социал-демократтар мен эсерлердің тактикалық көзқарастарының принципті айырмашылықтарын көрсетіп берді.

В. И. Лениннің «Искрада» басылған «Саяси үгіт және «таптық көзқарас»», «Земствошыларға хат» деген мақалалары социал-демократияның либерал буржуазияның оппозициялық қозғалыс жөніндегі тактикасын негіздеуге арналған. Ленин бұл қозғалысты пайдалануға болады және пайдалану қажет, либералдар арасындағы наразылық пен қарсылық көріністерін қолдап отыру керек, сонымен бірге олардың жартыкештігі мен қорқақтығын сынап отыру да қажет деп есептеді. «Пролетариат партиясы әрбір либералды нақ бір қыбырлай бастаған кезінде қолға түсіріп, оны аршындап алға жылжуға мәжбүр ете білуі керек. Ал қарысып тұрып алса,— біз онсыз да және оны аттап өтіп те алға баса береміз» (296-бет).

В. И. Ленин «Мемлекеттік есеп жайында», «Банкроттықтың белгілері», «Россияның экономикалық өмірінен», «Стачкалар туралы жаңа заңның жобасы» деген мақалаларында Россияның экономикалық жағдайына талдау жасайды, патша өкіметі саясатының халыққа қарсы сипатын әшкерелейді, самодержавиелік-помещиктік құрылыстың іріп-шіруін айқын суреттеп береді.

«Дайындық материалдар» бөлімінде томда «Плеханов программасының алғашқы жобасының конспектісі, оған енгізілген кейбір түзетулер», «Программа жобасын жасаудың барысы туралы хабарламаның жоспары», «Программа жобасының теориялық бөлімінің алғашқы нұсқасы», «Программа жобасы жоспарының нобайлары», «Программа жобасының нобайлары» басылған;

«Программа жобасының практикалық бөлімінің жеке пункттерінің нобайы», «Плеханов программасының алғашқы жобасының I және II абзацтарының жазбасы және программаның теориялық бөлімінің бірінші абзацының нобайы», «Программа жобасының аграрлық бөлімі мен қорытындысының алғашқы нұсқасы», «Программа жобасының аграрлық және фабрикалық бөлімдеріне енгізілген қосымшалар» бірінші рет басылып отыр. Бұл материалдар Лениннің «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының жобасын» дайындау кезінде орасан зор жұмыс атқарғандығын сипаттайды; бұл материалдар партия программасының практикалық бөлімінің жалпы редакциялық жобасын жасауда Лениннің атқарған ролі жөніндегі біздің түсінігімізді кеңейтеді; ал партия программасының практикалық бөлімі үшін Ленин аграрлық бөлімін ғана емес, сонымен бірге қорытындысының алғашқы нұсқасын да жазды. Сондай-ақ РСДРП программасының лениндік жобасының теориялық бөлімінің бірінші абзацының нобайы да зор көңіл болерліктей, мұның өзі «Искра» редакциясы ішіндегі аса елеулі таластардың бірін сипаттайды: «Искра» редакциясының 1902 жылғы январьда Мюнхенде болған кеңесінде Плехановтың бірінші жобасын талқылаған кезде Ленин ұсынғандай «Россиядан бастаған жөн емес пе деген мәселе ашық қалған (3 дауыс жақтап, 3 дауыс қарсы) болатын» (Лениннің II жинағы, 1924, 15-бет).

«Дайындық материалдар» бөлімінде сонымен бірге ««Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақалаға Плеханов пен Аксельродтың ескертпелеріне берілген жауаптар» басылған; бұл жауаптар «Искра» редакциясында осы мақаланы талқылаған кезде Ленин мен Плехановтың арасында болған таластарға байланысты жазылған.

Томның «Қосымшалар» бөлімінде Лениннің музей кітапханасында жұмыс істеуге өзіне мүмкіндік беруді өтініп, Британ музейінің директорына жазған екі хаты (1902 жылғы 21 және 24 апрельде) басылған.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

ҚОЗҒАЛЫСЫМЫЗДЫҢ ТОЛҒАҒЫ ЖЕТКЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ[1]


«...Партиялық күрес партияға күш береді, тіршілік береді, партияның бытыраңқылығы және анық белгіленген шектерінің көмескіленуі партияның әлсіздігінің аса зор дәлелі болып табылады, партия өзін тазарту арқылы нығаяды...»

(Лассальдың 1852 ж. 24 июньде Маркске жазған хатынан)

1901 ж. күзінде —
1902 ж. февралында жазылған

1902 ж. мартта Штутгартта
жеке кітап болып басылған

Вл. Ильин. «12 жыл ішінде»
деген 1907 ж. шыққан
жинақтың текстімен
салыстырылған кітап
тексті бойынша
басылып отыр



Что дѣлать?

Наболѣвшіе вопросы нашего движенія

Н. ЛЕНИНА.

... „Партійная борьба придаетъ партіи силу и жизненность, величайшимъ доказательствомъ слабости партіи является ея расплывчатость и притупленіе рѣзко обозначенныхъ границъ, партія укрѣпляется тѣмъ, что очищаетъ себя“ ... (Изъ письма Лассаля къ Марксу отъ 24 іюня 1852 г.)

Цѣна 1 руб.

Preis 2 Mark = 2.50 Francs.

STUTTGART

Verlag von J. H. W. Dietz Nachf. (G. m. b. H.)

1902

В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабының мұқабасы.— 1902 ж.

Кішірейтілген

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапша, автордың бастапқы жоспары бойынша, «Неден бастау керек?» деген мақалада («Искра»[2] № 4, май, 1901 ж.)* айтылған пікірлерді толықтырып баяндауға арналмақ еді. Сондықтан біз алдымен сол мақалада берген уәдемізді (жеке адамдардың талай сұрауларына, хаттарына берген жауабымызда қайталаған уәдемізді) кешігіп орындағанымыз үшін оқушыдан ғапу өтінуге тиіспіз. Бұлайша кешігудің бір себебі шетелдегі барлық социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру жөніндегі өткен (1901) жылғы июнь айындағы әрекетіміз болды[3]. Әрине, бұл әрекеттің нәтижесін күту керек еді, өйткені бұл әрекет сәтті бола қалған күнде, бәлкім, «Искраның» ұйымдық мәселе жөніндегі көзқарастарын біраз басқаша түрде баяндауға тура келер еді, қалай дегенмен де ол әрекеттің сәтті болуы орыс социал-демократиясында екі ағымның болып келуін өте тез жоятындай үміт тудырар еді. Оқушыға белгілі, бұл әрекет сәтсіз аяқталды, «Рабочее Дело»[4] өзінің 10-нөмерінде жаңадан «экономизмге» қарай бет бұрған соң ол әрекеттің сәтсіз болмасқа шарасы да жоқ еді; мұны біз төменде дәлелдеуге тырысамыз. Осынау тұрлаусыз да көмескі, бірақ оның есесіне әр алуан формада қайта тууға келгенде өте-мөте тұрақты да икемді бағытқа қарсы үзілді-кесілді күрес ашу сөзсіз қажет болып

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер. *Ред.*

шықты. Осыған орай кітапшаның бастапқы жоспары да өзгеріп, едәуір ұлғайып кетті.

Бұл кітапшаның басты тақырыбы «Неден бастау керек?» деген мақалада қойылған үш мәселе болуға тиіс еді. Атап айтқанда: біздің саяси үгітіміздің сипаты және басты мазмұны туралы, ұйымдық мәселе жөніндегі міндеттеріміз туралы, бір мезгілде және әр тараптан жалпы орыстық жауынгер ұйым құру жоспары туралы мәселелер. Бұл мәселелер автордың көптен бері көкейінде жүрген мәселелер еді, автор бұл мәселелерді «Рабочая Газетада»[5]-ақ, бұл газетті қайтадан шығаруға әрекеттеніп, бірақ дегеніміз болмай қалған кездердің бірінде көтермекші болған еді (V тарауды қараңыз). Бірақ кітапшада тек осы үш мәселені талдаумен ғана шектеліп, өзіміздің көзқарастарымызды мүмкін болғанынша ешкіммен айтысқа түспей немесе өте аз түсіп, болымды түрде ғана жазам деген бастапқы ниетті іске асыру екі себептен мүлде мүмкін болмай шықты. Бір жағынан, «экономизм» біздің ойлағанымыздан анағұрлым жансебіл болып шықты (біз «экономизм» деген сөзді кең мағынада қолданып отырмыз, «Искраның» 12-номеріндегі (декабрь, 1901 ж.) «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген мақалада, оқушыға ұсынып отырған осы кітапшаның, былайша айтқанда, конспектісін белгілеп берген мақалада айтылған мағынада қолданып отырмыз *). Бұл үш мәселені шешу жөнінде әр түрлі көзқарастың болуы әншейін ұсақ мәселелердегі пікір алалығынан гөрі көбінесе орыс социал-демократиясындағы екі бағыттың бір-біріне негізінен қарама-қарсы бағыт болғандығынан екені күмәнсыз болып шықты. Екінші жағынан, «Искрада» нақты көрсетілген біздің көзқарастарымыз жөнінде «экономистердің» аңтаң болуы мынаны айқын көрсетті: біз көбінесе мүлде әр түрлі тілде сөйлеп жүрміз; сондықтан егер біз ab ovo**-дан бастамасақ, ешқандай қорытындыға *келе алмаймыз;* демек, біздегі алауыздықтардың *барлық* негізгі пункттері жөнінде көптеген, нақты мысалдар келтіріп, *барлық* «экономистермен» неғұрлым түсінікті тілде

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 392—400-беттер. *Ред.*
** — ең басынан. *Ред.*

жүйелі түрде «ұғынысуға» әрекет жасау қажет. Сондықтан мен кітапшаның көлемі өте үлкейіп кететінін және оның басылып шығуы кешігетінін әбден біле тұрсам да, «Неден бастау керек?» деген мақалада берген уәдемді *басқаша* орындаудың ешбір мүмкіншілігін таба алмағандықтан, осылайша «ұғынысуға» әрекет жасауға бел байладым. Сөйтіп, кітапшаның кешігіп шығуы жөнінде ғапу өтінумен қатар кітапшаның әдеби жағынан өңделуіндегі толып жатқан кемшіліктер жөнінде де кешірім сұрауыма тура келеді, өйткені жұмысты *барынша асыға* істеуім керек болды, оның үстіне толып жатқан басқа жұмыстар да уақытымды алды.

Жоғарыда көрсетілген үш мәселені талдау, бұрынғысынша, кітапшаның басты тақырыбы болады, бірақ маған неғұрлым жалпы екі мәселеден бастауға тура келді, олар: «сын еркіндігі» сияқты «күнәсыз» және «табиғи» ұранның да бізге нағыз жауыпгерлік дабыл болып отырған себебі не? социал-демократияның стихиялы бұқаралық қозғалыс жөніндегі ролі туралы негізгі мәселенің өзінде бір пікірге келе алмай жүруіміздің себебі не? Онан соң, саяси үгіттің сипаты мен мазмұны жөніндегі көзқарасты баяндау — тред-юниондық саясат пен социал-демократиялық саясаттың арасындағы айырманы түсіндіру ісіне айналды, ал ұйымдық міндеттеріміз жөніндегі көзқарасты баяндау — «экономистерді» қанағаттандыратын майдагерлік пен, біздің пікірімізше, қажет болып отырған революционерлер ұйымының арасындағы айырманы түсіндіру ісіне айналды. Сонан соң, мен жалпы орыстық саяси газет «жоспарын» бұрынғыдан да гөрі қаттырақ жақтаймын, неге десеңіз, оған қарсы айтылған пікірлер дәлелсіз болды, бізге қажетті ұйымды бір мезгілде барлық жағынан қолға алып, қалай ұйымдастыра алар едік деп «Неден бастау керек?» деген мақалада қойылған сұрауға маған шын мәнісінде жауап берушілер аз болды. Ақырында, кітапшаның қорытынды бөлімінде мен мынаны көрсетпекпін: «экономистерден» мүлдем айрылып кетуді болдырмау үшін біз қолымыздан келген шаралардың бәрін істедік, бірақ бұл айрылысу болмай қоймады; — «Рабочее Дело» ерекше, тіпті «тарихи», маңыз алып, дәйекті «эконо-

мизмді» емес, орыс социал-демократиясының тарихында *тұтас бір дәуірдің* айрықша сипаты болып табылатын ауа жайылушылық пен ауытқуды өте-мөте толық, өте-мөте айқын көрсетіп берді;—сондықтан алғашында тым қазбаланған айтыс сияқты болып көрінсе де, «Рабочее Деломен» айтысудың да маңызы бар, өйткені біз бұл дәуірді біржолата жоймасақ, алға баса алмаймыз.

Н. Ленин

Февраль, 1902 ж.

1

ДОГМАТИЗМ ЖӘНЕ «СЫН ЕРКІНДІГІ»

а) «СЫН ЕРКІНДІГІ» ДЕГЕН НЕ?

«Сын еркіндігі» деген ұран,— күмән жоқ, барлық елдердің социалистері мен демократтарының арасындағы таластарда өте жиі қолданылып жүрген, қазіргі кезде әбден сән болып кеткен ұран. Былай қарағанда, таласушылардың бір жағының сын еркіндігіне осылай салтанатты түрде сүйенуінен артық оғаш нәрсені ойлап табу қиын. Европалық елдердің көпшілігінің ғылым еркіндігі мен ғылыми зерттеу еркіндігін қамтамасыз етіп отырған конституциялық заңына қарсы алдыңғы қатарлы партиялардың ішінен де үн шыққаны ма? Кез келген жерде айтыла беретін, сән болып кеткен бұл ұранды естіген, бірақ таласушылардың арасындағы алауыздықтың мәнісін әлі жете түсіне қоймаған бөгде адамның қай-қайсысы болса да «Мұнда бір гәп бар-ау!» — деуге тиіс. «Бұл ұранның өзі, сірә, бір нәрсеге қойылған ат сияқты, қолдана берген соң үйреншікті болып, жалпы есімге айналып кетті дерлік шартты сөздердің бірі болу керек».

Шынында да, жасыратыны жоқ, қазіргі заманғы халықаралық * социал-демократияның ішінде екі бағыт

---

* Айта кетелік. Социализмнің ішіндегі түрліше бағыттар таласының ұлттық таластан тұңғыш рет интернационалдық таласқа айналуының өзі — ең жаңа социализмнің тарихында бірен-саран дерлік кездесетін, өзінше бір өте-мөте көңіл жұбататын нәрсе. Бұрынғы уақыттарда лассальшылдар мен эйзенахшылдардың [6] арасындағы, гедшілдер мен поссибилистердің [7] арасындағы, фабийшылдар мен социал-демократтардың [8] арасындағы, халық ерікшілері [9] мен социал-демократтардың арасындағы таластар таза ұлттық талас болған еді, таза ұлттық өзгешеліктерді бейнелеген еді, былайша айтқанда, түрлі бағытта шығып отырған еді. Қазіргі уақытта (енді мұның өзі әбден

туып отыр, бұл бағыттардың арасындағы күрес біресе қатты қызып, өрттей қаулайды, біресе сесі күшті «бітісу туралы қарарлардың» ықпалымен баяулап, өше бастайды. «Байырғы, догмалық» марксизмге «сын көзімен» қарайтын «жаңа» бағыттың нендей бағыт екенін барынша айқын түрде Бернштейн *айтып*, Мильеран *көрсетіп* берді.

Социал-демократия әлеуметтік революция партиясынан әлеуметтік реформалардың демократиялық партиясына айналуға тиіс деседі. Бұл саяси талапты Бернштейн бір-бірімен тәп-тәуір қиюласқан тізбек-тізбек «жаңа» дәлел, пікірлермен лық толтырды. Социализмді ғылыми жолмен негіздеу мүмкіндігі және тарихты материалистік жолмен түсіну тұрғысынан қарағанда социализмнің қажеттілігі мен болмай қалмайтындығын дәлелдеу мүмкіндігі теріске шығарылды; қайыршылықтың, пролетариатқа айналудың өсуі мен капиталистік қайшылықтардың шиеленісуі бекер делінді; *«түпкі мақсат»* туралы ұғымның өзі қисынсыз нәрсе деп жарияланды және пролетариат диктатурасын орнату идеясы мүлде теріске шығарылды; либерализм мен социализмнің принцип жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екені бекер делінді; *тап күресінің теориясы* теріске шығарылды; мұның өзі көпшіліктің еркіне сәйкес басқарылатын барынша демократиялық қоғамға қолдануға келмейді-міс десті, т. т.

Сонымен, революциялық социал-демократиядан буржуазиялық социал-реформаторлыққа үзілді-кесілді бет бұру талабы марксизмнің барлық негізгі идеяларын буржуазиялық сынға алуға нақ сондай үзілді-кесілді бет бұрушылықпен қоса-қабат қойылып отырды. Ал осы соңғы сынның өзі саяси мінбеден де, университет кафедрасынан да, толып жатқан кітапшаларда да, бірқатар ғылыми трактаттарда да көптен бері марксизмге

айқын көрініп отыр) ағылшын фабийшылдары, француз министериалистері, неміс бернштейншілдері [10], орыс сыншылары,— бұлардың бәрі бір семья, бұлардың бәрі бірін-бірі мақтауда, бірінен-бірі үйренуде және бәрі бірігіп «догмалық» марксизмге қарсы жорыққа аттануда. Бәлкім, халықаралық революцияшыл социал-демократия Европада көптен келе жатқан саяси реакцияны құрту үшін социалистік оппортунизмге қарсы осы шын мәнісіндегі тұңғыш халықаралық шайқаста мейлінше ынтайып шығатын болар?

қарсы жүргізіліп келе жатқандықтан, білімді таптардың есейіп келе жатқан жастарының бәрі де ондаған жыл бойына үнемі осы сынмен тәрбиеленіп келе жатқандықтан,— міне, сондықтан социал-демократиядағы «жаңа сыншыл» бағыттың Юпитердің басынан Минерваның[11] пайда болғаны сияқты ойда жоқта бірден толық әзір күйінде шыға келгені таңданарлық нәрсе емес. Өзінің мазмұны жағынан бұл бағыттың дамып, қалыптасуы қажет болған жоқ: бұл бағыт турадан-тура буржуазиялық әдебиеттен социалисік әдебиетке көшіріле салынды.

Онан соң. Бернштейннің теориялық сыны мен саяси дәмелері кейбіреулерге, әлі айқын болмай қалған болса, французлар «жаңа методаны» айқын көрсетіп беру жағын қарастырды. Франция «өзінің тарихында таптар күресін басқа елдің қай-қайсысынан болса да анағұрлым батыл түрде ақырына дейін жеткізіп келген ел» (Маркстің «Der 18 Brumaire» деген шығармасына Энгельстің жазған алғы сөзінен)[12] деген өзінің ежелгі атағын бұл жолы да ақтады. Француз социалистері теорияға салынуды қойып, турадан-тура қимыл жасай бастады; Францияның демократия жөнінен неғұрлым дамыған саяси жағдайлары француз социалистерінің бірден «практика жүзіндегі бернштейншілдікке» көшуіне, сонын барлық зардаптарын көруіне мүмкіндік берді. Мильеран осы практика жүзіндегі бернштейншілдіктің айта қалғандай үлгісін көрсетті,— Бернштейннің де, Фольмардың да Мильеранды соншама жан-тәнін сала жақтап, мақтауға кіріскені тегін емес! Шынында да: егер социал-демократия затында жай әншейін реформа партиясы болатын болса және мұны ашықтан-ашық батыл мойындайтын болса,— онда социалистің буржуазия министрлігіне енуге праволы екендігі былай тұрсын, ол тіпті осыған әрдайым тырысуға тиіс. Егер демократия дегеніміз затында таптық үстемдікті жою болатын болса,— онда социалистік министрдің таптардың ынтымағы туралы сөйленетін сөздермен бүкіл буржуазиялық дүниені аузына қаратпайтын несі бар? Жандармдардың жұмысшыларды өлтіруі таптардың демократиялық ынтымағының шын сипатын жүз рет, мың

рет айқын көрсетіп отырғаннан кейін де социалистің министрлікте қала бермейтін несі бар? Француз социалистері қазір басқаша атамай, дарға асудың, дүренің, айдаудың (knouteur, pendeur et déportateur) батыры деп атайтын патшаны құттықтауға социалистің өзі қатыспайтын несі бар? Ал социализмнің бүкіл дүние жүзі алдында осылай шексіз құлдырап, өзін өзі қорлауының есесіне алатыны, біздің жеңуімізді қамтамасыз ете алатын бірден-бір базисіміз — жұмысшылар бұқарасының социалистік санасының азғындауының есесіне, міне осының есесіне алатыны — мардымсыз реформалардың даурықпа *жобалары;* ол реформалардың мардымсыздығы сонша, буржуазиялық үкіметтерден бұдан да көбірек нәрсені алып келген реттер болған!

Кімде-кім біле тұра көзін жұмғысы келмесе, ол адам социализмдегі жаңа «сыншыл» бағыт дегеніміз — *оппортунизмнің* жаңа түрі екенін; одан басқа дәнеңе де емес екенін көрмей тұра алмайды. Егерде адамдарды бағалағанда өздерінің киіп ала қойған, жарқыраған мундиріне қарай бағаламай, оздеріне өздері тағып жүрген әсерлі атақтарына қарай бағаламай, олардың істеп жүрген ісіне қарай, олардың іс жүзінде нені насихаттап жүргеніне қарай бағалайтын болсақ,— онда «сын еркіндігінің» социал-демократия ішіндегі оппортунистік ағым еркіндігі екені, социал-демократияны реформалардың демократиялық партиясына айналдыру еркіндігі екені, социализмге буржуазиялық идеялар мен буржуазиялық элементтерді енгізу еркіндігі екені айқын көрінеді.

Еркіндік — ұлы сөз, бірақ өнеркәсіп еркіндігі деген ұранмен нағыз тонаушылық соғыстар жүргізіліп келді, еңбек еркіндігі деген ұранмен еңбекшілерді талауға салды. «Сын еркіндігі» деген сөздің қазір қолданылып жүрген мағынасының да дәл осындай жалған астары бар. Ғылымды өздерінің ілгері бастырғандығына шынымен көзі жеткен адамдар ескі көзқарастармен қатар жаңа көзқарастар еркіндігін талап етпес еді, ескі көзқарастардың жаңа көзқарастармен ауыстырылуын талап етер еді. Ал «сын еркіндігі жасасын!» деген қазіргі айқай-шу бос бөшке туралы ертегіге өте ұқсас.

Біз бір-біріміздің қолымыздан берік ұстап, жұбымызды жазбай ойлы-қырлы, қиын жолмен жүріп келеміз. Біздің айналамыздың бәрі жау, сондықтан бізге әрдайым дерлік жау оғының астында жүріп отыруға тура келеді. Біз өз еркімізбен қабылдаған шешім бойынша, атап айтқанда, жауларға қарсы күресу үшін, іргеміздегі батпаққа түсіп кетпеу үшін біріккенбіз; ал батпақты жайлаушылар бізді әуел бастан-ақ өзіміздің бөлек топ болып бөлініп шыққандығымыз үшін, ымыраласу жолын емес, күрес жолын қалап алғандығымыз үшін кінәлаған болатын. Міне, енді біздің арамыздағы кейбіреулер: осы батпаққа барайық! — деп айқайлай бастайды,— ал ондай адамдарды жұрт ұялта бастаған кезде олар: өздеріңіз неткен артта қалған адамдар едіңіздер! өзіміздің сіздерді жақсы жолға шақыруға ерікті екендігімізді мойындамауларыңыз ұят емес пе! — деп даулаcа бастайды.— Иә, мырзалар, сіздер шақыру түгіл, қалаған жағыңызға кетуге де, тіпті батпаққа түсуге де еріктісіздер; айта берсеңіз, біз сіздердің нағыз орындарыңыз сол батпақтың нақ өзі деп білеміз, сондықтан біз *сіздердің* сонда көшіп баруларыңызға шамамыз келгенінше қолғабыс тигізуге де дайынбыз. Тек біздің қолымыздан тартпаңыздар, бізге жармасуларыңызды қойыңыздар және еркіндік деген ұлы сөзді былғамаңыздар, өйткені өзіміздің қалаған жағымызға баруға біз де «еріктіміз» ғой, батпаққа қарсы күресу былай тұрсын, сонымен қатар батпаққа қарай бұрылушылармен де күресуге еріктіміз ғой!

б) «СЫН ЕРКІНДІГІНІҢ» ЖАҢА ЖАҚТАУШЫЛАРЫ

Міне, нақ осы ұранды («сын еркіндігін») шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» [13] органы «Рабочее Дело» (№ 10) ең соңғы уақытта салтанатпен көтеріп отыр, көтергенде де теориялық постулат ретінде емес, саяси талап ретінде, «шетелде жұмыс жүргізетін социал-демократиялық ұйымдардың бірігуі мүмкін бе?» деген сұраққа — «Баянды бірігу үшін сын еркіндігі қажет» (36-бет) деген жауап ретінде көтеріп отыр.

Бұл мәлімдемеден әбден анық екі қорытынды туады: 1. «Рабочее Дело» жалпы халықаралық социал-демократиядағы оппортунистік ағымды өз қорғауына алып отыр; 2. «Рабочее Дело» орыс социал-демократиясында оппортунизмге еркіндік берілуін талап етіп отыр. Осы қорытындыларды талдап көрейік.

««Искра» мен «Заряның»[14] халықаралық социал-демократияның *Гора* мен *Жиронда*[15] болып жікке бөлініп кетуі туралы сәуегейлік айтуға бейімдігі» «Рабочее Делоға» «өте-мөте» ұнамайды *.

«Жалпы алғанда,— деп жазады «Рабочее Делоның» редакторы Б. Кричевский,— социал-демократия қатарындағы *Гора* мен *Жиронда* туралы әңгімелер бізге үстірт тарихи салыстыру секілді көрінеді, ал марксистің бұлай салыстыруы оғаш-ақ: Гора мен Жиронда идеолог тарихшылар ойларлықтай әр түрлі темпераменттің немесе әр түрлі ақыл-ой ағымының өкілдері емес, олар, бір жағынан, әр түрлі таптардың немесе топтардың — орташа буржуазияның, екінші жағынан, ұсақ мещандар мен пролетариаттың өкілдері болатын. Ал қазіргі заманғы социалистік қозғалыста таптық мүдделер соқтығысып отырған жоқ, бұл қозғалыс бүтіндей, өзінің *барлық* (курсив Б. Кричевскийдікі) түрлері жағынан, тіпті нағыз барып тұрған бернштейншілдерді қосқанда да,— пролетариаттың таптық мүдделерін негізге алатын, пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы тап күресін негізге алатын қозғалыс» (32—33-беттер).

Батыл айтылған! Соңғы жылдардағы социалистік қозғалысқа «академиктер» *тобының* кең қатынасуының өзі бернштейншілдіктің осынша тез таралуын қамтамасыз еткендігін, әлдеқашан байқалған осы фактіні Б. Кричевский естімеді ме екен? Ең бастысы: «нағыз барып тұрған бернштейншілдер» де пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы тап күресін негізге алады деген өз пікірін біздің автор немен дәлел-

---

* Революцияшыл пролетариат қатарындағы екі ағым (революциялық ағым мен оппортунистік ағым) XVIII ғасырдағы революцияшыл буржуазия қатарындағы екі ағыммен (якобиншілдік ағым — «Гора» — және жирондистік ағым) «Искраның» 2-номеріндегі (февраль, 1901 ж.) бас мақалада салыстырылған болатын. Бұл мақаланың авторы — Плеханов. Орыс социал-демократиясындағы «якобиншілдік» туралы сөз қылуды кадеттер де, «беззаглавиешілдер»[16] де, меньшевиктер де осы күнге дейін өте жақсы көреді. Ал Плехановтың бұл ұғымды тұңғыш рет социал-демократияның оңшыл қанатына қарсы қолданғаны туралы олар бұл күнде үндемей қалуды немесе... ұмытып кетуді мақұл көреді. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*).

дейді? Бұл жағы белгісіз. Нағыз барып тұрған бернштейншілдерді үзілді-кесілді жақтаушылықты қисынды ететін ешқандай дәлелдер де, ешқандай пікірлер де жоқ. Сірә, автор: нағыз барып тұрған бернштейншілдердің өздері туралы айтқанын қайталасам болғаны, өз сөздерімді дәлелдеп жатудың керегі жоқ деп ойлайтын шығар. Бірақ осы бағыт өкілдерінің өздері жайында айтқандарына сүйеніп, бүкіл бір бағыт туралы осылайша тон пішуден өткен «үстірттікті» ойлап табуға болар ма? Партия дамуының әр түрлі, тіпті тікелей қарама-қарсы екі түрпаты немесе екі жолы туралы одан әрі айтылған «моральдан» өткен («Рабочее Делоның» 34—35-беттері) үстірттікті ойлап табуға болар ма? Неміс социал-демократтары, білсеңіз, толық сын еркіндігін мойындайды екен, ал француздар мойындамайтын көрінеді, нақ осылардың үлгісі «төзбестіктің» барынша «зиянды» екенін көрсетеді-міс.

Нақ Б. Кричевскийдің үлгісі — дейміз біз бұған — тарихқа тура «Иловайскийше» қарайтын адамдардың да кейде өздерін марксиспіз деп атайтынын көрсетеді. Герман социалистік партиясының бірлігін, француз социалистік партиясының бытыраңқылығын түсіндіру үшін екі елдің әрқайсысының тарихындағы өзгешеліктерді қазбалаудың, әскери жартылай абсолютизм мен республикалық парламентаризмнің жағдайларын салыстырудың, Коммунаның және социалистер туралы ерекше заңның [17] қалдырған әсерін талдаудың, экономикалық тұрмыс пен экономикалық дамуды салыстырудың, «герман социал-демократиясының орасан өсуі» социализм тарихындағы орасан қажырлы күреспен — тек теория жүзінде (Мюльбергер, Дюринг *, катедер-социалис-

* Энгельс Дюрингке қарсы шыққан кезде, герман социал-демократиясының бірталай өкілдері Дюрингтің пікіріне бейімделді, сонда: қатты айтыпты, төзімсіздік көрсетіпті, айтысы жолдастыққа жатпайды деген сияқты айыптар тіпті партия съезінің өзінде-ақ жұрттың көзінше Энгельстің үстіне жауып жатты. Мост өзінің жолдастарымен бірге (1877 жылғы съезде [18]): Энгельстің мақалалары «оқушылардың орасан көпшілігі үшін қызғылықты емес», сондықтан бұларды «Vorwärts» [19] газетінен алып тастау керек деп ұсыныс енгізді, ал Вальтейх (Vahlteich) — бұл мақалалардың басылуы партияға үлкен нұқсан келтірді, Дюринг те социал-демократияға еңбек сіңірді ғой дегенді айтты: «біз партияның мүдделеріне тиімді нәрсенің бәрін пайдалануға тиіспіз, ал егер профессорлар таласатын болса онда «Vorwärts» әсте мұндай таластардың орны емес» («Vorwärts», 1877, № 65, 6 июнь). Көріп отырсыздар, бұл да «сын еркіндігін» жақтағандықтың үлгісі; не-

тер[20]) адасқандарға ғана қарсы жүргізіліп қоймай, тактика жүзінде (Лассаль) адасқандарға да қарсы жүргізілген күреспен ұштасып отырғандығын еске түсірудің, тағысын-тағылардың түк қажеті жоқ. Мұның бәрі керексіз! Француздардың таласатын себебі — олар төзімсіз, немістердің ынтымақты болатын себебі — олар ақылды балалар.

Естеріңізде болсын, бернштейншілдерді жақтаушылықты бүтіндей теріске шығаратын факт осы теңдесі жоқ терең пікір арқылы «қабылданбай» отыр. Олар пролетариаттың тап күресін негізге алып *отыр* ма, бұл мәселе тарихи тәжірибе арқылы ғана түпкілікті, біржолата шешіле алады. Демек, бұл жөнінде нақ Франция үлгісінің өте-мөте зор маңызы бар, өйткені өздерінің неміс әріптестерінің (ішінара орыс оппортунистерінің де: — салыстырыңыз: «Рабочее Дело» № 2—3, 83—84-беттер) қызу мақұлдауымен бернштейншілдердің дербес *аяқ басуға* талпынған бірден-бір елі осы Франция. Француздардың «ымырасыздығы» жөніндегі сылтау — өзінің «тарихи» (ноздревтік мағынада) маңызы бар екенін былай қойғанда — өте қолайсыз фактілерді ызғарлы сөздермен бүркеуге тырысқандықты ғана көрсетеді.

Б. Кричевскийге, «сын еркіндігін» жақтаушы басқа да толып жатқан адамдарға біз әсте немістерді де басы бүтін бере қоймақшы емеспіз. Егер «нағыз барып тұрған бернштейншілдердің» әлі де герман партиясының қатарында жүруіне төзімділік көрсетіліп отырған болса, оның себебі тек қана мынау: Бернштейннің «түзетулерін» үзілді-кесілді қабылдамай тастаған Ганновер қарарына[21] да, Бернштейнге (барынша дипломатиялық түрде болса да) тікелей ескерту жасаған Любек қарарына[22] да олар *бағынуда*. Неміс партиясы мүдделерінің тұрғысынан қарағанда, дипломатиялықтың қаншалық орынды екені туралы, бұл ретте жақсы даудан жаман бітім артық па деген мәселе жөнінде таласуға болар, бір сөзбен айтқанда, бернштейншілдікті теріске шығарудың қай *әдісі* қолайлы деп таласуға болар, бірақ гер-

---

містердің үлгісін дәлел етуге соншама жаны құмар жария сыншыларымыз бен құпия оппортунистеріміз осы үлгі туралы ойланса теріс болмас еді!

мап партиясының бернштейншілдікті екі рет *теріске шығарған* фактісін көрмей кетуге болмайды. Сондықтан «нағыз барып тұрған бернштейншілдер де пролетариаттың саяси және экономикалық азаттығы жолындағы тап күресін негізге алады» деген тезисті немістердің үлгісі растайды деп ойлау барша жұрттың көз алдында болып жатқан оқиғаны мүлде түсінбегендік болады *.

Ол ол ма. «Рабочее Дело», біздің жоғарыда айтқанымыздай, *орыс* социал-демократиясынан «сын еркіндігін» талап етіп, бернштейншілдікті қорғап отыр. Сірә, ол біздің «сыншыларымызды» және бернштейншілдерді бізде нақақ жәбірледі деп ұғынатын болса керек. Нақ кімдерді? кім? қайда? қашан? қалайша пақақ жәбірлепті? — Бұл туралы «Рабочее Дело» үндемейді, бірде-бір орыс сыншысын, бірде-бір бернштейншілді бір рет те ауызға алмайды! Бізге тек ықтимал екі жорамалдың бірін ғана айтуға тура келеді. *Не* нақақ жәбірленген жақ — басқа ешкім де емес, «Рабочее Делоның» дәл өзі (бұған дәлел — оныншы номеріндегі екі мақаланың екеуінде де «Заря» мен «Искраның» «Рабочее Делоны» жәбірлегені ғана айтылады). Онда бернштейншілдік атаулымен пікірлес болу дегенді үнемі соншама қасарысып мойындамай келген «Рабочее Делоның» «пағыз барып тұрған бернштейншілдер» мен сын еркіндігі жөпінде бір ауыз соз айтпай, өз басын қорғай алмаған өрескелдігін не деп түсінуге болады? *Не* нақақ жәбір-

* Айта кету керек, герман партиясындағы бернштейншілдік туралы мәселе жөнінде «Рабочее Дело» әрдайым фактілерді жалаң баяндаумен ғана тынып отырды, ал оларды өзінше бағалаудан барынша «тартынып» келді. Мәселен, оның 2—3-номеріндегі 66-бетте Штутгарт съезі [23] туралы жазғанын қараңыз; алауыздықтардың бәрі тек «тактикада» ғана делінген және орасан көпшіліктің бұрынғы революциялық тактиканы жақтап отырғаны ғана айтылған. Немесе 4—5-номерінің 25 және келесі беттерін қараңыз, онда Бебельдің қарарын келтіріп, Ганновер съезінде сөйленген сөздерді жай ғана баяндап қойған; Бернштейннің пікірін баяндау және оны сынау тағы да (2—3-номердегідей) «арнаулы мақала» жазылғанға дейін кейінге қалдырылған. Таңғажайып нәрсе, 4—5-номерінің 33-бетінде: «...съездің орасан көпшілігі Бебельдің баяндаған көзқарасы жағында» делінген, ал одан сәл төменірек былай делінген: «...Давид Бернштейннің көзқарасын жақтады... Ол бәрінен бұрын Бернштейннің және оның достарының не дегенмен де (sic!) (солай! *Ред.*) тап күресін негізге алатынын... көрсетуге тырысты...». Бұл 1899 жылдың декабрінде жазылған болатын, ал 1901 жылдың сентябрінде «Рабочее Дело», шамасы, Бебельдің пікірінің дұрыстығына нанудан қалса керек, Давидтың көзқарасын өзінің көзқарасындай етіп қайталап отыр!

ленгендер басқа бір үшінші адамдар болар. Онда олар туралы үндемей қалуға қандай дәлел бар?

Сөйтіп, біз «Рабочее Дело» өзі құрылған кезінен бастап ойнап келе жатқан жасырынбағын әлі де тастамай отырғанын көреміз (мұны біз төменде көрсетпекпіз). Бұдан кейін оның мақтаулы «сын еркіндігін» осы *тұңғыш* рет іс жүзінде қолданғанына назар салыңыз. Іс жүзінде бұл «сын еркіндігі» ешқандай сынның жоқ екендігін көрсетті, ол былай тұрсын, тіпті жалпы дербес пікір айтушылықтың да жоқ екенін көрсетті. Орыс бернштейншілдігін бейне бір құпия derттей (Староверідің[24] тауып айтқанындай) көріп, ауызға алмай отырған «Рабочее Делоның» өзі бұл дертті жазу үшін осы неміс дертінің өзгеше бір түріне қарсы немістердің қолданатын соңғы емін *бұлжытпай көшіріп алуды* ұсынып отыр! Сын еркіндігінің орнына — құлдарша,.. одан да сорақы: маймылша еліктеушілік болып шығып отыр! Қазіргі интернационалдық оппортунизмнің бірыңғай әлеуметтік-саяси мазмұны белгілі бір түрінде, ұлттық өзгешеліктерге сәйкес көрініп отырады. Бір елде оппортунистер тобы баяғыдан бері ерекше бір ұранмен бой көрсетіп келді, екінші бір елде оппортунистер практика жүзінде радикал социалистердің саясатын іске асырып, теорияны елемей келді, үшінші бір елде революциялық партияның бірнеше мүшесі оппортунизм лагеріне қашып шықты, сөйтіп өз мақсаттарына принцип жолындағы, жаңа тактика жолындағы ашық күрес арқылы жетуді көздемей, өз партиясын бірте-бірте, елеусіз жолмен, былайша айтқанда, жазаға ілікпес жолмен азғындату арқылы жетуді көздейді, төртінші бір елде нақ осындай қашқындар дәл осы әдістерді саяси құлдықтың қараңғы түкпірлерінде, «жария» қызмет пен «құпия» қызметтің, т. б. мүлде ерекше өзара қарым-қатынасында қолданады. *Орыс* социал-демократтарын біріктіру шарты есебінде сынға және бернштейншілдікке еркіндік беру туралы сөз көтеруге бел байлау, бірақ осының өзінде *орыс* бернштейншілдігінің неде екенін, оның қандай өзгеше жемістер бергендігін талдамай кету — ештеңе айтпау үшін ғана сөйлегендік болады.

Ал енді «Рабочее Делоның» айтқысы келмегендерін (немесе, бәлкім, ұғына да алмағандарын) бірер ауыз сөзбен болса да өзіміз айтып көрелік.

в) РОССИЯДАҒЫ СЫН

Осы қаралып отырған мәселе жөнінде Россияның негізгі өзгешелігі мынау: бір жағынан, стихиялық жұмысшы қозғалысының, екінші жағынан, алдыңғы қатарлы қоғамдық пікірдің марксизмге қарай бет бұруының *ең бастапқы* кезінің өзі көпе-көрінеу әр текті элементтердің бір ұран көтеріп, ортақ дұшпанға қарсы (ескірген әлеуметтік-саяси көзқарасқа қарсы) күресу үшін бірігуімен басталды. Біз «жария марксизмнің» желегі түспеген айы туралы айтып отырмыз. Мұның өзі, тегінде, өте бір ерекше оқиға болған еді, бұл оқиғаның туу мүмкіндігінің өзіне 80-жылдарда немесе 90-жылдардың бас кезінде тіпті ешкім нанбаған да болар еді. Баспасөз мүлдем қыспаққа алынған самодержавиелі елде, саяси наразылық пен қарсылықтың болар-болмас өркендерінің өзін қудалаған сұрапыл саяси реакция заманында — тұспалдап айту тілімен, бірақ «көңіл қоюшылардың» бәріне де түсінікті тілмен баяндалған революцияшыл марксизм теориясы *цензурадан өтетін* әдебиетте кенеттен өзіне жол сала бастайды. Үкімет халық еркшілерінің (революцияшыл халық ерікшілерінің) теориясын ғана қауіпті деп есептеуге дағдыланып, әдетте, ол теорияның ішкі эволюциясын аңғармады, сол теорияға қарсы бағытталған сын атаулының *бәріне де* қуанатын болды. Үкімет байқап қалғанша, цензорлар мен жандармдардың зілді армиясы жаңа жауды іздеп тауып, оған соққы бергенше (біздің орысша есеппен) талай уақыт өтіп кетті. Ал осы уақыттың ішінде маркстік кітаптар бірінен соң бірі шығып жатты, маркстік журналдар мен газеттер ашылып жатты, жұрттың бәрі де шетінен марксист бола бастады, марксистерге жұрт жағына бастады, марксистердің асты-үстіне түсе бастады, кітап шығарушылар маркстік кітаптардың керемет өтімділігін айтып тамсанды. Осындай буалдырға шырмалған жаңа марксист болып келе жатқандардың ішін-

де бір емес, талай «менменсіген жазушының» [25] кездескені әбден түсінікті...

Қазіргі уақытта бұл дәуірді сөз қылғанда бұрын өткен дәуір ретінде аспай-саспай айтуға болады. Біздің әдебиетіміздің бетінде марксизмнің аз уақыт гүлденуі әсіре адамдардың тым баяу адамдармен одақтасуынан туғандығы ешкімге де жасырын сыр емес. Асылына келгенде, бұл баяу адамдар буржуазияшыл демократтар еді, сондықтан «одақтың» шырқы бұзылмай тұрған кезінде-ақ кейбір адамдардың алдында осындай қорытынды (демократтардың бұдан былайғы «сын жолымен» дамуы әбден айқын растай түскен қорытынды) туғандай еді *.

Ал олай болса, бұдан кейінгі «лайсаңға» болашақ «сыншылармен» осылай одақтасып кеткен революцияшыл социал-демократтар көбірек жауапкер емес пе екен? Іске өте-мөте тіке қарайтын адамдардан кейде осындай сұрауды естуге тура келеді, естігенде оған мақұлдап берілген жауабымен қоса естуге тура келеді. Бірақ бұл адамдардың мұнысы мүлде дұрыс емес. Тіпті сенімсіз адамдармен болса да уақытша одақтасудан тек өзіне өзі сенбеген адам ғана қорқады, мұндай одақсыз саяси партияның бірде-біреуі өмір сүре алмас еді. Ал жария марксистермен бірігу орыс социал-демократиясының өзінше бір тұңғыш рет жасасқан нағыз саяси одағы еді. Халықшылдықты тым тез жеңуге, марксизм идеяларының (тұрпайыланған түрде болса да) орасан етек алып кеулей таралуына осы одақтың арқасында қол жеткен еді. Оның үстіне одақтың өзі де ешбір «шартсыз» жасалған емес-ті. Бұған дәлел: 1895 жылы цензура өртеп жіберген «Россияның шаруашылық дамуын сипаттайтын материалдар» деген маркстік жинақ. Егерде жария марксистермен әдебиет жөнінде жасалған келісімді саяси одақтасумен теңеуге болатын болса, онда бұл кітапты саяси келісіммен теңеуге болады.

Әрине, ажырасудың себебі «одақтастардың» буржуазияшыл демократтар болып шыққандығынан емес. Қай-

* Бұл арада К. Тулиннің Струвеге қарсы жоғарыда басылған, «Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы» деген рефератынан құрастырылған мақаласы айтылып отыр. Алғы сөзді қараңыз [26]. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

та, бұл соңғы бағыттың өкілдері — социал-демократияның табиғи және қалаулы одақтастары, өйткені әңгіме социал-демократияның Россияның қазіргі жағдайы бірінші кезекке қойып отырған демократиялық міндеттері туралы болып отыр. Бірақ мұндай одақтасудың қажетті шарты — жұмысшы табының мүдделері мен буржуазия мүдделерінің бір-біріне дұшпандық қарама-қарсылығын жұмысшы табына ашып беріп отыру үшін социалистерге толық мүмкіндік беру. Ал жария марксистердің көпшілігі жабыла ұмтылған бернштейншілдік пен «сыншыл» бағыт бұл мүмкіншілікті жойып, социалистік сананы азғындатты, марксизмге кір келтірді, әлеуметтік қайшылықтардың әлсіреуі теориясып уағыздады, әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасы идеясын бос сөз деп жариялады, жұмысшы қозғалысы мен тап күресін өрісі тар тред-юнионизмге, бірте-бірте болатын ұсақ реформалар жолындағы «реалистік» күреске айналдырды. Мұның өзі социализмнің дербестік алуға праволы екендігін, демек, оның өмір сүруге праволы екендігін буржуазиялық демократияның мойындамауымен әбден барабар нәрсе болды; мұның өзі басталып келе жатқан жұмысшы қозғалысын іс жүзінде либералдардың құйыршығына айналдыруға тырысқандық болды.

Әрине, мұндай жағдайда ажыраспасқа болмады. Бірақ Россияның «ерекше» өзгешелігі мынадан көрінді: бұл ажырасу жұрттың бәрінің неғұрлым көбірек қолы жететін, неғұрлым кең тараған «жария» әдебиеттен социал-демократтардың жай ғана аулақтатылғандығын көрсетті. Бұл әдебиетте «сын ұранын» көтерген және марксизмді «сөгуге» толық дерлік монополия алған «бұрынғы марксистер» бекем орнығып алды. «Ортодоксияға қарсы шығыңдар», «сын еркіндігі жасасын» деген ұрандар (қазір «Рабочее Дело» қайталап жүрген ұрандар) бірден сән сөзге айналып алды, сөйтіп бұл сән сөздерге жандармдар мен цензорлар да қарсы тұра алмады, мұның өзі әйгілі (Геростратша әйгілі) Бернштейн кітабының [27] орыс тілінде *үш рет* басылып шығуы сияқты немесе Бернштейннің, Прокопович мырзаның, тағы басқалардың кітаптарын Зубатовтың жұртқа ұсынуы

(«Искра» № 10)[28] сияқты фактілерден көрініп отыр. Енді социал-демократтарға өз-өзінен алғанда да ауыр міндет, оның үстіне таза сыртқы кедергілер арқылы онан бетер ауырлай түскен міндет — жаңа ағымға қарсы күресу міндеті жүктеліп отыр. Ал бұл ағым әдебиет саласымен шектеліп қойған жоқ. «Сынға» бет бұру практик социал-демократтардың өз тарапынан «экономизмге» елігуімен қатар жүріп отырды.

Жария сын мен құпия «экономизмнің» бір-бірімен байланысы және өзара тәуелділігі қалай туып, қалай күшейгендігі,— бұл қызғылықты мәселенің өзі арнаулы мақалаға тақырып болар еді. Біз бұл жерде осы байланыстың сөзсіз бар екендігін атап өтсек те жетіп жатыр. Атышулы «Credo»-ның * осындай мәртебелі атаққа ие болған себебі — ол осы байланысты ашықтан-ашық тұжырымдап, «экономизмнің» негізгі саяси бағытын айтып салды: жұмысшылар экономикалық күресті жүргізе берсін (тред-юниондық күресті жүргізе берсін деу дәлірек болар еді, өйткені тред-юниондық күрес ерекше жұмысшы саясатын да қамтып отырады), ал маркстік интеллигенция саяси «күрес» жүргізу үшін либералдарға қосылатын болсын десті. «Халық ішіндегі» тред-юниондық жұмыс осы міндеттің бірінші жартысының, ал жария сын — екінші жартысының орындалуы болып шықты. Бұл мәлімдеменің «экономизмге» қарсы тамаша қару болып шыққаны сондай, егер «Credo» болмаса, онда мұны ойлап шығаруға тура келер еді.

«Credo» ойдан шығарылған жоқ, бірақ ол өз авторларының еркінен тыс, бәлкім, олардың еркіне қарсы жарияланды. Қалай болғанда да, осы сөздерді жазып отырған, жаңа «программаны» ** әшкерелеу ісіне қатысқан адамның мынадай шағымдар мен тағылған кінәларды есіткені бар-ды: шешендердің өз пікірлері жөнін-

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

** Бұл арада әңгіме «Credo»-ға *17 адамның жазған наразылығы* туралы болып отыр. Осы сөздерді жазып отырған адам сол наразылықты жазуға қатысқан болатын (1899 жылдың ақырында). Наразылық «Credo»-мен бірге 1900 жылдың көктемінде шетелде басылып шыққан болатын[29]. Қазіргі кезде Кускова ханымның мақаласынан (*«Былоедегі»* [30] мақаласы болар) «Credo»-ның авторы сол Кускованың өзі екені мәлім де болып отыр, ал сол кездегі шетелде жүрген «экономистердің» арасынан ең көрнекті роль атқарғаны Прокопович мырза болатын-ды. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

де өздері жасаған қысқаша қорытындысы көшірме түрінде жұртқа таратылып жіберіліпті, оған «Credo» деген атақ тағылыпты, онымен қоймай, тіпті оған қарсы жазылған наразылықпен бірге баспасөзде де жарияланыпты десеңіз! Біздің бұл оқиғаны сөз қылып отырған себебіміз — бұл оқиға біздің «экономизмнің» өте-мөте бір қызықты белгісін: жариялықтан қорқатындығын ашып беріп отыр. Мұның өзі, атап айтқанда, жалпы «экономизм» атаулының белгісі, тек «Credo» авторларының ғана белгісі емес: «экономизмнің» нағыз тура, нағыз адал жақтаушысы болған «Рабочая Мысль» [31] де, «Рабочее Дело» да («Vademecum'»-де * «экономистер» документтерінің жариялануына наразы бола отырып), бұдан екі жыл бұрын өзінің «Profession de foi»-ын [33] оған қарсы жазылған жауаппен бірге жариялауға рұқсат етпеген Киев комитеті де **, «экономизмнің» тіптен толып жатқан кейбір жеке өкілдері де өздерінде осы белгінің бар екендігін көрсетті.

Сын еркіндігін жақтаушылардың осы сыннан қорқуын жалаң ғана қулық-айламен істеліп отыр деуге болмайды (рас, кейде қулық-айла да жасалмай қоймайды, бұған дау жоқ: жаңа бағыттың әлі бұғанасы қатая қоймаған өркендерін дұшпандардың қысымына салудан келер пайда жоқ!). Жоқ, олай емес, «экономистердің» көпшілігі теориялық талас атаулының, фракциялық алауыздық атаулының, кең көлемдегі саяси мәселе атаулының, революционерлерді ұйымдастырып отыру жобаларының бәріне де, т. с. шын ықыласымен теріс қарайды («экономизмнің» шын мәні бойынша да осылай қарауға тиіс). Әбден дәйекті деген «экономистердің» бірі маған: «Осының бәрін де шетелге беріп қояр ма еді!» — деді бір күні, мұнымен ол адам өте-мөте көп тараған (тағы да таза тред-юниондық) мына көзқарасты білдірді: біздің ісіміз — жұмысшы қозғалысы, осындағы, өз жеріміздегі, жұмысшы ұйымдары, ал бұдан басқасы — доктринерлердің ойдан шығарған нәрселері, «идеологияны асыра бағалағандық», «Искраның» 12-номерінде жарияланған хаттың авторлары «Рабочее Делоның» 10-номеріне үн қосып осылай деген болатын.

* — «Жол көрсеткіште» [32]. *Ред.*

** Біздің білуімізше, одан бері Киев комитетінің құрамы өзгерген.

Енді мынадай сұрақ туады: орыс «сыны» мен орыс бернштейншілдігінің осындай өзгешеліктері болған соң, сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде оппортунизмге дұшпан болғысы келетіндердің міндеті не болу керек еді? Біріншіден, жария марксизм заманында жаңа-жаңа ғана туа бастаған, қазір тағы да құпия қайраткерлерге жүктеліп отырған теориялық жұмысты қайта бастаудың қамына кірісу керек еді; мұндай жұмыс жүргізбейінше, қозғалыстың ойдағыдай ұлғаюы мүмкін емес еді. Екіншіден, ақыл-ойды әбден аздырып болған жария «сынға» қарсы белсене күресу қажет еді. Үшіншіден, біздің программамыз бен біздің тактикамызды қасақана немесе білместіктен кемсітуге әрекеттенудің қандайын болса да әшкерелеп, теріске шығара отырып, практикалық қозғалыстағы ауа жайылушылыққа, солқылдақтыққа белсеніп қарсы шығу керек еді.

«Рабочее Дело» осының біріншісін де, екіншісін де, үшіншісін де істемегені жұртқа мәлім, сондықтан төменде жұртқа белгілі осы ақиқатты біздің барлық жағынан толық анықтауымызға тура келеді. Ал қазір біз тек мынаны ғана: «сын еркіндігін» талап етушіліктің отандық сынымыз бен орыс «экономизмінің» өзгешеліктеріне қандайлық адам айтқысыз қайшы келіп отырғанын көрсеткіміз келеді. Шынында да, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» «Рабочее Делоның» көзқарасын қуаттаған қарарының текстіне қараңыз:

«Социал-демократияның бұдан былайғы идеялық дамуының мүддесі үшін біз социал-демократиялық теорияның партиялық әдебиетте сыналуына еркіндік болуын сөзсіз қажетті деп танимыз, өйткені бұл сын социал-демократиялық теорияның таптық және революциялық сипатына қайшы келмейді» («Екі съезд», 10-бет).

Дәлелі мынау: қарар «өзінің бірінші бөлімінде Любек партейтагының Бернштейн жөніндегі қарарына сәйкес келеді»... Аңқау байғұс «одақтастар» осы қайталауымен өздерінің testimonium paupertatis (бишаралығын куәландырып) қол қойып отырғанын сезбейді де!... «бірақ... екінші бөлімінде Любек партейтагынан гөрі сын еркіндігін неғұрлым тежей түсіп отыр».

Сөйтіп, «Одақтың» қарары орыс бернштейншілдеріне қарсы бағытталған ғой? Олай болмаған күнде Любекті дәлелге алу мүлде мағынасыздық болар еді! Бірақ бұл қарар «сын еркіндігін тежей түсіп отыр» деу дұрыс емес. Немістер өздерінің Ганноверде алған қарарында Бернштейннің енгізген түзетулерінің *нақ өзін* пункт-пунктімен қабылдамай тастап отырды, ал Любекте алған қарарында Бернштейннің атын қарарда атап көрсетіп, *Бернштейннің өз басын* сақтандырған болатын-ды. Ал біздің «ерікті» еліктегіштеріміз ерекше орыс «сыны» мен орыс «экономизмінің» *бірде-бір* көрінісін аңғартарлықтай *бір ауыз сөз* айтпай отыр; бұлай үндемей отырғанда, әсіресе егер «Одақ» «экономизм дейтінді» («Екі съезд», 8-бет, 1-пунктке) оппортунизмге жатқызудан бас тартатын болса, теорияның таптық және революциялық сипатын жалаң дәлел ету мәселеге теріс түсінік беруге анағұрлым көбірек орын қалдырады. Алайда, бұл жол-жөнекей ғана. Ал мәселенің бастысы мынау: оппортунистердің революцияшыл социал-демократтар жөніндегі позициялары Германия мен Россияда бір-біріне мүлде қарама-қарсы. Жұртқа мәлім, Германиядағы революцияшыл социал-демократтар қазіргі қолда барды сақтап қалғылары келеді: жұрттың бәріне мәлім болған, ондаған жылдардың тәжірибесі арқылы барлық егжей-тегжейі әбден түсіндірілген ескі программа мен тактиканы сақтап қалғылары келеді. Ал «сыншылардың» өзгеріс енгізгілері келеді, бірақ бұл сыншылар өте аз болғандықтан, олардың ревизионистік ниеттері тым жасқаншақ болғандықтан көпшіліктің «жаңалық істерді» жай ғана қабылдамай тастаумен шектелу себебін түсіну қиын емес. Ал біздің Россиядағы сыншылар мен «экономистер» болса, бұлар қазіргі қолда барды сақтап қалғылары келеді: «сыншылардың» тілейтіні: өздерін марксист деп санай берсе екен дейді және өздерінің осыған дейін қай мағынада болса да пайдаланып келген «сын еркіндігін» өздеріне беріп қойса екен дейді (өйткені олар, асылына келгенде, ешқашанда *партиялық* байланыстың ешбірін мойындаған емес *, бізде кеңес

* Осы ашық партиялық байланыс пен партиялық дәстүрдің жоқтығының бір өзі-ақ Россияның Германиядан мүлде өзгеше екенін көр-

беру арқылы болса да сын еркіндігін «тежей» алатын жалпы жұрт таныған партиялық органның өзі де болып көрген емес); «экономистердің» тілейтіні: «қазіргі қозғалыстың толық праволы» екенін («Рабочее Дело» № 10, 25-бет), яғни қазіргі өмір сүріп тұрған қалыптың өмір сүруінің «заңды» екенін революционерлер мойындаса екен дейді; «идеологтар» қозғалысты «материалдық элементтер мен материалдық ортаның өзара қимыл жасауы арқылы белгіленетін» («Искраның» 12-номерінде басылған «Хат») жолдан «тайдыруға» ұмтылмаса екен дейді; олар «қазіргі жағдайда жұмысшылардың жүргізе алуы мүмкін күресін» ғана жүргізуді қажет деп таныса екен, ал мүмкін болатын күрес деп «жұмысшылардың дәл осы сәтте жүргізіп жатқан күресін» (««Рабочая Мысльге» жеке қосымша», 14-бет) мойындаса екен дейді. Мұның керісінше, біздер, революцияшыл социал-демократтар, стихиялылыққа бұлайша табынуға, яғни «дәл осы сәтте» қолда бар нәрсеге табынуға қарсымыз; біз соңғы жылдарда үстем болып келген тактиканы өзгертуді талап етеміз, біз: «бірігуден бұрын және бірігу үшін әуелі батыл және айқын түрде ажырасу керек» («Искраны» шығару жөніндегі хабарландырудан) дейміз*. Қысқасы, немістер өзгеріс енгізуді қабылдамай, қазіргі қалыпта қалуды жақтайды; біз қазіргіні өзгертуді талап етеміз, біз қазіргіге табынуды және онымен ымыраға келуді қабылдамаймыз.

Неміс қарарларын біздің «ерікті» көшірімпаздарымыз осы «сәл ғана» айырмашылықты байқамапты ғой!

сетеді, осы өзгешеліктің өзі әрбір парасатты социалисті көзсіз еліктеуден сақтандыруға тиіс еді. Ал енді Россияда «сын еркіндігінің» өзі қандай шекке барып жететінін көрсететін бір мысал мынау. Орыс сыншысы Булгаков мырза Австрия сыншысы Герцті былай деп сөгеді: «Өзінің қорытындылары қаншама тәуелді болмағанымен, Герц бұл пунктте (кооперация туралы), сірә, өз партиясының пікірлерінен әлі де ешбір қол үзе алмай отыр, мәселенің егжей-тегжейі жөнінде ажырасқанымен, жалпы принциптен қол үзуге батылы бармай отыр». («Капитализм және егіншілік», II том, 287-бет). Саяси құлдықтағы мемлекеттің, саяси малайлық арқылы және партиялық намыс пен партиялық байланысты мүлде түсінбеушілік арқылы халқының $^{999}/_{1000}$ бөлігі әбден азғындаған мемлекеттің адамы конституциялық мемлекеттің азаматын «партия пікірлерінен» тіптен «қол үзе алмай» отырғандығы үшін тәкаппарлықпен балағаттап отыр! Біздің құпия ұйымдарымызға енді сын еркіндігі туралы қарар жазғаннан басқа не қалды екен...

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 388-бет. *Ред.*

г) ЭНГЕЛЬС ТЕОРИЯЛЫҚ КҮРЕСТІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

«Пікірді зорлап шырмағандық үшін сөзсіз тартылатын жаза» — «догматизм, доктринерлік», «партияның қатып-семуі»,— міне, «Рабочее Делодағы» «сын еркіндігін» жақтаушылардың рыцарьларша қарсы аттанатын жаулары осылар. Бұл мәселенің күн тәртібіне қойылуына біз өте қуанамыз, тек мұны:

Сонда төрешілер кім болмақ? — деген тағы бір мәселемен толықтырса дер едік.

Біздің алдымызда әдебиет баспасы туралы екі хабарландыру жатыр. Бірі — «Орыс социал-демократтары одағының мерзімді органы «Рабочее Делоның» программасы» («Рабочее Делоның» 1-номерінен оттиск). Екіншісі — ««Еңбекті азат ету» тобы басылымдарының қайта шыға бастауы туралы хабарландыру» [34]. Бұл екі документтің екеуі де 1899 жылғы, «марксизмнің дағдарысы» әлдеқашан-ақ күн тәртібіне қойылған кездегі документтер. Сонда ше? Бұл шығармалардың алғашқысынан сіз осы құбылысты атап көрсеткенін және бұл мәселе жөнінде жаңа органның ұстайтын позициясы қандай болатынын босқа іздеген болар едіңіз. Теориялық жұмыс жөнінде және оның осы күнгі толғағы жеткен міндеттері жөнінде бұл программада да, «Одақтың» 1901 жылғы үшінші съезі [35] қабылдаған программа қосымшаларында да бір ауыз сөз жоқ («Екі съезд», 15—18-беттер). Теориялық мәселелер бүкіл дүние жүзіндегі барлық социал-демократтарды толғандырып жүрген мәселе бола тұрса да, осы уақыттың бүкіл өн бойында «Рабочее Делоның» редакциясы теориялық мәселелерді шет қалдырып келді.

Екінші хабарландыру, керісінше, ең алдымен соңғы жылдарда теорияға жұрттың көңіл бөлуі бәсеңсіп кеткенін атап көрсетеді, «пролетариаттың революциялық қозғалысының теориялық жағына қырағы назар салуды» қатты талап етеді, сөйтіп біздің қозғалысымыздағы «бернштейншілдік тенденцияны және революцияға қарсы басқа да тенденцияларды аяусыз сынға алуға» шақырады. «Заряның» жарыққа шыққан номерлері бұл программаның қалай орындалғанын көрсетеді.

Сөйтіп, біз ой-пікірдің тоқырауы, т. б. жөніндегі даурықпа создер теориялық ой-пікірді дамытудағы бейқамдықты, дәрменсіздікті бүркейтін сөздер екенін көреміз. Орыс социал-демократтарының үлгісі жалпы европалық құбылысты (неміс марксистері де әлдеқашан атап көрсеткен құбылысты) өте-мөте айқын көрсетеді, атап айтқанда, атышулы сын еркіндігі дейтін нәрсе бір теорияны екінші теориямен ауыстыру емес, қайта тұтас алынып, жете ойластырылған теория атаулыдан безу еркіндігі екенін, мұның өзі эклектизм, принципсіздік екенін айқын көрсетеді. Біздің қозғалысымыздың нақты жай-күйімен аздап болса да таныс адам марксизмнің кең таралуы теориялық дәреженің біраз төмендеуімен қатар жүріп отырғандығын көрмей тұра алмайды. Қозғалыстың практикалық маңызы мен практикалық табыстарына бола қозғалысқа теориялық жағынан даярлығы өте аз немесе тіпті даярлығы жоқ бірталай адамдар қосылып отырды. Сондықтан Маркстің: «шын қозғалыстың әрбір қадамы ондаған программадан маңыздырақ» [36] деген нақыл сөзін «Рабочее Делоның» масайрап келтіруі қандай әдепсіздік екенін осыдан-ақ білуге болады. Теориялық жағынан ауа жайылушылық заманында бұл сөздерді қайталай берудің өзі өлікті көмуге апара жатқандарды көріп: «көмбелерің көбейсін!» деп айқайлағанмен бірдей. Ал Маркстің бұл сөздері оның Гота программасы [37] туралы хатынан алынған; Маркс бұл хатында принциптерді тұжырымдауда эклектизмге жол берілгендігі үшін *қатты сөгеді:* егер бірігу керек болған болса — деп жазды Маркс партия көсемдеріне — қозғалыстың практикалық мақсаттарына жету үшін шарт жасаңдар, бірақ принципті саудаға салуға жол бермеңдер, теория жөнінде «кеңшілік» жасамаңдар. Міне, Маркстің пікірі осылай болатын, ал бізде Маркстің атын жамылып, теорияның маңызын әлсіретуге тырысатын адамдар табылып отыр!

Революциялық теория болмайынша, революциялық қозғалыс та болмақ емес. Практикалық қызметтің нағыз шағын түрлеріне елігушілік оппортунизмнің сәнге айналған насихатымен ұштасып жатқан кезде бұл пікірді мықтап қуаттауға болмайды. Ал орыс социал-де-

мократиясы үшін теорияның маңызын онан сайын күшейте түсетін мынадай үш жағдай бар, мұны жұрт көбінесе ұмытып кетіп жүр, бұл жағдайлар атап айтқанда мыналар: біріншіден, теорияның маңызы күшті болатын себебі, біздің партия жаңа ғана қалыптасып келеді, өзінің бет-әлпетін жаңа ғана белгілеп келеді және революциялық ой-пікірдің басқа бағыттарынан — қозғалысты түзу жолдан тайдыру қаупін туғызып отырған бағыттарынан — әлі де іргесін айырып болған жоқ. Қайта, дәл ең соңғы уақыттың өзінде (Аксельродтың әлдеқашан-ақ «экономистерге» алдын ала болжап айтқанындай [38]) социал-демократиялық емес революциялық бағыттар жандана бастады. Мұндай жағдайда ә дегенде «болмашы» көрінген қате де нағыз күйінішті зардаптар туғыза алады, сондықтан алысты болжай алмайтын адамдар ғана фракциялық таластарды және түрлі сарындарды анық ажыратып айыра білуді мезгілсіз немесе орынсыз дей алады. Орыс социал-демократиясының көп-көп жылдар бойындағы болашағы белгілі бір «сарынның» нығаюына байланысты болуы мүмкін.

Екіншіден, өзінің түпкі мәні жөнінен социал-демократиялық қозғалыс — халықаралық қозғалыс. Мұның мәнісі — біз ұлттық шовинизмге қарсы күресуіміз керек деген сөз ғана емес. Мұның мәнісі сондай-ақ жас елде жаңа басталып келе жатқан қозғалыс басқа елдердің тәжірибесін пайдаланған жағдайда ғана табысты бола алады деген сөз. Ал тәжірибені бұлай пайдалану үшін осы тәжірибемен жай ғана таныс болу немесе ең соңғы қарарларды жай ғана көшіріп алу жеткіліксіз. Бұл үшін осы тәжірибеге сын көзімен қарап, мұны өз бетіңмен тексере білуің қажет. Қазіргі жұмысшы қозғалысының орасан ұлғайып, өрістегенін айқын сезген адам ғана осы міндетті орындау үшін қаншалықты теориялық күш қорының және саяси (сонымен қатар революциялық) тәжірибенің қажет екенін түсіне алады.

Үшіншіден, орыс социал-демократиясының ұлттық міндеттерін алатын болсақ, мұндай міндеттер дүние жүзіндегі бірде-бір социалистік партияның алдына әлі қойылып көрген емес. Бүкіл халықты самодержавиенің езгісінен құтқару жөніндегі осы міндеттің бізге жүктеп

отырған саяси және ұйымдық жұмыстары туралы біз төменде айтып өтпекпіз. Ал қазір біз тек мынаны ғана атап көрсетпекшіміз: *алдыңғы қатарлы теорияны басшылыққа алатын партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады.* Мұның мәнісі не екенін аздап болса да нақты ұғыну үшін оқушы орыс социал-демократиясының ізашарлары Герценді, Белинскийді, Чернышевскийді, 70-жылдардағы тамаша революционерлер тобын еске түсірсін; орыс әдебиетінің қазір бүкіл дүние жүзілік маңыз алып отырғанын ойласын; тағы да... жә, осының өзі де жетер!

Социал-демократиялық қозғалыста теорияның маңызы туралы Энгельстің 1874 жылы айтқан пікірлерін келтірейік. Энгельс социал-демократияның ұлы күресінің формалары, бізде айтылып жүргендей, *екеу ғана емес* (саяси формасы мен экономикалық формасы ғана емес), *үшеу* деп біледі де, *теориялық күресті де осылармен қатар қояды.* Практикалық жағынан да, саяси жағынан да ығайын алған неміс жұмысшы қозғалысына Энгельстің сәт сапар тілеген сөзі қазіргі уақыттағы мәселелер мен таластарды шешу жағынан алып қарағанда өте ғибратты сөз болып табылады, сондықтан оның көптен бері-ақ аса сирек кездесетін библиографиялық мұра болып алған «Der deutsche Bauernkrieg» * деген кітапшасының алғы сөзінен мынадай ұзақ үзінді келтіргеніміз үшін оқушы бізге налымас деп сенеміз:

«Европаның басқа жұмысшыларына қарағанда неміс жұмысшыларының айтарлықтай екі артықшылығы бар. Бірінші артықшылығы — олар Европаның неғұрлым теориялы халқының жұмысшылары, олар Германиядағы «білімді» деп аталатын таптар мүлдем айрылып қалған теориялық мән-мағынаны өз бойында сақтап қалды. Өзіне дейінгі неміс философиясы болмайынша, әсіресе Гегельдің философиясы болмайынша, немістің ғылыми социализмі — бұрын-соңды болып көрмеген бірден-бір ғылыми социализм — еш уақытта жасалмаған болар еді. Жұмысшыларда теориялық ой болмаса, осы ғылы-

* «Dritter Abdruck. Leipzig, 1875. Verlag der Genossenschaftsbuchdruckerei» («Германиядағы шаруалар соғысы». Үшінші басылуы. Лейпциг, 1875 ж. Кооператив баспасы. *Ред.*).

ми социализм қазір біз көріп отырған дәрежедегідей жұмысшылардың сүйегіне сіңіп, жүрегіне ұяламаған болар еді. Ал бұл артықшылықтың қаншалықты ұшан-теңіз екенін, мұны, бір жағынан, теория атаулыға селқостық, жекелеген қолөнер кәсіптерінің тамаша ұйымдасқанына қарамастан, ағылшын жұмысшы қозғалысының алға қарай ілгерілеуінің соншалық баяу болуының басты себептерінің бірі болып отырған селқостық көрсетеді,— ал екінші жағынан, мұны лаң мен ауытқушылық көрсетеді, бұл лаң мен ауытқушылықты француздар мен бельгиялықтар арасына өзінің бастапқы формасындағы прудонизм, ал испандар мен итальяндар арасына өзінің Бакунин енгізген келемежді формасындағы прудонизм септі.

Екінші артықшылығы — немістер жұмысшы қозғалысына басқа жұрттың бәрінен дерлік соң қатысты. Неміс-тің теориялық социализмі Сен-Симонның, Фурье мен Оуэннің иығында тұрғанын,— өз ілімдерінің бүтіндей қиялшылдығына және бүтіндей утопизміне қарамастан, барлық замандарда өткен асқан ұлы ойшылдар саналатын және дұрыстығын қазір өзіміз ғылыми жолмен дәлелдеп отырған сансыз көп ақиқатты данышпандықпен болжай білген үш ойшылдың иығында тұрғанын ешқашан да ұмытпайды,— сол сияқты неміс-тің практикалық жұмысшы қозғалысы да ағылшын, француз қозғалысының иығында тұрып дамығанын, олардың қымбатқа түскен тәжірибелерін жай ғана өз пайдасына айналдыруға, ол кезде көп ретте жібермеуге болмайтын қателерді енді қайталамауға мүмкіндік алып отырғанын ешқашан да ұмытпауға тиіс. Ағылшын тред-юниондарының үлгісі болмаса, француз жұмысшыларының саяси күресінің үлгісі болмаса, әсіресе Париж Коммунасының берген орасан зор түрткісі болмаса, біз қазір қандай күйде болар едік.

Неміс жұмысшыларының өздерінің тиімді жағдайын асқан шеберлікпен пайдалана білгенін атап көрсету әділеттілік болады. Жұмысшы қозғалысы туғаннан бергі уақыт ішінде тұңғыш рет күрес өзара үйлескен, бірбірімен байланысқан үш бағытында: теориялық, саяси және практикалық-экономикалық (капиталистерге қар-

сылық көрсету) бағыттарда біркелкі жүргізіліп келеді. Неміс қозғалысының күші де, жеңімпаздығы да, былайша айтқанда, осы түйдек шабуыл жасауында.

Бір жағынан, өздерінің осындай тиімді жағдайы себепті, екінші жағынан, ағылшын қозғалысының аралдық өзгешеліктері және француз қозғалысының күшпен жаныштaлуы себепті неміс жұмысшылары қазіргі уақытта пролетарлық күрестің басына қойылып отыр. Олардың осы құрметті орында ұзақ уақыт тұруына оқиғалардың қаншалықты мүмкіндік беретінін болжап айту қиын. Бірақ, әйтеуір, олар осы орында тұрғанында өздеріне осы жағдай жүктеген міндетті ойдағыдай орындап шығады деп сенуге болады. Бұл үшін күрес пен үгіттің барлық саласында күш-жігерді еселеп жұмсау керек. Әсіресе көсемдердің міндеті мынау болмақ: олар барлық теориялық мәселелерде өз білімін жетілдірген үстіне жетілдіре берулері керек, ескі дүние тану көзқарасына тән дәстүрлі құрғақ сөздердің ықпалынан барған сайын арыла берулері керек, социализм өзі ғылым болып алғаннан бері қарай өзіне ғылым ретінде қарауды, яғни өзін оқып-үйренуді талап ететінін естен шығармаулары керек. Осылайша қол жеткен, барған сайын айқындала түскен сананы жұмысшылар бұқарасының арасына бар жігермен таратып, партия ұйымы мен кәсіподақ ұйымын бұрынғыдан да гөрі топтастыра түсу қажет...

...Егер неміс жұмысшылары осылайша ілгері баса берсе, онда олар — қозғалыстың басында сап түзеп жүру ғана емес, өйткені қайсыбір ұлт жұмысшыларының қозғалыстың басында сап түзеп жүруі қозғалыстың мүдделеріне әсте сай келмейді — сонымен бірге олар күрескерлердің шебінде құрметті орынға ие болады; сөйтіп кенеттен басқа түскен ауыр сындар немесе ұлы оқиғалар олардан бұрынғыдан да асқан ерлікті, бұрынғыдан да асқан батылдықты, жігерді талап ете қалса, олар мұны сақадай сайланып қарсы алатын болады» [39].

Энгельстің сөздері көрегендік сөздер болып шықты. Бірнеше жылдан кейін неміс жұмысшылары социалистер туралы ерекше заң түріндегі ауыр сынға кенеттен тап болды. Сонда неміс жұмысшылары шынында да бұл

сынды сақадай сайланып қарсы алды, сөйтіп бұл сыннан жеңімпаздықпен өте білді.

Орыс пролетариатына бұдан да өлшеусіз ауыр сын тап болғалы тұр, ол жалмауыз дәуге қарсы күреске түскелі тұр, ал оның қасында конституциялы елдегі ерекше зац нағыз ергежейлі сияқты болып көрінеді. Тарих біздің алдымызға қазір ең таяудағы міндетті қойып отыр, бұл міндет өзге қай елдің пролетариатының болса да ең *таяудағы* барлық міндеттерінің ішіндегі *ең революциялық* міндет болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру ісі, тек европалық реакцияның ғана емес, сонымен қатар азиялық реакцияның да (енді біз осылай деп айта аламыз) ең күшті қамалын қирату ісі орыс пролетариатын халықаралық революцияшыл пролетариаттың авангарды етер еді. Егерде біз мың есе неғұрлым кең және терең өріс алған қозғалысымызды нақ осындай жанқиярлық батылдықпен, жанқиярлық жігермен рухтандыра білсек, онда біздің ізашарларымыз, 70-жылдардағы революционерлер ие болған осы құрметті атаққа біз де ие боламыз деп сене аламыз.

II

БҰҚАРАНЫҢ СТИХИЯЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ САНАЛЫЛЫҒЫ

Біздің қозғалысымыз 70-жылдардағы қозғалыстан анағұрлым кең, анағұрлым терең дедік, бұл қозғалысты нақ сол кездегідей жанқиярлық батылдықпен, жанқиярлық жігермен жандандыру қажет дедік. Шынында да, қазіргі заманғы қозғалыстың күші — бұқараның (және ең алдымен өнеркәсіп пролетариатының) оянуында екендігіне, ал қозғалыстың әлсіздігі — революционер басшылардың саналылығы мен инициативасының жеткіліксіз болуында екендігіне күні бүгінге дейін ешкім де күмәнданбаған сияқты.

Алайда ең соңғы кезде бұл мәселе жөнінде осы күнге дейін үстем болып келген көзқарастардың бәрін жоққа шығару қаупін туғызып отырған таңғажайып бір жаңалық табылды. Бұл жаңалықты тапқан «Рабочее Дело»,

ол «Искрамен» және «Зарямен» айтысқанында, тек кейбір жеке қарсы пікірлер айтумен ғана тынбастан, «жалпы алауыздықтың» тамырын тереңнен іздеуге — «стихиялық элемент пен саналы «жоспарлы» элементтің *шамалас* маңызын түрліше бағалаудан» іздеуге тырысты. «Рабочее Делоның» айыптау тезисінде былай делінген: *«объективтік немесе стихиялық даму элементінің маңызын кеміткендік»* *. Біз бұған мынаны айтамыз: «Искра» мен «Заряның» «Рабочее Деломен» айтысы оны осы «жалпы алауыздықты» пайымдауға түрткі болғанынан басқа тіпті ешқандай нәтижелер бермеген күнде де, бір ғана осы нәтиженің өзі-ақ бізге үлкен қанағат болар еді, өйткені бұл тезистің мағынасы соншалық кең және бұл тезис орыс социал-демократтарының арасындағы қазіргі теориялық және саяси алауыздықтардың бар мәнін соншалық айқын көрсетеді.

Міне, сондықтан саналылықтың стихиялылыққа қатысы жайындағы мәселе барша жұрт аса зор көңіл аударатын мәселе болып табылады, ендеше бұл мәселеге мейлінше толық тоқтап өту керек.

а) СТИХИЯЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ БАСТАЛУЫ

Өткен тарауда біз 90-жылдардың жартысында орыстың оқыған жастарының марксизм теориясына *жаппай* әуестенгендігін айттық. Сол уақыттың шамасында 1896 жылы Петербургте болған атақты өнеркәсіп соғысынан [40] кейінгі жұмысшы стачкалары да нақ осындай жаппай сипат алды. Бұл стачкалардың бүкіл Россияға таралуы жаңадан өрлеп келе жатқан халық қозғалысының тереңдігін айқын-ашық корсетті, ал егер «стихиялық элемент» туралы сөз қылатын болсақ, онда, әрине, дәл осы стачкалық қозғалысты ең алдымен стихиялық қозғалыс деп тануға тура келеді. Бірақ стихиялылықтың да стихиялылығы бар ғой. Россияда стачкалар 70-жылдарда да, 60-жылдарда да (тіпті XIX ғасырдың алғашқы жартысында да) болды, ол стачкалар машиналарды, т. с. «стихиялық» түрде қиратып отырды. Бұл

* «Рабочее Дело» № 10, сентябрь, 1901 ж., 17 және 18-беттер. Курсив «Рабочее Делонікі».

«бүліктермен» салыстырғанда 90-жылдардағы стачкаларды тіпті «саналы» стачкалар деп атауға болады — өйткені бұл уақыттың ішінде жұмысшы қозғалысы едәуір ілгері басып, сондайлық маңызды дәрежеге жеткен еді. Бұл бізге «стихиялық элемент», асылында, саналылықтың нақ *бастауыш формасы* болғандығын көрсетеді. Тіпті анайы бүліктердің өзі саналылықтың біраз оянғандығын көрсетті: жұмысшылар өздерін жаныштаған тәртіптерді бұлжымас нәрсе деп санайтын ежелгі сенімді жоғалта бастады, бірлесіп тойтарыс берудің қажеттігін... түсінді демесем де, сезе бастады, сөйтіп бастықтардың алдында құлша бас июшіліктен батыл қол үзді. Бірақ сонда да мұны *күрес* деуден гөрі түңілушіліктің, ызалы кектің көрінісі деу анағұрлым орынды болады. Ал 90-жылдардағы стачкалар саналылық сәулесінің анағұрлым көп екендігін көрсетеді: бұл кезде белгілі талаптар қойылады, қай кезең қолайлы екендігі күн ілгері есепке алынады, басқа жерлердегі белгілі оқиғалар мен мысалдар талқыланады, т. т. Егер бүліктер тек езілген адамдардың көтерілісі болған болса, ал ұдайы болып келген стачкалар тап күресінің бастамасы, тек қана бастамасы болды. Өз-өзінен алып қарағанда бұл стачкалар әлі социал-демократиялық күрес бола қойған жоқ, тред-юниондық күрес болды, бұл стачкалар жұмысшылар мен қожайындар арасында антагонизмнің оянғанын көрсетті, бірақ жұмысшыларда сол кездегі бүкіл саяси және қоғамдық құрылысқа өз мүдделерінің бітіспес қайшы келетінін ұғынарлық сана, яғни социал-демократиялық сана болған жоқ және болуы мүмкін емес те еді. Осы мағынада 90-жылдардағы стачкалар, «бүліктерге» қарағанда орасан ілгерілеу болғанымен де, тек қана стихиялық қозғалыс болып қала берді.

Жұмысшыларда социал-демократиялық сананың *болуы мүмкін емес те еді* деп айтып өттік. Бұл сана тек сырттан ғана енгізілуі мүмкін еді. Жұмысшы табы жалаң өз күштерімен тред-юниондық сананы ғана, яғни одақтарға бірігудің, қожайындарға қарсы күрес жүргізудің, жұмысшылар үшін керекті қайсыбір заңдар шығаруды үкіметтен талап етудің, т. с. қажеттігіне сенуді ғана тудыра алатынын барлық елдердің тарихы дәлел-

дейді *. Ал социализм ілімі дәулетті таптардың білімді өкілдері, интеллигенция жасап шығарған философиялық, тарихи, экономикалық теориялардан өсіп шықты. Осы заманғы ғылыми социализмнің негізін салушылар Маркс пен Энгельстің өздері де, әлеуметтік күйі жағынан, буржуазиялық интеллигенциядан шыққан еді. Дәл сондай-ақ Россияда да социал-демократияның теориялық ілімі жұмысшы қозғалысының стихиялық өсуіне мүлде байланыссыз туды, революцияшыл-социалистік интеллигенцияның ой-өрісінің табиғи және сөзсіз нәтижесі ретінде туды. Біз әңгіме етіп отырған дәуірдің қарсаңында, яғни 90-жылдардың орта шенінде, бұл ілім «Еңбекті азат ету» тобының ғана әбден қалыптасқан программасы болып қана қоймай, сонымен қатар Россиядағы революцияшыл жастардың көпшілігін өз жағына тартып та алған еді.

Сонымен, жұмысшылар бұқарасының стихиялы түрде оянуы да, саналы өмірге, саналы күреске құлшынуы да анық еді және социал-демократиялық теориямен қаруланған, жұмысшылармен жақындасуға талпынған революцияшыл жастар да анық бар еді. Бұл ретте жиі ұмытыла беретін (және онша белгілі болмаған) бір фактіні осы арада көрсетіп өту аса қажет, ол факт мынау: бұл дәуірдегі *тұңғыш* социал-демократтар *экономикалық үгітті бар ынтасымен жүргізе отырып* — (және ол кезде әлі қолжазба күйінде таралып жүрген «Үгіт туралы» деген кітапшаның [41] бұл жөніндегі шын пайдалы нұсқауларын толық қолдана отырып),— сонымен қатар олар бұл үгітті тек бірден-бір міндетіміз деп есептеген емес, қайта, *әуел бастан-ақ* жалпы алғанда орыс социал-демократиясының ең кең көлемдегі тарихи міндеттерін, атап айтқанда, самодержавиені құлату міндетін алға қойды. Мәселен, Петербург социал-демократтарының «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» [42] құрған тобы 1895 жылдың аяғында-ақ «Рабочее Дело» деп аталған газеттің бірінші номерін құ-

---

* Кейде біреулердің ойлағанындай, тред-юнионизм «саясат біткенді есте керексіз ете бермейді. Тред-юниондар қашан да болса белгілі бір саяси (бірақ социал-демократиялық емес) үгіт пен күресті жүргізіп келді. Тред-юниондық саясат пен социал-демократиялық саясаттың айырмасын келесі тарауда айтамыз.

растырған болатын. Баспаға толық дайын болған бұл номерді 1895 жылы декабрьдің 8-інен 9-ына қараған түні тінту жүргізген жандармдар әлгі топтың мүшесі Анатолий Александрович Ванеевтікінен * тауып әкетті, сөйтіп алғашқы қалыптағы «Рабочее Дело» жарыққа шыға алмай қалды. Бұл газеттің бас мақаласы Россиядағы жұмысшы табының тарихи міндеттерін суреттеп, саяси бостандық алу мәселесін бұл міндеттердің ең бастысы деп есептеді (мүмкін, бұл газетті 30 жылдай уақыттан кейін полиция департаментінің архивінен «Русская Старина» сияқтылар тауып та алар)[43]. Онан соң, Сауаттылық комитеттерін полицияның талқандауына арналған «Біздің министрлер не ойлайды?» ** деген мақала бар еді және тек Петербургтен ғана емес, Россияның басқа жерлерінен де келген бірсыпыра хат-хабарлар бар еді (мысалы, Ярославль губерниясында жұмысшыларды аяусыз жазалау жөнінде[44]). Сонымен, жаңылмасақ, 90-жылдардағы орыс социал-демократтарының бұл «тырнақ алды тәжірибесі» шағын ғана жергілікті газет болған жоқ, әсіресе «экономистік» сипаттағы газет болған жоқ, бұл газет стачкалық күресті самодержавиеге қарсы революциялық қозғалыспен біріктіруге және реакцияшыл қанышезерлердің саясатынан езілгендердің бәрін де социал-демократияны қолдауға тартуға талпынған газет болды. Мұндай газетке астана жұмысшылары да, революцияшыл интеллигенция да әбден тілектес болар еді, сөйтіп ол кең тараған болар еді; сол кездегі қозғалыстың жай-күйімен аздап та болса таныс адам бұған шәк келтіре алмайды. Ал істің сәті болмай қалуына келсек, бұдан сол кездегі социал-демократтарда революциялық тәжірибенің және практикалық дайындықтың жетімсіздігі себепті белгілі кезеңдегі шұғыл тілекті орындауға олардың дәрменсіз екендігі ғана көрінді. «СПБ. Рабочий Листок»[45] жөнінде де, әсіресе «Рабочая Газета» жөнінде де, 1898 жылы

* А. А. Ванеев 1899 жылы Шығыс Сибирьде көкірек ауруынан қайтыс болды, ол ауруға сотқа дейінгі абақтыда жалғыз жатқан кезінде шалдыққан еді. Сондықтан біз осы тексте келтірілген мәліметтерді жариялауды мүмкін деп таптық, ал бұлардың дұрыстығына кепіл бола аламыз, өйткені бұл мәліметтер А. А. Ванеевті жақсы білетін және оған жақын жүрген адамдардан алынды.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы. 2-том, 83—88-беттер. *Ред.*

көктемде құрылған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының «Манифесі»[46] жөнінде де осыны айту керек. Әрине, бұл шалағайлықты сол кездегі қайраткерлердің айыбы деп санау біздің ойымызға кіріп те шықпайтындығы өзінен өзі түсінікті. Бірақ қозғалыстың тәжірибесін пайдаланып, бұл тәжірибеден практикалық сабақтар алу үшін белгілі бір кемшіліктің себептері мен мәнісін әбден біліп алу қажет. Сондықтан 1895—1898 жылдарда жұмыс жүргізген социал-демократтардың бір бөлегі (мүмкін, тіпті көпшілігі) сол кездің өзінде-ақ, «стихиялық» қозғалыстың бас кезінде-ақ нағыз кең программаны, нағыз айбынды тактиканы ұсынып күреске шығуға болады деп есептегені тіпті дұрыс екенін анықтаудың аса зор маңызы бар *. Ал революционерлер көпшілігінің шалағайлығы, әбден табиғи нәрсе болғандықтан, ешбір айрықша қауіп туғыза алмады. Міндеттердің қойылысы дұрыс болған соң, ол міндеттерді орындау үшін қайта күресерлік жігер болған соң,— уақытша сәтсіздіктер болмашы ғана қырсық еді. Революциялық тәжірибе мен ұйымдастырушылық икемділік — жүре пайда болатын нәрсе. Тек өз бойыңнан қажетті қасиеттер тәрбиелеп шығаруға ынта болса болғаны! Тек кемшіліктерді ұғынарлық сана болса болғаны, мұндай сана революция ісінде кемшіліктердің жартысынан көбін түзетумен бара-бар!

Бірақ бұл сана сөне бастаған кезде (ал мұның өзі жоғарыда аталған топтардың қайраткерлерінде өте берік еді), кемшілікті жақсылыққа балаудан тайынбайтын, өздерінің *стихиялылыққа құлша бас иіп, табы-*

---

* «Орыс социал-демократиялық органдарына хатында» «экономистер» былай дейді: ««Искра» 90-жылдардың аяғындағы социал-демократтардың істерін теріс деп санап, ол кезде ұсақ талаптар үшін күрес жүргізуден басқа жұмысқа жағдай болмағанын елемей отыр» («Искра» № 12). Текстке келтірілген фактілер «жағдай болмады» деген пікірдің *шындыққа тікелей қайшы* екенін көрсетеді. 90-жылдардың аяғында ғана емес, 90-жылдардың ортасында да ұсақ талаптар үшін күресуден *басқа* жұмыстар істеуге де жағдай толық еді, басшылардың жеткілікті дайындығынан басқа жағдайлардың бәрі түгел бар еді. Міне, басшыларды дайындауда біздердің, идеологтардың, тарапымыздан болған осы кемшілікті ашық мойындаудың орнына «экономистер» бар кемшілікті «жағдайдың болмағандығына» аударғысы келеді, жолды белгілейтін материалдық ортаның әсеріне аударғысы келеді, ол жолдан қозғалысты ешқандай идеолог тайдыра алмайды дейді. Мұның өзі стихиялылыққа құл болғандық емей немене? мұның өзі «идеологтардың» өз кемшіліктеріне сүйсінгендігі емей немене?

нуын тіпті *теориялық жағынан* ақтауға тырысатын адамдар,— тіпті социал-демократиялық органдар да,— шыққан кезде болмашы қырсық нағыз қырсыққа айналды. Бұл бағыт жөнінде, «экономизм» деген өте тайыз ұғым өзінің мазмұнын тіпті де дәл көрсетпейтін осы бағыт жөнінде қорытынды жасайтын мезгіл жетті.

б) СТИХИЯЛЫЛЫҚҚА ТАБЫНУ. «РАБОЧАЯ МЫСЛЬ»

Бұл табынушылықтың әдебиеттегі көріністеріне көшпестен бұрын орыс социал-демократиясындағы болашақ екі бағыттың жіктелуі Петербургте жұмыс жүргізген жолдастардың арасында қалай туып, қалай өскендігін біраз анықтайтын (жоғарыда аталған деректен бізге мәлім болған) мынадай айрықша бір фактіні көрсетіп өтейік. 1897 жылдың бас кезінде, А. А. Ванеев пен оның кейбір жолдастарының жер аударылардың алдында «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» «қарт» мүшелері мен «жас» мүшелері бас қосқан бір жеке жиналыста болуына тура келді [47]. Әңгіме көбінесе ұйым жөнінде, атап айтқанда «Листок «Работниканың»» [48] 9—10-номерінде (46-бет) түпкілікті түрінде басылып шыққан «Жұмысшы кассасының уставы» туралы болды. «Қарттардың» (Петербург социал-демократтары сол кезде әзіл ретінде «декабристер» деп атайтындардың) және кейбір «жастардың» (кейін «Рабочая Мысль» газетіне белсене қатысқандардың) арасында үлкен алауыздық барлығы бірден көрініп, қызу айтыс болды. «Жастар» уставтың басылып шыққан күйіндегі негізгі ережелерін қорғады. «Қарттар»: бізге ең алдымен керегі бұл емес, бізге алдымен «Күрес одағын» нығайтып, оны революционерлердің ұйымына айналдыру керек, жұмысшылардың түрлі кассалары, оқушы жастар арасында насихат жүргізетін үйірмелер, т. с. осы ұйымға бағынатын болуға тиіс деді. Әрине, айтысушылар бұл алауыздық айрылысудың басы деп әсте ойлаған жоқ, қайта оны жеке бір, кездейсоқ нәрсе деп санады. Бірақ бұл факт Россияда да «экономизмнің» туып, таралуы әсте «қарт» социал-демократтармен күрессіз болмағандығын көрсетеді (мұны қазіргі «эконо-

мистер» жиі ұмыта береді). Ал егер бұл күрес, көп реттерде, «документтік» із қалдырмаған болса, оның *бірден-бір* себебі мынау: жұмыс істейтін үйірмелердің құрамы адам айтқысыз жиі өзгеріп отырды, ешбір сабақтастық болмады, сондықтан алауыздықтар да ешбір документтерде көрсетіліп отырмады.

«Рабочая Мысльдің» шығуы «экономизмді» жарыққа шығарды, бірақ мұны да бірден шығарған жоқ. Бұл жаңа бағыттың түрлі қалаларда табысқа жетуінде немесе сәтсіздікке ұшырауында кездейсоқ нәрселердің көп болғандығын түсіну үшін және бұл «жаңалықты» жақтаушылар да, оған қарсылар да мұның өзі шынында айрықша бағыт па, әлде жеке адамдардың шалағайлығының жай ғана көрінісі ме, ол жағын ұзақ уақыт анықтай алмай жүргендігін, анықтауға тіпті ешбір мүмкіндігі де болмағандығын түсіну үшін көптеген орыс үйірмелерінің жұмыс жағдайын және олардың өмірі қысқа болғандығын нақты білу керек (ал мұны тек басынан кешіргендер ғана нақты біледі). Мәселен, «Рабочая Мысльдің» гектографта басылып шыққан алғашқы номерлері социал-демократтардың орасан көпшілігіне тіпті мәлім болмай да қалды, ал егер біз қазір бұл газеттің бірінші номеріндегі бас мақалаға сілтеме жасай алатын болсақ, оның себебі бұл бас мақала В. И.-дің мақаласында көшіріліп басылды («Листок «Работника»» № 9—10, 47 және келесі беттер), жоғарыда біз атап өткен газеттер мен газет жобаларынан үлкен айырмашылығы бар бұл жаңа газетті В. И. бар ынтасымен — орынсыз ынтамен — асыра мақтаудан, әрине, аянып қалған жоқ*. Ал бұл бас мақала «Рабочая Мысльдің» және жалпы алғанда «экономизмнің» *бүкіл рухын* өте ашық көрсеткендіктен оған тоқталып өту керек.

Жұмысшы қозғалысының дамуын көк жеңділердің тоқтата алмайтындығын айта келіп, бұл бас мақала бы-

* Айтпақшы, «экономизм», әсіресе шетелде, толық айқындалып болған кезде «Рабочая Мысльді» 1898 жылы ноябрь айында мақтаушы дәл сол В. И. еді, ол көп кешікпей «Рабочее Дело» редакторларының бірі болды. Ал «Рабочее Дело» сол кездің өзінде-ақ орыс социал-демократиясының ішінде екі бағыт бар екендігін мойындамайтын, мұны қазірде де мойындамай келеді!

лай дейді: «... Жұмысшы қозғалысының өміршеңдігінің себебі — жұмысшы өз тағдырын басшылардың қолынан жұлып алып, енді оны өз қолына алып отыр»; сөйтіп, осы негізгі тезис бұдан әрі кеңінен дамытыла береді. Шынында, полиция басшыларды (яғни социал-демократтарды, «Күрес одағын» ұйымдастырушыларды) жұмысшылардың қолынан, былайша айтқанда, жұлып алды *,— ал бас мақалаға қарағанда, жұмысшылар осы басшыларға қарсы күрес жүргізіп, олардың қысымынан азат етілген сияқты! Ілгері басуға, революциялық ұйымды нығайтуға, саяси жұмысты ұлғайтуға шақырудың орнына *кейін* кетуге, жалаң тред-юниондық күрес жүргізуге шақырып отыр. «Қозғалыстың экономикалық негізі саяси мұратты үнемі ұмытпауға талпынушылықтың салдарынан бүркеулі қалып отыр», жұмысшы қозғалысының ұраны — «экономикалық жағдай үшін күресу» (!) немесе, ең оңдысы, «жұмысшылар жұмысшылар үшін» десті; стачкалық кассалар «қозғалыс үшін басқа жүз ұйымнан да қымбатырақ» деп жариялады (1897 жылдың октябрінде айтылған осы сөзді 1897 жылдың басында «декабристер» мен «жастардың» арасында болған таласпен салыстырып қараңыз), т. б. Жұмысшылардың «бетке шығарларын» алға қоймай, «орта» жұмысшыны, бұқара жұмысшыны алға қою керек, «саясат әрдайым экономикаға конбістікпен ілесіп отырады» ** деген сияқты, т. б., т. с. сөзсымақтар сәнге айналып, қозғалысқа қатысушы көптеген жастарға,— көп ретте марксизмнің тек жария түрде баяндалуымен шала-шарпы таныс болған жастарға қатты әсер етті.

Мұның өзі саналылықты стихиялылықпен — В. В. мырзаның «идеяларын» қайталап жүрген «социал-де-

* Бұл теңеудің дұрыстығын мына бір айрықша фактіден көруге болады. «Декабристер» қамауға алынғаннан кейін олардың қамалуына «декабристерге» жанасып жүрген топтардың бірінің жақын адамы арандатушы Н. Н. Михайлов (тіс дәрігері) себеп болыпты деген хабар Шлиссельбург жолындағы жұмысшылар арасына тараған кезде, бұл жұмысшылар қатты ызаланып, Михайловты өлтірмек болған.

** Бұл сөз «Рабочая Мысльдің» әлгі айтылған бас мақаласынан алынды. Бұған қарап «орыс социал-демократиясындағы В. В.-лардың» теориялық дайындығы қандай екенін білуге болады; бұлар саясат пен экономиканың қатынасын *нақ әлгідей* теріс түсінгендігі үшін әлдеқашан «реакциялық жұмыстардың шебері» деп аталып кеткен нағыз В. В. мырзаға қарсы марксистер әдебиет жүзінде соғысып жатқан кезде «экономикалық материализмнің» бұрмаланған дөрекі түрін қайталап отырды!

мократтардың» стихиялылығымен — әбден тұншықтыру болды, социализм атаулыдан, саясат атаулыдан гөрі сомға қосылған тиын әрі жақын, әрі қымбат деген сөзге алданған жұмысшылар «қайдағы бір болашақ ұрпақтар үшін емес, өздері үшін, өз балалары үшін күресетіндігін біліп күрес жүргізуге тиіс» («Рабочая Мысльдің» 1-номеріндегі бас мақала) деген сөзге алданған жұмысшылардың стихиялылығымен саналылықты әбден тұншықтыру болды. Мұндай желсөздер әрдайым батыс европалық буржуазияның жаны сүйетін қаруы болып келді; олар социализмді жек көретіндіктен, ағылшын тред-юнионизмін өз жеріне көшіріп әкеп орнату жолында (немістің Гирш деген «социал-саясатшысы» тәрізді) өздері жұмыс істейтін, сөйтіп олар жұмысшыларға тек-кәсіпшілік күрес * қайдағы бір болашақ социализммен қоса қайдағы бір болашақ ұрпақтар үшін емес, нақ өз басың үшін, өз балаларың үшін күрескендік болып табылады дейтін,— ал қазір «орыс социал-демократиясындағы В. В.-лар» осы буржуазиялық желсөздерді қайталауға кірісіп отыр. Бұл арада *қазіргі* алауыздықтарды ** бұдан былайғы жерде талдап қарау үшін өте керек болатын үш түрлі жағдайды атап өту қажет.

Біріншіден, жоғарыда біз көрсеткен саналылықты стихиялылықтың тұншықтыруы да *стихиялық жолмен* болды. Бұл қалжың сөз сияқты болып көрінер, бірақ — қайтерсің!— күйінішті шындық. Бұл тұншықтыру мүлдем қарама-қарсы екі түрлі көзқарастың ашық түрде күресіп, бірін-бірі жеңуі арқылы болып отырған жоқ, жандармдардың революционер-«қарттарды» үсті-үстіне көптеп «жұлып әкетуі» арқылы болып отыр және «орыс социал-демократиясындағы В. В.-лар» болған «жастардың» үсті-үстіне көптеп іске араласуы арқылы болып отыр. *Қазіргі* орыс қозғалысына қатысқан адам демесем де, тым болмаса оның иісін сезген адам істің жайы

* Немістерде «тек-кәсіпшілік» күресті жақтаушыларды көрсететін «Nur-Gewerkschaftler» деген арнаулы сөз де бар.

** Біз *қазіргі* деген сөзді көлгірси иығын қомдап: қазір «Рабочая Мысльді» сөгу оңай, бірақ бұл архаизм ғой! — деушілер жөнінде баса айтып отырмыз. Қазіргі кездегі осындай көлгірлерге біз: Mutato nomine de te fabula narratur (басқаша атпен сен туралы ертегі айтылып жатыр. *Ред.*)—деп жауап қайтарамыз, бұлардың «Рабочая Мысльдің» идеяларына әбден құл болып отырғандығы төменде *дәлелденеді.*

дәл осылай екенін өте жақсы біледі. Солай бола тұрса да, біз осы жалпыға мәлім фактіні оқушының әбден түсініп алуына айрықша күш салып отырған болсақ, біз, былайша айтқанда, ұғымды болсын деп, алғашқы қалыптағы «Рабочее Дело» туралы және 1897 жылдың бас кезінде «қарттар» мен «жастар» арасында болған таластар туралы мәліметтер келтіріп отырған болсақ, оның себебі — «демократияшылмыз» деп мақтанатын адамдар қалың жұртшылықтың (немесе өте жас адамдардың) бұл фактіні білмейтіндігін пайдаланып кетіп жүр. Бұл мәселеге біз төменде тағы да соғып өтеміз.

Екіншіден, «экономизмнің» әдебиеттегі алғашқы көрінісінен-ақ біз қазіргі социал-демократтардың арасындағы барлық алауыздықтарды түсіндіретін барынша өзгеше, өте айрықша құбылысты байқай аламыз: «таза жұмысшы қозғалысын» жақтаушылардың, пролетариат күресімен өте жақын, нағыз «біте қайнаған» («Рабочее Делоның» қолданған сөзі) байланыс болсын деп бас ұрушылардың, жұмысшы емес интеллигенция атаулыға (ол тіпті социалистік интеллигенция болса да) қарсы адамдардың өз позициясын қорғау үшін *буржуазиялық* «тек тред-юнионистердің» дәлелдерін бетке ұстауға мәжбүр болып отырғанын байқай аламыз. Бұдан біз «Рабочая Мысльдің» әуел бастан-ақ — өзінің не істегенін өзі пайымдамастан — «Credo»-ның программасын жүзеге асыруға кіріскенін көреміз. Бұдан көрінетін тағы бір жағдай,— («Рабочее Дело» тіпті түсіне алмай жүрген жағдай) — жұмысшы қозғалысының стихиялылығына табынушылықтың *қандайы* болса да, «саналы элементтің» ролін, социал-демократияның ролін кемітушіліктің қандайы болса да,— *кемітуші мұны қалай ма, қаламай ма, бұған қарамастан,— осы арқылы жұмысшыларға буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз.* «Идеологияны асыра бағалағандық» * туралы, саналы элементтің ролін асыра дәріптегендік туралы **, тағы сондайлар туралы сөз қылушылардың бәрі де жұмысшылар тек «басшыларының қолынан өз тағдырын жұлып алса» болғаны таза жұмысшы қозға-

* «Экономистердің» «Искраның» 12-номерінде басылған хаты.
** «Рабочее Дело» № 10.

лысы өздігінен дербес идеология жасай алады және жасайды да деп ойлайды. Ал бұл мүлде қате. Жоғарыда айтылғандарға қоса Австрия социал-демократиялық партиясының жаңа программасының жобасы жөнінде К. Каутскийдің өте бір тауып айтқан маңызды сөздерін* келтірейік:

«Ревизионист сыншыларымыздың көбі: Маркс экономикалық даму және тап күресі социалистік өндіріс үшін жағдайлар жасап қана қоймайды, сонымен қатар социалистік өндірістің қажеттігін ұғынушы *сананы* (курсив К. Каутскийдікі) тікелей тудырады деген екен деп жориды. Сөйтіп, нақ осы сыншылар: капиталистік жолмен даму дәрежесі өте жоғары ел, Англия, бұл санаға өте-мөте жат деп қарсы пікір айтады. Жобаға қарап осы жоғарыда көрсетілген ретпен теріске шығарылатын, ортодоксиялық-маркстік сияқты болып көрінген көзқарасты австриялық программаны жасаған комиссия да жақтайды екен деп ойлауға болар еді. Жобада былай делінген: «Капиталистік дамудың арқасында пролетариат неғұрлым көбейсе, капитализмге қарсы күрес жүргізуге пролетариат соғұрлым мәжбүр болып, мүмкіндік алады. Пролетариат социализмнің мүмкін болатын және қажет нәрсе екенін ұғынады». Осыған сәйкес социалистік сана пролетарлық тап күресінің сөзсіз тікелей нәтижесі болып көрінеді. Бірақ мұның өзі мүлде теріс. Әлбетте, социализм, ілім ретінде, пролетариаттың тап күресі сияқты, қазіргі экономикалық қатынастарға негізделеді, бұқараның капитализм туғызған кедейлігі мен қайыршылығына қарсы күрестен тап күресі қалай туатын болса, социализм ілімі де солай туады, бірақ социализм мен тап күресі бірінен-бірі тумайды, әрқайсысы әр түрлі алғы шарттарға сүйеніп, бірімен-бірі қатар туады. Осы заманғы социалистік сана тек терең ғылыми білімнің негізінде ғана туа алады. Шынында, мәселен, қазіргі техника социалистік өндірістің қандай шарты болса, қазіргі экономикалық ғылым да сондай шарты болады, ал пролетариат қанша тілесе де, мұның екеуін де жасап шығара алмайды; мұның екеуі де қазіргі қоғамдық процестен туады. Ал ғылым иесі пролетариат емес, *буржуазиялық интеллигенция* болып табылады (курсив К. Каутскийдікі): қазіргі заманғы социализм де осы топтың жеке мүшелерінің ойлауынан туды ғой, сөйтіп олар мұны ақыл-ой өрісі жағынан үздік пролетарларға танытты, ал бұлар кейін бұл социализмді жағдай көтерген жерде пролетариаттың тап күресіне енгізеді. Сөйтіп, социалистік сана дегеніміз пролетариаттың тап күресінен стихиялы (urwüchsig) түрде туған нәрсе емес, оған сырттан енгізілетін нәрсе (von außen Hineingetragenes). Осыған сәйкес бұрынғы Гайнфельд программасы-

* «Neue Zeit»[49], 1901—1902, XX, I, № 3, 79-бет. Комиссияның К. Каутский айтып отырған жобасын біраз өзгертіп Вена съезі (өткен жылдың аяқ шенінде) қабылдаған[50].

ның социал-демократияның міндеті пролетариатқа өз жағдайы мен өз міндеттерін ұғынарлық *сана* енгізу (сөзбе-сөз айтқанда: пролетариатты сондай санаға кенелту) болып табылады деген пікірі де өте дұрыс. Егер бұл сана тап күресінен өзінен-өзі туатын болса, онда бұлай етудің керегі де болмас еді. Ал жаңа жоба бұл қағиданы ескі программадан алып, оны жоғарыда келтірілген қағидаға апарып тіркей салған. Бірақ мұның өзі ой желісін мүлдем үзіп тастаған...»

Жұмысшылар бұқарасы өз қозғалысының барысында, өз алдына дербес идеология жасап алады деп әңгіме қылуға да болмайтын болса*, онда мәселе *тек былай ғана* қойылмақ: не буржуазиялық идеология, не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ (өйткені адам баласы ешбір «үшінші» идеология жасап шығарған емес және, тегінде, тап қайшылықтары жегідей жеп жатқан қоғамда еш уақытта таптан тыс немесе таптан жоғары тұрған идеология болуы мүмкін де емес). Сондықтан социалистік идеологияның маңызын кемітушілік *атаулының бәрі,* одан *шеттеушілік атаулының бәрі* буржуазиялық идеологияны күшейткендік болып табылады. Стихиялылық туралы сөз қылушылар бар. Ал жұмысшы қозғалысының стихиялық дамуы сол қозғалыстың буржуазиялық идеологияға тура бағынуына қарай жүреді, тура «Credo» *программасы бойынша жүреді,* өйткені стихиялық жұмысшы қозғалысы дегеніміз тред-юнионизм болады, Nur-Gewerkschaftlerei болады, ал тред-юнионизм дегеніміз жұмысшыларды буржуазияның дәл идеялық жағынан кіріптар етуі болады. Сондықтан біздің міндетіміз, социал-демократияның міндеті — *стихиялылыққа қарсы күресу,* жұмысшы қоз-

* Бұл, әрине, жұмысшылар осы идеологияны жасауға қатыспайды деген сөз емес. Бірақ олар бұған жұмысшылар ретінде емес, социализмнің теоретиктері ретінде, Прудондар мен Вейтлингтер ретінде қатысады, басқаша айтқанда, өз заманындағы білімді меңгеру және бұл білімді алға бастыру азды-көпті дәрежеде қолдарынан келсе, олар сонда ғана, соншалық дәрежеде ғана қатысады. Ал *бұған* жұмысшылардың *қолдары көбірек жетуі үшін* жалпы алғанда жұмысшылардың санасын көтеруге мүмкін болғанынша көбірек қамқорлық жасау қажет, бұл үшін жұмысшылар *«жұмысшыларға арналған әдебиеттің»* жасанды қысаң шеңберінде тұйықталып қалмай, *жалпы әдебиетті* негұрлым көбірек оқып-үйренулері қажет. «Тұйықталды» деген сөздің орнына тұйықтандырылып келді деу тіпті дұрысырақ болар еді, өйткені жұмысшылардың өздері интеллигенттер үшін жазылған әдебиетті де оқиды және бәрін де оқығысы келеді, бірақ тек кейбір (жаман) интеллигенттер ғана «жұмысшылар үшін» фабрика тәртіптерін әңгімелеп беру және әлдеқашан мәлім болған нәрселерді мылжыңдай беру жеткілікті деп есептейді.

ғалысын тред-юнионизмнің осы стихиялы түрде буржуазияның қанаты астына тартуға ұмтылу ниетінен *айырып алып,* оны революцияшыл социал-демократияның қанаты астына тарту. Сондықтан «Искраның» 12-номеріндегі «экономистік» хат авторларының: жұмысшы қозғалысын материалдық элементтер мен материалдық ортаның өзара әрекетінің әсері арқылы белгіленген жолдан тіпті ең шабытты деген идеологтар да қаншама күш жұмсағанымен айырып ала алмайды деген сылдыр сөздері — *социализмнен бас тартқандықпен бүтіндей барабар нәрсе;* ал әдеби және қоғамдық қызмет майданына шыққан әрбір адамның өз пікірін әбден ойлап алуға тиісті болатыны сияқты, бұл авторлар да өз айтқандарын барынша жүректілікпен, дәйектілікпен жете ойлай алатын болса, онда бұларға «қол қусырып қарап отырудан» басқа дәнеңе қалмас еді, сөйтіп... жұмысшы қозғалысын «ауырдың үсті, жеңілдің астымен», яғни буржуазиялық тред-юнионизм жолына сүйрейтін Струве мен Прокопович мырзаларға немесе жұмысшы қозғалысын поптық-жандармдық «идеология» жолына сүйрейтін Зубатов сияқты мырзаларға қызмет майданын беріп кетуден басқа дәнеңе қалмас еді.

Германияның мысалын еске түсіріңіз. Лассальдың неміс жұмысшы қозғалысына сіңірген тарихи еңбегі неде? Оның тарихи еңбегі мынада: оның өзі бұл қозғалысты прогрессистік тред-юнионизм және кооперативизм жолынан — осы қозғалыстың стихиялы түрде *(Шульце-Деличтердің және солар сияқтылардың мақұлдап қатысуы арқасында)* түспек болған жолынан — *айырып алды.* Бұл міндетті орындау үшін стихиялық элементті кеміту туралы, тактика-процесс туралы, элементтер мен ортаның өзара әрекеті туралы, т. с. туралы бос сөздерге мүлде ұқсамайтын басқа бір нәрсе істеу керек болды. Бұл міндетті орындау үшін *стихиялылықпен аянбай күресу* керек болды, тек осындай талай жылдар бойы жүргізген ұзақ күрестің нәтижесінде ғана Берлиннің жұмысшы халқы прогрессистер партиясының тірегі болудан қалып, социал-демократияның ең мықты қамалдарының біріне айналды. Ал бұл күрес күні бүгінге дейін де әсте біткен жоқ (бұл күрес неміс қозғалысының

тарихын Прокоповичтің түсіндіруінше, оның философиясын Струвенің түсіндіруінше зерттеп жүрген адамдарға ғана біткен сияқты болып көрінуі мүмкін[51]). Қазірде де неміс жұмысшы табы, егер осылай деп айтуға болатын болса, бірнеше идеологияға бөлшектеніп отыр: жұмысшылардың бір бөлегі католиктік және монархистік жұмысшы одақтарына, екінші бөлегі — ағылшын тред-юнионизміне табынушы буржуазия құрған гирш-дункер[52] одақтарына, үшінші бөлегі — социал-демократиялық одақтарға біріккен. Бұлардың соңғы бөлегі басқаларынан өлшеусіз көп, ал социал-демократиялық идеология осы алдыңғы орынға басқа идеологиялардың бәріне қарсы тынбастан күрес жүргізудің арқасында ғана ие болды және сол күрестің арқасында ғана осы алдыңғы орынды сақтап қала алады.

Ал стихиялық қозғалыстың, ауырдың үсті, жеңілдің астымен кеткен қозғалыстың нақ буржуазиялық идеологияның үстемдігіне апаратын себебі не? — деп сұрар оқушы. Оның себебі мынау ғана, буржуазиялық идеология социалистік идеологиядан әлдеқайда бұрын шыққан, ол қай жағынан болса да неғұрлым толық талдап жасалған және оны тарату құралдары *өлшеусіз көп**. Сондықтан қайсыбір елде социалистік қозғалыс неғұрлым жас болса, социалистік емес идеологияны нығайтуға тырысқан әрекет атаулыға қарсы күрес соғұрлым жігерлі болуға тиіс, «сапалы элементті асыра дәріптеушілікке» қарсы, тағы сондайларға қарсы даурығысып жүрген жаман ақылшылардан жұмысшыларды соғұрлым қатты сақтандыру керек. «Экономистік» хаттың авторлары, «Рабочее Делоға» үн қоса, қозғалыстың сәбилік дәуіріне тән төзімсіздікті айтып түйрейді. Біз оған былай деп жауап береміз: иә, біздің қозғалысымыз

---

* Екінің бірінде: жұмысшы табы *стихиялы түрде* социализмге ынтығады деседі. Бұл мына мағынада өте әділ айтылған: социалистік теория жұмысшы табының қасіретке ұшырау себептерін мейлінше терең, мейлінше дұрыс анықтап береді, сондықтан да *егер* тек бұл теория өзін стихиялылыққа билетпейтін болса, *егер* стихиялылықты тек өзіне бағындырып алса, жұмысшылар бұл теорияны өте оңай ұғынады. Мұның өзі әдетте өзінен-өзі түсінікті нәрсе, бірақ *«Рабочее Дело»* тап осы өзінен-өзі түсінікті нәрсені ұмытып, оның өңін айналдырып отыр. Жұмысшы табы стихиялы түрде социализмге ынтығады, бірақ өте-мөте тараған (және алуан-алуан формада үнемі қайта жанданып отыратын) буржуазиялық идеология сонда да стихиялы түрде жұмысшыға өте-мөте көп тықпалана береді.

шынында да сәбилік қалпында, ал оның тезірек есеюі үшін өзінің стихиялылыққа табынуы арқылы қозғалыстың өсуіне бөгет болып отырған адамдар жөнінде оның өзі нақ төзімсіз болуы керек. Күрестің барлық қиынқыстау кезеңдерін әлдеқашан басынан кешірген адамдар сияқтанып, өздерін қарттарға балап білгішсінуден сорақы, одан зиянды еш нәрсе жоқ!

Үшіншіден, «Рабочая Мысльдің» бірінші номері бізге «экономизм» деген ат бұл жаңа бағыттың мәнін жеткілікті түрде дәл бере алмайтынын көрсетіп отыр (әрине, бұл атты біз тастайық деп отырғанымыз жоқ, өйткені бұл атақ қалай да орнығып қалды). «Рабочая Мысль» саяси күрестен бүтіндей безбейді: «Рабочая Мысльдің» жоғарыда айтылған 1-номерінде басылып шыққан касса уставында үкіметпен күресу туралы айтылған. «Рабочая Мысль» «саясат әрдайым экономикаға көнбістікпен ілесіп отырады» деп қана ойлайды (ал «Рабочее Дело» өзінің программасында «басқа елдердің бәрінен де гөрі Россияда экономикалық күрес саяси күреспен *аса тығыз* байланысты» дегенді айтып, ол тезисті құбылта түседі). *Егерде саясат деп отырғаны социал-демократиялық саясат болса,* онда «Рабочая Мысль» мен «Рабочее Делоның» бұл сөздері мүлде теріс. Жұмысшылардың экономикалық күресі көп ретте буржуазиялық, клерикалдық, т. б. саясатпен (аса тығыз болмаса да) байланысты болатынын өзіміз жоғарыда көрдік. Егерде саясат деп отырғаны тред-юниондық саясат болса, яғни барлық жұмысшылардың мемлекеттен өздерінің тұрмыс жағдайына тән қасіреттерге қарсы белгілі бір шараларды, бірақ бұл қасіретті, яғни еңбектің капиталға бағынуын жоймайтын шараларды қолдануды талап еткен жалпы талабы болса, онда «Рабочее Делоның» бұл сөздері дұрыс. Шынында да бұл талап социализмге дұшпандық көзбен қарайтын ағылшын тред-юнионистеріне де, католик жұмысшыларға да, «зубатовшыл» жұмысшыларға да, т. б. бірдей ортақ нәрсе. Саясаттың да саясаты бар. Сонымен, біз «Рабочая Мысльдің» саяси күрес жөнінде де оны мойындамаудан гөрі оның *стихиялылығына,* оның сапасыздығына көбірек табынатынын көріп отырмыз. «Рабочая Мысль»

жұмысшы қозғалысының өзінен стихиялы түрде өсіп шығатын саяси күресті (дұрысырақ айтқанда: жұмысшылардың саяси тілектері мен талаптарын) әбден мойындаса да, социализмнің жалпы міндеттеріне және қазіргі орыс өмірінің жағдайларына сай келетін ерекше *социал-демократиялық саясатты дербес талдап жасаудан* мүлде бас тартып отыр. «Рабочее Делоның» да қатесі осы сияқты екенін біз төменде көрсетеміз.

в) «ӨЗІН ӨЗІ АЗАТ ЕТУ ТОБЫ» [53] МЕН «РАБОЧЕЕ ДЕЛО»

Біз «Рабочая Мысльдің» бірінші номерінің жұртқа оншама мәлім болмаған, қазір ұмытылып бара жатқан бас мақаласын барынша егжей-тегжейлі талдадық, өйткені бұл мақала кейіннен жарық дүниеге келген толып жатқан ұсақ арналарды жалпы бір арна түрінде бәрінен бұрын және бәрінен айқын көрсетіп берді. В. И.— ъ «Рабочая Мысльдің» бірінші номері мен бас мақаласын мақтай келіп, ол мақала «өткір, албырттықпен» жазылған деп мүлде дұрыс айтқан еді («Листок «Работника»» № 9—10, 49-бет). Өз пікірінің дұрыстығына сенетін, бір жаңалық айтып отырмын деп ойлайтын адамның қай-қайсысы болса да «албырттықпен» жазады, жазғанда да өзінің көзқарастарын ап-айқын баяндап жазады. Тек екі орындықтың арасында отыруға әдеттенген адамдарда ғана ешбір «албырттық» болмайды, күні кеше «Рабочая Мысльдің» албырттығын мақтап, бүгін оған қарсылардың «айтыстағы албырттығы» үшін оларға тіл тигізу тек осындай адамдардың ғана қолынан келеді.

««Рабочая Мысльге» жеке қосымшаға» тоқталмай-ақ («экономистердің» идеясын бәрінен де дәйектірек көрсететін бұл шығарманы төменде біздің түрлі реттерде дәлелге алуымызға тура келеді), «Жұмысшылардың өзін өзі азат ету тобының үндеуіне» тек қысқаша ғана тоқталып өтейік (1899 жылы мартта жарияланып, 1899 жылы июльде Лондондағы «Накануненің»[54] 7-номерінде көшіріп басылған). Бұл үндеудің авторлары: «жұмысшылар Россиясы *енді ғана оянып келеді,* енді-енді ғана төңірекке көз жіберіп, күрестің *алғаш тап болатын* құ-

ралдарына *инстинктілі түрде жармасумен келеді»*,— деп өте дұрыс айтады, бірақ олар да бұдан «Рабочая Мысль» сияқты теріс қорытынды жасап, инстинктілік дегеннің санасыздық (стихиялылық) екенін, социалистердің бұл санасыздықты түзетуге көмектесуі тиіс екенін ұмытып отыр, қазіргі қоғамда күрестің «алғаш тап болатын» құралдарының әрдайым тред-юниондық күрес құралдары болатынын, ал «алғаш тап болатын» идеологияның — буржуазиялық (тред-юниондық) идеология болатынын ұмытып отыр. Сондай-ақ бұл авторлар саясатты да «теріске» шығармайды, бірақ В. В. мырзаның ізінше, тек қана (тек қана!) былай дейді: саясат дегеніміз қондырма, сондықтан да «саяси үгіт экономикалық күрестің қамы үшін жүргізілетін үгітке қондырылатын қондырма болуға тиіс, осы экономикалық күрестің негізінде туып, соның соңынан ілесіп отыруға тиіс».

Ал «Рабочее Делоны» алсақ, ол өзінің ісін бірден «экономистерді» «қорғаудан» бастады. Өзінің белгілі кітапшасында* «экономистерді» сақтандырған «Аксельродтың қандай жас жолдастар туралы сөз қылғанын білмейміз» деп «Рабочее Дело» өзінің бірінші номерінде-ақ (№ 1, 141—142-беттер) *көрінеу өтірік* айтып, соңынан осы өтірік жөнінде Аксельродпен және Плехановпен болған айтысында өзінің «шетелдегі жасырақ социал-демократтардың бәрін де әлгі әділетсіз айыптаудан» (Аксельродтың «экономистерді» ой-өрісі тар деп айыптауынан)[55] «таңырқап барып *қорғағысы* келетіндігін» мойындауға тиіс болды. Шынында, бұл айыптау өте дұрыс айыптау еді, ал бұл айыптау «Рабочее Дело» редакциясының мүшесі В. И.-нға да тиетіндігін «Рабочее Дело» сондай жақсы білген еді. Реті келгенде айта кетейін: әлгі айтыста Аксельродтың пікірі мүлде дұрыс, ал «Орыс социал-демократтарының міндеттері» ** деген менің кітапшамды талқылауда «Рабочее Делоның» пікірі мүлде теріс еді. Бұл кітапша «Рабочая Мысль» шықпастан бұрын, 1897 жылы жазылған бола-

---

* «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде». Женева, 1898. «Рабочая Газетаға» 1897 жылы жазылған екі хат.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510-беттер. *Ред.*

тын, ол кезде мен Санкт-Петербург «Күрес одағының» жоғарыда өзім сипаттап шыққан *алғашқы* бағытын үстем бағыт деп санадым және солай деп санауға қақым да бар еді. Қалай болғанмен де бұл бағыт 1898 жылдың жартысына дейін шынымен үстем бағыт болып келді. Сондықтан «экономизмнің» өмір сүріп отырғандығы мен оның қауіптілігін бекерге шығару үшін 1897—1898 жылдарда Санкт-Петербургте «экономистердің» көзқарастары *ығыстырып шығарған* көзқарастарды баяндаған кітапшаға жабыса түсуге «Рабочее Делоның» ешбір қақысы жоқ еді *.

Ал «Рабочее Дело» «экономистерді» «қорғап» қана қоймай, сонымен қатар оның өзі де «экономистердің» негізгі қателіктеріне ұшырап, үнемі шатасып келді. Бұл шатасқандық «Рабочее Дело» программасының мына төмендегі тезисін екіұшты түсінуінен туған еді: «біз орыс өміріндегі аса маңызды құбылыс — соңғы жылдарда туған *бұқаралық жұмысшы қозғалысы* деп санаймыз» (курсив «Рабочее Делонікі»); Одақтың *міндеттері* мен оның әдеби жұмысының сипатын *белгілейтін* (курсив біздікі) де ең алдымен сол болмақ, бұқаралық қозғалыстың аса маңызды құбылыс екендігінде талас болуы мүмкін емес. Бірақ бар әңгіме осы бұқаралық қозғалыстың «міндеттерді белгілеуін» қалай түсіну керек екендігінде. Мұны екі түрлі түсінуге болады: *не* бұл қозғалыстың стихиялылығына табыну мағынасында, яғни социал-демократияның ролі жұмысшы қозғалысына жай ғана қызмет ету деген мағынада түсінуге болады (бұл «Рабочая Мысльдің», «Өзін өзі азат ету

* «Рабочее Дело» қорғанбақшы болып, өзінің бірінші өтірігін («П. Б. Аксельродтың қандай жас жолдастар туралы сөз қылғанын білмейміз» деген өтірігін) екінші өтірікпен толықтырып, «Жауап» деген мақаласында былай деп жазды: ««Міндеттерге» рецензия жазылғаннан бері кейбір орыс социал-демократтары арасында экономикалық сыңаржақтылыққа бет алғандық туды немесе азды-көпті анық айқындалды, бұл бет алыс қозғалысымыздың «Міндеттерде» көрсетілген қалпымен салыстырғанда бір адым кері шегінгендік болды» (9-бет). *1900 жылы* басылып шыққан «Жауап» осылай дейді. Ал «Рабочее Делоның» (рецензия басылған) бірінші нөмері *1899 жылғы апрельде* шықты. Сонда «экономизмнің» тек қана 1899 жылы шыққаны ма? Жоқ, олай емес, *орыс* социал-демократтары тұңғыш рет 1899 жылы «экономизмге» қарсы наразылық білдірді («Credo»-ға қарсы наразылық). (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер.) Ал «экономизм» 1897 жылы шықты, мұны «Рабочее Дело» әбден жақсы біледі, өйткені *В. И.—ъ 1898 жылғы ноябрьдің* өзінде-ақ («Листок «Работника»» № 9—10) «Рабочая Мысльді» мақтаған болатын.

тобының», тағы басқа «экономистердің» түсінуі); *не* бұқаралық қозғалыс біздің алдымызға *жаңадан* теориялық, саяси және ұйымдық міндеттер қояды, бұқаралық қозғалыс тумай тұрған дәуірде қанағат етуге болатын міндеттерден анағұрлым күрделі міндеттер қояды деген мағынада түсінуге болады. «Рабочее Дело» бұл екі түсініктің дәл алғашқысына бейім болды және бейім болып отыр, өйткені ол ешбір жаңа міндеттер туралы еш нәрсе де ашып айтқан жоқ, қайта ол бұл «бұқаралық қозғалыс» өзінің туғызған міндеттерін айқын түсініп, оны шешуден бізді *құтқарады* деп ұдайы сөз қылып келді. Бұл жөнінде мынаны айтсақ та жеткілікті: «Рабочее Дело» самодержавиеңі құлатуды бұқаралық жұмысшы қозғалысының *бірінші* міндеті етіп қою мүмкін емес деп санады, сөйтіп бұл міндетті (бұқаралық қозғалысқа бола) таяудағы саяси талаптар үшін күресу міндетінің дәрежесіне дейін төмендетіп жіберді («Жауап», 25-бет).

«Рабочее Делоның» редакторы Б. Кричевскийдің 7-номердегі «Орыс қозғалысындағы экономикалық және саяси күрес» деген мақаласына, әлгі айтылған қателерді қайталап отырған мақаласына* соқпай-ақ, «Рабочее

---

* Саяси күрестегі «сатылар теориясы» немесе «жасқаншақ бұраң жол» теориясы мақалада, мысалы, былай көрсетіледі: «Өзінің сипаты жағынан бүкіл Россияға бірдей саяси талаптар, дегенмен, алғашқы кездерде» (1900 жылы августа осылай жазылған!) «жұмысшылардың белгілі тобының (sic!) экономикалық күрестен алған тәжірибесіне сай келуге тиіс. Тек (!) осы тәжірибеге сүйенген жағдайда ғана саяси үгітке кірісуге болады және кірісу керек те», т. т. (11-бет). 4-бетте автор экономикалық купірлікке ұшырады деген, өз ойынша, мүлде қисынсыз айыптаушылыққа қарсы шығып, былай деп даурыға түседі: «Маркс пен Энгельстің ілімі бойынша жекелеген таптардың экономикалық мүдделерінің тарихта шешуші роль атқаратынын, *олай болса*, атап айтқанда, пролетариаттың өзінің экономикалық мүдделері жолындағы күресінің оның таптық дамуы мен азаттық күресі үшін бірінші дәрежелі маңызы болуға тиіс екендігін қай социал-демократ білмейді?» (курсив біздікі). Осы «олай болса» деген сөз мүлде орынсыз тұр. Экономикалық мүдделер шешуші роль атқарады деген сөзден: экономикалық (= кәсіптік) күрестің бірінші дәрежелі маңызы бар деген қорытынды *тіпті де шықпайды*, өйткені таптардың ең елеулі, «шешуші» мүдделері, тегінде, түбегейлі *саяси* өзгерістер жасағанда *ғана* орындала алады; атап айтқанда, пролетариаттың негізгі экономикалық мүддесі буржуазия диктатурасының орнына пролетариат диктатурасын орнататын саяси революция жасалғанда ғана орындалады. Б. Кричевский «орыс социал-демократиясындағы В. В.-ның» пайымдауын (— саясат экономикаға ілесіп жүреді деген, т. с. сияқты) және неміс социал-демократиясындағы бернштейншілдердің пайымдауын қайталап отыр (мысалы, Вольтман дәл осындай пайымдау арқылы жұмысшылар саяси революция туралы ойлаудан бұрын әуелі «экономикалық күш» алуы керек деп дәлелдеуге тырысқан-ды).

Делоның» тура 10-номеріне көшейік. Біз, әрине, Б. Кричевский мен Мартыновтың «Заря» мен «Искраға» қарсы шыққан жекелеген пікірлерін талдап жатпаймыз. Бұл жерде бізге керегі өзінің 10-номерінде «Рабочее Делоның» ұстаған принциптік позициясы ғана. Мысалы, біз «Рабочее Делоның» төмендегі екі қағиданың арасында «кереғар қайшылық» бар деп білген сорақылығын да талдап жатпаймыз. Бірінші қағида:

«Социал-демократия күні бұрын жасап алған қандай да болсын бір жоспармен немесе саяси күрес әдісімен қолын байламайды, өз жұмысын тарылтпайды,— ол күрестің барлық құралдарын мойындайды, тек қана бұл құралдар партияның қолда бар күштеріне сай болса болғаны», т. т. («Искра» № 1)*

Екінші қағида:

«Қандай жағдайда, қандай дәуірлерде болса да саяси күресте ысылған берік ұйым болмаса, онда жүйелі түрде қолданылатын берік принциптермен айқындалған, бұлжытпай жүзеге асырылатын, тек бір өзі ғана тактика деп аталуға жарайтын іс жоспары туралы сөз болуы да мүмкін емес» («Искра» № 4)**.

Әйтеуір мақсатқа үйлесімді келсе болғаны деп күрестің барлық құралдарын, барлық жоспарлары мен тәсілдерін *принцип жағынан* қабылдауды,— егер тактика туралы сөз қылғың келсе,— *белгілі бір саяси кезеңде* бұлжытпай жүзеге асырылатын жоспарды басшылыққа алу талабымен шатастыру,— мұның өзі медицинаның емдеу жүйесінің бәрін қабылдайтындығын оның белгілі бір ауруды емдегенде белгілі бір жүйені қолдануды талап етуімен шатастырғандықпен бірдей болып шығады. Бірақ «Рабочее Делоның» өзі біз стихиялылыққа табыну деп атаған ауруға шалдығып отыр, бірақ *сол* аурудан құтқаратын «емдеу жүйелерінің» ешқандайын қабылдағысы келмейді, әңгіменің түйіні, міне, осында болып отыр. Сондықтан «Рабочее Дело»: «тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді» (№ 10, 18-бет), тактика дегеніміз *«партиямен бірге өсетін пар-*

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 406-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 6—7-беттер. *Ред.*

тиялық міндеттердің өсу процесі» (11-бет, курсив «Р. Д.-нықі») деген керемет жаңалық ашты. Бұл соңғы айтылған нақыл сөздің әйгілі нақыл болуға, «Рабочее Дело» «бағытының» бұзылмас ескерткіші болуға толық мүмкіндігі бар. «*Қалай қарай жүру керек?»* деген сұраққа басшы орган былай деп жауап береді: қозғалыс дегеніміз қозғалыстың бастапқы пункті мен келесі пунктінің арасының өзгеру процесі. Алайда теңдесі жоқ бұл білгішсінгендіктің өзі жай ғана бір оғаш нәрсе емес (олай болған күнде бұған ерекше тоқталып жатудың да керегі болмас еді), сонымен қатар оның өзі *бүтін бір бағыттың программасы* болып отыр, атап айтқанда: Р. М. (««Рабочая Мысльге» жеке қосымшада») мынадай сөздермен сипаттаған программаның дәл өзі болып отыр: керектісі — мүмкін болатын күрес, ал мүмкін болатын күрес дегеніміз дәл осы сәтте жүріп жатқан күрес. Бұл — стихиялылыққа енжарлықпен бейімделе қоятын шексіз оппортунизм бағытының дәл өзі.

«Тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді!» Расында мұның өзі марксизмге жала жапқандық, марксизмді келемежге айналдырғандық, халықшылдар бізбен күрескенде бізге осыны қарсы қойған болатын. Бұл — саналы қайраткерлердің инициативасы мен қайрат-жігерін бәсеңдетудің дәл өзі, ал марксизм болса, мұның керісінше, социал-демократтың инициативасы мен қайрат-жігеріне орасан зор қозғау салады, оның келешегіне мейлінше кең жол ашады, «стихиялы» түрде күреске аттана бастаған миллион-миллион жұмысшы табының қуатты күшін (егер осылай деуге болатын болса) социал-демократтың қарамағына береді! Халықаралық социал-демократияның бүкіл тарихында саяси көсемдердің біресе біреуі, біресе екіншісі ұсынған жоспарлар толып жатыр; ол жоспарлар бір көсемдердің көрегендігін, саяси, ұйымдық көзқарастарының дұрыстығын дәлелдеді, екіншілерінің өресіздігі мен саяси қателерін көрсетті. Германия тарихи ұлы өзгерістердің бірін — империяның құрылуын, рейхстагтың ашылуын, жалпыға бірдей сайлау правосының сыйға тартылуын — басынан кешірген кезде социал-демократиялық саясат пен жалпы істейтін жұмыстың Либкнехт-

те бір жоспары, Швейцерде екінші жоспары болды. Ал герман социалистеріне қарсы ерекше заң төнген кезде,— Мост пен Гассельманда бір жоспар болды, бұлар тура күштеуге және террорға шақыруға дайын тұрды; Хёхберг пен Шраммда және (ішінара) Бернштейнде екінші жоспар болды, бұлар социал-демократтарға: сендер өздеріңнің жөнсіз қатаңдықтарың және революцияшылдықтарың арқылы заңның шығуына себеп болдыңдар, енді мінез-құлықтарыңды түзеп, кешірім алуларың керек деп уағыздай бастады; құпия органды[56] дайындап, соны шығарып отырғандарда үшінші жоспар болды. Жол таңдап алу туралы мәселе жөнінде болған күрес аяқталғаннан кейін және таңдап алынған жолдың жарамдылығы туралы тарих өзінің ақтық төрелігін айтқаннан кейін көп жыл өткен соң, артқа қарап,— партиямен бірге өсетін партиялық міндеттердің өсуі туралы нақыл сөзге салынып білгішсіну, әрине, қиын емес. Бірақ орыс «сыншылары» мен «экономистері» социал-демократияны тред-юнионизм дәрежесіне дейін төмендетіп отырған кезде, ал террористер ескі қателерді қайталайтын «тактика-жоспарды» қабылдауды барынша уағыздап отырған кезде,— міне, осындай аласапыран* кезінде осындай білгішсінумен ғана тыну өзіңнің «бейшаралығыңды мойындау» болып шығады. Көптеген орыс социал-демократтары дәл инициатива мен қайрат-жігердің кемдігінен, «саяси насихаттың, үгіттің және ұйымның өрісінің»** тарлығынан, революциялық жұмысты неғұрлым кең түрде жолға қоятын «жоспарлардың» кемдігінен қиыншылық көріп отырған кезде,— міне, осындай кезде: «тактика-жоспар марксизмнің негізгі рухына қайшы келеді» деу марксизмге теория жүзінде қара күйе жағу ғана емес, сонымен қатар *партияны* іс жүзінде де *кейін сүйрегендік* болып табылады.

«Революционер-социал-демократтың міндеті,— деп тағы да ақыл айтады бізге «Рабочее Дело»,— объективтік дамуды бекер-

* Ein Jahr der Verwirrung (аласапыран жылы) — Меринг өзінің «Герман социал-демократиясының тарихы» деген кітабында жаңа жағдайларға сай келетін «тактика-жоспарды» таңдап аларда алдымен социалистердің жасаған солқылдақтығы мен табансыздығын баяндап отырған параграфына осылай деп ат қойған.

** «Искраның» 1-номерінің бас мақаласынан алынған. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 404—405-беттер. *Ред.*)

ге шығару немесе оны субъективтік жоспарлармен алмастыру емес, қайта өзінің саналы ісімен сол объективтік дамуды тек тездетіп отыру. «Искра» теория жүзінде мұның бәрін жақсы біледі. Бірақ революциялық саналы жұмысқа марксизмнің әділетті түрде орасан зор маңыз беретіндігі «Искраның» тактикаға доктринерлік тұрғыдан қарауы салдарынан, оны практика жүзінде *объективтік немесе стихиялық даму элементінің маңызын кемітуге* еліктіріп отыр» (18-бет).

Мұның өзі тағы да — В. В. мырза мен оның серіктеріне лайық асқан теориялық шатпақ. Біз өзіміздің философымыздан: субъективтік жоспарларды жасаушының объективтік дамудың маңызын «кемітіп отырғандығын» неден көруге болады?— деп сұрар едік. Сірә, оны мынадан көруге болар: бұл объективтік даму пәлендей таптарды, жіктерді, топтарды, пәлендей ұлттарды, ұлт топтарын, т. с. туғызатынын немесе нығайтатынын, оларды құртып жіберетінін немесе әлсірететінін, сөйтіп күштердің халықаралық көлемде пәлендей саяси жіктерге бөлінуіне, революциялық партиялардың позициясын белгілеуге, т. с. себепші болатынын субъективтік жоспарларды жасаушы есінен шығарып жібереді. Ал олай болғанда мұндай жоспарды жасаушының кінәсы стихиялық элементті кеміткендігінде емес, қайта, *саналы* элементті кеміткендігінде, өйткені объективтік дамуды дұрыс түсінуге оның «саналылығы» жетпейді. Сондықтан стихиялылық пен саналылықтың «*шамалас* (курсив «Рабочее Делонікі») маңызын бағалау» жайында әңгіме етудің өзі де «саналылықтың» мүлде жоқтығын көрсетеді. Егер «дамудың» белгілі бір «стихиялық элементтерін» білуге тегінде адамның санасы жететін болса, онда ол элементтерді дұрыс бағаламаушылық «саналы элементті кеміткендікпен» бірдей болмақ. Ал егер ол элементтерді білуге санамыз жетпейтін болса, онда біз оларды біле де алмаймыз, олар жөнінде әңгіме де ете алмаймыз. Олай болса Б. Кричевский нені сөз қылып отыр? Егерде ол «Искраның» «субъективтік жоспарларын» қате деп табатын болса (ал бұл жоспарларды ол тура қате деп жариялап отыр), онда ол бұл жоспарлардың дәл қандай объективтік фактілерді елемей отырғандығын көрсетуге тиіс еді, сөйтіп осы фактілерді елемегендігі үшін «Искраны» *саналылығы жетім-*

сіз деп,— Кричевскийдің өз сөзімен айтқанда,— «саналы элементті кемітеді» деп кінәлауға тиіс еді. Ал егер субъективтік жоспарларға наразы болған Кричевскийдің «стихиялық элементті кемітеді» (!!) дегеннен басқа дәлелдері болмаса, онда ол осы арқылы мынаны ғана дәлелдейді: өзі (1) теория жүзінде марксизмді Кареевтер мен Михайловскийлер à la түсінетін болып шығады, ал Бельтов бұларды әбден мазақтаған болатын, (2) практика жүзінде біздің жария марксистерді бернштейншілдікке, ал социал-демократтарымызды «экономизмге» еліктіріп отырған «стихиялық даму элементтеріне» әбден риза, сондықтан да ол орыс социал-демократиясын қалай да «стихиялық» даму жолынан *айырып алуға* бел байлаған адамдарға «өте ашулы».

Ал бұдан әрі тіпті қызық нәрселер кездеседі. «Жаратылыс тану ғылымдарының ешбір табыстарына қарамастан, жұрттың баяғы ата-баба жолымен көбейе беретіні сияқты, қоғамдық ғылымдардың ешбір табыстарына және саналы күрескерлердің өсуіне қарамастан, жаңа қоғамдық тәртіптің дүниеге келуі де бұдан былай да *көбінесе* стихиялық дүмпулердің нәтижесі болып қала бермек» (19). Баяғы ата-бабадан қалған мәтелдің: балалы болуға кімнің ақылы жетпейді дейсің? — дегені сияқты, «жаңа социалистердің» (Нарцис Тупорылов[57] à la) мәтелі: жаңа қоғамдық тәртіптің стихиялы түрде дүниеге келуіне қатысуға кімнің де болса ақылы жетеді дейді. Біз де оған кімнің де болса ақылы жетеді деп ойлаймыз. Бұған осылай қатысу үшін «экономизм» үстем болып тұрған кезде «экономизмге», терроризм шыққан кезде терроризмге *беріле қойсаң* болғаны. Мәселен, осы жылы көктемде, террорға әуестенушіліктен сақтандыру өте-мөте маңыз алған кезде, «Рабочее Дело» өзі үшін «жаңа» саналған мәселеге кездесіп, таң болған еді. Ал енді, жарты жыл өткеннен кейін, ол мәселе зәру мәселе болудан қалған кезде, «Рабочее Дело» бізге: «біздің ойымызша, социал-демократияның міндеті террорлық пиғылдардың күшеюіне қарсыласу емес және олай болуға тиісті де емес» («Рабочее Дело» № 10, 23-бет) деген мәлімдемені де, «Съезд үздіксіз шабуылды террор жасай беруге мезгіл жеткен жоқ деп таниды»

(«Екі съезд», 18-бет) деген съездің қарарын да қатар ұсынып отыр. Қандай тамаша айқын, бір-біріне қандай үйлесіп тұр десеңші! Террорға қарсыласпаймыз,— бірақ мезгілі жеткен жоқ деп жариялаймыз дейді, ал жариялағанда оқта-текте болып тұратын және қорғану үшін жасалатын террорды «қарар» қамти бермейді деп жариялаймыз. Анық түк айтпау үшін сөйлеген адамның қатеден сау болатыны сияқты, бұл қарардың да өте қауіпсіз және қателіктен әбден сау қалатын қарар екенін мойындау керек! Ал мұндай қарарды жазу үшін жалғыз-ақ нәрсе керек: қозғалыстың *соңынан ілесе беру* керек. «Рабочее Делоның» террор туралы мәселені жаңа мәселе деп жариялағанын «Искра» күлкі қылған кезде* «Рабочее Дело» ашуланып, «тактикалық мәселелердің бұдан 15 жыл бұрын эмигрант-жазушылар тобы шешіп қойған шешімін партия ұйымына таңа беру өте орынсыз талап» (24-бет) деп «Искраны» айыптады. Шынында да, мәселені теория жүзінде күні бұрын шешіп қою, сөйтіп бұл шешімнің дұрыстығы жөнінде кейін ұйымды да, партияны да, бұқараны да иландыру — орынсыз талап ұсынғандық, саналы элементті асыра дәріптегендік емес пе! ** Әншейін артынан салпақтап ере беру және ешкімге еш нәрсе «таңбастан», «экономизм» жағына да, терроризм жағына да бейімделген әрбір «бет бұрысқа» бағынып отыру қандай оңай. «Рабочее Дело» тіпті күнделікті өмір даналығының осы ұлы өсиетін қорытып, «Искра» мен «Заряны» «өздерінің программасын бейнесіз былық дүние үстінде ұшып жүрген рух тәрізді етіп қозғалысқа қарсы қояды» (29-бет) деп айыптайды. Ал социал-демократияның ролі стихиялық қозғалыстың үстінде ұшып жүрген «рух» болып қана қоймай, сонымен бірге осы стихиялық қозғалысты *«өз программасының» дәрежесіне дейін көтеретін* «рух» болмағанда не болмақ? Оның ролі қозғалыстың *соңынан ілесе* беру емес қой: ең тәуір дегенде мұның өзі қозғалыс үшін пайдасыз нәрсе, ал нашар дегенде — мұның өзі өте-мөте зиянды нәрсе болады. Ал «Рабочее Дело»

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 7—8-беттер. *Ред.*

** «Еңбекті азат ету» тобы террор туралы мәселені «теория жүзінде» шешкенде, оның өткен уақыттағы революцияшылдық қозғалыстың тәжірибесін *қорытқанын* да естен шығармау керек.

бұл «тактика-процеске» еріп қана қоймайды, сонымен қатар оны принципке айналдырады, сондықтан оның ұстаған бағытын оппортунизм деп атағаннан гөрі (хвост-құйыршық деген сөзден алып) *артта жүрушілік* деп атаған дұрысырақ болар еді. Құйыршық есебінде ұдайы қозғалыстың соңынан ілесіп отыруға бел байлаған адам «стихиялық даму элементін кемітуден» қашан да мүлде аман болатынын мойындамауға болмайды.

* *
*

Сонымен, орыс социал-демократиясындағы «жаңа бағыттың» негізгі қатесі стихиялылыққа табынуда екеніне, бұқараның стихиялылығы бізден, социал-демократтардан, саналылықтың мол болуын керек қылатындығын түсінбеуде екеніне біздің көзіміз жетті. Бұқараның стихиялық өрлеуі неғұрлым артқан сайын, қозғалыс неғұрлым кең өріс алған сайын социал-демократияның теориялық жұмысында да, саяси жұмысында да, ұйымдық жұмысында да саналылықтың мол болуын керек етушілік соғұрлым өлшеусіз тез арта түседі.

Россияда бұқараның стихиялық өрлеуінің жедел жүргендігі (және жүріп жатқандығы) сонша, социал-демократиялық жастар осы орасан зор міндеттерді атқаруға дайын болмай шықты. Бұл дайындықтың жоқтығы — біздің бәрімізге ортақ кемшілік, *барлық* орыс социал-демократтарының кемшілігі. Бұқараның өрлеуі бірден-бірге үздіксіз ілгерілеп, сабақтасып ұлғая берді, ол өрлеудің басталған жерінде тоқтап қалмағандығы былай тұрсын, сонымен қатар оның өзі бірден-бірге жаңа жерлерді, халықтың жаңа топтарын қамти берді (жұмысшы қозғалысының ықпалымен оқушы жастардың да, жалпы интеллигенцияның да, тіпті шаруалардың да қобалжуы күшейе түсті). Ал революционерлер өздерінің «теорияларында» да, өздерінің істерінде де бұл өрлеуден *кейін қалды*, олар бүкіл қозғалысқа *басшылық* ете алатын, үздіксіз жұмыс істейтін, сабақтас ұйым құра алмады.

Бірінші тарауда біз «Рабочее Делоның» біздің теория жүзіндегі міндеттерімізді кемсіткендігін және сән

болып алған «сын еркіндігі» деген ұранды оның «стихиялық» түрде қайталай беретіндігін атап көрсеттік: бұл қайталай берушілердің Германия мен Россиядағы «сыншыл»-оппортунистер мен революционерлер позицияларының бір-біріне мейлінше қарама-қарсы екендігін түсінуге «саналылығы» жетпеді.

Келесі тарауларда біз стихиялылыққа осылайша табынушылықтың өзі социал-демократияның саяси міндеттері мен ұйымдық жұмысында қалай көрінгенін қарастырамыз.

III

ТРЕД-ЮНИОНДЫҚ ЖӘНЕ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ САЯСАТ

Тағы да «Рабочее Делоны» мақтаудан бастайық. Мартынов өзінің «Искрамен» екі арадағы алауыздықтар туралы «Рабочее Делоның» 10-номерінде басылған мақаласын «Әшкерелеуші әдебиет және пролетарлық күрес» деп атады. «Біз оның (жұмысшы партиясының) даму жолында тұрған тәртіптерді әшкерелеумен ғана шектеле алмаймыз. Біз сондай-ақ пролетариаттың таяудағы және қазіргі мүдделері жөнінде де пікір айтуға тиіспіз» (63-бет) — бұл алауыздықтардың мәнісін Мартынов осылай сипаттаған болатын. «... «Искра»... іс жүзінде біздің тәртіптерімізді, көбінесе саяси тәртіптерімізді әшкерелейтін революциялық оппозицияның органы... Ал біз болсақ, пролетариат күресімен сайма-сай тығыз байланысып, жұмысшы ісі үшін қызмет етіп отырмыз және бұдан да былай қызмет етпекпіз» (бұл да сонда). Бұл тұжырымы үшін Мартыновқа рақмет айтпасқа болмайды. Бұл тұжырымның бәрімізге ортақ тамаша мәні бар, өйткені ол тұжырым, асылында, тек «Рабочее Дело» мен біздің арамыздағы алауыздықтарды ғана қамтып қоймайды, сонымен қатар саяси күрес туралы мәселе жөніндегі «экономистер» мен біздің арамыздағы жалпы алауыздықтарды да түгел қамтиды. Біз «экономистердің» «саясаттан» бүтіндей безбейтіндігін, бірақ саясатты социал-демократиялық жолмен түсінуден тред-юниондық жолмен түсіну жағына қарай үнемі ау-

ып кетіп отыратындығын жоғарыда көрсетіп өттік. Мартынов та дәл осылай түсіну жағына ауып кетіп отыр, сондықтан біз Мартыновты осы мәселе жөніндегі «экономистік» адасушылықтың *үлгісі* етіп алуға ризамыз. Мұндай таңдау үшін ««Рабочая Мысльге» жеке қосымша» авторларының да, «Өзін өзі азат ету тобы» прокламациясы авторларының да, «Искраның» 12-номерінде жарияланған «экономистік» хат авторларының да бізбен таласуға правосы жоқ екенін көрсетуге тырысамыз.

а) САЯСИ ҮГІТ ЖӘНЕ ОНЫ ЭКОНОМИСТЕРДІҢ ТАРЫЛТУЫ

Орыс жұмысшыларының экономикалық* күресінің кең етек алуы мен нығаюының экономикалық (фабрикалық және кәсіптік) әшкерелеуші «әдебиеттің» жасалуымен тығыз байланысты болғаны жұрттың бәріне де мәлім. «Листоктардың» негізгі мазмұны фабрика тәртіптерін әшкерелеу болды, сондықтан жұмысшылардың арасында әшкерелеуге нағыз құштарлық тез пайда болды. Социал-демократтардың үйірмелері жұмысшылардың қайыршылық тұрмысы жөнінде, сұмдық ауыр еңбегі мен олардың правосыз күйі жөнінде бар шындықты айтып беретін жаңа листоктар шығарғысы келетіндігіне және шығарып тұра алатындығына жұмысшылардың көздері жетісімен-ақ, олар фабрикалар мен заводтардан хат-хабарларды жаудыра бастады деуге болады. Бұл «әшкерелеуші әдебиет» әлгі листок өз тәртіптерін масқаралаған фабрикаларда ғана жұрт арасында зор әсер туғызып қоймай, сонымен қатар әшкереленген фактілер туралы шамалы бір нәрсе есіткен фабрикалардың бәрінде де аса зор әсер туғызатын болды. Ал түрлі кәсіпорындар мен түрлі кәсіптерде істейтін жұмысшылардың мұң-мұқтаждары мен қасіреттерінің көп ұқсастығы болғандықтан, «жұмысшылардың тұрмысы жөнінде айтылған шындық» *жұрттың бәрін де* сүйсіндірді.

* Түсініспеушілік болмас үшін мынаны айта кетейік: біз бұдан былайғы баяндауымызда экономикалық күрес деп (бұл сөзді қолданудың біздегі алынып жүрген мағынасы бойынша) барлық жерде де «практикалық-экономикалық күресті» айтамыз; жоғарыда келтірілген цитатта Энгельс бұл күресті «капиталистерге қарсылық ету» деп атаған, еркті елдерде бұл күрес кәсіптік, синдикалистік немесе тред-юниондық күрес деп аталады.

Ең артта қалған жұмысшылардың арасында да «баспасөзде көрінуге» зор құштарлық арта түсті — талау мен езу негізінде құрылған қазіргі бүкіл қоғамдық тәртіпке қарсы жүргізілетін соғыстың осындай бастапқы формасына шын ниетпен құштарлық күшейе түсті. «Листоктардың» өзі де тіптен көп ретте нағыз соғыс жариялағандық болып шықты, өйткені әлгі фактілерді әшкерелеу жұртты қатты қыздырарлықтай әсер етті, жұмысшылар нағыз масқара жағдайларды жоюды жаппай талап етті, бұл талаптарын стачкалар жасау арқылы қолдауға әзір екендігін білдірді. Фабриканттардың өздері де, ақыр аяғында, бұл листоктардың маңызын соғыс жариялағандықпен бірдей деп мойындауға мәжбүр болғаны сонша, олар екіпің біріпде сол соғыстың нағыз өзіне ұшырап қалмауға тырысты. Бұл әшкерелеушілік өзінің жарыққа шығуымен-ақ әрдайым зор күшке айналды, жұрттың мінез-құлқына зор әсер ететіндей маңыз алды. Қойылған талаптардың бәрін немесе бір бөлегін қанағаттандыру үшін листоктың шығуының өзі-ақ жеткілікті болған талай жағдайлар кездесті. Бір сөзбен айтқанда, экономикалық (фабрикалық) әшкерелеу экономикалық күрестің маңызды тұтқасы болып келді және қазір де солай болып отыр. Ал жұмысшылардың өзін өзі қорғауын туғызбай қоймайтын капитализм өмір сүріп тұрғанда экономикалық әшкерелеудің бұл маңызы сақтала бермек. Алыс түкпірде жатқан қайсыбір «кәсіпшіліктегі» немесе үйде істелетін жұмыстың жұрттың бәрі ұмытып кеткен қайсыбір саласындағы сорақылықты әшкерелеу — таптық сананың оянуының бастамасы болатындығын, кәсіптік күрестің басталуына, социализмнің таралуына себепкер болатындығын ең алдыңғы қатарлы европалық елдерде қазірдің өзінде де байқауға болады*.

---

* Бұл тарауда біз тек *саяси* күрес туралы ғана, оны неғұрлым кең мағынада немесе неғұрлым тар мағынада түсіну туралы ғана әңгіме қыламыз. Сондықтан «Рабочее Делоның» «Искраны» экономикалық күрес жөнінде «орынсыз тартыншақтық істеп отыр» деп айыптауын оғаш айтылған сөз деп санап, соны тек жол-жөнекей сөз қыла кетеміз («Екі съезд», 27-бет, Мартынов өзінің «Социал-демократия және жұмысшы табы» деген кітапшасында бұл айыптауды әбден мыжи берген). Егерде айыптаушы мырзалар экономикалық күрес жөнінде «Исканың» бір жылдың ішіндегі жазған бөлімін пұттап немесе баспа табақтап өлшесе (олар өлшеуді тәуір көреді) және оны «Рабочее

Соңғы кездегі орыс социал-демократтарының басым көпшілігі түгелінен дерлік осы фабрикалық әшкерелеу жұмысын ұйымдастырумен шұғылданып кетті. Бұл шұғылданушылықтың қандай дәрежеге жеткенін көру үшін, онан соң бұл шұғылданушылықтың өзі *дербес күйінде,* асылында, әлі де болса социал-демократиялық іс емес, тек қана тред-юниондық іс екені ұмытылып жүргенін көру үшін «Рабочая Мысльді» еске түсірсек болғаны. Бұл әшкерелеушіліктер, асылында, *белгілі бір кәсіпте* істейтін жұмысшылардың өздерінің қожайындарымен екі арадағы қатынасын ғана қамтып, жұмыс күшін сатушыларды бұл «товарды» тиімді етіп сатуға және сатып алушылармен таза коммерциялық келісім негізінде күресуге ғана үйретті. Бұл әшкерелеушілік (егер мұны белгілі дәрежеде революционерлер ұйымы пайдаланған болса) социал-демократиялық жұмыстың басы және оның құрамдас бір бөлегі болуы ықтимал, бірақ сонымен қатар оның (стихиялылыққа табынған күнде) «тек-кәсіптік» күреске және социал-демократиялық емес жұмысшы қозғалысына апарып соғуы да ықтимал. Социал-демократия жұмысшы табының күресіне жұмыс күшін пайдалы шартпен сату үшін ғана басшылық етпейді, сонымен қатар жарлыларды байларға жалдандыратын қоғамдық құрылысты жою үшін де басшылық етеді. Социал-демократия жұмысшы табының өкілі болғанда оның кәсіпкерлердің тек белгілі бір тобы жөніндегі көзқарасын білдіретін өкілі емес, оның қазіргі қоғамның барлық таптары және ұйымдасқан саяси күш болып отырған мемлекет жөніндегі көзқарасын білдіретін өкілі болады. Сондықтан социал-демократтардың тек қана экономикалық күреспен шектеле алмайтындығы былай тұрсын, сонымен қатар өз жұмысының дені экономикалық әшкерелеу ісін ұйымдастыру бо-

---

Дело» мен «Рабочая Мысль» екеуінің сол бөлімдерін бірге қоса ала отырып салыстырса, сонда олар өздерінің тіпті бұл жөнінде де артта қалып отырғандығын айқын көрер еді. Анығында, осы жай ақиқатты түсінудің өзі оларды өздерінің абыржуын айқын көрсететін дәлелдерге жармасуға мәжбүр етіп отыр. «Искраның»,— деп жазады олар,— «өмірдің өктем талаптарымен амалсыз (!) санасуына тура келеді (!), жұмысшы қозғалысы туралы жазылған хат-хабарларды болса да (!!) басып шығаруына тура келеді» («Екі съезд», 27-бет). Міне, бізді мүлдем құртпақшы болған дәлелдерінің сиқы осы!

луына жол бере де алмайтындығы түсінікті нәрсе. Біз жұмысшы табына саяси тәрбие беру ісін, оның саяси санасын көтеру ісін белсене қолға алуға тиістіміз. «Заря» мен «Искраның» «экономизмге» жасаған бірінші шабуылынан кейін мұны *енді* «жұрттың бәрі де мақұлдауда» (алайда кейбіреулер мұны тек сөз жүзінде ғана мақұлдауда, мұны біз қазір көреміз).

Ал саяси тәрбиенің мәні неде болуы керек? Жұмысшы табының самодержавиеге дұшпан екендігі туралы идеяны насихаттаумен шектелуге бола ма?— деген сұрақ туады. Әрине, болмайды. Жұмысшылардың саяси езілуін *түсіндіріп отыру* жеткіліксіз болады (сондай-ақ өз мүдделерінің өз қожайындарының мүдделеріне қарама-қарсы екенін жұмысшыларға *түсіндіріп отыру да* жеткіліксіз). Бұл езілудің әрбір нақты көрінісі жөнінде (экономикалық езудің нақты көріністері жөнінде жүргізген үгітіміз сияқты) үгіт жүргізу керек. Ал *бұл* езгі қоғамның сан алуан таптарының басына түсетін болғандықтан, ол езгі тіршілік пен іс-әрекеттің түрлі-түрлі саласында көрініп отыратындықтан, кәсіп ісінде де, жалпы азаматтық істе де, адамның жеке басында да, семьяда да, дін жағында да, ғылымда да, тағы басқа сондайлардың бәрінде де болатындықтан,— егер біз самодержавиені *барлық жағынан бірдей саяси әшкерелеу ісін* ұйымдастыруды *өз қолымызға* алмасақ,— жұмысшылардың саяси санасын көтеру жөніндегі *өз міндетімізді атқара алмайтындығымыз* айқын емес пе? Езгінің нақты көріністері жөнінде үгіт жүргізу үшін (экономикалық үгіт жүргізу үшін фабрикалардағы озбырлықтарды әшкерелеп отыру керек болғаны сияқты) сол көріністерді әшкерелеп отыру керек емес пе?

Мұның өзі ап-айқын болса керек қой? Бірақ саяси сананы *барлық жағынан бірдей* көтерудің қажет екенін «жұрттың бәрі» тек сөз жүзінде ғана мақұлдайтындығы дәл, міне, осы арада көрініп отыр. Мәселен, «Рабочее Делоның» барлық жағынан бірдей саяси әшкерелеу ісін ұйымдастыру (немесе соны ұйымдастыруды бастау) міндетін өз мойнына алмағандығы былай тұрсын, қайта бұл міндетті қолға алған «Искраны» *кейін тарта* бастағандығы, міне, осы арада көрініп отыр. Тыңдап көрі-

ңіздер: «Жұмысшы табының саяси күресі дегеніміз не бары» (дәл не бары емес) «экономикалық күрестің неғұрлым дамыған, етек алған, шын түрі болып табылады» («Рабочее Делоның» программасы, «Р. Д.» № 1, 3-бет). «Қазірде социал-демократтардың алдында тұрған міндет — мүмкін қадерінше экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру» (Мартынов, № 10, 42-бет). «Экономикалық күрес дегеніміз бұқараны белсенді саяси күреске тарту үшін оте-моте кең қолданылатын құрал» (Одақ съезінің қарары мен «түзетулері»: «Екі съезд», 11 және 17-беттер). Міне, бұл қағидалардың бәрі де «Рабочее Делоның» пайда болғап кезінен бастап-ақ, «редакцияның» соңғы «нұсқауларына» дейін «Рабочее Делода» орын алып отырғанын оқушы көріп отыр және бұл қағидалардың бәрі де, анығында, саяси үгіт пен саяси күрес жөніндегі бір ғана козқарасты көрсетеді. Бұл көзқарасқа саяси үгіт экономикалық үгіттің соңынан *жүруге* тиіс дейтін барлық «экономистерде» үстем болып жүрген пікір тұрғысынан көз жіберіп қараңыздаршы. Экономикалық күрес дегеніміз бұқараны саяси күреске тарту үшін жалпы алғанда * «өте-мөте кең қолданылатын құрал» деу дұрыс па? Мүлде дұрыс емес. Бұқараны осылай саяси күреске «тартудың» «кең қолданылатын» құралы әсте экономикалық күреске байланысты көріністер ғана емес, полицияның езуі мен самодержавиенің озбырлық жасауының *қандай да болсын барлық* көріністері де бұдан ешбір кем түспейтін «кең қолданылатын» құралы болып табылады. Земство бастықтарының қылығы және шаруаларға дүре соғушылық, чиновниктердің парақорлығы мен полицияның қаланың «қара халқына» істейтіндері, аштармен күресу

* Біз «жалпы алғанда» деп отырмыз, ейткені «Рабочее Делода» нақ жалпы принциптер жөнінде, бүкіл партияның жалпы міндеттері жөнінде сөз болып отыр. Дау жоқ, кейде практика жүзінде саясаттың шынымен экономиканың соңынан еруге *тиісті* болатын кезі де болады,— бірақ бүкіл Россияға арналған қарарда мұны тек «экономистер» ғана сөз қыла алады. Саяси үгіт жүргізгенде «әуел бастан» «тек экономикалық негізде ғана» жүргізуге *болатын* реттер де болады ғой,— бірақ солай бола тұрса да, «Рабочее Дело», ақырында, мұның «ешбір қажеттігі жоқ» («Екі съезд», 11-бет) деуге дейін барған. «Саясатшылар» мен революционерлердің тактикасы социал-демократияның тред-юниондық міндеттерін елемей кетпейтіндігі былай тұрсын, қайта тек сол тактика ғана бұл міндеттердің дәйекті түрде орындалуын *қамтамасыз етеді*, мұны біз келесі тарауда көрсетеміз.

және халықтың өнер мен білімге ұмтылуын қудалау, алым-салық салу және сектанттарды қудалау, солдаттарды таяқтың күшімен үйрету және студенттер мен либералдық интеллигенттерге солдатша қарау,— міне, осылардың бәрі және езудің осы сияқты «экономикалық» күреспен тікелей байланысы жоқ мыңдаған басқа да түрлері бұқараны саяси күреске тартудың жалпы алғанда *кемірек* «кең қолданылатын» құралы болуының және саяси үгіт жүргізуге кемірек себепші болуының мәнісі қалай? Қайта мұның дәл керісінше: күнделікті өмірде жұмысшылардың (өздері үшін немесе өздеріне жақын адамдары үшін) правосыздықтан, озбырлықтан, зорлықтан азап көретін реттерінің барлығын түгел алғанда, солардың ішінен азғанасы ғана нақ кәсіптік күресте кездесетін полициялық езуді көрсететіндігіне күмән жоқ. Социал-демократтарға, жалпы айтқанда, «кең қолданылуы» кем емес басқа да талай құралдар керек болып отырғанда, сол құралдардың ішінен тек *біреуін* ғана «өте-мөте кең қолданылатын» құрал деп жариялап, саяси үгіттің өрісін күні бұрын *тарылту* неге керек?

Баяғы, баяғы өткен заманда (бұдан бір жыл бұрын!..) «Рабочее Дело» былай деп жазған еді: «Үкімет полиция мен жандармерияны айдап салысымен-ақ», «таяудағы саяси талаптар бір стачкадан кейін немесе, ең болмағанда, бірнеше стачкадан кейін бұқараға түсінікті бола бастайды» (№ 7, 15-бет, 1900 жылғы *август*). Бұл оппортунистік сатылар теориясын қазіргі уақытта Одақ қабылдамай тастап отыр, ол: «саяси үгітті әуел бастан тек қана экономикалық негізде жүргізудің ешбір қажеттігі жоқ» («Екі съезд», 11-бет) деп бізге кеңшілік жасап отыр. Орыс социал-демократиясының болашақ тарихшысы біздің «экономистердің» социализмді қапшалық құлдыратып жібергенін қайсыбір ұзақ сонар ой толғауынан гөрі «Одақтың» өзінің бұрынғы адасушылықтарының бір бөлегін осылай жоққа шығарып отырғанының бір өзінен-ақ жақсы көретін болар! Бірақ Одақтың саясатты тарылтудың бір түрінен осылай бас тарту арқылы бізді саясатты тарылтудың екінші түріне көндіруге болады деп ойлауы қандай аңқаулық десең-

ші! Бұл арада да: экономикалық күресті мүмкін болғанынша неғұрлым кең түрде жүргізу керек, оны әрдайым саяси үгіт үшін пайдалану керек, бірақ бұқараны белсенді саяси күреске тарту үшін экономикалық күресті *өте-мөте* кең қолданылатын құрал деп санаудың «ешбір қажеттігі жоқ» деу қисындырақ болмас па еді?

Еврей жұмысшы одағының (Бундтың)[58] 4-съезінің бір қарарында айтылған «ең жақсы құрал» деген сөзді «өте-мөте кең қолданылатын құрал» деген сөзбен алмастырғанын Одақ маңызды нәрсе деп есептейді. Біз, шынында, бұл екі қарардың қайсысының тәуір екенін айтуға қиналыңқырар едік: біздің ойымызша, мұның *екеуі де нашар*. Бұл арада Одақ та, Бунд та саясатты экономистік, тред-юниондық бағытта түсініп, шатасып отыр (мұны, бір есептен, үйреншікті әдет бойынша, ойланбай істеулері де мүмкін). Саясатты бұлай түсіну «ең жақсы» деген сөз арқылы көрсетілсе де немесе «өте-мөте кең қолданылатын» деген сөз арқылы көрсетілсе де, бұдан, шынында, істің мәні ешбір өзгермейді. Егерде Одақ «экономикалық негізде жүргізілетін саяси үгіт» өте-мөте кең қолданылып жүрген («қолданылатын» емес) құрал дейтін болса, онда Одақтың бұлай деуі біздің социал-демократиялық қозғалыстың дамуындағы белгілі бір дәуір жөнінде дұрыс болар еді. Атап айтқанда *«экономистер»* жөнінде, 1898—1901 жылдардағы көптеген практиктер жөнінде (олардың көпшілігі демеген күнде) Одақтың бұл айтқаны дұрыс болар еді, өйткені бұл практик-«экономистер», шынында, саяси үгітті (олар мұны әрдайым қолданып келгендіктен!) түгелдей дерлік *экономикалық негізде қолданып келді*. Біз жоғарыда көрдік, *мұндай* саяси үгітті «Рабочая Мысль» де, «Өзін өзі азат ету тобы» да мойындады, тіпті қолдануға ұсынып та отырды! Экономикалық үгіттің пайдалы істерін саяси күресті тарылту сияқты зиянды іспен бірге жүргізуді «Рабочее Делоның» *үзілді-кесілді айыптауы* керек еді, бірақ ол мұның орнына өте-мөте кең қолданылып *жүрген* (*«экономистер»* қолданып жүрген) құралды өте-мөте кең *қолданылатын* құрал деп жариялайды! Бұл адамдарды біз «экономистер» деп атаған кезде, оларға біздерді «мистификаторлар» деп

те, «іріткі салғыштар» деп те, «папаның елшілері» деп те, «жалақорлар» * деп те әбден сөгіп балағаттаудан басқа, бізді қатты қорлады деп жұрттың бәріне және кім көрінгенге мұңын шағып налудан басқа, ««экономизм» жөнінде қазір социал-демократияның тіптен ешбір ұйымы кінәлы емес» ** деп бейне ант ішкендей зарлағаннан басқа еш нәрсе қалмайтындығы таңқаларлық нәрсе емес. Әй, осы жалақорлар-ай, ащы тілді саясатшылар-ай! Өздерінің адам атаулыны жек көретіндіктері себепті ғана жұртты қатты қорлау үшін бүкіл осы «экономизм» дегенді солардың өздері қасақана ойдан шығарып жүрген жоқ па екен?

Мартыновтың аузынан шыққан, социал-демократияның алдына қойылған «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек» деген міндеттің нақты, шын мағынасы қандай? Экономикалық күрес дегеніміз *жұмыс күшін* тиімді шартпен *сату* үшін, жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін жұмысшылардың қожайындарға қарсы бірлесіп жасайтын күресі. Бұл күрес қалай да кәсіптік күрес болады, өйткені түрлі кәсіптегі еңбек жағдайлары мүлде әр түрлі, олай болса, осы еңбек жағдайларын *жақсарту* жолындағы күресті кәсіпке қарай жүргізбеуге болмайды (мұны жұрт Батыста кәсіподақтары арқылы, Россияда уақытша кәсіптік бірлестіктер мен листоктар, т. с. арқылы жүргізеді). Демек, «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат» беру деген сөз — сол баяғы кәсіптік талаптарды және еңбек жағдайын сол кәсіптің түріне қарай жақсарту ісін «заң жүзіндегі және әкімшілік шаралар» (өз мақаласының келесі, 43-бетінде Мартынов осылай дейді) арқылы жүзеге асыру деген сөз болып шығады. Жұмысшылардың барлық кәсіподақтары да нақ осылай істеп отыр және әрдайым осылай істеп келді. Білгір оқымыстылар (және «білгір» оппортунистер) атанған ерлі-зайыпты Веббтердің шығармасына көз салып қараңыздар, сонда сіздер «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру» міндетін ағылшын жұмысшы одақтары-

* «Екі съезд» деген кітапшаның дәл өз сөздері, 31, 32, 28 және 30-беттерінде.

** «Екі съезд», 32-бет.

ның әлдеқашаннан-ақ түсініп алып, жүзеге де асырып жатқанын көресіздер, олардың стачкалар жасау бостандығы жолында, кооперативтік және кәсіптік қозғалысқа бөгет болатын заң жүзіндегі бөгеттердің бәрін де және қандайын болса да жою жолында, әйелдер мен балаларды қорғайтын заң шығару жолында, санитариялық және фабрикалық заңдар шығарту, т. с. арқылы еңбек жағдайларын жақсарту жолында әлдеқашаннан-ақ күресіп келе жатқанын көресіздер.

Сонымен, «сұмдық» терең мағыналы, революцияшыл болып естілетін «экономикалық күрестің *өзіне* саяси сипат беру керек» деген көпірме сөздің астарында, асылында, социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне дейін *төмендетуді* көздейтін үйреншікті ниет бүркеулі жатыр! «Искра» «өмірді революцияшылдандырудан гөрі догманы революцияшылдандыруды жоғары» * қояды деген болып, «Искраның» сыңаржақтылығын түзеткенсіп, *экономикалық реформалар үшін жүргізілетін күресті* бір жаңа нәрсе тәріздендіріп, біздің алдымызға көлденең тартады. Шынында да, «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек» деген сөзде экономикалық реформалар үшін күресуден басқа түк мағына жоқ. Егерде Мартынов өз сөзінің маңызына жақсылап ой жүгіртсе, осы бір оңай қорытындыны оның өзі де жасаған болар еді. «Біздің партия,— дейді ол «Искраға» қарсы өзінің нағыз мықты қаруын жұмсай келіп,— үкіметтің алдына экономикалық қанауға қарсы, жұмыссыздыққа қарсы, аштыққа қарсы, т. т. қарсы заң шығару, әкімшілік шараларын қолдану жөнінде нақты талаптар қоя алар еді және қоюға тиісті де еді» («Р. Д.» № 10, 42—43-беттер). Шаралар қолдану жөнінде нақты талаптар қою деген сөз әлеуметтік реформаларды талап ету деген емес пе? Ал енді әділ оқушылардан тағы да сұрап көрейікші: рабоче-делошылдар «Искрамен» екі арадағы *алауыздығымыз*

* «Рабочее Дело» № 10, 60-бет. Бұл — «шын қозғалыстың әрбір қадамы ондаған программадан маңыздырақ» деген тезистің біздегі қозғалыстың қазіргі, былыққан күйіне Мартынов қолданып жүрген нұсқасы, оның бұл қолдануын өзіміз жоғарыда сипаттап өттік. Шынында да, мұның өзі Бернштейннің «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген атышулы сөзінің біздің тіліміздегі аудармасы ғана.

деп экономикалық реформалар үшін күрестің қажеттігі туралы тезис ұсынғанда біз оларды жасырын бернштейншілдер деп атаған болсақ, сонда біз рабочеделошылдарға (көп айтылып жүрген бұл тұрпайы сөзді қолданғаным үшін жұрт ғапу етер!) жала жапқан боламыз ба?

Революцияшыл социал-демократия реформалар жолындағы күресті әрқашан да өз қызметіне енгізіп келді, енгізіп те отыр. Бірақ ол «экономикалық» үгітті пайдаланғанда үкіметтен түрлі шаралар қолдануды талап ету үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар (және бәрінен бұрын) самодержавиелік үкімет болудан қалуын талап ету үшін де пайдаланады. Оның үстіне революцияшыл социал-демократия бұл талапты үкіметтің алдына *тек* экономикалық күрес негізінде *ғана* қоймай, сонымен қатар оны жалпы қоғамдық-саяси өмірдің барлық көріністері негізінде қоюды өзінің міндеті деп санайды. Қысқасы, революцияшыл социал-демократия реформа жолындағы күресті, тұтастың бір бөлшегі ретінде, бостандық пен социализм жолындағы революциялық күреске бағындырады. Ал Мартынов саяси күрестің, былайша айтқанда, экономикалық негізде даму жолын қалай да тықпалауға тырысып, сатылар теориясын басқа формада қайта туғызып отыр. Мартынов революциялық өрлеу кезеңінде реформа жолындағы күрестің бейне бір ерекше «міндетін» жақтап, осынысы арқылы партияны кейін сүйреп отыр, сөйтіп «экономистік» оппортунизмнің де, либералдық оппортунизмнің де қолшоқпары болып отыр.

Онан соң. Мартынов реформа жолындағы күресті «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек» деген көпірме тезиспен қымсыпа бүркеп, өзгеше бір нәрсе ретінде *жалаң ғана экономикалық* (тіпті жалаң ғана фабрикалық) *реформалар* жасауды ұсынды. Оның неліктен бұлай істеп отырғанын біз білмейміз. Бәлкім, жете байқамағандықтан шығар? Бірақ егерде ол тек қана «фабрикалық» реформаларды айтып отырмаған болса, онда әлгінде ғана өзіміз келтіріп өткен оның бүкіл тезисінен ешбір мағына қалмас еді. Мартыновтың бұлай істеп отырған себебі, бәлкім, оның үкімет тарапынан

тек экономикалық * салада ғана «кеңшіліктер» жасалуы мүмкін және жасалуы ықтимал деп санайтындығынан шығар? Егер осылай деп санайтын болса, онда мұның өзі ғажап адасқандық: өйткені дүре соғу туралы, паспорттар туралы, сатып алу төлемдері туралы, сектанттық туралы, цензура туралы, т. с. с. туралы заң шығару жөнінде де кеңшіліктер болуы мүмкін және болады да. Үкімет үшін «экономикалық» кеңшіліктер (немесе жалған кеңшіліктер), әрине, бәрінен де жеңілірек, бәрінен де тиімдірек нәрсе, өйткені үкімет осы арқылы жұмысшы бұқарасының сеніміне бөленеміз деп үміттенеді. Міне, дәл сондықтан біз, социал-демократтар, экономикалық реформалар бізге бәрінен де қымбатырақ дейтін, біз дәл сол экономикалық реформаларды өте маңызды деп санаймыз дейтін, т. с. пікірлерге (немесе шатасушылыққа) ешқандай және мүлде ешбір орын *бермеуге тиіспіз*. Заң шығару, әкімшілік шаралары жөнінде жоғарыда өзінің ұсынған нақты талаптары туралы Мартынов былай дейді: «Мұндай талаптар бос сөз болып шықпас еді, өйткені бұл талаптар қолға ұстарлық елеулі нәтижелер беретіндіктен, бұларды жұмысшылар бұқарасы белсеніп қолдар еді»... Біз «экономистер» емеспіз, жо-жоқ! Біз, Бернштейн, Прокопович, Струве, Р. М. және tutti quanti ** мырзалар сияқты тек нақты нәтижелер «қолға ұстарлықтай» болса деп құлша жорғалаймыз! Біз (Нарцис Тупорыловпен бірге) тек «қолға ұстарлық нәтижелер бермейтін» нәрсенің бәрінің де «бос сөз» екенін сездіреміз! Біз тек самодержавиеге жасалған *кез келген* қарсылықты, тіпті *ешбір қолға ұстарлық нәтижелер бермейтін* қарсылықты да белсене қолдауға жұмысшы бұқарасы бейне бір қабілетсіз сияқты (және оларға өз филистерлігін, өз қабілеттілігін таңып отырғандарға қарамастан, жұмысшы бұқарасы қабілеттілігін бейне бір дәлелдемеген сияқты) деген мағынада ғана пікір айтамыз!

---

* 43-бетте: «Әрине, егер біз жұмысшыларға үкіметке белгілі бір экономикалық талаптар қойыңдар десек, біздің бұлай дейтін себебіміз — самодержавиелік үкімет *экономикалық* салада белгілі бір кеңшіліктер жасауға лажсыз көнуге өзір отыр».

** — барлық солар сияқты. *Ред.*

Жұмыссыздық пен ашаршылыққа қарсы қолданылатын «шаралар» туралы Мартыновтың өзі келтірген мысалдарды-ақ алып қараңыз. «Рабочее Дело», өзінің уәдесіне қарағанда, «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» «заң шығару, әкімшілік шаралары жөнінде нақты (заң жобасы түрінде ме?) талаптар» даярлап, жазып жатқанда, «өмірді революцияшылдандырудан гөрі догманы революцияшылдандыруды ылғи жоғары қоятын» «Искра» жұмыссыздықтың бүкіл капиталистік құрылыспен тығыз байланысты екенін түсіндіруге тырысты, «ашаршылықтың болатынын» ескертті, полицияның «аштармен күрескенін», өрескел «уақытша каторгалық ережелерді» әшкереледі, ал бұл кезде «Заря» ашаршылыққа арналып жазылған «Ішкі жағдайға шолудың» * бір бөлімін алып, үгіт кітапшасы ретінде бөлек басып шығарды. Бірақ, құдай-ау, «өмірдің өзі» бұйырып отырған нәрселерді елемейтіп меңіреу догматиктер, тайыздығына ем қонбайтын ортодокстер соның өзінде не деген «сыңаржақ» болып шықты десеңші! Олардың мақалаларының ешбіреуінде де — неткен сұмдық! — ойлап қараңызшы: «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» *бірде-бір*, тіпті бірде-бір «нақты талап» болған жоқ. Сорлы догматиктер! Тактика дегеніміз өсу, өскелең нәрсе, т. т. процесі екеніне, экономикалық күрестің *өзіне* саяси сипат беру керек екеніне иландыру үшін оларды Кричевскийлер мен Мартыновтардың тәлім үйретуіне беру керек!

«Жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресінің («үкіметке қарсы *экономикалық* күресінің»!!) өзінің тікелей революциялық маңызынан басқа оның жұмысшыларды үнемі өздерінің саяси правосыздығы жөніндегі мәселені түсінуге итермелеп отыратын маңызы бар» (Мартынов, 44-бет). Біз бұл цитатты жоғарыда жүз рет, мың рет айтылғандарды тағы да қайталау үшін келтіріп отырғанымыз жоқ. «Жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресі» деген әлгі жаңа және тамаша тұжырым бергені үшін Марты-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 325—348-беттер. *Ред.*

новқа ерекше алғыс айту үшін келтіріп отырмыз. Неткен тамаша! Осы қысқа және айқын ережеде «экономизмнің» *бар мәні:* ең әуелі «барлық жұмысшылардың жағдайын жақсартуды еске алып ортақ мүддеге бола өздері жүргізіп отырған саяси күреске» * жұмысшыларды шақыру дейсің бе, одан кейіп сатылар теориясы дейсің бе, ең ақырында «өте-мөте кең қолданарлық» құрал туралы съездің қарары дейсің бе, қысқасы, «экономистер» арасындағы бірен-саран алауыздықтар мен болмашы айырмашылықтардың бәрі қандай шеберлікпен қиюластырылып **, қандай асқан талантпен көрсетілген десеңші! «Үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» деген сөз нақ тред-юниондық саясат болады, ал бұл саясат социал-демократиялық саясаттан өте, өте алыс жатыр.

б) ПЛЕХАНОВТЫҢ ПІКІРІН МАРТЫНОВТЫҢ ҚАЛАЙ ТЕРЕҢДЕТКЕНІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Бір жолы бір жолдас «экономизмге» бейім тұратын көптеген адамдардың ұлы ақиқатқа (экономикалық күрес жұмысшыларды правосыздық туралы мәселеге итермелейді деген сияқты ақиқатқа) қалай да «өз ақылымен» жетуге адам айтқысыз бейім екенін, сонымен қатар данышпан дарынды кісімсіп, асқан менмендікке салынып, революциялық ой-пікір мен революциялық қозғалыстың осының алдындағы дамуында-ақ қол жеткен нәтижелердің бәрін де елемей кетуге бейім екенін айта келіп: «кейінгі кезде бізде социал-демократиялық Ломоносовтар тым көбейіп кетті-ау!» деген еді. Дәл сондай дарынды адам Ломоносов-Мартынов болып отыр. Сіз Мартыновтың «Кезектегі мәселелер» деген мақаласына зер салсаңыз, сонда сіз, Аксельродтың әлдеқашан айтқан пікіріне (ол туралы біздің Ломоносов, әлбетте, жұмған аузын ашпайды) Мартынов «өз ақылымен» қалай *жақындағанын* көресіз, сонда сіз, мәселен, буржуазияның белгілі бір топтарының оппозицияшылдығын біздің елемеуімізге болмайтындығын, т. с. Мартыновтың

* «Рабочая Мысль», «Жеке қосымша», 14-бет.
** — жойылып. *Ред.*

түсіне *бастағанын* көресіз («Рабочее Дело» № 9, 61, 62, 71-беттер — «Рабочее Дело» редакциясының Аксельродқа жазған «Жауабымен» салыстырыңыз, 22, 23—24-беттер). Бірақ — не пайда! — тек қана «жақындайды», тек қана «бастайды», онан әрі аспайды, өйткені оның сонда да әлі күнге дейін Аксельродтың пікірін түсінбегені соншалық, ол «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» туралы сөз қылып отыр. «Рабочее Дело» үш жыл бойы (1898—1901) Аксельродты түсінуге тырысып бақты, бірақ — бірақ сонда да оны түсінген жоқ! Бәлкім, мұның да себебі социал-демократия, «адамзат сияқты», өзінің алдына әрдайым тек жүзеге асарлық міндеттерді ғана қойып келе жатқандығынан шығар?

Бірақ Ломоносовтардың өзгешелігі олардың көп нәрсені білмейтіндігінде ғана емес (олай болса, бұл тек шала-шарпы қырсық болар еді!), олардың тағы бір өзгешелігі — олар өз надандықтарын мойындамайды. Нағыз қырсық, міне, осы, ал осы қырсық оларды Плехановтың пікірін «тереңдетуге» бірден құлшындырып отыр.

«Плеханов әлгі кітабын («Россиядағы ашаршылыққа қарсы күрестегі социалистердің міндеттері туралы» деген кітабын) жазғаннан бері талай уақыт өтті,— деп баяндайды Ломоносов-Мартынов.— Жұмысшы табының экономикалық күресін 10 жыл бойы басқарып келген социал-демократтар... әлі де партия тактикасын теориялық жағынан толық дәлелдеп үлгерген жоқ. Енді бұл мәселенің толғағы жетті, сондықтан егер біз оны теориялық жағынан дәлелдегіміз келсе, онда біз, сөз жоқ, тактиканың бір кезде Плеханов дамытқан принциптерін едәуір тереңдетуге тиісті болған болар едік... Үгіт пен насихаттың арасындағы айырмашылықты біз енді Плехановтан гөрі басқаша белгілеуге тиісті болған болар едік» (Мартынов дәл осының алдында ғана Плехановтың мынадай сөздерін келтірген еді: «насихатшы бір адамға немесе бірнеше адамға көп идея береді, ал үгітші бір ғана идея, немесе бірнеше идея береді, оның есесіне бұл идеяларды толып жатқан адамға береді»). «Біз насихат деп,— жеке адамдар үшін ұғымды формада бола ма, әлде қалың бұқара үшін ұғымды формада бола ма, бәрібір,— әйтеуір қазіргі бүкіл құрылысты немесе оның жеке көріністерін революциялық жолмен ашып көрсетуді айтар едік. Үгіт деп, сөздің дәл мағынасында алғанда (sic!), бұқараны белгілі бір нақты қимыл жасауға шақырған үндеуді, пролетариаттың қоғамдық өмірге революциялық жолмен тікелей қатынасуына себепші болуды айтар едік».

Орыс социал-демократиясына — тіпті халықаралық социал-демократияға да — мартыновтық жаңа терминологияға, анағұрлым дәл, анағұрлым терең терминологияға жеткені үшін құтты болсын айтамыз. Осы уақытқа дейін біз (Плехановпен бірге, тіпті халықаралық жұмысшы қозғалысының барлық жетекшілерімен бірге) былай деп ойлайтын едік: егерде насихатшы, мәселен, жұмыссыздық туралы мәселені алатын болса, ол дағдарыс атаулының капиталистік мәнін түсіндіруге тиісті, қазіргі қоғамда дағдарыстардың болмай қоймайтын себебін көрсетуге тиісті, қазіргі қоғамды социалистік қоғам етіп қайта құру қажет екендігін, т. т. суреттеуге тиісті. Бір сөзбен айтқанда, насихатшы «көп идея» беруге тиісті, көп болғанда сондай, бұл идеяларды бірден, бәрін қосып алғанда, тек аз (шамалы) адамдар ғана ұғынатын болады. Ал үгітші болса, әлгі мәселе туралы сөйлегенде, тыңдаушылардың бәріне де өте мәлім, өте көрнекі мысалды алады,— мәселен, жұмыссыз семьяның аштан өлуін, қайыршылықтың күшеюін, т. с. мысал етеді — сөйтіп жұрттың бәріне де, әрбір жеке адамға да таныс осы фактіні пайдалана отырып, «бұқараға» *бір идея:* байлықтың өсуі мен қайыршылықтың өсуі арасындағы қайшылықтың сорақылығын көрсететін идея беруге бар күшін жұмсайды, осы сорақы әділетсіздікке бұқараның наразылығын, ызасын *қоздыруға* тырысады, ал бұл қайшылықты толық түсіндіру ісін насихатшыға қалдырады. Сондықтан насихатшы өз насихатын көбінесе *баспасөз* арқылы, үгітші өз үгітін *ауызекі* жүргізеді. Насихатшыдан талап етілетін қасиеттер үгітшіден талап етілетін қасиеттерден басқаша. Мәселен, Каутский мен Лафаргты біз насихатшылар деп атаймыз, Бебель мен Гедті үгітшілер дейміз. Ал практикалық істің үшінші саласын немесе үшінші функциясын бөліп көрсету, бұл функцияға «бұқараны белгілі бір нақты қимыл жасауға шақырған үндеуді» апарып жатқызу — барып тұрған сорақылық, өйткені «үндеу», жеке әрекет есебінде, не теориялық трактатты да, насихатшының кітапшасын да, үгітшінің сөзін де табиғи түрде, сөзсіз толықтырады, немесе жалаң атқару функциясы болып қалады. Шынында да, мәселен, герман социал-

демократтарының астық жөніндегі баж салығына қарсы жүргізіп отырған қазіргі күресін алып қараңыз. Теоретиктер, мәселен, сауда шарты үшін, сауда еркіндігі үшін күресуге «шақырып», баж салығы саясаты туралы зерттеулер жазады; нақ осыны насихатшы журнал бетінде, үгітші көпшілік алдында сөйлеген сөзінде істейді. Дәл бұл арада бұқараның «нақты қимылы» болатын нәрсе — астық жөніндегі баж салығын арттырмауды сұрап рейхстагқа қол қойылған петициялар беру. Осындай қимылдар жасауға шақырған үндеу теоретиктерден, насихатшылардан, үгітшілерден жанамалай түрде шықса, қол қоятын қағаздарды фабрикаларға және көрінген жеке пәтерлерге апарып жүрген жұмысшылардан тікелей шығады. «Мартыновтың терминологиясы» бойынша Каутский мен Бебельдің екеуі де насихатшы сияқты, ал қол қоятын қағаздарды таратушылар үгітші сияқты, солай емес пе?

Немістер жөніндегі мысалдан немістің Verballhornung деген сөзі менің есіме түсті, бұл біздің тілімізде сөзбе-сөз алғанда: балгорншылау. Иван Балгорн XVI ғасырда Лейпцигтің кітап бастырушысы болған; ол әліппе басып шығарып, оның ішіне, әдет бойынша, қораздың суретін де салыпты; бірақ қораздың аяғында болатын кәдімгі өкше тырнағын көрсетудің орнына қоразды өкше тырнақсыз етіп көрсетіпті, онан соң қораздың қасына екі жұмыртқаның суретін салған. Ал әліппенің сыртына: «Иван Балгорнның *түзетіп* басқаны» деп жазып қойған. Міне, содан бері немістер бүтін нәрсені бүлдірген осындай «түзетуді» Verballhornung дейді. Сондықтан Мартыновтар Плехановтың пікірін қалай «тереңдеткенін» көргенінде, Балгорн еріксіз есіңе түседі...

Біздің Ломоносов бұл былықты не үшін «шығарып отыр»? «Искра» «бұдан он бес жыл бұрын Плехановтың істегені тәрізді істің тек бір жағына ғана көңіл бөледі» (39) деп көрсету үшін шығарып отыр. ««Искрада», ең бергісі дегенде қазіргі уақыт үшін, насихат міндеттері үгіт міндеттерін кейінгі қатарға ығыстырып жіберіп отыр» (52). Егерде осы соңғы қағиданы Мартыновтың тілінен жалпы адам баласының тіліне аударсақ (өйт-

кені адам баласы бұл жаңадан табылған терминологияны әлі қолданып үлгерген жоқ) былай болып шығады: «Искрада» саяси насихат пен саяси үгіт міндеттері «үкіметтің алдына заң шығару және әкімшілік шаралары жөнінде нақты талаптар қою» міндетін, «қолға ұстарлықтай белгілі нәтижелер беретін» талаптар (немесе, Мартыновтың дәрежесіне әлі жете қоймаған байырғы адам баласының ескі терминологиясын тым болмаса бір рет қолдануға мүмкін болатын болса, әлеуметтік реформалар жөніндегі талаптар) қою міндетін кейінгі қатарға ығыстырып жіберіп отыр. Оқушыға мына бір тираданы осы тезиспен салыстырып отуді ұсынамыз:

> «Бұл программалардың» (революцияшыл социал-демократтар программаларының) «ішінде бізді таңқалдыратын нәрсе — бұл программалар жұмысшылардың парламенттегі (бізде жоқ парламенттегі) істейтін істерінің артықшылығын ылғи алдыңғы қатарға қояды, фабрикалық істер жөніндегі фабриканттардың заң қарайтын біздегі бар жиналыстарын жұмысшылардың қатынасуының... немесе тым болмаса қалалық өзара басқару ісіне қатынасуының маңызын мүлде (өздерінің революциялық нигилизмі арқасында) керек қылмайды...»

Бұл тираданың авторы Ломоносов-Мартыновтың өз ақылымен жеткен бәз-баяғы пікірін бірсыпыра туралап, айқынырақ, ашығырақ айтып отыр. Бұл автор — ««Рабочая Мысльге» жеке қосымшадағы» Р. М. (15-бет).

в) САЯСИ ӘШКЕРЕЛЕУЛЕР ЖӘНЕ «РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ»

«Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру» жөніндегі өз «теориясын» «Искраға» қарсы қоя отырып, Мартынов іс жүзінде осы белсенділікті *төмендетуге* тырысатындығын көрсетті, өйткені ол белсенділікті күшейтудің ең қолайлы, ерекше маңызды, «өте-мөте кең қолданылатын» құралы және бұл белсенділікті көрсететін орын — «экономистердің» бәрі де бас иіп жүрген экономикалық күрес деп жариялады. Бұл адасушылықтың елеулі болатын себебі: мұның өзі жалғыз Мартыновқа ғана тән нәрсе емес. Ал іс жүзіне келгенде егер біз «экономикалық негізге сүйенген саяси үгітпен» *шек-*

телмейтін болсақ, тек сонда *ғана* «жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеруге» болады. Ал саяси үгітті барынша өрістетудің негізгі шарттарының бірі — *барлық жағын* қамтитын саяси әшкерелеуді ұйымдастыру. Осындай саяси әшкерелеулер болмайынша, бұқараның саяси сезімі мен революциялық белсенділігін жетілдіру *мүмкін емес.* Сондықтан осы сияқты жұмыс бүкіл халықаралық социал-демократияның өте маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені саяси бостандық та бұл әшкерелеушіліктерді ешбір керексіз қылып тастамайды, тек оның бет алыс бағдарын аздап өзгертеді. Мәселен, герман партиясы өзінің талмай жүргізген дәл осы саяси әшкерелеу науқанының арқасында өз позицияларын өте-мөте нығайтып, ықпалын күшейтіп отыр. Егерде жұмысшылар *қай тапқа болса да* істелген жүгенсіздік пен езушіліктің, зорлық пен озбырлықтың *бәріне де, қандайына болса да* үн қосуға үйренбеген болса, үн қосқанда әлдебір басқа көзқарас тұрғысынан емес, дәл социал-демократиялық көзқарас тұрғысынан үн қосып үйренбеген болса, жұмысшы табының санасы нағыз саяси сана бола алмайды. Егерде жұмысшылар нақты және нақты болғанда нағыз көкейтесті (маңызды) саяси фактілер мен оқиғалар бойынша басқа қоғамдық таптардың *әрқайсысын* бұл таптардың ақыл-ой, адамгершілік және саяси тіршілігіндегі *барлық* көріністеріне қарай байқап үйренбесе,— халықтың *барлық* таптарының, жіктері мен топтарының қызметі мен өмірінің *барлық* жақтарын практика жүзінде материалистік жолмен талдап, материалистік жолмен бағалап үйренбесе,— жұмысшы бұқарасының санасы нағыз таптық сана бола алмайды. Кімде-кім жұмысшы табының назарын, байқағыштығын, сана-сезімін бүтіндей немесе көбінесе сол жұмысшы табының өзіне аударатын болса,— ондай адам социал-демократ емес, өйткені жұмысшы табының өзін өзі тануы қазіргі қоғамдағы *барлық* таптардың өзара қарым-қатынастары туралы ап-айқын теориялық білімдер алуға ғана тығыз байланысты емес... бәлкім, былай десек дұрысырақ болады: жұмысшы табының өзін өзі тануы теориялық білімдерден гөрі саяси өмір тәжірибесі арқылы қазіргі қоғамдағы *бар-*

лық таптардың өзара қарым-қатынастары туралы алынған түсініктерге тығыз байланысты. Міне, сондықтан да біздің «экономистердің» экономикалық күрес — бұқараны саяси қозғалысқа тартудың өте-мөте кең қолданылатын құралы болып табылады деген уағызы өзінің практикалық маңызы жағынан аса зиянды, аса реакциялық нәрсе. Социал-демократ болу үшін жұмысшылар помещик пен поптың, сановник пен шаруаның, студент пен жалаңаяқтың экономикалық сырын және саяси-әлеуметтік бейнесін айқын түсінуге тиіс, бұлардың күшті жақтары мен әлсіз жақтарын білуге тиіс, әрбір таптың, әрбір топтың өзінің өзімшілдік ниеттері мен нағыз «ішкі сырын» *бүркейтін* бүркеніші болып табылатын жел сөздерді, түрлі софизмдерді ажырата білуге тиіс, қандай мекемелер, қандай заңдар белгілі бір мүдделерді қалайша жақтайтынып және нақ қалайша жақтайтынын ажырата білуге тиіс. Ал осы «айқын түсінікті» ешбір кітаптан ала алмайсың: оны тек тіршілік көріністері ғана бере алады, оны қазіргі кезде біздің айналамызда болып жатқан оқиғалар жөнінде, барша жұрттың және әрбір адамның өзінше айтып, тым болмаса сыбырласып әңгімелеп жүргендері жөнінде, пәлендей оқиғалардың, пәлендей цифрлардың, пәлендей сот үкімдерінің, т. б., т. с. оқиғалардың мәнісі қандай екендігі жөнінде ізін суытпай жасалған әшкерелеулер ғана бере алады. Мәселенің барлық жағын қамтитын осындай саяси әшкерелеулер бұқараның революциялық белсенділігін жетілдірудің қажетті және *негізгі* шарты болып табылады.

Полицияның халыққа істейтін айуандығы жөнінде, сектанттарды қудалау, шаруаларды ұрып-соғу жөнінде, цензураның сорақылықтары жөнінде, солдаттарды азаптау, тіпті зәредей жазығы жоқ мәдени бастамаларды қудалау, т. б. жөнінде орыс жұмысшысы өзінің революциялық белсенділігін әлі де аз көрсетіп отырған себебі не? Оның себебі «экономикалық күрес» жұмысшыны осыған «итермелеп» отырмағандығынан, мұның өзі «қолға ұстарлықтай нәтижелерді» аз «көрсететіндігінен», «пайдалы» нәрселерді аз беретіндігінен емес пе екен? Жоқ, мұндай пікір, тағы да айтайық, ауру бастың

сақинасын сау басқа телігендіктен өзге, өз басының филистерлігін (бернштейншілдігін де) жұмысшы бұқарасына аударуға тырысқандықтан өзге түк те емес. Біз осы зұлымдықтардың бәрін жеткілікті түрде толық, айқын, тез әшкерелеу ісін әлі де ұйымдастыра алмадық деп, өзімізді, өзіміздің бұқара қозғалысынан кейін қалғандығымызды айыптауға тиістіміз. Біз мұны істейікші (мұны біз істеуге тиістіміз, істей аламыз да),— сонда студент пен сектантты, мужик пен жазушыны қорлап, жәбірлеп отырған күштің бөтен күш емес, жұмысшының өзін өмірдің әр саласында езіп, жаншып отырған кәдімгі жауыз күш екенін нағыз қарапайым жұмысшының өзі де түсінеді *немесе сезеді*, ал мұны сезген соң жұмысшы бізге үн қосуға өзі-ақ ұмтылады, сөзсіз ұмтылады, содан кейін ол бүгін айқай-шу салып цензорлардың мазасын алады, ертең шаруа бүлігін басып-жанышқан губернатордың үйі алдында демонстрация жасайды, бүрсігүні әулие инквизицияның жұмысын жүргізетін, попша киінген жандармдардың сазайын тартқызады, т. т. Мәселенің барлық жағын қамтитын, тың әшкерелеулерді жұмысшы бұқарасының арасына *жаю* жөнінде біздің істеген жұмысымыз әлі өте аз, тіпті жоқтың қасы. Біздің көбіміз әлі күнге дейін өзінің осы *міндетін* ұғынбай жүр, тек фабрикалық тұрмыстың тар шеңберіндегі «күнделікті қарапайым күрестің» соңынан стихиялы түрде сүйретіліп еріп жүр. Істің жайы осылай болып отырғанда: ««Искра» қорытылып жеткен, тамаша идеяларды насихаттау ісімен салыстырғанда күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысының маңызын кемітпекші болып жүр» (Мартынов, 61-бет) деу — партияны кері сүйрегендік болады, біздің шалағайлығымызды, артта қалғандығымызды қуаттап, мадақтағандық болады.

Ал бұқараны қимыл жасауға шақыратын үндеуге келетін болсақ, онда пәрменді саяси үгіт, нақты, айқын әшкерелеу бар жерде бұл үндеу өзінен-өзі келіп шығады. Біреуді қылмыс үстінде ұстап, барша жұрт алдында, кез келген жерде дереу оны масқаралаcа,— осының өзі-ақ «үндеудің» қандайынан болса да артық әсер етеді, мұның ететін әсері көбінесе сондай, соңынан жұрт-

ты қимыл жасауға «шақырған» шынында кім екенін, демонстрацияның белгілі бір жоспарын ұсынған, тағы сондайларды істеген кім екенін анықтай алмайсың да. Үндегенде — жалпылама үндеу емес, сөздің нақты мағынасындағы үндеу — тек қимыл үстінде ғана үндеуге болады, және де қазір сол қимылға араласып жүрген адам ғана үндей алады. Ал біздің ісіміз, социал-демократиялық публицистердің ісі, саяси әшкерелеу мен саяси үгітті тереңдетіп, ұлғайтып, күшейте беру.

Айтпақшы «үндеулер» туралы. Көктемгі оқиғаларға *дейін* студенттерді солдатқа беру сияқты жұмысшыға *қолға ұстарлық* ешбір *нәтиже бере қоймайтын* мәселеге жұмысшыларды белсене қатысуға *шақырған бірден-бір орган — «Искра» болды.* «183 студенттің солдатқа берілуі» туралы 11 январьдағы бұйрық жарияланысымен «Искра» бұл туралы мақала басып шығарды (№ 2, февраль) және демонстрациялардың қандай да болсын басталуына *дейін* «жұмысшыны студенттерге жәрдемдесуге» тікелей *шақырды,* «халықты» үкіметтің осы өрескел қылығына ашық жауап қайыруға шақырды *. Біздің барша жұрттан және әрбір адамнан сұрайтынымыз: мынадай бір көрнекті жағдайды — «үндеулер» туралы соншама көп сөйлеп жүрсе де, «үндеулерді» тіпті жұмыстың айрықша бір түрі етіп көрсетсе де, Мартыновтың *осы* үндеу туралы жұмған аузын ашпағанын не деп түсіну керек? Осыдан кейін Мартыновтың: «Искраның» «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» талаптар үшін күресуге «үндеуі» жеткіліксіз, сондықтан ол *сыңаржақ* газет деп жариялауы филистерлік болып табылмай ма?

Біздің «экономистердің», оның ішінде «Рабочее Делоның» табысты болған себебі: олар сана-сезімі жетілмеген жұмысшылардың тонын жамылып келді. Бірақ социал-демократ-жұмысшы, революционер жұмысшы (ал мұндай жұмысшылардың саны барған сайын өсіп келеді) «қолға ұстарлық нәтижелер беретін» талаптар үшін күресу туралы айтылып жүрген бұл тәрізді сөздердің бәрін де жек көріп, қабылдамайды, өйткені мұның өзі сомға қосылған тиын жайындағы ескі әннің бір түрі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер. *Ред.*

екенін ол түсінеді. Ондай жұмысшы «Рабочая Мысль» мен «Рабочее Делодағы» өз ақылшыларына былай демек: мырзалар, сіздер өздеріңіздің шын міндеттеріңізді орындаудан жалтарып, біздің өзіміздің де қолымыздан келетін жұмысқа тым құлшына араласып, босқа әбігерленіп жүрсіздер. Социал-демократтардың міндеті — экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру дейсіздер, бұларыңыз тіпті ессіздік қой; экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру тек істің басы ғана, ал социал-демократтардың басты міндеті бұл емес, өйткені бүкіл дүние жүзінде және Россияда да *екінің бірінде полицияның өзі-ақ* экономикалық күреске саяси сипат *бере бастауда*, үкіметтің кімді қорғайтынын жұмысшылардың өздері-ақ түсіне білетін болып отыр *. Бейне өздеріңіз ашқан Америкадай санап, сіздер айтып жүрген «жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресін» орыстың көптеген шеткері түкпірлерінде стачкалар туралы естіген, бірақ социализм туралы тіпті мәз еш нәрсе естімеген жұмысшылардың өздері де жүргізіп отыр ғой. Қолға ұстарлық нәтижелер беретін нақты талаптар ұсыну арқылы бәріңіз қолдамақ болып жүрген біздің, жұмысшылардың, «белсенділігі» қазірдің өзінде бізде бар емес пе, ал осы нақты талаптарды өзіміздің күнделікті, кәсіптік, ұсақ-түйек жұмыстарымызда көбінесе интеллигенттердің ешбір көмегінсіз-ақ біз өзіміз де қойып жүрміз ғой. Бірақ *мұндай* белсенділік бізге жеткіліксіз; біз тек «эко-

* «Экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек» деген талап саяси жұмыс саласында *стихиялылыққа табынушылықты* мейлінше айқын көрсетеді. Экономикалық күрестің саяси сипат алуы екінің бірінде *стихиялы түрде* болады, яғни «революциялық бацилланың — интеллигенцияның» қатысуынсыз, саналы социал-демократтардың қатысуынсыз болады. Мәселен, Англияда жұмысшылардың экономикалық күресі де социалистердің ешбір қатысуынсыз-ақ саяси сипат алды. Ал социал-демократтардың міндеті тек экономикалық негізде жүргізілетін саяси үгітпен ғана бітпейді, олардың міндеті — осы тред-юниондық саясатты социал-демократиялық саяси күреске *айналдыру*, — экономикалық күрестің жұмысшылар арасына шашқан саяси сана сәулесін жұмысшыларды *социал-демократиялық* саяси санаға *жеткізу* үшін *пайдалану*. Ал Мартыновтар стихиялы түрде ояна келе жатқан саяси сананы көтермелеп, ілгері бастыру орнына *стихиялылыққа тәжім етіп,* экономикалық күрес жұмысшыларда өздерінің саяси правосыздығы жөніндегі мәселеге «итермелейді» деген сөзді қайта-қайта айтып, жүрегіңді айнытады. Бір жаман жері сол, мырзалар, тред-юниондық саяси сананың осындай стихиялы түрде оянуы сіздерді нақ өздеріңіздің социал-демократиялық міндеттеріңіз туралы мәселеге *«итермелеп»* отырған жоқ!

номикалық» саясаттың ботқасымен асырауға болатын бала емеспіз; басқалар білетін нәрсенің бәрін біздің де білгіміз келеді, саяси өмірдің *барлық* жақтарымен біздің толық танысқымыз келеді, барлық және әрбір саяси оқиғаға *белсене* қатысқымыз келеді. Бұл үшін интеллигенттер біз өзіміз де білетін жайды азырақ қайталап *, біз әлі де білмейтін нәрсені, өзіміздің фабрикалық және «экономикалық» тәжірибемізден еш уақытта білуімізге болмайтын нәрсені, атап айтқанда: саяси білімді бізге көбірек берсе екен дейміз. Саяси білімді ала алатын сіздер, интеллигенттер, сондықтан сіздер бұл білімді бізге осы уақытқа дейін бергендеріңізден жүз есе, мың есе көп беруге *міндеттісіздер,* онан соң мұны тек жалаң пайымдаулар, кітапшалар, мақалалар түрінде ғана емес (бұларыңыз — ашық айтқанымыз үшін ғафу етіңіздер! — көбінесе іш пыстырарлық дәрежеде болып жүр), бұл білімді қалайда біздегі үкімет пен үстем таптар өмірдің барлық саласында қазіргі уақытта дәл не істеп отырғанын нақты *әшкерелеу* түрінде бере біліңіздер. *«Жұмысшы бұқарасының белсенділігін көтеру» туралы азырақ сөйлеп,* өздеріңіздің осы міндеттеріңізді неғұр-

---

* Жұмысшылардың «экономистерге» айтқан бұл сөздерінің бәрін біз текке ойдан шығармағанымызды дәлелдеу үшін екі куә тартайық, бұл екі куәның жұмысшы қозғалысымен тікелей таныс екендігі күмәнсыз және екеуі де біз сияқты «догматиктерге» онша іш тарта қоятын адамдар емес, өйткені куәлардың бірі — «экономист» (тіпті «Рабочее Делоны» да саяси орган деп санайтын адам!), екіншісі — террорист. Бірінші куә — «Рабочее Делоның» 6-номерінде басылған «Петербургтегі жұмысшы қозғалысы және социал-демократияның практикалық міндеттері» атты шыншылдығы мен өткірлігі жағынан тамаша мақаланың авторы. Ол жұмысшыларды 1) саналы революционерлер, 2) аралық топ және 3) басқа бұқара деп үшке бөледі. Ал жұмысшылардың аралық тобы «өздерінің көкейтесті экономикалық мүдделерінен гөрі көбінесе саяси өмір мәселелеріне көбірек көңіл бөледі, ал экономикалық мүдделердің жалпы әлеуметтік жағдайлармен байланыстылығы әлдеқашан түсінікті болған нәрсе»... «Әлдеқашан мәлім болған, әлдеқашан оқыған сөздерімізді қайталай береді», «саяси жағдайға шолу жасайтын бөлімінде тағы да еш нәрсе жоқ» деп «Рабочая Мысльді» «қатты сынайды» (30—31-беттер). Ал үшінші топтың өзі де: «шарапхана мен шіркеу онша бұза қоймаған неғұрлым сергек, неғұрлым жас жұмысшы бұқарасы, еш уақытта дерлік саяси мазмұнды кітапты қолдарына түсіре алмайтын болғандықтан, студенттердің бүлігі жөніндегі үзік-үзік мәліметтерді ойластырғанда, саяси өмір көріністерін қыңыр-қисаш түсінеді», т. т. Ал террорист былай деп жазады: «...Өз қалаларындағы емес, басқа қалалардағы фабрика тұрмысы жайында жазылған ұсақ-түйек хабарларды бір-екі рет оқиды да, кейін оны да қойып кетеді... Көңілсіз-ақ... Жұмысшы газетінде мемлекет туралы сөз көтермеу... жұмысшыға жас бала деп қарағандық болады... Ал жұмысшы жас бала емес» («Свобода»[59], революцияшыл-социалистер тобының баспасы, 69 және 70-беттер).

лым ынталы түрде орындаңыздар. Біздегі белсенділік сіздердің ойлағандарыңыздан анағұрлым көп, және де біз тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптарды да көшедегі ашық күресіміз арқылы қолдай білеміз! Ал біздің белсенділігімізді «көтеретін» сіздер емессіздер, өйткені *дәл сіздердің өздеріңізде сол белсенділік жетіспей жатыр*. Стихиялылыққа азырақ табынып, *өз* белсенділіктеріңізді көтеру жағын көбірек ойлаңыздар, мырзалар!

г) ЭКОНОМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ ҰҚСАСТЫҚ БАР?

Жоғарыда келтірген ескертуде біз кездейсоқ пікірлес болып шыққан экономист пен социал-демократ емес террористі салыстырып өттік. Бірақ, жалпы айқанда, бұл екеуінің арасында кездейсоқ байланыс емес, қажетті ішкі байланыс бар, бұл туралы біздің әлі төменде сөз қылуымызға тура келеді, бұған нақ сол революциялық белсенділікті жетілдіру мәселесі жөнінде тоқтап өту қажет. «Экономистер» мен осы күнгі террористерде бір ортақ негіз бар: атап айтқанда ол — *стихиялылыққа табынушылық;* ал оның жалпы ортақ құбылыс екендігін біз өткен тарауда айтқанбыз, енді біз оның саяси жұмыс пен саяси күреске тигізетін әсері жөнінде сөз қылмақпыз. Ә дегенде біздің бұлай деуіміз оғаш болып көрінуі мүмкін: өйткені «күнделікті қарапайым күресті» мадақтап жүрген адамдар мен жеке адамдарды аса жанқиярлық күреске шақырып жүрген адамдардың арасындағы айырмашылық, сірә, тым үлкен болар. Бірақ бұл оғаш нәрсе емес. «Экономистер» мен террористер стихиялық ағымның екі түрлі жағына табынады: «экономистер» — «таза жұмысшы қозғалысының» стихиялылығына табынады, ал террористер — революциялық жұмысты жұмысшы қозғалысымен біртұтас етіп байланыстыра алмайтын немесе байланыстыруға мүмкіндігі жоқ интеллигенттердің қайнаған ызалы кегінің стихиялылығына табынады. Кімде-кім осындай мүмкіндікке сенуден қалған болса немесе бұған еш уақытта сенбеген болса, ондай адамның өзінің ызалы сезіміне,

революциялық жігеріне террордан басқа жол табуы шынында да қиын. Сонымен, біз көрсеткен осы екі ағымның екеуінде де стихиялылыққа табынушылық «Credo»-ның әйгілі программасын *жүзеге асырудың бастамасы* болып табылады, одан басқа түк те емес, ал осы программа бойынша: жұмысшылар өз алдына өзінің «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күресін» жүргізеді (пікірін Мартыновтың сөзімен айтқанымыз үшін «Credo»-ның авторы бізге кешірер! Осылай етуге біз еріктіміз деп білеміз, өйткені экономикалық күресте жұмысшылар «саяси тәртіпке соқтығысып отырады» деген пікір «Credo»-ның өзінде де айтылған),— ал интеллигенттер өз алдына өз күшімен саяси күрес жүргізеді, әлбетте, террор арқылы жүргізеді! Бұл барынша қисынды және сөзсіз келіп шығатын *қорытынды,* мұны кесіп айтпасқа болмайды, *бірақ та* осы программаны жүзеге асыра бастағандар бұл қорытындының сөзсіз келіп шығатындығын *өздері де ұғынбай жүр.* Саяси жұмыстың өз логикасы болады, бұл логика нағыз ізгі ниетпен не терроpға жүгінетіндердің, не экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беруге жүгінетіндердің санасына байланысты емес. Дозақ та ізгі ниетпен жасалған, бірақ ізгі ниет тап бұл ретте стихиялық түрде «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүруден, «Credo»-ның *таза буржуазиялық* программасының жолына түсуден әлі құтқара алмайды. Көптеген орыс либералдарының — әйгілі либералдардың да, маркстік бетперде жамылған либералдардың да — жан-тәнімен террорды қуаттап, қазіргі кезеңде террорлық ниеттің күшеюін қолдауға тырысып отырғандығы да кездейсоқ нәрсе емес қой.

Міне, сонымен, жұмысшы қозғалысына жан-жақты көмек көрсетуді өзіне міндет еткен, бірақ террор мәселесін және өзін, былайша айтқанда, социал-демократиядан құтқару мәселесін *программаға* енгізуді ұсынған «революциялық-социалистік Бостандық тобы» құрылған кезде,— бұл факт П. Б. Аксельродтың тамаша көрегендігін бұрынғының үстіне тағы да дәлелдеді; Аксельрод *1897 жылдың аяғында-ақ* («Қазіргі міндеттер мен тактика туралы мәселе жөнінде» деген кітапшасында) со-

циал-демократиялық ауытқушылықтардың осындай нәтижелермен тынатындығын *тұпа-тура күн ілгері айтып,* өзінің атақты «екі перспективасын» баяндап берген болатын. Орыс социал-демократтарының арасындағы осыдан кейінгі таластар мен алауыздықтардың бәрі де, тұқымның ішіндегі дәнектей, осы екі перспективадан табылады *.

Жоғарыда көрсетілген тұрғыдан қарағанда, «экономизмнің» стихиялылығына қарсы тұра алмаған «Рабочее Делоның» терроризмнің стихиялылығына да қарсы тұра алмағандығы түсінікті болады. Бұл арада «Бостандықтың» террорды қуаттау ретінде келтірген айрықша дәлелін көрсете кету өте қызықты нәрсе. «Бостандық» террордың сесті ролін «мүлдем жоққа шығарады» («Революционизмнің қайта тууы», 64-бет), бірақ оның есесіне террордың «эксцитативтік (қоздырғыш) маңызын» алға қояды. Мұның өзі, біріншіден, террорға жармастырып келген дәстүрлі (социал-демократиядан бұрынғы) идеялар шумағының ыдырап, шетінеп бастағанын көрсететін кезеңдердің бірі ретінде көңіл бөлерлік нәрсе. Үкіметті қазір террор арқылы «қорқытуға», демек, сол арқылы оған іріткі салуға да болмайды деп тану шынына келгенде террорды күрес жүйесі ретінде программада ардақталған қызмет саласы есебінде мүлде теріске шығару болып табылады. Екіншіден, мұның өзі «бұқараның революциялық белсенділігін жетілдіру» ісінде біздің ең шұғыл міндеттерімізді түсінбегендіктің үлгісі ретінде әлгіден де артық көңіл бөлерлік нәрсе. «Бостан-

* Мартынов «басқа, неғұрлым нақты (?) дилемма бар деп біледі» («Социал-демократия және жұмысшы табы», 19): «Не социал-демократия пролетариаттың экономикалық күресіне тікелей басшылық етуді өз қолына алады да, осы арқылы (!) бұл күресті революциялық тап күресіне айналдырады»... «Осы арқылы» дегені, сірә, экономикалық күреске тікелей басшылық ету арқылы деген сөз болар. Мартынов бізге айтып берсінші: кәсіптік күреске басшылық етудің *бір ғана өзі арқылы* тред-юниондық қозғалысты революциялық таптық қозғалысқа айналдырудың сәті түскенін көрген жері бар ма екен? Мартынов былай «айналдыру» үшін біз *жаппай* саяси үгіт жүргізу ісіне «тікелей басшылық» етуге белсене кірісуіміз керек деп ойламас па екен?.. «Не екінші перспектива: социал-демократия жұмысшылардың экономикалық күресіне басшылық етуден шеттеп қалады, сөйтіп... өз қанатын өзі қырқады»... «Рабочее Делоның» жоғарыда келтірілген пікіріне қарағанда, «шеттеп қалатын» — «Искра» болып шығады. Бірақ біз «Искраның» экономикалық күреске басшылық етуде *«Рабочее Делодан» анағұрлым көп* жұмыс істеп отырғанын көрдік, оның үстіне «Искра» мұнымен ғана шектелмейді және осыған бола өзінің саяси міндеттерін *тарылтпайды.*

дық» террорды жұмысшы қозғалысын «қоздыратын», оған «күшті түрткі» болатын құрал деп насихаттайды. Өзін өзі көпе-көрінеу теріске шығаратын бұдан сорақы дәлел ойлап табу қиын-ақ! Мынадай сұрақ туады: ерекше бір «қоздырғыш» құрал ойлап шығармаса болмайтындай-ақ, орыс өміріндегі сорақылықтардың әлі де аз болғаны ма? Ал, екінші жағынан, егерде кімде-кім орыс өміріндегі озбырлықты көріп отырса да делебесі қозбайтын, тіпті міз бақпайтын жан болса, ондай адам үкімет пен ат төбеліндей террористердің жекпе-жек күресіне тек «танауын шұқылап» қарап тұратындығы айқын емес пе? Ал шынында әңгіме былай: орыс өміріндегі жауыздықтар жұмысшы бұқарасының делебесін әбден-ақ қоздырады, бірақ біз халық толқынының тамшылары мен ағындарын, орыс өмірінен андыздап шығып жатқан және біз ойлап, шамалағаннан гөрі өлшеусіз көп тамшылары мен ағындарын қосып, былайша айтқанда, бір жерге жинай алмай отырмыз, ал бұларды *бір* ұлы тасқын етіп біріктіру керек-ақ. Жұмысшы қозғалысының орасан зор өсуі және жоғарыда айтылған жұмысшылардың саяси әдебиетке құштарлығы бұл міндеттің орындаларлық міндет екенін айдан анық дәлелдейді. Ал террорға шақырған үндеулер, дәл сондай-ақ экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек деген үндеулер орыс революционерлерінің ең қажетті міндетінен: жан-жақты саяси үгіт жүргізу ісін ұйымдастыру міндетінен *жалтарушылықтың* түрлі формалары болып табылады. «Бостандық» үгітті террормен *ауыстырғысы* келеді, ол: «бұқара арасында жігерлі, күшті үгіт басталған соң-ақ террордың экситативтік (қоздырғыш) ролінің орындалғаны» («Революционизмнің қайта тууы», 68-бет) деп турадан-тура мойындайды. Бұдан террористердің де, «экономистердің» де, көктемгі оқиғалардың * айқын дәлелдегеніне қарамастан, бұқараның революциялық белсенділігін *жете бағаламайтындығы* айқын көрінеді, оның үстіне біреулері жасанды «қоздырғыштарды» жанталасып іздестіреді, екінші біреуле-

* Бұл арада әңгіме *1901* жылдың көктемі туралы болып отыр, ол кезде көшелерде ірі демонстрациялар басталған болатын [60]. (1907 жылғы басылуына автордың жазған ескертуі. *Ред.*)

рі «нақты талаптар» туралы даурығысады. Бұлардың екеуі де саяси үгіт жүргізу ісінде және саяси әшкерелеу ісін ұйымдастыруда *өз басының белсенділігін* көтеруге жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Ал бұл істі басқа бір нәрсемен *ауыстыру* қазірде де, басқа қай уақытта болса да ешбір мүмкін емес.

д) ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ — ДЕМОКРАТИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ КҮРЕСКЕР

Жоғарыда көрдік, егерде біздің істейтін ісіміз шын социал-демократиялық іс болатын болса, онда ол ісіміздің сөзсіз қажетті, *бәрінен де зәру* міндеті — саяси үгітті нағыз кең түрде жүргізу болады, демек, жаппай саяси әшкерелеу ісін де ұйымдастыру болады. Бірақ біз бұл қорытындыны шығарғанда, жұмысшы табының саяси білім және саяси тәрбие алу жөніндегі көкейтесті тілегіне *ғана* сүйене отырып шығардық. Оның бер жағында мәселені тек қана осылайша қою оның ауқымын тым тарылтып жіберген болар еді, жалпы социал-демократия атаулының, әсіресе қазіргі орыс социал-демократиясының жалпы демократиялық міндеттерін елемегендік болар еді. Бұл жағдайды мүмкін қадерінше нақты түсіндіру үшін істің «экономистерге» ең «жақын» жағынан, атап айтқанда, практикалық жағынан бастап көрейік. Жұмысшы табының саяси санасын көтеру қажет екендігін «жұрттың бәрі де мақұлдайды». Ал мұны *қалай* істеу керек және мұны іске асыру үшін не істеу керек? — деген сұрақ туады. Экономикалық күрес жұмысшыларды үкіметтің жұмысшы табына көзқарасы жөніндегі мәселелерге ғана «итермелейді», сондықтан «экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру» міндетіне *біз қаншама күш салсақ та,* біз бұл міндеттің шеңберінде отырып, жұмысшылардың саяси санасын (социал-демократиялық саяси сана дәрежесіне дейін) *еш уақытта да* көтере *алмаймыз,* өйткені *бұл шеңбердің өзі тар.* Мартынов формуласының бізге бағалы болатын себебі: ол формуланың мәселені шатастыру Мартыновтың қолынан келетіндігін көрсетіп отырғандығында емес, тіпті де олай емес, оның бізге бағалы болатын себебі:

ол формула барлық «экономистердің» негізгі қатесін, атап айтқанда: жұмысшылардың таптық саяси санасын, былайша айтқанда, жұмысшылардың экономикалық күресінің *ішінен* шығарып дамытуға болады, яғни тек қана (немесе ең болмағанда көбінесе) осы экономикалық күреске сүйене отырып, тек қана (немесе ең болмағанда көбінесе) сол күреске табан тірей отырып дамытуға болады деген сенімді айқын, ашық көрсетіп береді. Мұндай көзқарас бүтіндей қате көзқарас, оның қате болатын себебі дәл мынадан: «экономистер» өздеріне қарсы айтыс көтергеніміз үшін бізге ашуланып, екі арадағы алауыздықтың неден шыққандығын жақсылап ойлағысы келмейді, осыдан барып өзіміз бірімізді-біріміз мүлде түсініce алмай отырғандай, әр түрлі тілдерде сөйлеп отырғандай жағдай туады.

Таптық саяси сананы жұмысшыға *тек сырттан ғана* енгізуге болады, яғни экономикалық күрестен тыс, жұмысшылар мен қожайындардың арасындағы қарым-қатынас саласынан тыс енгізуге болады. Бұл білімді тек қоғамның *барлық* таптары мен топтарының мемлекет пен үкіметке қатынасынан ғана, *барлық* таптардың өзара қарым-қатынастарынан ғана алуға болады. Сондықтан жұмысшыларға саяси білім беру үшін не істеу керек? — деген сұраққа «экономизмге» бейім практиктерді айтпағанның өзінде, көбінесе басқа практиктердің бәрі де қанағаттанатын жауапты, атап айтқанда: «жұмысшыларға бару керек», деп қана жауап қайтаруға болмайды. *Жұмысшыларға* саяси білім беру үшін социал-демократтар *халықтың барлық таптарының арасына баруы* керек, өз армиясының отрядтарын *жан-жақтың бәріне де* жіберуі керек.

Біз мұндай өткір тұжырымды әдейі таңдап алып отырғанда, әдейі оңайлатып тік айтып отырғанда — әсте жұртты таң қалдыру үшін айтып отырғамыз жоқ, «экономистер» жөнсіз елемей жүрген міндеттерді, социал-демократиялық саясат пен тред-юниондық саясаттың арасындағы «экономистер» түсінгісі келмейтін айырманы оларға жақсылап «түсіндіру» үшін айтып отырмыз. Сондықтан біз оқушының қызбаланбай, бізді ақырына дейін мұқият тыңдауын сұраймыз.

Социал-демократтардың соңғы жылдарда неғұрлым көбірек тараған үйірмесінің типін алып, соның жұмысына назар салып қараңыздар. Бұл үйірме «жұмысшылармен байланыс» жасап, сонымен қанағаттанып отырады; листоктар басып шығарып отырады, ол листоктарда фабрикалардағы озбырлықтар, үкіметтің капиталистерге болыса беретін қылықтары, полицияның зорлықтары қатты мінеліп отырады; жұмысшылармен бас қосқан жиналыстарда әдетте әңгіме осы тақырыптардың төңірегінде болады немесе сол тақырыптардың шеңберінен шыға qоймайды; революциялық қозғалыстың тарихы жөнінде, біздің үкіметтің ішкі және сыртқы саясатының мәселелері жөнінде, Россия мен Европаның экономикалық эволюциясының мәселелері жөнінде, қазіргі қоғамдағы түрлі таптардың жай-күйі, т. с. жөнінде оқылатын рефераттар мен өткізілетін әңгімелер өте сирек кездеседі, ал қоғамның басқа таптарымен ұдайы байланыс жасап, ол байланысты ұлғайта беру туралы ешкім де ойламайды. Шындығына келгенде, мұндай үйірменің мүшелері көбінесе социалист — саяси көсемнен гөрі тред-юнионның секретарына көбірек ұқсайтын адамдарды қайраткердің үлгісі деп біледі. Өйткені, мәселен, кез келген ағылшын тред-юнионының секретары жұмысшылардың экономикалық күрес жүргізуіне әрдайым жәрдемдесіп отырады, фабрика өмірінде кездесетін қылықтарды әшкерелеу ісін ұйымдастырып отырады, стачкалар жасау бостандығына, күзетшілер қою (мына заводта стачка болып жатыр деп жұрттың бәріне, әрбір адамға хабар беріп отыру үшін күзетшілер қою) бостандығына қысым жасайтын заңдар мен шаралардың әділетсіз екендігін түсіндіріп отырады, халықтың буржуазиялық таптарынан шыққан аралық судьяның әділетсіздігін, тағы сол сияқтыларды жұртқа түсіндіріп отырады. Қысқасы, тред-юнионның әрбір секретары «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізіп отырады және осындай күресті жүргізуге жәрдемдесіп отырады. Ал *мұның әлі* социал-демократизм *емес* екенін, социал-демократтың үлгі ететіні тред-юнионның секретары емес, *халық шешені* екенін, халық шешені болғанда, қай жерде, халықтың

қандай тобы немесе табы жөнінде озбырлық, езушілік жасалса да, осы озбырлық пен езушілік атаулының барлық көріністеріне жауап бере білетін, озбырлық пен езушіліктің бұл көріністерінің бәрін полицияның зорлығы мен капиталистік қанаудың біртұтас бейнесіне айналдырып қорыта білетін, өзінің социалистік сенімі мен өзінің демократиялық талаптарын барлық *жұрттың алдына* тарту үшін, пролетариаттың азаттық күресінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын жұрттың *бәріне* және әрбір адамға түсіндіру үшін ұсақ-түйек нәрселердің бәрін де пайдалана білетін халық шешені екенін көп айтып жатпаса да болады. Мәселен, Роберт Найт (ағылшын тред-юниондарының ең мықтыларының бірі, котел жасаушылар қоғамының белгілі секретары және көсемі) пен Вильгельм Либкнехт сияқты қайраткерлерді салыстырып қараңыздар да, Мартыновтың «Искрамен» екі арадағы алауыздықтарын баяндайтын қарама-қарсы пайымдауларын осыларға қолданып көріңіздерші. Сонда сіздер,— мен Мартыновтың мақаласын аударыстыра бастадым,— одан мынаны көресіздер: Р. Найт «бұқараны белгілі бір нақты қимылдар жасауға» анағұрлым көп «шақырып келді» (39), ал В. Либкнехт көбінесе «қазіргі құрылысты тұтас алып немесе оның жеке көріністерін алып, соны революциялық жолмен түсіндіріп» келді (38—39); Р. Найт «пролетариаттың таяудағы қоятын талаптарын тұжырымдап берді және сол талаптарды жүзеге асыру құралдарын көрсетіп отырды» (41), ал В. Либкнехт мұны да істей отырып, «сонымен қатар түрлі оппозициялық топтардың белсенді қызметіне басшылық етуден» де, «олардың дұрыс қимыл программасын жасап беруден» * де бас тартпады (41); В. Либкнехт «біржақты» «әшкерелеушіліктермен» (40) анағұрлым көбірек шұғылданып жүргенде, Р. Найт нақ «экономикалық күрестің өзіне мүмкін қадерінше саяси сипат беруге» тырысты (42) және «үкіметтің алдына қолға ұстарлық белгілі бір нәтижелер беретін нақты талаптарды» өте жақсы «қоя» білді (43);

---

* Мәселен, француз-пруссак соғысы кезінде Либкнехт *бүкіл демократияның* қимыл программасын жасап берді,— ал Маркс пен Энгельс 1848 жылы мұны онан да артық етіп жасап берген болатын.

Р. Найт «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысына» көбірек маңыз берді (61), ал В. Либкнехт «қорытылып жеткен, тамаша идеяларды насихаттауға» көбірек маңыз берді (61); В. Либкнехт өзінің басқарған газетінен нақ «революциялық оппозицияның біздегі тәртіптерді әшкерелейтін, көбінесе халықтың әр алуан топтарының мүдделерімен соқтығысып отыратын саяси тәртіптерді әшкерелейтін органын» жасады (63), ал Р. Найт «пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасап, жұмысшылар ісі үшін қызмет етті» (63) — егерде «біте қайнаған тығыз байланыс» дегенді өзіміз жоғарыда Кричевский мен Мартыновты мысалға алып, зерттеп шыққан стихиялылыққа табыну мағынасында түсінетін болсақ, осылай деуге болады — сөйтіп «өзінің ықпал өрісін тарылтып жіберді», әрине, Мартынов сияқты, ол да «осы тарылтуы арқылы ықпалдың өзін күшейттім» (63) деп біледі. Қысқасы, бұл арада сіздер мынаны көресіздер: Мартынов de facto социал-демократияны тред-юнионизмнің дәрежесіне дейін төмендетіп жіберіп отыр, ол, әрине, мұны социал-демократияға жақсылық тілемегендіктен істемесе де, Плехановты түсініп алудың орнына Плехановтың пікірін тереңдетуге аздап асығыңқырағандықтан істеп отыр.

Енді баяндап келе жатқан әңгімемізге оралайық. Жоғарыда біз социал-демократ пролетариаттың саяси санасын барлық жағынан жетілдіру қажеттігін тек сөз жүзінде ғана қолдап қоймайтын болса, онда ол «халықтың барлық таптарының арасына баруы» керек дедік. Бұдан: мұны қалай істеу керек? мұны істеу үшін бізде күш бар ма? барлық басқа таптардың арасында осындай жұмыс жүргізуге жағдай бар ма? бұлай ету таптық көзқарастан шегінгендік болмай ма немесе шегінуге апарып соқпай ма? деген сұрақтар туады. Енді осы сұрақтарға тоқталып өтейік.

«Халықтың барлық таптарының арасына барғанда» біз әрі теоретик болып, әрі насихатшы болып, әрі үгітші болып, әрі ұйымдастырушы болып баруымыз керек. Социал-демократтардың теориялық жұмысы жекелеген таптардың әлеуметтік және саяси жағдайының барлық озгешеліктерін зерттеп білуге арналуы тиіс екендігіне

ешкім де күмәнданбайды. Бірақ бұл жөнінде жұмыс өте-мөте аз істеліп отыр, фабрика тұрмысының өзгешеліктерін зерттеуге арналған жұмыспен салыстырғанда тіптен аз істеліп отыр. Комитеттер мен үйірмелерде тіпті қайдағы бір темір жасайтын өндіріспен әдейілеп танысумен шұғылданып жүрген адамдарды да кездестіресіздер,— бірақ ұйым мүшелерінің (түрлі себептерге байланысты практикалық жұмыстан екінің бірінде амалсыз қол үзіп кететіндердің) саяси және қоғамдық өміріміздің қайсыбір көкейтесті мәселесі жөнінде, халықтың басқа топтарының арасында социал-демократиялық жұмыс жүргізуге себеп боларлық мәселе жөнінде әдейілеп материалдар жинап жүргендігінің ешбір мысалын таба алмайсыз деуге болады. Жұмысшы қозғалысының қазіргі басшыларының көпшілігінің дайындықтары аз дегенде, бұл жөніндегі дайындық жұмысы туралы да айтпай кетуге болмайды, өйткені мұның өзі де «пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасауды» «экономистерше» түсінуге байланысты нәрсе. Бірақ басты мәселе, әрине,— халықтың барлық топтарының арасында *насихат* пен *үгіт* жұмысын жүргізу. Батыс Европа социал-демократының бұл міндетті орындауына мына жағдайлар жеңілдік келтіреді: онда қалаған *әрбір* адам қатыса алатын халық жиналыстары мен жиындары бар, парламент бар, мұнда социал-демократ *барлық* таптардан сайланған депутаттар алдында сөйлей алады. Бізде парламент те, жиын бостандығы да жоқ,— бірақ солай бола тұрса да біз *социал-демократтың* сөзін тыңдағысы келетін жұмысшылармен жиналыстар өткізе аламыз. Біз сондай-ақ *демократты* тыңдағысы келетін халық ішіндегі қандай да болсын барлық таптардың өкілдерімен де жиналыстар өткізе аламыз. Өйткені «коммунистердің революциялық қозғалыс атаулының бәрін де қолдайтындығын»[61], сондықтан өзіміздің социалистік көзқарасымызды ешбір жасырмастан, *жалпы демократиялық міндеттерді бүкіл халық алдында* баяндауға және оларды баса корсетуге міндетті екендігімізді іс жүзінде ұмытқан адам социал-демократ емес. *Кез келген* жалпы демократиялық мәселені көтеруде, өршітуде және оны шешуде *жұрттың бәрінің ал-*

дында болу өзінің міндеті екенін іс жүзінде ұмытқан адам социал-демократ емес.

«Мұны жұрттың бәрі де түгел мақұлдайды!» — деп шыдамсыз оқушы біздің сөзімізді бөлер де — одақтың соңғы съезінде қабылданып, «Рабочее Делоның» редакциясына арналған жаңа нұсқауында тура былай айтылған дер: «Не тікелей айрықша тап ретінде, не *бостандық үшін күрестегі барлық революцияшыл күштердің авангарды* ретінде пролетариатқа қатысы бар қоғамдық, саяси өмірдегі оқиғалар мен көріністердің бәрі де саяси үгіт пен насихат жүргізуге себепші болуға тиіс» («Екі съезд», 17-бет, курсив біздікі). Иә, бұл өте дұрыс, өте жақсы айтылған сөздер, сондықтан «Рабочее Дело» бұл сөздерді *түсінген* болса және *бұл сөздермен қабат оған қайшы келетін сөз айтпаса,* біз бұған әбден риза болар едік. Өздерін «авангардпыз», алдыңғы қатарлы отрядпыз деп атау аз ғой,— сонымен қатар өзіміздің алда келе жатқандығымызды басқа отрядтардың *бәрі де* көріп, мойындауға мәжбүр болатындай етіп қимыл да жасауымыз керек. Сондықтан біз оқушыдан: басқа «отрядтардың» өкілдері біздің «авангардпыз» деген сөзімізге сене қоярлықтай сондай ақымақ болғаны ма? деп сұрар едік. Тек мынадай бір көріністі көз алдыңызға дәл елестетіп көріңізші. Орыстың білімді радикалдарының немесе либерал конституцияшылдарының «отрядына» бір социал-демократ келіп: біз авангардпыз; «ендігі жерде біздің алдымызда тұрған міндет — экономикалық күрестің өзіне мүмкін қадерінше саяси сипат беру», десін. Аздап болса да ақылы бар радикал немесе конституцияшыл (ал орыс радикалдары мен конституцияшылдарының ішінде ақылды адамдар көп) мұндай сөзді естігеннен кейін мырс етіп бір күліп, былай дер еді (әрине, мұны ішінен айтар еді, өйткені ол көбінесе тәжірибелі дипломат болып келеді): «мынауың «авангард» болғанымен аңқауырақ екен! Жұмысшылардың экономикалық күресінің *өзіне* саяси сипат беру — біздің міндетіміз ғой, буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдерінің міндеті ғой, бұл тіпті соны да түсінбейді екен. Бүкіл батыс европалық буржуа сияқты, біздің де жұмысшыларды саясатқа тартқымыз келеді

ғой, *бірақ социал-демократиялық саясатқа емес, тек тред-юниондық саясатқа* тартқымыз келеді. Жұмысшы табының тред-юниондық саясаты — жұмысшы табының нақ *буржуазиялық саясаты*. Ал мынау «авангардтың» жұмысшы табының міндетін тұжырымдауы — нағыз тред-юниондық саясаттың тұжырымы! Сондықтан олар өздерін социал-демократтармыз деп тілегенінше атай берсін. Шынында, ат қойып, айдар таққаны үшін ашуланатын мен бала емеспін ғой! Жұрт осы зиянды ортодокс догматиктерге еріп кетпесе болғаны, кімде-кім социал-демократияны өзі байқамай тред-юниондық арнаға қарай сүйреп отырса, «сын еркіндігін» соларға берсін!»

Егер бұл конституцияшыл: социал-демократияның авангардтығы туралы сөз қылып жүрген социал-демократтардың біздің қозғалысымызда стихиялылық толық үстем болып тұрған қазіргі кезде «стихиялық элементті кемітуден» бәрінен де қатты қорқатындығын, «қорытылып жеткен, тамаша идеяларды насихаттаудан гөрі күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысының маңызын кемітуден» қатты қорқатындығын, т. с. білсе, біздің конституцияшылдың мырс еткен күлкісі сақ-сақ күлкіге айналар еді! Сапалылық стихиялылықтан озып кетпегей еді деп қорқатын, басқаша ойлайтын адамдарды да түгел мойындататып батыл «жоспар» ұсынудан қорқатын отрядтың — «алдыңғы қатарлы» отряд болғаны ғой! Сірә, олар авангард деген сөзді арьергард деген сөзбен шатастырып отырған жоқ па екен?

Шынында да, Мартыновтың мына төмендегі сөздерін ойлап қараңызшы. Ол 40-бетте былай дейді: «Искраның» әшкерелеу тактикасында сыңаржақтылық бар, «біз үкіметті құлату үшін қоғамдық жігерді жеткілікті белсенді түрде дамыта алмай тұрғанда, үкіметке қаншама сенімсіздік және өшпенділік туғызсақ та ойлаған мақсатымызға жете алмаймыз». Мұның өзі, жақшаға алып айтқанда, өз белсенділігін төмендетуге тыраса отырып, бұқараның белсенділігін көтерудің қамын жегендік қой, мұнысы бізге көптен мәлім. Бірақ қазір әңгіме мұнда емес. Демек, Мартынов бұл арада *революциялық* жігер («үкіметті құлататын» жігер) туралы сөз қылып отыр. Ал сонда ол қандай қорытындыға келіп

отыр? Жай уақытта әр түрлі қоғамдық топтар сөзсіз бет-бетімен жүре беретін болғандықтан, «міне сондықтан, біздер, социал-демократтар, әр түрлі оппозициялық топтардың белсенді жұмысына бір мезгілде басшылық етіп отыра алмаймыз, олар үшін дұрыс қимыл программасын жасап беріп отыра алмаймыз, өз мүдделері үшін күнбе-күн қандай әдістер қолданып күресу керек екенін біз оларға көрсетіп отыра алмаймыз, бұл айқын... Өздерін біздегі саяси тәртіппен бетпе-бет түйістіретін, өздерінің таяудағы мүдделері үшін жүргізетін белсенді күресі жөнінде либералдық топтардың өздері-ақ ойластырады» (41). Сонымен, Мартынов революциялық жігер туралы, самодержавиені құлату жолындағы белсенді күрес туралы айта бастап, іле-шала кәсіптік жігерге, таяудағы мүдделер жолындағы белсенді күреске ауып кетті! Өздерінің «таяудағы мүдделері» үшін студенттердің, либералдардың, т. с. жүргізетін күресін басқарып отыра алмайтындығымыз өзінен-өзі түсінікті, бірақ әңгіме бұл жөнінде болған жоқ еді ғой, құрметті «экономист»-ау! Әңгіме қоғамның әр түрлі топтарының самодержавиені құлатуға қатысуының мүмкіндігі мен қажеттігі туралы болған болатын, ал «әр түрлі оппозициялық топтардың» *бұл* «белсенді жұмысына» біздің басшылық ете *алатындығымыз* өз алдына, сонымен қатар — егерде «авангард» болғымыз келсе — оған сөзсіз басшылық етуге міндеттіміз. Біздің студенттердің, біздің либералдардың, т. с. «біздегі саяси тәртіппен бетпе-бет түйісуі» үшін олардың өздері ғана қам жасап қоймайды,— бұл жөнінде ең алдымен және бәрінен көбірек полицияның өзі-ақ, самодержавие үкіметі чиновниктерінің өздері-ақ қам жасап бағады. Ал «біз» алдыңғы қатарлы демократ болғымыз келсе, тек университеттік немесе тек земстволық, т. с. тәртіптерге ғана наразы адамдарды бүкіл саяси тәртіптің жарамсыздығы туралы ойға *түсіру* үшін қам жасауымыз керек. Партиямызға және оның саяси күресіне оппозициялық топ атаулының бәрі де өздерінің қолынан келген көмегін көрсетуі үшін және шынымен көрсете бастауы үшін *біздің* партияның басшылығымен жүргізілетін жан-жақты саяси күресті ұйымдастыру міндетін *біз* өз қолымызға алуы-

мыз керек. *Біз* практик социал-демократтардан осы жан-жақты күрестің барлық түрлеріне басшылық ете алатын, ашынған студенттерге де, наразы болып жүрген земствошыларға да, ыза кернеген сектанттарға да, жәбірленген халық мұғалімдеріне де, тағы басқа сондайлардың бәріне де керек кезінде олардың «дұрыс қимыл программасын жасап бере алатын» саяси көсемдер дайындап шығаруымыз керек. Сондықтан Мартыновтың «бұлар жөнінде біз тәртіптерді әшкерелеушінің *унамсыз* ролін *ғана* атқара аламыз... Біз бұлардың түрлі үкімет комиссияларынан күтетін үмітін *ғана* үздіре аламыз» (курсив біздікі) деген сөздері *мүлде дұрыс емес*. Мартынов бұл сөзімен революциялық «авангардтың» шын ролі жөніндегі мәселеге келгенде өзінің *түк түсінбейтіндігін көрсетеді*. Сондықтан оқушы мұны зейін қойып аңдаса, Мартыновтың мына төмендегі қорытынды сөздерінің де *шын мағынасы* оған түсінікті болады: ««Искра» — революциялық оппозицияның біздегі тәртіптерді, көбінесе саяси тәртіптерді әшкерелейтін органы, өйткені саяси тәртіптер халықтың әр алуан топтарының мүдделерімен соқтығысып отырады. Ал біз болсақ, пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыс жасап, жұмысшылар ісі үшін қызмет етіп жүрміз және қызмет етпекшіміз. Өзіміздің ықпал өрісімізді тарылту арқылы біз сол ықпалдың өзін қиындатып отырмыз» (63). Бұл қорытындының шын мағынасы мынадай: «Искра» жұмысшы табының тред-юниондық саясатын (түсінбегендіктен, дайындығының кемдігінен немесе сеніп қалғандығынан бізде практиктердің тред-юниондық саясаттан аса алмай жүргені сирек емес) социал-демократиялық саясаттың дәрежесіне *көтергісі* келеді. Ал «Рабочее Дело» социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне түсіре *төмендеткісі* келеді. Ал онымен қоймай, «Рабочее Дело» мұны «жалпы іске үйлесетін позициялар» (63) деп жұрттың бәрін сендірмек болады. Қайран, sancta simplicitas! *

* — Қайран, қасиетті аңқаулық-ай! *Ред.*

Ілгері барайық. Бізде өзіміздің насихатымыз бен үгітімізді халықтың *барлық* таптарының арасында жүргізерліктей күш бар ма? Әрине, бар. Екінің бірінде мұны жоққа шығаруға бейім тұратын біздің «экономистер» қозғалысымыздың 1894 жылдан (шамамен айтқанда) 1901 жылға дейін орасан зор қадам жасағанын естерінен шығарып жүр. Нағыз «артта жүрушілер» болғандықтан бұлар көбінесе қозғалыстың әлдеқашан өтіп кеткен бастапқы дәуірін біледі де, содан жазбайды. Ол кезде біздің күшіміз шынында да өте аз еді, ол кезде бүтіндей жұмысшылардың арасына барып қызмет етуге бел байлауымыз да, бұл қызметтен ауытқушылықтың қандайын болса да қатты жазғыруымыз да табиғи және заңды нәрсе еді, ол кездегі алда тұрған бір міндет — жұмысшы табының арасында бекіпіп алу еді. Ал қазір қозғалысқа орасан көп күш тартылып отыр, оқыған таптардың жас ұрпақтарының таңдаулы өкілдерінің бәрі де бізге келіп жатыр, қозғалысқа қатысып жүрген немесе енді қатысқысы келетін адамдар, социал-демократияға іш тартып жүрген адамдар бүкіл провинцияның барлық жерлерінде де күтуге мәжбүр болып отыр (ал 1894 жылы орыс социал-демократтарын саусақпен санап шығуға болатын еді). Қозғалысымыздың саяси және ұйымдық негізгі кемшіліктерінің бірі — біз осы күштердің барлығын түгел пайдалана *білмей* отырмыз, бұлардың бәріне лайықты жұмыс тапсыра алмай отырмыз (бұл жөнінде келесі тарауда толығырақ айтпақпыз). Бұл күштердің орасан көпшілігінің «жұмысшылар арасына баруға» мүлде мүмкіндігі болмай отыр, сондықтан күштерді өзіміздің негізгі жұмысымыздан басқа жаққа аударып жіберу қаупі жөнінде сөз де болуы мүмкін емес. Ал жұмысшыларға нағыз шын, әр тарапты, нақты саяси білім беру үшін барлық жерде де, барлық қоғамдық топтардың арасында да, біздің мемлекет механизмінің ішкі тетіктерін білуге мүмкіндік беретін орындардың бәрінде де «өз адамдарымыз», социал-демократтар болуы керек. Мұндай адамдар тек насихат пен үгіт жұмысы үшін ғана емес, сонымен қатар әсіресе ұйымдастыру жұмысы үшін де қажет.

Халықтың барлық таптарының арасында қызмет істеуге жағдай бар ма? Жағдайдың бар екендігін көрмей отырған адам өзінің саналылығы жағынан тағы да бұқараның стихиялық өрлеуінен кейін қалып қояды. Жұмысшы қозғалысы біреулер тарапынан наразылық, екінші біреулер тарапынан оппозицияны қолдауға үміт туғызды, үшінші біреулер тарапынан самодержавиенің тұра беруі мүмкін емес, ол құламай қоймайды деген сенім туғызды және туғыза да бермек. Егерде біз наразылықтың қандай да болсын барлық түрлерін пайдалануды, тіпті бастама түріндегі болса да қарсылықтың ұсақ түйіршіктерінің бәрін де жинастырып, қорытындылауды өзіміздің міндетіміз деп білмесек, біз онда тек сөз жүзінде ғана «саясатшылар», сөз жүзінде ғана социал-демократтар болар едік (өмірде мұндай жағдайлар өте-мөте жиі болып отырады). Еңбекші шаруалардың, майдагерлердің, ұсақ қолөнершілердің, т. с. толып жатқан миллиондаған бұқарасы азды-көпті ебі бар социал-демократтың уағызын әрдайым зор ынтамен тыңдаған болар еді, ал бұл арада біз мұны сөз қылып та отырғанымыз жоқ. Халық ішінде правосыздық пен озбырлыққа наразы адамдары, топтары мен үйірмелері болмаған, сол себептен жұрттың нағыз көкейтесті жалпы демократиялық мұқтаждарын айтып беруші социал-демократтың уағызын түсінбейтін тым болмаса бір тап бар деп айтуға бола ма? Ал кімде-кім социал-демократтың халықтың *барлық* таптары мен топтарының арасында жүргізетін бұл саяси үгітін нақты білгісі келсе, біз ол адамға бұл үгіттің басты құралы, сөздің кең мағынасында айтқанда, *саяси әшкерелеушілік* деп көрсетеміз (бірақ, әлбетте, бұл оның бірден-бір ғана құралы емес).

«Біз,— деп мен өзімнің «Неден бастау керек?» («Искра» № 4, май, 1901 ж.) деген мақаламда жазған болатынмын, ол мақала туралы біз төменде толығырақ әңгімелейміз,— халықтың азды-көпті топтарының бәрін *саяси* тәртіптерді әшкерелеуге ынталандыруымыз керек. Қазіргі уақытта саяси әшкерелеу үнінің тым бәсең, сирек және жасқана шығуынан абыржымаған жөн. Бұған полициялық зорлық-зомбылыққа жаппай мойынсұну мүлдем себеп болып отырған жоқ. Мұның себебі—

әшкерелей алатын, әшкерелеуге дайын тұрған адамдардың шығып сөйлейтін трибунасы жоқ,— шешендерді құмарта тыңдап, дем беріп отыратын аудитория жоқ,— ол адамдар «құдіретті» орыс үкіметінің үстінен шағым етуге болатын күштерді халық ішінде еш жерден көре алмай жүр... Патша үкіметін бүкіл халық болып әшкерелеу үшін трибуна құру қазір біздің қолымыздан келеді және біз оны құруға міндеттіміз де;— социал-демократиялық газет осындай трубина болуға тиіс»*.

Саяси тәртіптерді әшкерелеу үшін нақ осындай тамаша аудитория болатын — жұмысшы табы; әр тарапты, нақты саяси білім ең алдымен және бәрінен де көбірек осы жұмысшы табына керек; белсенді күрес тіпті ешбір «қолға ұстарлық нәтиже» бермесе де бұл білімді белсенді күреске айналдыру бәрінен көбірек осы жұмысшы табының қолынан келеді. Ал *бүкіл халық* болып әшкерелеу үшін тек жалпы орыстық газет қана трибуна бола алады. «Саяси орган болмайынша, қазіргі Европада саяси қозғалыс деп атауға тұратын қозғалыс та болуы мүмкін емес», ал бұл жөнінде Россия да, күмән жоқ, қазіргі Европаның қатарына қосылады. Бізде баспасөз әлдеқашан-ақ күш болып алды,— олай болмаған болса, үкімет ол баспасөзді сатып алуға, әр түрлі Катковтар мен Мещерскийлерді қаражаттандыруға он мыңдаған сом ақша жұмсамас еді. Құпия баспасөз цензураның құлпын бұзып, жария органдар мен консерваторлық органдарды өздері туралы ашық сөйлеуге *мәжбүр еткені* самодержавиелік Россияда жаңалық емес. 70-жылдарда да, тіпті 50-жылдарда да солай болған. Ал қазір құпия баспасөзді оқуға әзір және «Искраға» (№ 7) хат[62] жазған бір жұмысшының сөзімен айтқанда, сол құпия баспасөзден «қалай тіршілік етіп, қалай өлуді» үйренуге әзір халық топтары бұрынғыдан әлденеше есе артты, әлденеше есе өсті. Экономикалық әшкерелеу — фабрикантқа қарсы қандай соғыс жариялағандық болса, саяси әшкерелеу *үкіметке* қарсы дәл сондай соғыс жариялағандық болады. Бұл әшкерелеу науқаны неғұрлым кең және неғұрлым батыл болса, *соғысты бастау үшін*

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 10—11-беттер. *Ред.*

соғыс жариялаған қоғамдық *тап* неғұрлым көп және неғұрлым батыл болса, бұл сияқты соғыс жариялаудың жұрттың мінез-құлқына әсер ететін маңызы да соғұрлым зор болады. Сондықтан қазір саяси тәртіптерді әшкерелеу дегеннің өзі бізге жау құрылысты *ірітетін* қуатты құралдардың, жаудың кездейсоқ немесе уақытша одақтастарын одан бөліп жіберетін құралдардың, самодержавиелік өкіметке ұдайы қатысып жүргендердің арасында бір-біріне деген өшпенділік пен сенімсіздік туғызатын құралдардың бірі болып табылады.

Біздің заманымызда нағыз *бүкіл халық* болып әшкерелеуді *ұйымдастыратын* партия ғана революциялық күштердің авангарды бола алады. Ал «бүкіл халық» деген бұл сөздердің өте зор мазмұны бар. Жұмысшы емес таптан шыққан әшкерелеушілердің орасан көпшілігі (ал авангард болу үшін нақ сол басқа таптарды тарта білу керек) — байсалды саясатшылар, сабырлы іскер адамдар. Олар «құдіретті» орыс үкіметінің үстінен «шағым етудің» қауіптілігі былай тұрсын, тіпті ұсақ чиновниктердің үстінен «шағым етудің» өзі де қауіпсіз емес екендігін өте жақсы біледі. Сондықтан олар өздерінің шағымының шын мәнісінде ықпал етуге жарайтындығына, біздің *саяси күш* екендігімізге көздері жеткенде ғана *бізге* шағымын айтып келетін болады. Басқа адамдардың алдында осындай күш болып көріну үшін өзіміздің саналылығымызды, инициативамызды және жігерімізді *көтеру* жөнінде қажымай-талмай көп еңбек етуіміз керек; бұл үшін арьергардтың теориясы мен практикасына «авангард» деген айдар тағу жеткіліксіз болады.

«Пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланысқа» жаны қалмай, елти құлайтын адам бізден: ал егер біз үкіметті нағыз бүкіл халықтың әшкерелеуін ұйымдастыруды өз қолымызға алуға тиісті болсақ, онда біздің қозғалысымыздың таптық сипаты қандай болады? — деп сұрар және қазірдің өзінде-ақ сұрап отыр. — Иә, оның таптық сипаты, атап айтқанда, мынадай болады: бүкіл халықтың осы әшкерелеу ісін ұйымдастырушы біз, социал-демократтар, боламыз; — үгіт арқылы көтерілген мәселелердің бәрі де марксизмді не әдейі, не

білместіктен бұрмалаушылыққа ешбір кеңшілік берілместен бұлтарыссыз социал-демократиялық рухта түсіндіріліп отырады;— жан-жақты саяси үгітті партия жүргізетін болады; бұл партия бүкіл халық атынан үкіметке тегеурін жасау ісін де, пролетариаттың саяси дербестігін сақтай отырып, оған революциялық тәрбие беру ісін де, жұмысшы табының экономикалық күресіне басшылық ету ісін де ажырамастай біртұтас етіп біріктіреді, жұмысшы табының қанаушыларға қарсы стихиялық қақтығыстарын пайдаланып отырады. Бұл қақтығыстар пролетариаттың үсті-үстіне жаңа топтарын көтеріп, оларды біздің жағымызға шығарып отырады!

Ал «экономизмге» тән ерекше белгілердің бірі — оның нақ осы байланысты түсінбейтіндігі, ол ол ма: пролетариаттың ең көкейтесті тілектері (саяси үгіт арқылы, саяси әшкерелеу арқылы жүргізілетін жан-жақты саяси тәрбие) мен жалпы демократиялық қозғалыс тілектерінің осылай сай келетінін түсінбейтіндігі. Түсінбеушілік тек «мартыновтық» сөздерден ғана емес, сонымен қатар мағынасы жағынан сол сөздерге ұқсас бейне бір таптық көзқарасты дәлел етуден де көрініп отыр. Мәселен, «экономистік» хаттың авторлары «Искраның» 12-номерінде* бұл жөнінде былай деген: ««Искраның» бәз-баяғы негізгі кемшілігі (идеологияны асыра бағалайтындығы) социал-демократияның әр түрлі қоғамдық таптар мен бағыттарға көзқарасы жөніндегі мәселеде «Искраның» дәйексіздік көрсетуіне себеп болып отыр. Абсолютизмге қарсы дереу күреске шығу міндетін теориялық есеппен шеше салып...» («партиямен бірге өсетін партиялық міндеттердің өсуі...» арқылы шешпей) «және, шамасы, істің жайы қазіргідей болып отырғанда жұмысшылар үшін бұл міндеттің барынша ауыр екендігін сезіп»... (бұл міндет жас балалардың қамын жеп жүрген «экономистік» интеллигенттерден гөрі жұмыс-

* «Экономистерге» өте-мөте тән бұл хатқа біздің мейлінше толық жауап беруімізге «Искрада» орынның жеткіліксіздігі мүмкіндік бермеді. Бұл хаттың жарық көргеніне біз өте қуандық, өйткені «Искрада» таптық көзқарастан таюшылық бар екен деген лақап бізге тіпті жан-жақтан әлдеқашан-ақ жеткен болатын, сондықтан біз мұндай алыпқашты айыптауға жауап беру үшін тек қолайлы кезді немесе ондай айыптаудың жазылып шығуын күткен едік. Ал біз шабуылға жауап бергенде қорғану арқылы жауап бермей, қайта шабуылға қарсы шабуыл жасау арқылы жауап беруге әдеттенгенбіз.

шыларға жеңілірек көрінетіндігін тек сезіп қана емес, оны жақсы біліп деңіз, өйткені, әйгілі Мартыновтың сөзімен айтқанда, жұмысшылар тіпті «ешбір қолға ұстарлық нәтижелер» бермейтін талаптар үшін де тартысуға дайын)... «бірақ бұл күрес үшін жұмысшылардың тағы да күш жинай түсуін күтуге шыдамай, «Искра» өзіне либералдар мен интеллигенцияның арасынан одақтастар іздей бастады...».

Иә, солай, біздің «экономистер» *өздерінің* артта қалғандығын жұмысшыларға жабуын қашан қоятындығын, өздерінің жігерінің жеткіліксіздігін бейне жұмысшылардың күшінің жеткіліксіздігінен деп ақтауын қашан қоятындығын «күте-күте», мұнысын қояды деп «келістірушілер» атаулының бәрі де бізге көптен уәде еткен осы жақсы заманды «күте-күте» біз расында да әбден бар «шыдамымыздан» айрылдық. Біз өзіміздің «экономистерден»: «бұл күрес үшін жұмысшылардың күш жинауы» қандай болу керек? деп сұрап көрейік. Күш жинағанда жұмысшыларға саяси тәрбие беру арқылы, біздің жексұрын самодержавиенің *барлық* жақтарын жұмысшылардың алдында әшкерелеу арқылы жинауға болатындығы айқын емес пе? Бізге *дәл осы жұмыс үшін,* земствошыларға, мұғалімдерге, статистиктерге, студенттерге, т. с. саяси шабуыл жасаушылықты бізбен бірге әшкерелеуге дайын тұрған «либералдар мен интеллигенцияның арасынан одақтастар» табу керек екендігі айқын емес пе? Осы бір таңқаларлық «айлалы механиканы» түсіну шынында соншалық қиын болғаны ма? «Орыс социал-демократтарының пролетариат емес таптардың арасынан өздеріне жақтаушылар табу, тікелей немесе жанама одақтастар табу міндеті бәрінен бұрын және көбінесе пролетариаттың өз ішінде жүргізілетін насихат жұмысының сипатына қарай шешіледі»[63] деп, сіздерге П. Б. Аксельрод 1897 жылдан бері-ақ айтып келе жатқан жоқ па? Ал Мартыновтар мен басқа «экономистер» сонда да болса істің жайын осы күнге дейін былай түсініп келеді: жұмысшылар *әуелі* «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу арқылы» өздеріне күш жинап алуға тиіс (тред-юниондық саясат үшін), *сонан кейін* ғана,— шамасы, тред-юнион-

дық «белсенділікті жетілдіруден» социал-демократиялық белсенділікке «көшуге» тиіс!

«... «Искра» өзінің ізденулерінде,— дейді мұнан соң «экономистер»,— тап қайшылықтарын көмескілендіріп және жұрттың үкіметке наразылығының себептері мен мөлшері «одақтастар» арасында тіптен әр қилы бола тұрса да, жұрттың үкіметке наразылығының ортақтығын алдыңғы қатарға қойып, екінің бірінде таптық көзқарастан тайып кетіп отырады. Мәселен, «Искраның» земствоға көзқарасы осындай»... «Искра» «үкіметтің берген садақаларына қанағаттанбай жүрген дворяндарға жұмысшы табы көмектеседі деп уәде береді»-міс, «сөйте тұрып халықтың бұл топтарының арасындағы таптық араздық туралы жұмған аузын ашпайды»-мыс. Егерде оқушы «Самодержавие және земство» («Искраның» 2 және 4-номерлері)[64] деген мақалаларды алып қараса,— хат авторларының айтып отырғаны, *сірә,* осы мақалалар болу керек,— сонда ол бұл мақалалардың* «сословиелік-бюрократиялық земствоның жұмсақ үгітіне», «тіпті дәулетті таптардың өз бетімен әрекет істеуіне» *үкіметтің* қалай қарайтындығына арналып жазылғандығын көреді. Бұл мақалада: үкіметтің земствоға қарсы күресіне жұмысшылардың немқұрайды қарауына болмайды, революциялық социал-демократия бар қабілетімен үкіметке құлшына қарсы шығып отырғанда, земствошылар да жұмсақ сөздерін тастап, қатты, өткір сөздер айтатын болсын делінген. Хаттың авторларына мұның қай жері ұнамайды екен? — онысы белгісіз. Олар, әлде, жұмысшылар «дәулетті таптар» және «сословиелік-бюрократиялық земство» деген сөздерге «түсінбейді» ғой деп ойлай ма екен?— әлде земствошыларды жұмсақ сөздерден қатты сөздерге көшуге *итермелеу* «идеологияны асыра бағалағандық» болады деп ойлай ма екен? Олар, әлде, жұмысшылар абсолютизмнің земствоға *да* қалай қарайтындығын білмесе, абсолютизммен күресу үшін жұмысшылар «өздеріне күш жинап» ала алады деп біле ме екен? Мұның бәрі тағы да белгі-

* Ал бұл мақалалардың *аралығында* («Искра» № 3) біздің деревнядағы таптық антагонизмдер туралы арнаулы мақала басылған. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.)*

сіз болып қалып отыр. Бұл арада бір-ақ нәрсе айқын: әлгі хаттың авторлары социал-демократияның саяси міндеттерін өте бұлдыр түсінеді. Олардың бұл пікірі ««Искраның» студенттер қозғалысына да көзқарасы» (яғни «таптар антагонизмін көмескілендіретін» тәрізді көзқарасы) «нақ осындай» деген сөздерінен онан бетер айқын көрінеді. Зорлықтың, бассыздықтың және жүгенсіздіктің нағыз ұясы студенттер емес, орыс үкіметі деп жұрт алдында жариялауға жұмысшыларды шақырудың («Искра» № 2*) орнына біз, шамасы, «Рабочая Мысльдің» рухындағы пікірлерді басып шығаруға тиісті екенбіз ғой! Ал мұндай пікірді социал-демократтар 1901 жылдың күзінде, февраль және март оқиғаларынан кейін, студенттер арасындағы жаңадан өрлеу қарсаңында айтып отыр, бұл өрлеу самодержавиеге жасалған наразылықтың «стихиялылығы» социал-демократияның қозғалысқа саналы басшылық етуінен бұл жөнінде де *озып кеткендігін* көрсетіп отыр. Полиция мен казактардан таяқ жеп жатқан студенттерге болысқысы келген жұмысшылардың стихиялық талабы социал-демократия ұйымының саналы қызметінен озып кетіп отыр!

«Оның бер жағында,— дейді бұдан соң хаттың авторлары,— «Искра» басқа мақалаларында мәмлеге келудің қандайын болса да қатты айыптап, мәселен, гедшілдердің өрескел мінез-құлықтарына ара түсіп отыр». Осы күнгі социал-демократтардың арасындағы алауыздықтар жайында әдетте сондай дандайсып, ұшқалақтық жасап: бұл алауыздықтар оншама мәнді нәрсе емес, жікке бөлінуге тұрарлық нәрсе емес деп жүрген адамдарға біз бұл сөздерінді жақсылап ойлап қараңдар деп кеңес береміз. Самодержавиенің нағыз әр түрлі таптарға дұшпан екенін анықтау жөнінде, халықтың нағыз әр түрлі топтарының самодержавиеге оппозицияда екендігімен жұмысшыларды таныстыру жөнінде, біз әлі тым аз іс істедік деп жүрген адамдардың және бұл жөніндегі істі «мәмлеге келгендік» деп білетін, сірә, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» теория-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер. *Ред.*

сымен мәмлеге келгендік деп білетін адамдардың бір ұйымда болып, жемісті жұмыс істеуі мүмкін бе?

Біз шаруалардың азат етілуінің қырық жылға толуы жөнінде сөз қылғанда деревняға тап күресін енгізу қажеттігі туралы (№ 3)* және Виттенің құпия жазбасы жөнінде сөз қылғанда өзін-өзі басқару мен самодержавиенің ымырасыздығы жайында айттық (№ 4); біз жаңа заң жөнінде сөз қылғанда жер иелерінің крепостниктігі мен оларға қызмет етіп отырған үкіметтің крепостниктігіне шабуыл жасадық (№ 8)** және земствошылардың жалынышты өтініштер беруден күреске көшуін көтермелеп, земствоның астыртын жиналған съезін құттықтадық (№ 8)***,— біз саяси күрестің қажеттігін түсіне бастаған және саяси күреске көше бастаған студенттерді көтермеледік (№ 3) және сонымен қатар студенттерді көше демонстрацияларына қатыспауға шақырып, «тек қана студенттер» қозғалысын жақтағандардың «дөрекі түсінбеушілігін» қатты сөктік (№ 3, Москва студенттері Атқару комитетінің 25 февральдағы үндеуі жөнінде);— біз «Россия»[65] газетіндегі либерал зымияндардың «бос қиялдары» мен «алдамшы екіжүзділігін» әшкереледік (№ 5) және сонымен қатар «тыныш жүрген әдебиетшілерді, қарт профессорлар мен ғалымдарды, белгілі либерал земствошыларды азаптаған» үкімет қапасының айуандығын айттық (№ 5: «Полицейлердің әдебиетке шабуыл жасауы»)[66]; біз «жұмысшылардың тұрмысын жөндеу туралы мемлекет қамқоршылығы» программасының шын мәнін әшкереледік, «өзгерістің төменнен жасалуына кез болғаннан гөрі оның төменнен талап етілуін болдырмау үшін өзгерісті жоғарыдан жасап жіберген артық» дейтін «бағалы мойындауды» құттықтадық (№ 6)****;— біз протестант-статистиктерді көтермеледік те (№ 7), ал штрейкбрехерстатистиктерді сөктік (№ 9)[67]. Кімде-кім бұл тактиканы пролетариаттың таптық санасын көмескілегендік және *либерализммен мәмлеге* келгендік деп

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 92—98-беттер. *Ред.*

*** Бұл да сонда, 90—100-беттер. *Ред.*

**** Бұл да сонда, 82, 83-беттер. *Ред.*

тапса, ол адам мұнысымен «Credo» программасының шын мәнін өзінің мүлде түсінбейтіндігін көрсетеді және ол адам бұл программадан қаншама бездім десе де, de facto *нақ сол программаны жүргізеді!* Өйткені ол *мұнысымен* социал-демократияны «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізуге» қарай сүйрейді және *«әрбір* «либералдық» мәселеге белсене кірісу, бұл мәселеге *өзінің*, социал-демократиялық, көзқарасын белгілеу міндетінен бас тартып, *либерализмнің алдында тізе бүгеді.*

е) ТАҒЫ ДА «ЖАЛАҚОРЛАР», ТАҒЫ ДА «МИСТИФИКАТОРЛАР»

Бұл сүйкімді сөздер «Рабочее Делоныкі» екені оқушының есінде болар; «Рабочее Дело» бұл сөздерді біздің оны «жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыру үшін жанама жолмен негіз әзірлейді» деп айыптауымызға қарсы жауап ретінде қолданады. «Рабочее Дело» аңқаулығына басып, бұл айыптауды тек айтыс үстінде шығып кеткен ащы сөз: әлгі мейірімсіз догматиктер бізге неше түрлі ұнамсыз сөздерді айтып қалмақ болған ғой деп ойлады, ал шынында буржуазиялық демократияның құралы болудан өткен ұнамсыз не болмақ? Міне, сөйтіп ірі әріптермен: «нағыз көрнеу жала» («Екі съезд», 30-бет), «мистификация» (31), «маскарад» (33) деген сияқты «жауап» басып шығарды. «Рабочее Дело» Юпитерге ұқсап (бірақ оның Юпитерге ұқсастығы да шамалы) ашуланады, ашуланғанда өз пікірі теріс болғандықтан ашуланып отыр, өзінің асығыс балағаттауы арқылы қарсыластарының ой-пікір желісін пайымдауға қабілетсіз екендігін көрсетіп отыр. Ал бұқаралық қозғалыстың стихиялылығына табынушылықтың *қандайы* болса да, социал-демократиялық саясатты тред-юниондық саясаттың дәрежесіне түсіре төмендетушіліктің *қандайы* болса да жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыруға негіз әзірлеушіліктің нақ өзі болатын себебі не екенін түсіну үшін сәл ойланса да жететін еді ғой. Стихиялық жұмысшы қозғалысы өздігінен тек тред-юнионизмді ғана тудыра алады (сөзсіз тудырады да), ал жұмысшы табының тред-юниондық

саясаты жұмысшы табының нағыз буржуазиялық саясаты болып табылады. Жұмысшы табының саяси күреске, тіпті саяси революцияға да қатысуы әлі оның саясатын әсте социал-демократиялық саясат ете қоймайды. «Рабочее Дело» мұны бекерге шығарғысы келмес пе екен? Ақырында ол халықаралық және орыс социал-демократиясының толғағы жеткен мәселелерін өзінің қалай түсінетіндігін барша жұрт алдында бұлтармай, тура айтып бергісі келмес пе екен?— Жо-жоқ, оның еш уақытта да тіпті олай еткісі келмейді, өйткені оның мықтап ұстаған бір тәсілі бар, мұны — «емес-емеспен құтылу» тәсілі деп атауға болады. Мен — мен емес, ат менікі емес, мен арбакеш емеспін. Біз «экономист» емеспіз, «Рабочая Мысль» «экономизм» емес, Россияда «экономизм» атымен жоқ. Бұл өте айлалы, өте «саясатшылдық» тәсіл, мұның тек сәл ғана қолайсыз жері бар: бұл тәсілді қолданушы органдарды «не бұйырасыз?» деп атау рәсім болып отыр.

«Рабочее Делоның» ойынша, Россиядағы буржуазиялық демократия атаулы «жай елес» («Екі съезд», 32-бет)*. Неткен бақытты адамдар! Түйеқұс сияқты, бұлар бастарын қанаттарының астына жасырады да, осылай етсек, айналадағының бәрі де ғайып болады деп ойлайды. Бірқатар либерал публицистер,— олар марксизмнің берекесі қашып барады, тіпті жоғала бастады деп өз қуанышын ай сайын барша жұртқа мәлімдеп жүр; бірқатар либералдық газеттер («СПБ. Ведомости» [68], «Русские Ведомости» [69] және басқа да көптеген газеттер) — олар тап күресін брентанша түсінушілікті [70], саясатты тред-юнионша түсінушілікті жұмысшылар арасына таратып жүрген либералдарды көтермелеп отыр; — шын ниетін «Credo» айқын көрсеткен және әдеби товарлары

* Дәл осы арада «орыстың нақты жағдайлары жұмысшы қозғалысын революциялық жолға сөзсіз итермелейді» деп дәлелдемекші болады. Бұл адамдар жұмысшы қозғалысының революциялық жолы социал-демократиялық жол болмай қалуы да мүмкін екенін түсінгісі келмейді! Бүкіл батыс европалық буржуазия абсолютизм тұсында жұмысшыларды революциялық жолға «итермеледі», әдейі итермеледі. Ал біз, социал-демократтар, бұған қанағаттанып қоя алмаймыз. Егерде біз қай жолмен болса да социал-демократиялық саясатты стихиялық, тред-юниондық саясаттың дәрежесіне дейін төмендететін болсақ, дәл осы арқылы буржуазиялық демократияға қызмет еткен болып шығамыз.

Россияда басқа әдебиеттен ерекше емін-еркін кең тарап жүрген марксизмді сынаушылар тобы; — социал-демократиялық *емес* революциялық бағыттардың жандануы, әсіресе февраль және март оқиғаларынан кейін жандануы; — міне, осылардың бәрі, шамасы, жай елес болса керек! Осылардың бәрінің буржуазиялық демократияға тіпті ешқандай қатысы болмаса керек!

«Рабочее Дело» және «Искраның» 12-номеріндегі «экономистік» хаттың авторлары «осы көктемгі оқиғалар социал-демократияның беделі мен абыройын күшейтудің орнына социал-демократиялық емес революциялық бағыттарды жандандырған себебі неде екенін ойлауы» керек еді? — Ол бағыттарды жандандырған себебі: біз өз міндетімізді орындарлық дәрежеде болмадық, жұмысшы бұқарасының белсенділігі біздің белсенділігімізден жоғары болып шықты, бізде барлық оппозициялық топтардың көңіл-күйін жақсы білетін және қозғалысты бастап кете алатын, стихиялық демонстрацияны саяси демонстрацияға айналдырып, оның саяси сипатын ұлғайта білетін және тағы сондайларды істей білетін жеткілікті дайындығы бар революцияшыл басшылар мен ұйымдастырушылар табыла қоймады. Мұндай жағдайда неғұрлым икемді, неғұрлым жігерлі, социал-демократ емес революционерлер біздің артта қалғандығымызды сөзсіз пайдаланатын болады, ал жұмысшылар полициямен және әскерлермен қаншама жан аямай қажырлылықпен күрессе де, қаншама революциялық қимыл жасаса да, тек әлгі революционерлерді қолдаушы күш болып қана шығады, социал-демократиялық авангард болмай, буржуазиялық демократияның арьергарды болып шығады. Герман социал-демократиясын алып қараңыз, ал біздің «экономистер» оның тек әлсіз жақтарын ғана алғысы келеді. Германияда *бірдебір* саяси оқиғаның социал-демократияның беделі мен абыройын үсті-үстіне күшейтуге әсер етпей өтпейтін себебі не? Оның себебі: мұндай оқиғаны неғұрлым революциялық тұрғыдан бағалауда, озбырлыққа қарсы әрбір наразылықты қолдауда социал-демократия әрдайым ең алда болып келеді. Герман социал-демократиясы экономикалық күрес жұмысшыларды өздерінің правосыз-

дығы жөніндегі мәселеге итермелейді және нақты жағдайлар жұмысшы қозғалысын революциялық жолға сөзсіз итермелеп отырады деген сөздермен өзін жұбатпайды. Ол қоғамдық және саяси өмірдің барлық салаларына, барлық мәселелеріне араласып отырады: буржуазияшыл прогрессистерден қойылған қала бастығын Вильгельмнің бекітпей тастағаны жөніндегі мәселеге де (біздің «экономистер»: тегінде, бұларың либерализммен мәмлеге келгендік деп әлі немістердің көзін ашып үлгірген жоқ!), «адамгершілікке жат» шығармалар мен суреттерге қарсы заң шығару мәселесіне де, профессорларды сайлауға үкіметтің ықпал жүргізетіндігі жөніндегі мәселеге де, т. т., т. с. мәселелердің бәріне де араласып отырады. Герман социал-демократтары барлық таптардың саяси паразылығын қоздыра отырып, ұйқышылдарды oята отырып, артта қалғандарды ілгері бастыра отырып, пролетариаттың саяси санасы мен саяси белсенділігінің дамуына жан-жақты материал бере отырып, қай жерде болса да басқалардың алдында келеді. Осының нәтижесінде алдыңғы қатарлы саяси күрескерге тіпті социализмнің саналы дұшпандары да құрметпен қарайтын болып жүр, сөйтіп көп ретте буржуазия былай тұрсын, тіпті бюрократия мен император сарайы төңірегіндегі маңызды деген документ әйтеуір бір кереметпен «Vorwärts» редакциясының кабинетінен бір-ақ шығып жүр.

«Рабочее Делоға» «қайшылық» сияқты болып көрінетін мәселенің сыры, міне, осында жатыр, ал мұның өзі «Рабочее Делоның» ұғым дәрежесінен жоғары екендігі соншалық, ол екі қолын көкке жайып: «маскарад»! деп байбалам салады. Шынында да, ойлап қараңызшы: біз, «Рабочее Дело», жұмысшылардың *бұқаралық* қозғалысын *ең басты мәселе* етіп қоямыз (және оны ірі әріппен басамыз!), біз жұрттың бәрін де, әркімді де стихиялық элементтің маңызын кемітуден сақтандырамыз, біз экономикалық күрестің өзіне, *өзіне*, нақ *өзіне* саяси сипат бергіміз келеді, біз пролетарлық күреспен әмсе тығыз, біте қайнаған байланыс жасап отырғымыз келеді! Ал бізге жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияның құралына айналдыруға негіз әзірлеп

жүрсіңдер деседі. Ал бұлай дейтіндер кімдер десеңізші? Бұлай дейтіндер әрбір «либералдық» мәселеге араласа кетіп, либерализммен «мәмлеге» келетін («пролетарлық күреспен біте қайнаған байланысты» мүлде түсінбеушілік қой бұл!), студенттерге де, тіпті (ой, сұмдық-ай!) земствошыларға да соншама көп көңіл бөлетін адамдар! Бұлай дейтіндер — күштерінің деніп («экономистерге» қарағанда) халықтың пролетар емес таптарының арасындағы жұмысқа жұмсағысы келетін адамдар! Бұл «маскарад» емей немене??

Сорлы «Рабочее Дело»-ай! Оның осы айлалы механиканың сырына жететін кезі болар ма екен, сірә?

IV

ЭКОНОМИСТЕРДІҢ МАЙДАГЕРЛІГІ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҰЙЫМЫ

«Рабочее Делоның» жоғарыда біз талдаған: экономикалық күрес дегеніміз саяси үгіттің өте-мөте көп қолданылатын құралы, біздің қазіргі міндетіміз — экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру деген сияқты пайымдаулары оның біздің саяси міндеттерімізді ғана емес, сонымен қатар біздің *ұйымдық* міндеттерімізді де тайыз түсінетіндігін көрсетеді. «Қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізу» үшін бір орталыққа бағынған жалпы орыстық ұйымның, саяси оппозицияның, наразылық пен ашынудың барлық және кез келген көріністерін тұтас бір тегеурін етіп біріктіретін ұйымның, революционер болуды кәсіп еткен адамдардан құралған ұйымның және бүкіл халықтың нағыз саяси көсемдері басшылық ететін ұйымның мүлде керегі жоқ, ондай күрестен мұндай ұйымның жасалып шығуы мүмкін де емес. Бұлай болатыны түсінікті де. Қандай да болсын мекеме ұйымының сипаты сол мекеме қызметінің мазмұнына қарай белгіленетіні табиғи және сөзсіз нәрсе. Сондықтан «Рабочее Дело» өзінің жоғарыда талданған пайымдаулары арқылы саяси қызмет өрісінің тарлығын ғана емес, сонымен бірге ұйымдық жұмыс өрісінің тарлығын да баянды етіп, заңдас-

тырып отыр. Әрқашандағыдай, бұл ретте де ол саналылығы стихиялылыққа бас иетін орган болып отыр. Ал оның бер жағында ұйымның стихиялық түрде құралып жатқан формаларына табынушылық, біздің ұйымдастыру жұмысымыздың қаншама өрісі тар, қаншама қарадүрсін екендігін, осы маңызды жұмыс саласында біздің әлі де «майдагер» екендігімізді түсінбеушілік, нақ осы түсінбеушілік, деймін мен, біздің қозғалысымыздың нағыз дерті болып табылады. Бұл кері кету дерті емес, өсу дерті екендігі өзінен-өзі түсінікті. Бірақ нақ қазір, стихиялық ашыну толқыны қозғалыстың басшысы және ұйымдастырушысы болып отырған біздерді басып кетіп отыр деуге болатын кезде, артта қалушылықты қорғаудың қандайына болса да қарсы, бұл істегі тар өрістілікті заңдастыруға тырысушылықтың қандайына болса да қарсы нағыз бітіспес күрес жүргізу өте-мөте қажет, практикалық жұмысқа қатысушылардың бәрін де немесе практикалық жұмысты жаңадан қолға алуға ұмтылушылардың бәрін де бізде үстем болып отырған *майдагерлікке* наразы ету және сол майдагерліктен құтылу үшін олардың белін бекем буғызу өте-мөте қажет.

а) МАЙДАГЕРЛІК ДЕГЕН НЕ?

Бұл сұраққа 1894—1901 жылдардағы кәдімгі социал-демократиялық үйірменің жұмысын көрсететін кішкентай сипаттама арқылы жауап беріп көрейік. Бұл дәуірдегі оқушы жастардың марксизмге жаппай әуестенгендігін біз жоғарыда айтып өттік. Бұл әуестену, әлбетте, теория ретіндегі марксизмге ғана әуестенгендік емес еді, тіпті онан гөрі: «не істеу керек?» деген сұраққа жауап беруге, жауға қарсы жорыққа аттануға шақыруға әуестенгендік болды. Сөйтіп, жаңа жасақшылар жорыққа аттанғанда кісі таңданарлық атам заманғы қару-жарақпен, сондағыдай дайындықпен аттанысты. Көп жағдайда тіпті ешқандай қару-жарағы да, ешқандай дайындықтары да болған жоқ. Олар, соқамен жер жыртатын мужиктер сияқты, жалғыз сойылмен ғана ұрысқа шықты. Студенттер үйірмесі қозғалыстың байырғы қайраткерлерімен ешбір байланыс жасамастан, басқа жер-

лердегі немесе тіпті бір қаланың басқа бөліктеріндегі (немесе өзге оқу орындарындағы)үйірмелермен ешбір байланыс жасамастан, революциялық жұмыстың жеке салаларын ешбір ұйымдастырмастан, айтарлықтай ұзақ уақытқа арналған ешбір жүйелі жоспары болмастан, жұмысшылармен байланыс жасайды да, іске кіріседі. Үйірме бірте-бірте үгіт пен насихат жұмысын үдеткен үстіне үдете береді, өзінің майданға шығу фактісі арқылы жұмысшылардың едәуір қалың топтарын өзіне тілектес етеді, білімді жұртшылықтың да кейбір бөлегін өзіне тілектес етеді; бұл білімді жұртшылық ақшалай көмек беріп, жастардың жаңа топтарын бірінен соң бірін «Комитеттің» қарамағына жіберіп отырады. Комитеттің (немесе күрес одағының) беделі артады, оның жұмыс өрісі ұлғаяды, сөйтіп ол бұл жұмысты мүлдем стихиялы түрде өрістетеді: бұдан бір жыл немесе бірнеше ай бұрын студенттердің үйірмелерінде сөз сөйлеп, «қайда бару керек?» деген мәселені шешкен адамдар, жұмысшылармен байланыс жасап, қатынасып үзбеген адамдар, листоктар жазып, бастырып шығарған адамдар революционерлердің басқа топтарымен байланыс орнатады, әдебиетті іздестіріп табады, жергілікті газет шығаруға кіріседі, демонстрация жасау туралы әңгіме қозғай бастайды, ақырында, ашық ұрыс қимылына көшеді (оның бер жағында, жағдайға қарай, бірінші үгіт листогы да, газеттің бірінші номері де, бірінші демонстрация да ашық ұрыс қимылы болып шығуы мүмкін). Және әдетте бұл қимылдардың алғашқы бастамасының өзі-ақ дереу толық сәтсіздікке ұшыратады. Дереу және толық сәтсіздік болатын себебі: бұл ұрыс қимылдары қажырлы, ұзақ күрестің күні бұрын егжей-тегжейлі ойластырылған, біртіндеп дайындалған жүйелі жоспарының нәтижесінде тумай, дәстүрлі жүргізіліп келе жатқан үйірме жұмысының әншейін стихиялық өсуінің нәтижесі болып келді; өйткені полиция жергілікті қозғалыстың барлық басты-басты қайраткерлерін, студент кездерінен-ақ өздерін «көрсете білгендерді» қашан да, дерлік сөзсіз біліп отырды, сөйтіп полиция оларды ұстауға тек ең қолайлы кезеңді күтіп отырды, айтарлық-

тай corpus delicti* табу үшін полиция үйірменің жеткілікті түрде өсуіне, етек алуына әдейі мүмкіндік беріп отырды, өзіне белгілі бірнеше адамды «ұйтқы» құрал ретінде әрқашан әдейі қалдырып отырды («ұйтқы» деген соз, менің білуімше, біздерде де, жандармдарда да қолданылатын үйреншікті соз). Мұндай ұрысты сойылмен қаруланған шаруалар тобырының қазіргі заманғы әскерге қарсы жасаған жорығымен барабар демеске болмайды. Тек таңданарлық бір нәрсе: шайқасқа шығушылардың ешбір дайындығы болмауына қарамастан, қозғалыс басылмай өршіп отырды, өсіп, ұлғайып, жеңіске жетіп отырды. Рас, тарихи тұрғыдан қарағанда, алғашқы кезде қару-жарақтың қара дүрсін болмайтын лажы жоқ екені былай тұрсын, сонымен бірге жасақшыларды көп тартудың бір шарты ретінде *тіпті заңды* нәрсе еді. Ал елеулі ұрыс қимылдары басталысымен-ақ (ал бұл қимылдар, шынында, 1896 жылғы жазғы стачкалардан басталды),— әскери ұйымымыздың кемшіліктері бірден-бірге қатты сезіле берді. Алғашқы кездерде сасып қалып, бірқатар қателіктер (социалистердің жауыздығын сипаттап қоғамға үндеу жазу немесе жұмысшыларды астаналардан провинциядағы өнеркәсіпті орталықтарға жер аудару сияқты қателіктер) істеген үкімет көп ұзамай күрестің жаңа жағдайларына бейімделіп алды, сөйтіп қару-жарағы сайма-сай, арандатушылардан, тыңшылардан, жандармдардан құралған өз отрядтарын тиісінше орны-орнына қоя білді. Ойрандау жазалары жиі-жиі қайталанып, толып жатқан адамды қамтығандығы, жергілікті үйірмелерді түк қалдырмай жайпап кеткендігі соншалық, жұмысшы бұқарасы тіпті барлық басшыларынан түгелдей дерлік айрылып қалып отырды, қозғалыс адам айтқысыз үздік-создық түрге енді, жұмыста тіпті ешқандай сабақтастық, ешқандай байланыстылық бола алмады. Жергілікті қайраткерлердің таңғажайып бытыраңқылығы, үйірмелердің кездейсоқ адамдардан құралуы, дайындықтың болмауы және теориялық, саяси, ұйымдық мәселелер жөнінде ой-өрісінің тар болуы жоғарыда көрсетілген жағдайлардан туған

* — қылмыс құрамын. *Ред.*

нәтиже еді. Іс мынаған дейін жетті: бізде ұстамдылықтың, құпиялылықты сақтаудың жеткіліксіз болғандығынан кейбір жерлерде жұмысшылар интеллигенцияға сенбей, одан іргесін аулақ салатын болды, жұмысшылар: интеллигенттер алды-артын ойламай, бізді орға әкеліп жығады дейтін болды!

Бұл майдагерліктің дерт екенін ойшыл социал-демократтардың бәрі де ақырында сезе бастағанын қозғалыспен аз да болса таныс адамдардың әрқайсысы-ақ біледі. Ал қозғалыспен таныстығы жоқ оқушы бізді қозғалыстың ерекше бір сатысын немесе ерекше бір дертін қолдап «қиыстырып» отыр екен деп ойлап қалмауы үшін жоғарыда аты аталған куәнің сөзін келтірейік. Көшірме тым ұзақ екен деп жұрт бізге налымас.

«Егерде неғұрлым өрісі кең практикалық жұмысқа бірте-бірте көшушілік,— деп жазады Б — в «Рабочее Делоның» 6-нөмерінде,— көшу болғанда, орыс жұмысшы қозғалысының басынан кешіріп отырған жалпы өтпелі дәуірге тікелей байланысты көшушілік ерекше өзгешелік болып табылатын болса... онда орыс жұмысшы революциясының жалпы механизмінде бұдан кем соқпайтын тағы бір қызғылықты өзгешелік бар. Біздің айтып отырғанымыз — тек Петербургте ғана емес, бүкіл Россияда да *әрекет жасауға жарамды революцияшыл күштердің жалпы кемшілігі* *. Жұмысшы қозғалысының жалпы жандануына, жұмысшы бұқарасының жалпы дамуына, стачкалардың үсті-үстіне жиілене беруіне, үкіметтің қудалауын, тұтқынға алуын, айдауын, жер аударуын күшейтетін жұмысшылардың күннен-күнге өсіп келе жатқан жаппай ашық күресіне байланысты бұл *кемшілік сапасы жоғары революцияшыл күштерде барған сайын көбірек байқалып отыр* және бұл кемшілік, күмән жоқ, қозғалыстың *тереңдігіне, жалпы сипатына әсер етпей қоймайды.* Көп стачка революциялық ұйымдардың күшті әрі тікелей әсерінсіз өтіп жатыр... үгіт листоктары мен құпия әдебиеттің жеткіліксіздігі сезіледі... жұмысшы үйірмелері үгітшілерсіз қалып отыр... Мұнымен қатар ақша қаражатына үнемі мұқтаждық байқалады. Қысқасы, *жұмысшы қозғалысының өсуі революциялық ұйымдардың өсіп, дамуын басып озуда.* Толқыған бүкіл жұмысшы бұқарасына бір қолдан өздері ықпал жүргізіп отыру үшін, барлық толқуларға тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың ең болмаса реңкін беру үшін әрекет істеуші революционерлердің нақты саны тым мардымсыз болып отыр... Жеке үйірмелердің, жеке революционерлердің басы қосылмаған, біріктірілмеген, бұлар бөлімдері орны-орнымен дамыған біртұтас,

* Барлық жерде де курсив біздікі.

күшті, тәртіпті ұйым бола алмай отыр»... Сөйтіп, талқандалған үйірмелердің орнына жаңа үйірмелердің дереу пайда болуы «қозғалыстың өміршең екендігін ғана дәлелдейді... бірақ әбден жарамды революцияшыл қайраткерлердің саны жеткілікті екендігі бұдан әлі көріне қоймайды» дей келіп, автор мынадай қорытынды жасайды: «Петербург революционерлерінің практика жүзіндегі шалағайлығы олардың жұмыс нәтижелерінен де біліпіп отырады. Соңғы процестер, әсіресе «Өзін өзі азат ету» тобы мен «Еңбектің капиталға қарсы күресі» [71] тобының процестері мынаны айқын көрсетті: белгілі бір заводтағы еңбек жағдайымен, демек, үгіт жағдайымен де жете таныс емес, құпиялықтың принциптерін білмейтін және социал-демократияның тек жалпы көзқарастарын ғана ұғынған» (ұғынған ба?) «жас үгітші не бары 4, 5, 6 ай ғана жұмыс істей алады. Одан кейін қамау басталады, көбінесе осымен қоса-қабат бүкіл ұйым немесе ең кемі оның бір бөлімі талқандалады. Мынадай сұрақ туады: егер бұл топтың өмір сүретін уақыты бірнеше ай ғана болса, ол топтың жұмысы ойдағыдай, жемісті бола ала ма? Анығында, қазіргі ұйымдардың кемшіліктерін түгелімен өтпелі дәуірге жатқызуға болмайды... анығында, жұмыс істеуші ұйымдардың адамдарының сан жағы, әсіресе сапа жағы бұл арада зор роль атқарады, сондықтан біздің социал-демократтардың бірінші міндеті... *мүшелерді қатаң іріктеп ала отырып, ұйымдарды іс жүзінде біріктіру* болуға тиіс».

б) МАЙДАГЕРЛІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИЗМ

Біз енді қазірдің өзінде-ақ әрбір оқушының ойында тууы мүмкін бір мәселеге тоқтап өтуге тиіспіз. *Бүкіл* қозғалысқа тән өсу дерті болып отырған бұл майдагерлікті орыс социал-демократиясының *бір* ағымы болып отырған «экономизммен» байланысты деуге бола ма? Біздің ойымызша, болады. Практика жүзіндегі шалағайлық, ұйымдастыру жұмысын жүргізе білмеушілік шынында біздің *бәрімізге* де, оның ішінде әуел бастан-ақ бұлжымастан революцияшыл марксизмнің көзқарасында болған адамдарға да ортақ нәрсе. Әңгіме шалағайлықтың бір өзінде ғана болса, бұл үшін практиктерді, әрине, ешкім де айыптай алмас еді. Бірақ шалағайлықпен қоса «майдагерлік» деген ұғымға кіретін басқа нәрсе де бар, ол: жалпы алғанда бүкіл революциялық жұмыс өрісінің тарлығы, мұндай өрісі тар жұмыс үстінде революционерлердің жақсы ұйымы құрыла алмайтындығын түсінбеушілік, ақырында — басты нәрсе де осы — бұл тар өрістілікті ақтауға, оны бір айрықша

«теория» етуге тырысушылық, яғни бұл ретте де стихиялылыққа табынушылық. Осындай әрекеттер білінгеннен кейін-ақ майдагерліктің «экономизммен» байланысты екендігі, біз «экономизм» атаулыдан (яғни марксизмнің теориясын да, социал-демократияның ролін де, оның саяси міндеттерін де тайыз ұғынушылықтан) арылмайынша, ұйымдастыру жұмысындағы тар өрістіліктен де арыла алмайтындығымыз даусыз болып отыр. Ал бұл әрекеттер екі түрлі бағытта білінді. Біреулер былай дейтін болды: революционерлер «таңып» отырған кең көлемді, айбынды саяси міндеттерді жұмысшы бұқарасы өздігінен әлі алға қойған жоқ, жұмысшы бұқарасы әлі де *таяудағы* саяси талаптар жолында күресуге тиіс, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізуге тиіс * (ал бұқаралық қозғалысқа «ыңғайлы» бұл күреске, тіпті түк дайындығы жоқ жастарға да «ыңғайлы» ұйымның сәйкес келетіндігі табиғи нәрсе). Ал «бірте-бірteліктің» қандайынан болса да бойып аулақ салатын екінші біреулер былай дейтін болды: «саяси революция жасау» мүмкін де, керек те, бірақ бұл үшін пролетариатты табанды, қажырлы күрес арқылы тәрбиелейтін революционерлердің мықты ұйымын құрудың ешқандай қажеттігі жоқ; бұл үшін тек бәріміз бірдей өзімізге «ыңғайлы» және үйреншікті сойылды қолға алсақ болғаны. Турасын айтқанда — жаппай стачка жасасақ болғаны **; немесе біз жұмысшы қозғалысының «сылбыр» жүрісін «эксцитативтік террор» арқылы жылдамдатсақ болғаны ***. Бұл екі бағыттың екеуі де оппортунистер де, «революцияшылдар» да үстем болып отырған майдагерлікке бас иеді, одан арылудың мүмкіндігіне сенбейді, біздің бірінші және ең зәру практикалық міндетімізді: саяси күрестің қуатты, тұрақты, сабақтас болуын қамтамасыз ете алатын *революционерлер ұйымын* құру жөніндегі міндетімізді түсінбейді.

---

* «Рабочая Мысль» және «Рабочее Дело», әсіресе, Плехановқа «Жауап».

** «Саяси революцияны кім жасайды?» деген кітапша — Россияда шыққан «Пролетарлық күрес» деген жинақта басылды. Мұны Киев комитеті де қайтадан басып шығарған.

*** «Революционизмнің қайта тууы» және «Бостандық».

Біз әлгінде Б — втың: «жұмысшы қозғалысының өсуі революциялық ұйымдардың өсіп, дамуын басып озуда» деген сөздерін келтірдік. Осы «жақын бақылаушының бағалы сөзі» (бұл «Рабочее Дело» редакциясының Б — втың мақаласы туралы айтқан пікірі) біз үшін екі есе бағалы. Бұл сөз орыс социал-демократиясындағы қазіргі дағдарыстың негізгі себебі *басшылардың* («идеологтардың», революционерлердің, социал-демократтардың) *бұқараның стихиялық өрлеуінен кейін қалғандығынан* деген біздің пікіріміздің дұрыс екенін көрсетеді. Бұл сөз «экономистік» хаттың («Искраның» 12-номеріндегі) авторлары Б. Кричевский мен Мартыновтың стихиялық элементтің, күнделікті қарапайым күрестің маңызын кемітудің қауіпті екені туралы, тактика-процесс, т. б. туралы айтқан пайымдауларының бәрі де майдагерлікті дәріптеп, қорғағандық болып табылатындығын көрсетеді. «Теоретик» деген сөзді беттерін тыржитпай айта алмайтын, тұрмыстағы шалағайлық пен мешеулікке өздерінің тізе бүгетіндігін «өмірді білгендік» дейтін осы адамдар іс жүзінде біздің ең көкейтесті *практикалық* міндеттерімізді түсінбейтіндіктерін көрсетіп отыр. Кейін қалып қойған адамдарға: қатар жүріңдер! озбаңдар! деп айқайлайды. Ұйымдастыру жұмысында ынта-жігері мен бастамасының кемдігінен, істі кең және батыл жолға қою «жоспарларының» кемдігінен азап шегіп жүрген адамдарға «тактика-процесс» дегенді айтып айқайлайды! Біздің негізгі кемшілігіміз — өзіміздің саяси *және ұйымдық* міндеттерімізді күнделікті экономикалық күрестің таяудағы, «қолға ұстарлық», «нақты» мүдделерінің дәрежесіне түсіре *төмендетуде* болып отыр, ал соның өзінде бізге: экономикалық күрестің өзіне саяси сипат беру керек деп қақсауларын қоймайды! Тағы да айтамыз: өлікті қоюға апара жатқандарды көріп: «көмбелерің көбейсін!» деп айқайлаған халық ертегісі кейіпкерінің «өмірді білгендігі» қандай болса, бұ да нақ сондай болып табылады.

Бұл даналардың өлшеусіз паңдықпен, нағыз «нарцисше» менмендікпен Плехановқа қалай ақыл үйреткенін есіңізге түсіріңіз: «тегінде жұмысшы *үйірмелеріне* (sic!) сөздің шын, *практикалық* мағынасындағы саяси

міндеттер, яғни саяси талаптар үшін жүргізілетін, мақсатқа үйлесімді және ойдағыдай болатын *практикалық* күрес мағынасындағы саяси міндеттер қол жетерлік міндеттер емес» (««Рабочее Дело» редакциясының жауабы», 24-бет). Үйірменің де үйірмесі бар, мырзалар! «Майдагерлердің» үйірмелеріне, ол майдагерлер өздерінің майдагерліктерін мойындамай, одан арылмай тұрғанда, саяси міндеттер, әрине, қол жетпейтін міндеттер болады. Ал егер бұл майдагерлер оның үстіне оздерінің майдагерліктеріне сүйсінетін болса, егер олар «практикалық» деген сөзді ылғи курсивпен жазып, практикашылдық оз міндеттерін бұқараның ең мешеу қалған топтарының ұғымына шақтап төмендетуді керек қылады деп ойлайтын болса,— онда, әлбетте, ондай майдагерлерден үміт күтуге болмайды және оларға, шынында, *саяси міндеттер жалпы қол жетпейтін* міндеттер болады. Бірақ Алексеев пен Мышкин, Халтурин мен Желябов сияқты кемеңгерлердің үйірмелеріне сөздің нағыз шын, нағыз практикалық мағынасындағы саяси міндеттер әбден қол жетерлік міндеттер болды, өйткені олардың жалынды уағызына стихиялы түрде оянып келе жатқан бұқара үн қосты, олардың қайнаған жігерін революцияшыл таптың жігері іліп алып, барынша қолдап отырды. Плехановтың сол революцияшыл тапты көрсетіп қана қоймай, ол таптың стихиялық түрде қалайда, сөзсіз оянатындығын дәлелдеп қана қоймай, сонымен бірге «жұмысшы үйірмелерінің» алдына өрелі, ұлы саяси міндеттерді де қойғаны мың мәрте дұрыс еді. Ал сіздер сонан бергі туған бұқаралық қозғалысты соз қылғанда, осы міндетті *төмендету* үшін, «жұмысшы үйірмелерінің» жігерін, оның істейтін ісінің орісін *тарылту* үшін соз қыласыздар. Мұның өзі майдагердің өз майдагерлігіне сүйсінгендігі емей немене? Сіздер өз практикашылдықтарыңызды айтып мақтанасыздар, бірақ әрбір орыс практигіне мәлім фактіні — революция ісінде үйірменің ғана емес, тіпті жеке адамның да жігері қандай кереметтер жасай алатындығын көрмей отырсыздар. Әлде сіздер 70-жылдарда болған кемеңгерлер сияқты кемеңгерлер біздің қозғалысымызда болмайды деп ойлайсыздар ма? Неге болмайды? Біздің дайын-

дығымыз кем болғандығынан ба? Бірақ біз дайындалып жатырмыз, дайындала береміз және дайындалып шығамыз да! Рас, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрестің» қақ суында, біздің сорымызға, көкзең пайда болды, стихиялылыққа жүгініп, табынатын адамдар, орыс пролетариатының «сыртына» (Плехановтың сөзімен айтқанда) телміре көз тігетін адамдар пайда болды. Бірақ біз бұл көкзеңнен құтыла аламыз. Нақ қазіргі кезде орыс революционері нағыз революциялық теорияны басшылыққа ала отырып, стихиялық түрде оянып келе жатқан, нағыз революцияшыл тапқа сүйене отырып, ақыр соңында — ақыр соңында! — еңсесін көтеріп, аяғын тік басып, өзінің алып күштерінің бәрін көрсете алады. Бұл үшін тек көптеген практиктер арасында, тіпті мектепте оқып жүрген кезінен-ақ практикалық жұмыс істеуді арман ететін, әлгі практиктерден де көп адамдар арасында біздің саяси міндеттерімізді төмендетуге және біздің ұйымдастыру жұмысымыздың өрісін тарылтуға тырысқан әрекеттердің бәрі мазақталып, жек көруге душар болып отыруы керек. Ал біз осыны істейміз, бұған күмәнданбаңыздар, мырзалар!

«Неден бастау керек?» деген мақалада мен «Рабочее Делоға» қарсы былай деп жазған болатынмын: «Белгілі бір арнаулы мәселе жөніндегі үгіт тактикасын, партия ұйымының белгілі бір уақ-түйек істерін жүргізу тактикасын 24 сағаттың ішінде өзгертуге болады, ал айбынды ұйым мен бұқара арасындағы саяси үгіт, жалпы алғанда, барлық уақытта және сөзсіз керек пе, жоқ па деген мәселе жөнінде өзінің көзқарасын 24 сағат былай тұрсын, 24 айдың ішінде де мүлдем тұрлаусыз адамдардың ғана өзгертуі мүмкін»*. «Рабочее Дело» бұған былай деп жауап қайырады: ««Искраның» таққан айыптарының ішіндегі нақты деген осы бірден-бір айыптауының өзінде ешбір дәлел жоқ. Біздің ең әуелден-ақ, «Искраның» шығуын күтпестен, саяси үгітке шақырып қана қоймағанымызды «Рабочее Делоның» оқушылары жақсы біледі»... (бұған мынадай сөз қосады: жұмысшы үйірмелері ғана емес, «сонымен бірге бұқаралық жұмыс-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 6-бет. *Ред.*

шы қозғалысына да абсолютизмді құлатуды бірінші саяси міндет етіп қою мүмкін емес», тек таяудағы саяси талаптар жолында күресуді ғана бірінші міндет етіп қоюға болады, ал «таяудағы саяси талаптар бір стачкадан кейін немесе, ең әрі кеткенде, бірнеше стачкадан кейін бұқараның алға қоя алатын талаптары болады»)... «сонымен бірге Россияда істеуші жолдастарға *бірден-бір* социал-демократиялық саяси-үгіт материалын өзіміздің басылымдарымыз арқылы шетелден жеткізіп тұрдық»... (оның бер жағында сіздер осы бірден-бір материалыңызда саяси үгітті тек экономикалық күрес негізінде өте-мөте кең қолданып қана коймай, сонымен бірге бұл тар өрісті үгітті «өте-мөте кең қолданылырлық» үгіт деуге дейін де бардыңыздар. Ал сіздердің келтірген дәлелдеріңіз «Искраның» пайда болуының — осындай *бірден-бір* материал барда — өте қажет екендігін және «Искраның» «Рабочее Делоға» қарсы күресуі қажет екендігін дәлелдейтінін сіздер байқамайсыздар ма, мырзалар?)... «Екінші жағынан, біздің баспа жұмысымыз іс жүзінде партияның тактикалық бірлігін дайындады»... (тактика дегеніміз партиямен бірге өсетін партия міндеттерінің өсу процесі деген пікірдің бірлігі ме? Қымбат бірлік екен!)... «және осы арқылы «жауынгер ұйым» құрудың мүмкіндігін көрсетті, ол ұйымды құру үшін. Одақ шетелдегі ұйымға қол жетерлік істің бәрін істеді» («Рабочее Дело» № 10, 15-бет). Бұлтарып кету үшін істелген бос әрекет! Сіздер өздеріңізге қол жетерлік нәрсенің бәрін істеп бақтыңыздар, мен оны еш уақытта да бекерге шығармақшы болған емеспін. Мен бұрын да айтқанмын, қазір де айтамын — сіздерге «қол жетерлік» нәрсенің *шеңбері* өз ұғымдарыңыздың тайыздығынан тарылып отыр. «Таяудағы саяси талаптар» жолында күресетін немесе «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізетін «жауынгер ұйым» туралы сөз қылудың өзі адам күлерлік нәрсе.

Ал егер оқушы майдагерлікке «экономистерше» сүйсінушіліктің үлгілерін көрем десе, онда ол, әлбетте, эклектик және түрлаусыз «Рабочее Делоны» қоя тұрып, дәйекті және батыл «Рабочая Мысльге» назар аударуға

тиіс. Р. М. «Жеке қосымшаның» 13-бетінде былай деп жазды: «Енді революцияшыл интеллигенция дейтіндер туралы бір-екі сөз айталық, рас, олар «патша өкіметімен батыл шайқасуға» өздерінің әбден дайын екендігін іс жүзінде талай рет көрсетті. Тек бар қырсық мынау: саяси полициядан аяусыз қуғын-сүргін көріп жүрген біздің революцияшыл интеллигенция осы саяси полицияға қарсы күресті самодержавиеге қарсы саяси күрес деп түсінді. Сондықтан да «самодержавиеге қарсы күресу үшін керекті күшті қайдан алу керек?» — деген мәселе оларға осы күнге дейін анықталмаған мәселе болып қалып отыр».

Рас емес пе: *стихиялық* қозғалысқа табынушының (жаман мағынада табынушының) полицияға қарсы күресті мұндай керемет менсінбеушілігі теңдесі жоқ нәрсе ғой? Ол біздің құпиялыққа олақтығымызды бұқараның стихиялық қозғалысы кезінде саяси полициямен күресудің өзі біз үшін, асылында, маңызды нәрсе емес деп *ақтауға* дайын отыр!! Мұндай сорақы қорытындыға қол қоятын адамдар өте-мөте аз табылар: біздің революциялық ұйымдарымыздың кемшіліктері жөніндегі мәселе жұрттың бәрін толғандырып жүр. Ал егер осы қорытындыға, мәселен, Мартынов қол қоймаса, онда ол өзінің қағидаларын жете ойлай білмейтіндіктен немесе бұған батылы бармайтындықтан қол қоймайды. Шынында, бұқараның қолға ұстарлық нәтижелер беретін нақты талаптар ұсынуы сияқты «міндет» революционерлердің берік, бір орталыққа бағынған, жауынгер ұйымын құру жөнінде айрықша қам істеуді керек қыла ма? мұндай «міндетті» әсте «саяси полициямен күреспейтін» бұқара да орындамай ма? Ол ол ма: егер аздаған басшылардан басқа бұл міндетті «саяси полициямен күресуге» әсте *қабілеті жоқ* жұмысшылар да (солардың орасан көпшілігі) қолға алмаған болса, бұл міндет орындалар ма еді? Мұндай жұмысшылар, бұқараның орташа адамдары, стачкада, полиция мен әскерге қарсы көшеде жүргізілетін күресте аса зор қайрат, жан аямас ерлік көрсете алады, бүкіл қозғалысымыздың тағдырын *шеше* алады (және тек солардың

ғана қолынан келеді),— ал нақ сол *саяси* полицияға қарсы күрестің өзі айрықша сапаны керек етеді, *кәсібі жағынан* революционерлерді керек етеді. Сондықтан біз бұқараның нақты талаптарды ғана «ұсынуын» көздемей, сонымен бірге жұмысшылар бұқарасының осындай кәсібі жағынан революционерлерді шеғұрлым көп «ұсынып отыруын» да көздеуге тиіспіз. Сөйтіп, біз енді профессионал революционерлер ұйымы мен таза жұмысшы қозғалысының арақатынасы туралы мәселеге жеттік. Әдебиетте аз қозғалған осы мәселені біз, «саясатшылар», «экономизмге» азды-көпті бейім жолдастармен әңгімелескенде, таласқанда көп талқыладық. Бұл мәселеге ерекше тоқталып өту керек. Бірақ алдымен майдагерліктің «экономизммен» байланыстылығы жөнінде айтқан өз қағидамызды дәлелдеуді тағы да бір цитатпен аяқтайық.

N. N. мырза өзінің «Жауабында» былай деп жазды: ««Еңбекті азат ету» тобы үкіметке қарсы тікелей күрес жүргізуді талап етеді, бірақ сол күресті жүргізу үшін материалдық күштің бар-жоқтығымен есептеспейді, сол *күресті жүргізу жолдарын* көрсетпейді». Сөйтіп, автор соңғы сөздердің астын сызып, «жолдарын» деген сөзге мынадай ескерту жасайды: «Бұл жағдайды құпиялық мақсаттармен түсіндіруге болмайды, өйткені программада қаскүнемдік туралы сөз болып отырған жоқ, *бұқаралық қозғалыс* туралы айтылып отыр. Ал бұқара құпия жолдармен жүре алмайды. Құпия стачканың болуы мүмкін бе? Құпия манифестация мен петицияның болуы мүмкін бе?» («Vademecum», 59-бет). Автор осы «материалдық күшке» де (стачкалар мен манифестацияларды жасаушылар), күрес жүргізу үшін керекті «жолдарға» да таяу келді, бірақ сөйткенмен де сасқалақтап дал болып қалды, өйткені ол бұқаралық қозғалысқа «табынады», яғни қозғалысқа біздің революциялық белсенділігімізді сергітіп, ілгері *итермелеуге* тиісті нәрсе деп қарамайды, оған бізді өзіміздің революциялық белсенділігімізден *құтқаратын* нәрсе деп қарайды. Стачкаға қатынасушылар үшін және стачкамен тікелей байланыс жасаушы адамдар үшін құпия стачканың болуы мүмкін емес. Бірақ орыс жұмысшыларының көп-

шілігі үшін бұл стачка «құпия» күйінде қала алады (және көбіне «құпия» болып қалып та жүр), өйткені үкімет стачкашылармен қандай да болса байланыс жасаттырмаудың қамын істейді, стачка туралы деректердің қандайын болса да тараттырмаудың қамын істейді. Міне, дәл осы арада «саяси полицияға қарсы айрықша күрес» жүргізу керек, мұндай күресті стачкаларға қатынасатын бұқарадай қалың бұқара еш уақытта да белсеніп жүргізе алмайды. Бұл күресті революциялық қызметті кәсіп етіп шұғылданып жүрген адамдар «өнердің барлық ережелеріне сәйкес» ұйымдастыруға тиіс. Қозғалысқа бұқараның стихиялық түрде қатысқандығынан бұл күресті ұйымдастыру *қажеттігі кеміген* жоқ. Қайта, сол себепті ұйымдастыру *қажеттігі неғұрлым* артып отыр, өйткені біз, социалистер, полицияның әрбір стачканы, әрбір манифестацияны құпия етуіне кедергі жасай алмаған болсақ (ал кейде өзіміз де құпия түрде дайындамаған болсақ), онда өзіміздің бұқара алдындағы тікелей міндеттерімізді орындамаған болар едік. Ал біз мұны *істей аламыз,* себебі стихиялық түрде оянып келе жатқан бұқара да «кәсібі жөнінен революционерлерді» *өз ортасынан* барған сайын көптеп *шығара бермек* (егер біз жұмысшыларды бір орынды таптап тұрып қалыңдар деп шақырмасақ, мұны орындай аламыз).

в) ЖҰМЫСШЫЛАР ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР ҰЙЫМЫ

Егер социал-демократ үшін саяси күрес деген ұғым «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» ұғымымен астарлас болса, онда ол үшін «революционерлер ұйымы» деген ұғым «жұмысшылар ұйымы» деген ұғыммен азды-көпті астарласады деп ойлау табиғи нәрсе. Шынында да осындай жағдай кездесіп отырады, солай болған соң ұйым туралы сөз қылғанда біз әр түрлі тілдерде сөйлесіп отырған адам сияқты боламыз. Мәселен, өзім бұрын білмейтін әжептәуір дәйекті деген бір «экономиспен» сөйлескенім, тап қазіргідей, әлі есімде [72]. «Саяси революцияны кім жасайды?» деген кітапша жайында әңгіме болған еді, біз екеуміз кітапшаның негізгі кемшілігі — ұйым туралы мәселені елемеушілігін-

де деген пікірге тез-ақ қосылдық. Біз екеуіміздің де пікіріміз бір жерден шығады екен деп ойлаған едік, бірақ... сөйлесе келе екеуіміздің екі түрлі нәрсе туралы айтып отырғанымыз анықталды. Менімен әңгімелескен адам авторды стачка кассаларын, өзара жәрдем қоғамдарын, т. с. елементі деп айыптайды, ал менің айтқаным саяси революцияны «жасау» үшін қажетті революционерлер ұйымы еді. Сөйтіп, осы алауыздық білінісімен-ақ, жалпы қандай принципті мәселе жөнінде болса да бұл «экономиспен» менің келіскен жерім жоқ шығар деймін!

Біздегі алауыздықтардың түп негізі неде еді? Атап айтқанда, түп негізі мынада болатын: «экономистер» ұйымдық міндеттерге келгенде де, саяси міндеттердегісі сияқты, үнемі социал-демократизмнен тред-юнионизмге ауытқып кетіп отырады. Социал-демократияның саяси күресі жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін экономикалық күресінен анағұрлым зор, анағұрлым күрделі. Дәл сол сияқты (және сол себептен де) мұндай күресті жүргізу үшін революцияшыл социал-демократиялық партияның ұйымы жұмысшылардың ұйымынан сөзсіз *басқаша* болуға тиіс. Жұмысшылар ұйымы, біріншіден, кәсіптік ұйым болуға тиіс; екіншіден, ол ұйым мүмкіндігінше неғұрлым кең ұйым болуға тиіс; үшіншіден, ол ұйым мүмкіндігінше құпиялығы кемірек ұйым болуға тиіс (мен бұл жерде де, төменде де, әлбетте, тек самодержавиелік Россияны ғана айтып отырмын). Ал революционерлер ұйымы, мұның керісінше, ең алдымен және әсіресе кәсібі революциялық қызмет болған адамдарды біріктіруге тиіс (сондықтан да мен *революционерлер* ұйымы дегенде социал-демократ революционерлерді айтып отырмын). Мұндай ұйым мүшелерінің осы сияқты ортақ белгісі болғандықтан, жұмысшылар мен интеллигенттердің жекелеген кәсіптеріндегі айырмашылықты айтпағанның өзінде, *жұмысшылар мен интеллигенттер арасындағы айырмашылық атаулы мүлдем жоғалуға тиіс.* Бұл ұйым онша кең ұйым болмауға тиіс және мүмкіндігінше неғұрлым құпия ұйым болуға тиіс. Осы үш түрлі айырмашылыққа тоқталып өтейік.

Саяси бостандығы бар елдерде тред-юниондар мен социал-демократияның айырмасы қалай айқын болса, кәсіптік ұйым мен саяси ұйымның айырмасы да дәл сондай айқын. Социал-демократияның тред-юниондарға қатынастары, әрине, түрлі елдерде тарихи, заң және өзге жағдайларға қарай сөзсіз өзгеріп отырады, бұл қатынастар азды-көпті тығыз болуы да, қиын болуы да және басқаша болуы да мүмкін (біздің пікірімізше, бұл қатынастар мүмкіндігінше неғұрлым тығыз және мүмкіндігінше қиындығы кемірек болуға тиіс), бірақ бостандығы бар елдерде кәсіподақ ұйымы социал-демократиялық партия ұйымымен бір болады деген сөздер ауызға да алынбайды. Ал Россияда, тосыннан қарағанда, самодержавиенің езгісі социал-демократиялық ұйым мен жұмысшылар одағының арасындағы айырмашылық атаулыны жоятын сияқты болып көрінеді, өйткені жұмысшы одақтарының *бәріне де*, үйірмелердің *бәріне де* тыйым салынған, өйткені жұмысшылардың экономикалық күресінің басты көрінісі және басты құралы болған стачка жалпы қылмысты іс (ал кейде тіпті саяси қылмыс!) болып саналады. Сөйтіп, біздегі жағдайлар, бір жағынан, экономикалық күрес жүргізуші жұмысшыларды саяси мәселелерге қатты «итермелейді», ал, екінші жағынан, социал-демократтарды тред-юнионизмді социал-демократизммен шатастыруға «итермелейді» (ал біздің Кричевскийлер, Мартыновтар және К° «итермелеудің» бірінші түрін бар ынтасымен сөз қылады да, екінші түрін байқамайды). Шынында да, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күреске» өз жігерінің жүзден 99 бөлігін жұмсап жүрген адамдарды алып қарацыз. Олардың біреулері өздерінің қызмет еткен *бүкіл* дәуірінде (4—6 ай бойы) революционерлердің неғұрлым күрделі ұйымын құру қажеттігі туралы мәселеге бірде-бір кездеспейді; екіншілері, бәлкім, біршама көбірек таралған бернштейншілдік әдебиетке «кездеседі» де, бұл әдебиеттен «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысының» зор маңызы бар деген ұғым алады. Ақырында, үшіншілері, мүмкін, «пролетарлық күреспен біте қайнаған тығыз байланыстың», кәсіподақ қозғалысы мен социал-демократиялық қозға-

лысты ұштастырудың жаңа үлгісін әлемге таныту жөніндегі еліктіргіш идеяға әуестенер. Мұндай адамдар былай деп пайымдауы мүмкін: бір ел капитализм жолына, демек, жұмысшы қозғалысының жолына неғұрлым кеш түсетін болса, социалистер кәсіптік қозғалысқа соғұрлым көп қатынасып, оны қолдай алады, социал-демократиялық емес кәсіподақтар соғұрлым аз болады және аз болуға тиісті де. Осы күнге дейін бұл пікір әбден дұрыс болып келді, бірақ бір қырсық жері сол — бұлар бұдан да асып түсіп, социал-демократизм мен тред-юнионизмді толық біріктіруді арман етіп жүр. Бұл арманның біздің ұйымдық жоспарларымызға қаншалық зиян келтіретінін біз қазір «С.-Петербург Күрес одағы уставының» мысалынан көреміз.

Экономикалық күрес жүргізетін жұмысшы ұйымдары кәсіптік ұйымдар болуға тиіс. Әрбір жұмысшы социал-демократ мүмкін қадерінше бұл ұйымдарға жәрдем беріп, соларда белсеніп жұмыс істеуге тиіс. Бұл солай. Бірақ «цехтық» одақтарға тек социал-демократтар ғана мүше болсын деп талап етудің бізге ешқандай пайдасы жоқ: бұл біздің бұқараға ететін әсеріміздің өрісін тарылтар еді. Қожайындар мен үкіметке қарсы күрес жүргізу үшін бірігудің қажеттігін түсінетін әрбір жұмысшы цехтық одаққа қатыса берсін. Егер цехтық одақтар тым болмаса осы бір қарапайым ұғым дәрежесіне пайымы жететіндердің бәрін біріктірмеген болса, егер осы цехтық одақтар өте *кең* ұйымдар болмаған болса, онда бұл одақтар өз мақсатына жете алмас еді. Сондықтан бұл ұйымдар неғұрлым кең болса, біздің оларға жүргізетін ықпалымыз да соғұрлым зор болады, бұл ықпал экономикалық күрестің «стихиялық» түрде дамуы арқылы ғана емес, сонымен бірге одақтың социалист мүшелерінің оз жолдастарына тікелей, саналы әсер етуі арқылы да жүргізіледі. Бірақ ұйым құрамы кең болып тұрғанда қатаң құпиялылық сақтау мүмкін емес (мұның өзі экономикалық күреске қатынасудағыдан анағұрлым көбірек дайындықты керек етеді). Ұйым құрамының кең болу қажеттігі мен қатаң құпиялылық сақтау қажеттігінің арасындағы осы қайшылықты қалай қиюластыру керек? Цехтық ұйымдардың құпиялы-

лығы мүмкіндігінше азырақ болуын қалай қамтамасыз ету керек? Бұл үшін, жалпы айтқанда, екі-ақ жол бар: не цехтық одақтарды жария ету керек (бұл кейбір елдерде социалистік және саяси одақтарды жария етуден бұрын іске асырылды), не ұйымды құпия күйінде, бірақ ұйым мүшелерінің көпшілігі үшін оның құпиялылығы жоққа тән боларлықтай етіп, соншама «еркін», толық қатталмаған, немістерше айтқанда, lose ұйым күйінде сақтау керек.

Социалистік емес және саяси емес жұмысшы одақтарын жария ету ісі Россияда қазірдің өзінде-ақ басталды, біздің қаулап өсіп келе жатқан социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының әрбір қадамы осы жария ету әрекеттерін өршітіп, көтермелеп отыратындығына ешбір күмән келтіруге болмайды, ал бұл әрекеттер көбінесе қазіргі құрылысты жақтаушылар тарапынан да, ішінара жұмысшылардың өздері мен либерал интеллигенция тарапынан да жасалып жүр. Жария ету туын Васильевтер мен Зубатовтар қазірдің өзінде-ақ көтеріп шықты, ал Озеров және Вормс мырзалар оған көмек көрсетуге уәде беріп, жәрдемдесіп те отыр, жаңа ағымды жақтаушылар қазірде жұмысшылар арасында да бар. Сондықтан біз ендігі жерде бұл ағыммен санаспай отыра алмаймыз. Онымен қалай санасу керек,— бұл жөнінде социал-демократтар арасында екі түрлі пікір бола қояр ма екен. Біз Зубатовтар мен Васильевтердің, жандармдар мен поптардың бұл ағымға қандай жолмен болса да қатысуын тынбастан әшкерелеп отыруға міндеттіміз, бұл қатысушылардың шын ниеттерін жұмысшыларға түсіндіріп отыруға міндеттіміз. Сонымен бірге біз жұмысшылардың ашық жиналыстарында либерал қайраткерлердің сөйлейтін сөздерінен естіліп отыратын түрлі ымырашылдық, «үйлесімді» сарындарды да әшкерелеп отыруға міндеттіміз,— бұл либерал қайраткерлер осы сарындарды таптардың бейбіт ынтымағының пайдалы екендігіне көздері әбден жеткендіктен ұсына ма, бастықтарға жағыну үшін ұсына ма, немесе, тіпті, ұялғаннан істей ме,— бәрібір. Біз, ақырында, жұмысшыларды полицияның әлсін-әлі құратын торынан алдын ала сақтандырып отыруға міндеттіміз,

өйткені полиция әлгі ашық жиналыстарда және рұқсат етілген қоғамдарда «уытты адамдарды» аңдиды, жария ұйымдар арқылы құпия ұйымдарға да арандатушыларын жіберуге тырысады.

Бірақ осының бәрін істеу дегеннің мәнісі — жұмысшы қозғалысын жария ету ісі *сайып келгенде* Зубатовтарға емес, нақ бізге пайда келтіретінін эсте ұмыту керек деген сөз емес. Қайта, біз дәл өзіміздің әшкерелеу науқанымыз арқылы бидайды арам шөптен айырамыз. Арам шөпті біз көрсетіп өттік. Бидай дегеніміз — жұмысшылардың бұрынғыдан да қалың топтары мен ең артта қалған топтарының назарын әлеуметтік және саяси мәселелерге аудару деген сөз, бұл — біздерді, революционерлерді, анығында жария қызмет болып табылатын қызметтерден (жария кітаптарды тарату, өзара жәрдем, т. б.) босату деген сөз, ал бұл қызметтерді дамыту біздің үгіт жүргізуімізге керекті материалды барған сайын неғұрлым көп беріп отыратыны сөзсіз. Бұл мағынада біз Зубатовтар мен Озеровтарға былай деп айта аламыз, осылай деуге тиіспіз де: тырысып бағыңдар, мырзалар, тырысып бағыңдар! Сендер жұмысшыларға тор құрып отырғандықтан (мұны тіке арандатушылық мақсатпен құрсаңдар да немесе жұмысшыларды «струвизм» арқылы «адал» жолмен аздыруды көздеп құрсаңдар да), біз сендерді әшкерелеу қамын істейміз. Ал сендер шынымен бір адым ілгері басады екенсіңдер — ол адым нағыз «жасқаншақ ирек» адым түрінде болғанмен, әйтеуір ілгері басқан адым болса — біз: марқабат етіңдер! — дейміз. Жұмысшыларға аздап болса да шын мәнінде өріс ашатын адым ғана шынымен бір адым ілгері басқандық болады. Ал мұндай кеңшіліктің қандайы болса да бізге пайда келтіріп, арандатушылардың социалистерді аулауына емес, социалистердің өздеріне мияткерлерді аулауына жағдай жасайтын жария қоғамдардың тууын тездетеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің ендігі істейтін ісіміз — арам шөптерге қарсы күресу. Үйдегі құмыраларға бидай өсіру біздің ісіміз емес. Арам шөптерді отай отырып, біз осы арқылы бидай тұқымы тебіндеп өсетін жерді тазартамыз. Афанасий Иванычтар мен Пульхерия Ивановналар үй

өсімдіктерін өсірумен айналысып жатқанда, біз бүгінгі арам шөпті де шаба алатын, ертеңгі бидайды да ора алатын орақшыларды дайындауымыз керек *.

Сонымен, жария ету арқылы *біз* мүмкіндігінше құпиялылығы кемірек және мүмкіндігінше неғұрлым кең кәсіптік ұйым құру мәселесін *шеше* алмаймыз (ал егер Зубатовтар мен Озеровтар бізге мәселені осылай шешуге аздап болса да мүмкіндік туғызса, біз өте қуанар едік,— ал солай болуы үшін біз оларға қарсы мүмкіндігінше жігерлі түрде күресуіміз керек!). Ендігі қалып отырған жол — құпия кәсіптік ұйымдар құру жолы, сондықтан *біз* осы жолға қазірдің өзінде-ақ түсе бастаған (бұл бізге әбден белгілі) жұмысшыларға мейлінше көмек көрсетуге *тиіспіз*. Кәсіптік ұйымдар экономикалық күресті дамытып, баянды ету ісінде орасан зор пайда келтіріп қана қоймай, сонымен бірге саяси үгіт пен революциялық ұйымның өте маңызды жәрдемшісі де бола алады. Бұл нәтижеге жету үшін, басталып келе жатқан кәсіптік қозғалысты социал-демократияның тілеген арнасына түсіру үшін,— ең алдымен Петербург «экономистерінің» бес жылдан бері дерлік айтып жүрген ұйым жоспарының мағынасыз жоспар екенін айқын түсіну қажет. Бұл жоспар 1897 жылы июльде шыққан «Жұмысшы кассасының уставында» да («Рабочая Мысльдің» 1-номерінен — «Листок «Работника»» № 9—10, 46-бет), 1900 жылғы октябрьдегі «Одақтық жұмысшы ұйымының уставында» да баяндалған (С.-Петербургте басылған және «Искраның» 1-номерінде айтылған ерекше листок). Екі уставтың да негізгі кемшілігі — кең жұмысшы ұйымының құрылысын тәптіштеп көрсетеді де, революционерлердің

* «Искраның» арам шөптерге қарсы күресі «Рабочее Делоның» мынадай бір ашу көрсетуіне себеп болды: «Ал «Искра» үшін осы (көктемгі) зор оқиғалардан гөрі Зубатов агенттерінің жұмысшы қозғалысын «жария етуге» тырысқан болмашы әрекеттері замана туы болып отыр. Бұл фактілер дәл оның өзіне қарсы болып отырғандығын «Искра» көрмейді; бұл фактілер үкіметтің көз алдында жұмысшы қозғалысының аса қауіп келтірерліктей болып етек алып кеткендігін көрсетеді» («Екі съезд», 27-бет). Осының бәріне айыпты — «өмірдің өктем талаптарына керенау» қарайтын осы бір ортодокстердің «догматизмі» көрінеді. Бұлар бойы бір кез бидай егінін қасарып көргісі келмей, бойы бір тұтам арам шөптерге қарсы күреседі. Мұның өзі «орыс жұмысшы қозғалысы жөніндегі болашақты бұрмалаған сезім» емей немене (бұл да сонда, 27-бет)?

ұйымдарын осы ұйыммен шатастырып жібереді. Неғұрлым тыңғылықты жасалған екінші уставты алып қарайық. Ол *елу екі* параграфтан құралған: оның 23 параграфы әрбір фабрикада құрылатын және «орталық (фабрикалық) топтарды» сайлайтын «жұмысшы үйірмелерінің» («10 адамнан артық емес») құрылысын, іс жүргізу тәртібін және ведомствосының шеңберін баяндайды. 2-параграфта былай делінген: «Орталық топ өз фабрикасында немесе өз заводында болып жатқан барлық істерді қадағалап отырады, ондағы оқиғалар хроникасын жазып отырады». «Орталық топ барлық төлемшілерге кассаның жайы туралы ай сайын есеп беріп отырады» (№ 17), т. с. 10 параграф «аудандық ұйымға», 19 параграф «Жұмысшы ұйымының комитеті» мен «СПБ. Күрес одағы комитетінің» өте қым-қиғаш қатынасына арналған (әрбір ауданнан және «атқару топтарынан» сайланатындар — «насихатшылар топтары, провинциямен байланыс жасайтындар, шетелмен байланыс жасайтындар, қоймаларды, баспа тобын, касса тобын басқаратындар»).

Жұмысшылардың экономикалық күресі жөнінде социал-демократия = «атқару топтары» болады екен! «Экономистің» ойы социал-демократизмнен тред-юнионизмге қалай ауатындығын, социал-демократ ең алдымен пролетариаттың *бүкіл* азаттық күресін басқара алатын революционерлер ұйымы туралы ойлауға тиіс екендігі жөнінде ұғым атаулының «экономиске» қандай жат нәрсе екендігін бұдан айқын көрсету қиын болар. «Жұмысшы табының саяси азаттық алуы» туралы, «патшаның озбырлығына» қарсы күресу туралы сөз қыла отырып, ұйымның осындай уставтарын жазып шығару — социал-демократияның нағыз саяси міндеттерін мүлдем түсінбегендік болады. Елу параграфтың бірде-бірі орыс абсолютизмінің барлық жақтарын ашып көрсету үшін, Россиядағы түрлі қоғамдық таптардың бүкіл бейнесін ашып көрсету үшін бұқара арасында саяси үгіт жұмысын мейлінше кең жүргізу қажет екендігін түсінгендіктің саңылауын да көрсетпейді. Мұндай устав арқылы саяси мақсаттар былай тұрсын, тіпті тред-юниондық мақсаттар да жүзеге аспайды, өйткені тред-юниондық

мақсаттар ұйымды *кәсіптерге қарай* құруды талап етеді, ал мұндай ұйым уставта тіпті ауызға да алынбайды.

Бірақ үш сатылы сайлау жүйесі тұсында әрбір жеке фабриканы «комитетпен» байланыстыргысы келетіп, байланыстырғанда біркелкі және адам күлерліктей ұсақ-түйек ережелер арқылы байланыстыргысы келетін бүкіл осы «жүйеге» оте-мотс тэп нэрсе — мұның таңғажайып солекеттігі екендігіне ешкім де таласа алмас. «Экономизмнің» шолақ ой-өрісінен туған шала пікір бұл арада ұсақ-түйекке салынып отыр, ал осы ұсақ-түйектен созбұйдаға салынушылық пен кеңсешілдіктің иісі аңқиды. Іс жүзінде барлық осы параграфтардың төрттен үші, әрине, еш уақытта да қолданылмайды, бірақ оның есесіне әрбір фабрикада орталық тобы бар осындай «құпия» ұйым жандармдардың ойрандау әрекеттерін соншама кеңінен жүргізуін жеңілдетеді. Поляк жолдастар қозғалыстың мұндай кезеңін басынан кешірді, онда жұрттың бәрі жұмысшы кассаларын көп құруға әуес болды, бірақ бұлай еткенде тек жандармдарға мол азық беретіндігіне көздері жетіп, олар бұл ойдан тез-ақ бас тартты. Егер біз жұмысшылардың кең ұйымдары болсын десек және бұл ұйымдар жаппай сәтсіздікке ұшырамасын десек, жандармдарды қуаптпайық десек, онда біз бұл ұйымдардың мүлде қатталмауын көздеуге тиіспіз.— Сонда олардың жұмыс істеуге мүмкіндігі бола ма? — Оны білу үшін мына қызметтерді-ақ алып қараңыз: «...фабрикада болып жатқан барлық істерді қадағалап отыру, ондағы оқиғалар хроникасын жазып отыру» (уставтың 2-параграфы). Мұны да сөзсіз қаттап отыру керек болғаны ма? Бұл үшін ерекше топтар құрмай-ақ, мұның бәрін астыртын жағдайда шығатын газеттерге жіберілетін хат-хабарлар арқылы анағұрлым жақсы істеуге болмай ма екен? «...Жұмысшылардың заводтағы жағдайын жақсарту үшін олардың күресіне басшылық ету» (уставтың 3-параграфы). Бұл арада да қаттап отырудың керегі жоқ. Жұмысшылардың қандай талаптар қойғысы келетіндігін аздап болса да саңылауы бар әрбір үгітші жай әңгімеден-ақ әбден анықтап біліп алады, ал біліп алған соң, тиісті листокты жеткізу үшін мұны кең ұйымға емес, революционерлердің тар көлем-

дегі ұйымына хабарлай алады. «...Сомына 2 тиыннан жарна алып... касса ұйымдастыру» (§ 9) — және онан соң барлық мүшелерге касса туралы ай сайын есеп беру (§ 17), жарна төлемейтіндерді мүшеліктен шығару (§ 10), т. с. Міне, бұл полиция үшін нағыз жұмақ қой, өйткені «фабриканың орталық кассасының» осындай бар құпиялылығын ашып, ақшасын кәмпескелеуден де, барлық жақсы адамдарын тұтқынға алудан да оңай нәрсе жоқ. Онан да белгілі (өте шағын, өте құпия) ұйымның штемпелі басылған бір тиындық немесе екі тиындық маркаларды таратқан жақсы емес пе, немесе жарнаны ешбір маркасыз-ақ жинаған жақсы емес пе, бұл жөніндегі есепті белгілі шартты белгі бойынша астыртын жағдайда шығатын газет жариялап отырса болмай ма? Сонда дәл ойдағы мақсат орындалады, ал жандармдардың істің ұшығына жетуі жүз есе қиын болады.

Мен уставты мысал ретінде талдай берер едім, бірақ осы айтылғанның өзі де жетер деп ойлаймын. Ең сенімді, тәжірибелі, шынықкан жұмысшылардан құралған, басты-басты аудандарда сенімді адамдары бар және қатаң құпиялылықтың барлық ережелеріне сәйкес революционерлер ұйымымен байланысқан, тығыз топтасқан шағын топ бұқараның мейлінше көмектесуі арқасында және ешқандай қаттау жүргізбей-ақ, кәсіптік ұйымға жүктелетін *барлық* міндеттерді орындай алады, орындағанда дәл социал-демократияның дегеніндей етіп орындайды. Тек осы жолмен ғана, жандарм атаулының бар қырсығына қарамастан, *социал-демократиялық* кәсіптік қозғалысты *нығайтып*, дамытуға болады.

Жұрт маған: ұйымның lose * ұйым екендігі сонша, тіпті ол мүлде қатталмаған да, тіпті оның белгілі және тіркелген ешқандай мүшелері де жоқ, сондықтан оны ұйым деп атауға да болмайды деп қарсы пікір айтар.— Бәлкім, солай да болар. Мен ұйымның атын қуып отырғаным жоқ. Бірақ осы «мүшесіз ұйым» керек болған нәрсенің бәрін де істейді және біздің болашақтағы тред-юниондарымыздың социализммен берік байланыс жасауын әуел бастан-ақ қамтамасыз етеді. Ал кімде-кім

* — еркін, кең. *Ред.*

абсолютизм тұсында жұмысшылардың сайланып қойылатын, есеп беріп отыратын, жалпыға бірдей дауыс берумен сайланатын, т. с. болатын *кең* ұйымын құрам десе,— ондай адам ешбір түзелмейтін утопист болып табылады.

Бұдан шығатын қорытынды айқын: егер біз істі революционерлердің берік ұйымын мықтап құрудан бастасақ, онда біз бүкіл қозғалыстың тұрақты болуын қамтамасыз ете аламыз, социал-демократиялық мақсаттарды да, нағыз тред-юниондық мақсаттарды да жүзеге асыра аламыз. Ал егер біз істі бұқараға бейне бір неғұрлым «қол жетерлік» делінетін (ал іс жүзінде жандармдарға неғұрлым қол жетерлік болатын және революционерлерді полицияның ұстауын неғұрлым оңайлататын) кең жұмысшы ұйымын құрудан бастасақ, онда біз бұл мақсаттардың екеуін де жүзеге асыра алмаймыз, майдагерліктен арыла алмаймыз, өзіміздің бытыраңқылығымыздың, үнемі талқандалып отыратындығымыздың салдарынан бұқараға тек Зубатовтың немесе Озеровтың тред-юниондары сияқты тред-юниондарды қол жетерліктей ететін боламыз.

Тегінде, осы революционерлер ұйымының міндеттері қандай болуға тиіс? — Бұл туралы біз қазір толығырақ әңгімелейміз. Бірақ алдымен біздің террористің тағы бір өте ерекше пайымдауын талдап өтейік, бұл террорист тағы да «экономистің» ең жақын көршісі болып шығады (өз маңдайының соры да!). Жұмысшыларға арналған «Свобода» деген журналда (№ 1) «Ұйым» деген мақала басылған, бұл мақаланың авторы өзінің таныстарын, Иваново-Вознесенск жұмысшы-«экономистерін» қорғамақ болады.

«Тобырдың үнсіз, санасыз болуы, қозғалыстың төменнен басталмауы жаман-ақ,— деп жазады ол.— Міне, өздеріңіз қараңыздаршы: университеті бар қаладан студенттер мейрамдарда немесе жазда үйді-үйіне тарап кетеді,— сонда жұмысшы қозғалысы тоқтап қалады. Өзгенің итермелеуімен жүретін мұндай жұмысшы қозғалысы шын күш бола ала ма? Қайдан болсын... Ол әлі аяқтанып өздігінен жүруді де үйренген жоқ, оны жетектеп жүргізеді. Барлық істе де осылай болып отыр: студенттер тарап кетсе — іс тоқтала қалады; ең татымды қаймағын сыпырып алған соң сүт іриді; «Комитетті» қамауға алса — жаңа комитет

құрылғанша, қайтадан жым-жырт болады; оның үстіне қандай комитет құрылатындығы да белгісіз — бәлкім, бұрынғыға мүлдем ұқсамайтын комитет құрылар: бұрынғы комитет бір түрлі сөз айтқан болса, бұл комитеттің басқаша айтуы мүмкін. Кешегі күн мен ертеңгі күннің арасында байланыс болмайды, өткен күндердің тәжірибесі алдағы күндерге сабақ болмай қалады. Мұның бәрі де тамырдың тереңге, тобырлардың арасына тарамауынан болып отыр, жұмысты жүз ақымақ істемей, он ақылдының істегенінен болып отыр. Оншақты кісіні әрқашан да шортан айырмен қармауға болады, ал егер ұйым тобырға тараса, барлық іс тобырдан шығып отырса,— ол істі құрту ешкімнің де қолынан келмейді» (63-бет).

Фактілер дұрыс суреттелген. Біздегі майдагерліктің бейнеленген суреті жаман емес. Бірақ қорытындылары — пайымсыздығы жағынан да, саяси әдепсіздігі жағынан да «Рабочая Мысльге» лайықты. Бұл — барып тұрған пайымсыздық, өйткені автор қозғалыстың «тереңге» тарайтын «тамырлары» жөніндегі философиялық және әлеуметтік-тарихи мәселені жандармдармен қайткенде жақсырақ күресуге болады деген техникалық-ұйымдастыру мәселесімен шатастырып отыр. Бұл — барып тұрған саяси әдепсіздік, өйткені нашар басшыларды тастап, жақсы басшыларға жүгінудің орнына автор жалпы басшылардан «тобырға» жүгінеді. Саяси үгіттің орнына эксцитативтік террорды қолдану керек деген пікір бізді саяси жағынан қалай кері сүйреп отырған болса, бұл да ұйымдық жағынан бізді нақ солай кері сүйреуге тырысқандық болады. Мен, шынымды айтсам, «Свобода» бізге ұсынып отырған шырмауды қай жағынан шешу керек екенін білмей, нағыз embarras de richesses * халде отырмын. Көрнекті болуы үшін мысал келтіруден бастайын. Немістерді алып қараңыз. Олардың ұйымы тобырды қамтитындығын, істің бәрі тобырдан шығатынын, жұмысшы қозғалысы өз аяғымен жүріп үйренгендігін сіз бекер дей алмассыз деп ойлаймын? Ал оның бер жағында осы миллиондаған тобыр өзінің сыннан өткен «оншақты» саяси көсемдерін қандай бағалай біледі, олардың етегінен қалай мықтап ұстаған десеңізші! Парламентте дұшпан партиялардың депутаттары социалистерді бір емес, талай рет былайша

* — молшылықтан қиналған. *Ред.*

мазақтаған болатын: «демократ-ақ екенсіңдер! Сендердің жұмысшы табының қозғалысы дегендерің сөз жүзінде ғана айтылатын нәрсе,— ал іс жүзінде бой көрсетушілер баяғы бір көсемдер тобы. Жылма-жыл, ондаған жылдар бойы бәз-баяғы Бебельді, бәз-баяғы Либкнехтті көресің. Ал сендердің бейне жұмысшылардан сайланған деп жүрген делегаттарың император тағайындайтын чиновниктерден бетер ауыспайтын адамдар!». Бірақ «көсемдерге» «тобырды» қарсы қоймақ болған, «тобырдың» намысына тиіп, жаман сезімдерін қоздырмақ болған, «оншақты ақылдыларға» бұқараның сенімін кетіру арқылы қозғалыстың беріктігін, табандылығын жоймақ болған мұндай демагогтік әрекеттерге немістер кекесінді мысқылмен жауап беретін. Немістердің саяси ой-пікірінің айта қаларлықтай дамығандығы, айта қаларлықтай саяси тәжірибе жинақтағаны соншалық, олар сыннан өткен, кәсіп еткен жұмысында даярлықтан өткен, ұзақ өнегелі жолда оқып үйренген, бірімен-бірі тамаша істес болған талантты (ал талант деген жүзден тумайды) «оншақты» көсемі болмаса, қазіргі қоғамда ешбір таптың да табанды күрес жүргізе алмайтындығын түсіне біледі. «Жүздеген ақымақтарды» желіктіріп, оларды «ондаған ақылдылардан» жоғары қойған, бұқараның «шойындай жұдырығын» дәріптеп, оны (Мост немесе Гассельман сияқты) жөнсіз «революциялық» қимылға итермелеген, сөйтіп табанды, ұстамды көсемдерге сенімсіздік туғызбақ болған демагогтерді немістер өз ортасынан да көрген. Тек социализм ішіндегі әр алуан демагог элементтерге қарсы үздіксіз, бітіспес күрес жүргізу арқасында ғана неміс социализмі осылайша өсіп, нығайды. Ал біздегі білгіштер орыс социал-демократиясының бүкіл дағдарысы стихиялы түрде оянған бұқараның жете даярланған, ысылған, тәжірибелі басшыларының жоқтығынан туып отырғанына қарамастан, Иванушкадай ақылгөйсіп: «қозғалыстың төменнен басталмауы жаман-ақ»! дейді.

«Студенттерден құралған комитет жарамсыз, ол тұрақсыз» — дейді.— Әбден дұрыс. Бірақ бұдан шығатын қорытынды: профессионал *революционерлерден* құралған комитет керек, ал өзін профессионал революционер

етіп шығаратын адам жұмысшы бола ма, студент бола ма, оның бәрібір. Ал сіз жұмысшы қозғалысын сырттан итермелеу жоп емес деп қорытынды жасайсыз! Өзіңіздің саяси аңқаулығыңыздың салдарынан сіз осы арқылы біздегі «экономистер» мен біздегі майдагерліктің сойылын соғып отырғаныңызды байқамайсыз да. Біздің студенттер біздің жұмысшыларды қалай «итермеледі»? — деп сұрауға рұқсат етіңіз. *Тек қана* былай: студент саяси білімнің өз басында болған үзінділерін ғана, социалистік идеялардан өзі ұғынған қиқымды ғана жұмысшыға жеткізіп отырды (өйткені осы күнгі студенттің ең басты ақыл-ой азығы болған жария марксизм студентке әліппеден басқа, қиқымнан басқа еш нәрсе де бере алған жоқ). *Нақ осындай* «сырттан итермелеушілік» біздің қозғалысымызда онша көп болған жоқ, қайта, тым аз болды, адам айтқысыз, сұмдық аз болды, өйткені біз тым өзімізбен өзіміз болып кеттік, «жұмысшылардың қожайындар мен үкіметке қарсы жүргізетін» жеңіл-желпі «экономикалық күресіне» тым құлша бас иіп жүрдік. *Нақ осындай* «итермелеушілікті» біздер, кәсібі жағынан революционерлер, жүз есе артық қолдануға тиіспіз, қолданбақпыз да. Ал сіз «сырттан итермелеу» деген сияқты жексұрып сөзді қолдану арқылы,— жұмысшыға сырттан саяси білім мен революциялық тәжірибе беретін адамдардың *бәріне де* сол жұмысшының (ең болмағанда, дәл сіз сияқты, жетілмеген жұмысшының) сөзсіз сенбестігін туғызатын, осындай адамдардың *бәріне* тойтарыс бергісі келетіндей соқыр сезім туғызатын жексұрын сөзді қолдану арқылы *демагог* болып шығып отырсыз, ал демагогтер — жұмысшы табының ең сұм жаулары.

Солай, солай! Менің айтысымның «жолдастыққа жатпайтын тәсілдері» жөнінде байбалам салуға асықпай тұра тұрыңыз! Сіздің ниетіңіздің тазалығына шек келтірейін деп отырған мен де жоқ, тек мен жоғарыда айттым ғой, саяси аңқаулықтың бір өзі-ақ кісіні демагог ете алады. Ал мен сіздің демагогтікке дейін құлдырағаныңызды көрсеттім. Сондықтан демагогтер жұмысшы табының ең сұм жаулары деген сөзімді қайталаудан мен еш уақытта да жалықпаймын. Ең сұм жауы бола-

тын себебі дәл мынадан: олар тобырдың жаман сезімдерін қоздырады, сана-сезімі жетілмеген жұмысшыларға сол жаулардың шын сырын ашу мүмкін емес, өйткені олар жұмысшылардың досы ретінде бой көрсетеді, кейде шын адал ниетімен бой көрсетеді. Ең сұм жауы болатын себебі: олар ауа жайылушылық пен ауытқушылық дәуірінде, қозғалысымыздың пішіні жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан дәуірде, тобырды демагогтікпен еліктіріп әкетуден оңай еш нәрсе жоқ; ал тобыр тек ең ауыр азаптарды басынан кешіргеннен кейін ғана өзінің қателескендігіне көзі жетеді. Міне, сондықтан қазіргі орыс социал-демократының бүгін таңдағы ұраны демагогияға салынып кеткен «Свободаға» да қарсы, демагогияға салынып бара жатқан «Рабочее Делоға» да қарсы батыл күрес жүргізу болуға тиіс (бұл жөнінде төменде әлі толығырақ айтамыз *).

«Жүз ақымақтан гөрі оншақты ақылдыны қолға түсіру оңайырақ». Сіз пайымдау барысында бір мәселеден екінші мәселеге аттап өткендіктен ғана бұл тамаша шындық өзінен-өзі айқын көрінетін шындық сияқты болып отыр (бұл шындықты айтқаныңыз үшін сізге жүз ақымақ әрдайым қол шапалақтайды). Сіз әуелі «комитетті» қолға түсіру туралы, «ұйымды» қолға түсіру туралы сөйлей бастадыңыз және сол туралы тынбай сөйлеп те отырсыз, ал енді келіп қозғалыстың «тереңдегі тамырларын» қолға түсіру туралы мәселеге аттап өттіңіз. Әрине, біздің қозғалысымыздың тереңге тараған жүз мыңдаған тамырлары бар, тек сол себептен де ол ешкімге қолға түспейді, бірақ әңгіме мүлде бұл туралы болып отырған жоқ қой. «Тереңдегі тамырлар» мағынасында алғанда, біздің бар майдагерлігімізге қарамастан, бізді қазірде де «қолға түсіре» алмайды, солай бола тұрса да, *«ұйымдарымыз»* қолға түсіп қалуда деп бәріміз налимыз, налымасқа лажымыз да жоқ, өйткені ұйымның қолға түсуі қозғалыстың бүкіл сабақтастығын бұ-

* Бұл арада тек мынаны ескертіп өтейік: «сырттан итермелеушілік» жөнінде және «Свободаның» ұйым туралы бұдан былайғы барлық пайымдаулары жөнінде біз айтқан сөздің *барлық* «экономистерге», оның ішінде «рабоче-делошыларға» да *толық* қатысы бар, өйткені бұлардың бір бөлегі ұйым мәселелері жөніндегі әлгі көзқарастарды барынша уағыздап, қорғап отырды, екінші бөлегі сол көзқарастарға бой ұрып отырды.

зады. Ал егер сіз *ұйымдардың* қолға түсуі туралы мәселе көтеріп, бұл мәселеден таймайды екенсіз, онда мен сізге былай деймін: жүз ақымақтан гөрі оншақты ақылдыны қолға түсіру анағұрлым қиын. Менің «антидемократизмім» үшін, т. с. үшін тобырды маған қарсы қанша айдап салсаңыз да, мен осы қағиданы қорғаймын. Ұйымдық мәселе жөнінде алғанда «ақылдылар» деп, менің жоғарыда әлденеше рет ескерткенімдей, тек *профессионал революционерлерді* ғана айту керек, бұлар студенттерден тәрбиеленіп шыға ма, әлде жұмысшылардан тәрбиеленіп шыға ма, оның бәрібір. Сондықтан менің кесіп айтатыным: 1) басшылардың тұрақты, сабақтастық сақтайтын ұйымы болмаса, революциялық қозғалыстың бірде-бірі баянды бола алмайды; 2) күреске стихиялы түрде тартылатын, қозғалыстың базисі болатын және қозғалысқа қатынасатын бұқара неғұрлым көп болса, мұндай ұйымның қажеттігі соғұрлым арта түседі және бұл ұйым соғұрлым берік болуға тиіс (өйткені түрлі демагогтердің бұқараның сана-сезімі жетілмеген топтарын еліктіріп әкетуі соғұрлым оңай болады); 3) мұндай ұйым ең алдымен революциялық жұмыспен кәсіп етіп шұғылданатын адамдардан құралуға тиіс; 4) самодержавиелі елде мұндай ұйым мүшелерінің құрамын біз неғұрлым *ықшамдасақ*, бұл ұйымға тек революциялық жұмыспен кәсіп етіп шұғылданатын адамдарды ғана, саяси полицияға қарсы күресу өнерінде кәсіптік тәжірибе алған адамдарды ғана қатысатын етсек, мұндай ұйымды «қолға түсіру» соғұрлым қиын болады, және — 5) қозғалысқа қатынасуға, онда белсене жұмыс істеуге мүмкіндік алатын, жұмысшы табынан да, қоғамның өзге таптарынан да шыққан адамдардың саны соғұрлым *көп* болады.

Біздің «экономистер», террористер және «террорист-экономистер» * бұл қағидаларды теріске шығарып бақ-

* Бұл термин «Свобода» жөнінде қолданылса, мүмкін, бұрынғы терминнен гөрі дұрысырақ та болар еді, өйткені «Революционизмнің қайта туауы» деген жинақта терроризм жақталса, талқыланып отырған осы мақалада «экономизм» жақталады. Тегінде «Свобода» жөнінде: талабы зор, ақыры сор! десе болады. Талабы да, ниеті де сондай жақсы,— бірақ нәтижесі шым-шытырық; шым-шытырық болуының басты себебі: «Свобода» ұйымның сабақтас болуын қорғай отырып, революциялық ой-пікір мен социал-демократиялық теорияның сабақтастығын

сыншы, ал енді мен бұл қағидалардың соңғы екеуіне тоқталамын. «Оншақты ақылды» мен «жүз ақымақты» қолға түсірудің оңайлығы туралы мәселе жоғарыда талқыланған мәселеге — қатаң құпиялылық керек болып отырған жағдайда бұқаралық *ұйымның* болуы мүмкін бе деген мәселеге келіп тіреледі. Кең ұйымды біз еш уақытта ойдағыдай құпия ете алмаймыз, ал құпиялылық болмаса, үкіметке қарсы сабақтастықты сақтайтын, тұрақты күрес жүргізу туралы әңгіме етуге де болмайды. Ал барлық құпия қызметтерді неғұрлым аз профессионал революционерлердің қолына жинақтаудың мәнісі әсте бұлар «барша жұрт үшін ойлайды», тобыр *қозғалысқа* белсене қатыспайды деген сөз емес. Қайта, бұл профессионал революционерлерді тобыр үсті-үстіне көп шығаратын болады, өйткені онда тобыр «комитет» құру үшін бірнеше студент пен экономикалық күрес жүргізуші бірнеше жұмысшының жиналуы жеткіліксіз екенін түсінеді, өзін талай жылдар бойы профессионал революционер етіп тәрбиелеу қажет екенін түсінеді, сонда тобыр тек жалғыз ғана майдагерлік туралы ойламай, өзін профессионал революционерлер етіп шығару туралы да «ойлайтын» болады. *Ұйымның* құпия жұмыстарын бір орталыққа бағындырудың мәнісі *қозғалыстың* барлық жұмыстарын бір орталыққа бағындыру деген сөз екен деуге тіпті де болмайды. «Оншақты» профессионал революционер істің құпия міндеттерін бір орталыққа бағындырғаннан ең қалың бұқараның құпия әдебиетке белсене қатысуы азаймайды, қайта он есе *күшейеді*. Тек осылай еткенде ғана біз құпия әдебиетті оқу, онда қызметтес болу, ішінара тіпті оны тарату ісі де *құпия іс болудан қалатындай дерлік* жағдайға жетеміз, өйткені мыңдап басылып, таратылатын баспасөздің әрбір данасына бола соттап, әкімшілік шара қолданып әуреленуден түк те шықпайтынын, мұның мүмкін емес екендігін полиция да көп ұзамай

мойындағысы келмейді. Профессионал революционерді қайта жандандырам деп әрекеттену («Революционизмнің қайта тууы»), бұл үшін, біріншіден, эксцитативтік террор қолданылсын, ал, екіншіден, «сырттан итермелеуді» кемірек керек қылатын «орташа жұмысшылар ұйымы» болсын деу («Свобода» № 1, 66-бет және келесі беттер) — мұның өзі, шынында, өз үйінді жылыту үшін сол үйдің өзін отын қылып жаққанмен бірдей.

түсінетін болады. Ал мұның тек баспасөзге ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың демонстрацияға дейінгі барлық жұмыстарына да қатысы бар. Сыннан өтіп, машықтанған, бұл жағынан өзіміздің полициядан кем соқпайтын «оншақты» профессионал революционерлер істің барлық құпия түрлерін бір орталыққа бағындырса, листоктар дайындау, шамалап жоспар жасау, қаланың әрбір ауданына, фабриканың әрбір кварталына, әрбір оқу орнына, т. б. арнап басшылар отрядын белгілеу ісін бір орталыққа бағындырса, бұдан бұқараның демонстрацияға мейлінше белсене, мейлінше мол қатынасуы кемімейді, қайта, керісінше, бұдан көп нәрсе ұтатын болады (менің көзқарасымды «демократиялық емес» деп қарсылық білдірушілер болатынын білемін, бірақ мен бұл мүлде орынсыз қарсылыққа төменде толығырақ жауап беремін). Революционерлер ұйымының өте-мөте құпия қызметтерді бір орталыққа бағындыруы қалың бұқараға арналған, сол себептен де мүмкін қадерінше азырақ қатталған, мүмкін қадерінше азырақ құпиялы болатын толып жатқан өзге ұйымдардың атқаратын ісінің өрісін де, мазмұнын да әлсіретпейді, қайта, ұлғайта түседі: жұмысшылардың кәсіподақтарының да, жұмысшылардың өз бетімен білім алатын және құпия әдебиет оқитын үйірмелерінің де, халықтың *барлық* өзге топтарының арасындағы социалистік үйірмелердің де, сондай-ақ демократиялық үйірмелердің де, тағы басқалардың да атқаратын ісінің өрісі мен мазмұны ұлғайтады. Мұндай үйірмелер, одақтар және ұйымдар барлық жерде де *барынша көп* болуы керек, бұлардың атқаратын міндеттері барынша әр түрлі болуы керек, бірақ мұндай ұйымдарды *революционерлердің* ұйымымен *шатастырушылық,* олардың арасындағы айырманы жоғалтушылық әрі сорақы, әрі зиянды нәрсе, бұқаралық қозғалысқа «қызмет ету» үшін социал-демократиялық жұмысқа өздерін әдейі бүтіндей арнайтын адамдар керек, мұндай адамдар табанды, шыдамды түрде өздерін профессионал революционер етіп *шығаруы* керек деген түсінікті, бұқараның арасында онсыз да орасан көмескіленген осы түсінікті өшірушілік сорақы әрі зиянды нәрсе.

Иә, бұл түсінік орасан қатты көмескіленген. Біздің ұйымдық мәселе жөніндегі негізгі кемшілігіміз — *біз өзіміздің майдагерлігіміз арқылы Русь еліндегі революционердің беделін түсіріп алдық*. Теориялық мәселелерде босаң және тұрлаусыз, ой-өрісі тар, өзінің босаңдығын ақтау үшін бұқараның стихиялылығын дәлел қылатын, халық шешенінен гөрі тред-юнион секретарына көбірек ұқсас, тіпті дұшпандар да құрметтейтін құлашы кең және батыл жоспар ұсына білмейтін, өзінің профессионалдық өнерінде,— саяси полицияға қарсы күресте,— тәжірибесіз, сөлекет кісі — ғапу етіңіз! бұл — революционер емес, бір бейшара майдагер.

Менің мұндай қатты сөзіме ешбір практик ренжімей-ақ қойсын, өйткені әңгіме шалағайлық туралы болып отырғандықтан, бұл сөзді мен ең алдымен өзіме тигізіп айтып отырмын. Мен бір үйірмеде [73] істедім, бұл үйірме өзінің алдына барлық мәселелерді қамтитын өте үлкен міндеттер қойған еді,— ал енді осы үйірмеге мүше болып жүрген біздердің барлығымыз белгілі нақыл сөзді өзгертіңкіреп: бізге революционерлер ұйымын беріңізші, сонда біз Россияны төңкеріп тастаймыз! — деп айтуға болатын осындай тарихи кезеңде өзіміздің майдагер болып шығып отырғанымызды сезгенде, қатты қынжылып, қасірет тартқан едік. Ал сондағы өзім бастан кешірген оттай өртеген ұят сезімі есіме түскен сайын өздерінің уағызы арқылы «революционерлердің дәрежесін масқаралайтын», біздің міндетіміз революционерлерді майдагердің қатарына түсіре төмендетуді қорғау емес, қайта майдагерді революционерлер дәрежесіне жеткізе *көтеру* екендігін түсінбейтін жалған социал-демократтарға зығырданым қайнайды.

г) ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨРІСІ

Біз жоғарыда Б — втың: «тек Петербургте ғана емес, сонымен қатар бүкіл Россияда да іске жарамды революцияшыл күштердің жеткіліксіздігі туралы» айтқан сөзін естідік. Бұл фактіні бекер деп таласатын кісі бола қоймас. Бірақ бұл фактіні қалай түсіндіру керек? — мәселе сонда болып отыр. Б — в былай деп жазады:

«Біз бұл құбылыстың тарихи себептерін ашып, анықтап жатпаймыз; тек мынаны ғана айтамыз: ұзақ уақыт бойы саяси реакцияның салдарынан құты қашқан, бұрын болып келген және қазір болып жатқан экономикалық өзгерістер арқылы бөлшектенген қоғам өз арасынан *революциялық жұмысқа жарамды адамдарды өте аз шығарады;* жұмысшы табы өз арасынан революционер-жұмысшыларды шығара отырып, құпия ұйымдардың қатарын ішінара толықтырады, бірақ ондай революционерлердің саны қазіргі мұқтаждықты өтей алмайды. Оның үстіне, фабрикада 11½ сағат жұмыс істейтін жұмысшы өз жағдайына қарай көбінесе үгітшінің міндетін атқара алады; ал насихат пен ұйымдастыру жұмысы, құпия әдебиет жеткізу және оны қайта бастырып шығару, прокламациялар шығару, т. т. жұмыстардың негізгі салмағы өте аз интеллигенттердің мойнына еріксіз жүктеледі» («Рабочее Дело» № 6, 38—39-беттер).

Біз Б — втың бұл пікірінің көп жеріне қосылмаймыз, әсіресе біз астын сызған сөздеріне қосылмаймыз, ол сөздер мынаны өте айқын көрсетеді: біздің майдагерлігіміздің салдарынан Б — в бірсыпыра қасірет тартып (аздап болса да ой жүгірткен әрбір практик сияқты), «экономизмнің» қыспағына түскендіктен бұл төзгісіз ауыр жағдайдан қалай құтылуды білмейді. Жоқ, қоғам «іске» жарамды адамдарды өте *көп* шығарып отырады, бірақ біз олардың бәрін пайдалана білмей жүрміз. Осы қаралып отырған ретте біздің қозғалыстың қиын-қыстау, өтпелі жағдайын *адам әрі жоқ, әрі көп* деген сөздермен тұжырымдауға болады. Адам көп, өйткені жұмысшы табы да, қоғамның барған сайын алуан түрлі топтары да абсолютизмге қарсылық көрсеткісі келетін, онымен күресуге қолынан келген жәрдемін беруге әзір отырған наразы адамдарды жылдан-жылға көптеп шығарып отыр, ал абсолютизмнің адам төзгісіз екенін жұрттың бәрі түгел ұғына қойған жоқ, бірақ қалың бұқара мұны барған сайын көбірек және айқынырақ сезіп келеді. Сонымен бірге адам жоқ, өйткені басшылар жоқ, саяси көсемдер жоқ, әрбір күшті, тіпті болмашы күшті де жұмсауға мүмкіндік беретін келелі жұмысты, оның үстіне бірыңғай, үйлесімді жұмысты жүргізе білетін ұйымдастырғыш таланттар жоқ. «Революциялық ұйымдардың өсіп, дамуы» жұмысшы қозғалысының өсуінен ғана артта қалып қойып отырған жоқ, мұны Б — в та мойындайды, сонымен қатар халықтың барлық топта-

рының жалпы демократиялық қозғалысының өсуінен де кейін қалып отыр. (Тегінде, қазір Б — в, бәлкім, мұны да өз қорытындысына қосымша деп білген болар еді). Революциялық жұмыстың өрісі қозғалыстың етек алған стихиялы базисімен салыстырғанда тым тар, «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» деген бейшара теорияның салдарынан тым қушиып қалған. Оның бер жағында қазір тек саяси үгітшілер ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушы социал-демократтар да «халықтың барлық таптарына баруға» тиіс *. Ал социал-демократтардың нағыз әр түрлі таптардың жеке өкілдеріне өздерінің ұйымдастыру жұмысының мыңдаған міндеттерін бөліп бере алатынына бірде-бір практик күмәндана қоймас. Мамандандырудың кемістігі — біздің техникамыздағы ең ірі кемістіктердің бірі. Б — втың бұған соншалық қатты күйінуі өте орынды. Жалпы істің жеке «амалдары неғұрлым ұсақ болса, ондай амалдарды орындауға қабілетті (ал профессионал революционер болуға көбінесе мүлде қабілетсіз келетін) адамдарды соғұрлым көп табуға болады, және де полицияның барлық сондай «майда қызметкерлерді» «қолға түсіруі» соғұрлым қиын болады, ұсақ нәрсемен айналысып жүрген адамды ұстап алған полицияның қазынаның «қорғау» ісіне жұмсаған қаражатын ақтарлық «іс» жасауы да соғұрлым қиын болады. Ал бізге жәрдем беруге дайын адамдардың санын алсақ, бар болғаны бес жылдың ішінде ғана бұл жөнінде болған орасан зор өзгерісті біз өткен тарауда да көрсеткенбіз. Бірақ, екінші жағынан, осы ұсақ бөлшектердің бәрін бір жерге жинау үшін де, қозғалыстың жұмыстарымен бірге қозғалыстың өзін бөлшектеп жібермеу үшін де, ұсақ қызметтерді орындаушының істеген ісінің маңызды, қажет іс екеніне көзін жеткізу үшін де,— ал мұнсыз ол еш уақытта жұмыс істемей-

* Мысалы, әскерлер арасында соңғы кезде демократиялық рухтың күмәнсыз жанданғандығы сезіледі, мұның бір себебі: жұмысшылар мен студенттер сияқты «жауларға» қарсы көше күресінің жиілеп кеткендігінен болып отыр. Сондықтан біз қолдағы күшіміз мүмкіндік берген кезден бастап солдаттар мен офицерлер арасында насихат пен үгіт жұмысын жүргізуге қатты көңіл бөлуіміз керек, біздің партияға енетін «әскери ұйымдарды» құруға күш салуымыз керек.

ді *,— осының бәрі үшін сыннан өткен революционерлердің нақ берік ұйымы керек. Мұндай ұйым барда бұл ұйым неғұрлым құпиялы болса, партияның күшіне сенушілік соғұрлым нығая түседі, соғұрлым арта түседі,— ал соғыста ең қажет нәрсе: өз күшіңе өз армияңды ғана емес, жауды да, барлық *бейтарап* элементтерді де сендіре білу керек, бұл бәрінен де маңызды нәрсе; достық бейтараптық кейде істің тағдырын шеше алады. Мықты теориялық базиске сүйенген және социал-демократиялық органы бар мұндай ұйым барда қозғалысқа сырттан тартылған, көптеген «бөгде» элементтер қозғалысты жолдан тайдырып жібереді деп қорқатын дәнеңе жоқ (қайта, нақ қазір, майдагерлік үстем болып тұрған кезде, тек өздерін ғана социал-демократтармыз деп есептейтін көптеген социал-демократтар «Credo»-ның жолына тартып отырғандығын байқап отырмыз). Бір сөзбен айтқанда, мамандандыру ісі бір орталыққа бағындыруды сөзсіз керек етеді және өзі сөзсіз соның болуын талап етеді.

Бірақ мамандандырудың мейлінше қажет екендігін сондай тамаша суреттеген Б — втың өзі, біздің ойымызша, жоғарыда біз келтірген пайымдауының екінші бөлігінде оны жеткілікті бағаламай отыр. Жұмысшылардан шыққан революционерлердің саны жеткіліксіз, дейді ол. Бұл өте дұрыс айтылған сөз, сондықтан біз тағы да мынаны баса айтамыз: «жақыннан байқаушының ба-

* Әлі есімде, маған бір жолдас: социал-демократтарға жәрдем беруге дайын және жәрдем беріп те жүрген бір фабрикалық инспектордың өзінің «мәліметі» нағыз революциялық орталыққа жетіп, не жетпей жүргенін, оның көмегінің қаншалық керек екенін, оның кішкене, ұсақ қызметтерін пайдаланарлық мүмкіндік бар-жоғын біле алмай қатты ренжіп жүргенін айтқан болатын. Майдагерліктің бізді одақтарымыздан айырғаны бір бұл емес, бұл сияқты өлденеше реттері болғанын әрбір практик, әрине, біледі. Ал жеке алғанда «ұсақ», бірақ түгел алғанда аса бағалы қызметтерді бізге фабрика қызметкерлері мен чиновниктері ғана емес, сонымен бірге почта, темір жол, баж салығын бақылайтын қызметшілер мен чиновниктер де, дворяндардың, поптардың қызметіндегілер де және басқа *әр түрлі* қызметтегілер де, тіпті полициялық қызметтегілер мен сарай төңірегіндегі қызметшілер де істей алар еді, істер де еді! Егер бізде қазір нағыз партия болса, революционерлердің нағыз жауынгер ұйымы болса, біз мұндай «көмекшілерді» салған жерден қолға алмас едік, оларды «құпия істің» нақ өзегіне сөзсіз, әрдайым сүйрей беруге асықпас едік, қайта, оларды мұқият сақтар едік, тіпті мұндай іске әдейілеп адамдар даярлар едік, өйткені студенттердің көбі «қысқа мерзімді» революционерлер болғаннан гөрі осы сияқты «көмекші» — чиновниктер болып істесе, партияға көбірек пайда келтірер еді. Бірақ — тағы да қайталап айтайын — белсенді күштерден кенделігі жоқ, әбден берік ұйым ғана мұндай тактиканы қолдана алады.

ғалы хабары» социал-демократиядағы қазіргі дағдарыстың себептері жөніндегі, демек, одан арылу шаралары жөніндегі біздің көзқарасымызды әбден дәлелдейді. Тек жалпы революционерлер бұқараның стихиялы өрлеуінен кейін қалып отырған жоқ, сонымен бірге тіпті жұмысшы революционерлер де жұмысшы бұқарасының стихиялы өрлеуінен кейін қалып келеді. Ал бұл *факт* жұмысшылар жөніндегі біздің міндеттеріміз туралы мәселені талқылаған кезде бізге екінің бірінде көлденең тартылып жүрген «педагогиканың» өрескел екендігі былай тұрсын, оның *саяси реакциялық* нәрсе екенін де, тіпті «практикалық» жағынан қарағанда да, өте-мөте айқын көрсетеді. Бұл факт біздің ең бірінші, ең зәру міндетіміз — *партиялық қызмет жөнінде* интеллигент-революционермен бірдей дәрежеде тұратын жұмысшы-революционерлерді даярлап шығаруға көмектесу екенін дәлелдейді (біз: партиялық қызмет жөнінде деген сөзді баса айтамыз, өйткені басқа реттерде жұмысшылардың ондай дәрежеге жетуі қажет болса да, бұл онша жеңіл де емес, онша зәру де емес). Сондықтан жұмысшыларды революционерлердің дәрежесіне жеткізе *көтеруге баса* көңіл бөлу керек, бірақ «экономистердің» тілегеніндей, қайткенмен де өзіміз «жұмысшы бұқарасының» дәрежесіне, «Свободаның» тілегеніндей, қайткенмен де «орташа жұмысшылардың» дәрежесіне әсте *түспеуіміз* керек («Свобода» бұл жөнінде экономикалық «педагогиканың» екінші басқышына өрледі). Мен жұмысшыларға түсінікті әдебиет қажет емес деген ойдан аулақпын, әсіресе өте артта қалған жұмысшылар үшін айрықша түсінікті әдебиет қажет емес деген ойдан аулақпын (әрине, ол әдебиет тек қоқыс әдебиет болмауға тиіс). Бірақ мені ызаландыратын нәрсе — жұрттың педагогиканы саясат мәселелеріне, ұйымдастыру мәселелеріне әкеліп ылғи шатастыра беретіндігі. Сіздер, «орташа жұмысшының» қамын жеуші мырзалар, асылында, жұмысшы саясаты туралы немесе жұмысшы ұйымы туралы сөз айтудан бұрын қалайда *еңкеюге* құмарсыздар, сіздер осы арқылы жұмысшыларды қорлайсыздар. Сіздер маңызды нәрселер туралы тік тұрып сөйлесеңіздерші, педагогиканы саясатшылар мен ұйымдастырушылар-

ға ұсынбай, педагогтерге беріп қойсаңыздаршы! Әлде интеллигенцияның арасында да алдыңғы қатарлылар, «орташалар» және «бұқара» жоқ па? Әлде интеллигенция үшін де түсінікті әдебиеттің керек екендігін жұрттың бәрі мойындамай отыр ма, ондай әдебиет жазылмай отыр ма? Бірақ ойлап қараңызшы, студенттерді не гимназистерді ұйымдастыру жөніндегі мақаласында автор, белгілі бір жаңалық ашқандай, ең алдымен «орташа студенттердің» ұйымы керек деп мылжыңдаған екен дейік. Ондай авторды жұрт күлкі қылар еді,— бұлай ету орынды да болар еді. Оған жұрт былай дер еді: сіз бізге, егер өзіңізде бар болса, ұйымдастыру идеяларыңызды айтыңызшы, одан кейін біздің қайсымыз «орташа», қайсымыз жоғары, қайсымыз төмен екенімізді өзіміз айырып алармыз. Ал егер сіздің *өзіңіздің* ұйымдастыру идеяларыңыз жоқ болса, онда сіздің «бұқара» мен «орташалар» жөнінде босқа әуреленулеріңіздің бәрі де тек іш пыстыратын нәрсе болады. Түсінсеңіздерші, «саясат» туралы, «ұйым» туралы мәселелердің маңызды екені соншалық, бұл мәселелер туралы әбден шындап сөз қылмасқа болмайды; жұмысшыларды (студенттерді де, гимназистерді де) осы мәселелер туралы *сөйлесуге боларлықтай* етіп *дайындауға* болады, дайындау керек те, ал сіздер ол мәселелер туралы сөз бастағаннан кейін шындап жауап беріңіздер, «орташаларға» немесе «бұқараға» қарай кейін шегінбеңіздер, тақпақпен немесе сылдыр сөзбен құтылмаңыздар *.

Жұмысшы-революционер де өзінің жұмысына толық дайындалуы үшін профессионал революционер болуға тиіс. Сондықтан Б — втың: жұмысшы фабрикада $11^1/_2$ сағат жұмыс істейді, олай болса, өзге революциялық қызметтердің «негізгі салмағы» (үгіттен басқасы) «өте аз интеллигенттердің мойнына *еріксіз* жүктеледі» деуі дұрыс емес. Бұл тіпті де «еріксіз» істеліп отыр-

* «Свобода» № 1, «Ұйым» деген мақала, 66-бет: «жұмысшы алыбының салмақты адымы Россия Еңбегінің атынан қойылған барлық талаптарды нығайта бермек»,— Еңбегінің деген сөзді әдейі үлкен әріппен жазады! Дәл сол автор тағы да былайша лепіреді: «мен интеллигенцияны тіпті де жек көрмеймін, бірақ»... (бұл *бірақ* Щедриннің: құлақ маңдайдан жоғары бітпейді! — деп аударған сөзі)... «бірақ біреу келіп, өте көркем, өте жақсы сөздерді айтып-айтып, соның бәрі өзінің (оның?) көркемдігі және басқа қасиеттері ретінде қабылдануын талап етуі мені ылғи қатты ызаландырады» (62). Нә, бұл мені де ылғи қатты ызаландырады»...

ған іс емес, біздің артта қалғандығымыздың салдарынан істеліп отырған іс, өйткені біз өзінің қабілеттілігі жағынан аса көрнекті әрбір жұмысшының *профессионал* үгітші, ұйымдастырушы, насихатшы, әдебиет таратушы, тағы сол сияқты болуына жәрдем беруге міндетті екендігімізді ұғынбай жүрміз. Бұл жөнінде біз айрықша назар салып, мәпелеп өсіруге керекті нәрсені сақтай білмей, өз күшімізді өзіміз тура масқара ысырап етіп отырмыз. Немістерді алып қараңыз: олардың күштері біздегіден жүз есе артық, бірақ олар нағыз қабілетті үгітшілер және сондайлар «орташалардан» онша жиі шыға бермейтінін өте жақсы түсінеді. Сондықтан олар әрбір қабілетті жұмысшының қабілеттілігі толық дамуына, толық кәдеге жарауына дереу жағдай жасауға тырысады: оны профессионал үгітші етеді; оны өзінің қызмет өрісін ұлғайтуға ұмтылдырады, оның қызметін бір фабрикадан бүкіл кәсіпке, бір жерден бүкіл елге жаяды. Ол өз мамандығында тәжірибе алады, ептілікке үйренеді, ол өзінің ой-өрісі мен білімін арттырады, ол басқа жерлердің, басқа партиялардың аса көрнекті саяси көсемдерін қатар жүріп байқайды, оның өзі де дәл сондай дәрежеге жетуге тырысады, өзінің жұмысшылар ортасын білетіндігі мен социалистік сенімдерінің сонылығын профессионалдық өнермен ұштастыруға тырысады, ал мұндай өнері болмаса, пролетариат өз жауларының тамаша жақсы машықтанған топтарына қарсы қажырлы күрес *жүргізе алмайды.* Жұмысшы бұқарасының ішінен Бебельдер мен Ауэрлер осылайша, тек осылайша ғана өсіп шығады. Ал саяси бостандығы бар елде көбінесе өзінен-өзі істеліп жататын нәрсені біздің елде үнемі біздің ұйымдарымыз жүргізіп отыруға тиіс. Жұмысшылардан шыққан белгілі бір таланты бар және «болашағы бар» үгітші фабрикада 11 сағат жұмыс істеуге *тиісті емес.* Біз оның партия қаржысымен күнелтуіне, дер кезінде оның құпия жағдайға көше білуіне, өзінің қызмет орнын ауыстырып отыруына жағдай жасауға тиіспіз, өйткені бұлай етпейінше, ол көп тәжірибе ала алмайды, өзінің ой-өрісін кеңейте алмайды, жандармдарға қарсы тым болмаса бірнеше жыл бойы күрес жүргізіп тұра алмайды. Жұмысшылар бұқарасының

стихиялы өрлеуі неғұрлым кең, неғұрлым терең болса, олар өздерінің ішінен талантты үгітшілерді ғана емес, сонымен бірге талантты ұйымдастырушыларды да, насихатшыларды да және нағыз айтулы «практиктерді» де (бұлар көбінше россиялықша салақтау әрі оралымсыздау интеллигенциямыздың арасында өте аз кездеседі) соғұрлым көп шығарады. Бізде арнаулы даярлықтан өткен және революционер жұмысшылардың (онда да «қарудың барлық түрлеріне» жетік революционерлердің) ұзақ мектебінен өткен отрядтар болған кезде,— міне, сонда дүние жүзіндегі саяси полицияның бірде-бірі бұл отрядтарға еш нәрсе істей алмайды, өйткені революцияға жан-тәнімен берілген адамдардан құрылған бұл отрядтарға жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасы да қалтқысыз сенетін болады. Біз жұмысшыларды олар мен «интеллигенттерге» ортақ профессионал революционерлікке үйрену жолына өте аз «итермелеп отырмыз», өзіміздің жұмысшы бұқараға, «орташа-жұмысшыларға» не нәрсе «қол жетерлік», тағы сондайлар жөнінде сөйлеген бос сандырақтарымыз арқылы оларды жиі-жиі кейін сүйрейміз, ал бұл — біздің тікелей *кінәмыз.*

Өзге реттердегі сияқты, бұл реттерде де ұйымдастыру жұмысының тар өрістілігі біздің теориямыз бен саяси міндеттеріміздің тарылуымен сөзсіз және тығыз байланысып отыр (мұны «экономистер» мен істі жаңадан бастаған практиктердің орасан көпшілігі мойындамай жүр). Стихиялылыққа табынушылық бұқараға «қол жетерлік» нәрседен бір қадам болса да алыстаудан қорқушылықты туғызады, бұқараның таяудағы, тікелей тілектерін жайша өтеуден тым жоғары көтеріліп кетуден қорқушылықты туғызады. Қорықпаңыздар, мырзалар! Ұйымдық мәселе жөнінде біздің төмен тұрғандығымыз сонша, біз *тым* жоғары көтеріле *аламыз* деген ойдың өзі де қисынсыз екенін естеріңізден шығармаңыздар!

д) «ЗАГОВОРШЫЛАР» ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ «ДЕМОКРАТИЗМ»

Ал біздің арамызда «өмір үніне» құлағын тіге қоятын адамдар өте көп, олар бәрінен де гөрі міне осыдан көбірек қорқады, осы баяндалып отырған көзқарастағы

адамдарды «халық ерікшілері» деп, «демократизмді» түсінбейтіндер, т. б. деп айыптайды. Әлбетте, «Рабочее Дело» да іле көтерген бұл айыптауларға тоқтап өтуге тура келеді.

Петербургтегі «экономистердің» тіпті «Рабочая Газетаны» да халық ерікшілерін жақтайды деп айыптағанын осы сөздерді жазып отырған адам өте жақсы біледі (бұл газетті «Рабочая Мысльмен» салыстырсақ, олай болуы түсінікті де). Сондықтан да «Искра» жарыққа шыққаннан кейін көп ұзамай Х қаласындағы социал-демократтар «Искраны» «халық ерікшілерінің» органы деп атайды деп бір жолдас бізге білдіргенде, біз оған титтей де таңқалған жоқпыз. Бізге бұл айыптау, әлбетте, тек ұнамды болды, өйткені «экономистердің» жөні түзу социал-демократ атаулыны халық ерікшілі деп айыптамаған жері бар ма?

Бұл айыптаулар екі түрлі түсінбеушіліктен туып отыр. Біріншіден, бізде жұрт революциялық қозғалыстың тарихын нашар білетіндігі сонша, патша өкіметіне қарсы үзілді-кесілді соғыс жариялайтын, бір орталыққа бағынған айбынды ұйым жөніндегі әрбір идеяны «халық ерікшілдігі» деп атайды. Бірақ 70-жылдардағы революционерлердің тамаша жақсы ұйымын, біздің бәрімізге үлгі болуға тиісті ұйымын құрған әсте халық ерікшілері емес, *жерерікшілер;* бұлар соңынан қаралай бөлісшілер және халық ерікшілері болып екіге бөлініп кетті[74]. Сонымен, айбынды революциялық ұйымда халық ерікшілдігіне тән бірдеңе бар деп білу тарихи жағынан да, логикалық жағынан да қисынсыз нәрсе, өйткені революциялық бағыттың *қандайы* болса да, егерде ол бағыт күрделі күрес туралы шынымен ойлайтын болса, мұндай ұйымсыз еш нәрсе бітіре алмайды. Халық ерікшілерінің қатесі олардың наразы адамдардың *бәрін де* өз ұйымына тартуға тырысқандығында емес және бұл ұйымды самодержавиеге қарсы үзілді-кесілді күреске бағыттауға тырысқандығында да емес. Бұл, қайта, олардың сіңірген тарихи ұлы еңбегі болып табылады. Олардың қатесі мынада болды: олар шын мәнінде мүлде революциялық емес теорияға сүйенді, сөйтіп олар өз қозғалысын дамып келе жатқан капиталистік қоғамның

ішіндегі тап күресімен тығыз байланыстыра білмеді немесе байланыстыра алмады. Сөйтіп, жұмысшылардың бұқаралық, стихиялық қозғалысының тууы жерерікшілердің ұйымы сияқты жақсы ұйымды, революционерлердің одан да өлшеусіз артық жақсы ұйымын құру міндетінен бізді *құтқарады* деген ой марксизмді тіпті мүлде түсінбеушіліктен ғана (немесе оны «струвизм» рухында «түсінушіліктен» ғана) туды. Қайта, бұл қозғалыс бізге, міне, нақ осы міндетті *жүктейді,* өйткені пролетариаттың стихиялық күресі бұған революционерлердің берік ұйымы басшылық етпейінше, пролетариаттың нағыз «таптық күресі» бола алмайды.

Екіншіден, көптеген адамдар — мұның ішінде, сірә, Б. Кричевский де болу керек («Рабочее Дело» № 10, 18-бет) — саяси күрес жөніндегі «заговоршылдық» көзқарасқа қарсы социал-демократтардың әрдайым жүргізіп келген айтыстарын теріс түсінеді. Біз саяси күресті заговордың деңгейіне түсіре *тарылтушылыққа* әрдайым қарсы шығып отырдық, бұдан былай да, әрине, қарсы шығамыз*, бірақ бұл берік революциялық ұйымның қажеттігін, әлбетте, эсте бекерге шығарғандық емес еді. Мәселен, ескертуде айтылған кітапшада саяси күресті заговорға апарып саюға қарсы бағытталған айтыспен бірге (социал-демократиялық мұрат ретінде) ұйым құру мәселесі де суреттеледі, ұйым болғанда «абсолютизмге батыл соққы беру үшін» «көтерілісті» де, «шабуылдың басқа да бір жолын» да «қолдана алатындай» ** берік ұйым құру мәселесі суреттелген. Өзінің *формасы* жағынан мұндай берік революциялық ұйымның само-

* Салыстырыңыз: «Орыс социал-демократтарының міндеттері», 21-бет, П. Л. Лавровқа қарсы айтыс. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 498—500-беттер. *Ред.*)

** «Орыс социал-демократтарының міндеттері», 23-бет. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 501-бет. *Ред.*). Айта кетейік, *«Рабочее Делоның»* не өзінің айтқанына түсінбейтіндігін, не өзінің көзқарасын «желдің ығына қарай» өзгерте беретінін суреттейтін тағы бір мысал мынау. «Рабочее Делоның» 1-номерінде курсивпен былай деп жазылған: *«кітапшаның баяндалған мазмұны «Рабочее Делоның» редакциялық программасына бүтіндей дәл келеді»* (142-бет). Шынымен солай ма? Бұқаралық қозғалысқа самодержавиені құлатуды бірінші міндет етіп қоюға болмайды деген көзқарас «Міндеттерге» сай келе ме? «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» жүргізу теориясы сай келе ме? сатылар теориясы сай келе ме? «Сай келушілікті» соншалық ерекше түсінетін органның принциптік тұрақтылығы жөнінде сөз болуы мүмкін бе,— мұның төрелігін оқушылардың өздері айтсын.

державиелі елде «заговоршыл» ұйым деп аталуы да мүмкін, өйткені французлардың «конспирация» («құпия») деген сөзі орыстың «заговор» деген сөзімен бірдей, ал мұндай ұйымға құпиялылық барынша керек нәрсе. Құпиялылық — мұндай ұйымның аса қажетті шарты, ал өзге шарттардың бәрі де (мүшелерінің саны, оларды іріктеп алу, қызмет саласы, т. б.) осы шартқа сәйкес болуға тиіс. Сондықтан бізді, социал-демократтарды, заговоршыл ұйым құрғалы жүр деп айыптаудан қорқатын болсақ, мұнымыз барып тұрған аңқаулық болар еді. «Экономизмнің» әрбір жауы үшін «халық еріктілдігі» деген айыптаулар қандай жағымды болса, бұл айыптаулар да сондай жағымды болуға тиіс.

Біреулер бізге қарсы шығып: құпия істің барлық тізгіндерін өз қолына жинап алатын мұндай өте құпия, мықты ұйым, қажеттігіне қарай централистік ұйым болып отырған ұйым мезгілсіз шабуылға оп-оңай бой ұруы мүмкін, жұмысшы табының саяси наразылығы, қобалжуы мен ашынуы, т. б. өршуіне қарай мүмкін болатын және керек болатын кезден бұрып, байқаусызда қозғалысты күн ілгері ушықтырып жіберуі мүмкін,— дер. Бұған біз былай деп жауап береміз: абстракт түрде айтқанда, жауынгер ұйымның әбес ұрысқа ұшыратуы *мүмкін* екенін, ол ұрыстың басқа жағдайларда әсте жеңілумен тынбаса да, бұл жолы жеңіліп тынуы *мүмкін* екенін, әрине, бекер деуге болмайды. Бірақ мұндай мәселеде абстракт пікірлермен ғана тынуға болмайды, өйткені ұрыстың қай-қайсысында болса да жеңілістің абстракт түрдегі мүмкіндігі болады, сондықтан бұл мүмкіндікті *азайту* үшін шайқасқа ұйымдасқан түрде дайындалудан басқа жол жоқ. Ал егерде біз мәселені орыстың қазіргі өмір жағдайларына нақты лайық алатын болсақ, онда қозғалысты тұрақты ету үшін, оны әбес шабуыл жасау мүмкіндігінен *сақтау* үшін нақ осындай берік революциялық ұйым сөзсіз керек дегенді жақтап қорытынды жасауға тура келеді. Дәл қазір, мұндай ұйым жоқ болып отырған кезде, революциялық қозғалыс стихиялы түрде тез өсіп отырған кезде қарама-қарсы екі түрлі ұшқарылық *анық байқалады* (бұлар қабысуға тиіс еді, «қабысады» да): біресе мүлде

қисынсыз «экономизм» мен баяулықты уағыздаушылықты көресіз, біресе «дамып, нығайып келе жатқан, бірақ әлі де аяғынан гөрі басына жақын қозғалыстың аяқталғандық белгілерін қолдан жасауға (В. З., «Заря» № 2—3, 353-бет) тырысатын, нақ сондай қисынсыз «экситативтік терроды» көресіз. Сөйтіп, «Рабочее Дело» жөніндегі мысал ұшқарылықтың екі түріне де бас иетін социал-демократтардың *қазірдің өзінде-ақ бар* екендігін көрсетеді. Мұндай көрініс таңданарлық нәрсе емес, оның басқа себептерден бөлек тағы да бір себебі: «қожайындар мен үкіметке қарсы экономикалық күрес» революционерді *еш уақытта да* қанағаттандырмайды, сондықтан қарама-қарсы ұшқарылықтар біресе мына жерден, біресе ана жерден әрдайым шығып отырады. Социал-демократиялық саясатты аумай жүргізіп отыратын және, былайша айтқанда, революциялық сезім мен талаптарды қанағаттандыратын, бір орталыққа бағынған жауынгер ұйым ғана қозғалысты әбес шабуылдан сақтап, жеңіске жеткізетін шабуылды дайындай алады.

Бізге тағы біреулер қарсы шығып: ұйым жөнінде айтылып отырған пікір «демократиялық принципке» қайшы келеді,— дер. Алғашқы айыптау қаншалық дәрежеде дербес орыс жағдайынан туған нәрсе болса, ал мына айыптау соншалық дәрежеде *дербес шетелдік* жағдайдан туған нәрсе. Тек шетелдегі ұйым ғана («Орыс социал-демократтары одағы») өз редакциясына, өзге нұсқаулармен қатар, мынадай нұсқауды да бере алды:

«*Ұйымдық принцип.* Социал-демократияны ойдағыдай дамытып, біріктіру үшін оның партия ұйымының кең демократиялық принципін баса көрсетіп, оны дамытып, сол жолда күресуіміз керек, партиямыздың қатарында антидемократиялық тенденциялар біліиіп отырғандықтан бұлай ету өте-мөте қажет» («Екі съезд», 18-бет).

«Исқраның» «антидемократиялық тенденцияларына» қарсы «Рабочее Делоның» дәл қалай күресіп отырғанын біз келесі тарауда көреміз. Ал қазір «экономистер» ұсынып отырған осы «принципке» қунттап зер салып көрейік. «Кең демократиялық принциптің» өзінде мы-

надай екі шарт бар екендігіне әркім-ақ келісер деймін: ол, біріншіден, толық жариялылықты керек етеді, екіншіден, барлық қызметтерге адамның сайланып қойылуын керек етеді. Жариялылық болмаса, онда да ұйым мүшелерімен ғана шектелмейтін жариялылық болмаса, демократизм туралы сөз қылудың өзі ерсі болар еді. Біз немістердің социалистік партиясының ұйымын демократиялық ұйым дейміз, өйткені онда партия съезінің мәжілістеріне дейінгі барлық жұмыс ашық жүргізіледі; ал партияға мүше еместердің бәрінен де тасаланып, құпиялық пердесін жамылған ұйымды ешкім де демократиялық ұйым дей алмайды. Мынадай сұрақ туады: бұл принциптің негізгі шарты құпия ұйым үшін *орындалмайтын* принцип болса, онда *«кең* демократиялық принципті» ұсынуда қандай мағына бар? «Кең принцип» дегеніңіз тартымды сөз болғанымен, бос сөз болып шығады. Ол ол ма. Бұл бос сөз ұйымдық мәселе жөнінде бүгін таңдағы шұғыл міндеттерді мүлде түсінбегендікті көрсетеді. Бізде революционерлердің «қалың» бұқарасының құпиясыздығы орасан күшті екендігін жұрттың бәрі біледі. «Мүшелерді әбден екшеп алуды» («Рабочее Дело» № 6, 42-бет) өте орынды талап етіп отырған Б — втың бұған қатты налығанын біз көрдік. Нақ осы арада өздерінің «өмірді зерек білетіндігін» айтып мақтанатын адамдар шыға келеді де, істің жайы осылай болып отырған кезде аса қатаң құпиялылықтың және мүшелерді әбден екшеп (демек, неғұрлым қолма-қол) іріктеп алудың қажеттігін емес, *«кең* демократиялық принциптің» қажеттігін *баса көрсетеді!* Айдалаға лағу деп, міне, осыны айтады.

Демократизмнің екінші белгісі болып табылатын сайланып қоюшылық жөніндегі мәселенің жайы да мәз емес. Саяси бостандығы бар елдерде бұл шарттың болатындығы өзінен-өзі түсінікті. Неміс социал-демократиялық партиясының ұйымдық уставының бірінші параграфында: «Партия программасының принциптерін мойындайтын және партияны әлі келгенінше қолдайтын әрбір адам партия мүшесі болып саналады» делінген. Театрда отырған адамдарға сахна алаңы қандай ашық көрінсе, бүкіл саяси майдан да жұрттың бәріне сондай

ашық көрінеді, сондықтан бұл танушылық немесе танымаушылық, қолдаушылық немесе қарсы тұрушылық газеттерден де, халық жиналыстарынан да жұрттың бәріне және әркімге мәлім. Пәлендей саяси қайраткер істі пәленнен бастады, пәлендей эволюцияны бастан кешірді, өмірдің қысылтаяң кезінде өзін былайша көрсете білді, жалпы айтқанда оның пәлендей қасиеттері бар деп, жұрттың бәрі біліп отырады,— сондықтан істің анығына жеткен партия мүшелерінің *бәрі,* әрине, мұндай қайраткерді партияның белгілі қызметіне сайлауға да немесе сайламауға да ерікті. Партия адамының саясат майданында әрбір басқан адымын жаппай (сөздің дәлме-дәл мағынасында) бақылау өздігінен қимылдайтын механизм туғызады, бұл механизм биологияның тілімен айтқанда «өте-мөте икемділердің өмір сүруіне» мүмкіндік береді. Толық жариялылықты, сайлап қоюшылықты, жаппай бақылауды «табиғи сұрыптау» нәтижесінде қамтамасыз етілетін нәрсе: әрбір қайраткер сайып келгенде «өз орнында» болып шығады, өз күшіне, өз қабілетіне неғұрлым сай келетін іске кіріседі, өз қателерінің барлық зардабын өз басынан кешіретін болады және өз қателерін мойындай алатындығын, бұдан былай қате жібермейтіндігін барша жұрттың алдында дәлелдей алады.

Осы жағдайды біздің самодержавиенің шеңберіне сыйғызып көріңізші! «Партия программасының принциптерін мойындайтын және партияны әлі келгенінше қолдайтын» адамдардың бәрі бірдей астыртын жағдайда жұмыс жүргізетін революционердің әрбір қадамын бақылап отыруы бізде мүмкін бе? Революционер жұмыстың мүддесін көздеп осы айтылған «бәрінің» оннан тоғызынан өзінің кім екендігін жасыруға *міндетті* болып отырғанда, бұлардың бәрі бірдей астыртын жағдайда жұмыс жүргізетін революционерлердің ішінен белгілі бір адамды сайлап алуына бола ма? «Рабочее Делоның» таратып жүрген даурықпа сөздерінің шын мәнісін азып-аулақ болса да аңдап қараңызшы,— сонда сіз самодержавиенің қара түнегінде, іріктелген жандармдар үстемдік етіп отырған уақытта партия ұйымының «кең демократизмі» дегеніміз тек қана *мағынасыз және*

зиянды ойыншық екенін көресіз. Бұл — мағынасыз ойыншық, өйткені іс жүзінде революциялық ұйымның қай-қайсысы болса да тіпті қанша құлшынғанмен еш уақытта да *кең* демократизмді жүргізген емес, жүргізе алмайды да. Бұл — зиянды ойыншық, өйткені «кең демократиялық принципті» іс жүзінде жүргізем деп әрекеттенушілік — полицияның қақпанына түсуді оңайлатады және үстем болып отырған майдагерлікті мәңгілік етіп қалдырады, өздерін профессионал революционерлер етіп шығару жөніндегі маңызды, көкейтесті міндеттен практиктердің ойын бөліп, оларды сайлау жүйелері туралы «қағаз жүзінде» толық уставтар жазуға салындырады. Осы «демократизм ойыны» тек шетелде ғана, өздеріне нағыз, маңдымды іс таба алмай жүрген адамдар жиі-жиі жиналатын кейбір жерлерде ғана, әсіресе әр түрлі ұсақ топтар арасында ғана өрістеуі мүмкін.

Революциялық істе демократизм сияқты сүйкімді «принцип» ұсынуда «Рабочее Делоның» тәуір көретін тәсілінің мейлінше сүйкімсіз екендігін оқушыға көрсету үшін біз бұл жолы да куәға сүйенейік. Бұл куә — Е. Серебряков, Лондондағы «Накануне» деген журналдың редакторы, «Рабочее Делоны» өте ұнатады, ал Плеханов пен «плехановшылдарды» өте жек көреді; шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» жікке бөлінуі жөніндегі мақалаларында «Накануне» журналы біржолата «Рабочее Делоның» жағына шығып, Плехановқа қарсы бірталай жасық сөздерді жаңбырдай жаудырды[75]. Сондықтан да бұл куәның осы мәселе жөніндегі сөзін келтіру біз үшін аса қажет. «Накануненің» 7-номерінде (июль, 1899 ж.), «Жұмысшылардың өзін азат ету тобының үндеуі жөнінде» деген мақалада Е. Серебряков «күрделі революциялық қозғалыста өзін өзі жұбату туралы, басшылық туралы, ареопаг дейтін нәрсе туралы» мәселе көтеру «әдепсіздік» екенін айта келіп, оның үстіне былай деп жазды:

«Мышкин, Рогачев, Желябов, Михайлов, Перовская, Фигнер және басқалары өздерін еш уақытта да басшы адамдар деп санаған емес, оларды ешкім сайлаған да емес, тағайындаған да емес, ал шынында олар басшы адамдар еді, өйткені насихат жүргізу дәуірінде болсын, үкіметке қарсы күресу дәуірінде

болсын олар жұмыстың ең зор ауыртпалығын өздері көтерді, өте-мөте қауіпті жерлерге барды, сондықтан олардың ісі де өте-мөте жемісті болды. Ал басшы болғандығы олардың тілектерінің нәтижесі емес, олардың ақылына, олардың қайрат-жігеріне, іске берілгендігіне төңірегіндегі жолдастарының сенушілігінің нәтижесі еді. Қозғалысты өз бетінше басқарып кетер деп қайдағы бір ареопагтан қорқу (қорықпайтын болса, ол туралы жазудың керегі не) барып тұрған аңқаулық. Оның айтқанын кім тыңдамақ?»

Біз оқушыдан: «ареопагтың» «антидемократиялық тенденциялардан» қандай айырмашылығы бар?— деп сұраймыз. «Рабочее Делоның» «сүйкімді» ұйымдық принципі де әрі аңқаулық, әрі әдепсіздік екендігі анық емес пе; аңқаулық болатын себебі: «олардың ақылына, қайрат-жігеріне, іске берілгендігіне төңірегіндегі жолдастары сенбейтін» болғандықтан «ареопагтың» немесе «антидемократиялық тенденциялардағы» адамдардың тілін ешкім де алмайды. Әдепсіздік болатын себебі: мұның өзі біреулердің даңғойлығын, екінші біреулердің біздегі қозғалыстың шын жайымен таныс еместігін, үшінші біреулердің дайындығының жоқтығын және революциялық қозғалыстың тарихымен таныс еместігін пайдаланатын демагогтік қылық. Біздің қозғалыстың қайраткерлері үшін бірден-бір елеулі ұйымдық принцип болуға тиісті нәрселер: қатаң құпиялылық, мүшелерді әбден екшеп іріктеп алу, профессионал революционерлерді дайындау. Бұл қасиеттер бар болса,— «демократизмнен» гөрі маңызды бір нәрсе қамтамасыз етіледі, атап айтқанда: революционерлердің өзара толық жолдастық сенімі қамтамасыз етіледі. Ал осы маңызды нәрсе бізге сөзсіз қажет, өйткені оның орнына жаппай демократиялық бақылау жүргізу туралы біздің Россияда сөз болуы да мүмкін емес. Және де нағыз «демократиялық» бақылаудың мүмкін еместігі революциялық ұйымның мүшелерін бақылаусыз етеді деп ойлау үлкен қателік болар еді: демократизмнің (бір-біріне толық сенетін тығыз байланысы бар ұйымшыл жолдастардың арасындағы демократизмнің) ойыншық формалары туралы ойлауға олардың қолы да тимейді, бірақ өздерінің *жауапкершілігін* олар өте жақсы сезеді, оның үстіне жарамсыз мүшелерден құтылу үшін нағыз революцио-

нерлердің ұйымы қандай шараларды болса да қолданудан тайынбайтындығын олар тәжірибеден біледі. Оның үстіне бізде орыстың (және халықаралық) революцияшыл қауымының жеткілікті өркендеген, өзінің тұтас тарихы болған жұртшылық пікірі бар, бұл пікір жолдастық борыштан қия басқандықтың қандайын болса да аяусыз жазалап отырады (ал «демократизм», ойыншық демократизм емес, нағыз демократизм, бүтіннің бөлшегі ретінде жолдастық деген ұғымға кіреді ғой!). Осының бәрін еске алыңызшы — сонда сіз «антидемократиялық тенденциялар» туралы бұл сөздер мен қарарлардан шетелдегілердің кемеңгерсу әрекетінің шірік иісі шығатынын түсінесіз!

Сонан соң мынаны да айта кету керек: мұндай сөздердің екінші бір негізі, яғни аңқаулық, демократия жөніндегі ұғымның комескілігін де қорек етеді. Ерлі-зайыпты Веббтердің ағылшын тред-юниондары туралы жазған кітабында «Анайы демократия» деген бір қызық тарау бар. Бұл кітапта авторлар мынаны айтады: жұмысшы одақтарының құрылған алғашқы дәуірінде ағылшын жұмысшылары демократияның бір қажетті белгісі — одақтарды басқару жөніндегі барлық істі жұрттың бәрі істеуге тиіс деп есептеген: барлық мәселелерді барлық мүшелердің даусына салу арқылы шешіп қана қоймай, сонымен бірге түрлі қызметті де барлық мүшелер кезекпен атқаруы керек деп білген. Демократия жөніндегі осындай ұғымның сорақы екенін түсіну үшін және, бір жағынан, өкілдік мекемелердің, екінші жағынан — профессионал қызмет адамдарының болуы керектігін жұмысшылардың түсінуі үшін ұзақ тарихи тәжірибе керек болды. Төленіп жүрген жарналар мен алынып жүрген жәрдемдердің шамалас болуы туралы мәселе бір ғана демократиялық жолмен дауысқа салу арқылы шешіле қоймайтынын, бұл жөнінде қамсыздандыру ісі маманының пікірі де қажет екенін жұмысшылардың түсінуі үшін одақ кассаларының қаражат жағынан бірнеше рет күйреуі керек болды. Онан соң, Каутскийдің парламентаризм және халықтық заң туралы кітабын алып қараңызшы,— сонда сіз марксист теоретиктің қорытындылары «стихиялы түрде» бірік-

кен жұмысшылардың көп жылдық тәжірибеден алған сабағымен дәлме-дәл келетінін көресіз. Каутский Риттингхаузеннің демократияны анайы түсінетініне үзілді-кесілді қарсы шығады, демократия үшін «халықтық газеттерді тікелей халықтың өзі редакциялайтын болсын» деуден тайынбайтын адамдарды мазақтайды, пролетариаттың таптық күресіне социал-демократиялық басшылық ету үшін *профессионал* журналистердің, парламентшілердің және басқалардың қажеттігін дәлелдейді, «тартымды болуына салынып кетіп», тікелей халық заңын асыра дәріптейтін және қазіргі қоғамда оның қолданылуы тіпті екіталай нәрсе екенін түсінбейтін «анархистер мен әдебиетшілердің социализміне» қарсы шығады.

Біздің қозғалысымызда практика жүзінде жұмыс істегендер оқушы жастар мен жұмысшылардың қалың бұқарасы арасында демократия жөнінде «анайы» көзқарастың кең таралғандығын біледі. Сондықтан бұл көзқарастың уставтарға да, әдебиетке де еніп отырғандығы таңданарлық нәрсе емес. Бернштейншілдік бағыттағы «экономистер» өз уставында былай деп жазды: «§ 10. Бүкіл одақ ұйымының мүдделеріне қатысы бар істердің бәрі де оның барлық мүшелерінің көпшілік даусымен шешіледі». Террористік бағыттағы «экономистер» оларға былайша үн қосады: «комитеттің шешімдері барлық үйірмелерден өтетін болсын, тек сонан кейін ғана нағыз шешім болатын болсын» («Свобода» № 1, 67-бет). Есіңізде болсын, референдумды кең қолдану жөніндегі бұл талап *бүкіл* ұйымды сайлау негізінде құру керек деген талаптың *үстіне* ұсынылып отыр! Әрине, біз мұнысы үшін нағыз демократиялық ұйымдардың теориясымен және практикасымен танысуға мүмкіндігі өте аз болған практиктерді айыптаудан аулақпыз. Ал басшылық рольден дәмеленіп жүрген «Рабочее Дело» осындай жағдайда тек кең демократиялық принцип туралы қаулы алумен ғана шектеліп отырған болса, мұны жай «тартымды болуына салынып кету» демей не дейсіз?

е) ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰМЫС ПЕН ЖАЛПЫ ОРЫСТЫҚ ЖҰМЫС

Егер де бұл жерде айтылып отырған ұйым жоспарына қарсы шығушылардың бұл ұйым демократиялық ұйым емес, заговоршылық сипаты бар ұйым деген пікірлері мүлдем қисынсыз болса, онда өте жиі ұсынылып жүрген және жете талдануға тиісті тағы да бір мәселе қалады. Ол — жергілікті жұмыс пен жалпы орыстық жұмыстың арақатынасы туралы мәселе. Бір орталыққа бағынған ұйым құру ісінің негізгі салмағы жергілікті жұмыстан жалпы орыстық жұмысқа ауысуға соқтырмас па екен? мұның өзі жұмысшылар бұқарасымен байланысымыздың бекемдігін және жалпы айтқанда жергілікті үгіттің тұрақтылығын әлсіретіп, қозғалысқа зиян келтірмес пе екен? деп қауіптенушілер бар. Біз бұған былай деп жауап береміз: жергілікті қайраткерлеріміздің жергілікті жұмыспен тым көп шұғылданып кетуі біздің соңғы жылдардағы қозғалысымызға нұқсан келтіріп жүр; сондықтан істің негізгі салмағын жалпы орыстық жұмысқа аздап аудару сөзсіз қажет нәрсе; мұның өзі байланысымыздың бекемдігін де, жергілікті үгітіміздің тұрақтылығын да әлсіретпейді, қайта нығайта түседі. Орталық орган мен жергілікті органдар туралы мәселені алып қарайық, газет ісінің біз үшін өлшеусіз зор және жалпы алғанда әр тарапты революциялық істі көрсететін *үлгі* болып табылатындығын оқушылардың естен шығармауын өтінеміз.

Бұқаралық қозғалыстың алғашқы дәуірінде (1896—1898 жылдары) жергілікті қайраткерлер жалпы орыстық орган — «Рабочая Газетаны» ұйымдастыруға тырысты; келесі дәуірде (1898—1900 жылдары) — қозғалыс ілгері қарай қарыштап қадам басты, бірақ басшылардың назары бүтіндей жергілікті органдарға аударылды. Егер де осы жергілікті органдардың бәрін қосып есептесек, онда ай сайын газеттің бір номері шығып тұрғанын көреміз*. Мұның өзі біздің майдагерлігімізді айқын көрсетпей ме? Мұның өзі біздің революция-

* Қараңыз: «Париж конгресіне жасалған баяндама» [76], 14-бет: «Сол уақыттан (1897 жылдан) бастап 1900 жылдың көктеміне дейін түрлі жерлерде әр түрлі газеттердің 30 номері шықты... Орта есеппен алғанда айына бір номерден көбірек шығып тұрды».

лық ұйымның қозғалыстың стихиялық өрлеуінен артта қалып қойғандығын өте айқын көрсетпей ме? Егер де газет номерлерін *нақ осы мөлшерде* бытыраңқы жергілікті ұйымдар шығармай, тұтас бір ұйым шығарған болса,— біз қыруар күштерді сақтап қалып қана қоймай, сонымен бірге жұмысымыздың өлшеусіз зор тиянақтылығы мен сабақтастығын да қамтамасыз еткен болар едік. Осы жай ғана пікірді ылғи дерлік жергілікті органдарда *белсене* жұмыс істейтін практиктер де (амал не, өте көпшілік реттерде істің жайы қазірде де осылай болып отыр), бұл мәселеде таңқаларлықтай донкихоттық көрсетіп жүрген публицистер де аса жиі ұмытып кетіп жүр. Көбінесе практик жергілікті қайраткерлерге жалпы орыстық газет шығару «қиын»*, сондықтан ешбір газет болмағаннан гөрі жергілікті газеттердің болғаны артық деген пікірмен қанағаттанады. Соңғы пікірі, әрине, әбден дұрыс, және де біз *жалпы* жергілікті газеттердің орасан зор маңызы, орасан зор пайдасы бар екенін мойындауда ешқандай практиктен кем түспейміз. Бірақ әңгіме бұл туралы болып отырған жоқ қой, әңгіме бүкіл Россияда $2^1/_2$ жылдың ішіндегі жергілікті газеттердің 30 номерінде айқын көрініп келген бытыраңқылық пен майдагерліктен құтылуға болмас па екен деген мәселе туралы болып отыр. Жергілікті газет атаулы пайдалы деген даусыз қағидамен, бірақ тым жалпы қағидамен шектелмеңіздер, олардың екі жарым жылдың тәжірибесі арқылы анықталған жағымсыз жақтарын ашық мойындауға да ерліктерің жететін болсын. Бұл тәжірибе жергілікті газеттердің біздің жағдайымызда көпшілік реттерде принцип жағынан тұрақсыз, саяси жағынан маңызсыз болатындығын дәлелдейді, революциялық күштерді жұмсау жөнінде тым қымбатқа түсетіндігін, техникалық жағынан мүлде қанағаттанғысыз екендігін дәлелдейді (менің айтып отырғаным, әлбетте, газет бастыру техникасы емес, газеттің жиі және ұдайы шығарылып тұруын айтып отырмын). Ал көрсетіліп өткен кемшіліктердің бәрі де кездейсоқ

* Бұл қиындық — тек елес сияқты қиындық. Шындығында жалпы орыс ісінің белгілі бір функциясына белсене кірісуге мүмкіндігі болмайтын бірде-бір жергілікті үйірме *жоқ*. «Істей алмаймын деме, істегім келмейді де».

нәрсе емес, бытыраңқылықтың сөзсіз салдары болып табылады, бұл бытыраңқылық, бір жағынан, сөз болып отырған дәуірде жергілікті газеттердің басым болғандығын көрсетсе, екінші жағынан, оның өзі де сол басымдылыққа *сүйеніп* отырады. Өз газетінің принциптік тұрақтылығын қамтамасыз етуге, оны саяси органның деңгейіне көтеруге жеке жергілікті ұйымның ешбір *әлі келмейді,* біздің бүкіл саяси өмірімізді баяндап көрсету үшін жеткілікті материалды жинап, пайдалапуға *әлі келмейді.* Ал бостандығы бар елдерде жергілікті газеттердің көп болуының қажеттігі жөнінде әдетте келтіріліп жүрген дәлел — жергілікті жұмысшылар басып шығарғанда газеттер арзанға түседі және жергілікті халыққа әрі толық, әрі тез мәлімет беріп отыруға болады деушілік — бұл *дәлел,* тәжірибеге қарағанда, бізде жергілікті газеттерге *қарсы* келіп отыр. Революциялық күштерді жұмсау мағынасында бұл газеттер тым қымбатқа түседі және *әсіресе* өте сирек шығады, мұның бір ғана себебі: *құпия* газетке, ол қандай шағын болса да, өте зор құпия аппарат керек, бұл аппарат фабрикалық ірі өнеркәсіпті керек етеді, өйткені майдагерлік шеберханада бұл аппаратты жасап шығара алмайсың. Ал құпия аппараттың анайылығы көбінесе мынаған әкеп соғады (әрбір практик мұндай мысалдардың талайын біледі): газеттерді *жаппай* қолға түсіру үшін полиция газеттердің бір-екі номерінің шығып, таралуын пайдаланады, осының салдарынан істен түк нәтиже қалмайтындығы сонша, істі басынан қайта бастауға тура келеді. Жақсы жолға қойылған құпия аппарат революционерлердің жақсы кәсіби даярлығы болуын және еңбек бөлінісін өте дәйектілікпен жүргізуді талап етеді, ал жеке жергілікті ұйым сол сәтте қандай күшті болса да, бұл талаптардың екеуін де мүлдем орындай алмайды. Бүкіл қозғалысымыздың жалпы мүдделері (жұмысшыларға принцип жағынан тұрақты социалистік және саяси тәрбие беру ісі) былай тұрсын, тіпті арнаулы жергілікті орындардың мүдделерін де *жергілікті емес органдар жақсырақ орындайды:* бұл тек ә дегенде ғана ерсі болып көрінер, ал шынында біз айтып өткен екі жарым жылдық тәжірибе мұны сөзсіз дәлелдеп отыр. Газеттің

30 номерін шығарған әлгі жергілікті күштердің бәрі бір газетпен ғана айналысқан болса, онда бұл газеттің жүз номері демесек те, 60 номері оп-оңай шығып тұрар еді, демек, кілең жергілікті қозғалыстың барлық өзгешеліктерін де толығырақ көрсеткен болар еді, бұған кім болса да келіседі. Күмән жоқ, мұндай ұйымшылдық оңай емес, бірақ біз оның қажет екендігін түсінуіміз керек қой, әрбір жергілікті үйірме сырттан түрткі болуын күтпей, жергілікті орган — біздің революциялық тәжірибеміздің деректеріне қарағанда көбінесе құр сағым болып отырған жергілікті орган — әрі қол жетерлік, әрі жақын дегенге алданбай, ұйымшылдық жөнінде ойланып, *белсене жұмыс істеуін* көздеуіміз керек қой.

Сондықтан өздерін практиктерге өте жақынбыз деп есептеп, бұл сағымды көрмейтін және: жергілікті газеттер де керек, аудандық газеттер де керек, жалпы орыстық газеттер де керек деген мейлінше құнсыз, мейлінше бос сөздермен құтылмақшы болып жүрген публицистер практикалық жұмысқа пайда келтірмейді. Әрине, жалпы айтқанда, мұның бәрі де керек, бірақ нақты ұйымдастыру мәселесін қолға алады екенсіз, онда тұрған орта мен кезең жағдайлары жөнінде де ойлау керек қой. Шынында да, «Свободаның» (№ 1, 68-бет) *«газет туралы мәселеге»* әдейі «тоқтала келіп»: «Біздің ойымызша жұмысшылардың азды-көпті жиналған жерінде — жұмысшылардың өзінің меншікті газеті болуы керек. Басқа бір жақтан келетін газет емес, өзінің меншікті газеті болуы керек» деп жазғаны донкихоттық емес пе? Егер бұл публицист өз сөздерінің мәнісін ойлағысы келмесе, оның орнына ең болмағанда, оқушы, сіз ойлап қараңыз: «жұмысшылардың азды-көпті жиналған жерлері» Россияда жүздеп демесек те, ондап саналады, сондықтан әрбір жергілікті ұйым шынымен өзінің меншікті газетін шығаруға кіріссе, бұл біздің майдагерлігімізді сондай мәңгілік етіп қалдырғандық болар еді! Бұл бытыраңқылық жергілікті қайраткерлеріміз жұмысты жаңа ғана бастаған кезінде, олардың нағыз революционерлер болып жетілуіне жеткізбей-ақ, жандармдардың ұстап алуын — онда да «азды-көпті» еңбек сіңірмей-ақ ұстап алуын сондай жеңілдеткен болар еді!

Онан соң автор былай дейді: жалпы россиялық газетте фабриканттардың қулық-сұмдықтары жөнінде және «өз қаласы емес, басқа қалалардағы фабрика өмірінің ұсақ-түйектері жөнінде» жазу қызық болмайды, ал «орелдіктер өздерінің орелдік істері туралы жазылғандарды жалықпай оқиды. Кімді «қармағанын», кімді «қаралағанын» ол әрдайым біліп отырады, сөйтіп оның рухы шарықтайды» (69-бет). Рас, рас, орелдіктің рухы шарықтайды, ал біздің публицистің ой-пікірі де тым «шарықтап» кетіп отыр. Мұндай уақшылдықты жақтау лайық па?— міне, оның осыны ойлауы керек еді. Фабрикадағы қулық-сұмдықтарды әшкерелеудің қажеттігін, маңыздылығын мойындау жөнінде біз ешкімнен кем соқпаймыз, бірақ мынаны да ұмытпау керек қой: тіпті петербургтіктер де Петербургтегі «Рабочая Мысль» газетінде басылған Петербург хат-хабарларын оқуға жалығатын болды,— біз, міне, осындай халге жеттік. Жер-жерлерде фабрикадағы қулық-сұмдықтарды әшкерелеу үшін бізде әрдайым листоктар болып келді және *әрдайым болып отыруға тиіс те,*— бірақ *газеттің* типін біз фабрикалық листокқа түсіре төмендетпей, көтеріп отыруға тиіспіз. Бізге «газет» үшін «ұсақ-түйектерді» әшкерелеуден гөрі фабрика өміріне тән ірі кемшіліктерді әшкерелеу көбірек керек, бұл кемшіліктерді әшкерелеу ісін айрықша айқын мысалдармен, сондықтан да *барлық* жұмысшыларды және қозғалыстың барлық басшыларын қызықтыра алатын, шын мәнісінде олардың білімін байытып, ой-өрісін кеңейте алатын, жаңа ауданның, жұмысшылардың жаңа кәсіби тобының оянуына негіз сала алатын етіп жүргізу керек.

«Онан соң, жергілікті газетте фабрикадағы бастықтардың, өзге әкімдердің барлық қулық-сұмдықтарын ізін суытпай табанда іліп әкетуге болады. Ал алыстағы жалпы газетке бұл хабар қашан жеткенге дейін — болған оқиғаны жергілікті орындарда жұрт ұмытып та үлгереді: «Бұл қашан болып еді, құдай естен айырмасын!»» (бұл да сонда). Дәл солай: құдай естен айырмасын! $2^1/_2$ жылдың ішінде бастырылып шығарылған газеттің 30 номері 6 қалаға келеді, мұны біз әлгі мәліметтен білдік. Бұл орта есеппен қала басына *жарты жылда*

газеттің бір номері келеді деген сөз! Ал егер біздің ұшқалақ публицист жергілікті жұмыс өнімділігін ойша *үш есе* арттырса да (бұл орташа қала жөнінде сөзсіз теріс болған болар еді, өйткені майдагерлік шеңберінде өнімділікті айта қаларлықтай арттыру мүмкін емес),— сонда да газеттің номері екі айға біреуден ғана келеді, яғни «ізін суытпай іліп әкетуге» ешбір ұқсамайтын бір нәрсе болып шығады. Ал оның бер жағында жергілікті он ұйым бірігіп, өз делегаттарын жалпы газетті ұйымдастыру жөніндегі қызу жұмыстарға қосса,— онда *бүкіл Россияда* ұсақ-түйектерді емес, шын мәнісінде ірі, нағыз сорақылықтарды екі аптада бір рет «іліп әкетіп» отыруға болар еді. Біздің ұйымдарымыздағы істердің жағдайымен таныстығы бар адамның бірде-бірі бұған күмән келтірмейді. Ал жаудың қылмысын табанда әшкерелеу туралы, егер мұны тек сылдыр сөз мағынасында түсінбей, шын мағынасында түсінсек, құпия газетке тегінде ойлаудың да керегі жоқ: бұл тек ұлтарақтай листокқа ғана тән нәрсе, өйткені ондай әшкерелеудің арғы шегі көбіне бір-екі күннен аспайды (мысалы, кәдімгі қысқа мерзімді стачканы не фабрикада болатын төбелесті немесе демонстрацияны, т. с. алып қараңыз).

Біздің автор мейлінше дәйектілікпен жеке мәселеден жалпы мәселеге көтеріле келіп, тағы да: «жұмысшы фабрикада ғана емес, қалада да тұрады» дейді, ал бұл дәйектілігі Борис Кричевскийдің өзінің де мәртебесін бір көтеріп тастар еді. Осыдан кейін ол жұмысшы газеті жалпы қалалық істерді елемей өтпеуі керек деген талапты қоя отырып, қалалық думалар, қалалық ауруханалар, қалалық мектептер туралы мәселелерді көрсетеді.— Бұл өз-өзінен алғанда өте жақсы талап, бірақ мұның өзі жергілікті газеттер туралы әңгіме болғанда жұрт тым жиі шектеліп жүрген мазмұнсыз абстрактілікті өте-мөте айқын көрсетеді. Біріншіден, егер «жұмысшылардың азды-көпті көбірек жиналған жерлерінің бәрінде», «Свобода» айтқандай, қалалық істерді егжей-тегжейіне дейін жазатын бөлімі бар газеттер шыға бастаса, онда мұның өзі, біздегі орыс өмірінің жағдайында да, қалайда нағыз уақшылдыққа айналып кетер еді, патша самодержавиесіне қарсы жалпы орыстық ре-

волюциялық қысым жасаудың маңызын түсінушілікті әлсіретуге әкеліп соғар еді, мұның өзі өмірде атымен жоқ парламентті көп айтып, өмірде бар қалалық думаларды тіпті аз айтатын революционерлер жайындағы белгілі нақыл сөзбен даңқы жайылған бағыттың өте жансебіл ұрығын күшейтер еді, өйткені ол бағыт түбірімен жұлынып алынған жоқ, тек қалтарыста немесе жай жапырылып қалды[77]. Біз: қалайда дегенде, осы сөз арқылы «Свободаның» оны әдейі тілемейтінін, қайта, оның тілейтіні мүлде басқа екенін баса көрсетіп отырмыз. Бірақ жалғыз ізгі ниеттің болуы жеткіліксіз.— Қала істерін бүкіл жұмысымызға үйлесімді перспективада жөнге қою үшін *алдымен* сол перспективаның өзі толық жасалып алынуы керек, сөз жүзінде ғана емес, толып жатқан мысалдар арқылы *дәстүр* сияқты берік орнығуы керек. Бұл бізде әлі де атымен жоқ, жергілікті жерде кеңінен тарайтын баспасөз туралы ойлап, әңгіме қылудан бұрын *алдымен* сол перспектива керек.

Екіншіден, қала істері туралы айта қаларлықтай жақсылап, қызықты етіп жазу үшін ол істерді кітаптан ғана емес, былайша да өте жақсы білу керек. Ал ондай білімі бар социал-демократтар *бүкіл Россияда* мүлдем жоқ деуге болады. Қалалық және мемлекеттік істер туралы газетке (көпшілікке арналған кітапшада емес) жазу үшін іске жетік адамның қолымен жиналып, өңделген, әр түрлі тың материал керек. Ал ондай материалды жинап, өңдеу үшін барлық жұмысты жұрттың бәрі бірдей істейтін, референдум ойынына мәз болатын анайы үйірменің «анайы демократиясы» жеткіліксіз. Бұл үшін маман-жазушылардың, маман-тілшілердің штабы керек, қай жерде болса да, қай жермен болса да байланыс жасай алатын, «мемлекеттік құпиялардың» қандайынан болса да (Россия чиновнигі ол құпияны білетіндігіне мардамсиды, бірақ сөйте тұрса да әңгүдіктеніп ол сырды оп-оңай жариялап қояды) хабар ала білетін, жұртшылықтан «жасырын істелетін» істердің бәрін де біле алатын социал-демократ репортерлердің армиясы керек, өзінің «қызмет бабы бойынша» болмайтын жері жоқ, бәрін бірдей білетін адамдардың армиясы керек. Ал экономикалық, саяси, әлеуметтік,

ұлттық езгі *атаулыға* қарсы күресетін партия болып отырған біздер бәрін білетін адамдардан құралған армияны тауып, жинап, үйретіп, жорыққа жұмылдырып, бастай аламыз, жұмылдырып бастауға тиіспіз де,— бірақ мұны әлі істеу керек қой! Ал бізде өте көп жерлерде бұл жөнінде әлі күнге дейін еш нәрсе істелмегені былай тұрсын, тіпті көбінесе оны істеудің керектігін *ұғынушылық та* жоқ. Біздің социал-демократиялық баспасөзден тартымды, қызық мақалаларды, корреспонденцияларды және біздегі дипломатиялық, әскери, шіркеулік, қалалық, финанстық, т. т., т. с. істерді әшкерелеген хат-хабарларды іздеп қараңызшы: *сіз жөнді еш нәрсе* таба алмайсыз немесе мүлдем аз табасыз*. Сондықтан да «жұмысшылардың азды-көпті көбірек жиналған жерлерінің бәрінде де» фабриканың болсын, қаланың болсын, мемлекеттің болсын сорақылықтарын әйгілейтін газеттің қажеттігі туралы «біреудің айтқан өте көркем, өте жақсы сөздері мені ылги қатты ызаландырады»!

Орталық баспасөзден жергілікті баспасөздің басым болуы — не кемтарлықтың, не молшылықтың белгісі. Қозғалыс ірі өндіріс үшін керекті күштерді әлі күнге дайындап шығармаса, қозғалыс әлі де болса майдагерліктен шыға алмай, «фабрикалық өмірдің ұсақ-түйегіне» белшесінен батып жатса,— бұл кемтарлықтың белгісі. Қозғалыс жан-жақты әшкерелеу, жан-жақты үгіт жүргізу міндетін *толық игеріп алғандықтан* орталық органнан басқа толып жатқан жергілікті органдар керек болатын болса,— бұл молшылықтың белгісі. Бізде қазіргі уақытта жергілікті газеттердің басым болуы нені айғағы екендігін әркім өзінше шеше берсін. Ағаттыққа жол бермеу үшін мен енді өз қорытындымды дәл тұжы-

* Сондықтан да жергілікті аса оңды органдардың тәжірибесінің өзі біздің көзқарасымызды әбден дәлелдейді. Мәселен, «Южный Рабочий»[78] — өте жақсы газет, принциптік жағынан тұрақсыз болу жөнінде ол газет тіпті де айыпты емес. Бірақ оның жергілікті қозғалысқа арнап бермек болғаны газеттің сирек шығып, жиі-жиі ұсталып қалуы себепті іске аспады. Партияға нақ осы уақытта аса қажет болған нәрсе — қозғалыстың түбегейлі мәселелерін принципті түрде көтеру және жан-жақты саяси үгіт жүргізу ісі — жергілікті органның қолынан келмей отыр. Ал енді оның айрықша жақсы істегені, мәселен, кен өнеркәсіп иелерінің съезі, жұмыссыздық, т. с. туралы мақалалары нағыз жергілікті материал емес, олар жалғыз оңтүстікке ғана емес, *бүкіл Россияға керек нәрсе болып шықты*. Мұндай мақалалар біздің бүкіл социал-демократиялық баспасөзімізде де болып көрген емес.

рымдаумен тоқталамын. Осы күнге дейін біздің жергілікті ұйымдардың көпшілігі бірыңғай дерлік жергілікті газеттер туралы ғана ойлайды, сол газеттерде ғана дерлік белсене жұмыс істейді. Бұл жөн емес. Дұрысында мұның керісінше болу керек: жергілікті ұйымдардың көпшілігі алдымен жалпы орыстық газетті ойлап, алдымен соны жолға қою үшін еңбек етуі керек. Мұны іс жүзіне асырмай тұрып, біз қозғалысты баспасөз бетінде шын мәнісінде *жан-жақты* үгіт жұмысымен азды-көпті қамти алатын *бірде-бір* газетті жолға қоя алмаймыз. Ал мұны іс жүзіне асырсақ,— онда қажетті орталық орган мен қажетті жергілікті органдар арасында қалыпты қатынас өзінен-өзі орнайды.

* *
*

Ә дегенде дербес-экономикалық күрес жөнінде істің негізгі салмағын жергілікті жұмыстан жалпы орыстық жұмысқа аударудың қажеттігі туралы қорытындыны қолдануға келмейтін сияқты болып көрінуі мүмкін: бұл жерде жеке кәсіпкерлер немесе олардың топтары жұмысшылардың тікелей дұшпаны болып отыр, бұлар саяси күресте біздің тікелей дұшпанымыз болып отырған орыс үкіметінің таза әскери, қатаң түрде бір орталыққа бағынатын, ұсақ-түйек істерге дейін бір орталықтан басшылық алатын ұйымына аз да болса ұқсастығы бар ұйымға бірікпеген.

Бірақ бұл олай емес. Экономикалық күрес — біз мұны бұрын да сан рет көрсеткенбіз — кәсіби күрес болып табылады, сондықтан бұл күрес жұмысшыларды жұмыс істейтін орындарына қарай ғана емес, кәсіптеріне де қарай біріктіруді керек етеді. Ал біздің кәсіпкерлердің түрлі қоғамдар мен синдикаттарға бірігуі неғұрлым шапшаң ілгері басқан сайын кәсібіне қарай осылай бірігу де соғұрлым өте қажет бола түседі. Біздің бытырапқылығымыз бен біздің майдагерлігіміз осылай бірігуге турадан-тура кедергі жасап отыр, бұлай бірігу үшін жұмысшылардың жалпы орыстық кәсіподақтарына басшылық етуді өз мойнына алуға қабілеті бар революционерлердің жалпы орыстық біртұтас ұйымы ке-

рек. Біз жоғарыда бұл мақсат үшін көңілге қонымды ұйымның түрі жөнінде айтып өттік, енді өзіміздің баспасөз туралы мәселеге байланысты қосымша бірер сөз айта кетейік.

Әрбір социал-демократиялық газетте кәсіптік (экономикалық) күрес *бөлімі* болуы керек,— мұның керектігіне ешкім де күмән келтіре қоймас. Бірақ кәсіптік қозғалыстың өсуі кәсіптік баспасөз туралы да ойлапдырмай қоймайды. Алайда біздіңше, кейбір реттерде ғана болмаса, Россияда кәсіптік газет туралы әзірге сөз де болуы мүмкін емес сияқты: бұл асқақтағандық болады, ал бізде барлық жерде кейде күнелтуге керекті нан да болмай қалады. Бізде кәсіптік баспасөздің құпия жұмыс жағдайына дәл келетін, қазірдің өзінде-ақ қажет болып отырған формасы *кәсіптік кітапшалар* болуға тиіс. Белгілі бір кәсіпшіліктегі еңбек жағдайы туралы, бұл жөнінде Россияның әр түрлі жерлерінің арасындағы айырмашылық туралы, белгілі бір кәсіп жұмысшыларының басты талаптары туралы, осы кәсіпке қатысы бар заңдардың кемшілігі туралы, бұл цехтағы жұмысшылардың экономикалық күресінің артықша көзге түскен оқиғалары туралы, олардың кәсіптік ұйымының тууы, қазіргі кездегі күйі және мұң-мұқтаждары туралы, тағы басқа осындай мәселелер туралы *«жария»** және құпия материалдарды осындай кітапша-

---

* Жария материал бұл жөнінде аса маңызды, біз әсіресе соны ұдайы жинап, пайдалана білу жөнінде тым кеш қалдық. Бір жария материал бойынша өйтіп-бүйтіп кәсіпшілік кітапша жазуға болады, ал бір құпия материал бойынша ондай кітапша жазуға болмайды десек, мұнымыз асырып айтқандық емес. «Рабочая Мысльдің» [79] басып шығарған мәселелері сияқты құпия материалдарды жұмысшылардан жинап, біз революционердің көп күшін босқа жұмсаймыз (оның орнына бұл істі жария қайраткер оп-оңай істей алар еді), сонда да жақсы материалды еш уақытта ала алмаймыз, өйткені екінің бірінде үлкен фабриканың бір бөлімін ғана білетін және әрдайым дерлік экономикалық нәтижелерді ғана біліп, өз жұмысының жалпы жағдайы мен нормаларын білмейтін жұмысшыларға фабрика қызметкерлерінің, инспекторлардың, дәрігерлердің, т. с. білетін мәліметтерін және газеттің ұсақ хабарларында, өнеркәсіп, санитария, земство, тағы сондайлар жөнінде дербес басылып шыққан кітапшаларда есепсіз бытырап жүрген мәліметтерді алу мүмкін емес.

Өзімнің «бірінші тәжірибем» қазіргідей әлі есімде, мен оны екінші рет еш уақытта да қайталамас едім. Маған келіп жүретін бір жұмысшыдан оның істейтін аса үлкен заводында болып жатқан неше түрлі жағдайлар туралы «ықыластанып» сұраймын деп мен әлденеше апта бойы әуреләндім. Рас, заводтың (тек бір ғана заводтың!) жағдайын сұрапыл қиындықтармен болса да әйтеуір әрең жазып шықтым, ал жұмысшы менің сұрауларымнан кейін терін сүртіп, күлімсіреп:

ларға жинастырып, ол материалды үнемі топтастырып отырса жақсы болар еді. Мұндай кітапшалар, біріншіден, біздің социал-демократиялық баспасөзімізді тек белгілі бір кәсіптегі жұмысшылардың ғана көңілін аударатын толып жатқан кәсіптік ұсақ-түйектерден құтқарар еді; екіншіден, мұндай кітапшалар кәсіптік күрестегі біздің тәжірибеміздің нәтижелерін тізіп отырар еді және жиналған материалдарды сақтар еді, бұл материал қазір толып жатқан листоктар мен үзік-үзік хат-хабарларда ізі қалмай жоғалып барады, мұндай кітапшалар ол материалды қорытар еді; үшіншіден, мұндай кітапшалар үгітшілер үшін өзінше бір нұсқау ретінде пайдаланатын құрал болар еді, өйткені еңбек жағдайлары біршама баяу өзгереді, белгілі бір кәсіптегі жұмысшылардың талаптары өте тұрақты болады (Москва ауданындағы тоқымашылардың 1885 жылғы талаптары[80] мен Петербург ауданындағы тоқымашылардың 1896 жылғы талаптарын салыстырып қараңыз), сондықтан жұмысшылардың осындай талаптары мен мұңмұқтаждарының жинағы артта қалған жерлерде немесе жұмысшылардың артта қалған топтарының арасында экономикалық үгіт жүргізу үшін талай жылдар бойына жарайтын тамаша құрал бола алар еді; бір ауданда ойдағыдай өткізілген стачкалардың үлгілері, бір жердегі тұрмыс дәрежесінің жоғарылығы туралы, еңбек жағдайының тәуірлігі туралы мәліметтер өзге жерлердегі жұмысшыларды да үнемі жаңа күреске ұмтылдырып отырар еді; төртіншіден, кәсіптік күресті қорыту ісін бастауды өз мойнына ала отырып, осы арқылы орыстың кәсіптік қозғалысының социализммен байланысын баянды ете отырып, социал-демократия мұнымен бірге біздің тред-юниондық жұмысымыз біздің жалпы социал-демократиялық жұмысымыздың ішінде тым аз, не тым көп орын алып кетпеу жағын қарастырған болар еді. Жергілікті ұйымға, егер ол өзге қалалардағы ұйымдардан қол үзген болса, мұны істегенде дұрыс шама-

---

«сіздің сұрауларыңызға жауап бергеннен гөрі маған қауырт жұмыс істеу оңай!» дейтін еді.

Революциялық күресті неғұрлым жігерлірек жүргізсек, үкіметтің «кәсіптік» жұмыстың бір бөлегін жария етпеуге соғұрлым амалы болмайды, сөйтіп бізді біраз жүктен арылтады.

ластырып отыру өте қиын, кейде тіпті мүмкін емес деуге де болады (ал «Рабочая Мысль» жөніндегі мысал — мұны істегенде тред-юнионизм жағына қаншама масқара көп ауып кетуге болатындығын көрсетеді). Бірақ марксизм көзқарасынан айнымайтын, бүкіл саяси күреске басшылық ететін және профессионал үгітшілердің штабы бар революционерлердің жалпы орыстық ұйымы осы дұрыс шамаластықты белгілеу ісінде ешқашан да қиналмайды.

V

ЖАЛПЫ ОРЫСТЫҚ САЯСИ ГАЗЕТТІҢ «ЖОСПАРЫ»

««Искраның» бұл жөніндегі ең ірі қатесі — оның жалпы партиялық ұйым «жоспары»» (яғни «Неден бастау керек?»* деген мақала) деп жазады Б. Кричевский («Рабочее Дело» № 10, 30-бет), ол: «теорияны практикадан айырып, жапсыз доктринаға айналдыру» тенденциясы бар деп бізді айыптайды. Ал Мартынов оған үн қосып, былай дейді: ««Искраның» қорытылып жеткен, тамаша идеяларды насихаттауымен салыстырғанда күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысының маңызын кемітуге ұмтылуы ... оның 4-номеріндегі «Неден бастау керек?» деген мақалада ұсынған партияны ұйымдастыру жоспарымен тынды» (бұл да сонда, 61-бет). Ақырында, ең соңғы уақытта бұл «жоспарға» (тырнақшалар жоспарға кекесін көзқарасты көрсетуге тиіс) күйінген адамдарға біз жаңа ғана алған «Революция қарсаңы» деген кітапшасында Л. Надеждин де келіп қосылды (бұл кітапшаны бізге бұрыннан таныс «революцияшыл социалистік топ» *Бостандық* басып шығарған), бұл кітапшада былай делінген: «ендігі жерде жалпы орыстық газеттен тарамдалып шығатын ұйым туралы әңгіме ету дегеніміз кабинеттік пікірлерді туындату, кабинеттік жұмысты көбейту болады» (126-бет), «әдебиетшілдіктің» көрінісі болады, т. с. делінген.

Біздің террористің «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысып» қорғаушыларымен пікірлес

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер. *Ред.*

болып шыққандығы,— біз бұл жақындықтың тамырларын саясат және ұйым туралы тарауларда қарастырып өткеннен кейін,— бізді таңқалдыра алмайды. Бірақ өзіне ұнамаған мақалада айтылған пікірдің бағытын шындап түсінуге Л. Надеждиннің, тек қана соның, әрекет жасағанын, оған нақты жауап беруге әрекет жасағанын, ал оның бер жағында «Рабочее Делоның» нақты түк айтпағанын, қайта толып жатқан демагогтік лайықсыз пайымдаулар айтып, мәселені шатастыруға тырысқандығын біз қазірдің өзінде-ақ айта кетуге тиіспіз. Сондықтан бұл қаншама ұнамсыз болса да, алдымен Авгий атқорасын тазарту үшін уақыт сарп етуге тура келеді.

а) «НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК?» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА РЕНЖІГЕН КІМ?*

«Рабочее Делоның» шу көтеріп, бізге шабуыл жасаған сөздерінің бір түйдегін келтірейік. «Партия ұйымын газет құра алмайды, керісінше, партия ұйымы газетті құрады»... «Партияның *үстінен* қарайтын, *оның бақылауынан тыс тұратын* және өзінің агенттер желісі арқасында партияға бағынбайтын газет»... «Өз партиясының іс жүзінде өмір сүріп отырған социал-демократиялық ұйымдарын «Искраның» ұмытқаны қандай ғажап?»... «Берік принциптері мен тиісті жоспары барлар — партияның нақты күресінің бас билеушілері болып табылады, олар өз жоспарын партияға орындатқызып отырады»... «Жоспар біздің нақты және өміршең ұйымдарымызды жоққа шығарып, агенттердің қайдағы бір қиялдағы желісін жандандырмақ болады»... «Егер «Искраның» жоспары жүзеге асатын болса, онда ол біздегі құралып қалыптасқан Россия социал-демократиялық

* «12 жыл ішінде» деген жинақта В. И. Ленин бесінші тараудың «а» параграфын қалдырып, мынадай ескерту жасаған: «а) «Неден бастау керек?» деген мақалаға ренжіген кім?» деген параграфты бұл басылуынан алып тастап отырмыз, өйткені мұнда тек қана «Искра» «билеп-төстеуге» әрекеттенеді деген сияқты мәселе жөнінде «Рабочее Деломен» және Бундпен екі арадағы айтыс келтірілген. Айтпақшы, бұл параграфта партияның Орталық органын қайта шығарып, «әдебиет лабораториясын» ұйымдастыруға «Искраның» мүшелерін Бундтың өзі шақырған еді (1898—1899 жылдарда) делінген. *Ред.*

жұмысшы партиясының жұрнағын да қалдырмай түгел құртар еді»... «Насихат органы бүкіл практикалық революциялық күрестің бақылаусыз, самодержавиелік заң шығарушы органына айналмақ»... «Біздің партия өзінің автономиялық редакцияға *толық* бағынуына қалай қарауға тиіс», т. т., т. с.

«Рабочее Делоның» *ренжіп* қалғанын оқушы осы цитаттардың мазмұны мен сарынынан көріп отырған болар. Бірақ ренжігенде ол өз қамы үшін емес, біздің партияның ұйымдары мен комитеттерінің қамы үшін ренжіпті, оның ойынша, «Искра» бұл ұйымдар мен комитеттерді жоққа шығарып, тіпті олардың жұрнақтарын да қалдырғысы келмейтін тәрізді. Бұл не деген сұмдық десеңші! Бұл арада бір ғана таңқаларлық нәрсе бар. «Неден бастау керек?» деген мақала 1901 жылдың май айында шықты, «Рабочее Делоның» мақалалары 1901 жылдың сентябрь айында шықты, ал қазір 1902 жылғы январьдың ортасы. Осы 5 айдың өн бойында (сентябрьге дейін де, сентябрьден кейін де) партияның *бірде-бір* комитеті және *бірде-бір* ұйымы комитеттер мен ұйымдарды жоққа шығармақ болған бұл сұмдыққа ресми наразылық білдірген жоқ! Ал бұл уақыттың ішінде «Искрада» да, толып жатқан басқа басылымдарда да, жергілікті және жергілікті емес басылымдарда да Россияның барлық түкпір-түкпірінен ондаған, жүздеген хабарлар басылды ғой. Жоққа шығарылмақ болғандардың мұны байқамай және бұған ренжімей, үшінші біреудің ренжіген себебі қалай екен?

Мұның бұлай болған себебі — комитеттер мен басқа ұйымдар «демократизмді» ермек қылмай, нағыз іспен шұғылданып отыр. Комитеттер «Неден бастау керек?» деген мақаланы оқып шықты, мұның өзі — *«ұйым құруға барлық жағынан кірісе алатын болуымыз үшін* ұйым құрудың белгілі бір жоспарын жасап алу» талабы екенін көрді, сондықтан ондай ұйымды құрудың керек екендігіне және оны құру үшін архитектуралық жоспардың дұрыс екендігіне көздері жетпейінше, әлгі «барлық жағынан» ұйым құрмақшы болғандардың *бірде-біреуінің* ондай ұйымды «құруға кірісем» деп ойламайтындығын комитеттер жақсы біліп, оған көздері

жеткеннен кейін, «Искрада»: «Мәселенің кезек күттірмейтін маңызына байланысты біз, өз тарапымыздан, жоспардың нобайын жолдастардың назарына ұсына аламыз, бұл жоспар баспаға дайындалып жатқан кітапшада * егжей-тегжейлі дамытылатын болады» деген адамдардың ожарлығына «ренжу», әлбетте, ол комитеттердің ойына да келмеген еді. Егер жолдастар өздерінің назарына ұсынылған жоспарды *қабылдаса,* оны «бағынғандықтан» емес, біздің ортақ ісімізге оның өте керек екендігіне көздері жеткендіктен жүзеге асыратындығын, ал егер олар оны *қабылдамаса,* онда «нобайдың» (расында тәкаппарлық сөз емес пе?) жай ғана нобай болып қала беретіндігін, іске адал ниетпен қарағанда түсінбеу мүмкін бе? Жоспардың нобайына қарсы шабуыл жасағанда, тек оны «жамандау» арқылы, жолдастарға ол жоспарды қабылдамаңдар деп кеңес беру арқылы ғана шабуыл жасамайды, сонымен қатар нобай авторларының: «заң шығаруға», «бас билеуші» болуға *батылы барғандығы* үшін ғана, яғни жоспардың нобайын *ұсынуға* батылы барғандығы үшін ғана, тек *сол үшін ғана* оларға революциялық істе тәжірибесі кем адамдарды *айдап салу* арқылы шабуыл жасайды, бұл демагогтік емей немене?? Егерде жергілікті қайраткерлерді неғұрлым кең көзқарастарды, міндеттерді, жоспарларды, т. с. түсіну дәрежесіне дейін *көтеру* әрекетіне жұрт қарсы болатын болса, қарсы болғанда бұл көзқарастардың теріс болғандығы үшін ғана қарсы болмай, бізді сондай дәрежеге *«көтергілері»* «келіп» «қорлағандығы» үшін қарсы болатын болса, біздің партия дамып, ілгері баса ала ма? Л. Надеждин де біздің жоспарымызды «жамандады», бірақ ол жалаң аңқаулықтан немесе саяси көзқарастардың тым тұрпайылығынан болды деп санауға болмайтын демагогтікке дейін барған жоқ, «партияның үстінен бақылау орнатқандық» деген кінәны ол үзілді-кесілді, әуел бастан-ақ теріске шығарды. Сондықтан да Надеждинге жоспар жөнінде жазған сынына дұрыс жауап беруге болады, жауап беру керек те, ал «Рабочее Делоға» жауап ретінде тек жирене қарауға болады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 9-бет. *Ред.*

Бірақ «самодержавие», «бағындыру» деген айқайға дейін барып, өзін өзі масқаралаған жазушыға жирене қарау ондай адамдардың оқушыға көлденең тартып отырған былығын ашу міндетінен бізді әлі де құтқара коймайды. «Кең демократизм» туралы көп айтылып жүрген бұл желсөздердің төркіні қайда жатқанын біз, міне, осы жерде жұрттың бәріне айқын көрсете аламыз. Бізді кінәлағанда комитеттерді ұмытты деп, оларды жоққа шығарғысы келеді немесе жоққа шығаруға тырысады, т. т. деп кінәлайды. Комитеттер жөніндегі өзіміздің шын көзқарастарымыз туралы оқушыға *іс жүзінде жартымды еш нәрсе* айта *алмайтын* болғандығымыздан, құпиялық сақтау үшін еш нәрсе айта алмайтын болғандығымыздан мұндай кінәлаушылықтарға қалай жауап беруге болады? Тобырдың жанына бататын ауыр кінә тағушы адамдар өздерінің жүгенсіздігінің арқасында өзінде бар, өзі орнатып жатқан немесе орнатуға талаптанып жатқан қатынастар мен байланыстарды жұрттың көзіне түсірмей мықтап жасыратын революционерлердің міндеттеріне немқұрайды қарайтындығының арқасында біздің алдымызға түсіп кететін көрінеді. Әлбетте, ондай адамдармен «демократизм» майданында бәсекелесуден біз үзілді-кесілді бас тартамыз. Ал партияның барлық істерімен таныстығы жоқ оқушыға келетіп болсақ, онда ол жөніндегі өзіміздің борышымызды өтеудің бірден-бір құралы — оған ненің бар екенін және нендей нәрсенің im Werden * екенін баяндау емес, болған нәрсенің *біразын* және өткен істер ретінде нені баяндауға мүмкін болатын болса, соны баяндау болмақ.

Бунд бізді «жалған атты жамылушылар» ** демекші болады, шетелдегі «Одақ» бізді партияның ізін жоюға тырысады деп кінәлайды. Сабыр етіңіздер, мырзалар. Біз жұртқа өткен дәуірдегі тарихтан *төрт фактіні* баяндасақ, сіздер толық қанағаттанатын боласыздар [81].

* — қалыптасу, туу процесінде. *Ред.*

** «Искра» № 8, ұлт мәселесі жөніндегі біздің мақаламызға Россия мен Польшадағы Жалпы еврей одағы Орталық комитетінің жауабы.

Бірінші * факт. «Күрес одақтарының» біреуінің біздің партиямызды құруға және партияның негізін салған партия съезіне делегат жіберуге тікелей қатысқан мүшелері «Искра» тобы мүшелерінің біреуімен бүкіл қозғалыстың мұқтаждарын өтеу үшін ерекше жұмысшы кітапханасын құру туралы келіседі. Жұмысшы кітапханасы құрылмай қалады, сондықтан оған арнап жазылған «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» ** деген кітапшалар бөгде жолмен, үшінші адамдар арқылы шетелге жіберіліп, оларды сонда басып шығарады.

Екінші факт. Бунд Орталық комитетінің мүшелері «Искра» тобы мүшелерінің біреуіне, Бундтың сол кездегі сөзімен айтқанда, «әдебиет лабораториясын» ұйымдастырайық деп ұсыныс жасайды. Мұнымен қатар олар: егер мұны ұйымдастыра алмасақ, біздің қозғалысымыздың мықтап кері кетуі мүмкін дейді. Бұл келіссөздің нәтижесінде «Россиядағы жұмысшы ісі» *** деген кітапша жазылады.

Үшінші факт. Бундтың Орталық комитеті провинциялық бір шағын қала арқылы «Искра» мүшелерінің біреуіне қайтадан шыққалы жатқан «Рабочая Газетаны» редакциялау ісін өз міндетіңе ал деп ұсыныс жасайды, әрине, бұған ризалық та алады. Кейін ұсыныс өзгереді: редакциядағы жаңа ауыс-түйіске байланысты бірігіп жұмыс істейік деген ұсыныс жасайды. Әлбетте, бұған да ризалық алады. Мына мақалалар (сақталып қалғандары ғана) жіберіледі — «Біздің программа» — бернштейншілдікке, жария әдебиеттегі бет бұрысқа және «Рабочая Мысльге» тікелей наразылық білдірген мақала, «Біздің таяудағы міндетіміз» («дұрыс шығып тұратын және барлық жергілікті топтармен тығыз байла-

---

* Бұл фактілерді олардың болған ретіне қарай келтірмей, әдейі ауыстырып келтіріп отырмыз.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 471—510 және 285—342-беттер. *Ред.*

*** Айта кетейік, бұл кітапшаның авторы менен: өзінің бұрынғы кітапшалары сияқты бұл кітапша да «Одаққа» жіберілгенде оның кітаптарының редакторы «Еңбекті азат ету» тобы болады деген оймен жіберілгенін мәлімдеуді өтініп отыр (әлгі автор кейбір жағдайлардың себебінен ол кезде, яғни 1899 жылғы февральда, редакцияның өзгергенін біле алмапты). Бұл кітапшаны жақында Лига [82] қайта басып шығарады.

нысты болатын партия органын ұйымдастыру»; үстем болып отырған «майдагерліктің» кемшіліктері); «Көкейтесті мәселе» (ортақ органды жолға қоюға кіріспес бұрын *алдымен* жергілікті топтардың қызметін дамыту керек деген қарсы пікірді талдау; «революциялық ұйымның» болуын өте-мөте маңызды деп білу — «ұйымды, тәртіпті және астыртын жұмыстың техникасын әбден жетілдіруді» қажет деп білу) *. «Рабочая Газетаны» қайтадан шығару ұсынысы жүзеге аспай қалады да, мақалалар басылмайды.

Төртінші факт. Біздің партиямыздың кезекті екінші съезін ұйымдастырушы комитеттің мүшесі «Искра» тобының мүшесіне съездің программасын хабарлап, осы топтың кандидатурасына қайтадан шығарылмақшы «Рабочая Газетаны» редакциялау міндетіп ұсынады. Оның, былайша айтқанда, алдын ала жасаған қадамын кейін оның өзі қарайтын комитеті де, Бундтың Орталық комитеті де мақұлдайды; «Искра» тобы съездің болатын орны мен уақыты туралы нұсқау алады, бірақ (кейбір себептерден өзінің бұл съезге делегат жіберер-жібермесіне сеніңкіремей) съезге жазба баяндама да дайындайды. Бұл баяндамада мынадай пікір айтылады: осы кезде басымыздан кешіріп отырған толық ауа жайылушылық кезінде Орталық Комитетті сайлаумен ғана бірігу мәселесін шеше алмайтынымыз былай тұрсын, қайтадан тез және толық сәтсіздікке ұшырай қалған күнде партия құру жөніндегі ұлы идеяның бағасын түсіру қаупіне ұшырауымыз мүмкін, қазіргі астыртын жұмыс жүргізе алмай отырған жағдайда мұндай сәтсіздіктің болуы әбден ықтимал нәрсе; сондықтан істі барлық комитеттерді және барлық басқа ұйымдарды қайта шығарылған ортақ органды қолдауға шақырудан бастау керек, бұл орган барлық комитеттерді *іс жүзінде нақты* байланыстыра алады, бүкіл қозғалысқа басшылық етушілер тобын *нақты* даярлай алады,— ал комитеттердің құрған мұндай тобын комитеттер мен партия, ондай топ өсіп-жетіліп, нығайып отырғандықтан, оп-оңай Орталық Комитетке айналдыра алады. Бірақ бірқатар сәтсіздіктер-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 196—201, 202—207 және 208—214-беттер. *Ред.*

ге ұшыраудың салдарынан съезд болмай қалады, сонымен, тек бірнеше жолдастар, соның ішінде бір комитеттің өкілдері оқып шыққаннан кейін құпиялықты сақтау мақсатымен баяндама да жойылып жіберіледі.

Бундтың жалған атты жамылушылар деген емеурінi сияқты немесе «Рабочее Делоның» бізді, комитеттерді жоққа шығарғысы келеді, партияны ұйымдастыру ісін бір газеттің идеяларын таратуды ұйымдастыру ісімен «алмастырғысы» келеді деген дәлелі сияқты тәсілдердің сипаты туралы енді оқушының өзі-ақ төреші болсын. Біз нақ комитеттердің өздеріне, *олардың талай рет шақырылуы бойынша,* ортақ жұмыстың белгілі бір жоспарын қабылдау керек екендігін баяндаған болатынбыз. Біз «Рабочая Газетаға» арнап жазған мақалаларымызда және партия съезіне дайындаған баяндамамызда осы жоспарды жасағанда партияны (іс жүзінде) қайта қалпына келтіру бастамасын өз міндетіне алып, партия ішінде көрнекті орын алған тағы да сол адамдардың шақыруы бойынша нақ партия ұйымы үшін жасадық. Сөйтіп, партия ұйымының *бізбен бірігіп* партияның орталық органын *ресми түрде* қайта шығармақ болған *екі жолғы* талабының сәті болмай қалғаннан кейін ғана, *үшінші рет* талаптанғанда жолдастардың қолында жалаң ғана бал ашатын жорамал болмай, *тәжірибенің* белгілі нәтижелері болуы үшін біз *ресми емес* орган шығаруды өзіміздің тікелей міндетіміз деп білдік. Қазіргі уақытта бұл тәжірибенің кейбір нәтижелері барлық жұрттың көз алдында тұр, сондықтан біздің өз міндетімізді дұрыс түсінген-түсінбегенімізді және біздің біреулерге олардың «ұлт» мәселесіндегі дәйексіздігін, екінші біреулерге олардың принципсіз ауытқуының лайықсыздығын дәлелдегенімізге ызаланатындықтан, таяуда ғана бастан кешірген тарихпен таныс емес адамдарды адастыруға тырысатын адамдар туралы не ойлау керек екендігін барлық жолдастар пайымдай алады.

б) ГАЗЕТ КОЛЛЕКТИВТІК ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ БОЛА АЛА МА?

«Неден бастау керек?» деген мақаланың бүкіл түйіні *нақ* осы мәселені көтеріп, оны мақұлдап дұрыс шешуінде. Бұл мәселені шын мәні жағынан талдап, оны теріс

мағынада шешудің қажеттігін дәлелдеуге біз білетін, бірден-бір әрекет жасап отырған адам Л. Надеждин; оның дәлелдерін біз енді толығымен келтіріп көрейік:

«...Жалпы орыстық газеттің қажеттігі туралы мәселенің «Искрада» (№ 4) көтерілуі бізге өте-мөте ұнайды, бірақ оның көтерілуі «Неден бастау керек?» деген мақаланың атына үйлесетін болсын дегенге біз ешбір келісе алмаймыз. Мұның өзі сөзсіз өте маңызды істердің бірі, бірақ мұнымен, түсінікті жазылған топ-топ листоктармен, таудай болып үйілген прокламациялармен революциялық кезең үшін керекті жауынгер ұйымның негізі жасала алмайды. Жергілікті жерлерде күшті саяси ұйымдар құруға кірісу қажет. Бізде ондай ұйымдар жоқ, бізде жұмыс көбінесе интеллигент жұмысшылар арасында жүргізіліп келді, ал бұқара тек қана экономикалық күрес жүргізіп келді деуге болады. *Жергілікті жерлерде күшті саяси ұйымдар тәрбиеленіп шықпаса, аса жақсы жолға қойылған болса да жалпы орыстық газеттен не шығады?* Өзі тұтанатын, жанып кетпейтін, бірақ ешкімді де шарпи алмайтын керемет шамшырақ шығады да қояды! «Искра» өзінің төңірегіне газеттің ісі үшін халық жиналып ұйымдасады деп ойлайды. *Халыққа неғұрлым нақты істің төңірегіне жиналып, ұйымдасу анағұрлым жақынырақ қой!* Мұндай нақты іс жергілікті газеттердің кең түрде жолға қойылуы, жұмысшылардың күштерін қазірден-ақ демонстрацияларға дайындау, жергілікті ұйымдардың жұмыссыздар арасында үздіксіз жұмыс жүргізуі (олардың арасында тынбай листоктар, листовкалар тарату, оларды жиналысқа шақырып отыру, үкіметке тойтарыс беруге шақырып отыру, т. с.) бола алады және солай болуға тиіс. Жергілікті жерлерде қызу саяси жұмыс жүргізу керек, ал осы нақты негізде бірігу қажет болған кезде,— оның өзі жасанды, қағаз бетіндегі бірігу болмайды,— жергілікті жұмыстарды осылай етіп жалпы орыстық істің арнасына біріктіру газеттер арқылы орындалмайды!» («Революция қарсаңы», 54-бет).

Біз бұл әсем тирададан автордың біздің жоспарымызға берген бағасының терістігін де, оның бұл жерде «Искраға» қарсы қойып отырған көзқарасының жалпы терістігін де неғұрлым айқын көрсететін жерлерінің астын сызып көрсеттік. Жергілікті жерлерде күшті саяси ұйымдар тәрбиеленіп шықпаса, жалпы орыстық газет қандай жақсы болса да түкке тұрмайды.— Өте дұрыс. Бірақ істің мәні мынада ғой: күшті саяси ұйымдарды жалпы орыстық газет арқылы тәрбиелемесек оны *т ә р б и е л е п ө с і р у д і ң онан басқа құралы жоқ* қой. Автор «Искраның» өз «жоспарын» баяндауға *көшпестен*

бұрын жасаған оның ең маңызды мынадай мәлімдемесін байқамай кеткен: «барлық күштерді біріктіре алатын және қозғалыс басшысы деген *атаққа ғана ие болмай,* іс жүзінде қозғалысқа басшылық ете алатын, яғни *қандай да болса наразылықты, қандай да болса дүмпуді қолдап,* үзілді-кесілді ұрысқа жарамды әскери күштерді көбейту, нығайту үшін осыларды пайдалануға *әрдайым әзір* тұра алатын революциялық ұйым құруға шақыру» қажет болады. Принцип жағынан мұны енді, февраль мен марттан кейін, жұрттың бәрі де мақұлдайды,— дейді бұдан соң «Искра»,— ал бізге керегі *мәселенің* принцип жүзінде шешілуі емес, *практика жүзінде шешілуі;* ұйым құруға жұрттың бәрінің қазірден-ақ *жан-жақтан* кірісе алуы үшін оны құрудың нақты жоспарын дереу жасау керек. Ал бізді мәселені практика жүзінде шешуден тағы да кейін қарай сүйрейді — принцип жағынан дұрыс, даусыз, ұлы ақиқатқа, бірақ мүлде жеткіліксіз, жұмыс істеушілердің қалың бұқарасына мүлде түсініксіз ақиқатқа қарай: «күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару керек» дегенге қарай сүйрейді! Әңгіме бұл туралы болып отырған жоқ қой, құрметті автор, әңгіме тәрбиелегенде *дәл қалай* тәрбиелеу және қалай тәрбиелеп шығарып отыру керек екені туралы болып отыр ғой!

«Бізде жұмыс көбінесе интеллигент жұмысшылар арасында жүргізіліп келді, ал бұқара тек қана экономикалық күрес жүргізіп келді деуге болады» деу дұрыс емес. Осы қалпында айтқанда бұл қағида «Свобода» үшін дағды болған іске, интеллигент жұмысшыларды «бұқараға» қарама-қарсы қоюға, осындай түбегейлі қатеге бой ұрғандық болып шығады. Бізде интеллигент жұмысшылардың өздері де соңғы жылдарда «тек қана экономикалық күрес жүргізді деуге болады» ғой. Бұл бір. Ал екінші жағынан, біз бұл күрестің әрі интеллигент жұмысшылардан, әрі интеллигенттерден шыққан басшыларының *тәрбиеленіп шығуына* жәрдемдеспесек, бұқара да ешқашан саяси күрес жүргізуді үйрене алмайды; ал ондай басшылар *тек қана* біздің саяси өміріміздің *барлық* жағына, түрлі таптардың әр түрлі себептер бойынша наразылық білдіріп, күрес жүргізу

әрекеттерінің бәріне ұдайы, күнбе-күн баға беріп отыру арқылы тәрбиелене алады. Сондықтан «саяси ұйымдарды тәрбиелеу» туралы сөз ете отырып, сонымен қатар саяси газеттің «қағаз жүзіндегі ісін» «жергілікті жерлердегі қызу саяси жұмысқа» *қарама-қарсы қою* тек қана кісі күлерлік нәрсе! Ал «Искра» жұмыссыздардың қозғалысын да, шаруалардың бүліктерін де, земствошылардың наразылығын да, «патшаның жүгенсіз баскесерлеріне қарсы халықтың ашынуын» да, т. т. қолдау үшін өзінің газет «жоспарын» сондай «жауынгер дайындық» жасау «жоспарына» жақындатып та отыр ғой. Жергілікті ұйымдардың орасан көпшілігінің бұл туралы *тіпті ойламай да* отырғанын, «қызу саяси жұмыстың» бұл арада белгіленіп отырған перспективаларының көбін бірде-бір ұйымның *әлі бір де рет* жүзеге асырмағанын, мәселен, земство интеллигенциясының қарсылығы мен наразылығының өсуіне назар аударуға ұмтылған әрекеттің Надеждиннің де («құдай-ау, бұл орган земствошылар үшін шығарылған емес пе екен?», «Революция қарсаңы», 129-бет), «экономистердің» де («Искра» № 12, хат), көптеген практиктердің де сасқалақтап абыржу сезімін туғызып отырғанын қозғалыспен таныс адамның қайсысы болса да әбден жақсы біледі ғой. Мұндай жағдайда істі «бастағанда» мұның бәрін *ойлауға* жұрттың ниетін аударудан *ғана*, толқудың, белсенді күрестің қандай да болсын барлық көріністерін жинақтап, қорытып отыруға жұрттың ниетін аударудан *ғана* «бастауға» болады. Социал-демократиялық міндеттердің маңызы төмендетіліп отырған біздің заманымызда «қызу саяси жұмысты» *бастағанда тек қана* қызу саяси үгіт жүргізуден *бастауға* болады; жиі шығып, дұрыс таратылып отыратын жалпы орыстық газет болмайынша, мұндай үгітті жүргізу мүмкін емес.

«Искраның» «жоспарында» «әдебиетшілдікке» салынғандық бар деп ойлайтын адамдар жоспардың маңызының өзін мүлде түсінбеген, қазіргі кезеңде ең лайықты құрал деп не ұсынылып отырса, олар соны мақсат деп білген. Бұл адамдар ұсынылып отырған жоспарды ашықтан-ашық суреттеп көрсеткен екі түрлі салыстыру жөнінде тіпті ойламаған. Жалпы орыстық саяси газетті

жолға қою — делінген «Искрада» — бұл ұйымды (яғни әрбір наразылықты, әрбір дүмпуді қолдауға әрдайым әзір тұратын революциялық ұйымды) үнемі дамыта, тереңдете, кеңейте беруімізге мүмкіндік беретін *негізгі арқау* болуға тиіс. Айтыңызшы, тас қалаушылар бұрын-соңды болып көрмеген орасан үлкен бір құрылыстың тастарын әр жерден қалағанда, соны қалайтын дұрыс орынды табуға көмектесетін, жалпы жұмыстың түпкі бағдарын көрсететін, тек әрбір тасты ғана емес, сонымен қатар алдыңғы-кейінгілерімен жымдасып, бәрін қамтитын бір ұзына бойды аяқтап шығатын тастың әрбір сынығын да іске жаратуға мүмкіндік беретін жіп арқаудың нобайы «қағаз жүзінде» істелетін іс емес пе екен? Біз өзіміздің партиялық өмірімізде, бізде тас та, тас қалаушылар да болып, бірақ жұрттың бәріне көрінетін, жұрттың бәрі соның ұшынан ұстай алатын жіп болмай отырған кезеңді басымыздан кешіріп отырған жоқпыз ба? Жіп керіп, билеп-төстемек болады деп бізге айқайлай берсін: егерде біздің билеп-төстеу ниетіміз болған болса, онда біз «Искра № 1» деудің орнына «Рабочая Газета № 3» деп жазған болар едік, мырзалар, бізге кейбір жолдастар осылай етіңдер деп ұсынған да болатын және жоғарыда айтылған оқиғалардан кейін біздің солай *істеуге толық правомыз да болар* еді. Бірақ біз мұны істегеніміз жоқ: біз жалған социал-демократтардың бәріне қарсы бітіспес күрес жүргізу үшін қолымызға байлау салмауға тырыстық; өзіміздің тартқан жібіміз дұрыс тартылған болса,— оны ресми органның тартқандығы үшін емес, оның дұрыс тартылғаны үшін соны жұрт құрметтесе екен дедік.

Л. Надеждин бізді былай деп үйретпек болады: «Орталық органдарда жергілікті жұмыстың басын біріктіру мәселесі тұйыққа тіреліп, шыға алмай жүр, біріктіру үшін элементтердің біртекті болуы қажет, ал бұл біртектіліктің өзі бірлестіруші бір нәрсе арқылы ғана жасалына алады, ал осы бірлестіруші нәрсе жергілікті күшті ұйымдардың жемісі болуы мүмкін, қазірде бұл ұйымдардың сипаты әсте біртекті болмай отыр». Күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару керек деген ақиқат қандай ардақты және даусыз ақиқат болса, бұл да

сондай ардақты және даусыз ақиқат. Күшті саяси ұйымдарды тәрбиелеп шығару қандай жеміссіз ақиқат болса, бұл да дәл сондай жеміссіз ақиқат. Мәселенің *қандайы болса да* «тұйыққа тіреліп отырады», өйткені бүкіл саяси өмірдің өзі — сансыз буындардан құралған ұшы-қиыры жоқ тізбек. Саясатшының бүкіл шеберлігі дәл басқа буындардан гөрі қолдан тайып кетуі аз болатын буынды, осы кезеңде бәрінен де маңызды буынды, буынға ие болып отырған адамның бүкіл тізбекке ие болуына бәрінен де артығырақ кепіл болатын буынды тауып алып, соны қолдан шығармай мықтап ұстауында болады *. Бізде тастарды керілген жіпсіз-ақ керекті жеріне дәлдеп қалай алатын (абстракт түрде айтсақ, бұл әсте мүмкін болмайтын нәрсе емес) әбден жетік, тәжірибелі тас қалаушылар отряды болса,— онда біз, бәлкім, басқа буынды да қолға алар едік. Бірақ қырсықтың бәрі мынада: тәжірибелі, жетік тас қалаушылар бізде әлі болмай отыр, тастар бастан-аяқ тіптен қалай болса солай қаланады, қаланғанда керілген ортақ жіп бойына қаланбай, бытыраңқы қаланатыны сонша, дұшпан оларды тас құрлы көрмей, құмша үрлеп ұшырып жібереді.

Екінші салыстыру: «Газет — коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен қатар коллективтік ұйымдастырушы да. Газетті осы соңғы мағынасында салынып жатқан үйдің айналасына қойылатын, құрылыстың жалпы тұрқын белгілейтін, жекелеген құрылысшылардың бір-бірімен қатынасын жеңілдететін, олардың жұмысты бөлісуіне, ұйымдасқан еңбекпен қол жеткен жалпы нәтижелерді шолуына жәрдем беретін *ағаштармен салыстыруға болады»* **. Мұның өзі әдебиетшінің, кабинет қызметі адамының өз ролін асыра көрсеткендігіне сонша ұқсас екендігі рас емес пе? Әлгі қойылған ағаштар үйдің өзі үшін ешбір керек емес, бұл

* Жолдас Кричевский, жолдас Мартынов! Мына «самодержавиенің», «бақылаусыз беделділіктің», «бас билеушінің», т. с. масқара көрінісіне сіздердің назарларыңызды аударам. Неткен сұмдық: бүкіл тізбекке *ие болғысы* келеді!! Тезірек арыз жазыңыздар. «Рабочее Делоның» 12-номеріне екі бас мақалаға тақырыптың дайын бола қалғанын көрдіңіздер ме!

**Мартынов «Рабочее Делода» (№ 10, 62-бет) бұл цитаттың бірінші сөйлемін келтіріп, дәл екінші сөйлемін келтірмеген, бұлай еткенде ол өзінің мәселенің мәніне тоқтағысы келмегенін немесе оның мәнін өзінің түсіне алмайтындығын баса көрсеткен тәрізді.

ағаштар ең нашар материалдан болады, ағаштар аз уақытқа ғана қойылады, үйдің ұзын-ұрғасы салынып бітісімен-ақ бұл ағаштар пешке жағылады. Революциялық ұйымдарды құруға келетін болсақ, оларды кейде ағашсыз да құруға болатынын тәжірибе дәлелдеп отыр, мәселен, жетпісінші жылдарды алып қараңыз. Бірақ қазірде өзімізге қажетті құрылысты ағашсыз салу мүмкін екен деп ойлауға да болмайды.

Надеждин қосылмай, былай дейді: «газеттің төңірегіне, газеттің ісі үшін халық жиналып, ұйымдасады — деп ойлайды «Искра». *Халыққа неғұрлым нақты* істің төңірегіне жиналып, ұйымдасу *анағұрлым жақынырақ* қой!» Солай, солай: «неғұрлым нақты істің төңірегіне жиналуы анағұрлым жақынырақ»... Орыс мақалы: суын ішетін құдығыңа түкірме дейді. Бірақ түкіріп тастаған құдақтан да су ішуден қашпайтын адамдар бар. Осы асқан нақтылыққа бола біздегі оңды жария «марксизм сыншылары» мен «Рабочая Мысльдегі» құпия табынушылардың аузы барып айтпаған оңбағандығы қалмаған шығар! «Неғұрлым нақты істің төңірегіне ұйымдасу анағұрлым жақынырақ қой» дейтін дағдылы дәлелдермен ақталатын біздің тар өрістілігіміз арқылы, инициатива жасауға жоқтығымыз арқылы, жасқаншақтығымыз арқылы бүкіл қозғалысымыздың қаншалықты жаншылғанын қараңызшы! Ал өзін «өмірге» айрықша сергек қарайтын кісіге санайтын, «кабинет» адамдарын айрықша қатты жазғыратын, «Искраның» көрінген нәрсені «экономизм» дейтін дерті бар деп (тауып айтқыш болғансып) айыптайтын, өзін осы ортодокстер мен сыншылар болып бөлінудеп әлдеқайда жоғары тұрмын деп ойлайтын Надеждин де өзінің дәлелдері арқылы өзін ызаландыратын тар өрістіліктің сойылын соғатындығын, өзінің кім көрінген түкіріп кеткен құдықтың дәл өзінен су ішіп отырғанын байқамайды! Расында, егер ызаланған адам бағыттауышы болмай басының ауған жағына кете берсе және 70-жылдардың революционерлері тәрізді «эксцитативтік террорға», «аграрлық террорға», «дабылға», т. т. «стихиялы» түрде жармаса берсе, тар өрістілікке шынымен ызаланушылықтың өзі де, соған табынатын адамдарды ол дәрежеден жоғары

көтеруге шынымен тілек қылудың өзі де жеткіліксіз болады. Надеждиннің ойынша, төңірегіне «анағұрлым жақынырақ» жиналып, ұйымдасуға болатын әлгі «неғұрлым нақты» іс дегеніне қараңызшы, онысы: 1. жергілікті газеттер; 2. демонстрацияларға дайындалу; 3. жұмыссыздар арасында жұмыс жүргізу. Бұл істердің бәрі де әйтеуір бірдеме айту үшін мүлде кездейсоқ, беталды алына салғандығы ә дегенде-ақ көрініп тұр, өйткені бұл істерге біз қалай қарасақ та, мұның ішінде әдейілеп «жинап, ұйымдастыруға» жарарлық нәрсе бар деп білу ешбір ақылға сыймайды. Сол Надеждиннің өзі-ақ бірекі бет төменіректе былай дейді ғой: «біздің мына фактіні көрсетіп өтетін уақытымыз жетті: жергілікті жерлерде тым мардымсыз жұмыс жүргізіліп жатыр, комитеттер істей алатын ісінің оннан бір бөлігін де істемей отыр... Қазіргі бізде бар біріктіруші орталықтардың өзі — алдамшы нәрсе, оның өзі — революциялық кеңсешілдік, бір-біріне генералдық шенін үлестірушілік, сөйтіп жергілікті күшті ұйымдар өсіп шыққанша, бұл осылай бола бермек». Бұл сөздерде асыра айтушылықпен қатар толып жатқан жанға батарлық шындықтың да бар екені күмәнсыз, ендеше жергілікті жерлердегі мардымсыз жұмыс пен қайраткерлердің ой-өрісі тарлығының, олардың ісінің өрісі тарлығының бір-бірімен байланысты екенін, жергілікті ұйымдардың шеңберінен шыға алмай жүрген қайраткерлердің дайындығы шалағай болып отырғанда мұндай жағдайлардың сөзсіз кездесетінін Надеждин неге көрмейді екен? Ол ұйым туралы «Свободада» басылған мақаланың авторына ұқсап, етек жайған жергілікті баспасөзге көшу ісінің (1898 жылдан бастап) «экономизм» мен «майдагерліктің» ерекше күшеюімен қоса-қабат жүргенін қалайша ұмытты екен? «Етек жайған жергілікті баспасөзді» аз да болса қанағаттанарлық етіп жолға қою мүмкін болған күнде де (ал біз, тіптен бір ерекше реттерде болмаса, оның мүмкін еместігін жоғарыда көрсеттік), жергілікті органдар самодержавиеге *жаппай* тегеуірін жасау үшін, *бірыңғай* күресті басқару үшін революционерлердің *барлық* күшін «жинап, ұйымдастыра» алмас еді. Бұл арада газеттің «жинаушылық», ұйымдастырушылық

маңызы туралы *ғана* сөз болып отырғанын ұмытпаңыз, сондықтан біз бытыраңқылықты жақтайтын Надеждинге оның өзі қойған: «біз 200 000 революциялық ұйымдастырушы күшті әлдеқайдан мұраға алмадық па екен?» деген кекесін сұрауын оның өзіне қайыра қойсақ та болар еді. Онан соң, «демонстрацияларға дайындалуды» «Искраның» жоспарына *қарама-қарсы қоюға* болмайды, өйткені бұл жоспар етек жайған демонстрациялардың нақ өзін алға қойылып отырған *мақсаттардың бірі деп* қарайды; ал әңгіме іс жүзінде керекті *құралды* таңдап алу туралы болып отыр. Надеждин демонстрацияларды (осы уақытқа дейін орасан көпшілік реттерде мүлде стихиялы түрде болып келген демонстрацияларды) «дайындау» қазірдің өзінде-ақ «жиналып және ұйымдасып» болған әскердің ғана қолынан келетінін, ал біздің дәл оны жинап, ұйымдастыра *білмейтінімізді* есінен шығарып, бұл арада тағы да шатасты. «Жұмыссыздар арасында жұмыс жүргізу». Бұл тағы да сол шатасқандық, өйткені бұл да әскер жинау жоспары емес, жиналып дайын тұрған әскердің соғыс қимылдарының бірі болып табылады. Біздің бытыраңқылығымыздың зиянды екенін, бізде «200 000 күштің» жоқ екенін Надеждиннің бұл арада да қаншалықты бағаламай отырғандығы мынадан көрініп тұр. Жұрттың көбі (соның ішінде Надеждин де) «Искраны» жұмыссыздар туралы мәліметтері тапшы деп, деревня өмірінің нағыз күнделікті құбылыстары жөніндегі хат-хабарлары кездейсоқ хат-хабар деп жазғырған болатын. Жазғыруы дұрыс, бірақ бұл арада «Искра» «кінәсыз кінәлы» болып отыр. Біз деревня арқылы да «жіп тартуға» тырысамыз, бірақ онда еш жерде де тас қалаушылар жоқтың қасы, сондықтан тіпті күнделікті қарапайым фактіні болса да хабарлап отыратын адамдардың *бәрін де* көтермелеп отыруға *тура келеді,*— көтермелегенде, мұның өзі осы мәселе жөнінде істес болғысы келетіндердің санын көбейтер деп, ақыр аяғында, шын айқын фактілерді де іріктеп ала білуге *бәрімізді үйретер* деп үміттенеміз. Бірақ үйрену үшін материалдың аздығы сонша,— оны бүкіл Россия бойынша түгел алып қорытпаса, тіпті үйренерлік еш нәрсе де жоқ. Ең бол-

магапда үгітші болуға Надеждиннің қабілеттілігіне жуық қабілеттілігі бар, жалаң аяқтардың өмірін Надеждиндей білетін білімі бар адамның жұмыссыздар арасында үгіт жүргізуі арқылы қозғалысқа баға жетпес қызмет көрсете алатындығында күмән жоқ,— бірақ мұндай адам, көпшілігі жаңа істі қолға ала білмейтін жұртқа өнеге көрсетіп, үлгі беру үшін өз жұмысының әрбір қадамын *барлық* орыс жолдастарға хабарлап отыруды ойламаған болса, өзінің талантын зая кетірген болар еді.

Бірігудің маңыздылығы туралы, «жинап, ұйымдастырудың» қажеттігі туралы қазір жұрттың бәрі түгел сөз етіп жүр, бірақ көпшілік реттерде осы бірігу ісін неден бастап, қалай жүргізу керек екендігі туралы ешбір анық түсінік болмай отыр. Егер біз бір қаланың жеке — айталық, аудандық — үйірмелерін «біріктірсек», онда бұл үшін *ортақ мекемелер* керек, яғни «одақтың» жалпыға ортақ аты ғана емес, шынымен *жалпыға ортақ* жұмыс керек, материалды, тәжірибені, күштерді өзара алмасып отыру керек, қызмет басындағы міндеттерді аудандарға ғана қарай емес, бүкіл қала жұмысының түр-түріне қарай бөліп атқарып отыру керек, бұған жұрттың бәрі де қосылатын болар. Күрделі астыртын аппараттың керегін бір ауданның «күш-қаражаты» (әрине, материалдық күш-қаражаты да, жеке адамдардың күш-қаражаты да) өтей алмайды (сауда тілімен айтуға болатын болса), мұндай шағын іс майданында маманның таланты өрістей алмайды, бұған әркім де қосылады. Алайда, түрлі қалалардың жұмысын біріктіру жөнінде де дәл осыны айтуға болады, өйткені біздің социал-демократиялық қозғалысымыздың тарихында жеке өлкенің жұмысы сияқты жұмыс майдандары да өлшеусіз шағын болып *шығып отыр,* шағын да: мұны біз жоғарыда саяси үгіттің де, ұйымдастыру жұмысының да мысалынан алып, толық дәлелдеген болатынбыз. Бұл майданды кеңейту керек, *үнемі жүргізілетін ортақ* жұмыс үстінде қалалар арасында *нақты* байланыс орнату керек, бұл өте қажетті, ең керекті нәрсе, өйткені бытыраңқылық жарық дүниеде не болып жатқанын, кімнен үйреніп, өнеге алатынын, өзіне тәжірибені қалай жи-

найтынын, етек жайған істің тілегін қалай қанағаттандыратынын білмей, «шұңқырда отырғандай отыра беретін» («Искрада» басылған бір хат авторының сөзімен айтқанда [83]) адамдардың еңсесін түсіре береді. Сондықтан мен бұл *нақты* байланысты жасағанда, істің нағыз алуан-алуан түрлерінің қорытындысын жинақтайтын, сөйтіп барлық жолдың Римге апаратыны сияқты, революцияға апаратын толып жатқан жолдардың *барлығымен* тынбастан ілгері басуға жұртты *итермелейтін,* үнемі жүргізілетін бірден-бір жалпы орыстық жұмыс ретіндегі жалпыға ортақ газет бетінде ғана жасай *бастауға* болады деген пікірді бұдан былай да қолдай беремін. Егер біз бірігуді тек сөз жүзінде ғана тілемесек, онда әрбір жергілікті үйірме *дереу,* айталық, өз күшінің төрттен бірін *ортақ* іске *белсене* қатысып жұмыс істеуге *бөлетін* болуы керек, сонда газет әлгі үйірмеге * бұл істің жалпы пішінін, көлемін, сипатын бірден көрсетеді, бүкіл жалпы орыстық жұмыста дәл қандай кемшіліктердің өте-мөте сезіліп тұрғанын, қай жерде үгіт жұмысы жоқ екенін, қай жерде байланыс нашар екенін көрсетеді, бұл үйірменің жалпыға ортақ зор механизмнің қандай тегершіктерін түзете алатынын немесе тәуірлеу тегершіктермен ауыстыра алатынын көрсетеді. Әлі жұмыс істеп көрмеген, тек жұмыс іздеп қана жүрген үйірме енді істі бастағанда жеке шағын шеберханадағы өзінен бұрынғы «өнеркәсіптің» дамуын да, өнеркәсіптің қазіргі өндіріс әдістерінің жалпы жай-күйін де білмейтін майдагер тәрізді бастамай, самодержавиеге жасалатын бүкіл жалпы революциялық тегеурінді *бейнелейтін* кең жұмысқа қатысушы ретінде бастар еді. Сонда әрбір тегершік неғұрлым жақсы істелген болса, істің әрбір тетігін біліп, жалпы іске қатысып жүрген қызметкерлердің саны неғұрлым көбірек болса, біздің жан-жақтағы желіміз соғұрлым жиілене бастар еді, болмай тұр-

* *Ескерту:* егер ол осы газеттің бағытына тілектес болса және істің пайдасы үшін оған қызметкер болуды пайдалы деп санаса, қызметкері болу дегенде әдеби қызметте ғана емес, жалпы революциялық қызмет атаулының бәрінде қызметтес болуды түсінетін болса. *«Рабочее Делоға» ескерту:* демократизм жөніндегі ойыншықты бағаламай, істі бағалайтын, газетке «тілектес» болуды оған нағыз белсенді, қызу турде қатысудан бөліп қарамайтын революционерлердің арасында бұл ескерту өзінен-өзі түсінікті.

майтын сәтсіздіктер жалпы қатардағы сасқалақтаушылықты соғұрлым азайтар еді.

Нақты байланысты газет тарату жұмысының бір өзіақ жасай бастар еді (егер ол газет деген атына лайық болса, яғни қалың журналдар сияқты айына бір рет емес, айына төрт рет, үздіксіз шығып тұратын болса). Қазір революциялық істің қажеттерін өтеу үшін қалалардың арасында қатынас жасау өте-мөте сирек болып отыр, қалай дегенмен де ілуде бір кездесетін нәрсе болып отыр; нақты байланыс орнаған кезде бұл қатынастар дағдылы нәрсе болар еді және газет таратуды ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, материал, күш, қаражат жағынан ауысып отыруды да (бұл анағұрлым маңыздырақ), әлбетте, қамтамасыз етер еді. Ұйымдастыру жұмысының өрісі салғаннан-ақ әлденеше есе кеңейер еді, сөйтіп бір өлкенің табысы жұмысты жақсартқан үстіне жақсарта түсуге талпындырар еді, елдің екінші бір түкпірінде жұмыс атқарып жүрген жолдастың дайын тұрған тәжірибесімен пайдалануға адамның ынтасын арттырар еді. Жергілікті жерлердегі жұмыс қазіргіге қарағанда анағұрлым мол, әр тарапты болар еді: бүкіл Россия бойынша жиналатын саяси, экономикалық әшкерелеу барлық кәсіптердегі және *дамудың барлық сатыларындағы* жұмысшыларға ақыл-ой азығын берер еді, оның үстіне жария баспасөздің тұспалдап айтуымен, жұртшылық арасындағы әңгімелермен, үкіметтің «ұялшақ» хабарларымен көтерілген алуан түрлі мәселелер жөнінде оқу-әңгіме жүргізуге материал да, сылтау да болар еді. Әрбір дүмпу, әрбір демонстрация Россияның барлық түкпірлерінде барлық жағынан бағаланып, талқыға салынар еді, басқалардан қалыспауға, басқалардан жақсы істеуге ынталандырар еді — (біз, социалистер, жарыс атаулының, «бәсеке» атаулының бәрін бірдей әсте керексіз деп таппаймыз!),— бірінші рет бір түрлі стихиялы болып шыққан нәрсені қайтадан саналы түрде дайындауға, шабуыл жасау жоспарының, т. б. түрін өзгерту үшін белгілі бір өлкенің немесе белгілі бір кезеңнің қолайлы жағдайларын пайдалануға ынталандырар еді. Сонымен бірге жергілікті жерлердегі жұмыстың бұлайша жандануы *барлық* күшті салып

«өлердей» жанталасуға, *барлық* адамдарды тік тұрғызуға тап қылмас еді, қазір екінің біріңде демонстрация атаулының бәрі де немесе жергілікті газет номерінің қай-қайсысы болса да жергілікті жұмыстың жандануы болып табылады: бір жағынан, полицияның «түп тамырларға» жетуі анағұрлым қиын болады, олай болатыны оларды қай өлкеден іздеу керек екені белгісіз болады; екінші жағынан, үнемі жүргізілетін жалпы жұмыс жұртты *белгілі бір* шабуылдың күшін жалпы армияның пәлендей бір отрядының күшінің қазіргі жайкүйіне сәйкестіріп отыруға үйретер еді (қазір еш уақытта да мұндай сәйкестіруді ойлайтын ешкім де жоқ десе болғандай, өйткені шабуылдардың оннан тоғызы стихиялы түрде болады) және басқа жерден әдебиетті ғана емес, сонымен қатар революциялық күштерді де «тасып жеткізуді» жеңілдетер еді.

Қазір бұл күштер сан реттерде жергілікті шағын жұмыс үстінде қансырап зая кетіп отыр, ал нақты байланыс орнаған кезде қолынан азды-көпті іс келетін үгітшіні немесе ұйымдастырушыны елдің бір шетінен екінші шетіне жіберіп отыруға мүмкіндік болар еді және бұлай етуге үнемі сылтау да табылып отырар еді. Жұрт партия жұмысы бабында партияның қаражатымен еппен жол жүруден бастап, бүтіндей партия қаражатына көшуге, профессионал революционер болуға, өздерін нағыз саяси көсемдер етіп шығаруға әдеттенер еді.

Егерде жергілікті комитеттердің, жергілікті топтар мен үйірмелердің бәрінің немесе едәуір көпшілігінің жалпы ортақ істі белсене қолға алатын жағдайына шындап қолымыз жетсе, онда біз бүкіл Россияда он мың даналап ұдайы таратылып отыратын, апта сайын шығып тұратын газетті жақын арада жолға қоя алар едік. Бұл газет тап күресі мен халық ашынуының әрбір ұшқынына жел беріп, жалпы өртке айналдырып жіберетін зор ұста дүкені көрігінің бір бөлегі болар еді. Міне, осы істің, өз-өзінен алғанда әлі де өте қарапайым, әлі де өте шағын, бірақ үнемі жүргізіліп отыратын, сөздің толық мағынасындағы *ортақ* істің төңірегінде сыннан өтіп ысылған күрескерлер армиясы ұдайы іріктеліп, баулынып отырар еді. Осы жалпы ұйымдастыру

құрылысының басқыштарын немесе баспалдағын бойлай отырып, біздің революционерлердің арасынан жуық арада социал-демократиялық Желябовтар, біздің жұмысшылардың арасынан орыс Бебельдері көтеріліп, өсіп шығар еді, олар жиналып әзір болған армияны басқарып, Россияның масқаралығы мен оңбағандығының күлін көкке ұшыруға бүкіл халықты аттандырар еді.

Бізге, міне, осы туралы армандау керек!

* *
*

«Армандау керек!» Мен осы сөздерді жаздым да, шошып кеттім. Маған: өзім «бірігу съезінде» отырғандай, менің қарсы алдымда «Рабочее Делоның» редакторлары мен қызметкерлері отырғандай болып көрінді. Бір кезде Мартынов жолдас орнынан тұрып, маған қаһарын төгіп: «Сізден мынаны сұрауға рұқсат етіңіз: алдын ала партия комитеттерінің пікірін сұрамай тұрып, автономиялы редакцияның армандауға правосы бар ма екен?» дегендей болып көрінді. Ал оның соңынан Кричевский жолдас орнынан тұрып (Плеханов жолдастың пікірін әлдеқашан тереңдеткен Мартынов жолдасты философия жағынан тереңдете түсіп) одан да бетер қаһарын төгіп: «Мен одан да әрі барамын. Мен мынаны сұраймын: Маркстің айтуынша, адамзат әрдайым өзінің алдына жүзеге асатын міндеттерді қоятынын және тактика дегеніміз партиямен бірге өсетін міндеттердің өсу процесі екенін ұмытпаған марксистің, тегі, армандауға правосы бар ма екен?» дегендей болды.

Осы қаһарлы сұраулар есіме түскенде тұла-бойым мұздап қоя берді, тек қана қайда тығылсам екен деп ойлаймын. Писаревтің тасасына тығылып көрейін.

Арман мен өмір шындығының кереғарлығы туралы мәселе жөнінде Писарев былай деп жазған болатын: «Кереғарлықтың да кереғарлығы бар. Менің арманым оқиғалардың табиғи ағымын басып озып отыруы мүмкін немесе оның мүлдем құла түзге лағып, еш уақытта ешбір табиғи ағым бара алмайтын жаққа кетуі мүмкін. Бірінші ретте арманнан ешбір зиян келмейді; айта берсең ол еңбекші адамның жігерін тасытып, көтермелеп

отыруы мүмкін... Мұндай армандарда жұмысшы күшін аздыратын немесе әлсірететін дәнеңе жоқ. Тіпті мүлде керісінше. Егер адам осылай армандауға ешбір қабілетсіз болса, ол анда-санда алға орағытып, өзінің қол астында жаңа-жаңа ғана жасалып келе жатқан туындының толық, аяқталған бейнесін оймен көз алдына елестете алмайтын болса,— онда өнер, ғылым және практикалық өмір саласындағы ұлан-ғайыр, діңкені құртатын жұмыстарды қолға алып, соны аяқтап шығуға адамды еріксіз итермелейтін қандай себеп болатынын мен тіпті де түсіне алмаймын... Егер армандаушы адам тек өзінің арманына мықтап сенсе, өмірге зер сала қарап, өзінің байқауларын өзінің ой қиялымен салыстырса және өзінің қиялын жүзеге асыруға жалпы адал ниетімен кірісіп жұмыс істесе, онда арман мен өмір шындығының кереғарлығы ешбір зиян келтірмейді. Арман мен өмірдің арасында сәл ғана бір жанасушылық болса, онда істің беті оңға баспақ» [84].

Міне, осы тәрізді армандау, бақытсыздығымызға қарай, біздің қозғалысымызда тым аз. Ал бұған жария сын мен құпия «артта жүрушіліктің» өздерінің парасаттылығына, өздерінің «нақтылыққа» бір табан «жақындығына» жұрттың бәрінен де көп дауырығатын өкілдері кінәлы.

в) БІЗГЕ ҚАЙ ТҰРПАТТЫ ҰЙЫМ КЕРЕК?

Біздің «тактика-жоспарымыз» дереу шабуыл жасауға *шақыруды* қабылдамау екенін, «жау қамалын дұрыстап қоршап алуды» талап ету немесе, басқаша айтқанда, тұрақты әскерді жинауға, ұйымдастыруға, *жұмылдыруға* барлық күш-жігерді жұмсауды талап ету екенін оқушы жоғарыда айтылғандардан көріп отыр. Біз «Рабочее Делоның» «экономизмнен» шабуыл туралы айқайшу көтеруге (бұл айқай-шу 1901 жылдың *апрелінде* ««Р. Дело» Листогының» [85] 6-номерінде көтерілген болатын) бір-ақ секіргені үшін күлгенімізде, оның бізді «доктринерлік» жасады, революциялық борышты түсінбеді, сақтыққа шақырды, т. с. деп кінәлап, бізге тарпа бас салғаны анық. Ешбір түрлауы жоқ және терең ма-

ғыналы «тактика-процеспен» жалтарып жүрген адамдардың аузынан мұндай кінәлаушылықтың шығуы бізді, әрине, зәредей де таңқалдырған жоқ, сол сияқты мұндай кінәлауды тегінде тиянақты программалық, тактикалық тіректерді барынша жиреніп жек көретін Надеждиннің қайталауы да бізді таңқалдырған жоқ.

Тарих қайталамайды деседі. Бірақ Надеждин бар күшін салып тарихты қайталатқысы келеді және «революциялық мәдениетшілдікті» сөгіп, «вече қоңырауының дабылы» туралы, «революция қарсаңының» ерекше «көзқарасы», т. т. туралы даурығып, бар ынтасымен Ткачевтің айтқандарын көшіріп бағуда. Ол, сірә, тарихи оқиғаның түп нұсқасы трагедия болса, оның көшірмесі өрескел ерсілік [86] қана болады деген әйгілі нақылды ұмытып отырса керек. Ткачевтің уағызымен дайындалған және «үрей ұшыратын», шынында да үрей ұшырған террор арқылы жүзеге асырылған өкіметті басып алу әрекеті — керемет-ақ, ал жұдырықтай Ткачевтің «эксцитативтік» терроры жай әншейін адам күлерлік нәрсе және орташаларды ұйымдастыру идеясымен толықтырғандағысы одан да бетер адам күлерлік нәрсе.

«Егерде «Искра» өзінің әдебиетшілдік арнасынан шыққан болса,— деп жазады Надеждин,— ол мұның өзі («Искраның» 7-номеріндегі жұмысшы хаты сияқты, т. с. оқиғалар) өте таяу уақыттың ішінде «шабуыл» басталатындығының белгісі екенін көрген болар еді, сондықтан қазір (sic!) жалпы орыстық газеттен жіпше шұбалып шығатын ұйым туралы сөз қылудың өзі кабинеттік ой-пікір мен кабинеттік жұмыстарды туындата түскендік болады». Қараңыздаршы, бұл не деген адам айтқысыз шатасушылық: бір жағынан, жергілікті газеттер тәрізді «неғұрлым нақтылырақ» нәрсенің төңірегіне жиналу «анағұрлым жақынырақ» деген пікірмен қатар эксцитативтік террор мен «орташаларды ұйымдастыру» дегенді айтады,— ал екінші жағынан, «қазір» жалпы орыстық ұйым туралы сөз қылу дегеннің мәнісі кабинеттік ой-пікірді туындатқандық болып табылады, яғни тура, оңайлатып айтқанда, «қазір» тым кеш қалдық дейді! Ал «жергілікті газеттерді кең түрде жолға қою» — бұл кеш емес пе, аса құрметті Л. Надеждин?

Енді «Искраның» көзқарасы мен тактикасын осымен салыстырып қараңызшы: эксцитативтік террор — түкке тұрмайтын нәрсе, нақ орташаларды ұйымдастыру туралы және жергілікті газеттерді *кең түрде* жолға қою туралы сөз қылу дегеннің мәнісі «экономизмге» есікті шалқасынан ашып беру деген сөз. Революционерлердің бірыңғай жалпы орыстық ұйымы туралы сөз қылу керек және ол туралы сөз қылғанда қағаз жүзіндегі шабуыл емес, шын шабуыл басталғанға дейін сөз қыла беру кеш болмайды.

«Иә, ұйым жөніндегі біздің істеріміз мүлдем оңбай тұр,— дейді мұнан соң Надеждин,— иә, «Искраның» әскери күштеріміздің негізгі көпшілігі еріктілер мен көтерілісшілер дегені өте дұрыс... Біздің күштеріміздің жағдайын сіз дұрыс шамалайсыз, мұныңыз жақсы-ақ, бірақ сөйте тұрып *тобырдың әсте біздікі емес екенін,* сондықтан *ол* соғыс қимылдарын қашан ашуды *бізден сұрамай,* «бүлік шығаруға» баратынын ұмытудың жөні бар ма еді... Тобырдың өзі стихиялы күйреткіш күшімен аттана қалса, жұрт аса жүйелі ұйым енгізбек болып келгенімен оған *ілесіп* үлгермеген «тұрақты әскерін» тобырдың жапырып, құртып жіберуі *мүмкін* ғой». (Курсив біздікі.)

Ғажап логика! «Тобыр біздікі емес» *болғандықтан да,* дәл қазір «шабуыл» туралы даурығу ақылға сыймайтын және келіспейтін іс, өйткені шабуыл дегеніміз тобырдың стихиялы дүрлігуі емес, тұрақты әскердің лап қоюы. Тобыр тұрақты әскерді жапырып, құртып жібере *алатын* болғандықтан да, тұрақты әскерге «аса жүйелі ұйым енгізу» жөніндегі жұмысымыз арқылы стихиялық өрлеуге өзіміздің қалай да «ілесіп» отыруымыз қажет, өйткені біз осындай ұйымшылдықты неғұрлым көбірек енгізіп «ілесіп үлгерсек», тұрақты әскердің тобырдан жапырылмауы, қайта тобырдың алдына шығып, оны бастауы соғұрлым ықтимал болады. Надеждиннің шатасып отырған себебі: оның ойынша, бұл жүйелі түрде ұйымдастырылатын әскер өзін тобырдан бөлектейтін бір нәрсемен шұғылданатын сияқты, ал шындығында тұрақты әскер жан-жақты әрі бәрін қамтитын саяси үгітпен ғана шұғылданып отыр, яғни, атап айтқанда сол тобырдың стихиялы күйреткіш күші мен революционерлер ұйымының саналы түрде қолданатын күйреткіш күшін *жақындастырып, бір жерге қосатын* жұмыс-

пен шұғылданып отыр. Мырзалар, сіздер ауру бастарыңыздың сақинасын сау басқа теліп отырсыздар ғой, өйткені «Свобода» тобының нақ өзі *программаға* террорды енгізіп, мұнысымен террористерді ұйымдасуға шақырып отыр, ал мұндай ұйымдасу біздің әскерімізді тобырмен жақындасудан шындап сырттатар еді; амал не, бұл тобыр әлі біздікі емес, бұл тобыр, амал не, соғыс қимылдарын қашан, қалай бастауды әлі де болса бізден сұрамайды немесе аз сұрайды.

Надеждин «Искраны» былай деп қорқыта түседі: «қапелімде кенеттен кез болғап қазіргі оқиғаларды байқамай қалғанымыз сияқты, революцияның өзін де байқай алмай қалармыз». Жоғарыда келтірілген сөздермен байланысты болған бұл сөз бізге «Свобода» ойлап шығарған «революция қарсаңының» ерекше «көзқарасы» * дегеннің қисынсыз екенін көрсетеді. Егер турасын айтсақ, ерекше «көзқарас» «қазір» пікір айтуға да, дайындалуға да тым кеш қалдық дегенге тіреледі. «Әдебиетшілдіктің» аса құрметті дұшпаны-ау, егер олай болса, онда «теория ** мен тактика мәселелері туралы» 132 баспа бет кітап жазудың не керегі бар еді? Сіз 132 мың листок басып шығарып, «ұр оларды!» деп қысқаша ұран тастау «революция қарсаңының көзқарасына» келісіпақ тұрар еді деп таппайсыз ба?

Кімде-кім өзінің программасының да, *тактикасының да, ұйымдастыру жұмысының да* басты негізі етіп, «Искраның» істеп отырғанындай, жалпы халықтық саяси үгітті қойса, нақ сол адамның революцияны байқа-

---

* «Революция қарсаңы», 62-бет.

** Дегенмен, «революция қарсаңының тұрғысынан қарағанда» өте қызық мына бір сөзін айтпасақ, Л. Надеждин өзінің «теория мәселелерін шолуында» теория мәселелері жөнінде дәнеңе де айтпаған деуге болады; онысы мынау: «Бернштейншілдік тұтас алғанда біздің қазіргі кезеңіміз үшін өзінің өткір сипатынан айрылып отыр, сол сияқты Адамович мырза осы күннің өзінде-ақ Струве мырзаның сый белбеу аларлық қызмет сіңіргенін дәлелдей ме немесе, мұның керісінше, Струве мырза Адамович мырзаның сөзін бекерге шығарып, қызметтен кетуге көнбей ме,— мұның тіптен бәрібір, өйткені революцияның қолайлы мезгілі жақындап келеді» (110-бет). Л. Надеждиннің теория жөніндегі шексіз олақтығын бұдан гөрі айқынырақ көрсету өте қиын болар еді. Біз «революция қарсаңын» жарияладық — *сондықтан* ортодокстер сыншыларды бағытынан біржолата тайдыра ала ма, жоқ па, «мұның тіптен бәрібір»!! Нақ революция кезінде сыншылардың *практикалық* бағыттарымен үзілді-кесілді күресу үшін бізге сыншыларға қарсы жүргізілген теориялық күрестің нәтижелері керек болатындығын біздің данышпанымыз байқамайды да!

май қалу қаупі бәрінен де азырақ болады. Бүкіл Россияда жалпы орыстық газеттен таралып жатқан ұйымның жібін ширатумен айналысып отырған адамдардың көктемдегі оқиғаларды байқамай қалмағаны былай тұрсын, қайта, олар оқиғаларды біздің күнібұрын болжауымызға мүмкіндік берді. Олар «Искраның» 13 және 14-номерлерінде [87] суреттелген демонстрацияларды да байқамай қалған жоқ; қайта, олар тобырдың стихиялық өрлеуіне жәрдем көрсетуге міндетті екендігін айқын түсініп, сонымен бірге газет арқылы бұл демонстрациялармен танысуға, олардың тәжірибесін барлық орыс жолдастардың пайдалануына жәрдемдесіп, сол демонстрацияларға қатысып отырды. Олар тірі болса, революцияны да байқамай қалмайды, бұл революция бізден ең алдымен және көбінесе үгіт жүргізу жұмысында тәжірибелі болуды, наразылық атаулының бәрін де қолдай білуді (социал-демократтарша қолдай білуді), стихиялық қозғалысты достардың қатесінен де, дұшпандардың қақпанынан да сақтап, оған бағыт бере білуді керек етеді!

Сонымен, біз ең соңғы пікірге келдік, бұл пікір бізден ортақ газетте бірлесіп жұмыс істеу арқылы жалпы орыстық газеттің төңірегіне ұйымдасу жоспарын барынша қостауды талап етеді. Тек осылай ұйымдасу ғана социал-демократиялық жауынгер ұйымға қажет *икемділікті* қамтамасыз етеді, яғни күрестің нағыз алуан-алуан және тез өзгеріп отыратын жағдайларына дереу бейімделе қою қабілеттілігін қамтамасыз етеді, «бір жағынан, күші басым дұшпан өзінің барлық күшін бір жерге жинағанда, онымен ашық майданда соғысудан бұлтара білуді, екінші жағынан, бұл дұшпанның оралымсыздығын пайдаланып, шабуыл жасалады деп күтпеген жерінде, күтпеген кезінде оған шабуыл жасай білуді» * қамтамасыз етеді. Партия ұйымын тек дүмпу

---

* «Искра» № 4: «Неден бастау керек?».— «Революция қарсаңының көзқарасын жақтамайтын революцияшыл мәдениетшілерді жұмыстың ұзақтығы ешбір қынжылтпайды»,— деп жазады Надеждин (62-бет). Бұл жөнінде біз мынаны ескертеміз: егер біз *өте ұзақ жұмысқа* өте сөзсіз лайықталған және сонымен қатар *осы жұмыс процесінің өзінде* партиямыздың өз қызметінде болуын, күтпеген жағдайға кез болғанда да, оқиғаның аяқ алысы қалай жылдамдаса да өз міндетін орындауын қамтамасыз ететін саяси тактиканы, ұйымдық жоспарын жасап

мен көшедегі болатын күреске немесе «күнделікті қарапайым күрестің алға ұмтылған бет алысына» сеніп қана құру орасан зор қате болар еді. Біз *әрдайым* өзіміздің күнделікті жұмысымызды жүргізе беруге, әрдайым барлық нәрсеге дайын болуға тиіспіз, өйткені дүмпу дәуірлерінің тыныштық дәуірлерімен ауысуын күні бұрын болжау тіпті екінің бірінде мүмкін болмай шығады деуге болады, ал күні бұрын болжау мүмкін болған реттерде ұйымды қайта құру үшін бұл болжаумен пайдалана қоюға болмас еді, өйткені бұл ауысу, кейде патша янычарларының [88] бір түнгі шабуылымен байланысты болғандықтан, самодержавиелі елде керемет тез болады. Ал революцияның өзін әсте жалғыз-жарым болатын акт түрінде түсінбей (шамасы, Надеждиндерге осылай елестейтін болса керек), азды-көпті күшті дүмпудің немесе азды-көпті күшті тыныштықтың бірнеше тез алмасулары түрінде түсіну керек. Сондықтан біздің партия ұйымы қызметінің негізгі мазмұны, бұл қызметтің сыры нағыз күшті дүмпу дәуірінде де, толық тыныштық дәуірінде де әрі мүмкін, әрі керек жұмыста болуға тиіс, атап айтқанда: бүкіл Россия көлемінде біріктірілген, өмірдің барлық жақтарын ашып көрсететін және нағыз қалың бұқараға бағытталған саяси үгіт жұмысы болуға тиіс. Ал бұл жұмыс қазіргі Россияда өте жиі шығып тұратын жалпы орыстық газетсіз *мүмкін емес*. Осы газеттің төңірегінде өзінен-өзі құрыла бастайтын ұйым, газет *қызметкерлерінің* (сөздің кең мағынасында, яғни оған еңбек сіңірушілердің бәрінің) ұйымы революцияның аса «қысым көрген» кезінде партияның намысын, беделін және сабақтастығын сақтап қалудан бастап, *бүкіл халықтың қарулы көтерілісін* әзірлеуге, тағайындауға және жүзеге асыруға дейін *бәріне де* дайын болады.

Шынында да, бізде мүлде үйреншікті болып кеткен бір немесе бірнеше жердегі толық сәтсіздікке ұшырау

шығара алмасақ, онда біз құр әншейін сорлы саяси авантюристер болып шығамыз. Социал-демократияның көздейтін мақсаты — бүкіл адамзаттың тіршілік жағдайларын түбегейлі түрде өзгерту екендігін, сондықтан жұмыстың ұзақтығына байланысты мәселеге «қынжылу» социал-демократқа келіспейтін іс екенін өзін тек кешеден бері социал-демократ деп атай бастаған Надеждин ғана ұмыта алады.

оқиғасын алып қараңызшы. *Барлық* жергілікті ұйымдардың ұдайы жүргізіп отыратын *бір* ортақ ісі болмағанда, мұндай сәтсіздік көп ай бойы жұмысты үзіп тастап отырады. Ал барлығының да ортақ жұмысы болса,— тіптен қатты сәтсіздікке ұшырағанда да, әлбетте, қазірдің өзінде-ақ жаңадан өте жылдам пайда болатын жастар үйірмелерін жалпы орталықпен байланыстыру үшін жігерлі екі-үш адамның бірнеше апта бойы жұмыс істеуі-ақ жеткілікті болар еді; — ал сәтсіздікке ұшырап, жолы болмай жүрген осы жалпыға ортақ іс жұрттың бәрінің көз алдында болса, онда жаңа үйірмелер одан да гөрі жылдам пайда болып, жалпы орталықпен байланыса алады.

Екінші жағынан, халық көтерілісін алып қараңыз. Қазіргі кезде ол көтеріліс туралы ойлап, соған дайындалуға тиіс екендігімізге, сірә, жұрттың бәрі де қосылар деймін. Бірақ *қалай* дайындалу керек? Көтерілісті дайындау үшін Орталық Комитет барлық жерлерге агенттер белгілей алмайды ғой? Бізде Орталық Комитет болған күнде де орыс елінің қазіргі жағдайында оның агенттер тағайындаумен тіпті еш нәрсеге қолы жетпес еді. Қайта, ортақ газетті жолға қою және оны тарату жөніндегі жұмыс үстінде өзінен-өзі құрылатын агенттер * тобы көтеріліске шақыратын ұранды «күтіп, қарап отыра беруге» тиіс болмас еді, көтеріліс бола қалған күнде өзінің жеңіске жетуіне барынша көбірек кепілдік беретін ұдайы жұмыс істер еді. Нақ осындай жұмыс жұмысшылардың нағыз қалың бұқарасымен де, самодержавиеге наразы топтардың бәрімен де байланысты нығайтқан болар еді, ал мұның көтеріліс үшін өте зор маңызы бар. Жалпы саяси жағдайды дұрыс бағалау қа-

* Әттеген-ай! Мартыновтардың демократиялық құлағын жарып жіберетін «агент» деген бұл сұмдық сөз тағы да аузымнан шығып кетті-ау! Таңым бар: бұл сөз 70-жылдардағы кемеңгер адамдарды ренжітпегенде, 90-жылдардағы майдагерлерді неліктен ренжітеді екен? Бұл сөз маған ұнайды, өйткені ол сөз барлық агенттердің өз ойы мен қимылын бағындыратын *жалпыға ортақ істі* ашық, айқын көрсетеді, ал егер бұл сөзді бөтен сөзбен ауыстыру керек болса, онда мен тек қана «қызметкер» деген сөзге тоқталар едім, бірақ ол сөздің аздаған әдебиетшілдік, аздаған екіұшты мәні бар сияқты. Ал бізге керегі агенттердің әскери ұйымы. Айтпақшы, бір-біріне генералдық шен үлестіруді тәуір көретін толып жатқан (әсіресе шетелдегі) Мартыновтардың «паспорт бөлімінің агенті» деудің орнына — «революционерлерді паспортпен қамтамасыз ету бөлімінің үлкен бастығы», т. с. деп айтуларына да болады.

білеті, олай болса, көтеріліс үшін қолайлы мезгілді таңдап алу қабілеті нақ осындай жұмыстың үстінде жасалар еді. Нақ осындай жұмыс бүкіл Россияны толғандырып отырған белгілі бір саяси мәселелерге, сондай жағдайлар мен оқиғаларға бір уақыт ішінде үн қосуға, бұл «оқиғаларға» мүмкін болғанынша жігерлірек, мүмкін болғанынша бірыңғай, қолайлырақ жауап беруге *барлық* жергілікті ұйымдарды үйретер еді,— ал көтерілістің өзі, асылында, бүкіл халықтың үкіметке нағыз жігерлі, нағыз бірыңғай, нағыз қолайлы түрде «жауап» беруі ғой. Нақ осындай жұмыс, ақыр аяғында, Россияның барлық жерлеріндегі барлық революциялық ұйымдарға партияның *іс жүзіндегі* бірлігін жасайтын нағыз тұрақты, сонымен бірге нағыз астыртын қарым-қатынастар жүргізуді үйретер еді,— ал мұндай қарым-қатынастарсыз көтерілістің жоспарын бірлесіп талқылау, көтерілістің қарсаңында өте құпия ұсталуға тиіс қажетті дайындық шараларын қолдану деген мүмкін емес.

Қысқасы, «жалпы орыстық саяси газеттің жоспары» доктринерлік пен әдебиетшілдік дертіне шалдыққан адамдардың кабинеттік жұмысының жемісі (жоспарды жөте ойламаған адамдарға осылай болып көрінгені сияқты) емес, қайта, керісінше, ол жоспар күнделікті өмірдегі шұғыл жұмысты бір сәт те ұмытпастан, көтерілісті барлық жағынан бірдей әзірлей бастаудың және оған қазірдің өзінде-ақ кірісудің нағыз практикалық жоспары болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орыс социал-демократиясының тарихы айқын-ашық үш дәуірге бөлінеді.

Бірінші дәуір он шақты жылды, шамамен айтқанда 1884—1894 жылдарды қамтиды. Бұл дәуір социал-демократияның теориясы мен программасының туыи, беку дәуірі болды. Ол кезде жаңа бағытты жақтаушылардың саны Россияда бірен-саран ғана еді. Социал-демократия ол кезде жұмысшы қозғалысынсыз өмір сүрді, саяси партия ретінде құрсақта жатып өсу процесін басынан кешірді.

Екінші дәуір үш-төрт жылды, 1894—1898 жылдарды қамтиды. Социал-демократия қоғамдық қозғалыс ретінде, халық бұқарасының өрлеуі ретінде, саяси партия ретінде жарық дүниеге келеді. Бұл дәуір — социал-демократияның балалық дәуірі мен ержетіп келе жатқан дәуірі еді. Бұл дәуірде интеллигенцияның халықшылдықпен күресуге және жұмысшылардың арасына барып жұмыс істеуге шетінен әуестенуі, жұмысшылардың стачкалар жасауға шетінен әуестенуі жұқпалы аурудай тез жайылып, етек алады. Қозғалыс орасан зор табыстарға жетеді. Басшылардың көпшілігі Н. Михайловский мырзаға пәлендей бір табиғи мөлшер сияқты көрінген «отыз бес жастың» қарасын да көрмеген тіптен жас адамдар еді. Өздерінің жастығы себепті олар практикалық жұмысқа шалағай болды және іс майданынан өте тез шығып қалып отырды. Бірақ олардың жұмысының өрісі көбіне өте кең еді. Олардың көбі ре-

волюциялық пікір білдіргенде халық еріктілері сияқты білдіре бастады. Бұлардың бәрі дерлік өте жас кезінде террордың қаһармандарына есі кетіп, табынатын еді. Бұл қаһармандық дәстүрдің ұнамды әсерінен бас тарту күреспен түсіп отырды, қалай да «Халық еркінің» жолынан тайғысы келмеген және жас социал-демократтар қатты құрметтеген адамдармен ажырастырып отырды. Күрес оларды үйренуге, барлық бағыттағы құпия шығармаларды оқуға, жария халықшылдық мәселелерін мықтап зерттеуге мәжбүр етті. Осы күресте тәрбиеленген социал-демократтар жұмысшы қозғалысына араласты, араласқанда өздерінің шамшырақтай көзін ашқан марксизм теориясын да, самодержавиені құлату міндетін де «бір минутке де» ұмытпады. 1898 жылғы көктемде партияның құрылуы бұл кезеңдегі социал-демократтардың ең көрнекті, сонымен қатар ең *соңғы* ісі болды.

Үшінші дәуір, жоғарыда өзіміз көргендей, 1897 жылы дайындалып, 1898 жылы (1898—?) екінші дәуірдің орнын түпкілікті басады. Бұл дәуір — ауа жайылу, іру, ауытқу дәуірі еді. Адамның ержете бастағанда даусы бұзылады ғой. Міне, осы дәуірдегі орыс социал-демократиясының даусы да бұзыла бастады,— бір жағынан, Струве мен Прокопович, Булгаков пен Бердяев мырзалардың шығармаларында, екінші жағынан — В. И-н мен Р. М.-ның, Б. Кричевский мен Мартыновтың шығармаларында жалған дауыс естіле бастады. Бірақ іріп берекесі кеткен, аяғын кері басқан тек басшылар ғана еді: қозғалыстың өзі өсе берді, алға қарай қарыштап қадам баса берді. Пролетарлық күрес жұмысшылардың жаңа топтарын қамтып, бүкіл Россияға таралды, сонымен қатар студенттердің және халықтың басқа топтарының демократиялық рухын жандандыруға да жапамалап әсер етті. Ал басшылардың саналылығы стихиялық өрлеудің көлемділігі мен күшінің алдында бас иді; енді социал-демократтардың ішінде басқа бір бет алыс — «жария» маркстік әдебиеттің жалаң бір өзімен ғана тәрбиеленген дерлік басшылардың бет алысы басым болып шықты, ал бұқараның стихиялылығы басшылардың саналылығын неғұрлым көбірек талап еткен сайын ондай әдебиет соғұрлым жеткіліксіз болды. Бас-

шылар теория жөнінде де («сын еркіндігі»), практика жөнінде де («майдагерлік») артта қалып қойғандығымен тұрмай, өздерінің сол артта қалғандығын әр түрлі көпірме дәлелдермен қорғауға да тырысты. Жария әдебиеттің брентанистері де, құпия әдебиеттің хвостистері де социал-демократизмді тред-юнионизм дәрежесіне дейін төмендетіп жіберді. «Credo» программасы жүзеге асырыла бастады, әсіресе социал-демократтардың «майдагерлігі» социал-демократиялық емес революциялық бағыттарды жандандырған кезде жүзеге асырыла бастады.

Ал егер оқушы мені қайдағы бір «Рабочее Дело» дегенмен тым көп шұғылданғаным үшін жазғыратын болса, мен бұған былай деп жауап беремін: «Рабочее Делоның» «тарихи» маңыз алған себебі: ол осы үшінші дәуірдің «рухын» бәрінен де айқын көрсетіп отыр *. Дәйекті Р. М. емес, нақ тұрлаусыз Кричевскийлер мен Мартыновтар ауа жайылушылық пен ауытқушылықты нағыз айқын көрсете алды, «сынға» да, «экономизмге» де, терроризмге де жол беруге өздерінің дайын екенін көрсете алды. Бұл дәуірдің өзгешелігі — «абсолютке» табынушы кейбіреудің практикаға паңдана менсінбей қарауында емес, қайта ұсақ практикашылдықтың теориядағы барып тұрған бейқамдықпен ұштасып жатуында болып отыр. Бұл дәуірдегі мықтылар «ұлы сөздерді» тіке мойындамаудан гөрі сол сөздерді қорлаумен көбірек шұғылданды: ғылыми социализм сындарлы революциялық теория болудан қалып, қойыртпаққа айналды, бұл қойыртпаққа немістің кез келген жаңа оқулығынан қоймалжың бірдеңені алып «емін-еркін» қоса беретін болды; «тап күресі» деген ұран бірден бірге құлашты пеғұрлым кең сермеп, жігермен іс істеуге алға қарай ұмтылтпады, қайта жұртты бейқамдыққа салудың құралы болды, өйткені «экономикалық күрес саяси күреспен

* Мен бұл арада неміс мақалымен де жауап берген болар едім: Den Sack schlägt man, den Esel meint man, яғни орысша айтқанда: кошку бьют, невестке наветки дают — қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда — деген сөз. Жалғыз «Рабочее Дело» емес, практиктер мен *теоретиктердің қалың көпшілігі* де сән болып кеткен «сынмен» әуестеніп алды, стихиялылық мәселесі жөнінде шатасып, біздің саяси және ұйымдық міндеттерімізді социал-демократиялық мағынада түсінуден тайып, тред-юниондық мағынада түсініп келді.

тығыз байланысты» ғой; партияның идеясы революционерлердің жауынгер ұйымын құруға шақыру ұраны бола алмады, қайта қайдағы бір «революциялық кеңсешілдік» дегенді және «демократиялық» формаларды баланың ойыншығына айналдыруды ақтауға қызмет етті.

Үшінші дәуірдің қашан аяқталып, төртінші дәуірдің қашан басталатынын (қалай дегенмен мұның қазір көптеген белгілері сезіліп келеді),— біз білмейміз. Біз енді бұл арада тарих саласынан шығып, қазіргі дәуірге, ішінара болашаққа көшеміз. Ал біз мынаған қатты сенеміз: төртінші дәуір жауынгер марксизмнің нығайып бекуіне жеткізеді, орыс социал-демократиясы дағдарыстан нығайып та есейіп шығады, оппортунистер арьергардының «орнын» ең революцияшыл таптың шын алдыңғы қатарлы отряды басады.

Осылайша «орын» ауыстыруға шақыру мағынасында айтқанда және жоғарыда баяндалғандардың бәрін бір жерге қорытып айтқанда, не істеу керек? деген сұраққа біз былай деп қысқаша жауап береміз:

Үшінші дәуірді жою керек.

Қосымша [89]

«ИСКРАНЫ» «РАБОЧЕЕ ДЕЛОМЕН» БІРІКТІРУ ӘРЕКЕТІ

Енді бізге «Искраның» ұйымдық мәселеде «Рабочее Дело» жөнінде ұстаған және бұлжытпай жүргізіп келген тактикасын суреттеп өту ғана қалады. Бұл тактика «Искраның» 1-номерінде-ақ «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының жікке бөлінуі» * туралы мақалада толық айтылған. Біз бірден-ақ партиямыздың бірінші съезінде оның шетелдегі өкілі деп танылған «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» *өзі* екі ұйымға *бөлінді* деген көзқараста болдық; — Париждегі халықаралық конгресте тұрақты Халықаралық социалистік бюроға, жікке бөлінген «Одақтың» [90] әрқайсысынан бір мүшеден болып, Россиядан екі мүше сайланғандықтан, партияның өкілдігі жөніндегі мәселе тек уақытша, шартты түрде ғана шешіліп, оның біржолата шешілуі ашық қалады дегенбіз. Біз істің шынына келгенде «Рабочее Делоның» бағыты *дұрыс емес* дедік, біз принцип жүзінде «Еңбекті азат ету» тобын батыл жақтадық, бірақ сонымен қатар жікке бөліну мәселесінің егжей-тегжейін қазбалап жатпай, «Одақтың» таза практикалық жұмыс жөніндегі сіңірген еңбегін атап көрсеттік **.

Сонымен, біздің позициямыз белгілі дәрежеде істің аңысын аңдау болды: біз «экономизмнің» нағыз барып тұрған дұшпандары да «Одақпен» қол ұстасып жұмыс

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 415—416-беттер. *Ред.*

** Жікке бөлінуді бұлайша бағалауға тек әдебиетпен танысқандық қана емес, сонымен қатар біздің ұйымның шетелде болған кейбір мүшелерінің сонан жинап әкелген мәліметтері де негіз болды.

істей алады деген орыс социал-демократтарының көпшілігінің арасында үстем болып жүрген пікірге кеңшілік бердік, өйткені «Одақ» теория мен тактиканың негізгі мәселелерінде дербес бағыт ұстағысы келмеген соң, өзінің «Еңбекті азат ету» тобымен принцип жағынан келісетінін талай рет мәлімдеген болатын. Біздің ұстаған позициямыздың дұрыстығын жанама дәлелдеген нәрсе — «Искраның» бірінші номері шығысымен-ақ (декабрь, 1900) «Одақтан» оның үш мүшесі бөлініп шықты, бұлар «Инициаторлар тобы» деген топ құрды да, бітімге келу туралы келіссөз жүргізу үшін араға жүреміз деп: 1. «Искра» ұйымының шетелдік бөліміне, 2. «Социал-демократ» революциялық ұйымына [91] және 3. «Одаққа» ұсыныс жасады. Алғашқы екі ұйым бұған бірден ризалығын білдіріп жауап берді, *үшінші ұйым* ұсынысты *қабыл алмады.* Рас, өткен жылғы «бірігу» съезінде бір шешен бұл фактіні баяндап шыққан кезде, «Одақ» әкімшілігінің бір мүшесі: инициаторлар тобының құрамына «Одақ» наразы еді, ұсынысты қабылдамаудың себебі *тек қана* содан еді дегенді айтты. Мен олардың бұл түсінігін келтіруді өзімнің борышым деп санаумен қатар, алайда, өз тарапымнан, түсініктің қанағаттанғысыз екенін ескертпей кете алмаймын: келіссөз жүргізуге әлгі екі ұйымның риза екенін білгеннен кейін «Одақ» ол ұйымдармен басқа біреу арқылы да немесе тура өзі де сөйлесе алатын еді ғой.

1901 жылдың көктемінде «Заря» да (№ 1, апрель), «Искра» да (№ 4, май) * «Рабочее Делоға» қарсы тура айтысқа шықты: «Искра» «Рабочее Делоның» «Тарихи бетбұрысын» ерекше қатты сөкті, «Рабочее Дело» өзінің *апрельдегі* листогында, демек, көктемдегі оқиғалардан кейін де, террорға және «қан төгуге» шақыруға әуестену жөнінде тұрақсыздық көрсетті. «Одақ», бұл айтысқа қарамастан, «бітістірушілердің» жаңа тобы арқылы бітімге келу туралы келіссөз жүргізуді қайтадан бастауға ризалық білдірді [92]. Жоғарыда аталған үш ұйым өкілдерінің бас қосқан дайындық конференциясы июнь айында болды, конференция мейлінше толық

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 1—13-беттер. *Ред.*

«принциптік келісім» негізінде шарт жобасын жазды, ол келісімді «Одақ» «Екі съезд» деген кітапшада, ал Лига ««Бірігу» съезінің документтері» деген кітапшада басып шығарды.

Бұл принциптік келісімнің (яғни жұрттың жиі атап жүргеніндей, июнь конференциясы қарарларының) мазмұны мынаны айдан ашық көрсетеді: біз жалпы оппортунизм атаулының, соның ішінде орыс оппортунизмінің барлық және алуан түрлі көріністерін *барынша үзілді-кесілді* теріске шығаруды бірігудің сөзсіз шарты етіп ұсындық. Оның 1-пунктінде былай делінген: «Біз пролетариаттың таптық күресіне оппортунизмді енгізу әрекеттерінің бәріне де,— «экономизм», бернштейншілдік, мильеранизм дейтіндерден, т. с. көрінетін әрекеттердің бәріне де мүлдем қарсымыз». «Революцияшыл марксизмнің барлық дұшпандарына қарсы идеялық күрес жүргізу... социал-демократия жұмысының шеңберіне кіреді» (4, с); «Орыс пролетариатының таяудағы міндеті — самодержавиені құлату екенін социал-демократия өзінің ұйымдастыру-үгіт жұмысының барлық саласында бір сәт те естен шығармауға тиіс» (5, а); ... «үгіт жалдама еңбектің капиталға қарсы күнбе-күнгі күресіне негізделіп қана қоймауы керек» (5, b); ... «таза экономикалық күрестің және жеке саяси талаптар үшін жүргізілетін күрестің өз алдына сатысы болады... дегенді теріс деп табамыз» (5, с); ... «қозғалыстың формаларының жеңіл-желпілігін... және тар өрістілігін... принципке айналдыратын ағымдарды сынға алуды қозғалыс үшін маңызды нәрсе деп санаймыз» (5, d). Бұл қарарларды азды-көпті зейін қойып оқып шыққан мүлде бөгде адам да олардың тұжырымдарының өзінен-ақ бұл қарарлардың оппортунист, «экономист» болған адамдарға қарсы бағытталғанын, самодержавиені құлату міндетін бір сәт те болсын ұмытқан адамдарға, сатылар теориясын мойындаған, тар өрістілікті, т. с. принципке айналдырған адамдарға қарсы бағытталғанын көреді. Ал «Еңбекті азат ету» тобының, «Заряның» және «Искраның» «Рабочее Делоға» қарсы жүргізген айтысымен азды-көпті таныс адам да бұл қарарлардың нақ сол «Рабочее Дело» ұшыраған адасуды пункт-пунктімен тізіп

теріске шығаратындығына ешбір күмәнданбайды. Сондықтан «бірігу» съезінде «Одақ» мүшелерінің біреуі «Рабочее Делоның» 10-номеріндегі мақалалардың шығуына себеп болған нәрсе — «Одақтың» жаңадан «тарихи бетбұрыс» жасағандығы емес, қарарлардың тым «абстрактілі» * болғандығы дегенде,— бір шешеннің мұны мазақтап күлгені әбден орынды еді. Қарарлардың абстрактілі еместігі былай тұрсын,— деп жауап берді ол шешен,— қайта адам айтқысыз нақты жазылған: бұл арада «біреулердің қолға түсірілгенін» көру үшін қарарларға көз қырын салып өтсең болғаны.

«Біреулердің қолға түсірілгені» деген сөз съезде бір қызық оқиғаның шығуына себеп болды. Бір жағынан, Б. Кричевский «қолға түсірілді» деген сөзге жабыса кетіп, мұны біздің тарапымыздан жаманшылық ойды («тұзақ құруды») көрсететін, аңдамай айтылып қалған сөз деп түсінсе керек: «Атап айтқанда, мұнда қолға түсірілген кім екен, кімді қолға түсіріпті?» — деп екілене сұрады.— «Иә, бәсе кімді?» деп кекете сұрақ қойды Плеханов.— «Плеханов жолдас аңғармай отырған болса, мен оған болысайын, мен оған түсіндірейін: бұл жерде *«Рабочее Делоның» редакциясын* қолға түсірмек болған (ду күлкі). Бірақ біз қолға түскеміз жоқ!» — деп жауап берді Б. Кричевский (сол жақтан біреу: олай болса оз сорларың!).— Екінші жағынан, «Күрес» тобының (бітістірушілер тобының) бір мүшесі «Одақтың» қарарларға енгізбекші болған түзетулеріне қарсы шығып, біздің әлгі шешенді қорғағысы келіп, «қолға түсірілді» деген сөз айтыстың қызуымен аңдамай ауыздан шығып кеткен болу керек деді.

Ал менің ойымша, осы талқыға түсіп отырған сөзді айтқан шешенге мұндай «қорғаудан» жеңілдік бола қоймас деймін. Менің ойымша, «біреулер қолға түсірілген» деген сөз «қалжың ретінде айтылса да, ойланып айтылған»: біз әрдайым «Рабочее Делоны» тұрақсыздығы, ауытқушылығы үшін кінәлап келдік, сондықтан да бұдан былай ауытқушылыққа мүмкіндік бермеу үшін, әрине, оны *қолға түсіруге* тырысуымыз *керек*

---

* Бұл пікір «Екі съезд» деген жинақта қайталанған, 25-бет.

болды. Жаманшылық ой жөнінде бұл арада сөз де болуы мүмкін емес, өйткені бұл арада әңгіме принциптік тұрақсыздық жөнінде болған-ды. Ал біз «Одақты» «қолға түсіргенде», мұны жолдастық ретімен істегеніміз сонша *, тіпті июнь қарарларына Б. Кричевскийдің өзі және «Одақ» әкімшілігінің тағы бір мүшесі қол қойған.

«Рабочее Делоның» 10-номеріндегі мақалалар (бұл номерді біздің жолдастар съезге келгеннен кейін ғана, мәжіліс басталудан бірнеше күн бұрын ғана көрді) жаз бен күздің арасында «Одақта» жаңа бет бұрыс болғанын айқын көрсетті: «экономистер» тағы да үстемдік алды, сондықтан көрінген «лепке» еріп кете беретін редакция тағы да «нағыз барып тұрған бернштейншілдер» мен «сын еркіндігін» қорғауға кірісті, «стихиялылықты» қорғауға кірісті және Мартынов арқылы біздің саяси ықпалымыздың өрісін «тарылту теориясын» уағыздауға кірісті (ықпал жүргізудің өзін бейне бір қиындаған тәрізді етіп көрсетті). Оппортунистік қайсыбір формуламен қолға түсіре қою қиын: оның формула *атаулының бәріне* қол қоюы да оңай, одан тайып шығуы да оңай, өйткені қандай да болса белгілі бір анық, берік принциптің болмауы оппортунизмнің белгісі болып табылады деп Парвустың тауып айтқан сөзі бұл арада тағы да расталды. Бүгін оппортунистер оппортунизмді енгізу әрекеттерінің *бәріне де қарсы* болады, тар өрістіліктің *қандайына болса да* қарсы болады, «самодержавиені құлатуды бір сәт те ұмытпаймыз», «жалдама еңбектің капиталға қарсы күнбе-күнгі күресінің негізінде ғана үгіт жүргізіп қоймаймыз», т. т. деп салтанат-

---

* Атап айтқанда: біз июнь қарарларының кіріспе бөлімінде былай дегенбіз: орыс социал-демократиясын тұтас алғанда ол әрдайым «Еңбекті азат ету» тобының принциптеріне сүйеніп келді, ал «Одақтың» сіңірген еңбегі әсіресе оның кітап шығару, ұйымдастыру жұмысын жүргізгендігі дегенбіз. Басқаша айтқанда, біз бұрынғы өткен-кеткеннің бәрін кешіріп, «Одақтағы» біздің жолдастар өзіміз соңына түсіп, «қолға түсіреміз» деп жүрген өздерінің ауытқуларын біржола тоқтататын *болған күнде* олардың жұмысын (істің мүддесі үшін) пайдалы деп тануға бүтіндей дайын екендігімізді білдірдік. Июнь қарарларын оқыған әрбір әділ адам ол қарарларды тек осы мағынада ғана түсінеді. Ал егер «Одақ» ендігі жерде, өзінің қайтадан «экономизмге» бет бұруы арқылы (10-номеріндегі мақалалар мен түзетулерде) ажырасу *туғызып* отырғаннан кейін, өзінің сіңірген еңбектері жөнінде біздің өлгі сөздеріміз үшін: сіздер *өтірік айтып* отырсыздар («Екі съезд», 30-бет) деп бізді салтанатпен кінәлайтын болса, онда, әрине, бұлай кінәлау тек кісінің күлкісін ғана келтіреді.

ты түрде уәде береді. Ал ертеңіне сөз амалын өзгерте қояды, стихиялылықты, қарапайым, күнделікті күрестің алға ұмтылған бет алысын қорғаған болып, қолға ұстарлықтай нәтижелер беретін талаптарды, т. с. көтермелеген болып, ескі әдетін қайта бастайды. «Одақ» 10-номердегі мақалаларда «конференция жобасының жалпы принциптерін бұзарлықтай ешбір өрескел шегінгендік бар деп санаған емес және санамайды да» («Екі съезд», 26-бет) деп ежіктеуін қайталай беруі арқылы «Одақ» алауыздықтың мәнісін мүлде түсінбейтіндігін немесе түсінгісі келмейтіндігін ғана көрсетіп отыр.

«Рабочее Делоның» 10-номері шыққаннан кейін бізге жалғыз-ақ жол қалды: әлгі мақалаларға және өзінің редакциясына бүкіл «Одақ» түгелімен қосыла ма екен, міне осының анығына жету үшін жалпы айтыс ашуымыз керек болды. «Одақ» біздің мұнымызға өте наразы болып, бізді «Одақ» ішіне іріткі салғысы келеді, біреудің жұмысына қол сұққысы келеді, т. т. деп айыптай бастады. Бұлай деп айыптауы мүлде орынсыз, өйткені тіпті болмашы жол болса да соның ыңғайына қарай «ауыл» отыратын сайланып қойылатын редакцияда істің бәрі де жолдың соғатын бағытына қарай ыңғайланады, ал ол бағытты біз жабық мәжілістерде анықтадық, ол мәжілістерде бірігуге жиналған ұйымдардың мүшелерінен басқа ешкім де болған жоқ. «Одақтың» атынан июнь қарарларына түзету енгізген соң келісімге келерміз деген ең соңғы үміт нышанынан айрылдық. Бұл түзетулер «экономизмге» қарай жаңадан бетбұрушылық бар екенін, «Одақ» көпшілігінің «Рабочее Делоның» 10-номеріне қосылатындығын документ жүзінде дәлелдеді. Оппортунизмді бейнелейтін көріністердің ішінен «экономизм деп аталатын» деген сөздер сызылып тасталды (оның себебі бұл үш сөздің «мағынасының анық болмағандығынан» тәрізді,— бұлай деп дәлелдеуден кең өріс алған адасушылықтың мағынасын неғұрлым дәлдеп анықтау қажет деген қорытынды шығатын болса да, оған қарамады), «мильеранизм» де (Б. Кричевский оны «Рабочее Делоның» 2—3-номерінде де, 83—84-бет-

терінде, әсіресе бұдан да ашық түрде «Vorwärts»-те * жақтаса да, бұған қарамастан) сызылып тасталды. Июнь қарарлары социал-демократияның міндеті — «саяси, *экономикалық* және әлеуметтік езудің *барлық* формаларына қарсы пролетариаттың жүргізетін күресінің *барлық* көріністеріне де басшылық ету» екенін айқын көрсетсе де, сөйтіп күрестің бұл көріністерінің бәрін де жоспарға салып, оны бір жерден шығаруды талап етсе де, бұған қарамастан,— «Одақ» бұл қарарларға «экономикалық күрес бұқаралық қозғалыстың күшті қозғаушысы болып табылады» деген мүлдем артық сөздерді қосты (өз-өзінен алғанда бұл сөздер талас тұғызбайтын сөздер, бірақ тар өрісті «экономизм» өмір сүріп тұрғанда бұл сөздер теріс түсінушілікке себеп болмай қоймайды). Ол ол ма, әрі «бір сәт те» (самодержавиені құлату міндетін ұмытпау керек) деген сөзді алып тастау арқылы, сондай-ақ «экономикалық күрес — бұқараны белсенді саяси күреске тартудың *өте-мөте кең* қолданылатын құралы» деген сөздерді қосу арқылы июнь қарарларына тіптен «саясатты» тура *тарылтатын* пайымдаулар енгізілді. Әрине, мұндай түзетулер енгізілгеннен кейін «экономизмге қайтадан бет бұрып, ауытқи беруге ерікті болу үшін өзіне жол ашқан адамдармен бұдан былай келіссөз жүргізуден түк пайда жоқ деп тауып, біздің жақтың шешендерінің бірінен соң бірі сөйлеуден бас тарта бастағаны түсінікті нәрсе.

««Одақтың» болашақ келісімінің берік болуы үшін sine qua non ** деп санаған шартын, яғни «Рабочее Делоның» өзінің дербес бағыты болсын және оның автономиялы болуы сақталсын деген шартын,— дәл осыны «Искра» келісу жолында тұрған негізгі бөгет деп санады» («Екі съезд», 25-бет). Бұл тіптен дәл айтылмаған сөз. «Рабочее Делоның» автономиялы болуына біз еш уақытта да қол сұққанымыз жоқ ***. Егер дербес

* «Vorwärts»-те бұл мәселе жөнінде оның қазіргі редакциясының, Каутскийдің және «Заряның» арасында айтыс басталды. Біз орыс оқушыларын бұл айтыспен қалай да таныстырамыз [93].

** — сөзсіз қажетті. *Ред.*

*** Егер біріккен ұйымдардың жоғарғы жалпы советін құруға байланысты өткізілген редакциялық кеңестерді автономияға қысым жасағандық деп санамаған күнде оның автономиясына қол сұққанымыз жоқ, бірақ бұл кеңестерді шақыруға июньде «Рабочее Делоның» өзі де келіскен болатын.

бағыт деп теория мен тактиканың принциптік мәселелерінде «дербес бағыттың» болуын түсінетін болса, онда біз «Рабочее Делоның» ондай дербес бағытының болуына *сөзсіз қарсы болдық:* атап айтқанда июнь қарарлары *мұндай* дербес бағыттың болуына сөзсіз қарсы болды, өйткені мұндай «дербес бағыт» іс жүзінде, тағы да ескертеміз, қашан да болса неше түрлі ауытқушылықтың бар екенін, бізде етек алған, партия ісінде төзуге болмайтын ауа жайылушылықты осындай ауытқу арқылы қолдап отырушылық бар екенін көрсетеді. «Рабочее Дело» 10-номеріндегі мақалаларында және «түзетулерінде» өзінің нақ осындай дербес бағыты болуын сақтағысы келгендігін ашық көрсетті, ал оның бұл ниеті, әрине, сөзсіз ажырастырмай және соғыс жариялатқызбай қоймады. Алайда бұл дербес бағытты оның белгілі бір әдеби қызметтерін атқаруы мағынасында түсінетін болсақ, онда «Рабочее Делоның» «дербес бағыты» болуын біз бәріміз де қабылдауға дайын едік. Бұл қызметтерді қалай дұрыстап болу керек екендігі өзінен өзі көрініп тұр, олар: 1. ғылыми журнал, 2. саяси газет және 3. көпшілікке арналған жинақтар мен көпшілікке арналған кітапшалар шығару. Қызметті осылай бөлісуге «Рабочее Дело» келіскен күнде ғана мұнысы июнь қарарлары айыптаған өзінің адасушылығынан оның біржолата *шынымен* қол үзгісі келетіндігін көрсетер еді, қызметті тек осылай бөлісу ғана арада егес шығу мүмкіндігінің бәрін де жойып, келісімнің баянды болуын іс жүзінде қамтамасыз етер еді, сонымен қатар қозғалысымыздың жаңадан өрлеуіне, оның жаңа табыстарға жетуіне негіз болар еді.

Революциялық бағыттың оппортунистік бағыттан үзілді-кесілді ажырасуы «ұйымдық» мәселедегі қайсыбір жағдайлардан болмай, нақ оппортунистердің оппортунизмнің дербес бағытын нығайтқысы келетіндігінен және Кричевскийлер мен Мартыновтардың пайымдаулары арқылы жұртшылықты шатастыра бергілері келетіндігінен болып отырғандығына қазір бірде-бір орыс социал-демократы күмәндана алмайды.

«НЕ ІСТЕУ КЕРЕККЕ?» ТҮЗЕТУ[94]

«Не істеу керек» деген кітапшаның 141-бетінде * мен айтқан «Инициаторлар тобы» шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды бітістіру әрекетіне өздерінің қатысуын баяндаған жеріме менің мынадай түзету енгізуімді сұрайды: «Бұл топтың үш мүшесінің тек біреуі ғана 1900 жылдың аяғында «Одақтан» шықты, ал қалғандары 1901 жылы «Искраның» шетелдегі ұйымымен және «Революцияшыл Социал-демократ ұйымымен» бірігіп конференция өткізуге «Одақтың» ризалығын алу мүмкін емес екендігіне көздері жеткеннен кейін ғана шықты,— «Инициаторлар тобының» ұсынысы да осы еді. «Одақ» әкімшілігі алғашында бұл ұсынысты қабылдамады, ол өзінің конференциядан бас тартқан себебін «Инициаторлар тобындағы» араға жүруші адамдардың «істің жайына қанық еместігінен» деп дәлелдеді, сонын өзінде «Искраның» шетелдегі ұйымымен тура қатынас жасауға ризалығын білдірді. Бірақ соның артынан ілешала «Одақтың» ішіндегі жікке бөлінушілік туралы хабар басылған «Искраның» бірінші номері шыққаннан кейін өзіміздің шешімімізді өзгерттік, енді «Искрамен» қатынас жасағымыз келмейді деп, «Одақ» әкімшілігі «Инициаторлар тобына» хабар етті. Осыдан кейін «Одақтың» әкімшілігі мүшесінің: «Одақтың» конференциядан бас тартқан себебі: «Инициаторлар тобының» кейінгі құрамындағы адамдарға оның наразы болғанды-

* Қараңыз: осы том, 203-бет. *Ред.*

ғынан *ғана* еді деген сөзін қалай түсінуге болады? Рас, «Одақ» әкімшілігінің өткен жылғы июньдегі конференцияға қатысуға келіскені де түсініксіз: өйткені «Искраның» бірінші номеріндегі заметка күшінде қалды ғой, ал «Искраның» «Одаққа» «теріс» қарайтындығы июнь конференциясына дейін шыққан «Заряның» бірінші кітапшасы мен «Искраның» 4-номерінде бұрынғыдан бетер айқын көрінген еді ғой».

Н. Ленин

«Искра» № 19, 1 апрель, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ПРОГРАММАСЫН ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР[95]

1902 ж. январь — апрельде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОГРАММАНЫҢ ПЛЕХАНОВ ЖАЗҒАН БІРІНШІ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

ПЛЕХАНОВТЫҢ ТЕКСТІ	ЛЕНИННІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ
I. Қазіргі қоғамның басты экономикалық ерекшелігі онда *капиталистік өндірістік қатынастардың* үстемдік етуі,	1-бет. № 1 — Капитализм қазіргі қоғамның «ерекшелігі» емес, оның экономикалық *құрылысы, уклады,* т. б.
яғни өндіріс құрал-жабдықтары мен товар айналысының сан жағынан өте аз *капиталистер* табының иелігінде болуы,	№ 2 — Өндіріс құрал-жабдықтары капиталистердің иелігінде ғана емес, сонымен қатар жер иелері мен ұсақ өндірушілердің де иелігінде.
ал халықтың көпшілігі — *пролетарлар,*	№ 3 — Көп елдерде пролетариат халықтың көпшілігі емес.
олардың өз жұмыс күшінен басқа еш нәрсесі жоқ, сондықтан оны сатпайынша күн көре алмайды.	№ 4 — Пролетариаттың кейбір тұтыну заттары (там-тұмдап өндіріс құрал-жабдықтары да) бар.
Осының салдарынан халықтың көпшілігі өз еңбегі арқылы *капиталистерге табыс келтіретін жалдамалылар* ретінде кіріптарлыққа ұшырайды.	2-бет. № 5.+жер иелерінің де.
II. *Капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдік жүр-*	2-бетке. Техниканы жетілдіру

гізетін өрісі техниканы үздіксіз жетілдіру

емес, жеке меншік ұсақ өндірушіні экспроприациялап, verelendet *.

кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттырған сайын *ұлғая береді* және осының өзі

№ 6 — «және осының өзі»?? Техниканың өсуі өзінен-өзі ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын *арттыра* алмайды. Техниканың өсуі (+ зат өткізу жағдайлары сияқты бірқатар экономикалық өзгерістер etc.) ұсақ өндірісті ірі өндірістің ығыстыруына апарып соғады.

ұсақ дербес өндірушілердің санын азайтады, қоғамның экономикалық өміріндегі олардың ролін кемітеді,

№ 6—7: Капитализм «ұсақ өндірушілердің *саны н*» әрдайым *«азайта»* бермейді (шамалы азайтады, ал мүлде азайтуы, әсіресе Россияда мүмкін емес).

[Капитализм... ұсақ өндірушіні экспроприациялап, оны құлдыратады, қайыршылыққа түсіреді.]

№ 7 — Ұсақтарының ролін кемітеді = ірілерінің шаруашылық маңызын арттырады (екеуі бір мағыналы нәрсе).

ал кей жерлерде оларды тікелей ірі кәсіпкерлердің вассалдарына және төлемшілеріне айналдырады.

№ 8 — «тікелей» деген сөзді сызып тастау керек. Өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан оқшаулау процесі көрсетілмеген.

III. Капиталистік өндірістік қатынастар *жұмысшы табын барған сайын қатты қысымға*

Алғашқы жобаның 3-беті.

---

* — қайыршы етеді. *Ред.*

алады; техникалық прогресс еңбек өнімділігін арттыра отырып, капиталистердің жұмысшыларды қанау дәрежесін көтеруіне материалдық *мүмкіндік* беріп қана қоймай, сонымен бірге жұмыс күшін *ұсынудың* біршама не мейлінше өсуімен бірге жұмыс күшін *керексінуді* біршама кеміте отырып, бұл мүмкіндікті *іске асырады.*

№ 9. + ұсақ өндірушілерді де қысымға алады [жалпы шаруаларды айрықша атап көрсету керек].

№ 10 — туғыза отырып не себеп бола отырып.

3-бет — сөйлем өте түсініксіз, жалпылама. Эрфурт программасында [96] анағұрлым жақсы айтылған: «...артық жұмысшылар армиясы өседі»,— «өмір сүру бұрынғыдан да қиындай түседі».

IV. Еңбек өнімділігінің дамуы *жұмыс күшінің бағасын* арттырмайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, көп ретте сол бағаның *төмендеп отыруына* тікелей себеп болады.

4-бет — «Жұмыс күшінің бағасы» өте жиі< * (бұл да өте жалпылама айтылған; = қанаудың, езушіліктің, қайыршылықтың, қорлаушылықтың өсуі).

Сөйтіп, қоғамдық байлықтың көбеюін көрсететін техникалық прогресс капиталистік қоғамда *қоғамдық теңсіздікті өсіреді, дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы алшақтықты ұлғайтады, жұмысшылардың капиталистерге экономикалық тәуелділігін күшейтеді.*

«Сөйтіп», теңсіздіктің өсуін туғызады. Бұған қарағанда, теңсіздіктің өсуі жалдама жұмысшыны *қанаудың тек қана* өсуінен (күшеюінен) туатын сияқты, ал шынында оны туғызатын нәрселер: 1) ұсақ өндірушінің экспроприациялануы + 2) ұсақ өндірушінің қайыршыға айналуы + 3) қанаудың өсуі + 4) резервтік армияның өсуі.

* — төмендеп отырады. *Ред.*

V. Капиталистік қоғамда істің жайы осылай болып отырғанда және капиталистік елдердің дүние жүзілік рыноктағы өзара бәсекесі ұдайы ұлғайып отырған жағдайда товар *өткізу ісі* товар *өндіруден* сөзсіз артта қалып отырады, ал мұның өзі *өнеркәсіпті* азды-көпті *мерзім бойына тоқыраушылыққа* ұшырататын азды-көпті ауыр өнеркәсіп дағдарыстарын ауық-ауық туғызып отырады,

5-бет.

Программада дағдарыстардың *себептерін* көрсетудің қажеті бар ма?

Егер қажет болса, онда кемшілік мынау, дағдарыстың 2 себебі көрсетілген: 1) қоғамдық теңсіздіктің өсуі («істің жайы осылай болып отырғанда», 4-бет.) +2) бәсекенің өсуі.

Дағдарыстардың негізгі себебі = Planlosigkeit *, қоғамдық өндірістегі жеке иемденушілік көрсетілмеген.

бұл жағдай ұсақ өндірушілердің саны мен экономикалық маңызын бұрынғыдан бетер кемітеді,

5—6-беттер: ұсақ өндірушілердің *«экономикалық маңызының»* кемуі деген — тым жалпылама термин.

{Экспроприациялайды (= санын азайта ма?) және verelendet.

жалдама еңбектің капиталға тәуелділігін бұрынғыдан бетер арттырады

6-бет — жалдама *«еңбектің»? Жұмысшылардың* деген тәуір емес пе?

және *пролетариат* пен ұсақ өндірушілер *жағдайының біршама,* ал кей жерлерде *мүлде нашарлауына* тезірек апарып соғады.

6-бет—дағдарыстың зардаптары — *жағдайдың біршама және мүлде нашарлауы* делінген. Жұмыссыздық, жұмысшылар мен ұсақ өндірушілердің қайыршылануы деп, тура көрсеткен тәуір емес пе.

VI. Ал капитализмнің осы болмай қоймайтын қайшылық-

* — жоспарлаудың жоқтығы. *Ред.*

тарының өсіп, дамуымен қатар жұмысшы табының қазіргі тәртіпке қарсы наразылығы да өсе береді, оның капиталистер табына қарсы күресі күшейе түседі, сөйтіп жұмысшы табы арасына

7-бет — «наразылығы» дегеннің орнына — *ашынуы* деу керек.

7-бет — ұғынудың (γ) таралуы ашынудың өсуімен (α) және күрестің күшеюімен (β) *қатар* қойылған. Бірақ

α және β — стихиялы нәрсе, ал

γ-ны *біз* енгізуге тиіспіз.

өз еңсесін басып отырған экономикалық тәуелділіктің езгісінен тек өз күші арқылы ғана құтыла алатынын, ал осы езгіні жою үшін *әлеуметтік революция* қажет екенін ұғыну негұрлым кең, негұрлым тез тарай бастайды,

7-бет — «тек өз күші арқылы ғана».

Мұны: *жұмысшы табының ісі ғана бола алады*, т. т. деп жалпы айтқан тәуір.

яғни капиталистік өндірістік қатынастарды *жою* қанаушыларды экспроприациялау, өндіріс құрал-жабдықтары мен өнім айналысының *қоғамдық меншікке* өтуі қажет екенін ұғынады.

7—8-беттер.

1) капиталистік өндірістік қатынастарды жою? — Товар өндірісін социалистік * өндіріспен *а у ы с т ы р у* **,

2) қанаушыларды экспроприациялау,

3) өндіріс құрал-жабдықтарының *қоғамдық меншікке* өтуі

} ? жеке меншіктің қоғамдық меншікке айналуы.

VII. Пролетариаттың бұл революциясы қазіргі кезде езіліп, қасірет шеккен адамзаттың азат етілуі болып табылады, өйткені мұның өзі барлық қысым атаулыны және адамның адамды қанауын жояды.

* Мұның қандай социалистік өндіріс екенін түсіндіру керек.

** 8—9-беттерде осылай айтылған.

VIII. Қоғамның тілектерін қанағаттандыру және оның барлық мүшелерінің әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатын көздеп капиталистік *товар* өндірісінің орнына *өнім* өндіру ісін социалистік жолмен ұйымдастыру үшін, өзінің революциясын жасау үшін пролетариаттың өз қолында *саяси билік* болуға тиіс,

9-бет — «қоғамның тілектерін қанағаттандыру» ((түсініксіз)) «және оның барлық мүшелерінің әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатын көздеп».

Бұл жеткіліксіз: (Эрфурт программасын салыстырыңыз, онда «әл-ауқатты мейлінше жақсарту және барлық жағынан үйлесімді түрде кемелдендіру» делінген).

мұның өзі пролетариатты өмірдің қожасы етеді, ұлы мақсатқа апаратын жолында өзіне кездесетін кедергілердің бәрін де оның аяусыз жапыштауына мүмкіндік береді. Осы мағынада алғанда *пролетариат диктатурасы әлеуметтік* революцияның қажетті *саяси* шарты болып табылады.

9-бет — «өмірдің қожасы», «аяусыз жапыштау», «диктатура»??? (Әлеуметтік революция жасасақ та жетер бізге.)

IX. Бірақ халықаралық айырбас пен бүкіл дүние жүзілік рыноктың дамуы цивилизациялы әлемнің барлық халықтарының арасында тығыз байланыс орнатқаны соншалық, бұл ұлы мақсат тек барлық елдердің пролетарлары күштерін біріктіргенде ғана жүзеге аспақ. Сондықтан қазіргі жұмысшы қозғалысы *халықаралық* қозғалыс болуға тиіс еді және көптен бері-ақ солай болып та отыр.

10-бет — nil *.

X. Орыс социал-демократиясы өзін пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі, *халықаралық социал-демократияның бір бөлегі* деп санайды.

* — nihil — жарайды. *Ред.*

XI. Барлық басқа елдердің социал-демократтарының көздеп отырған *түпкі мақсаты* қандай болса, оның көздейтіні де сол.

Ол жұмысшылардың мүдделері капиталистердің мүдделеріне ымырасыз қарама-қарсы екендігін жұмысшылар алдында ашып көрсетеді, пролетариат жасайтын әлеуметтік революцияның тарихи маңызын, сипатын және шарттарын оларға түсіндіреді, сөйтіп олардың қанаушыларға қарсы үздіксіз күресуі үшін олардың күштерін ұйымдастырады.

11-бет — «нақ сондай Endziel» *. Қайталаудың қажеті не?

11-бет — «нақ сондай Endziel» — осының дәл қатарында социал-демократиялық партияның *міндеті* (шатасып кетіп жүрмей ме?): 1) Жұмысшылардың мүдделері мен капиталистердің мүдделері ымырасыз қарама-қарсы екендігін жұмысшылар *алдында* (?) ашып көрсету. 2) Әлеуметтік революцияның маңызын, сипатын және шарттарын оларға түсіндіру [+ революцияның қажет екендігін бе?].

Немістерде күштірек айтылған: weisen naturnotwendiges Ziel **.

3) *Олардың қанаушыларға қарсы* үздіксіз күресуі үшін (*NB?* + *үкіметке қарсы?*) + ? пролетариаттың күресіне *басшылық ету*.

1)-ші 2-шіге кіреді.

1) — тым шағын.

Былай деу керек еді:

α) түпкі мақсатты көрсету,

β) пролетариаттың күресіне *басшылық ететін* революционерлер ұйымын құру.

---

* — түпкі мақсат. *Ред.*

** — табиғи қажет мақсатты көрсету. *Ред.*

XII. Бірақ оның таяудағы мақсаттары едәуір өзгеріп отырады: оның себебі: біздегі капитализмнен бұрынғы — *крепостниктік*—қоғамдық тәртіптің толып жатқан қалдықтары барлық еңбекші халықты өте қатты езіп отыр және ол орыс жұмысшы қозғалысының табысты болуына бөгет жасайтын барлық кедергілердің ішіндегі ең күштісі болып отыр.

12-бет — «крепостниктік тәртіптің қалдықтары... барлық еңбекші халықты өте қатты езіп отыр»

+ өндіргіш күштердің дамуын тежейді
+ тұрмыс жағдайын нашарлатады
+ бүкіл халықты қараңғылықта және езгіде ұстайды

— ең күшті кедергі (=қалдықтар)? (Бұл қалдықтар ме? Самодержавие + және басқалар ма? Бұл *төменде* айтылған.)

Қазірдің өзінде алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде капиталистік өндірістік қатынастарға табиғи праволық қосымша болып табылатын қандай заң мекемелері бар болса, орыс социал-демократтарының сондай заң мекемелерін құруға енді ғана күш салуына тура келеді

12—13 — *қазірдің өзінде (?)* алдыңғы қатарлы елдерде қандай заң мекемелері *бар* болса, *сондай (?) заң* мекемелерін құруға күш салу қажет.

[Дәлірек атап көрсету керек. Түсінікті емес.]

және бұл мекемелер жалдама еңбектің капиталға қарсы тап күресін *толық және жан-жақты* дамыту үшін қажет.

13-бет — жалдама еңбектің? — жұмысшылардың, жұмысшы табының өзін толық азат ету үшін капиталистер табына қарсы күресі.

Патша самодержавиесі ескі крепостниктік тәртіптің ең елеулі қалдығы және қоғамның дами беруі үшін ең зиянды қалдығы болып табылатындықтан, оның өзі осы заң мекемелерімен ешбір сыйыса алмақ емес, сөйтіп ол өзінің табиғаты жөнінен пролетарлардың азаттық қозғалысының ең

13-бет. Самодержавие осы заң мекемелерімен ешбір сыйыса алмақ емес

(саяси бостандықпен бе??).

қас және ең қауіпті дұшпаны болмай тұра алмайды, сондықтан орыс социал-демократтары *монархияны* құлатып, оны демократиялық конституцияға негізделген *республикамен* ауыстыруды өздерінің таяудағы саяси міндеті етіп қойып отыр...

14-бет. *Самодержавие* сыйыса алмайтындықтан — *монархияны* құлату ((үйлесімсіздік)).

1902 ж. кеш дегенде 8(21) январьда жазылған

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ *


[А]

I. Россияда товар өндірісі барған сайын тез дамуда, мұнда капиталистік өндіріс әдісі барған сайын толық үстем болуда.

II. Техниканы үздіксіз жетілдіру ұсақ өндірісті ірі өндірістің барған сайын қатты ығыстыруына әкеліп соғады. Өндіріс құрал-жабдықтарының (жер мен фабрикалардың, құралдар мен машиналардың, темір жолдар мен басқа да қатынас құралдарының) ең маңызды бөлігі сан жағынан аз ғана капиталистер мен ірі жер иелерінің жеке меншігі ретінде, солардың қолдарына жиналады. Ұсақ дербес өндірушілер (шаруалар, майдагерлер, қолөнершілер) өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылып, күйзеліске ұшырай береді, сөйтіп олар пролетарларға, немесе капиталдың малайлары мен төлемшілеріне айналады. Қызметкерлердің барған сайын көп бөлегі өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады, жалдама жұмысшыларға айналады, бұлар меншік иелеріне тәуелді болып, өздерінің еңбегі арқылы оларды байытып отырады.

III. Техникалық прогресс неғұрлым алға басқан сайын жұмыс күшін керексінудің өсуі жұмыс күшін ұсынудың өсуінен соғұрлым көп артта қалып отырады, капиталистер жұмысшыларды қанау дәрежесін арттыруға

* Бұл жобаның принципті бөлімі — редакция мүшелерінің бірі, Фрей ұсынып отырған жоба (ол бұл жобаны Г. В. Плехановтың алғашқы жобасын негізге алып жасаған). Ал жобаның практикалық бөлімін (төменде көрсетілген жерден бастап аяғына дейін) бүкіл комиссия, яғни редакцияның бес мүшесі ұсынып отыр.


Проектъ программы Россійской Соц.-Дем. Рабочей Партіи. 1)

[A] (I) Все быстрѣе развивается товарное производство въ Россіи, все болѣе полное господство пріобрѣтаетъ въ ней капиталистическій способъ производства.

(II) Непрерывное усовершенствованіе техники ведетъ къ тому, что мелкое производство все больше вытѣсняется крупнымъ. Важнѣйшая часть средствъ производства (земли и фабрикъ, орудій и машинъ, желѣзныхъ дорогъ и иныхъ средствъ сообщенія) сосредоточивается въ рукахъ сравнительно незначительнаго числа капиталистовъ и крупныхъ землевладѣльцевъ, какъ ихъ частная собственность. Мелкіе самостоятельные

1) Примѣчаніе см. на оборотѣ

В. И. Лениннің «Россия Социал-Демократиялық Жұмысшы Партиясы программасының жобасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1902 ж.

Кішірейтілген

соғұрлым көп мүмкіндік алады. Өмір сүрудің қамтамасыз етілмеуі мен жұмыссыздық, қанаудың қысымы мен қорлау атаулының бәрі еңбекші халықтың барған сайын қалың топтарын қамтиды.

IV. Капитализмнің негізгі қайшылықтарынан сөзсіз туып отыратын өнеркәсіп дағдарыстары бұл процесті одан әрі шиеленістіре түседі. Бұқараның кедейлігі мен қайыршылыққа ұшырауы өндірілген товарларды өткізу мүмкіндігінің болмауы салдарынан қоғамдық байлықтың ысырап етілуімен қатар келіп отырады.

V. Сөйтіп, қоғамдық еңбектің, барған сайын қоғамдасып келе жатқан еңбектің өндіргіш күштерінің орасан дамуы оның негізгі пайдасының барлығын халықтың болмашы азшылығының ғана монополиясына айналдырады. Қоғамдық байлықтың өсуімен қатар қоғамдық теңсіздік өседі, жеке меншік иелерінің табы (буржуазия) мен пролетариат табының арасындағы алшақтық тереңдеп, ұлғая түседі.

[Б]

VI. Ал капитализмнің осы болмай қоймайтын қайшылықтарының өсіп, дамуымен қатар пролетарлардың сапы мен топтасқандығы, наразылығы мен ашынуы өсіп отырады, жұмысшы табының капиталистер табына қарсы күресі шиеленісе түседі, капитализмнің ауыр езгісінен құтылуға ұмтылу күшейе түседі.

VII. Жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ғана ісі бола алады. Қазіргі қоғамның барлық басқа таптары осы күнгі экономикалық құрылыстың негіздерін сақтап қалуды жақтайды. Жұмысшы табын шын азат ету үшін капитализмнің бүкіл дамуы арқылы дайындалатын әлеуметтік революция қажет, яғни қоғамның барлық мүшелерінің әл-ауқатын барынша жақсартып, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік жойылып, олардың қоғамдық меншікке көшуі және капиталистік товар өндірісінің орнына өнім өндіру ісін бүкіл қоғамның есебінен социалистік жолмен ұйымдастыру қажет.

VIII. Пролетариаттың бұл революциясы қоғамның таптарға бөлінуін мүлде жояды, демек, осы бөлінуден шығатын әлеуметтік және саяси теңсіздік атаулының бәрін жояды.

IX. Бұл әлеуметтік революцияны жасау үшін пролетариат саяси өкіметті жеңіп алуға тиіс, мұның өзі пролетариатты өмірдің қожасы етеді және оның ұлы мақсатының жолында тұрған кедергілердің бәрін жоюына мүмкіндік береді. Осы мағынада алғанда пролетариат диктатурасы әлеуметтік революцияның қажетті саяси шарты болып табылады.

X. Орыс социал-демократиясы жұмысшылардың мүдделері капиталистердің мүдделеріне мүлде қарама-қарсы екендігін жұмысшылар алдында ашып көрсетуді,— өзі жасайтын әлеуметтік революцияның тарихи маңызын, сипатын және шарттарын пролетариатқа түсіндіруді,— пролетариат күресінің барлық түріне басшылық ете алатын революцияшыл таптық партия ұйымдастыруды өзінің міндеті етіп қояды.

XI. Бірақ халықаралық айырбастың және бүкіл дүние жүзілік рынокқа өнім өндірудің дамуы цивилизациялы әлемнің барлық халықтары арасында тығыз байланыс орнатқаны соншалық, қазіргі жұмысшы қозғалысы халықаралық қозғалыс болуға тиіс еді және ол көптен бері-ақ солай болып та отыр. Сондықтан орыс социал-демократиясы өзін пролетариаттың дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі, халықаралық социал-демократияның бір бөлегі деп санайды.

XII. Бірақ та орыс социал-демократиясының таяудағы мақсаттары едәуір өзгеріп отырады, оның себебі: біздегі капитализмге дейінгі, крепостниктік, қоғамдық тәртіптің толып жатқан қалдықтары өндіргіш күштердің дамуын қатты бөгейді, пролетариаттың таптық күресінің барлық жағынан, толық дамуына мүмкіндік бермейді, еңбекші халықтың тұрмыс дәрежесін төмендетеді, көп миллиондаған шаруалардың азиаттық-варварлық түрде қырғынға ұшырауына себепші болады, бүкіл халықты қараңғылықта, правосыздықта және езгіде ұстайды.

XIII. Крепостниктік тәртіптің бұл қалдықтарының ішіндегі ең ірі қалдық, бүкіл осы варварлықтың ең күшті тірегі — патша самодержавиесі. Ол пролетариаттың азаттық қозғалысының және бүкіл халықтың мәдени дамуының ең қас және ең қауіпті жауы болып табылады.

[B]

Сондықтан * Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы патша самодержавиесін құлатуды және оны демократиялық конституцияға негізделген *республикамен* ауыстыруды өзінің таяудағы саяси міндеті етіп қояды; ол демократиялық конституция мыналарды қамтамасыз етпек:

1) халық самодержавиесін орнатуды, яғни бүкіл жоғарғы мемлекеттік өкімет билігін халықтың өкілдерінен құрылған заң шығаратын жиналыстың қолына шоғырландыруды;

2) заң шығаратын жиналысқа және сол сияқты өзін өзі басқаратын барлық жергілікті органдарды сайлауда 21 жасқа жеткен әрбір азаматқа жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы берілуін; барлық сайлауларда дауыстың жасырын берілуін; әрбір сайлаушының барлық өкілдік жиналыстарға сайлануға праволы болуын; халық өкілдеріне еңбек ақы берілуін;

3) азаматтардың өз басына және олардың баспанасына ешкімнің тимеуін;

4) ождан, сөз, баспасөз бостандығының, жиналыстар өткізу, стачкалар жасау және одақтар құру бостандығының шексіз болуын;

5) орын ауыстыруға және кәсіп өзгертуге ерік берілуін;

6) сословиелердің жойылуын және жынысына, дініне, нәсіліне қарамай, барлық азаматтардың толық тең праволы болуын;

7) мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттарға өзін өзі билеу правосы берілуін;

---

* Осы жерден бастап бүкіл комиссия қабылдаған.

8) бастықтарға шағым етпей-ақ, чиновниктердің қайсысын болса да сот алдында қудалауға әрбір азаматқа право берілуін;

9) тұрақты әскерлердің жаппай қаруланған халықпен ауыстырылуын;

10) шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуін;

11) 16 жасқа дейінгілердің жаппай міндетті түрде тегін білім алуын; кедей балалардың тамақпен, киіммен және оқу құралдарымен мемлекет есебінен жабдықталуын.

[Г]

Жұмысшы табын қорғау және оның жауынгерлік қабілетін * көтеру мүдделерін көздеп, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының талап ететіні:

1) барлық жалдама жұмысшылар үшін жұмыс күнін тәулігіне сегіз сағатпен шектеу;

2) халық шаруашылығының барлық саласындағы еркек, әйел жалдама жұмысшылар үшін заң жүзінде апта сайын кемінде 36 сағаттық демалыс уақытын белгілеу;

3) мерзімнен тыс жұмыс істетуге мүлде тыйым салу;

4) техникалық жағынан түнгі жұмыс сөзсіз қажет болған жағдайдан басқа, халық шаруашылығының барлық саласында түнде (кешкі сағат 9-дан таңғы сағат 5-ке дейін) жұмыс істеуге тыйым салу;

5) кәсіпкерлердің 15 жасқа толмаған балалардың жалдама еңбегін пайдалануына тыйым салу;

6) әйелдің денсаулығына зиянды өндіріс салаларында әйел еңбегін пайдалануға тыйым салу;

7) жұмысшылардың еңбек ету қабілетінен бүтіндей немесе ішінара айрылуына — жазатайым жағдайдың салдарынан немесе өндіріс жағдайының зиянды болуы салдарынан олардың еңбекке жарамай қалуына жалдаушылардың азаматтық жауапкершілігін заң жүзінде

---

* Фрейдің ұсынысы: бұл абзацтың басы былайша өзгертілсін: «Жұмысшы табын адамдық қалпынан, адамгершілігі жағынан азғындаудан қорғау мүддесін, сонымен қатар оның өзін азат ету жолында күрес жүргізуге қабілеттілігін арттыру мүддесін көздеп...».

белгілеу; жұмысшының еңбекке жарамай қалуына жалдаушы кінәлы екенін дәлелдеп жатудан жұмысшыны босату;

8) жалақыны товар түрінде төлеуге тыйым салу *;

9) еңбекке жарамсыз, қартайған жұмысшыларға мемлекет тарапынан пенсия тағайындау;

10) фабрика инспекторларының санын көбейту; әйел еңбегі басым болған өндіріс салаларында әйелдерден инспекторлар тағайындау; фабрикалық заңдардың орындалуына жұмысшылар сайлап, мемлекет ақы төлеп отыратын өкілдерден бақылау ұйымдастыру, сонымен қатар жұмысшылардан сайланған адамдардың товарларға баға қоюды және бракқа шығаруды қадағалауы;

11) жалдама жұмысшыларды, жеке адамдар мен азаматтар ретінде, олардың өмірі мен қызметіне кәсіпкерлердің қол сұғуынан қорғау мақсатымен — кәсіпкерлердің жұмысшыларға бөлген пәтер үйлерінің санитарлық жағдайын, сонымен қатар ол үйлердің ішкі тәртіптері мен берілу шарттарын жергілікті өзін өзі басқару органдарының бақылап отыруын белгілеу, оған жұмысшылардан сайланған адамдарды қатыстыру;

12) жалдама еңбекті қолданатын барлық кәсіпорындардағы еңбек жағдайларына дұрыс ұйымдастырылған жан-жақты санитарлық бақылау орнату;

13) фабрика инспекциясының бақылауын қолөнер кәсібіне, үйде істелетін және майдагерлік өнеркәсіпке, қазыналық кәсіпорындарға да тарату;

14) еңбек қорғау жөніндегі заңдарды бұзғандарды қылмыстылар ретінде жауапқа тартуды белгілеу;

15) қандай себеппен және не үшін болса да кәсіпкерлердің жалақыдан ақша ұстап қалуына (штраф, ақау табу, т. б.) тыйым салу;

16) халық шаруашылығының барлық саласында жұмысшылар мен кәсіпкерлерден өкілдер бірдей қатысатын кәсіпшілік соттарын құру.

---

* Фрейдің ұсынысы:
Бұл жерге (осы пунктке) мына сөздер енгізілсін: «жұмысшыларды жалдау туралы барлық шарттар бойынша апта сайын төлеп отыруды заң жүзінде белгілеу».

[Д]

Сонымен қатар орыстың мемлекеттік шаруашылығын демократияландыру мақсатымен Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы барлық көлденең салықтарды жоюды, үдемелі-табыс салығын белгілеуді талап етеді.

Ал ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен оның жүзеге асыруға күш салатыны *:

1) сатып алу және оброк төлемдерін жою, сонымен қатар қазіргі кезде алым-салық төлеуші сословие ретінде шаруалардың мойнына түсетін салықтардың бәрін жою;

2) жаппай кепілдікті және шаруаның өз жерін өзі билеуіне бөгет жасайтын барлық заңдарды жою;

3) сатып алу және оброк төлемдері түрінде алынған ақшаны халыққа қайтарып беру; осы мақсатпен монастырьлардың мүліктері мен удельдік имениелерді кәмпескелеу, сонымен қатар жер сатып алуға берілетін қарызды пайдаланған ірі дворян-жер иелерінің жерлеріне ерекше салық салу; осы жолмен жиналған ақшаны селолық қоғамдардың мәдени және игілік мұқтаждарына жұмсалатын ерекше халық қорына айналдыру;

4) шаруа комитеттерін құру, құрғанда:

а) крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан кесіліп алынған және оларды кіріптар ету үшін помещиктердің қолындағы құрал болып отырған жерлерді селолық қоғамдарға (экспроприациялау жолымен немесе — егерде жер қолдан-қолға өтіп кеткен болса,— сатып алу жолымен, т. с.) қайтарып беру үшін;

б) крепостниктік құрылыстың Уралда, Алтайда, Батыс өлкеде және мемлекеттің басқа облыстарында сақталып қалған қалдықтарын жою үшін құру;

5) соттарға өте жоғары аренда ақыларын кемітуге

* Фрейдің ұсынысы:
Бұл жерге «және деревняда тап күресін еркін өрістету мүддесі үшін» деген сөздер кіргізіліп,
бүкіл абзац былай болып шықсын деді:
«Ал ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен және деревняда тап күресін еркін өрістету мүддесі үшін Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының жүзеге асыруға күш салатыны:»

және кіріптар ететін келісімдерді заңсыз деп табуға право беру.

[Е]

Өзінің таяудағы саяси және экономикалық мақсаттарына * жетуге тырыса отырып, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Россиядағы қазіргі қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық және революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды, ал еңбекші бұқараға полицияның қамқорси беруін әлеуметтік мәселені шешу үшін жасалған қадам деп көрсететін барлық реформаторлық жобаларды үзілді-кесілді қабылдамайды **.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өз тарапынан осы көрсетілген саяси және әлеуметтік өзгерістер самодержавиені құлатып, бүкіл халық ерікті түрде сайлаған құрылтай жиналысын шақырғанда ғана толық, дәйекті және тиянақты түрде жүзеге асатынына кәміл сенеді.

1902 ж. 25 январь мен 18 февраль
(7 февраль мен 3 март)
аралығында жазылған

---

* Фрейдің ұсынысы: абзацтың басы былай болып өзгертілсін: «Осы көрсетілген талаптар үшін күресе отырып, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы», т. т.

** Фрейдің ұсынысы: бұл абзацтың аяғы былай деп өзгертілсін: «...еңбекші бұқараға полициялық-чиновниктік қамқорсуды кеңейтудің немесе оны нығайтудың қандайымен болса да байланысты жобаларды».

ПРОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫНА ҮШ ТҮЗЕТУ

Үш түзету

№ 1. (А) II абзацындағы: «Техниканы үздіксіз жетілдіру ұсақ өндірісті ірі өндірістің барған сайын қатты ығыстыруына әкеліп соғады»

деген сөздердің орнына мына сөйлем қойылсын:

«Техниканы жетілдіру үздіксіз алға басып келеді, ірі өндіріс барған сайын күшейіп, дамып келеді, ұсақ өндіріс барған сайын ығыстырылып немесе құлдырап келеді».

№ 2. (Б) VII абзацындағы: «Қазіргі қоғамның барлық басқа таптары осы күнгі экономикалық құрылыстың негіздерін сақтап қалуды жақтайды»

деген сөздерден кейін мына сөздер енгізілсін:

«ал капитализм езгісінің зардабынан жойылып бара жатқан ұсақ өндіруші өз жағдайының тұйыққа тірелгенін сезініп, пролетариаттың көзқарасына көшкеннен кейін ғана ол шын революцияшыл бола бастайды»

ал ар жағын жаңа жолдан бастау керек.

№ 3. (Б) XII абзацындағы: «көп миллиондаған шаруалардың азиаттық-варварлық түрде қырғынға ұшырауына себепші болады» деген сөздердің орнына мына сөздер қойылсын:

«қанаудың азиаттық-варварлық түрде болуына және сан миллион шаруалардың азапты қырғынға ұшырауына себепші болады».

1902 ж. кеш дегенде 18 февральда (3 мартта) жазылған

ПРОГРАММАНЫҢ ПЛЕХАНОВ ЖАЗҒАН ЕКІНШІ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Программа жобасына ескертпелер

Бұл жобаны жарамсыз етіп отырған ең жалпы және негізгі кемшілік, менің ойымша, программаның *бүкіл түрпатында,* атап айтқанда: бұл іс жүзінде күресуші партияның программасы емес, Prinzipienerklärung * қана, бұл одан да гөрі *оқушыларға арналған* программа (әсіресе капитализмді сипаттауға арналған ең негізгі бөлімін алып қарағанда), оның үстіне бірінші курстың оқушыларына арналған программа, онда орыс капитализмі туралы сөз қозғамай, жалпы капитализм туралы айтылады ғой. Бұл негізгі кемшілік өте көп қайталаушылықты да туғызып отыр, оның үстіне *программа түсіндірмелермен* араласып кеткен. Мұны әрбір пунктті жеке талдау арқылы дәлелдеуге және сонан соң жалпы қорытынды шығаруға тырыспақпын.

«Халықаралық айырбастың дамуы», т. т. деген сөздерден бастап «әлдеқашан-ақ халықаралық болып отыр» деген сөздерге дейін (§ I — цитат алуға ыңғайлы болу үшін мен әрбір абзацты көрсетіп отырамын, яғни жаңа жолдан басталатын passus-ты параграф деп атап, реті бойынша номер қойып отырамын).

Мазмұнына байланысты ешқандай дау айтуға болмайды. Тек қана «біздің заманымыздың ұлы азаттық қозғалысы» деген сөздер артық, өйткені жұмысшы қозғалысының азаттық сипаты туралы төменде нақтылы түрде көп айтылған.

* — декларация, принциптерді жариялау. *Ред.*

Сонан соң, менің ойымша, бұл абзац өз орнында тұрған жоқ. Орыс социал-демократиялық жұмысшы партиясының программасы орыс капитализмін сипаттаудан (және оны айыптаудан) басталуға тиіс,— сонан соң барып қозғалыстың халықаралық сипатын баса көрсету керек, бұл қозғалыс,— «Коммунистік манифестің» сөзімен айтқанда,— өзінің формасы жағынан әуелі табиғи түрде ұлттық қозғалыс болып табылады [97].

§ II. *«Барлық басқа елдердің социал-демократтары сияқты, орыс социал-демократтары да халықаралық негізде.* Олар өздерінің партиясын пролетариаттың дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі, халықаралық социал-демократияның бір бөлігі деп санайды».


Мен астын сызып көрсеткен сөздер артық, өйткені бұлар мұның алдында айтылғанға да және одан кейінгіге де зәредей ештеңе қоспайды. Бұл артық сөздер «отряд» және «бөлігі» деген сөздер арқылы жеткілікті де айқын берілген ойды тек қана әлсіретеді.

§ III. «Барлық басқа елдердің социал-демократтары сияқты олардың көздейтін түпкі мақсаты да нақ сондай».

Төменде *екі рет:* XIII параграфта («халықаралық социал-демократияның барлық әрекеттерінің түпкі мақсаты», т. т.) және XVII параграфта («жалпы түпкі мақсаттың бірлігі») қайталанатын сөздер де артық. Армия «отрядының» отряд болатып себебі де сол мақсатты көздейтіндігінен.

§ IV. «Барлық елдердің социал-демократтарына ортақ» (тағы да босқа қайталанып отыр) «осы түпкі мақсат буржуазиялық қоғамның сипатымен және дамуының барысымен анықталып отырады».

Бұл сөздер де артық, өйткені әрі қарай осы түпкі мақсатты буржуазиялық қоғамның сипаты мен оның дамуының барысы *қалай* «анықтайтындығының» өзі атап көрсетілген. Бұл параграф — тақырып сияқты, бөлімнің аты сияқты бірдеме. Бірақ оқулыққа немесе мақалаға керек тақырыптың программаға ешбір кереті жоқ. Alles, was im Programm überflüssig, schwächt



Программаның Плеханов жазған екінші жобасына В. И. Лениннің ескертпелер жасаған қолжазбасының бірінші беті.— 1902 ж.

Кішірейтілген

es * (Энгельстің Эрфурт программасының жобасына ескертпелері) [98].

V және VI параграфтар (сонымен бірге VII параграфтың бас жағы) жеңіл-желпі ескертпелерді былай қойғанның өзінде жобада белгіленіп отырған программаның бүкіл тұрпатына қатысы бар жалпы да негізгі бір дау туғызады.

Мен алдымен осы жалпы дауды баяндап (бұл үшін ішінара осыған қарама-қарсы жобаны қорғауға тура келеді), сонан соң жеңіл-желпі ескертпелерге көшпекпін.

V параграф «кемелденген» капитализм дегенге *анықтама* береді; VI параграф техниканың прогресіне қарай және ірі кәсіпорындардың ұсақ кәсіпорындарға нұқсан келтіре отырып (немесе — ұсақ кәсіпорындардың есесінен) өсуіне қарай, яғни ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруына қарай капиталистік өндірістік қатынастардың «кеңеюі» туралы баяндайды.

Баяндаудың бұл тәсілінде логика жоқ және дұрыс емес.

Дұрыс болмайтын себебі — күресуші пролетариат капитализмнің не екенін анықтамалардан үйренбей (оқулықтардан үйренген сияқты), капитализмнің *қайшылықтарымен,* қоғамның *дамуымен* және оның нәтижелерімен практика жүзінде танысу арқылы үйренеді. Сондықтан біз өзіміздің программамызда осы дамуды *анықтауға* тиіспіз, мүмкіндігінше қысқа және мүмкіндігінше ашық етіп,— *істің беталысы пәлендей деп* айтуға тиіспіз. Ал оның басқаша болмай нақ осылай болатындығы туралы түсініктердің бәрін, негізгі бағыттардың көріну формалары туралы егжей-тегжейлердің бәрін біз түсіндірмелерде беруге тиіспіз. Капитализмнің не екендігі,— істің жайы (resp.**: барысы) пәлендей болып отыр деген біздің сипаттамамыздан өзінен өзі-ақ келіп шығады.

Логика жоқ болатын себебі — ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыру процесі (§ VI) және қоғамның меншік иелері мен пролетарларға бөліну процесі (§ V) —

* — Программадағы артық нәрсенің бәрі оны әлсіретеді. *Ред.*
** — respective — немесе. *Ред.*

бас-аяғы бір процесс. Ал жобаның тұжырымында бұл айтылмаған. Жоба бойынша былай болып шығады: *Бірінші қағида.* Кемелденген капитализм дегеніміз жалдама жұмысшылары бар ірі өндірістің дербес ұсақ өндірістің көпшілігін ығыстырып шығаруы болады. *Екінші қағида.* Ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруына қарай капитализмнің үстемдігі кеңейіп отырады...

Осы себепті бұл екі абзацты қосып, біреу етіп, онда процесті былайша көрсету керек қой деп ойлаймын: техниканың өсуі — ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруы — өндіріс құрал-жабдықтарының капиталистер мен жер иелерінің қолдарына шоғырлануы — дербес ұсақ өндірушілердің күйзелуі: олардың пролетарларға айналуы немесе капиталға тәуелді адамдарға айналуы.

Бұл тұжырымға (қарсы жобада осындай әрекет болды) былай деп дау айтады:

(1) Бұл тұжырым істі орыс шаруаларының күйзелуін (resp. Россияда ірі жер меншігінің құрылуын, т. с.) капитализмнің өсуіне *ғана* байланысты деп сипаттайды-мыс.

Менің ойымша, бұл қисынсыз дау. Тиісті жерде (атап айтқанда, программаның аяғында) бізде крепостниктік правоның қалдықтары толып жатыр және бұл қалдықтар даму процесін «варварлыққа түсіріп отыр» деп өте анық айтылған. Ал біз капитализмнің даму процесін Россияның қоғамдық-экономикалық эволюциясындағы *негізгі* процесс деп есептейтін болсақ, онда біз, атап айтқанда, алдымен *осы* процесті және *оның* қайшылықтары мен нәтижелерін сипаттауға тиіспіз. Біз тек сонда ғана: капитализмнің даму, ұсақ өндірістің ығыстырылу, меншіктің шоғырлану процесі және басқалары, крепостниктік право қалдықтарының бәріне *қарамастан* және осы қалдықтардың бәрін *баса-көктей* отырып жүріп жатыр, жүре береді деген өзіміздің ойымызды айқын көрсете аламыз.

(2) «Ірі өндіріс ұсақ өндірісті барған сайын ығыстырып отырады» деген қағида «тым үзілді-кесілді», «беталды» айтылған, т. т. деушілер бар.

Сондықтан мен бұл тұжырымды талданып отырған жобаның: «ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызы-

пың артуы, ұсақ кәсіпорындар санының біршама азаюы, елдің қоғамдық-экономикалық өміріндегі олардың ролінің кемуі» деген тұжырымына қарағанда онан *дұрысырақ* және *онан анағұрлым қолайлырақ* деп санағанда қандай пікірлерге сүйенетіндігімді түсіндіруге тиіспін.

Таза теориялық тұрғыдан қарағанда бұл екі тұжырымның екеуі де *тіпті бірдей,* сондықтан бұлардың арасынан *мағына жағынан айырма* шығаруға тырысудың өзі бос әурешілік *. «Ірі кәсіпорындар маңызының артуы және ұсақ кәсіпорындар ролінің кемуі» — осының өзі *ығыстыру* болып табылады. Ығыстырудың бұдан басқа болуы мүмкін емес. Сондықтан ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруы туралы мәселенің қиындығы және оның бытысқан мәселе екендігі *тіпті де* біреулердің ығыстыру дегеніміз — «ірі кәсіпорындардың маңызы артып, ұсақ кәсіпорындар ролінің кемуі» екенін түсіне алмауына (шындығында да) байланысты емес,— түгелімен *және тек қана түгелімен* мынада: ығыстырудың *көрсеткіштері мен белгілерін анықтау* жөнінде келісу қиын, бұларға resp. маңызының артуы жата ма, resp. ролінің кемуі жата ма — осыны айырудың қиындығына байланысты.

Бұл жөнінде капитализмнің даму процесін барынша жалпы формада былай деп көрсетуге болады:

Бастапқы кезең.

Бүкіл өндіріс = *100*.

Ірі өндіріс = *a*. Ұсақ өндіріс = *100 — a*.

Келесі кезең:

Бүкіл өндіріс = *200*.

Ірі өндіріс = **2a** + **b**. Ұсақ өндіріс = 200 — **2a** — **b**.

Ірі өндіріс пен ұсақ өндірістің ара қатынасы туралы мәліметтердің қандайы болса да осы схемаға тура келеді деп батыл айтуға болады. Ал процесті түсінгісі келетін адамның бірде-бірі мұның өзі нақ *ығыстыру* екендігіне күмәндана алмайды. *200—2a—b* өзінің мөлшері

* Бұған қосылмайтын адамға: *бұл сияқты* «ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызының артуы және ұсақ кәсіпорындар ролінің кемуі» соңғыларды біріншілердің *ығыстыруы* болмайтынын, ондай ығыстырудың барлық жұртқа түсінікті *емес екендігін* көрсететін ең болмағанда бір мысал келтіріп, немесе ойлап тауып көр дер едік.

жағынан *100—а*-дан көп болса да (біршама ығыстыру), аз болса да (мүлдем ығыстыру) бәрібір,— *қалай болғанда да бұл ығыстыру.* Мұны тек түсінгісі келмеген «сыншы» ғана «түсінбеуі» мүмкін,— ал мұндай адамдарға жағу қиын. Ал түсіндірмелер де оларға соққы болып тимек.

Мәселенің бүкіл қиындығы тіпті де көрсетілген өзгерістің «ығыстыру» екендігін түсінуде емес, осы өлшемдерді: *100, а,* т. т. *қалай етіп* анықтауда болып отыр. Ал бұл нақтылы мәселе, факт мәселесі, сондықтан бұл мәселенің шешілуі «маңызының артуы және ролінің кемуі» деген сөздерді қолданудан зәрредей де ілгері баспайды.

Мысалы, осы «маңызы» және «ролі» деген сөздерді бүкіл европалық өнеркәсіп статистикасы *орасан көп жағдайда* жұмысшылардың *саны* арқылы (ал аграрлық статистика — *жердің мөлшері* арқылы) анықтайды. Ал осы күнге дейін, жұмысшылар (resp. жер) *санының кемуі* нағыз *ығыстыру* екендігіне күмәндануға әлі ешкім оқталған жоқ. Бірақ бүкіл қиындық мынада: жұмысшылардың саны (resp. жердің мөлшері) сияқты белгілер бұл үшін *көбінесе жеткіліксіз.* Ұсақ кәсіпорындардың *ығыстырылуы* олардағы жұмысшылар (жер) санының *көбеюімен* қатар болып отыруы да мүмкін — егерде, мысалы, ол жұмысшылар енді *бөтеннің* материалын өңдейтін болса, егерде ол жер нашар көлікпен, күтімі кем қызметкердің күшімен өңделсе, нашар өңделетін болса, нашар тыңайтылатын болса және тағы басқадай жағдайларда осылай болмақ. «Маркстік догмаға» қарсы «сыни» долбарларда дәл *осындай* «түсінбеушіліктердің» бықып жатқандығын әркім-ақ біледі, ал «ығыстыру» деген сөзді «маңызының артуы және ролінің кемуі» деген сөздермен ауыстырудан бұл *«түсінбеушіліктер» зәрредей де жойылмайды,* өйткені «маңыз» және «роль» деген ұғымдарды жұмысшылардың саны мен жердің мөлшері арқылы көрсету «жалпы қабылданған» нәрсе.

Атап айтқанда, шаруалардың жіктелуі, әсіресе ірі қожайындардың машиналарды қолдануының өсуі, ірілерінде жұмыс көлігінің сапасы артып, ұсақтарында нашарлауы (атты сиырмен ауыстыруы, т. б.), ірі кәсіп-

орындағы жалдаушының «талап етушілігінің» күшеюі және жұмыс күнінің ұзартылуы, resp. ұсақ шаруаның тұтынуының кемуі, ірі қожайынның жерді күтіп, тыңайтуының жақсарып, ұсақ қожайында нашарлауы, кредит және ассоциация мәселелерінде алғашқының соңғыдан озып шығып отыруы, тағы сол сияқты процестердің ірі өндірістің ұсақ өндірісті (егіншілік саласында) *ығыстыруы* екеніне ешкім күмәнданбайды. Осы процестердің бәрі де «ығыстыру» екендігін дәлелдеу тіпті де қиын емес (тіпті мұны дәлелдеп жатудың да керегі жоқ),— ал қиын нәрсе — *нақ* осы процестерге көңіл болу керек екендігін, бұл процестердің шын *болып жатқандығын* дәлелдеу. «Маңызының артуы және рөлінің кемуі» деген сөздер бұл қиындықты зәредей де жеңілдетпейді: оны *тек* түсіндірмелер ғана жеңілдете алады, ығыстыру процесінің шын көрінісін (=маңызының артуы және рөлінің кемуі) адамдардың неліктен *анықтай білмейтіндігін* (анықтағылары келмейтіндігін) көрсететін мысалдар ғана жеңілдете алады.

«Маңызының артуы және рөлінің кемуі» деген сөздер «ығыстыру» деген «шолақ» және «жаттанды» сөздерге қарағанда анағұрлым терең, маңызды да кең деп ойлау барып тұрған қиял. Бұл сөздер процесті түсінуді зәредей де тереңдете алмайды,— ол сөздер бұл процесті *анағұрлым күңгірт, анағұрлым шұбалаңқы* етіп қана көрсетеді. Ал менің бұл сөздерге қарсы сондай қызу таласуымның себебі, бұлардың теориялық жағынан теріс болғандығынан емес, бұлардың *жай күңгірттікке* терең мағына беретіндігіне байланысты.

«Семинарияда оқыған» және ығыстыру дегеннің — сыбағаны азайту (әсте де қайткенде барынша азайту емес) екенін білетін адам бұл күңгірттіктен сыншылар беделін түсірген «маркстік догманың» ашық сипатын бүркемелеуге тырысушылықты байқай алады *. Семинарияда оқымаған адам мұндай «көлгесір данасынған-

* Мысалы, Эрфурт программасының: «...geht die Verdrängung der zersplitterten Kleinbetriebe durch kolossale Großbetriebe...» («...орасан ірі кәсіпорындарының бытыраңқы ұсақ кәсіпорындарын ығыстыруы жүріп жатыр...». *Ред.*) деген белгілі тұжырымы жұртқа негұрлым көп мәлім болса, күңгірт сөздерді осылай деп *түсіндіру* соғұрлым сөзсіз қажет болады.

дыққа» ақылып жеткізе алмай тек күрсінеді,— ал «ығыстыру» деген сөз әрбір мастеровой мен әрбір шаруаның өзіне таныс ондаған, жүздеген мысалдарды есіне түсіреді. Егерде ол бұл сөзді кең мағынасында бірден түсіне қоймаса да одан келер зиян жоқ: selbst wenn einmal ein Fremdwort oder ein nicht auf den ersten Blick in seiner ganzen Tragweite zu erfassender Satz vorkommt, schadet das nichts. Der mündliche Vortrag in den Versammlungen, die schriftliche Erklärung in der Presse tut da alles Nötige, und der kurze, prägnante Satz befestigt sich dann, einmal verstanden, im Gedächtniss, wird Schlagwort, und das passiert der breiteren Auseinandersetzung nie *. (Энгельстің Эрфурт программасы жобасына жазған сынында) [99].

Стиль жағынан да ығыстыру деген сөздің орнына «маңызының артуы және ролінің кемуі» деген сөздерді қолдану қолайсыз. Бұл — революцияшыл партияның тілі емес, «Русские Ведомостидің» тілі. Бұл — социалистік насихаттың термині емес, статистикалық жинақтың термині. Бұл сөздер сипатталып отырған процесті оқушы шұғыл емес, белгілі бір нәрсемен аяқталмайтын, зиянсыз процесс деп түсіну үшін әдейі таңдалып алынған сөздер сияқты. Ал шынында осының бәрі мүлде керісінше болып отыр, *ендеше* бұл сөздер де мүлде теріс. Біз *ең абстракт* тұжырымдарды іріктей алмаймыз және іріктеуге тиіс те емеспіз, өйткені біз сыншыларға қарсы мақала жазып отырғанымыз жоқ, майдагерлер мен шаруалар бұқарасына үн қатқан жауынгер партияның программасын жазып отырмыз. Оларға үн қатқанда біз klipp und klar ** мынаны айтуға тиіспіз: капитал «оларды малайларға және төлемшілерге айналдырады», оларды «күйзелтеді», оларды пролетариат қатарына «ығыстырады». Әрбір майдагер мен әрбір шаруа мыңдаған мысалдар арқылы білетін нәрсені тек осындай тұжырым

* — егерде ә дегенде толық түсінікті бола қоймайтын қайсыбір шетел сөзі немесе сөйлемдері кездесетін болса, одан келетін зиян жоқ. Жиналыстарда жасалатын ауызша баяндама, баспасөзде берілетін жазба түсінік оларды ұғу үшін керекті түсініктердің бәрін бере алады, міне, сол кезде қысқа, тұжырымды айтылған сөздер бір ұғылғаннан кейін ойға әбден сіңіп, ұран бола бастайды, көп сөзді пайымдаулар еш уақытта да мұндай ұран бола алмайды. *Ред.*

** — анық және түсінікті етіп. *Ред.*

ғана дұрыс бейнелей алады. Сіздер үшін жан сақтаудың бірден-бір жолы — пролетариат партиясына қосылу деген *сөзсіз* қорытынды тек осындай тұжырымнан ғана шығады.

V және VI параграфтарға жеңіл-желпі ескертпелер жасауға көше отырып, менің мынаны айтқым келеді.

V параграфта «кемелденген түрдегі» буржуазиялық қоғам туралы айтылады да, сонымен бірге онда «қолөнершілер тобы» да, «ұсақ шаруалар» да қалып отыр дейді. Мұнысы дәл емес. «Кемелденген түр» деген сөздерді нағыз теориялық мағынада ұғатын болсақ, онда мұндай қоғамда қол өнершілер де, ұсақ шаруалар да болмақ емес. Ал егер бұл сөздерді көп қолданып жүрген мағынада: *анағұрлым* дамыған елдер деген мағынада ұғынғанда — соның өзінде де, мысалы, Англияда ерекше әлеуметтік топ ретінде «ұсақ шаруалар» шынында енді жоққа тән.

«Капиталистік өндірістік қатынастарға *негізделген* товар өндірісінің үстемдігі». Бұл біртүрлі қолайсыз сияқты. Әрине, *толық* дамыған товар өндірісі тек капиталистік қоғамда ғана болуы мүмкін, бірақ жалпы алғанда «товар өндірісі» логика жағынан да, тарихи жағынан да капитализмге қарағанда prius * болған нәрсе.

«Капиталистік өндірістік қатынастар» деген термин жобада біркелкі қолданылмаған. Кей жерде ол «капиталистік өндіріс әдісі» деген терминмен ауыстырылған (§ XI). Менің ойымша, программаны түсінудегі қиыншылықты азайту үшін бір терминді, атап айтқанда соңғы терминді пайдалану керек еді, өйткені бірінші термин көбіне теорияға жақын және «система», т. с. (қатынастар) деген сөздер қоспаса тиянақталған және тұтас ойды бере алмайды.

«Феодалдық-қолөнер дәуірі...» Бұл арада Россияға келіңкіремейтін сөздер әдейі таңдалып алынған сияқты, өйткені біздің орта ғасырларға «феодализм» деген терминді қолдану жайында талас болып жүр. Солай бола тұрса да «кемелденген» буржуазиялық қоғамға сипаттама *мазмұны жағынан* Россияға да қолданарлық

* — бұрын, бірінші. *Ред.*

тай етіп берілген (дербес ұсақ өндірушілер және ұсақ шаруалар «қалып отыр», олар — «мезгіл-мезгіл немесе ұдайы өздерінің жұмыс күшін» сатып отырады, т. с.). Сөйтіп, жоба өзінің тұжырымы арқылы Россияға тура және әдейілеп капитализмнің даму сипатын жазуға болмайды деген пікірді теріске шығарып отыр.

«Заказ бойынша жұмыс істейтін ұсақ өндіруші-қолөнершілер...» Тұтынушылардың заказы бойынша ма, әлде жұмыс беруші-көпестердің заказы бойынша ма? Сірә, біріншісі болар. Бірақ Россияның дәл өзінде өнеркәсіптегі ұсақ өндірушілердің көпшілігі заказ бойынша істемей, рынок үшін істейді.

«...Тұтыну заттарының ең маңызды бөлігі»... (және «өндіріс құрал-жабдықтарының» да деп неге айтпаған?)... *«ішкі немесе халықаралық рынокқа* өткізу үшін өндіріледі...» Асты сызылған сөздер — босқа қайталау, өйткені халықаралық айырбастың өсуі I параграфта көрсетілген.

«...Өндіріс құрал-жабдықтары *және»* товар *«айналысы»*. Менің ойымша, асты сызылған сөздерді программадан алып түсіндірмелерге берген дұрыс болар еді, өйткені *айналыс құрал-жабдықтарының* капиталистердің қолында екендігін товар шаруашылығы қоғамында өндіріс құрал-жабдықтарының солардың қолында екенінен *аңғаруға* болады.

«...Өзінің жұмыс күшінен басқа қолдарында ешқандай өндіріс және айналыс құрал-жабдықтары жоқ адамдардан...» Бұлай айтуға болмайды.

«Бүтін бір жыл немесе бірнеше ай ішінде — ұдайы немесе мезгіл-мезгіл» жұмыс күшінің сатылатынын көрсету — артық тәптештеу, мұны түсіндірмелерге көшірсе де болар еді.

(§ VI) «...Ірі *өнеркәсіп* орындарының шаруашылық маңызын арттыра отырып»,— ал одан төменіректе: жалпы дербес ұсақ өндірушілердің ролінің кемуі делінген. *Егіншіліктегі* ірі кәсіпорындар байқаусызда айтылмай қалған ба? Немесе ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызы өнеркәсіпте *ғана* өсіп, ал ұсақ кәсіпорындардың ролі өнеркәсіпте *де*, егіншілікте де кемиді дегенді айтқысы келген бе? Егерде мұның екіншісіндей болса.—

онда бұл *мүлде теріс* болар еді. Өйткені «ірі кәсіпорындарының шаруашылық маңызы» егіншілікте де артады (бір мысал ретінде машиналарды көрсетсе де жеткілікті,— ал жоғарыда басқа мысалдар да келтірілген болатын). Әрине, мұнда процесс *шексіз қиын,* бірақ бұл туралы түсіндірмелерде айту керек (нақты түсініктер бере отырып айту керек).

...«Азды-көпті толық, азды-көпті айқын, азды-көпті ауыр...» тәуелділік — бұл, меніңше, артық және мағынасын *әлсірететін* сөздер. Алғашқы жобадағы: «малайлар мен төлемшілер» деген сөздер — мұнан күшті де, айқын да.

VII параграфтың бас жағында «ұсақ өндірушілердің пролетарларға айналуын» тағы да көрсетіп, бұл V және VI параграфтарда айтылса да, босқа қайталанады.

VII параграфта жұмыс күшін керексінудің өсуі оны ұсынудың өсуінен кейін қалып отыратындығы туралы шұбалаңқы түсінік берілген. Мұндай жағдайда «шұбалаңқылықтан» баяндау ұта қояр ма екен. Әрине, *процеске* толық *түсінік* беру бәрібір мүмкін емес (мысалы, әйелдер мен балалардың еңбегін қолданудың өсіп келе жатқандығы туралы айтылған, ал еңбек интенсивтілігінің өсуі, т. б. туралы айтылмаған). Сондықтан түсініктердің *бәрін* (нақты мысалдар келтіріп) түсіндірмелерге ауыстырып, ал программада тек капитализмнің қайшылығы *неде* екенін, оның беталысы *қандай* екенін тұжырымдаған дұрыс.

Егерде: «техникалық прогресс қаншама алға басса, жұмыс күшін керексінудің өсуі оны ұсынудың өсуінен соншама кейін қалып отырады» деп айтсақ,— онда істің беті теріске айналады деп, қарсы шығады; «ұсынудың өсуі» тек бір ғана «техникалық прогреске» тіпті де байланысты емес — дейді. Бірақ бұлай қарсы шығудың дәлелі жоқ, өйткені «қаншама алға басса,— соншама» деген сөздер «сөйтіп — осының нәтижесінде» деген сөздермен тіпті де тең сөздер емес. «Ұсынудың өсуі» *неден* болатындығы алдыңғы абзацта («күйзелу», «ығыстыру» etc.) айтылған және түсіндірмелерде нақтылырақ түсіндірілетін болады.

«... Өзінің еңбегімен жасалған материалдық байлықтың жалпы мөлшерінен жұмысшы табына тиетіп үлес ұдайы азайып отырады...» Бұл сөздер қанау дәрежесінің артуы туралы айтылған абзацта тұр (дәл осының алдындағыны цитатпен салыстырыңыз). Сондықтан «үлес» деп: v-ның $v+m$-ге қатынасы айтылып отыр деп ойлауға болады. Ал онда бұл артық және «байлықтың жалпы мөлшері» деген сөздерге үйлеспейді.

Егерде жалпы мөлшер $= c + v + m$ болса, онда, біріншіден, $c+m$-ді (v-ға қарсы) «үлес» деп атау оншама қолайлы емес, өйткені «үлес» дегеніміз бөлінетін нәрсенің дәл өзі, яғни тұтыну заттары ғой. Сонан соң ендеше бұл ереже мазмұны жағынан қоғамдық байлық $(c+v+m)$ пен қоғамдық теңсіздіктің осуі туралы сөз ететін келесі параграфқа жатады. Сондықтан цитатқа алынған сөздерді артық қайталау ретінде алып тастаған жөн.

Сонымен қатар бұл сөздер өзінің тұжырымы бойынша жалдама жұмысшылары мен капиталистері *ғана* бар *кемелденген* қоғамды негізге алады [өйткені ұсақ өндірушілердің үлесі де азайып отырады], бірақ бұл «кемелденген» қоғамда да ұсақ өндірушілерді қалдырған V абзацқа үйлеспейді.

VIII параграф IX және X параграфтардан *кейін* тұруы тиіс еді: бұлар дағдарыстар туралы, яғни капитализмнің қайшылықтарының *бірі* туралы айтады, ал VIII параграф капитализмнің *барлық* қайшылықтарына және оның дамуының барлық тенденцияларына қорытынды жасайды.

«Еңбек өнімділігінің артуы» деген сөздерге: «қоғамдық және барған сайын қоғамдасып келе жатқан еңбектің» деп қосу керек еді. Еңбектің қоғамдасу процесін жоба өз орнында көрсетпеген (§ XI) және оны өте тар шеңберде көрсеткен («техниканың жетілу процесі жұмысшылардың еңбегін барған сайын біріктіріп отырады»). Капитализмнің еңбекті қоғамдастыруы «жұмысшылардың еңбегін біріктіруде» ғана емес.

«Қоғамдық теңсіздіктің өсуі» деген сөздерден соң «дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы алшақтықтың ұлғаюы» деген сөздер босқа қайталағандық бо-

лып шығады. Ал пролетариат пен буржуазияның арасындағы «тұңғиықтың тереңдеуі» жөнінде айтқанды капитализмнің бүкіл жоғарыда көрсетілген қайшылықтарының басты әлеуметтік зардабын сипаттау үшін және тап күресіне көшу үшін қажет нәрсе ретінде қосу керек еді.

Айта кетейік. Капитализмнің әлеуметтік зардаптарын сипаттау жөнінде мынаны айту керек: бұл жерде жоба *абстрактілікке* қатты ұрынған, «өмір сүру жолындағы күрестің қиыншылықтары мен соған байланысты барлық мұқтаждық пен қасірет шегудің көбеюі» деген тым жетімсіз қағидамен шектеліп отыр. Әрі жұмысшы табына, әрі ұсақ өндірушілерге өте ауыр қасірет болатын әлеуметтік зардаптардың нақ өзін *неғұрлым анық көрсету*, менің ойымша, сөзсіз қажет нәрсе.

Осы зардаптардың тұжырымдалуына қарсы жобада дау айтылған, мысалы, «мейлінше қорлау» деген сөздер дұрыс емес дейді. Менің ойымша, олар дұрыс сөздер, өйткені олар *жезөкшелік*, «интеллигенцияны» жай бір малайларға айналдыру, жұмысшыны әйелі мен балаларын сататын адамға айналдыру, капиталдың темір тәртібіне бағындыру, саяси жағынан езу үшін, пікір бостандығына қысым жасау үшін экономикалық күшті пайдалану, тағы сол сияқты құбылыстарды қамтиды. Сондай-ақ капитализм тұсында «бұқараның кедейлік пен қайыршылық халде» болатындығын көрсету де, меніңше, өте қажет нәрсе. Мен кедейлік пен қайыршылықтың барынша өсуі туралы айту керек деп отырғаным жоқ, бірақ мен Каутскийдің мына пікіріне толық қосыламын: «ein ausführliches s.-d. Programm, welches nicht erkennen läßt, daß der Kapitalismus naturnotwendig Massenarmut und Massenelend erzeugt, das nicht als den Inhalt des Strebens der Sd-tie den Kampf gegen diese Armut und dieses Elend bezeichnet, verschweigt die entscheidende Seite unserer Bewegung und enthält also eine empfindliche Lücke» * (австриялық жобаға қарсы).

* — «тыңғылықты социал-демократиялық программа, одан капитализмнің табиғи түрде бұқараны кедейлік пен қайыршылыққа душар ететіні көрінбейді, ол осы кедейлік пен қайыршылыққа қарсы күре-

Сондай-ақ, менің ойымша, «өндіргіш күштердің даму процесінен туатын барлық басты» (демек, бәрі бірдей емес) «пайданы халықтың ат төбеліндей азшылығы монополия етіп алатындығын» да көрсету қажет.

IX және X параграфтарда дағдарыстар туралы айтылған. Тұжырым өзгертілгендіктен мазмұны жағынан мұнда келіспейтін еш нәрсе жоқ. Бірақ формасы жағынан бұл параграфтарда қайталаушылық бар («тағы да бүкіл дүние жүзілік рынок», тағы да «капиталистік өндірістік қатынастар»). Дағдарыстарға *түсінік* беруге тырысуды программадан мүлде алып тастап, дағдарыстардың болмай қоймайтынын *қорытып айтумен* шектеліп, түсіндірулерді, айтылған пікірді дамытуды түсіндірмелерде беру анағұрлым ұтымды болар еді. Әйтпесе, мәселен, дағдарыс та, «тоқырау кезеңі» де көрсетіледі, ал жалпы алғанда капиталистік өнеркәсіптің бүкіл циклін тұтас қамту бәрібір мүмкін емес.

Дағдарыстардың әлеуметтік зардаптарын көрсетуде тағы да қайталағандық бар (процестің «шиеленісуі» туралы, т. с. айтса да жеткілікті) және тағы да өте әлсіз көрсетілген: дағдарыстар ұсақ өндірушілердің жағдайын қиындатып қана қоймайды, олардың жағдайын біршама және мүлдем нашарлатып қана қоймайды, сонымен қатар оларды тура күйзелтіп, пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарады.

XI және XII параграфтарға менің өте маңызды принциптік қарсылығым бар: бұл параграфтар пролетариаттың ұсақ өндірушілерге көзқарасын *мүлде біржақты және теріс* көрсеткен (өйткені «еңбекші және қаналушы бұқара», атап айтқанда, пролетариат пен ұсақ өндірушілерден құралады). Бұлар «Коммунистік манифестің» де, Интернационал Ережелерінің де [100], социал-демократияның қазіргі программаларының көпшілігінің де негізгі қағидаларына түп-тура қайшы келеді және де халықшылдық, «сыншылдық» және неше түрлі ұсақ буржуазиялық түсініспеушіліктерге есікті шалқайта ашып тастайды.

суді социал-демократиялық талаптардың мазмұны ретінде қарастырмайды,— мұндай программа біздің қозғалысымыздың ең шешуші мәселесі жөнінде дәнеңе айтпайды, сөйтіп өз бойында ойсыраған олқылығы болады». *Ред.*

«...Еңбекші және қаналушы бұқараның наразылығы өсіп келеді» — бұл дұрыс, бірақ пролетариаттың наразылығы мен ұсақ өндірушінің наразылығын мұндағыдай біріне-бірін ұқсату, қосып жіберу тіпті де дұрыс емес. Ұсақ өндірушінің наразылығы өте көп жағдайда оның *ұсақ меншік иесі ретінде өзінің өмір сүруін қорғау* талабын туғызады, яғни қазіргі кездегі тәртіптің негіздерін қорғап қалу және тіпті оны кейін қарай шегіндіру талабын да туғызады (олардың ішінде немесе бірсыпырасында бұл сөзсіз тууға тиіс те).

«...Оның күресі, әсіресе оның алдыңғы қатарлы өкілі — пролетариаттың күресі шиеленіседі...» Әрине, ұсақ өндірушінің де күресі шиеленісіп отырады. Бірақ оның «күресі» *өте көп жағдайда* пролетариатқа *қарсы* бағытталады, өйткені ұсақ өндірушінің тұрмыс жағдайының өзі өте көп мәселелер жөнінде оның мүдделерін пролетариаттың мүдделеріне *ашықтан ашық қарсы* қойып отырады. Жалпы айтқанда, пролетариат ұсақ буржуазияның *тіпті де* «алдыңғы қатарлы өкілі» *емес.* Егерде мұндай жағдай бола қалса, ол мынадай кезде ғана: ұсақ өндіруші өзінің сөзсіз құритынын түсініп, «өзінің көзқарасын *т а с т а п,* пролетариаттың көзқарасына көшкен» кезде ғана болады. Ал әзірше «өзінің көзқарасын» тастамай отырған *қазіргі кездегі* ұсақ өндірушінің алдыңғы қатарлы өкілі көбінесе — антисемит және аграрий, ұлтшыл және халықшыл, социал-реформатор және «марксизмнің сыншысы» болып келеді. Міне, дәл осы кезде, ұсақ өндірушілердің «күресінің шиеленісуі» «социалистік Жиронданың» «Тораға» қарсы «күресінің шиеленісуімен» қабаттасып отырған кезде — барлық және неше түрлі шиеленістердің бәрін әкеп бірге қосу өте орынсыз нәрсе.

«...Халықаралық социал-демократия *еңбекші және қаналушы бұқараның* азаттық қозғалысына басшылық етеді». Тіпті де бұлай емес. Ол *тек жұмысшы т а б ы н а ғана,* тек *жұмысшы қозғалысына* ғана басшылық етеді, ал егерде бұл тапқа басқа элементтер келіп қосылатын болса, онда олар таптар емес, тек элементтер ғана. Және де олар «өздерінің қалыптасқан көзқарастарын тастағанда» *ғана* бүтіндей және толық қосыла алады.

«...Социал-демократия *оның* жауынгерлік күштерін ұйымдастырады...». Бұл да дұрыс емес. Социал-демократия ешбір жерде де ұсақ өндірушілердің «жауынгерлік күштерін» ұйымдастырмайды. Ол тек жұмысшы *табының* ғана жауынгерлік күштерін ұйымдастырады. Россия жөнінде қаншама аз *айтылып, «к е м е л д е н г е н»* буржуазиялық қоғам туралы соншама көп *айтылып* отырғандықтан да (V параграфты салыстырыңыз) жобада алынған тұжырым соншалықты жарамсыз болып шыққан.

Summa summarum *. Жобада ұсақ буржуазияның революцияшылдығы *баса* айтылып (егерде ол пролетариатты «жақтаса», бұл оның революцияшылдығы емес пе?), ал оның консервативтік жағы (тіпті реакциялық жағы) туралы бірде-бір сөз айтылмаған. Бұл мүлде біржақтылық және дұрыс емес.

Біз ұсақ буржуазияның *консервативтік жағын* ғана баса көрсете аламыз (солай етуге міндеттіміз де). *Ал оның революцияшылдығын* біз *т е к ш а р т т ы т ү р д е ғ а н а* көрсетуге тиіспіз. Тек осындай тұжырым ғана Маркс ілімінің бүкіл рухына тура сай келеді. Мысалы, «Коммунистік манифест» тура былай дейді: «буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын революцияшыл тап болып табылады... ұсақ өнеркәсіпші, қолөнерші, шаруа... *революцияшыл емес, консерватившіл.* Ол ол ма: олар реакцияшыл. Егерде олар революцияшыл болған күнде («егерде»!) ақыры пролетариаттың қатарына кіретін болғандықтан ғана... пролетариаттың көзқарасында болу үшін өздерінің көзқарасынан *б е з е т і н* болғандықтан ғана революцияшыл» [101].

Ал «Коммунистік манифест» жарыққа шыққаннан бері өткен жарты ғасырдың ішінде істің мәнісі елеулі түрде өзгерді деп айтпай-ақ қойсын. Нақ осы жөнінде еш нәрсе де өзгерген жоқ: ал теоретиктер бұл қағиданы әрқашан және ұдайы мойындап келді (мысалы, Энгельс нақ осы тұрғыдан қарап 1894 жылы француздың аграр-

* — Жалпы қорытынды. *Ред.*

лық программасын теріске шығарды. Ол туралы мынадай пікір айтқан болатын: ұсақ шаруа өзінің көзқарасынан *безбей тұрып* біздік бола алмайды, оның орны антисемиттердің арасында, олар оны біраз жөнге сала тұрсын, сонда буржуазиялық партиялар оны неғұрлым көп алдаса, ол соғұрлым бізге дұрыс келеді [102]),— тіпті бұл теорияны соңғы күнге дейін тарих іс жүзінде дәлелдеген үстіне дәлелдеп отыр, тіпті nos chers amis * дейін, «сыншы» мырзаларға дейін дәлелдеп отыр.

Айта кетейік. Жобада *пролетариат диктатурасы* туралы айтылған сөздер түсіп қалыпты, алғашқы нұсқасында бұл бар болатын. Егерде бұл байқамағандықтан, әлдеқалай істелген күннің өзінде де,— сөйтсе де «диктатура» деген ұғымды пролетариатқа басқаның беретін жәрдемін *баса* бағалаумен сыйыстыруға болмайтындығы даусыз нәрсе. Егерде біз пролетариат өзінің, пролетарлық революциясын жасаған кезде ұсақ буржуазияның пролетариатты қолдайтындығын шын *анық* білетін болсақ, онда «диктатура» туралы сөз қылудың қажеті де болмас еді, өйткені онда басым көпшілік біздің жақта болар еді де, диктатурасыз-ақ тамаша күн көрер едік («сыншылар» дәл осылай деп сендіруге тырысады). Пролетариат *диктатурасының* қажет екенін мойындау «Коммунистік манифестің»: *тек бір ғана* пролетариат нағыз революцияшыл тап болып табылады деген қағидасымен *барынша тығыз және айрылмастай* байланысты нәрсе.

(Жақша ішінде айта кетейік,— бұл жөнінде Энгельстің қаншалық «қызба» болғандығы оның Эрфурт программасының жобасына жасаған сынының мына сөздерінен-ақ көрініп тұр. Энгельс жобаның «Der Ruin weiter Volksschichten» ** деген сөздерін цитатқа ала отырып былай деп ескертеді: «statt dieser deklamatorischen Phrase, die aussieht als täte uns der Ruin von Bourgeois und Kleinbürgern noch leid (!!), würde ich die einfache Tatsache erzählen: die durch den Ruin der städtischen und ländlichen Mittelstände, der Kleinbürger und Klein-

* — біздің қымбатты достарымызға. *Ред.*
** — «Халықтың қалың бұқарасының күйзелуі». *Ред.*

bauern, den Abgrund zwischen Besitzenden und Besitzlosen erweitern oder vertiefen» *.)

Қарсы жобада ұсақ өндірушінің консерваторлығы баса көрсетіліп («қазіргі қоғамның басқа талаптарының барлығы да өмір сүріп отырған экономикалық құрылыстың негіздерін қорғайды»), ал оның революцияшылдығы *тіпті шартты түрде де көрсетілмеген,* деп маған дау айтылуы мүмкін.

Бұл даудың ешбір дәлелі жоқ. Ұсақ өндірушінің шартты түрдегі революцияшылдығы қарсы жобада қалай көрсетілуге тиіс болса, нақ солай көрсетілген, *яғни капитализмге қарсы айыпты тұжырымдау арқылы айтылған.* Ұсақ өндірушінің шартты түрдегі революцияшылдығы:

(1) оны капитализмнің *ығыстыруы, күйзелтуі* туралы сөздер арқылы көрсетілген. Біз, пролетариат, капитализмді оның ірі өндіріске шаруаны *күйзелту* арқылы апаратындығы үшін айыптаймыз. Бұдан: *е г е р д е* шаруа бұл процестің болмай қоймайтын процесс екендігін түсінсе, онда ол «өз көзқарасынан безіп, біздің көзқарасымызды қабылдайды», деген айқын қорытынды шығады.

---

* — «буржуа мен ұсақ буржуаның (!!) күйзелуі жөнінде бізді қайғырудан тыйыла алмай отырған адамдар сияқты етіп көрсететін мұндай тақпақ сөздердің орнына мен жай бір факті туралы айтқан болар едім: қала мен село халқының орта топтарының, ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалардың күйзелуі салдарынан дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы тұңғиық кеңейе береді немесе тереңдей түседі» [103]. *Ред.*

Эрфурт программасының жобасында мынадай сөздер болды: «In diesem Befreiungskampf verficht die Sozialdemokratie als die Verfechterin (не болмаса Vertreterin — «Neue Zeit». IX, 2, 789) nicht bloß der Lohnarbeiter, sondern der Ausgebeuteten und Unterdrückten insgesamt, alle Forderungen, Maßregeln und Einrichtungen, welche die Lage des Volkes im allgemeinen und der Arbeiterklasse im besondern zu verbessern geeignet sind» («Бұл азаттық күресте социал-демократия тек жалдама жұмысшылардың ғана қорғаушысы ретінде (немесе өкілі ретінде) күресіп қоймайды, сонымен қатар жалпы қаналушылар мен езілушілердің де қорғаушысы ретінде күреседі, ол жалпы халықтың, әсіресе жұмысшы табының жағдайын жақсарта алатын талаптардың, шаралардың және мекемелердің барлығын қорғайды». *Ред.*). Ал Энгельс: «des Volkes im allgemeinen (wer ist das?)» («жалпы халықты (ол кім?)» *Ред.*) — деп келемеждей отырып, осы сөздердің бәрін *сызып* тастауға *тікелей* кеңес берген болатын. Сөйтіп, Энгельстің кеңесі бойынша бұл сөздер *мүлде алынып* тасталды; мына параграф «жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ғана ісі болуға тиіс, өйткені *б а с қ а* таптардың *б а р л ы ғ ы* да өндіріс құрал-жабдықтарының жеке меншікте болуын жақтайды және олардың жалпы мақсаты қазіргі қоғамның негіздерін сақтап қалу болып табылады»,— деген параграф *Энгельстің тікелей ықпалының арқасында,* алғашқы жобаға қарағанда, анағұрлым *өткір түрде* қабылданды.

(2) — «өмір сүрудің қамтамасыз етілмеуі мен жұмыссыздыққа, қанаудың езгісі мен неше түрлі қорлауға» (тек пролетариат қана емес), сонымен қатар «еңбекші халықтың барған сайын қалың топтары ұшырап келеді» деген сөздер арқылы айтылған. Пролетариаттың бүкіл еңбекші халықтың *өкілі* екендігі нақ осы тұжырым арқылы көрсетілген, атап айтқанда бұл сондай өкілдік, мұнда біз жұрттың бәрін *өздерінің* көзқарастарынан безуге және біздің көзқарасымызға көшуге шақырамыз (және *мәжбүр етеміз*), біз мұның керісінше істемейміз, өз көзқарасымыздан безбейміз, өзіміздің тап күресімізді әр түрлі тұрлаусыздарға апарып қоспаймыз.

Ал өкілдік идеясы да дәл осылай тұжырымдалған.

(3) — *бұқараның* (тек жұмысшылардың ғана емес, жалпы бұқараның) кедейлігі мен қайыршылығы деген сөздер арқылы көрсетілген.

Революцияшыл таптың партиясы басқа таптардың шартты революцияшылдығын *тек мынадай формада ғана* — олардың ауыртпалығын *өзінің* қалай түсінетіндігін және ауыртпалықтан құтылу емін оларға айтып беру үшін, капитализмге қарсы *өзі* соғыс жариялағанда тек өзінің атынан ғана емес, сондай-ақ «ауыртпалық пен қайыршылықта жүрген» бүкіл бұқараның атынан жариялайтындығын көрсете алады. Будан осы ілімді қабылдаған адам бізге келіп қосылуға тиіс деген қорытынды өзінен-өзі шығады. Егерде біз мұны тағы да программада ерекше көрсетіп, ал *егер* пәлендей сенімсіз элементтер біздің көзқарасымызға көшсе, олар да революцияшыл болады десек, мүлде адам күлерлік болып шығар еді! Мұның өзі онсыз да бізге онша сене қоймайтын нақ солқылдақ және дәрменсіз одақтастардың бізге деген сенімдерін жоғалтуына ең жақсы құрал болар еді *.

* Программамыздың практикалық бөлімінде ұсақ өндірушіге (мысалы, шаруаға) неғұрлым көп «мейірім» көрсететін болсақ, программаның *принциптік* бөлімінде бұл сенімсіз және екіжүзді әлеуметтік элементтерге біз соғұрлым «қатаң» болуға тиіспіз, *өзіміздің* көзқарасымыздан қылдай да шегінбеуге тиіспіз. Міне, егерде біздің осы көзқарасымызды қабылдасаң,— онда саған қай жағынан болса да «мейірім» болады, ал қабылдамайтын болсаң,— онда өкпелеме! Онда біз «диктатура» тұсында сен туралы былай дейміз: өкім жүргізетін жерде, сөзді босқа шығындаудың қажеті жоқ, дейміз...

XI және XII параграфтар жөніндегі осы принциптік келіспеушілігімнен басқа менің енді XI параграфқа жеңіл-желпі ескертпем бар. Бұл параграфта «капитализмді жоюдың *материалдық* мүмкіндігі» туралы айтудың орны жоқ: нақ осы абзацта капитализмді жоюдың материалдық *емес, қайта* идеялық алғы шарттары туралы сөз болып отыр. Егерде материалдық алғы шарттар туралы айтылатын болса, онда идеялық (адамгершілік etc.) алғы шарттарды да қосып айту керек. Бірақ бұл «материалдық мүмкіндікті» тап күресі туралы емес, капитализмнің эволюциясы мен тенденциясы туралы айтатын абзацқа шығарған анағұрлым дұрыс болады.

XII параграфта алдағы болатын әлеуметтік революция туралы айтып,— ол революцияның өзі туралы және оның қажеттігі туралы тек XV параграфта ғана айту логикаға жатпайды. Мұның «тәртібі керісінше» болуға тиіс.

XIII параграфта «жеке меншікті жою (немесе құрту)» деген сөздерді «қанаушыларды экспроприациялау» деген сөздермен ауыстыру, менінше, қолайсыз сияқты. Мұның онан түсініктілігі де, дәлдігі де кем. Параграфтың аяқ жағы да қолайсыз: «бүкіл қоғамның да, оның жекелеген мүшелерінің де мұқтажын қанағаттандыру үшін қоғамдық өндіру процесін жоспармен ұйымдастыру» делінген. Бұл жеткіліксіз. Бұлай етіп ұйымдастыру, бәлкім, трестердің де қолынан келер. *«Бүкіл* қоғамның есебінен» дей келіп (өйткені бұл жоспарлылықты да қамтып, жоспарды бағыттаушыны да көрсетеді), тек қоғам мүшелерінің мұқтажын қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамның *барлық* мүшелерінің әл-ауқатын *толық* жақсартып, *жан-жақты* еркін дамуын қамтамасыз ету үшін десе анығырақ болар еді.

XIV параграф, менің ойымша, анық емес («бүкіл» езілген «адам баласын» біз азат ете аламыз ба, оны мен әлі білмеймін: мысалы, жігері бос адамдарды жігері тым қатты адамдардың езуі). Маркстің Гота программасына жазған сынындағы ұсынған формуласын: таптарға бөлінуді және одан туатын теңсіздікті жою [104] деген формуласын алған дұрыс болар еді. Энгельс те Эрфурт программасына жазған сынында: die Abschaffung

der Klassen ist unsere Grundforderung»* деп қадағалап айтқан болатын, сондықтан біз осы «негізгі талапты» *дәл және тура көрсету арқылы* ғана өзіміздің барлық адамды азат етеміз, барлық адамды барлық кесепаттан құтқарамыз деген уәдемізге *барынша нақты* (және асыра сілтемей) мағына бере аламыз.

XV параграфтағы — «пролетариатты халықтың басқа топтарының қолдайтыны» және «пролетариат диктатурасының» қалып қойғаны жайында жоғарыда айтылып өткен болатын.

XVI параграф — мүлде өрескел және орынсыз тұр. Пролетариатты «саяси тәрбиелеу» дегенiмiздiң мағынасы, біз оны ағартамыз, ұйымдастырамыз, оның күресіне басшылық етеміз,— ал бұл туралы XII параграфта айтылған болатын (ол жерде тек «оның күресіне басшылық ету» туралы ғана қосу керек еді).

XVII параграфтың өзі де, меніңше, керексіз көпсөзділікке толы сияқты. Таяудағы міндеттердің әлеуметтік-саяси жағдайдың ерекшелігіне байланыстылығы туралы жалпы сөз қылудың не қажеті бар? Бұл туралы трактаттарда жаза берсін, ал біз: пәлендей ерекшеліктер (крепостниктік правоның қалдықтары, самодержавие, тағы басқалар) таяудағы міндеттеріміздің түрін былайша өзгертеді деп тура айтуымыз керек.

XVIII параграфта: «Россияда капитализм барған сайын өндірістің басым әдісіне *айналып келеді...»* делінген. Мұның жеткіліксіз екені сөзсіз. Капитализм қазірдің өзінде-ақ басым *болып отыр* (— егерде мен 40-қа қарағанда 60 қазірдің өзінде-ақ басым болып отыр десем, онда бұл — 40 мүлде жоқ болды немесе ол түкке тұрғысыз ұсақ нәрсе деген сөз емес). Бізде әлі де болса толып жатқан халықшылдар бар, халықшылдыққа салынып отырған либералдар мен халықшылдыққа қарай тез шегіншектейтін «сыншылар» бар, сондықтан мұнда қылдай да шалалық қалдыру мүмкін емес. Ал егерде капитализм әлі де «басым» болмай отырса, онда, тегі, социал-демократияның өзін де қоя тұрған жөн болар.

---

* — таптарды жою — біздің негізгі талабымыз[105]. *Ред.*

«...социал-демократияны *ең бірінші орынға* шығарып...» Капитализм жаңа ғана басым *болып* келеді, ал біз әлдеқ-ақ «ең бірінші орынға» шығып кетіп отырмыз... Менің ойымша, ең бірінші орын туралы ешбір сөз қозғаудың қажеті жоқ: ол өзінен-өзі-ақ бүкіл программадан көрініп тұр. Мұны өзіміз туралы өзіміз айтпай-ақ қояйық, біз туралы тарих айтатын болсын.

Сірә, бұл жоба бұрынғы *крепостниктік* қоғамдық тәртіп деген сөзді қабылдамайтын сияқты, ондағысы «крепостниктік» деген сөзді тек *праволық* құрылысқа ғана қолдануға болады деп есептейді. Менің ойымша, бұлайша шек қоюдың қисыны жоқ: «крепостниктік право», әрине, заңдық мекеме болған, бірақ ол помещиктік (және шаруалық) *шаруашылықтың* ерекше системасына да сай келген болатын, ол «право» арқылы қалыпқа салынбаған толып жатқан тұрмыс қатынастарында да болып отыратын. Сондықтан «капитализмге дейінгі, крепостниктік қоғамдық тәртіп» деген сөздерден қашудың керегі бола қоймас.

Біздің программада крепостниктік правоны «суреттеу» (бұқара тағдыр жазған меншік болыпты деу) мүлде орынсыз және артық нәрсе.

Крепостниктік құрылыс қалдықтарының әсері туралы: олар еңбекші бұқараны қатты езіп отыр деп қапа қою жеткіліксіз. Олардың елдің өндіргіш күштерінің дамуына бөгет болып отырғандығын да және крепостниктіктің басқадай әлеуметтік зардаптарын да көрсету қажет *.

XIX параграф. Менің ойымша, біз үшін демократия (resp.: саяси бостандық) — «өтпелі саты» (қайда өту сатысы? республика туралы біз төменде *таяудағы* практикалық талап ретінде тура айтқан едік қой),— ал конституция — «капиталистік өндірістік қатынастарға қосылатын табиғи праволық қосымша» («игілік» депті, сірә, көшірушінің қатесі болар), деп көрсету мүлде артық нәрсе. Программада мұны айту мүлде орынсыз. Егерде біз самодержавие *«бүкіл* қоғамдық дамуды» бөгеп

* Айта кетейік. Қарсы жобадағы: «шаруалардың *қырғынға ұшырауының* азиаттық-варварлық *формалары»* деген сөйлем оғаш тұр. Мұның орнына: жойылу формалары немесе осы сияқты бірдеңе деуге болар еді.

отыр немесе оның өрісін тарылтып отыр деген болсақ, осының өзі толық жеткілікті, бұл — капитализмнің дамуы да онымен сыйыса алмайды деген сөз. Бұл жөнінде толық ұғымдар түсіндірмелерде айтылуға тиіс, өйтпеген күнде олар керек десе программада біздің самодержавиеге қарсы соғыс жариялауымызды бәсеңдетеді, программаға бір түрлі кітаби, абстрактілік сипат береді.

Оның үстіне төменде біз республика туралы анағұрлым тіке және анағұрлым анық айтып отырғанда капитализмге праволық қосымша туралы және «праволық тәртіп» туралы (§ XX) мұндай жалпы сөздердің не керегі бар? (Айта кетейік, XX параграфта «ескі крепостниктік құрылыс» деген сөз бар, яғни мұнда «крепостниктік» деген сөзге жобаның өзі де заңдық мағынадан гөрі анағұрлым кең мағына береді.)

Самодержавиенің праволық тәртіппен сыйыса алмайтындығы туралы да сөз қылудың керегі жоқ, өйткені іле-шала оны құлатып, республикамен айырбастау талабы айтылып отыр. Онан да самодержавие тұсында халықтың «правосыздығы», т. б. туралы неғұрлым анығырақ айтқан мақұл.

«...Самодержавие — жұмысшы табының азаттыққа ұмтылған талаптарының қас дұшпаны...» делінген, бұған: «және бүкіл халықтың мәдени дамуының да», немесе осы сияқты бір нәрсе қосу керек еді. Міне, біз осылай деу арқылы («өкілділік» жөніндегі сөздермен емес) социал-демократия жұмысшы табының ғана мүдделерін қорғап қоймай, *бүкіл* қоғамдық дамудың мүдделерін қорғайтындығын көрсете аламыз.

Жоғарыда келтірілген ескертпелердің бәрін қорыта келіп, мен жобада негізгі төрт кемшілік бар деп есептеймін, бұлар, менің ойымша, жобаны жарамсыз етеді:

1) көп тұжырымдардың мүлде *абстрактілігі,* бұлар жауынгер партияға емес, лекциялар курсына арналған сияқты;

2) ең негізгі кемшілігі — арнайы-*орыс капитализмі* туралы мәселенің шеткері қалып, күңгірттенуі, өйткені

программа орыс капитализміне қарсы үгіт жүргізу үшін жиынтықты нұсқау мен басшылық беруге тиіс. Біз орыс капитализміне тікелей баға беріп, нақ орыс капитализміне тікелей соғыс жариялауға тиіспіз;

3) *пролетариаттың ұсақ өндірушілерге көзқарасы* мүлде сыңаржақ және теріс бейнеленген, мұның өзі «сыншыларға» және толып жатқан басқаларға қарсы айқасымызда біздің сүйенішімізді жояды;

4) программада әрдайым процеске *түсінік* беруге ұмтылушылық бар. Түсінік бәрібір толық берілмейді, ал баяндау шұбалаңқы болып, қайталау көп кездеседі, программа ылғи түсіндірмелерге қарай ауытқи береді.

1902 ж. 14(27) марттан ертерек жазылған

ПРОГРАММАНЫҢ ПЛЕХАНОВ ЖАЗҒАН ЕКІНШІ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ ПІКІР

Жобаның бүтіндей өн бойына таралған негізгі төрт кемшілік, менің пікірімше, оны мүлде жарамсыз етеді:

1) Капитализмге сипаттама беретін аса маңызды бөлімді тұжырымдау әдісі жөнінен бұл жоба нағыз айқын капитализмнің нағыз шын көріністеріне қарсы *күресуші* пролетариаттың программасын бермейді, тек капитализм атаулыға арналған экономикалық *оқулықтың* программасын береді.

2) Программа, әсіресе, *орыс* пролетариатының партиясы үшін жарамсыз, неге десеңіз капитализмді нақ сол жүйе бойынша жалпы сипаттаудың салдарынан орыс капитализмінің эволюциясы, орыс капитализмі туғызатын қайшылықтар мен қоғамдық күйзелушіліктер мүлде дерлік көрсетілмей, көмескі қалдырылған. Орыс пролетариатының партиясы өзінің программасында партияның орыс капитализміне қоятын айыбын, оның орыс капитализміне соғыс жариялайтындығын барынша айқын баяндауға тиіс. Мұның онан сайын қажет болатын себебі — орыс программасы бұл жөнінде европалық программалармен бірдей бола алмайды: европалық программалар капитализм мен буржуазиялық қоғам туралы бұл ұғымдардың Австрияға да, Германияға да, тағы сол сияқтыларға да жататындығын көрсетпей-ақ айтады, өйткені бұл өзінен-өзі түсінікті. Ал Россия жөнінде осылай деп ойлауға болмайды.

Капитализмнің «өзінің кемелденген түрінде» *жалпы* алғанда пәлендей ерекше қасиеттері болады,— ал Рос-

сияда капитализм «басым болып келе жатыр»,— деумен құтыла салу практика жүзінде күресуші партия үшін айрықша маңызды істен — капитализмді нақты айыптап, оған қарсы соғыс жариялаудан *бас тартқандық* болар еді.

Сондықтан жоба программаның: орыс капитализмінің барлық әр қилы көріністері жөнінде партияның күнделікті насихат және үгіт жұмысын жүргізуі үшін партияға директива беру сияқты басты мақсаттарының біріне жете алмаған.

3) Жобада кейбір өте маңызды пункттерге сондай қате тұжырым берілген, мұның өзі бірқатар нағыз қауіпті түсініспестіктер туғызып, біздің теориялық күресіміз бен насихатымызды қиындатуы сөзсіз. Мәселен, ірі өндірістің өсуі бір ғана «өнеркәсіп» орындарымен шектелген. Ауыл шаруашылығындағы капитализмнің эволюциясы әлде көлеңкеленген, әлде мүлде қалдырылып қойылған. Сонан соң «пролетариат диктатурасының» деген сөздердің орнын «капиталистік қанаудан азап шеккен халықтың басқа топтары қолдаған пролетариаттың алдағы уақытта жасайтын революциясы» деген сөздер алған және тіпті пролетариаттың тап күресінің орнына «еңбекші және қаналушы бұқараның күресі» деген сөздер қойылған. Мұндай тұжырым Интернационалдың: «жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ғана ісі бола алады» деген негізгі принципіне қайшы келеді. Пролетариаттан былайғы, «еңбекші және қаналушы бұқараның» басқа бөлегі (яғни ең алдымен ұсақ өндірушілер) өзінің буржуазияға қарсы күресінде *тек ішінара ғана* революцияшыл болады. Атап айтқанда, ол «пролетариатқа көшуге ыңғайланып», *«пролетариаттың көзқарасына қосылған»* («Коммунистік манифест») кезде ғана революцияшыл болады. Ұсақ өндірушілердің реакцияшылдығы жобада тіпті толық айтылмаған, сөйтіп пролетариаттың «еңбекші және қаналушы бұқараға» қандай қатынаста екендігі *жалпы* және *тұтас алғанда теріс* көрсетілген. (Мысалы, жобада былай делінген: «оның [еңбекші және қаналушы бұқараның] күресі шиеленісуде және ең алдымен оның алдыңғы қатарлы өкілінің: пролетариаттың күресі шие-

ленісуде». Ұсақ өндірушілердің «күресінің шиеленісуі» антисемитизмде де, цезаризмде де, батырақтарға қарсы шаруалардың одақтарында да, тіпті социалистік Жирондаңың Гораға қарсы күресінде де көрінеді. Бүкіл еңбекші және қаналушы бұқараның атынан пролетариаттың өкілдік етуі программада былайша көрсетілуге тиіс: біз капитализмді *бұқараны* қайыршылыққа ұшыратқаны үшін [тек жұмысшы табын қайыршылыққа ұшыратқаны үшін ғана емес], «еңбекші халықтың барған сайын қалың топтарының» [жұмысшы табының емес] жұмыссыздыққа ұшырағандығы үшін *айыптаймыз.)*

4) Жоба шын мәнісіндегі программадан үнемі *түсіндірмелерге* ауытқи береді. Программа *түсінік беруді* түсіндірмелерге, кітапшаларға, үгітке және т. с. қалдырып, бірден-бір артық сөзі жоқ, *қысқаша қағидалар* беруге тиіс. Сондықтан да Энгельс Эрфурт программасын тым ұзын, тым қазбалап, қайталай береді, сөйтіп түсіндірмелерге ауытқи береді, деп өте дұрыс кінәлаған болатын [106].

Ал жобада бұл кемшілік онан да күшті болып отыр, қайталау адам айтқысыз көп, программаға процесті *түсіндіруді* (процеске *сипаттама* беріп қана қоюдың орнына) кіргізу талабы бәрібір мақсатына жете алмай, тек программаны шамадан тыс ұзартып жіберіп отыр.

1902 ж. 14(27) марттан ертерек жазылған

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ БӨЛІМІНЕ ТҮЗЕТУ [107]

NB: Түзету

Біздің аграрлық программаның төртінші пунктіне мен мынадай өзгеріс енгізуді ұсынамын:

«(а) село қоғамдарына (экспроприациялау жолымен *немесе, егерде жер қолдан-қолға өтіп кеткен болса, төлемін өтеу жолымен, т. с. жолмен)* сол жерлерді қайтарып беру үшін шаруа комитеттерін құру», т. б. деген сөздердің орнына:

«(а) село қоғамдарына (экспроприациялау жолымен) сол жерлерді қайтарып беру үшін шаруа комитеттерін құру» деп айтылсын, т. б.

яғни *асты сызылған сөздер алынып тасталсын.*

Меніңше, бұл түзетуді төмендегі пікірлерді еске ала отырып енгізу керек:

1. Аграрлық программада біз өзіміздің «максимумды», өзіміздің «әлеуметтік-революциялық талаптарымызды» (менің түсіндірмелерімді қараңыз [108]) қойып отырмыз. Ал төлемін өтеп алу талабын қалдыру бүкіл талаптың әлеуметтік-революциялық сипатына қайшы келеді.

2. «Төлемнің» өзінде тарихи дәстүр бойынша да (1861 жылғы төлем [109]), өзінің мазмұны бойынша да («төлемнің өзі — сатып алу» [110] деген әйгілі сөзбен салыстырыңыз) пасық-ізгі ниетті және буржуазиялық шараның өзіне тән татымал дәмі бар. Төлемін өтеуді біздің *қалдыруымызға* жармаса кетіп, талабымыздың барлық маңызын бүлдіру мүмкіндігі жоқ нәрсе емес (ал бұл үшін бүлдіргіштер артығымен жетіп жатыр)*.

* Төтенше революциялық шара ретінде кесінді жерлерді қайтаруды біз төлемін өтеуді қалдыруымыз арқылы нағыз қарапайым «реформаға» айналдырып, *кері кетіреміз.*

3. Кесінді жерлер үшін ақша төлеген адамдардың кесінді жерлерін тартып алады деген «әділетсіздіктен» қорқуға,— дәлел жоқ. Біз кесінді жерлерді қайтару жөніндегі осы шараны онсыз да екі бірдей тар шарттың шеңберіне салып отырмыз [(1) — «1861 жылы кесіліп алынған жерлер» және (2) — *«қазіргі уақытта* қанаудың құралы болып отырған жерлер»]. *Крепостниктік* қанаудың құралы болып отырған меншікті еш нәрсе төлеместен-ақ кәмпескелеу толығынан әділ іс. (Ал сонан кейін, мейлі, кесінді жерлерді сатып алушы сатушымен соттаса берсін — онда біздің шаруамыз жоқ.)

4. «Төлемін өтеуді» қалдыру арқылы біз жұмыспен өтеудің салдарынан натуралды шаруашылыққа мейлінше байланған шаруаларға *ақша* төлеуді жүктейміз: *ақша төлеміне* бірден көшу шаруаларды *ерекше тез* күйзелтуі мүмкін, ал бұл біздің программамыздың бүкіл рухына қайшы келген болар еді.

5. Егерде *ерекше жағдай ретінде* кесінді жерлерді сатып алушыға бір нәрсе «төлеу» керек бола қалған күнде де оны еш уақытта осы кесінді жерлерге адамгершілік жағынан да, тарихи жағынан да правосы бар шаруалардың есебінен істеуге болмайды. «Төлегенде» соған татырлық бір бөлшек жерді шалғайырақ жерден беру, т. б. арқылы төлеуге болады; ал енді бұл жағы біздің ісіміз емес.

Барлығыңыздан өздеріңіздің дауыстарыңызды берулеріңізді сұраймын: *жақтасаңыздар* = төлем туралы сөзді алып тастау, мен көрсеткен сөздерді сызып тастау дегендік болады.

Қарсы болсаңыздар = бұрынғы күйінде қалдырғандық болады.

1) Г. В.—
2) П. Б.—
3) В. И.—
4) Берг—
5) А. Н.—
6) Фрей — жақтайды.

1902 ж. 22 марттан (4 апрельден) ертерек жазылған

ПРОГРАММАНЫҢ КОМИССИЯ ЖАСАҒАН ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР [111]

КОМИССИЯ ЖАСАҒАН ЖОБАНЫҢ ТЕКСТІ	ЛЕНИННІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ
	Сұрау белгісі стиль жағынан жақсартуды тілегендікті көрсетеді.
1. Халықаралық айырбастың дамуы цивилизациялы әлемнің барлық халықтары арасында тығыз байланыс орнатқаны соншалық, пролетариаттың ұлы азаттық қозғалысы халықаралық қозғалыс болуға тиіс болды және ол көптен бері-ақ халықаралық қозғалыс болып та отыр.	
2. Сондықтан орыс социал-демократтары өзінің партиясына пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі, халықаралық социал-демократияның бір бөлегі деп қарайды және де барлық басқа елдердің социал-демократтары сияқты сол түпкі мақсатты көздейді.	Сөз жүйесін тазартса.
	Бұл «сияқты» деген сөз дұрыс емес, стиль жағынан қолайсыз. «Барлық басқа елдердің социал-демократтарының көздеп отырған түпкі мақсаты қандай болса, олардың көздейтін түпкі мақсаты да нақ сондай» немесе т. с.
3. Бұл түпкі мақсат буржуазиялық қоғамның дамуының	«Сипаты және» — дегенді артық сөздер ретінде

сипаты және барысы арқылы анықталады.

алып тастауды ұсынамын. *Түпкі мақсатты барысы* анықтайды, оны бұл жалпыға бірдей «барыстың» «дамудың сипаты» деген ұғым арқылы түсіндірілетін түрлері анықтамайды. Демек, бұл артық сөздер және онша дәл айтылмаған.

Бұл қоғам капиталистік өндірістік қатынастар тұсындағы товар өндірісінің үстем болуы арқылы сипатталады, яғни бұл қоғам мыналар арқылы сипатталады: тұтыну заттарының ең маңызды және ең көп бөлегі

Неліктен тек «тұтыну заттарының» делінген? Ал өндіріс құрал-жабдықтары қайда? Онан да: «өнімдердің» т. с. деген дұрыс болар еді.

ішкі немесе халықаралық рынокта өткізу үшін өндіріледі,

Менің ойымша, бұл сөздерді сызып тастау керек. Артық қайталау.

ал бұл тұтыну заттарын — товарларды өндіріп және оларды айналысқа салу үшін керекті құрал-жабдықтардың ең маңызды және ең көп бөлегі

Бұл сөздерді сызып тастаған жөн болар еді. Товар тек тұтыну заттары ғана емес.

өзінің сапы жағынан біршама аз

(«Біршама аз» дегеннің орнына — *болмашы десе қайтеді,* өйткені: *«ең* маңызды және *ең* көп бөлегі» деген сөздердің өзі де жеткілікті шектеу. Бірақ мән мұнда емес.)

адамдар табына жатады, V ал халықтың орасан көпшілігі ішінара,

V «Капиталистер мен жер иелеріне» деп қосу керек еді. Өйтпеген күнде *абстрактілік* болып шыға-

ды, әсіресе кейінгі: «шаруалар мен майдагерлер» деген сөздермен салыстырғанда бұл *өте қолайсыз* болады.

қолында ешқандай өндіріс және айналыс құрал-жабдықтары жоқ адамдардан (пролетарлар) құралады,

«Және айналыс» деген сөзді алып тастау керек: тақыр-таза пролетарлардың қолында *тұтыну заттарына* айырбасталатын «айналыс құрал-жабдықтары» болуы мүмкін және олар бар да.

ішінара қарамағында өте азғантай ғана өндіріс құрал-жабдықтары бар адамдардан құралады, бұл өндіріс құрал-жабдықтары олардың өмір сүруін қамтамасыз етпейді (бұлар — ұсақ өндірушілердің кейбір топтары, мысалы, ұсақ шаруалар мен майдагерлер). Осы адамдардың бәрі де өзінің экономикалық жағдайы бойынша өзінің жұмыс күшін *ұдайы* немесе *мезгіл-мезгіл* сатып отыруға мәжбүр болады, яғни өндіріс және товар айналысы құрал-жабдықтарының иелеріне жалданып, өзінің еңбегімен оларға табыс келтіріп отырады.

? Сөз жүйесін тазартса! «Өндіріс құрал-жабдықтары» өмір сүруді *қамтамасыз етеді (?)*.

4. Техниканың үздіксіз жетілдірілуі ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттыра отырып, дербес ұсақ өндірушілерді ығыстырған сайын, яғни олардың бір бөлегін пролетарларға айналдыра отырып, санын біршама кеміткен сайын, олардың қалған басқаларының қоғамдық-экономикалық өмірдегі ролін кеміткен сайын, ал кей жерлерде оларды азды-көпті толық түрде,

азды-көпті ашық түрде, азды-көпті ауыр түрде ірі кәсіпкерлердің тәуелділігіне түсірген сайын капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдігі согұрлым барған сайын ұлғая түседі.

5. Техниканың осы жетілдірілуі дербес ұсақ өндірушілердің бір бөлегін пролетарларға айналдыра отырып, жұмыс күшін керексінудің бұрынғыдан да өсуіне жеткізеді, кәсіпкерлерге өндіріс процесі мен товар айналысында әйелдер мен балалар еңбегін барған сайын кең түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Ал, екінші жағынан, техниканың (машинаның) жетілуінің сол процесінің өзі кәсіпкерлердің жұмысшылардың жанды еңбегін керек етуі біршама кемуіне әкеп соғатын болғандықтан жұмыс күшін керексіну оны ұсынудан сөзсіз артта қалып отырады, осының салдарынан жалдама еңбектің капиталға тәуелді болуы күшейіп, ол еңбекті капиталдың қанау дәрежесі артады. Өзінің еңбегімен жасалған қоғамдық табыстың жалпы сомасының ішінен жұмысшы табының алатын үлесі ұдайы азайып отырады.

Тек ірі капиталдың ғана емес — «капиталдың» тәуелділігіне түсіреді.

?

?

Осының алдындағы қағидада айтылып өткендіктен бұл сөздерді пікірді бостан-бос қайталағандық ретінде, алып тастаған жөн болар еді.

Жалпы алғанда 5-параграф жобаның жалпы кемшілігін: баяндаудың *ұзақ* және орынсыз *шұбалаңқы* екендігін көрсетеді. Оның бер жағында бұл Энгельстің Эрфурт жобасына жазған сынында айтқан «schie-

fe Nebenbedeutung» * дегеніне әкеп соқтырады. Мысалы, әйелдер мен балалардың еңбегін пайдаланудың өсуі *тек* ұсақ дербес өндірушілердің пролетарларға «айналуынан» ғана пайда болатын сияқты, ал бұл олай емес, мұндай нәрсе бұл сияқты *«айналудан» бұрын да* болады. 5-параграфтың бас жағы— текке қайталағандық.

6. Буржуазиялық қоғамдағы істің мұндай жағдайы — Артық өндіру азды-көпті ауыр өнеркәсіп дағдарыстарын тұғызады, мұндай дағдарыстардан соң өнеркәсіптің азды-көпті уақыт бойына тоқырауы басталады, бұл артық өндіру товар өндірісін сипаттайтын жоспарсыздық тұсындағы және қазіргі қоғамға тән капиталистік өндірістік қатынастар тұсындағы өндіргіш күштердің өсуінен туатын табиғи нәтижелер болып табылады. Дағдарыстар және өнеркәсіптің тоқырау кезеңдері ұсақ дербес өндірушілердің жағдайын бұрынғыдан да қиындатады, пролетарлардың жағдайының біршама, ал кейбір жерлерде мүлде нашарлауын бұрынғыдан да тездете түседі.

Қалып қойған.

Тағы да қайталау!!

Бұл аз. «Олардың жағдайын қиындатып» қана қоймайды, оларды топ-тобымен тура *күйзелтеді.*

6-параграфтың бірінші бөлімі қысқартылса, көп ұтар еді.

7. Сөйтіп, еңбек өнімділігінің артуы және қоғамдық байлықтың өсуі болып табылатын техниканың жетілдірілуі буржуазиялық қоғамда қоғамдық теңсіздіктің өсуіне, дәулеттілер мен дәулетсіздердің ара-

* — «теріс түсініктерге мүмкіндік береді». *Ред.*

сының қашықтауына, өмір сүру қиыншылықтарының, жұмыссыздықтың және қайыршылық атаулының өсуіне себеп болады.

«Қайыршылық атаулының *өсуі»* — бұл мен жасаған жобадан оншама дұрыс алынбаған. Қайыршылықтың *өсуі* туралы мен айтқаным жоқ. «Атаулы» деген сөз *«мүлде»* деген сөзді де қамтиды. Сондықтан *халықтың қайыршылығы* туралы басқаша айту керек еді.

8. Бірақ капиталистік өндіріс әдісіне тән осы қайшылықтардың бәрі өсіп, дамыған сайын еңбекші және қаналушы бұқараның қазіргі тәртіпке наразылығы да өсіп отырады және оның алдыңғы қатарлы өкілі — пролетариаттың сол тәртіпті қорғаушыларға қарсы күресі күшейе түседі.

8-параграф — комиссияның өзінің «туындаған» кезінде-ақ алдына қойылған дәл де айқын-ашық *шартты қасарып* орындағысы *келмей* отырғандығын көрсетеді. *Бұл шарт бойынша* жобаға қосымша енгізілуі тиіс еді (комиссия бұл қосымшаны *10-параграфқа* енгізген де болатын), *сонымен қатар* бұл қосымшаға дейін әңгіме *бір ғана* пролетариаттың тап күресі туралы болуға тиіс еді. Келісім шартында ашық айтылған бұл соңғы талапты комиссия *орындамай* отыр, сондықтан мен мұны орындауды талап етуге өзімді праволымын деп есептеймін.

10-параграфтың аяқ жағында айтылған сөздерге *жетпей тұрып,* бүкіл еңбекші бұқараның наразылығы туралы жалпы сөз қылып, пролетариатты

оның «алдыңғы қатарлы өкілі» деп атау *дұрыс емес,* өйткені бұл 10-параграфтың аяқ жағындағы *шарт айтылған кезде ғана* дұрыс болатын нәрсе. Шартты нәрсені комиссия шартсыз нәрсе етіп көрсетіп отыр. Ұсақ өндірушінің жартыкештігін, оның *жартылай реакцияшылдығын* комиссия *ешбір нәрсе* арқылы *көрсетпей отыр:* бұлай етуге тіпті де болмайды. Осыдан келіп осы ұсақ өндірушінің (немесе бұл топтың *бір бөлігінің) принципті* түрде «осы тәртіпті қорғаушылардың» (8-параграфта да осы сөздер айтылған!!) қатарында болу *мүмкіндігі* мүлде *ұмытылған!!* Ал оның бер жағында бұл мүмкіндік біздің көз алдымызда *өте* жиі шындыққа айналып отыр.

Пролетариаттың қозғалысы туралы, оның тап күресі туралы және тіпті оның *таптық диктатурасы* туралы айтуға праволы болу үшін,— осы *бір* тапты *ең алдымен бөліп көрсету* керек, сонан кейін барып оның өкіл ретіндегі ролі туралы қосу керек. Мұнсыз жобада байланыс болмай қалады; 8-параграф логика жағынан өзінің

жалғасымен де (неге «еңбекші бұқараның диктатурасы» делінбеген??), өзінің *бас жағымен де қабыспаған* (егерде қоғамның барлық қайшылықтары шиеленісетін болса, мұның өзі *екі таптың* күресі де барған сайын шиеленісіп отырады *деген сөз*, ал мұны айтуды комиссия ұмытып кеткен!!). Басы-аяғы біріктірілмеген.

Сонымен қатар техниканың жетілдірілуі шеберхана ішінде еңбек процесін қоғамдастыра және өндірісті шоғырландыра отырып,

Еңбектің қоғамдастырылуы шеберхана ішінде не болып жатқанымен әсте шектелмейді: бұл жерін түзету қажет.

пролетариаттың таптық қозғалысын саналы түрде білдіруші ретіндегі халықаралық социал-демократияның бүкіл қызметінің түпкі мақсаты болған сол әлеуметтік революцияның жасалуына барған сайын тез мүмкіндік туғызады.

+ «және *қажеттігін»* (әлеуметтік революцияның) туғызады.

Салыстыру үшін. NB

9. Бұл әлеуметтік революцияның маңызы: капиталистік өндірістік қатынастарды жойып, оларды социалистік өндірістік қатынастармен ауыстыру, яғни өнімдерді өндіру және айналысқа салу құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке беру үшін қанаушыларды экспроприациялау және бүкіл қоғамның да, оның жеке мүшелерінің де мұқтаждарын қанағаттандыру үшін қоғамдық өндіру процесін жоспармен ұйымдастыру болып табылады.

?

Дәл емес. *Мұндай* «қанағаттандыруды» капитализм де «бере» алады, бірақ ол қоғамның *барлық* мүшелеріне *бермейді* және *бірдей етіп бермейді.*

Бұл мақсатты жүзеге асыру барлық езілген адам баласын азат етеді, өйткені бұл қоғамның бір бөлегін екінші бөлегінің қанауының барлық түрлерін жояды.

— Мен өзімнің келіспейтінімді — NB *-ге қарсы жерде айтқан болатынмын

10. Өзінің әлеуметтік революциясын жасау үшін пролетариат саяси өкіметті *(таптық диктатураны)* жеңіп алуға тиіс, бұл пролетариатты өмірдің қожасы етіп, оған барлық кедергілерді жеңіп шығуына ? мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа жету үшін барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұратын дербес саяси партия болып ұйымдаса отырып,

«Б а р л ы қ буржуазиялық партияларға қарсы тұратын»,— демек, *ұсақ буржуазиялық* партияларға да қарсы тұрады, солай емес пе?? Ал ұсақ буржуаның *көпшілігі* «еңбекшілер мен қаналушылар» емес пе. Қабыспай тұр.

пролетариат халықтың капиталистік қанаудан қорлық көріп отырған барлық басқа топтарын өз қатарына шақырады,

Социал-демократия ұйымдастыр*ады* және шақыр*ады*. «Пролетариат... *өзінің(!)* тобына шақырады» — ganz unmöglich! **

олар қазіргі қоғамда өз жағдайының үмітсіз екендігін түсініп, пролетариаттың көзқарасына көшетін болғандықтан, пролетариат олардың қолдауына сенім артады.

«Олардың қолдауына сенім артады» деген сөздерді алып тастау керек. Олар *артық сөздер* (егерде шақыратын болса, онда сенім артады да) және олардың schiefe Nebenbedeutung-і тағы бар. Шақырғанда түсінетіндерді шақырады,— ал түсінетін болса, das genügt ***.

* Қараңыз: осы том, 254-бет. *Ред.*
** — тіпті де мүмкін емес! *Ред.*
*** — осының өзі-ақ жеткілікті. *Ред.*

11. Күресіп жатқан пролетариаттың партиясы, социал-демократия, оның таптық күресінің барлық түрлеріне басшылық етеді, барлық еңбекші және қаналушы бұқараға қанаушылардың мүдделерінің қаналушылардың мүдделеріне келісімге келмейтін қарама-қарсылықта екендігін әшкерелейді және оларға алдағы болатын әлеуметтік революцияның тарихи маңызы мен қажетті шарттарын түсіндіреді.

12. Бірақ бүкіл цивилизациялы әлемде бірыңғай өндіріс әдісінің үстем болуына байланысты өздерінің жалпы түпкі мақсаты бір болғанымен түрлі елдердің социал-демократтарының өз алдарына қойып отырған *таяудағы* міндеттері бірдей емес, оның себебі: бұл әдіс барлық жерде бірдей дәрежеде дамып отырған жоқ, оның үстіне мұның дамуы түрлі елдерде түрліше әлеуметтік-саяси жағдайда болып отырады.

«Олардың (оның) мүдделерінің капитализмнің өмір сүруінің өзімен келісімге келмейтіндігі» деп немесе сол сияқты етіп түзету. Еңбекшілердің барлығы бірдей өздерінің «мүдделері» қанаушылардың мүдделеріне «келісімге келмейтін» қарама-қарсылықта болатындай жағдайда емес. Еңбекші шаруаның азын-аулақ *бірдемесі*, $\frac{a}{n}$ бар, оның аграрийге **ұқсас** бірдемесі бар. *Жалпы*, кеңейтіңкіреп айту керек, әйтпесе дұрыс болмай шығады да, *сылдыр сөзге* айналады.

? Сөзінің түрін!!

12-параграфтың аяғы. Қысқартуға тырысқан жөн. Бұл параграф ықшамдалса, өте пайдалы болар еді. «Ұлттық өзгешеліктер» деген немесе т. с. с. арқы-

лы он сөздің орнына сығымдап екі сөз алуға болмас па екен?

13. Россияда өз үстемдігінің саласын тез таратып келе жатқан және барған сайын басым өндіріс әдісі болып келе жатқан капитализммен қатар капитализмге дейінгі біздің ескі қоғамдық тәртіптің қалдықтары осы күнге дейін қадам басқан сайын кездесіп отырады, бұл ескі қоғамдық тәртіп еңбекші бұқараны помещиктерге, мемлекетке немесе мемлекет басшысына тәуелді етуге негізделген тәртіп. Бұл қалдықтар өндіргіш күштердің дамуына қатты бөгет жасайды, пролетариаттың таптық күресінің барлық жағынан дамуына жол бермейді, еңбекші халықтың тұрмыс дәрежесін төмендетеді, көп миллиондаған шаруалардың азиаттық-варварлық түрде күйзеліп, күйреуіне себепші болады және бүкіл халықты қараңғылықта, правосыздықта және езгіде ұстайды.

13-параграфтың басы. Маған қарай құрттай қадам басқаны үшін иіліп, алғыс айтамын. Бірақ «болып келе *жатқан*, басым болып келе *жатқан»*... делінген, жатқан... жатқан... дегенді айта берген!

NB

? Сөзінің түрін!

13-параграфтың аяғы. Түзеткен жөн: *қалай* түзету керек екенін мен ұсынған болатынмын (өз жобама өзімнің жазған түзетулерім*), әйтпесе — «... күйзеліп, күйреудің варварлық түрі...» деп айтпақпыз ба?

14. Патша самодержавиесі біздегі крепостниктік құрылыс қалдықтарының ішіндегі ең күрделісі және бүкіл осы варварлықтың ең күшті тірегі бола отырып, саяси және азаматтық бостандықпен ешбір

? Сөзінің түрін.

* Қараңыз: осы том, 232-бет. *Ред.*

сыйыса алмайды; ал мұндай бостандық капиталистік өндірістің алдыңғы қатарлы елдерінде, сол өндірістің табиғи праволық қосымшасы ретінде, әлдеқашан-ақ орнаған болатын.

«Табиғи праволық қосымша»—дұрыс ойды мүлде қолайсыз сөздермен айтқан. Капитализм үшін бостандықтың «табиғи болуы» 1001 әлеуметтік-тарихи фактор арқылы қиындап отырады, «табиғи» деген сөз мұны көрсете алмайды. Сондықтан ол сөзден қайдағы бір либерализмнің иісі аңқып тұр. Лажын тауып,— «қиындап бара жатқан мүдделерді көрсету үшін азаматтық және саяси бостандықтың болуын қажетті түрде талап *етіп* отырған капитализмнің *бүкіл* дамуы самодержавиені *сөзсіз* өлімге байлап отыр» деген сияқты етіп бірдеме деу керек еді, бір сөзбен айтқанда, *сөзсіздік* идеясын айтып көрсету керек, бірақ осы сөзсіздікті «табиғи нәрселердің» қатарына қосып түсінбестік тудырмау керек.

Өзінің табиғаты бойынша патша самодержавиесі қоғамдық қозғалыстың қандайын болса да жаныштауға тиіс, сондықтан ол пролетариаттың азаттыққа ұмтылған барлық талаптарының қас дұшпаны болмай тұра алмайды.

?

Жарамайды. Қандайын болса да *емес:* биметаллизм (және прерафаэлитизм) [112] де «қоғамдық қозғалыс» болып табылады. Түзету керек.

Сондықтан орыс социал-демократиясы патша самодержавиесін құлатуды және оның орнына демократиялық конституцияға негізделген, т. б. қамтамасыз ететін республика орнатуды өзінің таяудағы саяси міндеті етіп қояды.

Жалпы және тұтас алғанда, комиссияның жобасын неғұрлым көбірек зер сала оқысаң, былайша айтқанда, оның *піспегеніне* соғұрлым көбірек көзің жетеді. Мен алдын ала былай деймін: егерде біз жобаны *осы күйінде* жариялайтын болсақ, онда жобаның бұл сапасы жұрттың көп наразылығын және әділетті наразылығын туғызады. Мұның сырт жағынан «желімделе» салған нәрсе екендігін жұрттың *бәрі* көреді.

Егер күнәмыз үшін алла тағала бізді осындай «шалашарпы» жобамен шығуға мәжбүр етіп жазалаған болса, онда ең болмағанда бұдан туатын өкінішті зардаптарды *азайту* үшін *барлық* күшті салуымыз керек. Сондықтан «тезірек бітіру керек» деген пікірге *көп беріліп* отырғандардың ойы мүлде теріс: *қазір*, мұндай шиеленіскен жағдайда, асығудан зияннан басқа пайда болмайды, және де біздің редакциялық жобамыз қанағаттанарлық болмай шығады. Қайткенде де «Заряның» 4-номерінде басылуы міндетті емес: оның 5-номерінде басып шығарамыз және 5-номер шыққанға *дейін* жеке басып шығарамыз. Бұл жолды қолдайтын болсақ, бір айдай кешігуден партияға зәрредей де зиян келмейді. Расында да, егер мәртебелі комиссия тағы да жақсылап жұмыс істеп, ойластырып, әбден талдап түсініп барып, бізге *өзінің* әр нәрседен желімделмеген, тұтас жобасын берсе жақсы болар еді. Тағы да қайталап айтамын: егерде бұл міндетті жүзеге асыруға болмайтын болса, онда істің мүддесі үшін 2 жобаның жоспарына қайта айналып соғу анағұрлым пайдалы (ал біз бұл жобаны *ешбір* «ыңғайсыздыққа» ұшырамай-ақ толығымен жүзеге асыра аламыз: Плеханов өзінің қолын қойып «Заряға» басып шығарады,— ал мен, x, y, z сияқты, Женевада «сыртта» бастырамын). Жоғары мәртебелі коллегиядан «істің

барлық жағдайларын» *көңіл қойып* ойластыруын ілтипатпен өтінемін.

12. IV. 1902 — вагон ішінде: таза жазылмағандығы үшін кешірім сұраймын. Егерде үлгерсем, анығырақ етіп тағы да жазармын.

1902 ж. 30 мартта
(12 апрельде) жазылған

ПРОГРАММАНЫҢ КОМИССИЯ ЖАСАҒАН ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША ЕСКЕРТПЕЛЕР

Жобаның өзіне жасалған ескертпелерге қосымша ретінде тағы да мыналарды айта кетем:

§ 3. «Қоғам (буржуазиялық) капиталистік өндірістік қатынастар *тұсындағы* товар өндірісінің үстем болуымен сипатталады, *яғни...»*, ал әрі қарай капитализмнің негізгі белгілері баяндалады. Осыдан барып сәйкессіздік туады: *«яғни»* деген сөз арқылы біртектес емес, тепе-тең емес ұғымдар, атап айтқанда 1) капиталистік өндірістік қатынастардың үстемдігінен туатын товар өндірісі түрінің *өзгеруі* және 2) рынокта өнімдер өткізу мен халық бұқарасының өз жұмыс күшін сатуы бірге қосылып кетіп отыр.

Бұл сәйкессіздік, жалпы товар өндірісінің және жалпы капитализмнің *негізгі* және нағыз жалпылама белгілерін — капиталистік өндірістік қатынастардың негізінде болатын товар өндірісінің түрі өзгеруін бүйтіп теңестіріп жіберу (онда товарлар *тек* өздерінің құны бойынша *ғана* айырбасталмайды) — Г. В. тұжырымының сәтсіздігін айқын көрсетіп отыр (ал комиссия бұл тұжырымды қабылдап, тек басқаша қайталап айтқан да қойған). Капитализмнің тек мейлінше жалпы және негізгі белгілерін пайымдайтын, *керек десе қосымша құн теориясын да пайымдамайтын* программада,— біз «капитализм негізіндегі товар өндірісі» жай товар өндірісіне онша ұқсамайтынын ескертіп, Бём-Баверкке қарап кенет «бас изейміз»! Егер олай болса, онда Михайловскийге, Бердяевке, т. б. әдейі арнап бас изеуді

программаға неге қоспаймыз? Бір жағынан, тіпті Маркстің еңбекті капиталдың қанауы жөніндегі бүкіл іліміне арнап: «өзінің еңбегімен оларға табыс келтіреді» (§ 3 аяғында) деген, жалпылама социалистік бір ғана сөйлем айтылып отыр,— ал, екінші жағынан, «капиталистік өндірістік қатынастарға негізделген товар өндірісі» тұсында қосымша құнның әдейі пайдаға айналдырылатындығы айтылып отыр.

Г. В.-ның «капиталистік өндірістік қатынастар негізіндегі товар өндірісі» деген сөздер III томның[113] негізгі ойын көрсетеді деуі өте дұрыс. Бірақ тек осынысы ғана дұрыс. II томның негізгі ойы болып табылатын, товар өткізудің тетіктерін пайымдап жату мұнда қаншама қажетсіз болса,— артық пайданың жер рентасына айналуын пайымдап жату мұнда қаншама қажетсіз болса,— бұл пікірдің программада айтылуы да сондайлық орынсыз нәрсе. Программада еңбекті капиталдың қанауы = қосымша құнның жасалуы *атап көрсетілсе* — соның өзі-ақ жеткілікті, ал бұл қосымша құнның басқа нәрселерге *айналуының* әр алуан түрлері туралы және оның формаларының өзгеруі туралы айтып жату орынсыз (және оны қысқаша бір-екі ауыз сөзбен айтып шығу мүмкін емес).

ТАП КҮРЕСІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚОСЫМША

Бізде социал-демократия қатарына ұсақ өндірушілердің анағұрлым көп бөлегін тартуға болады және оны анағұрлым ерте (Батысқа қарағанда) тартуға болады,— мұны жүзеге асыру үшін біз өзіміздің қолымыздан келгеннің *бәрін* істеуіміз керек,— бұл «тілекті» Мартыновтарға et C° «қарсы» программада көрсету керек — деген В. Дм.-ның пікірін мен толық қостаймын. Мұның бәріне мен толық қосылам. 10-параграфтың аяғында айтылған қосымшаны *құттықтаймын* — түсінбеушілік болмауы үшін мұны баса көрсетіп отырмын.

Бірақ В. Дм.-ның істеп отырғаны сияқты, садақты екінші жағына қарай майыстыруға болмайды ғой! «Тілекті» *шындықпен* шатастыруға болмайды ғой, оның үстіне тек осы жаңа ғана өзіміздің Prinzipienerklärung-

іміз* арналған иммаиенттік-қажетті шындықпен шатастыруға болмайды ғой. *Барлық* ұсақ өндірушілерді тартқан дұрыс,— әрине. Бірақ мұның ерекше тап екенін, мыңдаған арқаулар мен өтпелі сатылар арқылы пролетариатпен байланысып жатса да, дегенмен ерекше тап екенін біз білеміз.

Ең алдымен міндетті түрде басқалардың бәрінен өз іргемізді *бөліп алуымыз керек,* тек бір ғана, бірден-бір және *бірыңғай* пролетариатты бөліп алуымыз керек,— ал *содан кейін:* пролетариат басқалардың бәрін азат етеді, бәрін шақырады, бәріне келіңдер дейді, деу керек.

Мен осы «содан кейін» дегенге қосыламын, бірақ мен одан бұрын «ең алдымен» дегенді талап етемін!

Бізде, Россияда қашан «ат төбеліндей» фабрика-завод жұмысшылары күрес бастағанға дейін, тап күресін бастағанға дейін «еңбекші және қаналушы бұқараның» сұмдық азаптары ешқандай *халық* қозғалысын туғызбады. Ал осы «ат төбеліндей» фабрика-завод жұмысшылары *ғана* сол күресті жүргізудің, ілгері бастырудың, *кеңейтудің* кепілі болады. Нақ Россияда, сыншылар (Булгаков) социал-демократтарды «шаруалардан жиренеді» деп айыптап отырған, ал социалист-революционер [114] тап күресі деген ұғымды *«барлық* еңбекшілер мен қаналушылардың күресі» деген ұғыммен *ауыстыру* қажет деп айқай салып отырған («Вестник Русской Революции» № 2) — нақ Россияда біз *ең алдымен тек* бір *ғана* пролетариаттың тек бір ғана таптық күресін мейлінше айқын анықтау арқылы барлық басқа қоқсықтан өз іргемізді *бөліп алуымыз* керек,— содан кейін барып біз *бәрін де шақырамыз,* бәрін де қосып аламыз, бәрін де істейміз, барлық жағынан да кеңейтеміз деуімізге болады. Ал комиссия іргені бөліп алуды ұмытып, «кеңейтіп отыр»!! Ал осы «іргені бөліп алу» кеңеюден *бұрын болсын* деп талап еткенім үшін мені ой-өрісі тар деп айыптап отыр?! Бұл — мәселенің өңін айналдырушылық қой, мырзалар-ау!!

* — декларация, принциптерді жариялау. *Ред.*

Ал ертеңгі күні біріккен сыншыларға + «Русские Ведомостидегі» және «Русское Богатстводағы»[115] солшылдау мырзаларға+социалист-революционерлерге қарсы сөзсіз жүргізетін күресіміз бізден нақ осы пролетариаттың *таптық күресін* «еңбекші және қаналушы бұқараның» «күресінен» (күрес не екен?) *ажыратуды* міндетті түрде талап етеді. Осы бұқара туралы сөздер — барлық unsicheren Kantonisten-дердің * ең басты бетке ұстар дәлелі, ал комиссия солардың отына май құйып отыр және сол жартыны баса көрсету мақсатымен бізден жартыкештікке қарсы күресетін қаруымызды алып қойып отыр! Екінші жартысын да естеріңізден шығармасаңыздаршы!

1902 ж. апрельдің басында жазылған

---

* — сенімсіз кантоншылдардың. *Ред.*

МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕП ЖАЙЫНДА

Әдеттегіше, біздің газеттеріміз мемлекеттің 1902 жылғы кірісі мен шығысының есебі жайындағы финанс министрінің патша ағзамға ұсынған баяндамасын жариялады. Әдеттегіше,— министрдің айтуына қарағанда,— бәрі де оңды көрінеді: «финанс өте-мөте жақсы күйде», бюджеттің «тепе-теңдігі мүлтіксіз сақталған», «темір жол ісі ойдағыдай өркендеп отыр», тіпті «халықтың әл-ауқаты да үнемі артуда»! Мемлекеттік шаруашылық мәселелері соншама маңызды болса да, бізде оған мейлінше аз көңіл бөлінетіндігіне таңдануға болмайды: міндетті нәрсеге айналған қазыналық мадақталудан кейін жұрт бұған назар салуды қойған, қағаз не жазса да шыдай беретінін, «бәрібір» ресми финанс сиқырлығының арғы жағына жұртты «жіберуге рұқсат етілмейтінін» әркім біледі.

Алайда, бұл жолы мына жағдай көзге айрықша түсіп отыр. Сиқыршы әдеттегі өзініңептілігімен жұртқа құр алақанын жайып салады да, қолын сермеп жіберіп, алтын теңгелерді бірінен соң бірін көрсетеді. Жұрт қол шапалақтайды. Сөйте тұрса да сиқыршы жанталасып өзін өзі қорғай бастайды, тіпті көзіне жас алғанға дейін барып, мен бұл жерде айлакерлік жасап тұрғаным жоқ, дефицит жоқ, мүліктен гөрі берешек қарыздар аз деп сендірмек болады. Орыс жұрты көпшілік жиналған жерде сыпайы болуға әбден үйретілгендіктен, шетте тұрып пәлен деп айту оған ыңғайсыз болып көрінеді, олардың тек біразы ғана: «ғапу өтінгені — өзін өзі кінәлағаны»

деген француз мақалын өз іштеріпен міңгірлеп айтып тұрады.

Біздің Витте не деп «ғапу өтінетінін» көрелік. Екі миллиард сомға жуық (1946 млн.) орасан көп шығынның орны мемлекет қаржысын сақтайтын орындағы «қолда бар артық ақшаның» атақты қорынан 144 млн. алынғандықтан ғана толық жабылып отыр, ал артық ақшаның орны өткен жылғы 127 млн. сомдық 4 проценттік заеммен толтырылған (барлық заем 148 млн. сом болатын, бірақ оның 21 млн. сомы әлі алынбаған). Демек, дефициттің орны заеммен толтырылған екен?— Тіпті де олай емес, дейді сиқыршы бізді сендірмек болып, «заем жасау әсте де сметада көрсетілмеген шығындардың орнын толтыру қажеттігінен туып отырған жоқ», өйткені ол шығындардың орнын жапқанның өзінде «мүлдем артық» 114 млн. сом бар еді, бұл заем жаңа темір жолдар салу тілегінен келіп шықты.— Тіпті жақсы, Витте мырза! Бірақ сіз мұныменен, біріншіден, дефициттің болуын жоққа шығара алмайсыз, өйткені «мүлдем артық» 114 млн. сомның өзімен 144 млн. сом шығынның орнын жауып болмайды. Екіншіден, қолда бар артық (114 млн. сом) соманың ішіне 1901 жылғы кәдімгі кірістерден түседі деп есепте жобаланған мөлшерден артық түскен 63 млн. сом қосылып отыр, ал біздің баспасөзіміз сізді кірістердің есепте жобаланған мөлшерін *көріне кемітіп отыр,* «қолда бар артық соманы» әдейі арттырып, салықтарды үздіксіз көбейте беру үшін осылай істеп отыр деп, көптен бері жазып келеді. Мысалы, өткен жылы герб салығы арттырылды (жаңа герб уставы шығарылды), қазына арағының бағасы қымбаттатылды: оның бір шелегі 7 сомнан 7 сом 60 тиынға дейін жетті, баж салығы да арттырылып отыр (Қытай соғысына [116] байланысты «уақытша» дегенсіп 1900 жылы осылай істелді) және тағысын-тағылар. Үшіншіден, темір жолдардың «мәдени ролін» дәріптей келіп, темір жолдар салған кезде болатын *қазынаны тонау* сияқты таза орыстық, мүлде мәдениетсіз әдет жайында сіз мүләйімсіп түк айтпай өте шығасыз (біз бұл жерде жұмысшылар мен ашыққан шаруаларды темір жол мерді-

герлерінің ондырмай қанауын айтып та отырғанымыз жоқ!). Мысалы, жақында орыстың бір газеті Сибирь темір жолын салудың бағасы алғашқыда 350 млн. сом болып белгіленіп еді, ал іс жүзінде оған 780 млн. сом жұмсалды, тегінде оның барлығы, сірә, *бір миллиард* сомнан да асып түсуі мүмкін, деп жазды (Сибирь жолында қандай тонаушылық болғаны туралы «Искра» біраз жазған болатын: 2-номерін қараңыз [117]). Витте мырза, сіз кірістерді дұрыс есептейсіз, түгін де қалдырмайсыз, ал енді *шығындардың нағыз мөлшері* жайында есеп беріп көрсеңіз еді!

Одан кейін мынаны естен шығармау керек: 1902 жылы темір жол салу (ұзындығы 1000 шақырымнан астам аса зор Бологое-Седлецкая жолы) бір жағынан біздің «бейбітшіл» үкіметіміздің соғыс жөніндегі мақсаттарынан туып, екінші жағынан артта қалған өнеркәсіпке немен болған күнде де сөзсіз «көмектесу» қажеттігінен жүргізілген болатын, ал өнеркәсіптің ісінде Мемлекеттік банктің тікелей мүддесі бар. Мемлекеттік банк шаруашылығы әлсіреген түрлі кәсіпорындарға жомарттық істеп қарыз берумен ғана тынбай, олардың көпшілігін іс жүзінде өзінің толық меңгеруіне қаратып алды. Өнеркәсіп орындарының банкротқа ұшырауы мемлекеттік банкроттыққа әкеліп соғу қаупін туғызды! Ақырында, мынаны да ұмытпауымыз керек: жинақ кассаларының барлық капиталы түгелінен мемлекеттік кредитті қуаттауға жұмсалып отырғанына қарамастан, «данышпан» Виттенің басшылығы арқасында заем сомалары мен салықтар мөлшері үздіксіз көбеюмен келеді. Ал бұл капитал қазірдің өзінде 800 миллион сомнан асып түсті, осының бәрін еске алсаңыз, Виттенің шаруашылықты жырткыштықпен жүргізіп отырғанын, самодержавие банкроттыққа қарай жайлап, бірақ сөзсіз кетіп бара жатқанын ұғасыз, өйткені салықтарды ылғи арттыра беруге болмайды ғой және орыс патшасын француз буржуазиясы ылғи демей бере алмайды ғой.

Мемлекеттік қарыз көбейіп отыр деген айыптаудан Витте өзін кісі күлерлік дәлелдермен қорғайды. Ол қарыз бен «мүлікті» салыстырады, 1892 және 1902 жылдардағы мемлекеттік қарыздардың сомасын сол жыл-

дардағы қазына темір жолдарының құнымен салыстырады, сөйтіп «таза» қарызды кемітіп көрсетеді. Ал, бізде мүлік те бар ғой: «қамалдарымыз және соғыс кемелеріміз бар» (құдайақына, баяндамада дәл осылай айтылған!), порттарымыз және қазыналық заводтарымыз, оброк салығының статьялары және ормандарымыз бар дейді ол.— Өте тамаша, Витте мырза! Бірақ сіз банкроттықпен айыпталып сотқа шақырылған, сөйтіп өзінің мүлкін қаттауға тұрған адамдардың алдында өзін ақтай бастаған көпеске ұқсайтындығыңызды сезесіз? Кәсіпорны шынында мызғымастай берік басып тұрғанда, оны арнаулы қарызбен қамтамасыз ету ешкімнің де ойына кіріп шықпайды ғой. Орыс халқының «мүлкі» көп екендігіне ешкім де күмәнданбайды, бірақ сол мүлік көп болған сайын мүліктің сондай молшылығына қарамастан, шаруашылықты қарызды көбейту және салықты арттыру арқасында ғана жүргізетін адамдардың айыбы да соғұрлым зор болады. Сіз бұл жерде халық мүлкіне иелік жасап отырған жыртқыштарды халықтың неғұрлым тез қуып шығуы қажет екендігін ғана дәлелдеп отырсыз ғой. Ал шынында осы күнге дейін бүкіл Европа елдерінің ішінде мемлекеттік қарыздарды қамтамасыз етуде мемлекеттің арнаулы мүлкіне сүйеніп келген тек бір Түркия ғана. Ал бұл сүйеніштің өзі әдетте мынаған әкеліп соғатын болды: *шетелдік қарыз берушілер* өздері берген қарыз ақшаны қайтаруды қамтамасыз ететін мүлікті билеуді *өз бақылауына алып отырды.* «Ұлы орыс державасының» шаруашылығы Ротшильд пен Блейхредердің приказчиктерінің бақылауында болмақ қой: Витте мырза, сіз бізге сондай тамаша болашақтың бетін ашып отырсыз-ау! *

Қамалдар мен соғыс кемелерін ешбір банкир кепілге алмайтынын, бұл біздің халық шаруашылығымыздағы жақсылық емес, қырсық екенін біз бұл жерде айтпай-

* «Мүлік» жөніндегі пікірінің қисынсыз екенін Виттенің өзі де байқады, сондықтан баяндамасының екінші бөлігінде ол «түзетуге» тырысып былай дейді: мемлекеттік мүлік құнының артуы «орыс қазынасының міндеттемелеріне қолдануда ерекше маңызды орын алмайды, өйткені Россия кредиті арнаулы түрде қамтамасыз етілуге мұқтаж емес». Айтарсың! Ал сонда да осы арнаулы қамтамасыз етілу тізбесінің толық есебі — бірдеңе болып қалып жүре ме деген оймен — айтылмай қалдырылып отыр!

ақ та қоялық. Темір жолдардың өзі де табыс беріп отырса ғана қарызға кепіл бола алады. Ал Виттенің нақ сол баяндамасының өзінен соңғы уақытқа дейін орыс темір жолдарының бәрі жалпы алғанда зиян шектіріп отырғанын көріп отырмыз. Тек 1900 жылы ғана Сибирь темір жолдарында дефициттің орны жабылып, «аздаған таза пайда» түсті, бірақ ол пайда болмашы еді, болмашылығы сонша, бұл жайында Витте мүләйімсіп аузын ашпайды. Дағдарысқа байланысты 1901 жылдың бастапқы сегіз айында Европалық Россияда темір жолдардың түсімі кемігендігі жайында да ол тіс жарып ештеңе айтпай отыр. Егерде құрылысқа берілген ақшаның қазыналық цифрын ғана емес, оған құрылыс кезінде анық ұрланған ақшаның сомасын да қоса есептесек, біздің темір жол шаруашылығымыздың балансы қандай болып шығар еді? Шынында осындай бағалы мүлікті неғұрлым сенімді қолға табыс ететін уақыт жетті емес пе?

Өнеркәсіп дағдарысы туралы Витте, әрине, жұбату түрінде ғана айтқан: бұл «кідіріс» «жалпы өнеркәсіп табысына әсер етпейтіндігі күмәнсыз, біраз уақыт өткеннен кейін, сірә (!!), өнеркәсіптің жандануының жаңа кезеңі басталар». Жұмыссыздықтан және жалақының кемуінен азап шегіп отырған миллиондаған жұмысшы табы үшін бұл өте жақсы-ақ жұбаныш-ау! Дағдарыстан «азап шеккен» өнеркәсіп орындарына қазына тікелей және жанама көмек көрсетуге пәлен миллион және ондаған миллион сом ақша жұмсағаны туралы қайсыбір деректі мемлекеттік шығындардың тізбесінен іздеу бос әурешілік болар еді. Сонымен бірге орасан көп соманың шығын болуына қарамастан, қаражаттың жұмсала бергендігі газеттерде жазылған фактіден айқын көрініп отыр, ол мынадай: Мемлекеттік банктің 1899 жылғы 1 январьдан 1901 жылғы 1 январьға дейін берген қарыздарының жалпы мөлшері 250 млн. сомнан 449 млн. сомға дейін, ал өнеркәсіп қарыздарының мөлшері 8,7 млн. сомнан 38,8 млн. сомға дейін артқан. Тіпті өнеркәсіп қарызынан 4 млн. сом зиян шегудің өзі қазынаны ешқандай қиыншылыққа ұшыратпаған. Ал «өнеркәсіп табыстарының» қорын молайту үшін қалта-

сындағы ақшасын емес, жанын қиып жүрген және өздерінің жалақысымен өмір сүретін миллиондардың жанын қиып жүрген жұмысшыларға,— қазынаның берген көмегі оларды мың-мыңдап өнеркәсіпті қалалардан ашаршылық жайлаған деревняларға «тегін» айдап жіберуде болып отыр!

Витте «ашаршылық» деген сөзден мүлдем қашады, ол өзінің баяндамасында «егіннің шықпай қалуының ауыр зардабы... мұқтаж болғандарға жомарттықпен көмек көрсету арқылы жеңілдетіледі» деп сендірмек болады. Осы жомарт көмек, оның айтуынша, **20** млн. сом мөлшерінде екен, ал өндірілмей қалған астық **250** млн. сом болып бағаланды (бұл өте төмен бағамен, астықтың пұтын 50 тиыннан, бірақ оның есесіне егін жақсы шыққан жылдармен салыстырып есептегенде). Шынында да «жомарттық» емес пе? Айталық, осы өндірілмей қалған астықтың тек жартысы ғана кедей шаруаларға тиісті екен делік, соның өзінде де үкімет қарызды *бес есе* кемітіп отыр деп жазғанымызда (Сипягиннің жарлығы жөнінде, «Искраның» 9-номерін қараңыз) * біз әлі де болса орыс үкіметінің сараңдығын жете бағаламаған боламыз. Орыс патшасы мужикке көмектесуге емес, ашығушыларға шынымен көмек көрсетпек болғандарға қарсы қолданылатын полициялық шараларға жомарт. Сондай-ақ ол Қытайдың майлырақ бөлегін тартып алу үшін миллиондаған сомды шашуға келгенде жомарт. Екі жылдың ішінде — дейді Витте — Қытай соғысына төтенше шығындардан **80** *млн. сом* жұмсалды, сонымен қатар *«оның үстіне кәдімгі бюджеттің есебінен* айтарлықтай көп сома жұмсалды». Демек, барлығы *жүз миллион сомға* дейін, егер артық болмаса, жұмсалған болар! Жұмыссыз жүрген жұмысшы мен ашыққан мужик әйткенмен Маньчжурия, сірә, біздікі болып қалар деп өздерін жұбатар...

Орынның аз болуы баяндаманың қалған бөлімдеріне тек қысқаша ғана тоқталуға бізді мәжбүр етіп отыр. Витте халық ағарту ісіне жұмсалатын шығындар аз деп кінәлаудан да өзін қорғап бағуда: бұл министрліктің

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 302—310-беттер. *Ред.*

сметада белгіленген 36 миллион сомына ол барлық басқа ведомстволардың оқу ісіне арнаған шығындарын қосады да, цифрды 75 миллион сомға дейін «жеткізеді». Тіпті бұл цифрдың өзі де (дұрыстығы күмәнды) бүкіл Россияға бөлгенде түкке тұрмайды, ал бүкіл бюджеттің бес проценті де болмайды.— «Біздің мемлекеттік бюджетіміз көбінесе жанама салық жүйесіне негізделген» дейді де, Витте: «елдің әл-ауқат дәрежесіне қарай салық салынған заттардың тұтынылуын ықшамдау» мүмкіндігі туралы жұртты мезі қылған буржуазиялық дәлелдерді қайталап, бұл жағдайды біздің артықшылығымыз деп санайды. Ал шындығына келгенде, жанама салық қалың бұқараның тұтынатын заттарына түсіп, мейлінше әділетсіз салық болып отырғаны жұртқа мәлім. Мұның бар ауыртпалығы кедейлерге түседі де, байларға жеңілдік келтіреді. Адам неғұрлым кедей болса, ол өз табысының соғұрлым көп үлесін жанама салық түрінде мемлекетке беріп отырады. Бүкіл халықтың $^{9}/_{10}$ бөлігі кедей және жарлы бұқара, ол салық салынған барлық азық-түліктің $^{9}/_{10}$ бөлігін тұтынып, жанама салықтың бүкіл сомасының $^{9}/_{10}$ бөлігін төлейді, солай бола тұрса да ол бүкіл халық кірісінің тек оннан екі-үш бөлігін ғана алып отыр.

Қорытындыда қызғылықты бір «ұсақ» жайтты айта кетейік. 1901 жылдан 1902 жылға дейінгі шығын қандай статьялар бойынша неғұрлым көбейіп отыр? Шығынның барлық сомасы 1788 млн. сомнан 1946 млн. сомға дейін, яғни оннан бір бөлігінен гөрі азырақ көбейген. Ал оның бер жағында *екі* статья бойынша шығын *төрттен бір бөлігіне жуық* артқан: «император әулетінің жақсы-жайсаңдарына жұмсалатын шығын» — 9,8 млн. сомнан 12,8 млн. сомға дейін және... «жандармдардың ерекше корпусына жұмсалатын шығын» 3,96 млн. сомнан 4,94 млн. сомға дейін артқан. «Орыс халқының» қандай «мұқтажы» айрықша қадірлі? — деген сұраққа жауап осылай. Ал патшаның жандармдармен «бірлігі» қандай көңіл елжіреттерлік десеңізші!

«Искра» № 15, 15 январь, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

САЯСИ ҮГІТ ЖӘНЕ «ТАПТЫҚ КӨЗҚАРАС»

Мысалдан бастайық.

Орел губерниясының дворяндар басшысы М. А. Стаховичтің миссионерлер съезінде *ождан бостандығын* заң жүзінде тапудың қажеттігі туралы жасаған баяндамасы қандай шу көтергені, сірә, оқушылардың есінде болар. «Московские Ведомости» [118] бастаған консерваторлық баспасөз, Стахович мырзаны қалай балағаттарын да білмей, оны тағы да басшы етіп сайлағаны үшін Орел дворяндарының бәрін мемлекетке опасыздық еттіңдер деуге жақындата айыптап, Стахович мырзаға қаһарын төгіп, зәрін шашып отыр. Ал бұл сайлау — полициялық озбырлық пен оңбағандыққа қарсы дворяндардың бас көтеру сипатын белгілі бір дәрежеде көрсететін шын ғибрат аларлық нәрсе.

«Московские Ведомости»: Стахович «дворяндар басшысынан гөрі сауықшыл, мәжіліс көркі, тілмар Миша Стахович болуға лайықты...» деп сендірмек болады (1901 ж., № 348). Шоқпарды жақтайтын мырзалар, бұл өздерің үшін онан бетер жаман. Егер енді тіпті сауықшыл помещиктердің оздері де ождан бостандығы туралы сөз етсе, онда біздің поптардың полициямен бірге істеп отырған зұлымдықтарының шынында да шегі жоқ болғаны да.— «...Стахович мырзаларды туғызатын, оларға қол шапалақтайтын біздегі ұшқалақ «интеллигент» тобырдың біздің қасиетті жолымызда, православиелік дінімізде, ол дінге ежелден кәміл сенетінімізде не жұмысы бар?... Олай болса, самодержавиені, православие-

ні, халықтықты жақтайтын мырзалар, бұл да өздерің үшін онан бетер жаман. Егер біздегі полициялық самодержавие тіпті дінді де абақты рухымен сопшалық былғап болса, «Стаховичтер» (дін мәселелерінде ешқандай мықты сенімі жоқ, бірақ, төменде кореміз, діннің беріктігіне құштар адамдар) бұл атышулы «халықтық» қасиетті жолға мүлде немқұрайды қараса (егер өшпенділікпен қарамаса), онда полициялық самодержавиенің тәртіптері жақсы-ақ болғаны да! — ...«Олар біздің дінімізді адасу деп атайды!! Біздің, осы «адасу» арқасында, күнәдан қорқып, қашатынымыз үшін, өз міндетімізді, қанша ауыр болса да, қыңқ етпей атқаратынымыз үшін, қайғы-қасіретке қайыспас күш, жігер тауып, ісіміздің сәті түскенде, бақытқа кенелгенде мақтаныштан аулақ болатынымыз үшін олар бізді келеке қылады»... Істің мәні осында екен ғой! Православие қасиетінің қымбаттылығы сол: ол қайғыға «қыңқ етпей» шыдауға үйретеді! Қандай пайдалы десеңізші, шын мәнісінде үстем таптар үшін қасиетті-ақ жол! Болмашы азшылық байлық пен өкіметті пайдаланатын, ал бұқара, үнемі «қасірет» тартып, «ауыр міндеттер» атқаратын қоғам құрылысында,— көктегі бейне бір ұжмаққа бола жердегі дозаққа «қыңқ етпей» шыдауға үйрететін дінге қанаушылардың тілектес болатыны әбден табиғи нәрсе. «Московские Ведомости» қыза келе сырын аша бастады. Сырын аша бастағаны сонша — *байқаусызда шындықты айтып салды*. Ар жағын тыңдаңыздар: ...«Олар, Стахович мырзалар, нақ сол «адасудың» арқасында өздерінің тоя ішіп-жеп, тыпыш ұйықтап, көңілді өмір сүретінін сезбейді де».

Нағыз ақиқат! Шынында да солай, шынында да бұқара халық арасына діншілдік «адасудың» орасан таралуы арқасында Стаховичтер де, Обломовтар да, осы бұқараның еңбегі арқылы өмір сүріп отырған біздің барлық капиталистер де, тіпті «Московские Ведомостидің» өзі де «тыныш ұйықтайды». Ал халық арасына ағарту ісі неғұрлым көбірек тараса, діншілдік соқыр сенімдерді социалистік сана неғұрлым көбірек ығыстырып шығарса, езілген таптардың бәрін қазіргі қоғамдағы құлшы-

лық күйінен құтқаратын пролетариаттың жеңіп шығатын күні соғұрлым жақындай береді.

Бірақ «Московские Ведомости», бір жерде сырын ашқанмен, екінші бір қызықты мәселеден тым оңай құтыла қояды. Олар: Стаховичтер діннің жоғарыда көрсетілген маңызын «сезбейді», либералдық реформаларды әншейін «ұшқалақтықтан» талап етеді деп ойлап, көріне-көзге адасып отыр. Дұшпандық саяси бағытты бұлайша түсіндіру — балаша тым аңғырт түсіндіру! Ал Стахович мырза бұл арада бүкіл либералдық бағыттың дәл жаршысы болды,— мұны жұрттың бәрінен де гөрі «Московские Ведомостидің» өзі жақсы дәлелдеді: әйтпесе, бір баяндамаға қарсы соншама шабуыл жасаудың не керегі бар еді? Стахович туралы емес, Стахович*тер* туралы, «интеллигент тобыры» туралы сөз қылудың не керегі бар еді?

«Московские Ведомостидің» бұл адасуы, әрине, арам оймен әдейі адасу. Әлбетте, «Московские Ведомостидің» өзіне өшпенді либерализмге талдау жасауда таптық көзқарасты қолдана білмеуінен гөрі оны қаламауы көбірек. Қаламаушылығы туралы сөз қылмасақ та болады. Ал білмеушілік — біздің бәрімізге бірдей өте қажетті нәрсе, өйткені революционерлер мен социалистердің көбі-ақ осы дертке шалдығып жүр. Біздің өз газетімізде либералдардың наразылығы мен қарсылығының барлық көріністерін қадағалап отыруға ұмтылатындығымыз үшін «таптық көзқарастан» шегіндіңдер деп бізді айыптайтын «Исканың» 12-номеріндегі хаттың авторлары да осындай дертке шалдыққан; — біздің самодержавиеміз — буржуазияның самодержавиелік үстемдігі деп көпіретін «Пролетарлық күрес» пен «Социал-демократиялық кітапханадағы» [119] кейбір кітапшалардың авторлары да осы дертке шалдығып жүр; — бізді самодержавиеге қарсы әр тарапты әшкерелеу науқанынан (яғни нағыз кең саяси үгіттен) тек экономикалық реформалар жолындағы күреске (жұмысшы табына «тиімді» нәрсе беріп отыруға, оның атынан заң шығару және әкімшілік жүргізу жөнінде «белгілі бір көрнекті нәтижеден дәмелендіретін» нақты талаптар қойып отыруға) ғана шақыратын Мартыновтар да осы дертке шалдығып

жүр; — статистика шатақтары турасындағы біздің хат-хабарларымыз жөнінде таңданып: «құдай-ау, бұл земствошыларға арналған орган емес пе екен?» [120] деп сұрақ қоятын Надеждиндер де осы аурумен ауырып жүр.

Бұл социалистердің бәрі мынаны ұмытып жүр: самодержавиенің мүдделері тек белгілі жағдайларда ғана, тек дәулетті таптардың белгілі мүдделерімен ғана үйлеседі және де көбінесе жалпы осы таптардың бәрінің мүдделерімен емес олардың жеке топтарының мүдделерімен үйлеседі. Буржуазияның басқа топтарының мүдделері, сонымен қатар *бүкіл* буржуазияның, жалпы капитализмнің бүкіл дамуының неғұрлым кең ұғынылған мүдделері самодержавиеге қарсы либералдық оппозицияны қажетті түрде туғызады. Мәселен, егер самодержавие қанаудың нағыз өрескел түрлерін қолдануды мүмкін ету жөнінде буржуазияға кепілдік беретін болса, ол, екінші жағынан, өндіргіш күштердің кең дамуына, ағарту ісінің таралуына мыңдаған кедергі қояды, сөйтіп ұсақ буржуазияны ғана емес, кейде ірі буржуазияны да өзіне қарсы шығарады; егер самодержавие социализмнен қорғау жөнінде буржуазияға кепілдік беретін (?) болса, екінші жағынан, бұл қорғау, халықтың правосыз кезінде, бүкіл жұртты, әрбір кісіні ашындыратын полициялық жүгенсіздікке сөзсіз айналады. Бұл қарама-қарсы тенденциялардың нәтижесі қандай, қазіргі кезде буржуазия арасындағы консерваторлық және либералдық ниеттің немесе бағыттың арасалмағы қандай,— мұны бір-екі жалпы қағидадан шығаруға болмайды, бұл қазіргі кездегі қоғамдық-саяси жағдайдың барлық ерекшеліктеріне байланысты. Мұны анықтау үшін осы жағдайдың бүге-шігесіне дейін білу қажет, қандай қоғамдық топтың болса да үкіметпен түрлі қақтығысуының бәрін мұқият қадағалап отыру қажет. Нақ «таптық көзқарастың» себебінен «Стаховичтердің» паразылығы мен қарсылықтарына социал-демократтың қатыспай қалуы *лайықсыз*.

Ал аталған социалистер өздерінің пікірлерімен де, істерімен де либерализмге қатысы жоқтығын дәлелдейді, сөйтіп олар халықаралық социал-демократияның «інжі-

лі» болған «Коммунистік манифестің» негізгі қағидаларын түсінбейтіндігін көрсетеді. Мәселен, буржуазия өзінің өкімет жолындағы күресі арқылы, өзінің кейбір жіктері мен топтарының және басқаларының қақтығысулары арқылы пролетариатты саяси жағынан тәрбиелеуге өзі материал береді [121] деген сөздерді еске түсіріңіздер. Бұл материал тек саяси жағынан азат елдерде ғана пролетариаттың қолына өзінен-өзі (онда да жарым-жартылап қана) түседі. Ал құлдық жайлаған Россияда біз, социал-демократтар, жұмысшы табына осы «материалды» жеткізу жөнінде белсеніп жұмыс істеуге тиіспіз, яғни самодержавиеге қарсы әр тарапты саяси үгіт жүргізу, бүкіл халықтық әшкерелеу науқанын жүргізу міндетін *өз мойнымызға алуға* тиіспіз. Ал бұл міндет саяси қобалжу кезеңдерінде өте-мөте қажет. Толастау дәуірінің бірнеше жылынан гөрі саяси жандану дәуірінің бір жылында революциялық тәрбие жағынан пролетариаттың көп нәрсені үйрене алатынын есте ұстау керек. Міне, сондықтан жоғарыда көрсетілген социалистердің саяси үгіттің өрісі мен мазмұнын біле тұра немесе білмегендіктен *тарылтуға* тырысуы өте-мөте зиянды.

Онан соң, қазіргі құрылысқа қарсы революциялық қозғалыстың *қандайын болса да* коммунистердің қолдауы керектігі туралы сөздерді еске түсіріңіздер. Бұл сөздерді жұрт көбінесе либералдық оппозицияны қолдау мағынасында түсінбей, тым шолақ түсініп жүр. Алайда, прогресшіл қоғам мүдделері үшін үкіметпен қақтығысудың қандайы болса да, ол қақтығысу қаншама ұсақ болғанмен, белгілі жағдайларда *(ал біздің қолдауымыз — сол жағдайлардың бірі)* жалпы өртке айналып қаулап кете алатын дәуірлер болатынын ұмытпау керек. Россияда студенттердің академиялық талаптар жөнінде үкіметпен қақтығысуы немесе Францияда барлық прогресшіл элементтердің өтірік жала жабу жолымен шешілген бір сот ісі жөнінде соғысқұмарлармен қақтығысуы [122] қандай қоғамдық қозғалысқа ұласқанын еске түсірсек, соның өзі де жеткілікті. Міне, сондықтан либералдық және демократиялық қарсылықтың қандайы болса, земствошылардың ішкі істер министрлігімен

қақтығысуынан шықса да, немесе дворяндардың полицейлік православие мекемесімен қақтығысуынан шықса да, немесе статистиктердің помпадурлармен [123], шаруалардың «земствошылармен», сектанттардың урядниктермен қақтығысуынан және басқа қақтығысулардың қайсысынан шықса да, ол қарсылықты пролетариатқа түсіндіріп, оның көлемін кеңейтіп, жұмысшылардың белсене қатысуы арқылы оны қолдап отыру — біздің тікелей борышымыз. Кімде-кім бұл қақтығысулардың кейбіреуінің болмашылығын айтып немесе оларды жалпы өртке айналдыру әрекетінен «ештеңе шықпайтынын» айтып, оларды менсінбей мұрнын шүйірсе, ол әр тарапты саяси үгіттің — пролетариатты саяси жағынан тәрбиелеудің шұғыл мүдделері мен бүкіл қоғамдық дамудың және барлық демократиялық элементтері жағынан алғанда бүкіл халықтың шұғыл мүдделерінің нағыз түйісетін жері екенін түсінбейді. Біздің тікелей борышымыз — либералдық мәселенің қандайына болса да араласып, оған өзіміздің социал-демократиялық көзқарасымызды айқындап отыру, осы мәселені пролетариаттың белсене қатысып, оны өз дегенінше шешкізуіне шаралар қолдану. Кімде-кім мұндай қатысудан бұлтарса, ол іс жүзінде (ниеті қандай болса да) либерализмге тізе бүгеді, сөйтіп жұмысшыларды саяси жағынан тәрбиелеу ісін либерализмнің қолына береді, саяси күрестің гегемондығын сайып келгенде буржуазиялық демократияның басшысы болып табылатын элементтерге қолдан береді.

Социал-демократиялық қозғалыстың таптық сипаты — біздің міндеттерімізді «таза жұмысшы» қозғалысының тікелей және таяудағы тілектерімен шектеу емес, қазіргі қоғамның бірден-бір нағыз революцияшыл табы болып табылатын пролетариаттың ұлы азаттық күресінің барлық жақтарына, барлық көріністеріне басшылық ету болуға тиіс. Социал-демократия қазіргі қоғамның қоғамдық және саяси өмірінің барлық салаларына жұмысшы қозғалысының ықпалын үнемі тынбастан кеңейте беруге тиіс. Ол жұмысшылардың экономикалық күресіне ғана емес, сонымен қатар пролетариат-

тың саяси күресіне де басшылық етуге тиіс, ол түпкі мақсатымызды бір минут те естен шығармауға тиіс, пролетарлық идеологияны — ғылыми социализм ілімін, яғни марксизмді әрдайым насихаттап, бұрмалаудан сақтап, онан әрі дамыта беруге тиіс. Қандай сәнді де жылтырақ мундирге оранса да, біз буржуазиялық идеология атаулыға қарсы тынбастан күресуге тиіспіз. Жоғарыда біз атап өткен социалистер «таптық» көзқарастан шегініп отыр, мұның тағы бір себебі — олар «марксизмді сынауға» қарсы күресу міндетіне немқұрайды қарайды. Бұл «сын» Россияда бәрінен де гөрі тезірек орын теуіп, оны орыстың либералдық публицистикасы бәрінен де гөрі салтанатты түрде іліп ала қойды, өйткені ол «сын» Россияда қалыптасып келе жатқан буржуазиялық (ал осы күнде нағыз буржуазиялық) демократияның элементтерінің бірі болып табылады; мұны тек көрсоқырлар ғана көрмеуі мүмкін.

Әсіресе саяси күреске келсек, нақ сол «таптық көзқарас» пролетариаттың қандай демократиялық қозғалысты болса да алға *итермелеуін* талап етеді. Өзінің саяси талаптары жөнінде жұмысшы демократиясының буржуазиялық демократиядан принцип жағынан емес, тек дәреже жағынан ғана айырмасы бар. Экономикалық азаттық жолындағы, социалистік революция жолындағы күресте пролетариат принцип жүзінде басқа негізде болады, дара тұрады (ұсақ өндіруші пролетариаттың қатарына қаншалық дәрежеде көшсе немесе көшуге дайындалса, ол пролетариатқа соншалық дәрежеде ғана жәрдемдеседі). Ал саяси азаттық жолындағы күресте біздің одақтастарымыз көп, оларға немкетті қарау кешірімсіз. Бірақ буржуазиялық демократиядан шыққан одақтастарымыз либералдық реформалар үшін күресе отырып, басқалардың есесінен бұрынғы «тоя ішіп-жеуге, тыныш ұйықтауға, көңілді өмір сүруге болатындай етуге тырысып, әрдайым артқа қарайлай берсе, пролетариат артына қарайламай ең ақырына жеткенге дейін алға басады. Р. Н. С. мырзалар (Виттенің жазбасына арналған алғы сөздің авторы) [124] сияқты біреулер земствоның өкімдік праволары туралы немесе конституция туралы үкіметпен саудаласып жүргенде, біз демокра-

тиялық республика үшін күресеміз. Тек мынаны ұмытпайық: басқа біреуді итермелеу үшін әрдайым сол басқа біреудің иығынан қолды алмау керек. Пролетариат партиясы әрбір либералды нақ бір қыбырлай бастаған кезінде қолға түсіріп, оны аршындап алға жылжуға мәжбүр ете білуі керек. Ал қарысып тұрып алса,— біз онсыз да және оны аттап өтіп те алға баса береміз.

«Искра» № 16, 1 февраль, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ОҚУШЫҒА» ЖАУАП

Біз редакцияға жазылған мынадай хат алдық:

««Искра» үгіт туралы мәселеге тоқтай келіп (қателеспесем, 13-номерінде), саяси тақырыптарға жазылған қауырт үгіт әдебиетіне (екі-үш беттік кітапшаларға) қарсы пікір айтқан. Редакцияның пікірінше, газеттер мұндай әдебиеттің міндетін ойдағыдай атқара алатын көрінеді. Газеттер, әрине,— жақсы нәрсе. Бұған қарсы ешкім де дауласпайды. Бірақ олар бұқара арасында кең таратуға әдейі арналған қауырт листоктардың міндетін атқара ала ма? Редакцияда қазірдің өзінде-ақ Россиядан келген бір хат бар, онда бір топ жұмысшы-үгітшілер осы мәселе туралы пікір айтқан. «Искраның» бұл хатқа берген жауабы нағыз түсінбеушілікті көрсетеді. Демонстрация мәселесі қандай маңызды болса, үгіт мәселесі де қазір сондай маңызды. Сондықтан редакция бұл мәселені қайтадан көтеріп, енді бұл жолы оған неғұрлым мұқият қарағаны жөн болар еді.

Оқушы».

Кімде-кім осы хатпен бірге «Искраның» * 13-номеріндегі «Оңтүстіктегі жұмысшыларға» деген біздің жауапты зейін қойып оқыса, шын түсінбей отырған хат авторының өзі екеніне оп-оңай көзі жетер еді. «Искраның» «қауырт үгіт әдебиетіне қарсы» пікір айтуы туралы әңгіме де болған емес; «қауырт листоктарды» газетпен «ауыстыру» туралы ешкімнің ойына да келген емес. Қауырт листоктардың прокламациялар екенін хаттың авторы байқамаған. Прокламация сияқты әдебиеттің мұндай түрін *басқа еш нәрсемен ауыстыруға болмайды* және ол әрқашан *сөзсіз қажет* болады,— бұл жөнінде «Оңтүстіктегі жұмысшылар» да, «Искра» да толық келіскен-ді. Сонымен қатар олар әдебиеттің мұндай түрінің *жеткіліксіз* екені туралы да келіскен болатын. Егерде біз жұмысшыларға жақсы тамақ жеткіліксіз екендігімен келісе отырып, оларға жақсы үй беру керек дейтін

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 406—407-беттер. *Ред.*

болсақ, бұл, сірә, біздің жақсы тамаққа «қарсы» екендігімізді білдірмесе керек. *Үгіт* әдебиетінің неғұрлым жоғары түрі қандай болады? — деген сұрақ туады. «Оңтүстіктегі жұмысшылар» осы сұрақты қоя отырып, газет туралы *аузына алған жоқ*. Бүйтіп үндемей қалу, әрине, жергілікті жағдайға байланысты болар және біз өзіміздің тілшілерімізбен «айтысалық» деп тіпті ойламасақ та, бірақ халықтың басқа таптары қазірдің өзінде-ақ істеп отырғаны сияқты, пролетариат та өз газетін шығаруға тиіс; — бір ғана бытыраңқы жұмыс жеткіліксіз, жер-жердің бәрі де революцияшыл органды құру жолында үздіксіз, белсенді, жаппай жұмыс жүргізуі керек дегенді, әрине, олардың есіне салмай кете алмадық.

Ал енді «3—4 беттік кітапшаларға» келетін болсақ, біз оларға «қарсы *мүлде пікір айтқанымыз жоқ,* жалғыз-ақ сол кітапшалардан «бірден бүкіл Россияға» таратылатын *үздіксіз шығып тұратын* әдебиет жасау жоспарының практика жүзінде қолайлы болуына күмәнданған едік. Көлемі 3—4 бет болған күнде, дұрысын айтсақ, бұл сол прокламацияның өзі ғой. Бізде Россияның барлық түкпірінде студенттердің де, жұмысшылардың да шығарып жүрген өте жақсы, шағын ғана прокламациялары көп-ақ, бұлардың көлемі кішкене форматтың 6—8 бетіне тең. Ал мүлде әзірлігі жоқ жұмысшыға қандай да болсын бір жеке мәселені *түсіндіре* алатын, шын мәнінде *көпшілікке арналған* кітапша әлдеқайда көлемдірек болса керек және оны (уақытша әдебиет болмағандықтан) «бірден бүкіл Россияға» таратудың мүмкіндігі де, қажеттігі де болмайды. Саяси әдебиеттің барлық және қандай да болсын түрлерін, ескісін де, жаңасын да, толық мойындай келіп, тек қана ол шын мәнінде саяси жақсы әдебиет болса, біз өз тарапымыздан қауырт листоктар мен көпшілікке арналған кітапша аралығындағы әдебиетті ойдан шығарып жатудан гөрі *іс жүзінде* мерзімді (яғни айына бір рет емес, ең кем дегенде айына екі-төрт рет шығатып) және *жалпы* орыстық орган деген атына сай революциялық орган шығарумен шұғылдануға кеңес берер едік.

«Искра» № 16, 1 февраль, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАНКРОТТЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Карповичтің атқан оғы Боголеповты сұлатып, университет жөніндегі үкімет саясатының «жаңа бағытына» жол ашқанына бір-ақ жыл өтті. Осы жылдың ішінде біз қоғамдық наразылықтың әдеттен тыс ұлғайғанын, біздің әкімдердің сөздері әдеттен тыс жұмсарғанын және, амал не, осы жаңа сөздерге қоғамның әдеттегіше тым еліғіп отырғанын, мұндай елігу студенттердің де белгілі бір бөлігін қамтып, ақырында, Ванновскийдің көпірме уәделерінің жүзеге асырылуынан соң іле-шала — студенттер наразылығының жаңадан бұрқ ете түскенін бірінен соң бірін байқап келдік. Кімде-кім өткен көктемде «жаңа заманды» күткен болса және тіпті аздап та болғанмен студенттер мен қоғамның үмітін патша фельдфебелі жүзеге асырады екен деп шынымен сенген болса,— қысқасы, орыс либералдарының үкіметті тағы да қарызбен сыйлауының дұрыс емес екендігі, реформа үшін көктемде кең етек ала бастаған қозғалысты тоқтатуға және үкіметтің әлдилеген жырына алдана қоюына дәлелдерінің қаншалықты аз болғандығы оларға енді түсінікті болуға тиіс. Былтырғы жылы жәбір көргендердің бәрін университеттерге қайтару туралы берген уәде орындалмағаннан кейін, оқу тәртіптеріне шын реформа жасауды талап еткен адамдарға реакциялық бірқатар жаңа шаралар арқылы ауыз салына бастағаннан кейін, қаскүнем банкроттан өзінің берген міндеттемелерін орындауды талап еткен демонстранттарды бірнеше рет жұдырықтан сабап алғаннан кейін,— осы-

лардың бәрінен кейін «шын жүректен қамқорлық жасаушы» үкімет «рабайға келтіруді» көздеп студенттер ұйымдары [125] туралы «уақытша ережелерін» жариялады, ал... «рабайға келтірудің» орнына тағы да барлық оқу орындарын қамтыған «тәртіпсіздіктің» жаппай өртін қоздырып алып отыр.

Біз, революционерлер, Ванновскийдің уәде берген реформаларының шын екендігіне ешқашанда сенген емеспіз. Біз либералдарға «мейірімшіл» генералдың жарлықтары мен Николай Обмановтың [126] әмірлері 40 жыл бойы өзінің «ішкі жауларына», яғни Россияның барлық прогресшіл элементтеріне қарсы күресінде самодержавиенің өзі талай дәмін татқан, бәз-баяғы либералдық саясаттың тек бір жаңа түрі деуден жалыққан емеспіз. Біз үкіметтің «жаңа бағыт» рухында жасаған алғашқы адымдарынан кейін-ақ еліге бастаған «бос қиялдарынан» либералдарды сақтандырғанбыз, біз үкіметтің уәделерінің көріне жалған екендігін әшкерелеп, қоғамға: егер сенің жауың алғашқы қатаң тепкіңнен есінеп танса, сен оған үсті-үстіне соққы беруден шаршама, оны күшейте түс, жиілете түс дегенбіз... Қазіргі уақытта студенттерге «уақытша ережелерде» ұсынылып отырған ұйымдар құру правосы туралы осы келемеждің болатындығын революционерлер үкіметтің жаңа сыйы туралы алғаш сөз қозғала бастаған кезде-ақ айтқан болатын. Біз самодержавиеден және оның реформаторлық әрекеттерінен нені күтуге болатындығын және нені күтуге тиіс екендігімізді білген едік. Біз Ванновскийдің ешкімді және еш нәрсені де «рабайға келтіре» алмайтынын, оның ешқандай прогрестік үміттерді қанағаттандырмайтынын және «тәртіпсіздіктің» белгілі бір формада қайткенде де қайта басталатынын білгенбіз.

Жыл өтті, ал қоғам тапжылмастан бір орнында тұр. Игілігі мол мемлекетте болуға тиісті жоғары оқу орындары жұмысын жүргізуден тағы да бас тартып отыр. Он мыңдаған жастар қалыпты жағдайдан тағы да шығып қалды және «ал енді не істеу керек?» деген бәз-баяғы бір сұрақ қоғам алдына қайтадан қойылды.

Студенттердің басым көпшілігі «уақытша ережелерді» және сол ережелерде рұқсат етілген ұйымдарды қабыл-

даудан бас тартып отыр. Профессорлар әдетіндегіден асып, үкіметтің бұл сыйына мүлде наразы екендіктерін айқын білдіруде. Ал шынында бұл «реформасымақтың» студенттерге бостандыққа ұқсарлық дәнеңе бермейтіні былай тұрсын, тіпті университет өміріне тыныштық енгізу жағынан қарағанда да түкке тұрмайтынын мойындау үшін революционер болудың да, радикал болудың да қажеті жоқ. Студенттер мен өкімет орындарының арасында қақтығысуларды тудыратын толып жатқан іліктер «уақытша ережелерде» күні бұрын жасалатыны осы ережелерге бір қарағанда-ақ аңғарылмай ма? Бұл ережелерді қолдану барынша бейбіт себептермен *жария* шақырылған әрбір жиынды жаңа «тәртіпсіздіктің» басталатын жеріне айналдыру қаупін тудыратыны айқын емес пе? Мысалы, полицейлердің міндетін атқарып отырған инспекция жиындарда өзінің председательдік етуі арқылы біреулерді ылғи ызаландыруға, екіншілерді наразылық жасауға арандатуға, үшіншілердің үрейін алып, ауыздарын аштырмауға тиісті екендігіне күмәндануға бола ма? Және бұл жиындардағы жарыс сөздердің мазмұны бастықтардың «ұйғарымы» бойынша өрескел түрде белгіленуіне орыс студенттерінің төзе алмайтындығы анық емес пе?

Ал оның бер жағында «уақытша ережелерде» үкіметтің жиындар мен ұйымдар жөнінде студенттерге сыйлап отырған «правосы», өзінің осындай сөкет түрінде,— самодержавиенің самодержавие бола тұрып студенттерге бере алатынының *максимумы* болып табылады. Бұл бағыттағы әрбір ілгері басқан адым өкімет пен оның «қол астындағылардың» қарым-қатынастарын сездіретін күш тепе-теңдігін өз қолымен бұзғандық болар еді. Не үкімет үшін мүмкін болатын осы максимумға қанағаттану, не өз наразылығының *саяси, революциялық* сипатын күшейту,— міне, студенттердің шешуіне тура келіп отырған таңдау осы. Ал енді бұлардың көпшілігі екінші шешімді қабылдап отыр. Студенттердің үндеулері мен қарарларында революциялық сарын қашанғыдан болсын батыл естілуде. Айуандықпен жазалау мен жалған сүйіспендікті алмастырып отыру саясаты өз дегенін іс-

теп, студенттер бұқарасын революцияшылдандырып отыр.

Иә, студенттер өздерінің алдарына қойылған мәселені қалай болғанда да шешіп отыр және былай алып қоя тұрған (әлдилеу жырының әсерімен) қаруды олар қайтадан қолға алуға дайын екендігін мәлімдеді. Ал бірақ осы опасыз жырлардың үніне қалғып кете қойған қоғам не істемек болып отыр екен? Неліктен ол әлі күнге дейін үн қатпай отыр, «іштей тілектес» болып отыр? Неліктен *оның* наразылығы туралы, қайта басталған толқуларды *оның* белсене қуаттауы туралы ештеңе естілмей отыр? Ол өзі шынымен-ақ осы уақытқа дейін студенттер қозғалысы атаулының бәрінде сөзсіз болатын қайғылы оқиғаларды «жайбарақат отырып» күтпекші ме? Ол өзі шынымен-ақ күресте құрбан болғандардың есебін алушылардың бишаралық ролін атқарумен ғана және оның адам шошырлық бейнесіне жай қарап отырумен ғана қанағаттанбақшы ма? «Балалары» орыс бостандығының жолына тағы да құрбандық жасау ниетін ашық білдіріп отырғанда, олардың «әкелерінің» үні неліктен естілмейді? Неліктен біздің қоғам студенттерді ең болмаса жұмысшылардың қуаттағанындай болса да қуаттамай отыр? Ал жоғары оқу орындарында оқып жатқандар олардың, пролетарлардың, балалары не бауырлары емес қой, ал солай бола тұрса да жұмысшылар Киевте де, Харьковте де, Екатеринославта да полициялық өкімет орындарының бірсыпыра «ескерту шараларынан» тайсалмастан, демонстранттарға қарсы қарулы күш жұмсалады деп үрейлендіруіне қарамастан, наразылық көрсетушілерге өздерінің тілектестігін ашықтан-ашық мәлімдеп отыр ғой. Орыс пролетариатының революциялық идеализмінің осы көрінісі студенттердің тағдырына жан-тәнімен, тікелей мүдделі болып отырған қоғамның ниетіне шынымен-ақ әсер етпес пе екен, оның жігерлі наразылығын тудырмас па екен?

Студенттердің биылғы «тәртіпсіздіктері» анағұрлым қолайлы жағдайларда басталып отыр. «Тобырдың», «көшенің» тілегі солардың жағында болып отыр. Егер либералдық қоғам *дер кезінде* студенттерге жәрдемдесу арқылы үкіметтің біржолата берекесін қашыру үшін

және оны нағыз кеңшіліктер жасауға мәжбүр ету үшін барлық күшін салмаса, онда либералдық қоғам тарапынан мұнысы қылмысты қате болар еді.

Біздің либералдық қоғамның мұндай рольді атқаруға қаншалықты қабілетті екендігін таяудағы болашақ көрсетеді. Қазіргі студенттер қозғалысының немен тынатындығы көп ретте осы мәселенің шешілуіне байланысты. Бірақ бұл өзі немен тынса да, бір нәрсе даусыз: соншалық қысқа тыныштық кезеңнен кейін жалпы студенттер тәртіпсіздігінің қайтадан басталуы — қазіргі құрылыстың саяси банкроттыққа ұшырағанының белгісі. Үш жыл бойы университет өмірі қалыпқа түсе алмай келеді, оқу кейде болады, кейде болмайды, мемлекет механизмінің бір дөңгелегі істен шығуға жақын, аз уақыт айналған болады да, тағы да ұзақ уақыт тоқтап қалып отырады. Сондықтан қазіргі саяси құрылыстың шеңберінде бұл дертті мүлдем жазып жіберерлік ем енді жоқ екендігінде ешбір күмән болмауға тиіс. Марқұм Боголепов отанды атам заманғы, Николай медицинасының қорынан алынған «батырлық» еммен сақтап қалуға әрекет жасап бағып еді. Ал осы емді қолданудан не шыққаны мәлім. *Бұл* бағытпен ілгері басуға болмайтыны анық. Енді студенттерді алдарқату саясаты сәтсіздікке ұшырады. Ал күш жұмсау мен алдарқатудан басқа үшінші жол жоқ қой. Сондықтан қазіргі тәртіптің осылайша сөзсіз банкротқа ұшырағандығының әрбір жаңа көрінісі оның негіздерін барған сайын ойсыратып, селсоқ тоғышарлардың алдында үкіметті бедел дегеннен жұрдай етіп, онымен күресудің қажет екендігін түсіне бастаған адамдардың санын көбейте бермек.

Иә, самодержавиенің банкротқа ұшырап отырғандығы күмәнсыз, оның өзі де бұл туралы бүкіл дүниеге хабарлауға асығуда. Империяның үштен бір бөлегінде «қорғау ісін күшейтудің» жариялануы және Россияның барлық түкпірлерінде бір мезгілде жергілікті өкімет орындарының орыс заңдарында онсыз да рұқсат етілмеген қылмыстарды жасауға тыйым салатын «міндетті қаулылар» шығарып, қатты жазаға тартылады деп қорқытуы банкротқа ұшырағандық туралы жариялағандық емес

пе? Өзінің мәні бойынша жалпы заңдардың күшін жоятын айрықша ережелердің қандайы болсын белгілі бір уақыттың ішінде, белгілі бір жерлерде қолданылатын болып ұйғарылады. Төтенше жағдайлар жалпы заңдардың бөгетсіз іске асырылуына мүмкіндік беретін, бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіретін төтенше шараларды белгілі бір жерлерде уақытша қолдануды талап етеді деп ұйғарылады. Қазіргі тәртіптің өкілдері осылай ойлайды. Қорғау ісін күшейту туралы ереженің қолданыла бастағанына, міне, 20 жыл болды. Империяның басты-басты орталықтарында мұның 20 жыл бойы қолданылуы елді «рабайға келтіруге» жеткізген жоқ, қоғамдық тәртіпті қалпына келтірген жоқ. Міне, осы өте күшті ем 20 жыл бойы қолданылып отырса да, «сенімсіздік» дертінің, дерт болғанда емнің өзі осы дертке қарсы күресу үшін жасалған дерттің алысқа тарағандығы жәпе тамырын терең жайғандығы сонпалық, енді ірілеу деген қалалардың жәпе фабрикалық орталықтардың бәрінде де осы емді қажет деп тауып отыр! Банкроттың өзі апықтап-апық жариялап отырған банкроттық деген осы емес пе? Қазіргі құрылыстың шын қорғаушылары (мұндайлар, күмәнсыз, бар) осы өте күшті әсер ететін емге халықтың ептеп еті үйреніп, емнің үстеме мөлшерін сезбейтін болып бара жатқандығы туралы жаны шошыпа ойлануға тиісті.

Ал сонымен қатар үкімет еркінен тыс оның *экономикалық* саясатының банкротқа ұшырағаны анықталып отыр. Самодержавиенің жыртқыштық шаруашылығы шаруаларды сұмдық қанауға негізделген еді. Бұл шаруашылық, өзінің сөзсіз салдары ретінде, белгілі бір жердегі шаруаларды оқтын-оқтын ашаршылыққа ұшыратып отырды. Ол кездері жыртқыш-мемлекет халық алдында өзі тонап отырған сол халықтың жарқын бейнедегі қамқоршы асыраушысы болып көрінгісі келді. 1891 жылдан бастап адам өлімі жағынан ашаршылық орасан ұлғая бастады, ал 1897 жылдан бастап ашаршылық бірінің артынан бірі үздіксіз келетін болды. 1892 жылы Толстой: «паразит өзі шырынын сорып келген өсімдікті қоректендірмек болады» [127] деп

улы кекесінмен айтқан болатын. Мұның өзі, шынында да, қисынсыз идея еді. Қазір заман өзгерген, сондықтан ашаршылықтың деревнядағы үйреншікті жағдайға айналуына байланысты біздің паразит тоналып отырған шаруаларды қоректендіру туралы утопиялық пікірді қолдамақ түгіл, тіпті сол пікірдің өзін мемлекеттік қылмыс деп жариялайды. Мақсат орындалды — қазіргі орасан зор ашаршылық әдетте тіпті біздің өзімізде болып көрмеген тым-тырыс жағдайда өтіп жатыр. Ашығушы шаруалардың ыңырсыған дауыстары естілмейді, ашаршылықпен күресу жөнінде істеліп жатқан еш бір қоғамдық бастама жоқ, деревняда не болып жатқандығы туралы газеттер де үндемей отыр. Таңырқарлық тым-тырыс жағдай, бірақ бұл тым-тырыстық посер алдындағы күннің тымырсығынан аумайтынын Сипягин мырзалар сезбей ме екен?

Ежелден бері миллиондаған шаруалардың енжар қолдауының арқасында өмір сүріп келген мемлекеттік құрылыс сол шаруаларды жылдан-жылға өзін өзі асырай алмайтындай халге ұшыратып отыр. Обманов мырзалар монархиясының бұл *әлеуметтік* банкроттыққа ұшырауы оның *саяси* банкроттыққа ұшырауынан кем сабақ болмас.

Біздің қаскүнем банкроттың істері қашан жойылар екен? Өзінің саяси және финанс бюджетінің жыртықтесігін халық тәнінен тірілей сылып алған терімен ол қашанғы жамап-жасқап өмір сүре бермек екен? Біздің банкроттың өмірін тарих ұзақ мерзімге соза ма, қысқа мерзімге соза ма — бұл өзі көп факторларға байланысты; бірақ олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі — қазіргі құрылыстың толық банкроттыққа ұшырап отырғандығын түсінген адамдардың революциялық белсенділік көрсетуінің дәрежесі болмақ. Бұл құрылыстың іріп-шіруі өте терең тамыр жайып отыр, бұл іріп-шіру осы құрылыстың көрін қазушылары болуына тура келетін қоғамдық элементтердің *саяси жұмылуынан* едәуір озып кетті. Осы саяси жұмылуды бәрінен гөрі революциялық социал-демократия қамтамасыз етеді; ол бір өзі самодержавиеге өлтіре соққы бере алады. Студент-

тердің үкіметпен жаңа шайқасы самодержавиеге дұшпан барлық қоғамдық күштерді жұмылдыру ісін бәріміздің тездетуімізге мүмкіндік береді және бізге осы міндетті жүктейді. Саяси өмірде соғыс уақытының айларын тарих жылдарға балайды. Ал біздің бастан кешіріп отырған уақытымыз шынында да — соғыс уақыты.

«Искра» № 17, 15 февраль, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІНЕН

Осындай жалпы тақырыппен, материалдардың жиналуына қарай, біз дүркін-дүркін Россияның экономикалық өмірі мен экономикалық дамуының барлық жақтарын маркстік тұрғыдан сипаттауға арналған мақалалар мен заметкалар басып тұрмақшымыз. Енді, «Искра» айына екі рет шыға бастаған кезде, мұндай бөлімнің жоқтығы өте қатты сезіліп отыр. Бірақ бұл ретте осы бөлімді жүргізу (шамамыз келгенше дұрыс жүргізу) материалдардың айрықша көп болуын керек ететіндігіне, ал бұл жөнінде біздің редакциямыз өте-мөте қолайсыз жағдайда болып отырғандығына біз жолдастардың және баспасөзімізге тілектес адамдардың бәрінің де назарын қатты аударуға тиіспіз. «Құпия» жазушының ниеттері мен талаптары кейде бір жай ғана кедергілерге соқтығып талқан болатыны жария жазатын жазушының тіпті есіне де кіріп шықпайды. Журналист үшін ондаған, жүздеген арнаулы басылымдар мен жергілікті газеттері бар императорлық көпшілік кітапханасына біздің бара алмайтынымызды ұмытпаңыздар, мырзалар. Ал экономикалық бөлім үшін керекті, аз да болса «газетке» лайықты материал, яғни оқушыны да, жазушыны да қызықтыра алатын аз да болса жанды, көкейтесті материал,— мұндай материал дәл жергілікті шағын газеттер мен арнаулы басылымдарда шашырап жүр, ал бұлардың көбіне бағасы қымбат болғандықтан қол жетпейді немесе бұлар (үкімет, земство, медицина басылымдары, т. т.) тіпті сатылмайды. Сондықтан құпия газеттің *барлық оқушылары:* «жұрттан суыртпақ жиса да бір жалаңашқа көйлек шығады» деген ереже бойынша әрекет жасаса ғана, *тек* осындай жағдайда

экономикалық бөлімді шама келгенше дұрыстап жолға қоюға болады. Ал жалған ұятты былай қойғанда, «Искра» редакциясы бұл жөнінде өзін тіпті жалаңаш отырмыз деп мойындаса да болады. Біздің оқушы бұқарамыздың толып жатқан арнаулы және жергілікті басылымдарды бақылап отыруға мүмкіндіктері бар және олар шынында да «өздері үшін» осыларды бақылап та жүр, біздің бұған сеніміміз мол. Осындай *әрбір* оқушы қызғылықты материал кездестірген *сайын* осы материал *біздің* газетіміздің редакциясында бар ма екен? деп, оны осы материалмен таныстыру үшін мен не істедім? деп өзіне сұрақ қойып отыратын болса ғана — тек сонда ғана біз Россияның экономикалық өміріндегі барлық үздік құбылыстардың тек қазыналық, поповремялық [128], виттелік мадақтау тұрғысынан ғана бағаланбай, тек әдеттегі либералдық-халықшылдық сары уайымшылдықпен бағаланбай, революциялық социал-демократия тұрғысынан да бағалануына қолымыз жетеді.

Ал осы либералдық емес сары уайымнан кейін енді іске көшейік.

I. ЖИНАҚ КАССАЛАРЫ

Жинақ кассалары — соңғы кезде мадақтау үшін қолданылып жүрген ең оңтайлы сылтаулардың бірі. Бірақ бұл тек виттелік мадақтауда ғана емес, сондай-ақ «сыншылдық» мадақтауда да пайдаланылып жүр. Давидтер мен Герцтер, Черновтар мен Булгаковтар, Прокоповичтер мен Тотомианцтар,— бір сөзбен айтқанда, сәнге айналған «марксизмді сынауды» жақтаушылардың бәрі де (салмақты профессорларды, Каблуковтар мен Карышевтерді айтпағанның өзінде) әр түрлі пернеге, әр түрлі үнге салып: «бұл ортодокстар капитал шоғырланып отыр деседі!— Ал енді мына жинақ кассаларының бір өзі-ақ бізге капиталдың шашырауын көрсетіп отыр. Қайыршылық өсіп келеді деседі! Ал шынына келгенде біз халықтың ұсақ жинақ ақшасының өсіп келе жатқанын көріп отырмыз»— деп шулауда.

Бір ізгі ниетті адамның 1899 жылғы орыс жинақ кассалары туралы [129] бізге жіберген ресми мәліметтерін алайық та, соларды мұқият қарап шығайық. Россияда

1899 жылы барлығы 4781 мемлекеттік жинақ кассасы, оның ішінде 3718 почта-телеграф кассасы және 84 фабрика-завод кассасы болған. Бес жылдың ішінде (1895 жылдан 1899 жылға дейін) кассалардың саны 1189-ға, яғни үштен бір бөлігіне артқан. Сол уақыттың ішінде вкладшылардың саны 1664 мыңнан 3145 мыңға дейін артқан, яғни бір жарым миллиондай (89%) артқан, ақша вкладтарының сомасы 330 млн. сомнан 608 млн. сомға, яғни 278 млн. сомға немесе 84% артқан. Сөйтіп, «халық жинағы» орасан өсіп отырған тәрізді емес пе?

Бірақ бұл жерде мынадай жағдай бірден көзге түседі. 80-жылдары және 90-жылдардың бас кезінде вкладтардың сомасы *ашаршылық жылдары,* 1891 және 1892 жылдары, *анағұрлым тез* өскені жинақ кассалары туралы әдебиеттен мәлім. Бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан,— бүкіл осы кезең ішінде, 80 және 90-жылдарды қоса есептегенде, «халық жинағының» өсуімен қатар шаруалардың қайыршылану, күйзелу және ашаршылыққа ұшырау процесі мейлінше тез әрі шұғыл өріс алғанын біз білеміз. Осындай біріне-бірі қайшы құбылыстар қалайша орайласа алатынын түсіну үшін аталған кезең ішінде Россияның экономикалық өмірінің ең басты ерекшелігі *ақша шаруашылығының өскендігі* екенін еске түсірсек те болады. Жинақ кассаларындағы вкладтардың өсуінің өзі «халық» жинағының жалпы өскендігін көрсетпейді, тек *ақшалай* «жинақтың» ғана өскендігін (кейде тіпті оны орталық мекемелерге ғана жинақтауды) көрсетеді. Мысалы, натуралды шаруашылықтан ақша шаруашылығына көшкен кезде шаруаларда «халық» жинағының жалпы сомасы *азайып,* ақшалай жинақтың *көбеюі* әбден мүмкін. Ескілікті шаруа өз жинағын, бұл жинақ ақшалай болған кезде, құмырада сақтап келді, ал көбінесе оның жинақтары астық, мал азығы, кенеп, отын, т. с. «заттай» нәрселерден құралатын. Енді күйзелген және күйзелгелі отырған шаруаның заттай да, ақшалай да жинақтары жоқ, ал байып келе жатқан азын-аулақ шаруалардың ақшалай жинағы өсіп, мемлекеттік жинақ кассаларына түсе бастайды. Сөйтіп, ашаршылықтың күшеюімен қатар вкладтардың

өсуі әбден түсінікті, ал вкладтардың өсуі халықтың әл-ауқатының артуын емес, ескі, дербес шаруаны жаңа село буржуазиясының, яғни шаруашылығын батырақтар не күндікшілер жалдамайынша жүргізе алмайтын ауқатты мужиктердің ығыстыруын көрсетеді.

Бұл айтылғанға вкладшылардың өз кәсіптеріне қарай бөлінуі жөніндегі мәліметтер қызғылықты жанама дәлел болып табылады. Бұлар — вкладтарының сомасы 545 млн. сом болатын 3 миллион дерлік (2942 мың) книжканың иелері туралы мәліметтер. Орташа вклад 185 сомға тең — көріп отырсыздар, бұл сома вкладшылардың арасында орыс халқының өте-мөте азшылығы болып табылатын, атадан қалған немесе қорланған мүлкі бар «бақыттылардың» басым екендігін айқын көрсетеді. Ең ірі вкладшылар — *дінбасылар:* 137 мың книжкада 46 млн. сом бар, яғни әрбір книжкада 333 сомнан. Пенделерін күнәдан сақтаудың қамын ойлау, сірә, тиімсіз іс болмаса керек... Одан кейін — *жер иелері:* 36 мың книжкада 9 млн. сом бар, яғни әрбір книжкада 268 сомнан; одан соң — *саудагерлер:* 268 мың книжкада 59 млн. сом бар, яғни әрбір книжкада 222 сомнан; сонан соң офицерлер — әрбір книжкада 219 сомнан; азаматтық мекемелердегі чиновниктер — 202 сомнан. «Егіншілік пен село кәсіпшіліктері» тек алтыншы орында ғана тұр: 640 мың книжкаға 126 млн. сом салынған, яғни әрбір книжкаға 197 сомнан; онан соң «жеке қызметтердегі кәсіптер» — 196 сомнан; «басқа кәсіптер» — 186 сомнан; қала кәсіпшіліктері — 159 сомнан; «үй қызметтері» — 143 сомнан; *заводтар мен фабрикалардағы жұмыс* — 136 сомнан және ең соңғы орында «төменгі дәрежедегі әскери қызметкерлер» — 86 сомнан.

Сонымен, шынына келгенде фабрика-завод жұмысшылары (қазына асырап отырған солдаттарды есепке алмағанда) жинағының мөлшері жағынан *соңғы* орынды алып отыр! Тіпті үй қызметшісінің жинағы орта есеппен алғанда неғұрлым жоғары (136 сомның орнына әрбір книжкаға 143 сомнан келеді) және бұлардың арасында вкладшылар әлдеқайда көп. Атап айтқанда: үй қызметшілері 333 мың книжкаға 48 млн. сом салса,

фабрика-завод жұмысшылары — 157 мың книжкаға 21 млн. сом салған. Біздің ақсүйектер мен шонжарлардың барлық байлығын жасап беріп отырған пролетариат бұлардың үй қызметшілеріне қарағанда анағұрлым нашар жағдайда болып отыр! Орыс фабрика-завод жұмысшыларының барлық санының ішінен (бұлар екі миллионнан кем емес) шамамен алғанда тек *алтыдан бір* бөлігінің [130] ғана жинақ кассаларында мейлінше мардымсыз вклад сақтауға мүмкіндігі бар,— жұмысшылардың бүкіл табысы бірыңғай ақшалай табыс болуына қарамастан осылай болып отыр, өйткені олар өздерінің деревнядағы семьясын асырауы керек, сондықтан олардың вкладтары, сөздің дәл мағынасында айтқанда, «жинақ» емес, тек келесі жолы үйге жібергенге дейін *сақтап* қойған сомасы ғана, т. б. «Фабрикалар мен заводтардағы жұмыс» деген тармаққа контор қызметкерлері, мастерлер, бақылаушылар, бір сөзбен айтқанда, нағыз жұмысшыларға жатпайтын адамдар да кіріп кетуі ықтимал екенін біз тіпті айтып та отырғанымыз жоқ.

Ал шаруаларға келетін болсақ,— егер олар негізінен «егіншілік пен село кәсіпшіліктері» деген тармаққа кірген деп есептесек,— онда олардың жинағының орта мөлшері, жоғарыда көргеніміздей тіпті жеке қызметтерде істейтіндерге қарағанда неғұрлым жоғары болып отыр және «қала өнеркәсіпшілерінің» (яғни бұлар дүкенші, қолөнерші, қора тазалаушы және т. с. болуы мүмкін) жинағының орта мөлшерінен едәуір асып түседі. Жинақ кассаларына 126 миллион сом ақша салып отырған осы 640 мың шаруа (бұлардың жалпы санына шаққанда 10 миллионға жуық үй немесе семья) тек қана *шаруа буржуазиясына* жататын болар. Ауыл шаруашылығының прогресі туралы, машиналардың таралып отырғандығы туралы, егіншілік мәдениетінің және тұрмыс дәрежесінің арттырылуы туралы, т. б. туралы мәліметтер осыларға және тек осыларға жақын тұрған шаруаларға ғана қатысты мәліметтер;— «халықтың әлауқатының өсуін» дәлелдеу үшін Витте мырзалар социалистерге қарсы келтіріп отырған, егіншілікте ұсақ өндірістің құрып, құлдырап бара жатқандығы туралы «маркстік догманы» теріске шығару үшін либерал мыр-

залар (және «сыншылар») келтіріп отырған мәліметтер. Ұсақ өндірістің құлдырауы дегеннің өзі дәл сол ұсақ өндірушілердің ішінен бұқараның күйзелуі есебінен азын-аулақ баюшылардың өсіп шығуында екендігін бұл мырзалар көрмейді (не көрмегенсиді).

Вкладшылардың жалпы санын олардың вкладтарының мөлшеріне қарай бөлу туралы мәліметтер бұдан да қызғылықты. Цифрларды жинақтап айтқанда бұл бөлу мынадай болады: үш миллион вкладшының бір миллионының 25 *сомға дейін* вклады бар. Бұлардың барлығы 7 млн. сомы бар (545 млн. сомға, яғни вкладтардың жалпы сомасының әрбір 10 сомына 12-ақ тиыннан келеді). Бұлардың вкладтарының орта мөлшері — *жеті сом.* Демек, нағыз ұсақ вкладшылар жалпы санның үштен бірі бола тұрып, барлық вкладтардың тек $^{1}/_{83}$ бөлігіне ғана ие. Онан соң, 25 сомнан 100 сомға дейін ақшасы бар вкладшылар жалпы санның бестен біріне тең (600 мың), бұлардың салған ақшасы не бары 36 млн. сом,— орта есеппен 55 сомнан. Осы екі разрядты қоса келгенде, вкладшылардың *жартысынан көбінің* (3 млн. адамның 1,6 миллионы) 545 млн. сомнан тек 42 млн. сомы ғана бар, яғни $^{1}/_{12}$ бөлігі ғана тиісті екендігін көреміз. Қалған, дәулетті қор сақтаушылардың ішінен бір миллион адам 100 сомнан 500 сомға дейін салған — олардың барлық салғаны 209 млн. сом, әрбір вкладшыға 223 сомнан келеді. 400 мың вкладшының әрқайсысы 500 сомнан артық салған; олардың барлық салғаны 293 млн. сом — әрбір вкладшыға 762 сомнан келеді. Демек, бұлар, сірә, бай адамдар болар, бірақ барлық вкладшылардың $^{1}/_{7}$ *бөлігінен аз* бола тұрып, барлық капиталдың *жартысынан көбіне* (54%) ие болып отыр.

Сөйтіп, қазіргі қоғамда *капиталдың шоғырлануы,* халық бұқарасының кедейленуі, тіпті «кіші ағайын» үшін, халықтың кем ауқаттылары үшін арнайы бейімделген мекемелерде де өте айқын көрініп отыр, өйткені вкладтардың ең көп мөлшері заң бойынша 1000 сом болып тежелген. Және кез келген капиталистік қоғамға тән мүліктің бұл шоғырлануы алдыңғы қатарлы елдерде, бұларда жинақ кассаларының көптен-көп «демократияландырылғанына» қарамастан, онан бетер күшті екенді-

гін айта кетуіміз керек. Мысалы, 1899 жылы 31 декабрьде Франциядағы 4337 млн. франк (франк 40 тиыннан азырақ) салынған жинақ кассаларында $10^1/_2$ млн. книжка болған. Орта есеппен алғанда бұл бір книжкаға 412 франктан немесе 160 сомнан келеді, яғни орыс жинақ кассаларына салынған вкладтың орта мөлшерінен *азырақ*. Францияда ұсақ вкладшылардың саны да Россияға қарағанда біршама көп: вкладшылардың үштен біріне таяуының ($3^1/_3$ млн.) мөлшері 20 франкқа дейін (8 сом), орта есеппен 13 франктан (5 сом) вкладтары бар. 4337 миллион франк мөлшеріндегі жалпы соманың ішінде бұл вкладшылардың салғаны тек 35 млн. франк қана, яғни $^1/_{125}$ бөлігі. 100 франкқа дейін ақшасы барлар вкладшылардың жалпы санының жартысынан аз-ақ көп (5,3 млн.), ал олардың не бары 143 млн. франк ақшасы бар, яғни вкладтардың жалпы сомасының $^1/_{33}$ бөлігі. Керісінше, 1000 франк және одан көп (400 сом және одан көп) ақшасы бар вкладшылар вкладшылардың жалпы санының *бестен бірінен аз* (18,5%) бола тұрып, вкладтардың жалпы сомасының *үштен екісінен астамына* (68,7%), атап айтқанда 4337 млн. франктан 2979 млн. франкқа ие болып отыр.

Сөйтіп, біздің «сыншылардың» пікірлерін бағалау үшін оқушының енді кейбір материалы бар. Бір фактінің өзін: жинақ кассаларына салынған вкладтардың орасан өсуін және әсіресе ұсақ вкладшылар санының көбеюін әр түрлі түсіндіріп отыр. «Марксизм сыншысы»: халықтың тұрмысы оңалып келеді, капиталдың шашырауы өсіп келеді, дейді. Социалист: «заттай» жинақ ақшалай жинаққа айналып отыр, буржуазияға айналып бара жатқан және өздерінің жинақтарын капиталға айналдырып отырған ауқатты шаруалардың саны көбейіп келеді, дейді. Жұмыс күшін сатып күн көретін және болмашы табыстарының бір бөлігін (уақытша болса да) қор жасау үшін кассаға салып отыратын пролетариат қатарына ығыстырылып отырған шаруалардың саны одан бетер тез өсуде. Ұсақ вкладшылардың көптігі атап айтқанда капиталистік қоғамда кедейлердің көптігін дәлелдейді, өйткені бұл ұсақ вкладшылардың вкладтардың жалпы сомасындағы үлесі өте аз.

Нағыз буржуаның өзінен «сыншының» айырмасы қайсы? — деген сұрақ туады.

Ілгері кеттік. Жинақ кассалары капиталының қандай тұтынуға жұмсалатынын және атап айтқанда қалай жұмсалатынын қарап көрелік. Россияда бұл капиталдар ең алдымен әскери және полицейлік-буржуазиялық мемлекеттің қуатын күшейтіп отыр. Патша үкіметі өзінің қолына түсіп отырған халықтың басқа да барлық мүлкіне қалай бақылаусыз билік жүргізсе, бұл капиталдарға да дәл солай бақылаусыз билік жүргізіп отыр (бұл туралы біз «Искраның» 15-номеріндегі бас мақалада айтқан болатынбыз) *. Патша үкіметі осы капиталдардан өзінің Қытайдағы жорықтарына төлеу үшін, капиталистер мен жер иелерінің ауыздарына тығу үшін, әскерлерді қайта қаруландыру үшін, флотты күшейту, т. б. үшін жүз миллиондап емін-еркін «қарыз» алып отыр. Мысалы, 1899 жылы жинақ кассаларындағы барлық 679 млн. сомның 613 млн. сомы процент төленетін қағаздарға салынған, атап айтқанда: **230** млн. сомы *мемлекеттік заемдарға,* 215 млн. сомы егіншілік банктерінің кепілдік қағаздарына және 168 млн. сомы темір жол заемдарына салынған.

Қазына өте тиімді «олжа» түсіріп отыр: біріншіден, ол жинақ кассалары бойынша барлық шығындарды жауып, таза пайда алады (осы уақытқа дейін бұл пайда жинақ кассаларының қордағы капиталына айналып отырушы еді); екіншіден, ол біздің мемлекеттік шаруашылықтың жетімсіздіктерін толтыруға вкладшыларды *мәжбүр етеді* (оларды қазынаға қарызға ақша беруге мәжбүр етеді). 1894 жылдан 1899 жылға дейін жинақ кассаларына жылына орта есеппен 250 млн. сом алынып, 200 млн. сом беріліп отырған. Демек, мемлекеттік қазына қапшығының жыртық-тесіктерін заемдар арқылы жамауға жыл сайын *елу миллионнан* келеді, мұны тек жалқаулар ғана талан-таражға салмас. Ендеше, ақшаны соғысқа және сарай құйыршықтарының, помещиктер мен фабриканттардың құлқынын толтыруға төгіп-шашудан болатын дефициттен қорқатын не бар!

* Қараңыз: осы том, 282—288-беттер. *Ред.*

«Халық жинақтарынан» алып әрдайым ірі соманың орнын жауып жіберуге болады ғой!

Жақша ішінде айта кетелік, қазынаның тиімді олжа табуының ішінара себебі — ақшалай вкладтарға төленетін процентті ол ұдайы кемітіп отырады, ал осы процент қағаздарға төленетін проценттен төмен болады. Мысалы, 1894 жылы ақшалай вкладтарға төленетін процент 4,12% болса, қағаздарға — 4,34%; 1899 жылы — 3,92% және 4,02% болды. Проценттің төмендеуі — ірі капиталдың және *ұсақ өндірістің есебінен ірі өндірістің өсіп отырғанын* мейлінше айқын дәлелдейтін, барлық капиталистік елдерге ортақ құбылыс екені мәлім, өйткені проценттің мөлшері, сайып келгенде, пайданың барлық сомасы мен өндіріске жұмсалған капиталдың барлық сомасының арақатынасымен белгіленеді. Дәл сондай-ақ қазынаның почта-телеграф чиновниктерінің еңбегін қанауды күшейтіп отырғандығын айтпай кетуге болмайды: олар бұрын тек почтаны ғана басқарып келіп еді, кейін телеграфты да қосты, енді оларға жинақтарды алу және беру істерін жүктеп отыр (4781 кассаның 3718-і почта-телеграф кассасы екендігін еске түсірелік). Бұл — почта-телеграфтың ұсақ қызметшілерінің көпшілігі үшін жұмыстың ауырлай түсуі және жұмыс күнінің ұзаруы деген сөз. Ал оларға жалақы төлеуге келгенде қазына уысынан түк шығарғысы келмейтін кулакша сараңдық жасайды: ең төменгі, жаңадан қызмет істей бастаған қызметшілерге төлейтіндері тек *аштан өлместің* ғана ақысы. Содан кейін жиырма бес тиын немесе елу тиын қосылатын толып жатқан дәреже сатылары белгіленген, әрі қырық-елу жыл істеген ауыр жұмыстан кейін төленетін болмашы пенсия — осы нағыз «чиновниктер пролетариатын» бұрынғыдан бетер кіріптарлыққа ұшыратады.

Ал енді кассалар капиталының ұсталуына қайта оралайық. 215 млн. сомды кассалар (Россия үкіметінің қалауы бойынша) егіншілік банктерінің кепілдік қағаздарына және 168 млн. сомды темір жол заемдарына салып отырғанын көрдік. Бұл факт соңғы кезде мейлінше өріс алған тағы да бір буржуазиялық терең ойдың... яғни «сыншыл» ойдың шығуына себеп болып отыр.

Шындығына келгенде — дейді бізге Бернштейндер, Герцтер, Черновтар, Булгаковтар және сол сияқтылар — бұл факт жинақ кассаларына ұсақ қор сақтаушылардың *темір жолдардың иелеріне,* егіншілікке салынған *кепілдік қағаздардың иелеріне* айналып бара жатқандығын көрсетеді ғой. Іс жүзінде, дейді олар, тіпті темір жолдар және банктер сияқты таза бірыңғай капиталистік және өте ірі кәсіпорындар барған сайын шашырап, ұсақталып отыр, сойтіп акцияларды, облигацияларды, кепілдік қағаздарды, т. б. ұсақ меншік иелерінің сатып алулары арқылы солардың қолдарына көшіп отыр. Іс жүзінде дәулеттілердің саны, меншікшілердің саны өсіп отыр,— ал мына ой-өрістері тар марксистер болса шоғырлану және кедейлену деген ескірген теорияны әлі күнге тастамай келеді, дейді. Егер мысалы, статистика бойынша, орыс фабрика-завод жұмысшыларының жинақ кассаларындағы 157 мың книжкасында салынған ақша 21 млн. сом болса, осы соманың 5 млн. сомына жуығы темір жол заемдарына, 8 млн. сомына жуығы егіншілік банктерінің кепілдік қағаздарына салынып отыр. Ендеше, орыс фабрика-завод жұмысшылары бүтін 5 млн. сомдық темір жолға меншік иесі болып, бүтін 8 млн. сомдық жерге ие болып отыр ғой. Ал енді пролетариат туралы сөйлеп көріңіз! Олай болса, жұмысшылар жер иелерін қанап отыр екен, өйткені кепілдік қағаздардың проценттері ретінде олар рентаның бірсыпыра бөлшегін, яғни қосымша құнның бірсыпыра бөлшегін алып отыр.

Міне, жаңадан шыққан марксизм сыншылары пікірлерінің бет алысы нақ осылай ... Ал — білесіздер ме?— мен, сірә, «сынды» құттықтау керек, өйткені ол тоқыраған ілімге қозғау салды-мыс деген, коп таралып жүрген пікірге қосылуға әзір де болармын, қосылғанда мен мынадай шартпен қосылам. Кезінде француз социалистері оздерінің насихат және үгіт жағына қабілеттілігін Бастианың софизмдерін талдау арқылы ұстартса, неміс социалистері —Шульце-Деличтің софизмдерін таркату арқылы ұстарткан болатын, ал енді біздің, орыстардың, үлесіне *әзірше* «сыншылардың» компаниясы ғана тиіп отыр. Сонымен, мен: «сын жасай берсін!» деп айқай са-

луға дайынмын — бірақ менің *қоятын шартым*, біз, социалистер, *бұқара арасында жүргізетін* өзіміздің насихатымыз бен *үгітімізде* сәнге айналған «сынның» барлық буржуазиялық софизмдерін талдауды *мүмкіндігінше кең түрде* жүргізіп отыратын болалық. Осы шартқа қосыласыздар ма? — онда қолдарыңызды әкеліңіздер! Айтпақшы, біздің буржуазия буржуазияшыл теоретиктерді қорғағаннан гөрі патша жебірейілдерін қорғағанды артық көріп, жұмған аузын ашпай отыр, міне сондықтан бізге «сыншыларды» «жын-шайтанның адвокаттары» етіп алу өте қолайлы болады.

Жинақ кассалары арқылы жұмысшылар мен ұсақ өндірушілердің барған сайын көп бөлегі ірі кәсіпорындардың қатысушылары болуда. Бұл — күмәнсыз факт. Бірақ бұл факт меншікшілер санының өсіп отырғандығын емес, қайта 1) капиталистік қоғамда еңбектің қоғамдастырылуының өсуін және 2) ұсақ өндірістің ірі өндіріске бағынышты болуының өсіп отырғандығын дәлелдейді. Орыстың дәулеті аз вкладшыларын алып қараңыз. 100 сомға дейін ақшасы барлар тең жартысынан көп, атап айтқанда 1618 мың адам, олардың капиталы 42 млн. сом, яғни әрбір вкладшыға 26 сомнан келеді, біз мұны жоғарыда көрдік. Ендеше,— осы вкладшы 6 соммен темір жолдарға, 9 соммен — «жер мүлкіне» «ие болсын». Ал осыдан барып ол «дәулетті» немесе «меншік иесі» бола ала ма? Жоқ, ол өзінің жұмыс күшін сатуға, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының иелеріне құлдыққа баруға мәжбүр болып отырған пролетариат қалпынан өзгермейді. Ал енді оның «темір жол және банк» ісіне «қатысуы» капитализм қоғамның жеке мүшелерін және жеке таптарын бірімен-бірін барған сайын тығыз байланыстырып отырғандығын дәлелдейді. Патриархтық шаруашылық тұсында жеке өндірушілердің өзара байланысы тіпті болмашы ғана еді; енді ол байланыс барған сайын күшейіп келеді. Еңбек барған сайын қоғамдық еңбекке айналып барады, кәсіпорындардың «жеке меншіктілігі» кеміссе де, *түгелімен дерлік* жеке адамдардың қолдарында қалып отыр.

Ірі кәсіпорынға қатысуы арқылы ұсақ вкладшы, күмән жоқ, сол кәсіпорынмен *араласып кетеді.* Бұл ара-

ласудан кім пайда тауып отыр?— Ірі капитал пайда тауып отыр; ол ұсақ вкладшыға заем берушінің қандайынан болса да көп төлемей (көбінесе аз төлеп) және ұсақ вкладшылар *неғұрлым ұсақ* және неғұрлым бытыраңқы болған сайын оларға *соғұрлым тәуелсіз* болып, өзінің операцияларын кеңейте береді. Біз ұсақ вкладшылар үлесінің тіпті жинақ кассаларының капиталында өте аз екендігін көрдік. Ал осы үлес темір жол және банк шонжарларының капиталында қапшалықты болмашы десеңізші? Өзінің тиын-тебенін осы шонжарларға береді де, ұсақ вкладшы ірі капиталға *жаңадан тәуелділікке* түседі. Осы ірі капиталға иелік етемін деп оның ойлауына да болмайды; оның «пайдасы» кісі күлерліктей аз (26 сомға 4% = жылына 1 сом!). Ал енді оның есесіне ірі капитал күйреуге ұшыраған жағдайда ол өзінің сол болмашы тиын-тебенінен де мүлдем қағылады. Бұл ұсақ вкладшылардың көбейіп келе жатқандығы ірі капиталдың бөлшектенгенін емес, қайта ірі капиталдың «халық» жинақтарының ұсақ тиын-тебеніне дейін иемденіп, *қуатының артып* отырғандығын көрсетеді. Ұсақ вкладшы ірі кәсіпорынға қатысу арқылы да бұдан дербес қожайын бола алмайды, қайта ірі қожайынға *көбірек тәуелді* адам болып шығады.

Ұсақ вкладшылар санының көбеюінен дәулеттілердің саны өсіп отыр деген филистерлік жұбанышты қорытынды тумайды, ұсақтардың ірілерге тәуелділігінің күшейіп отырғаны туралы, кәсіпорындардың барған сайын қоғамдастырылу сипаты мен өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің сақталып қалуы арасындағы қайшылықтың күшейіп отырғандығы туралы революциялық қорытынды шығады. Жинақ кассалары неғұрлым дамыған сайын ұсақ вкладшылардың пролетариаттың социалистік жеңісіне мүдделілігі соғұрлым арта түседі, тек пролетариаттың социалистік жеңісі ғана оларды қоғамдық байлықтың жалған емес, нағыз «қатысушылары» мен иелері етеді.

«Искра» № 17, 15 февраль, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП КОМИТЕТІНІҢ КЕҢЕСІНЕ (КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА) «ИСКРА» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ [131]

5 март, 1902 ж.

Жолдастар! Кеңестің 21 мартта шақырылатындығы туралы хабарды бұдан үш-ақ күн бұрын алдық, оны конференция шақыру жөніндегі алғашқы жоспардың орнына партия съезін шақыру жоспары қойылғандығы туралы мүлде күтілмеген хабармен бірге алдық. Бұл кенет және дәлелсіз өзгерісті кімнің жасап отырғандығын біз білмейміз. Өз тарапымыздан біз бұл өзгерісті мүлде қолайсыз деп табамыз, партия тұрғысынан қарағанда өте-мөте күрделі және маңызды қадамдарды бұл сияқты тез өзгертушіліктерге біз қарсымыз, біз конференция шақыру жөніндегі алғашқы жоспарға қайта оралуға барынша кеңес береміз.

Мұның қажет екендігіне көз жеткізу үшін біздің ойымызша, съезге қойылып отырған мәселелердің тізіміне (Tagesordnung) көңіл қойып, көз жіберсе жетіп жатыр; бұл тізім де бізге тек бұдан үш-ақ күн бұрын хабарланды, оның үстіне бұл Tagesordnung-тің жобасын бір ұйым ғана ұсынып отыр ма немесе бірнеше ұйым ұсынып отыр ма, мұны біз білмейміз. Тізімде съезде қаралуға тиісті тоғыз мәселе мынадай ретпен белгіленген (мәселелердің мазмұнын қысқаша баяндайын): А) Экономикалық күрес; В) Саяси күрес; С) Саяси үгіт; D) 1 май; Е) Оппозициялық элементтерге көзқарас; F) Партияға кірмейтін революциялық топтарға көзқарас; G) Партияны құру; Н) Орталық орган және I) Шетелдегі өкілдік және шетелдегі партия ұйымдары.

Біріншіден, бұл тізім өзінің құрылымы және кейбір мәселелердің редакциялануы жағынан «экономизмнің» әсерін қатты аңғартады. Әрине, біз бұл тізімді ұсынып отырған ұйым осы күнге дейін «экономикалық» көзқарастарды жақтап отыр деп ойламаймыз (әйтсе де *кейбір дәрежеде* бұл мүлде мүмкін емес деуге болмайды), бірақ біз халықаралық революциялық социал-демократияның қоғамдық пікірімен де, бізде әлі де болса таралып жүрген «экономизмнің» қалдықтарымен де сапасу керек екендігін жолдастардың ұмытпауын сұраймыз. Ойлап қараңызшы: саяси күрестің алдыңғы қатарлы партиясы елдің барлық революциялық және оппозициялық күштері самодержавиеге тікелей шабуыл жасай бастаған аса қауырт кезеңде съезд шақырады екен,— сөйте тұра күтпеген жерден біз негізгі мәселе етіп «экономикалық күресті» қоямыз, содан кейін ғана «саясат» келеді екен!! Ал мұның өзі біздің экономистердің саяси үгіт (resp.* күрес) экономикалық үгіттен соң келуге тиіс дейтін дәстүрлі адасушылығын сол күйінде қайталап отырған жоқ па? Егер қайсыбір европалық социал-демократиялық партия революциялық кезеңде барлық мәселелердің ішінен кәсіптік қозғалыс туралы мәселені бірінші орынға қоймақ болса, бұл ақылға сыяр ма еді? Немесе саяси үгіт туралы мәселені саяси күрес туралы мәселеден бөлушіліктің өзін алып қараңыз! Бұл арада саяси үгітті мүлде бір ерекше нәрсе ретінде, басқа кезеңге тән бір нәрсе ретінде саяси күреске қарсы қойып келген дағдылы адасушылық көрініп тұрған жоқ па? Немесе, ақырында, демонстрациялардың *ең алдымен* мәселелер тізімінде *экономикалық күрестің құралы* ретінде көрсетіліп отырғандығын қалай түсінуге болады!?? Қазіргі кезде социал-демократияға жат *толып жатқан* элементтер бүкіл социал-демократияны «экономизмге» салынып отыр деп айыптап отырғанын: «Накануненің» де, «Вестник Русской Революциидің» де, «Свободаның» да айыптап отырғанын, керек десе (керек десе!) «Русское Богатствоның» да айыптап отырғанын шынында да ұмытуға болмайды ғой. Конфе-

* — respective — немесе. *Ред.*

ренцияның қарарлары қандай болған күнде де мәселелердің тізімінің өзі-ақ тарихи документ болып қалады, бүкіл партиямыздың саяси дамуының дәрежесі туралы жұрт осы документке қарап баға беретіндігін ұмытуға болмайды.

Екіншіден, тізімнің таң қалдыратын себебі, онда (съезге бірнеше-ақ күн қалғанда!) әбден дайындалғанда ғана, нағыз нақты, нағыз түсінікті шешімдер қабылдауға мүмкіндік болғанда ғана талқыланатын мәселелер қойылған, ал онсыз бұларды әзірше мүлде талқыламағанның өзі жөн. Мысалы, Е және F пункттерін: оппозициялық және басқа революциялық бағыттарға көзқарас деген пункттерді алайық. Бұл мәселелерді күн ілгері жан-жақты талқылау қажет, олар жайында баяндамалар жазу керек, болып отырған өзгешеліктердің айырмасын анықтау керек — міне, сонан кейін ғана қарарлар қабылдау керек, ол қарарлар қайдағы бір дәстүрлі «жалпы сөздерді» қайталап қана қоймай, бүкіл партияға нақты *басшылық* болуға жарайтындай шынында бір жаңалық беретін болуы керек. Шынында да ойлап қараңыздаршы: «Революциялық-социалистік «Свобода» тобына» немесе жаңадан шыққан «социалист-революционерлер партиясына» көзқарас туралы мәселелерді толық, дәлелді етіп және қозғалыстың барлық практикалық тілектерімен санасарлықтай етіп біз бірнеше күннің ішінде шеше аламыз ба? Бундқа көзқарас және партияның 1-съезі шешімдерінің ол жөніндегі параграфтарын қайта қарау сияқты маңызды мәселе туралы үндемей отырып, партияға кірмейтін революцияшыл топтар туралы сөз етудің кем дегенде қандай оғаш пікір туғызатыны жайында біз айтып та отырғамыз жоқ.

Үшіншіден,— ал бұл ең негізгі нәрсе — мәселелер тізімінде кешірімсіз кемшілік бар: қазіргі орыс революциялық социал-демократиясының *принциптік позициясы* және оның *партиялық программасы* туралы мүлде еш нәрсе айтылмаған. Бүкіл дүние жүзі «марксизмнің дағдарысы» туралы, ал орыстың бүкіл либерал публицистикасы тіпті оның ыдырауы *және жойылуы* туралы жар салып отырған кезде, «орыс социал-демократиясып-

дағы екі ағым» туралы мәселе кезектегі мәселе ретінде ғана қойылмай, сонымен қатар тіпті ұдайы оқылатын программа атаулыға, насихатшылар лекцияларының және өздігінен білім алу үйірмелері сабақтарының программаларына да еніп үлгерген кезде,— мұндай жағдайда аталған мәселелер жөнінде үндемеуге ешбір болмайды. Жолдастар, онсыз да дұшпандарымыз бізді — «бәрі де жақсы дегенді айтып, рапортпен рапорт беруге» үйреніп кеткендер деп,— *баспасөз жүзінде* (қараңыз: Надеждин, «Революция қарсаңы») келемеждеп жүр!..

Мәселелер тізімінің осы көрсетілген кемшіліктерінің бәрі, біздің ойымызша, шақырылып қойған конференцияны съезге айналдыру туралы жоспардың қисынсыз екендігін айқын дәлелдейді. 1898 жылдан бастап партия съездерінің болмауы жұрттың бәріне қатты сезіліп отырғандығын, конференцияны ұйымдастыру үшін жұмсалған күштерді «партияның партия мекемелерінсіз» осылай өмір сүруіп тоқтату үшін пайдаланайық дейтін ой-пікірдің қызығарлық екендігін біз, әрине, түсінеміз. Бірақ осы практикалық жайларға бола мынаны ұмыту орасан зор қате болар еді: Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының съезінен енді жұрттың бәрі осы заманның *барлық* революциялық міндеттерінің дәрежесіне сай келерліктей шешімдер күтіп отыр, егерде біз *енді* осындай нағыз сын сағатта тайсалатын болсақ, онда біз социал-демократияның саяси күреске гегемон болу жөніндегі барлық үміттерін жойған болар едік, онан да бірнеше мың сом ақша шығаруды және алдын ала ұйымдастыру жұмысына кететін бірнеше айды аямай, осы конференцияның өзін жазға қарай әрі теория саласындағы (принципті программа), әрі саяси күрес саласындағы кезекте тұрған барлық мәселелерді біржолата шешу қолынан келетін, нағыз *жалпы партия* съезін дайындау үшін пайдаланған жөн.

Социалист-революционерлерге қараңыздаршы, олар біздің кемшіліктерімізді барған сайын ұтымды пайдаланып, социал-демократияға зиян жасап алға басып келеді. Олар жақын арада ғана «партия» құрды, *теориялық* орган ұйымдастырды, *ай сайын шығатын* саяси газет шығару туралы қаулы алды. Егерде социал-демо-

краттар бұл сияқты оқиғадан *кейін* өздерінің съезінде *тіпті осындай да* нәтижелерге жете алмайтын болса, онда олар туралы жұрт не демек? Біз жұрттың мынадай пікірін: программа жүзінде анықтығы жағынан және революциялық ұйым жағынан социал-демократтар ол «партиядан», көрінеу көзге түрлі тұрлаусыз, анықталмаған және тіпті анықтала алмайтын элементтерді өз төңірегіне топтап отырған «партиядан» ұзап кете алмапты дейтін пікірін туғызу қаупінде тұрғанымыз жоқ па?

Осының бәріне байланысты біз былай деп ойлаймыз: комитеттер өкілдерінің бұл съезін Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті екінші съезі емес, *жеке бір конференция* деп жариялап, жазға қарай нағыз *жалпы партия съезін* ұйымдастырып, дайындау жұмысын бұл конференцияның *басты және тікелей міндеті* етіп белгілеу керек; ол съезд әрі партия программасын бекіте алатын, әрі партияның апта сайын шығатын саяси органын біржолата жолға қоя алатын, әрі жалпы алғанда социал-демократтардың барлық комитеттерін және тіпті барлық топтарын (баспаханалық және т. б.) принципті ұстамдылық, революциялық социал-демократияның принциптерінен айнымау және саяси *аттаныс* қимылдарына шын жауынгерлікпен дайын болу негізінде толық және іс жүзінде біріктіре алатын халде болуы керек.

Осы негізгі ой-пікірге сүйене отырып, біз конференциямыздың мынадай Tagesordnung-ін жолдастардың қарауына ұсынғымыз келеді:

1. *Принциптік қарар.* Бұл қарарда бұдан аз ғана уақыт бұрын барынша кең таралған біздің теориямызды және біздің саяси міндеттерімізді тарылтуға тырысқан өкінішті әрекеттерге қарсы пікірлер барынша анық айтылуға тиіс. Мұндай тарылтудың барлығын үзілді-кесілді сөздермен тойтару арқылы партия конференциясы барлық социал-демократтарды принциптік жолмен біріктіру үшін маңызды іс істейді және революциялық марксизмнің түсе жаздаған беделін көтереді. Кейбір жолдастардың принциптік қарарды талқылау көп уақыт алады да, практикалық мәселелермен шұғылдану-

ға зиян келтіреді деп қауіптенуі мүмкін бе? Бұл қауіптенушілікке біз ешбір қосылмаймыз, өйткені құпия баспасөздегі ұзақ айтыстардың мәселені түсінікті еткендігі соншалық, біз революциялық социал-демократияның принциптері негізінде өте тез және оңай келісе аламыз деп ойлаймыз. Ал принциптік қарар болмайынша ешбір мүмкін емес.

Оның үстіне бұл мәселені конференцияның Tagesordnung-інен алып тастау бәрібір мақсатына жетпеген болар еді, өйткені экономикалық күрес, саяси күрес, т. б. туралы қарарларды талқылаған кезде дәл осы мәселе қайтадан, бірақ мұнан гөрі келтеленіп көтерілер еді. Сондықтан ең алдымен осыны бітіріп алу, өзіміздің саяси үгіт, стачкалар, т. б. туралы қарарларымызды бөлшектемей, негізгі міндеттеріміз жөніндегі көзқарасты байланысты етіп баяндау анағұрлым дұрыс болады.

Біз өз тарапымыздан мұндай қарардың жобасын жазуға және оны осы баяндамаға қосымша етіп беруге (егерде үлгере алсақ) тырысамыз.

2. *Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті екінші съезі.* Бұл арада біздің айтып отырғанымыз: съезді қай уақытта шақыру туралы (жазда немесе ең кеш дегенде күзде, өйткені келесі «маусым» басталғанша бітірген жөн), оны қай жерде өткізу туралы (мұнда құпиялықтың шарттарын барынша есепке алу керек), оны өткізу үшін қажетті қаржы туралы («Искра» өз тарапынан бұл мақсатқа өзінің бір арнайы алған жәрдемінен қазірдің өзінде 500 сом бөлер еді; жақын арада біздің тағы да осындай немесе онан да көбірек ақша табуымыз мүмкін. Мөлшерлеп алғанда мұның неше мың сом болатынын және жетпеген ақшаны қалай жинау керек екендігін талқылау керек),— ақырында, өкілдер жіберудің жалпы негіздері және мүмкіндігінше өкілдердің толық болуы туралы (яғни алдын ала әдейі белгіленген комитеттер мен белгілі топтардың шақырылуы, орыс социал-демократтарының үйірмелері де шақырылуы мүмкін, ал шетелдегі социал-демократиялық екі ұйымның екеуін де шақыру міндетінің анағұрлым жеңіл екенін айтпасақ та болады; конференция мен съездің аралығындағы уақытта құрылуы мүмкін ұйым-

дарды съезге шақыру туралы мәселені талқылаудың тәртібін де белгілеу керек, т. с.) мәселені алдын ала (және, әрине, белгілі дәрежеде мөлшерлеп) шешу болып отыр.

3. *Ұйымдастыру комитетін сайлау.* Жалпы айтқанда, бұл Ұйымдастыру комитетінің міндеті — конференцияның шешімдерін жүзеге асыру, съезді даярлап, шақыру, съездің шақырылатын уақыты мен орнын нақты белгілеу, оны іс жүзінде ұйымдастыру, транспорт әзірлеу, Россияда партия баспаханаларын жолға қою («Искраның» көмегімен Россияда біздің басылымдарымызға тілектес жергілікті екі баспахана тобы шығып отыр, олар өздерінің екі баспаханасында «Искраның» 10 және 11-номерлерін, «Бұдан соң не болмақ?», «Морозов стачкасының 10 жылдығы», «Петр Алексеевтің сөзі», «Обухов ісі жөніндегі айыптау актісі» және басқа көптеген кітапшаларды, бірқатар листоктарды жарыққа шығарып та үлгерді. Біз осы жергілікті топтар өкілдерінің конференция жұмысына қатысуына мүмкіндік болады және олар жалпы партиялық міндеттерді [132] жүзеге асыруға барынша жәрдем береді деп сенеміз) сияқты міндеттерді орындау, сонан соң әр түрлі жергілікті, кәсіпшілер (жұмысшылар), студенттер, т. с. ұйымдарға және т. б. жәрдем көрсету болар еді. Барлық ұйымдар қолдаған бұл Ұйымдастыру комитеті үш-төрт айдың ішінде партиямыздың бүкіл саяси күресіне de facto басшылық ете алатын нағыз Орталық комитет құру үшін керекті жағдайды толығынан дайындай алар еді.

Ұйымдастыру комитетінің міндеттері күрделі әрі жан-жақты болғандықтан, біздің ойымызша, оны өте аз адамдардан (5—7 адам) құрмай, оларға бюро сайлауды, міндеттерін бөлісіп алуды және съезге дейін бірнеше рет бас қосуды ұсынған жөн болар еді.

4. *Партия программасының жобасын жасайтын комиссия сайлау.* «Искраның» редакциясы (мұның ішінде «Еңбекті азат ету» тобы да бар) бұл қиын іспен көптен бері шұғылданып келе жатқандықтан, біз жолдастарға мынадай жоспар ұсынғымыз келеді. Біз программаның практикалық бөлімінің жобасын толық дайындап бітірдік, мұның ішінде аграрлық программаның жобасы да

бар, сонымен қатар программаның принциптік бөлімінің *екі* түрлі нұсқасы жасалды. Егер бұл керек деп табылса, егер мұны істеуіне кедергі жасалмаса, онда біздің өкіліміз бұл жобалармен конференцияны таныстырады. Бұл екі нұсқаны бірге қосып біз қазір жалпы бір жоба жазып жатырмыз, оның бер жағында біз оны шала түрінде, яғни бұл жұмыс аяқталмай тұрып, әрине, жариялағымыз келмейді. Егерде конференция программа жасау жөнінде біздің редакциямызға қосу үшін бірнеше адам сайласа, онда бұл, бәлкім, мәселені анағұрлым нақты шешкендік болар еді.

Біз өз тарапымыздан бірнеше аптадан кейін партия программасының түпкілікті жобасын дайындап береміз деп жолдастардың алдында қалай дегенмен енді өзімізге формальды міндеттеме аламыз, бұл жобаны біз *барлық* жолдастарды таныстыру үшін және олардың пікірлерін алу үшін алдын ала «Искрада» басып шығарғымыз келеді.

5. *Орталық орган.* Дұрыс шығатын және әдеби, техникалық жағынан жеткілікті түрде жабдықталған мерзімді органды жолға қою ісі орасан қиын болғандықтан,— конференция, партияның 1-съезінің үлгісі бойынша, қазіргі органдардың біріне, бәлкім, тоқталар. Бұл мәселе осылай шешіле ме немесе басқадай мүлде жаңа орган белгілене ме, бәрібір, қалай болған күнде де бұл жұмысты дайындау ісін және оны осы күнгі бар редакциямен немесе жаңа сайланған редакциямен бірлесіп жан-жақты талқылау ісін ерекше комиссияға тапсыру керек, немесе сол Ұйымдастыру комитетінің өзіне тапсырса тіпті жақсы.

Біздің ойымызша, бұл талқылауларға «Еңбекті азат ету» тобын қатыстыру қажет, оның қатынасуынсыз және оның басшылығынсыз біз принцип жағынан ұстамды және жалпы қозғалыстың барлық тілектерін қанағаттандыра алатын саяси органды дұрыс жолға қоюға болады деп айта алмаймыз.

Конференциядан бұрын да екі апта сайын бір рет шығатын орган құру жөнінде әрекеттер болып келді, сондықтан партияның *апта сайын шығып тұратын газет* құру ісін таяудағы міндет етіп қойғаны жөн болар

еді: *барлық* орыс социал-демократтары осындай орган құру ісін шындап *жаппай* қолға алса, мұны толық орындап шығуға болар еді.

6. *Партия съезі үшін мәселелердің тізімін және сол мәселелер бойынша жасалатын баяндамаларды дайындау.* Бұл тізімді жасау ісін және әрбір мәселе бойынша *қайткенде де* баяндамашылар тағайындау (resp. іздеп табу) ісін ішінара конференцияның өзі істеп, ішінара Ұйымдастыру комитетіне тапсырғаны дұрыс болар еді. Баяндамашыларды алдын ала тағайындап қойғанда ғана мәселелердің жан-жақты талқылануын (кейбір баяндамаларды толық күйінде немесе ішінара алдын ала бастырып, баспасөз бетінде талқылауға болар еді: мысалы, біз редакцияның бір мүшесінің орыс социал-демократиясының аграрлық программасы * туралы жазылып бітуге таяу рефератын жақын арада басып шығармақпыз, т. с.) және олардың съезде дұрыс шешілуін қамтамасыз етуге болады.

7. *Қозғалыстың ағымдағы практикалық мәселелері,*— мысалы, (а) май мерекесіне арналған листокты талқылау және оны қабылдау (resp. «Искра» және басқа ұйымдар ұсынып отырған листок жобаларын талқылау);

(б) май демонстрациясы — оны өткізу уақыты мен өткізу әдістері;

(в) Ұйымдастыру комитетіне бойкоттар, демонстрациялар, т. с. жасауға көмектесу ісін тапсыру, сондай-ақ партия мүшелерінің ақыл-ойын, партияның күштері мен құралдарын бүкіл халық көтерілісін жасауға бірте-бірте дайындау;

(г) Ұйымдастыру комитетіне жұмсалатын шығындар туралы әр түрлі финанс мәселелері, *т. с.*

Съезіміздің міндеттері мен Tagesordnung-i туралы мәселелер жөніндегі баяндамамызды осымен аяқтай келіп, біздің мынаны ғана айтқымыз келеді: уақыттың өте аз болуы себепті «Искраның» жұмысы туралы то-

---

* Қараңыз: осы том, 333—376-беттер. *Ред.*

лық баяндама жазуға біздің ешбір мүмкіндігіміз болмай отыр. Сондықтан біз төменде ұсынылып отырған қысқаша шолумен ғана шектелуге мәжбүр болдық.

(NB) ҚАРАРДЫҢ **НҰСҚАСЫ**

1. Пролетариаттың революциялық таптық қозғалысына оппортунизмді енгізуге тырысқан әрекеттердің қандайына болса да,— «марксизмді сынау» дейтіннен, бернштейншілдіктен және «экономизмнен» байқалған әрекеттерге конференция үзілді-кесілді тойтарыс береді. Барлық елдердің буржуазиясы атышулы «социализмдегі дағдарыс» жөнінде масайрап отырған кезде, конференция Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының атынан халықаралық революциялық социал-демократиямен өзінің ынтымақтастығын және бұл дағдарыстан социал-демократияның бұрынғыдан да күшейіп, өзінің ұлы мұраттарын жүзеге асыру үшін аяусыз күрес жүргізуге дайын болып шығатындығына кәміл сенетіндігін мәлімдейді.

2. Конференция Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Манифесіне өзінің қосылатындығын мәлімдейді және партияның таяудағы саяси міндеті самодержавиені құлату деп есептейтіндігін растайды. Конференция былай деп мәлімдейді: социал-демократия осы таяудағы міндетін, сондай-ақ түпкі мақсатын жүзеге асыруға бағытталған қызметінде жан-жақты және бүкіл халықтық саяси үгітті басты нәрсе деп есептейді; бұл саяси үгіт пролетариатты экономикалық, саяси, ұлттық және әлеуметтік езгінің барлық көріністеріне қарсы, бұл езгі халықтың қай бөлегіне қарсы жүргізілсе де, күресуге шақырады. Конференция: өмір сүріп отырған саяси және қоғамдық құрылысқа қарсы бағытталған революциялық және прогресшіл-оппозициялық қозғалыстың қандайын болса да партияның қолдайтындығын мәлімдейді. Күрестің практикалық құралы ретінде конференция әсіресе бойкоттар ұйымдастыруды, театрларда манифестациялар жасауды, т. с., сондай-ақ ұйымдасқан түрде бұқаралық демонстрациялар жасауды ұсынады. Конференция партияның барлық комитеттері мен

топтарына патша самодержавиесіне қарсы болатын жалпы халықтың қарулы көтерілісіне дайындық шараларының қажеттігіне назар аударуға кеңес береді.

3. Конференция былай деп мәлімдейді: орыс социал-демократиясы пролетариаттың экономикалық күресіне бұрынғысынша басшылық ете береді, оны кеңейтуге және терең дамытуға, оның социал-демократиялық жұмысшы қозғалысымен идеялық және ұйымдық байланысын нығайтуға қамқорлық жасайды, бұл күрестің қандай түрін болса да пролетариаттың саяси санасын арттыру үшін және оны саяси күреске тарту үшін пайдалануға ұмтылады. Конференция былай деп мәлімдейді: үгітті ең алдымен экономикалық негізде ғана жүргізудің немесе жалпы алғанда экономикалық үгітті бұқараны саяси күреске тарту үшін ең көп қолданылатын құрал деп санаудың ешқандай қажеті жоқ.

[NB: мұнда да *«Рабочее Делоны»* тағы бір рет *қолға түсірудің* зор маңызы бар!!]

4. (Бәлкім, шаруалар жөнінде біздің аграрлық программаның рухында айту керек болар?

Жазып шығып, іле-шала жіберуге тырысамын.)

Бірінші рет 1923 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағының V томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр


ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ [133]

1902 ж. февральда — марттың бірінші жартысында жазылған

1902 ж. августа «Заря» журналының 4-номерінде басылған

Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр



В. И. Лениннің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1902 ж.

Кішірейтілген

I

Орыс социал-демократиялық партиясы үшін «аграрлық программаның» қажеттігін толық дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен. Біз аграрлық мәселеде, яғни ауыл шаруашылығы жөнінде, село халқының түрлі таптары, жіктері, топтары жөнінде социал-демократиялық саясаттың басшылыққа алатын негіздерін белгілеуді аграрлық программа деп түсінеміз. Россия сияқты «шаруалар» елінде социалистердің аграрлық программасының, егер айрықша болмаса, басты «шаруалар программасы», шаруа мәселесіне көзқарасты белгілейтін программа екендігі табиғи нәрсе. Ірі жер иелері, ауыл шаруашылығының жалдама жұмысшылары және «шаруалар» — міне, капиталистік ел атаулының бәрінде, соның ішінде Россияда да, село халқы осындай басты-басты үш құрамды бөліктен тұрады. Осы көрсетілген үш құрамды бөліктің алдыңғы екеуіне (жер иелері мен жұмысшыларға) социал-демократтардың көзқарасы қапшалықты айқып және өзінен-өзі түсінікті болса, тіпті «шаруалар» деген ұғымның өзі соншалықты айқын емес, ал олардың тұрмысы мен эволюциясының түбегейлі мәселелері жөніндегі біздің саясатымыз одан бетер айқып емес. Егер Батыста социал-демократтардың аграрлық программасының барлық түйіні нақ «шаруалар мәселесі» болса, онда мұның өзі Россияда одан да гөрі зор мән алуға тиіс. Россияда біздің бағытымыздың әлі бұғанасы қата қоймағандықтан да, бүкіл бұрынғы орыс

социализмі, түптеп келгенде, «шаруалар» социализмі болғандықтан да шаруалар мәселесі жөніндегі өзінің саясатын мейлінше анық белгілеп алу біздер үшін, орыс социал-демократтары үшін, өте-моте қажет нәрсе. Рас, біздегі алуан түрлі социалист-халықшылдардың қалдырған мұрасын сақтаушымыз деп есептейтін «орыс радикалдарының» көпшілігінде қазірдің өзінде социалистік дегеннен мүлде еш нәрсе қалмады деуге болады. Бірақ олардың бәрі «шаруа» мәселесі жөніндегі бізбен алауыздығын бар ықыласымен бірінші кезекке қояды, өйткені мұның өзі оларға Россияның қоғамдық-саяси өмірінде «жұмысшы» мәселесінің қазірден-ақ алға қойылып отырған фактісін бүркемелеу үшін ұнамды, өйткені бұл мәселе жөнінде олардың ешқандай берік тірегі жоқ, ал олардың оннан тоғызы бұған келгенде, шын мәнісінде, бәрі бірдей нағыз буржуазияшыл социал-реформаторлар болып табылады. Ақырында, осы соңғы мәселеде орыс радикалдарымен (немесе либералдармен?) мүлде қосылып кетті деуге болатын көптеген «марксизм сыншылары» да нақ шаруа мәселесіне күш салуға тырысады, олардың айтуынша, шаруа мәселесі жөнінде Бернштейндердің, Булгаковтардың, Давидтердің, Герцтердің, керек десең... Черновтардың да «ең жаңа еңбектері» арқылы «ортодокс марксизмнің» қадірі мейлінше түсіпті-міс!

Одан соң, теориялық әрі-сәрілік пен «алдыңғы қатарлы» бағыттардың қырқысуын былай қойғанда, қозғалыстың өзінің таза практикалық тілектері соңғы кезде деревняда насихат пен үгіт жұмысын жүргізу міндетін алға қойып отыр. Ал бұл істі принцип жағынан ұстамды, саяси жағынан қолайлы программасыз азды-көпті дұрыстап, кең түрде жолға қою мүмкін емес. Сондықтан орыс социал-демократтары ерекше бағыт ретінде өздері дүниеге келгеннен бастап-ақ «шаруа мәселесінің» бүкіл маңыздылығын мойындаған болатын. «Еңбекті азат ету» тобы жасап, 1885 жылы басылып шыққан орыс социал-демократтары программасының жобасында «аграрлық қатынастарды (шаруалардың жер сатып алу және жер үлесін алу шарттарын) негізінен

қайта қарау» * талабы бар екенін еске алайық, «Россиядағы ашаршылыққа қарсы күрестегі социалистердің міндеттері туралы» (1892 ж.) деген кітапшасында Г. В. Плеханов та шаруа мәселесіндегі социал-демократиялық саясат туралы айтқан болатын.

Сондықтан өзінің алғашқы номерлерінің бірінде «Искраның» да (апрель, 1901 ж., № 3) «Жұмысшы партиясы және шаруалар» ** деген мақалада орыс социал-демократтарының аграрлық саясатының негіздеріне өзінің көзқарасын айқындап, аграрлық программаның нұсқасын баяндап бергені әбден табиғи нәрсе. Бұл мақала орыс социал-демократтарының тіптен көбінің арасында түсінбестік туғызды; біз бұл мақала жөнінде редакцияға жолданған бірсыпыра ескертпелер мен хаттар алдық. Негізгі қарсылықтарды туғызған нәрсе—кесінді жерлерді қайтару туралы пункт болды, сондықтан біз Мартыновтың, былайша айтқанда, «Искраның» аграрлық программасын да талдаған мақаласы басылған «Рабочее Делоның» 10-номері шыққанда бұл мәселе жөнінде «Заряның» бетінде айтыс ашпақшы да болған едік. «Рабочее Дело» жұрт арасына таралған қарсылықтардың көбіне қорытынды жасағандықтан, *әзірге* Мартыновтың бір өзіне жауап бергенімізге тілшілеріміз бізге ренжімес деп сенеміз.

Мен *әзірге* дегенді мына жағдайларға байланысты атап көрсетіп отырмын. «Искрадағы» мақаланы редакция мүшелерінің бірі жазған болатын, сондықтан оның былайғы мүшелері мәселенің жалпы қойылысы жөнінде авторға қосыла отырып, оның кейбір жерлері, жеке пункттері жөнінде, әлбетте, түрлі пікірлерде болуы мүмкін. Оның үстіне біздің бүкіл редакциялық коллегия (яғни соның ішінде «Еңбекті азат ету» тобы да) партиямыздың программасының коллективтік, редакциялық жобасын дайындаумен айналысып жатқан еді. Оны дайындау ісі (ішінара түрлі партия жұмыстары мен кейбір құпия жағдайлардың себебінен, ішінара программаны жан-жақты талқылау үшін айрықша съезд

* П. Б. Аксельродтың: «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген кітапшасына арналған қосымшаны қараңыз: Женева, 1898.

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*

шақырудың қажет болғандығынан) ұзаққа созылып, осы соңғы кезде ғана аяқталды. Кесінді жерлерді қайтару жөніндегі пункт менің жеке пікірім болып қалған соң мен оны қорғауға асыққаным жоқ, өйткені мен үшін қабылданбай қалуы мүмкін немесе біздің жалпы жобамызда айта қаларлықтай өзгертілуі мүмкін бұл жеке пункттен гөрі біздің аграрлық саясатымыз туралы мәселенің жалпы қойылысы анағұрлым маңыздырақ болды. Қазіргі уақытта мен енді осы жалпы жобаның өзін қорғаймын. Ал біздің аграрлық программамызды сынауда бізбен пікір алысуға ерінбеген «оқушы досымыздан» біз енді өзіміздің жалпы жобамызды сынаумен айналысуын сұраймыз.

II

Бұл жобаның «аграрлық» бөлімін түгелімен келтірейік.

«Ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен және деревняда тап күресін еркін өрістету мүддесі үшін Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы мыналарды жүзеге асыруға күш салады:

1. сатып алу және оброк төлемдерін жою, сонымен қатар қазіргі кезде алым-салық төлеуші сословие ретінде шаруалардың мойнына жүктеліп отырған борыштардың бәрін де жою;

2. жаппай кепілдікті және шаруаның өз жерін өзі билеуіне бөгет жасайтын барлық заңдарды жою;

3. сатып алу және оброк төлемдері түрінде халықтан алынған ақшаны өзіне қайтарып беру; осы мақсатпен монастырьлардың мүліктері мен удельдік имениелерді кәмпескелеу, сонымен қатар сатып алу қарызымен пайдаланған ірі дворян-жер иелерінің жерлеріне ерекше салық салу; осы жолмен жиналған ақшаны селолық қоғамдардың мәдени және игілік мұқтаждарына жұмсалатын ерекше халық қорына айналдыру;

4. шаруалар комитеттерін құру, құрғанда:

а) крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан алынған және шаруаларды кіріптар ету үшін помещиктердің қолында құрал болып отыр-

ған кесінді жерлерді селолық қоғамдарға (экспроприациялау жолымен немесе — егер жер қолдан-қолға өтіп кеткен болса,— сатып алу, т. с. жолмен) қайтарып беру үшін құру;

б) Уралда, Алтайда, Батыс өлкеде және мемлекеттің басқа облыстарында сақталып қалған крепостниктік правоның қалдықтарын жою үшін құру;

5. соттарға мейлінше жоғары аренда ақыларын кемітуге және кіріптарлыққа түсіретін келісімдерді заңсыз деп жариялауға право беру».

«Аграрлық программада» селолық жалдама жұмысшылардың пайдасын көздейтін ешбір талаптың болмауына оқушы, бәлкім, таңданатын болар. Біз бұл жөнінде мынаны ескерте кетеміз: мұндай талаптар программаның алдыңғы бөліміне кірген, онда *«жұмысшы табын* адамдық қалпынан және адамгершілігі жағынан азғындаудан қорғау мақсатымен, сондай-ақ өзінің бостандығы жолындағы күреске оның қабілеттілігін көтеру мақсатымен» партиямыздың қойып отырған талаптары баяндалған. Біз баса көрсеткен сөздер жалдама жұмысшылардың *бәрін де,* соның ішінде село жұмысшыларын да қамтиды, сондықтан программаның бұл бөлімінің *барлық 16 пунктінің село жұмысшыларына да* қатысы бар.

Программаның «аграрлық» бөлімінде тек қана «шаруалардың» талаптарын қалдырып, әрі өнеркәсіп, әрі село жұмысшыларын осылай бір бөлімге біріктірудің, расында, қолайсыздығы сол, село жұмысшыларының пайдасына деген талаптар көзге түсе қоймайды, бірден аңғарылмай қалады. Программамен үстірт танысқанда селолық жалдама жұмысшылардың пайдасына деген талаптарды біз әдейі бүркемелегендей тіпті мүлде теріс түсінік тууы мүмкін. Мұндай түсініктің түбірінен қате екенін айтпаса да болады. Әлгі айтылған қолайсыздық,— асылында, істің таза сырт көрінісі ғана. Программамен және оған берілген түсіндірмелермен неғұрлым зейін қойып танысу арқылы да ол қолайсыздықты оп-оңай жоюға болады (ал біздің партия программасы «халыққа жеткенде» баспасөз бетіндегі ғана емес, соны-

мен қатар — ең маңыздысы — ауызекі түсіндірмелер арқылы да жететіні, әлбетте, айқын нәрсе). Егерде пәлендей бір топтың әдейілеп село жұмысшыларына сөз арнағысы келсе,— ол топ жұмысшылардың пайдасына деген барлық талаптардың ішінен батырақтар, күндікшілер, тағы сол сияқтылар үшін ең мәнді дегендердің өзін ғана бөліп алып, оларды ерекше кітапшада, листокта немесе бірқатар ауызекі хабарларда баяндап беруге тиіс.

Принцип жағынан алғанда халық шаруашылығының *барлық саласындағы* жалдама жұмысшылардың пайдасына деген талаптардың бәрін біріктіріп, «шаруалардың» пайдасына деген талаптарды айрықша бөлімге мұқият бөліп шығару программаның талданып отырған бөлімдерін *бірден-бір дұрыс* редакциялау болар еді, өйткені алғашқы ретте де, соңғы ретте де өзіміз талап ететін және талап етуге тиісті нәрсенің негізгі өлшемі *мүлде бірдей емес*. Программаның қаралып отырған екі бөлімінің принципті айырмашылығы, жоба бойынша, әр бөлімге арналған кіріспе сөздерде айтылған.

Біз жалдама жұмысшылардың пайдасына «оларды адамдық қалпы мен адамгершілігі жағынан азғындаудан қорғайтын және олардың күреске қабілеттілігін көтеретін» *реформаларды* талап етеміз; ал шаруалардың пайдасына «ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға және деревняда тап күресінің еркін өрістеуіне» жағдай туғызатын *өзгерістерге* ғана жетуге ұмтыламыз. Шаруалардың пайдасына деген талаптарымыздың анағұрлым ықшам екендігі, анағұрлым шағын шарттармен қойылғандығы, неғұрлым тар шеңберге сыйғызылғандығы осыдан көрініп тұр. Жалдама жұмысшылар жөнінде біз *қазіргі қоғамның табы ретінде* олардың мүдделерін қорғауды өз міндетімізге аламыз, мұны біз істейміз, өйткені олардың таптық қозғалысын бірденбір *нағыз* революциялық қозғалыс деп есептейміз (программаның принциптік бөліміндегі жұмысшы табының басқа таптарға көзқарасы жөніндегі сөздерді салыстырыңыз), сондықтан дәл осы қозғалысты ұйымдастыруға, бағыттауға және социалистік сананың нұрымен жарқыратуға тырысамыз. Ал шаруалар жөнінде біз *қазіргі қоғамдағы ұсақ жер иелері мен егіншілер табы ретін-*

де олардың мүдделерін қорғауды *әсте өз міндетімізге алмаймыз*. Ешбір олай ете алмаймыз. «Жұмысшы табын азат ету тек сол жұмысшы табының өзінің ғана ісі болуға тиіс», сондықтан да социал-демократия — *тікелей* және *бүтіндей* — пролетариаттың бір өзінің ғана мүддесін көздейді, оның таптық қозғалысымен ғана бөлінбес бір бүтін болып бірігуге тырысады. Дегенмен қазіргі қоғамның басқа таптары осы күнгі экономикалық құрылыстың негіздерін сақтауды жақтайды, сондықтан да социал-демократия бұл таптардың мүдделерін белгілі бір жағдайларда ғана және белгілі бір, дәл анықталған шарттар негізінде ғана қорғай алады. Мысалы, ұсақ өндірушілер табы, соның ішінде ұсақ егіншілер табы да, өзінің буржуазияға қарсы жүргізген күресінде *реакцияшыл* тап болып табылады, сондықтан да «ұсақ шаруашылықты және ұсақ меншікті қорғау арқылы шаруаларды капитализм тегеурінінен қорғап қалу әрекеті қоғамның дамуын босқа бөгегендік, капитализм тұсында да ауқатты тұрмыс болар деген бұлдыр қиялмен шаруаларды алдағандық, еңбекші таптардың арасын ашқандық болар еді, көпшіліктің есебінен азшылыққа артықша жағдай туғызғандық болар еді» («Искра» № 3) *. Біздің программаның жобасында «шаруалар» талаптарының *көлемі тым тар, екі түрлі шартпен* қойылу себебі, міне, осыдан. Біз социал-демократиялық программада «шаруалар талаптарының» заңдылығын, біріншіден, ол талаптардың крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жоюға жеткізу шартына және, екіншіден, ол талаптардың деревняда тап күресінің еркін өрістеуіне көмектесу шартына бағындырамыз.

«Искраның» 3-номерінде қысқаша баяндалған осы шарттардың әрқайсысын талдауға толығырақ тоқталайық.

«Ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтары» біздің деревнямызда әлі де жан түршігерліктей көп. Бұл — жалпы жұртқа белгілі факт. Жұмыспен өтеушілік және кіріптарлық, шаруаның сословиелік және азаматтық тең правосыздығы, оның дүре соққыш ерекше пұрсатты

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 464-бет. *Ред.*

жер иесіне бағыныштылығы, шаруаны нағыз тағы қылатын тұрмыстың тепеpiшi,— мұның бәрі де ілуде бір кездесетін нәрсе емес, орыс деревнясындағы ережеге айналған нәрсе, мұның бәрі, сайып келгенде, крепостниктік тәртіпті тура бастан кешіріп отырғандық. Бұл тәртіп әлі орын теуіп отырған жағдайлар мен реттерде және ол әлі орын теуіп отырғандықтан,— оның жауы *бүтіндей барлық шаруалар* болып табылады. Крепостниктік тәртіпке қарсы, крепостник-помещиктерге және оларға қызмет ететін мемлекетке қарсы шаруалар әлі де *тап* болып қала береді, атап айтқанда, капиталистік қоғамның табы емес, крепостниктік қоғамның табы, яғни сословиелік тап * болып қала береді. «Шаруалар» мен ерекше пұрсатты жер иелерінің крепостниктік қоғамға тән осы таптық антагонизмі біздің деревнямызда әлі де сақталып отыр, *сондықтан* жұмысшы партиясы, сөзсіз, «шаруалар» жағында болуға тиіс, олардың күресін қолдап, оларды крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы *күресуге итермелеп отыруға* тиіс.

Біз бұл ретте ешқандай күмән келтіруге болмайтын қайшылықтың бар екенін атап көрсету үшін шаруалар деген сөзді тырнақшаның ішіне алып отырмыз: әрине, қазіргі қоғамда шаруалар енді біртұтас тап бола алмайды. Бірақ кімде-кім бұл қайшылықтан абыржыса, ол адам мұның өзі — баяндаудың қайшылығы емес, доктринаның қайшылығы емес, өмірдің өз қайшылығы екендігін ұмытады. Мұның өзі ойдан шығарылған қайшылық емес, нағыз диалектикалық қайшылық. Біздің деревнямызда крепостниктік қоғамды «қазіргі» (буржуазиялық) қоғам ығыстырып *отыр, сондықтан* шаруалар село пролетариаты мен село буржуазиясына (ірі, орта, ұсақ және ең ұсақ) жіктеліп, тап болудан қалып

* Құлдық және феодалдық қоғамда таптар айырмашылығының халықты *сословиеге* бөлу арқылы да белгіленгені, мемлекет ішінде әрбір тапқа *заң жүзінде* айрықша орын беру арқылы белгіленіп отырғаны жұртқа мәлім. Сондықтан құлдық және феодалдық (сонымен қатар крепостниктік) қоғамның таптары да айрықша сословиелер болған еді. Мұның керісінше, капиталистік, буржуазиялық қоғамда барлық азаматтар заң жүзінде тең праволы болады, сословиеге бөлушілік (ең болмағанда принцип жағынан) жойылған болады, сондықтан да таптар сословие болудан қалған еді. Қоғамның тап-тапқа бөлінуі құлдық қоғамға да, феодалдық қоғамға да, буржуазиялық қоғамға да ортақ нәрсе, бірақ алғашқы екеуінде сословиелік таптар, ал соңғысында сословиесіз таптар болды.

отыр. Крепостниктік қатынастар әлі сақталып *қалып отыр, сондықтан* «шаруалар» әлі тап болып қалып отыр, яғни қайталап айтамыз, буржуазиялық қоғамның емес, крепостниктік қоғамның табы болып қалып отыр. Осы «болып отыр, сондықтан» дегеннің өзі қазіргі орыс деревнясында крепостниктік және буржуазиялық қатынастардың *әбден матасып* араласуы түрінде өмір сүріп отыр. Маркс терминдерімен айтқанда, жұмыспен өтеу рентасы, заттай, ақшалай және капиталистік рентала бізде нағыз таңғажайып жолмен араласып кеткен. Россияның бүкіл экономикалық зерттеулері арқылы анықталған бұл жағдайды біздің ерекше баса көрсететін себебіміз: ол жағдай лажсыз, сөзсіз кейбір «аграрлық» талаптарымыздың қиындығының, шатысқандығының, егер тілесеңіз жасандылығының, шығатын жері болып табылады, оның қиындығы тосыннан қарағанда көп адамды қатты таңқалдырады. Ұсынылып отырған шешімдердің қиындығы мен «қулық-сұмдығы» жөнінде кімде-кім өзінің қарсы пікірлерінде *жалпы* наразылық білдірумен қанағаттанса, ол адам соншалық бытысқан мәселелердің оңай шешімі *болуы да мүмкін емес* екендігін ұмытады. Біз крепостниктік қатынастардың барлық қалдықтарына қарсы күресуге міндеттіміз,— бұған социал-демократтың ешбір күмәны болмауға тиіс, ал бұл қатынастар буржуазиялық қатынастармен әбден матасып араласып кетіп отырғандықтан, бізге міндеттің күрделілігінен қорықпай, бұл шатақтың, былай деп айтуға рұқсат болса, нағыз өзегіне жетуімізге *тура келеді.* Ол шатақты *бір ғана* жолмен «оңай» шешуге болады: одан бас тарту керек, сырт беріп өте шығу керек, күллі осы ботқаны «стихиялы элементке» қылғытып жұтқыза беру керек. Бірақ стихиялылыққа буржуазиялық және «экономистік» бас июшілердің бәріне және кез келгеніне жақсы ұнайтын мұндай «оңайлық» — социал-демократқа лайықты нәрсе емес. Пролетариат партиясы крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарымен күресте шаруаларды қолдап қана қоймай, сонымен қатар оларды алға итермелеп отыруға тиіс, ал алға итермелеп отыру үшін жалпы тілектес болумен қанағаттану жеткіліксіз,— белгілі революциялық директива беру ке-

рек, аграрлық қатынастардың шатағын *ажыратуға көмектесе* білу керек.

III

Аграрлық мәселені шешудің сөзсіз қиынға түсетіндігін айқын түсінуі үшін біз оқушыдан бұл жөнінде программаның жұмысшылар мен шаруаларға қатысты бөлімдерін салыстырып шығуын сұраймыз. Біріншісінде шешімдердің бәрі де өте қарапайым, тіпті мүлде мағлұматы аз және мүлде аз ойланған адамға түсінікті, «табиғи», жақын, жүзеге асырылуы оңай. Екіншісінде, бұған керісінше, шешімдердің көпшілігі өте күрделі, бір қарағанда «түсініксіз», жасанды, ақылға қонымсыз, жүзеге асырылуы қиын. Бұл айырмашылықты немен түсіндіруге болады? Программаны құрастырушылардың бірінші ретте дұрыс және іскерлікпен ойлап, екінші ретте жолдан тайып, шатасқандығынан, романтизм мен сөзуарлыққа салынғандығынан емес пе? Бұлай түсіндіру, расын айту керек, өте «оңай», балаша жай түсіндіру болар еді, сондықтан біз Мартыновтың осыған жармаса кеткеніне таңданбаймыз. Жұмыс үстіндегі ұсақ-түйек мәселелерді іс жүзінде шешуді экономикалық дамудың өзі барынша жеңілдеткенін және оңайлатқанын ол ойламаған. Ірі капиталистік өндіріс саласындағы қоғамдық-экономикалық қатынастардың ашық, айқын, оңай бола түскені (және барған сайын сондай бола түсіп отырғаны) соншалық, жуық арада ілгері басатын қадамдар өзінен-өзі белгіленеді, бірден және алғаш қарағаннан-ақ өздері тіленіп тұрады. Мұның керісінше, деревняда капитализмнің крепостниктік құрылысты ығыстыруының қоғамдық-экономикалық қатынастарды шатастырғаны және қиындатқаны соншалық, жуық арадағы практикалық мәселелерді шешу (революциялық социал-демократия рухында шешу) турасында әбден ойлану керек, сондықтан «оңай» ұйғарындыны ойлап табу мүмкін емес деп алдын ала толық сеніммен айтуға болады.

Айтпақшы. Біз программаның жұмысшылар мен шаруаларға қатысты бөлімдерін салыстыра бастағандықтан, олардың арасындағы тағы бір принципті айырма-

шылықты атап өтейік. Қысқаша айтқанда, бұл айырмашылықты былайша тұжырымдауға болады: жұмысшыларға қатысты бөлімде біздің әлеуметтік-реформаторлық талаптардың шегінен шығып кетуге хақымыз жоқ, шаруаларға қатысты бөлімде біз әлеуметтік-революциялық талаптар қоюдан да тартынуға тиісті емеспіз. Немесе басқаша айтқанда: жұмысшыларға қатысты бөлімде біз программа-минимумның шеңберінде сөзсіз шектелгенбіз, шаруаларға қатысты бөлімде біз программа-максимумды* бере аламыз және беруге тиістіміз. Түсінісейік.

Біз екі бөлімде де түпкі мақсатымызды емес, таяудағы талаптарымызды баяндаймыз. Сондықтан біз екі бөлімде де қазіргі (=буржуазиялық) қоғамды негізге алуға тиістіміз. Екі бөлімнің ұқсастығы осында болып отыр. Бірақ олардың негізгі айырмашылығы: жұмысшыларға қатысты бөлімде *буржуазияға* қарсы бағытталған талаптардың бар екенінде, ал шаруаларға қатысты бөлімде — *крепостник-помещиктерге* қарсы (бұл терминді біздің поместьелік дворяндарға қолдану мәселесі сондай талас мәселе болмағанда мен феодалдарға қарсы деп айтар едім **) бағытталған талаптардың бар екенінде. Біз жұмысшыларға қатысты бөлімде қазіргі, буржуазиялық тәртіпті *ішінара* жақсартумен ғана шектелуге тиіспіз. Шаруаларға қатысты бөлімде біз осы қазіргі тәртіпті крепостниктіктің барлық қалдықтарынан *толық* тазартуға тырысамыз. Біз жұмысшыларға қатысты бөлімде маңызы буржуазияның үстемдігін біржолата құлатумен барабар келетін талаптарды қоя алмаймыз: біз өзіміздің осы түпкі мақсатымызға — программаның басқа жерінде жеткілікті түрде баса көрсетілген

---

* Кесінді жерлерді қайтарып беру талабы шаруалардың пайдасын көздеп біздің жуық арада қоятын талаптарымыздың (resp. (respective — немесе. *Ред.*) жалпы біздің аграрлық талаптарымыздың) тіпті де максимумы емес, сондықтан ол дәйексіз деген қарсы пікір төменде, қорғап отырған программаның нақты пункттері туралы айтқан кезімізде талданады. «Кесінді жерді қайтару» талабы өзіміздің аграрлық программамызда қазір-ақ қоя алатынымыздың максимумы екендігіне біз сендіреміз және мұны дәлелдеуге тырысамыз да.

** Мен өз басым бұл мәселені қуаттау мағынасында шешуге бармын, бірақ қазіргі жағдайда бұл шешімді дәлелдеп жатудың және тіпті ұсынып жатудың, әрине, орны да, уақыты да емес, өйткені қазір әңгіме аграрлық программаның коллективтік, жалпы редакциялық жобасын қорғау туралы болып отыр.

және жуық арадағы талаптарымыз үшін күресте өзіміздің «бір минут та» есімізден шығармайтын мақсатымызға — қолымыз жеткен кезде біз, пролетариат партиясы, кәсіпкерлердің әйтеуір бір жауапкершілігі туралы немесе әйтеуір бір фабрикалық пәтер туралы мәселелермен ғана шектеліп қоймаймыз, барлық қоғамдық өндірісті меңгеру және басқару ісінің *бәрін,* демек, бөлу ісін де өз қолымызға аламыз. Керісінше, шаруаларға қатысты бөлімде біз маңызы крепостник-помещиктердің үстемдігін біржолата жоюға, біздің деревнямызды крепостниктіктің барлық сілемдерінен мүлде тазартуға барабар келетін талаптар қоя аламыз және қоюға тиіспіз. Ең таяудағы талаптар айтылатын жұмысшыларға қатысты бөлімде біз әлеуметтік-революциялық талаптарды қоя алмаймыз, өйткені буржуазияның үстемдігін құлататын әлеуметтік революция біздің *түпкі* мақсатымызды жүзеге асыратын пролетариат революциясы деген сөз. Шаруаларға қатысты бөлімде біз әлеуметтік-революциялық талаптарды да қоямыз, өйткені крепостник-помещиктердің үстемдігін құлататын әлеуметтік революция (яғни ұлы француз революциясы қандай болса, буржуазияның дәл сондай әлеуметтік революциясы) қазіргі, буржуазиялық тәртіптің негізінде де болу мүмкін. Жұмысшыларға қатысты бөлімде біз әлеуметтік реформаның негізінде қала тұрамыз (әзірше және шартты түрде, өзіміздің дербес жобаларымызбен және ниеттерімізбен, дегенмен қала тұрамыз), өйткені бұл арада біз буржуазияның өз үстемдігін әлі жоғалтпай тұрып біздерге бере алатын (принципінде) нәрселерін ғана талап етеміз (және сондықтан Зомбарт, Булгаков, Струве, Прокопович мырзалар мен олардың серіктері ақылыңа келіп, абыройыңды сақтап бер деп буржуазияға күн ілгері ақыл айтып жүр). Ал шаруаларға қатысты бөлімде біз, *социал-реформаторлардан өзгеше,* крепостник-помещиктердің біздерге (немесе шаруаларға) ешқашан да бермейтінін және бере алмайтынын талап етуге тиістіміз,— шаруалардың революциялық қозғалысы өзіне тек күшпен ғана ала алатынын да талап етуге тиістіміз.

IV

«Жүзеге асырудың» жай «өлшемінің» жеткіліксіздігі мен жарамсыздығы, міне, осыдан, ал Мартов осы өлшем арқылы біздің аграрлық программамызды соншалық «оңай» «іске алғысыз» етті. Тікелей және таяуда «жүзеге асырудың» бұл өлшемін жалпы алғанда революциялық партияның программасына емес, біздің программамыздың реформаторлық бөлімдері мен пункттеріне ғана қолдануға болады. Басқаша айқанда, бұл өлшемді өзіміздің программамызға тіпті де жалпы ереже түрінде емес, тек ерекше жағдай ретінде ғана қолдануға болады. Біздің программамыз осы сөздің тек сол кең, философиялық мағынасында ғана, программаның бірде-бір әрпі бүкіл қоғамдық-экономикалық эволюцияның бағытына қайшы келмейтіндей болып жүзеге асырылуға тиіс. Ал біз бұл бағытты (жалпы және жеке алғанда) дұрыс белгілегендіктен, біз — өзіміздің революциялық принциптеріміз бен өзіміздің революциялық борышымыз жолында өзіміздің талаптарымыздың *максимумы* үшін *бар күшімізбен* әрқашан және сөзсіз күресуге тиістіміз. Ал күрестің түпкі нәтижесіне жеткенге дейін, күрестің барысы кезінде, *барлық* максимумға, бәлкім, біз қолымызды жеткізе алмаспыз деп алдын ала кесіппішуге тырысу — барып тұрған филистерлікке ұрыну деген сөз. Мұндай пікірлер, оған кінәлылар тіпті мұны тілемесе де, әрқашан оппортунизмге апарады.

Шынында да, «Искраның» аграрлық программасынан «романтизм» тапқан, «өйткені *шаруалар бұқарасының* қазіргі жағдайда *біздің қозғалысымызға қосылуы өте-мөте неғайбіл нәрсе» дейтін* («Рабочее Дело» № 10, 58-бет, курсив менікі) Мартыновтың пайымдауы филистерлік емей немене? Бұл — орыс социал-демократизмін «экономизммен» шатастырып, өңін айналдырған өте «сыпайы» және өте арзан пайымдаулардың жақсы үлгісі. Ал осы «сыпайы» пайымдаудың байыбына тереңірек үңіліп көріңізші, сонда ол нағыз көпірме сөз болып шығады. «Біздің қозғалысымыз» — социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы. *Оған* шаруалар *бұқарасы* тіпті де «қосыла» алмайды: бұл неғайбіл емес, *мүмкін болмай-*

тын нәрсе, сондықтан ол туралы ешқашан да әңгіме болған жоқ. Ал крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы (және оның ішінде самодержавиеге қарсы) «қозғалысқа» шаруалар бұқарасы *қосылмай тұра алмайды*. Буржуазияға қарсы және крепостниктік тәртіпке қарсы қозғалыстың шын мәнісінде түрліше сипаты бар екенін ойланбай, «біздің қозғалыс» деген сөздер арқылы Мартынов істі бытыстырып алды *.

Крепостниктік тәртіптің қалдықтарына қарсы қозғалысқа шаруалар бұқарасының тартылуын неғайбіл нәрсе деп атауға тіпті де болмайды, тек осы тартылудың *дәрежесін* ғана атауға болады: крепостниктік қатынастар деревняда буржуазиялық қатынастармен мейлінше бытысып кеткен, ал буржуазиялық қоғамның табы ретінде шаруалардың (ұсақ егіншілердің) революцияшыл элемент болғанынан гөрі консерваторлық элемент болуы анағұрлым басым (әсіресе ауыл шаруашылық қатынастарының буржуазиялық эволюциясы бізде әлі тек қана басталу қалпында болғандықтан). Сондықтан саяси өзгерістердің дәуірінде үкіметке шаруаларды жікке бөлу (мәселен, жұмысшылардан гөрі) анағұрлым оңай

* Өзі жазамын деп қолға алған мәселесін Мартыновтың қаншалық дәрежеде ойланбағаны мақаласының төменгі сөздерінен ерекше айқын көрінеді: «Біздің программамыздың аграрлық бөлімінің *практикалық маңызы әлі өте ұзақ уақыт бойы біршама аз болатындығы* себепті ол революциялық желсөз үшін кең жол ашады». Асты сызылған сөздер текске айтылған бытыстырушылықты көрсетеді. Мартынов Батыста өте-мөте өрістеген жұмысшы қозғалысы болғанда ғана аграрлық программаны алға қояды дегенді есіткен. Бізде бұл қозғалыс тек басталып қана отыр. Демек, «әлі өте ұзақ уақыт бойы»! — деп қорытындылауға асығады біздің публицист. Ол ұсақ-түйекті байқамаған: Батыста аграрлық программалар *жартылай шаруаларды, жартылай жұмысшыларды буржуазияға* қарсы *социал*-демократиялық қозғалысқа тарту үшін жазылады, бізде — шаруалар *бұқарасын крепостниктіктің қалдықтарына* қарсы *демократиялық* қозғалысқа тарту үшін жазылады. Сондықтан ауыл шаруашылық капитализмінің дамуы неғұрлым алға басқан сайын Батыста аграрлық программа соғұрлым зор маңыз алады. Ауыл шаруашылық капитализмі неғұрлым *ілгері* дамыған сайын біздің аграрлық программаның, оның талаптарының басым бөлігінің практикалық маңызы соғұрлым аз болады,— өйткені бұл программа крепостниктік правоның қалдықтарына қарсы бағытталған болса, ол қалдықтар өзінен-өзі және үкімет саясатының ықпалымен құри береді. Сондықтан біздің аграрлық программамыз іс жүзінде көбінесе тікелей таяудағы болашаққа, самодержавиенің құлауына *дейінгі* дәуірге арналған. Россиядағы саяси төңкеріс ең артта қалған аграрлық тәртіптердің түбегейлі түрде өзгеруіне қайткенде де және сөзсіз жеткізеді, сонда өзіміздің аграрлық программамызды бізге қалайда қайта қарауға тура келеді. Ал Мартынов бір-ақ нәрсені: Каутскийдің кітабы[134] жақсы (бұл дұрыс), сондықтан аграрлық программа жөнінде Россияның негізгі айырмашылығы туралы ойламай, Каутскийдің айтқанын қайталау және көшіріп алу жеткілікті дегенді (бұл мүлде ессіздік) жақсы біледі.

болады, ұсақ меншікшілердің шамалы бөлігіне ұсақ-түйек және болымсыз жеңілдіктер жасау арқылы шаруалардың революцияшылдығын әлсірету (немесе, тіпті, жоқ дегенде, берекесін кетіру) анағұрлым оңай болады.

Мұның бәрі осылай. Ал бұдан қандай қорытынды шығады? Шаруалардың консерваторлық элементтерімен келісу үкіметке неғұрлым оңай болса, шаруалардың революцияшыл элементтерімен келісуге біз соғұрлым тез, соғұрлым көп күш жұмсауға тиістіміз. Біздің борышымыз — осы элементтерді нақ қай *бағытта* қолдауға тиісті екенімізді ғылыми жолмен мүмкіндігіне қарай барынша дәл анықтауымыз керек, ал сонан соң оларды крепостниктіктің барлық қалдықтарына қарсы батыл және сөзсіз күреске *итермелеуге,* әрқашан және барлық жағдайда, қол жеткен әдістердің бәрі арқылы итермелеуге тиістіміз. Сондықтан біздің итермелеуіміздің қаншалықты *жемісті болу дәрежесін* алдын ала «белгілеу» әрекеті филистерлік емей немене? Иә, кейін мұны өмір шешеді, тарих мұны жазып қояды, ал енді біздің жұмысымыз қалай болғанда да күресу және ақырына дейін күресу. Шабуылға шыққан солдат: біз жау корпусын түгел емес, оның тек бестен үш бөлігін ғана құртармыз деп ойлай алар ма? Мартынов айтқан мағынада, мәселен, *республиканы* талап ету сияқты талап та «негайбіл» емес пе? Иә, крепостниктіктің барлық сілемін құрту керек деген шаруалар талаптарының вексельінен гөрі *мына* вексель бойынша төлемнің бір бөлегін беріп құтылу үкіметке одан да оңайырақ қой. Бірақ біздің онда жұмысымыз не? Төлемнің бұл бөлегін біз, әрине, қалтамызға салып аламыз, сонымен бірге *бүкіл* төлем жолындағы қажырлы күресті титтей де тоқтатпаймыз. Пролетариат пен буржуазияның арасында үзілді-кесілді тартыс тек республика ішінде ғана бола алады деген идеяны кең таратуымыз керек, барлық орыс революционерлерінің арасында және мүмкіндігінше орыс жұмысшыларының қалың бұқарасы арасында республикалық дәстүрді *енгізіп* *, орнықтыруымыз керек, біз осы

* Біз «енгізу» керек дейміз, өйткені ескі орыс революционерлері республика туралы мәселеге еш уақытта айтарлықтай көңіл аударма-

«республика» деген ұран арқылы мемлекеттік құрылысты демократияландыру жолындағы күресте артқа жалтақтамай, ақыр-аяғына дейін алға баратынымызды айтуымыз керек,— ал әлгі төлемнің біз қандай бөлегін нақ қашан және нақ қалай ала алатынымызды күрестің өзі-ақ шешеді. Бар күшімізбен жауға соққы бермей тұрып және оның соққыларының бар күшін өзіміз бастан кешірмей тұрып, әлгі бөлікті есептеуге әрекеттену ақылсыздық болар еді. Сондай-ақ шаруалар қоятын талаптағы біздің ісіміз — ғылыми деректер негізінде бұл талаптардың *максимумын* белгілеу, сөйтіп жолдастардың осы максимум үшін күресуіне жәрдем ету, ал содан соң қазымыр жария сыншылар, нәтижелердің айтарлықтай болуына ынтыққан құпия «артта жүрушілер» оның «неғайбілдігіне» мейлі күле берсін!» *.

ды, оны «практикалық» мәселе деп ешқашан да есептемеді,— сондықтан да халықшылдар, бүлікшілер және сол сияқтылар саясатқа анархистерше жиренішпен қарады, сондықтан да халық ерікшілері самодержавиеден социалистік революцияға бірден қарғып түскісі келді. Біздің үлесімізге (егер декабристердің әлдеқашан ұмытылып кеткен республикалық идеяларын айтпасақ), социал-демократтардың үлесіне, республика талабын бұқара арасына тарату, сөйтіп орыс революционерлерінің арасында республикалық дәстүр енгізу тиіп отыр.

* Социал-демократиялық программа талаптарының «жүзеге асырылуы» туралы мәселеге келгенде К. Каутскийдің Р. Люксембургпен 1896 жылғы айтысын еске түсіру, бәлкім, пайдасыз болмас. Р. Люксембург поляк социал-демократтарының практикалық программасында Польшаны қалпына келтіру талабын қою орынсыз, өйткені қазіргі қоғамда бұл талап орындаларлық емес деп жазды. К. Каутский оған былай деп қарсы дау айтқан: бұл дәлел «социалистік программаның мәнін таңқаларлықтай түсінбестікке негізделген. Біздің практикалық талаптарымыз — олар программада тура айтылса да, немесе үнсіз қабылданған «ереже» болса да,— күштердің қазіргідей арасалмағы тұсында оларға *қол жеткізуге* бола ма дегенмен емес, олар қазіргі қоғамдық құрылыспен *сыйыса ала ма,* оларды жүзеге асыру пролетариаттың таптық күресін жеңілдетуге, оның дамуына дем беруге (fördern), пролетариаттың саяси үстемдік алуына жол ашуға (ebnen) қабілетті ме дегенмен *сәйкестендірілуге* тиіс (werden... darnach bemessen). Біз бұл ретте күштердің қазіргі арасалмағымен титтей де санаспаймыз. Социал-демократиялық программа қазіргі («den») кезең үшін жазылмайды,— ол қазіргі қоғамдағы барлық жағдайға және қандай жағдайға байланысты болсын мүмкіндігінше нұсқау (ausreichen) беруі керек. Ол практикалық іске (der Aktion) ғана емес, насихатқа да қызмет етуге тиіс, ол біздің алға ұмтылған бағытымызды абстракт пікірлерден гөрі анағұрлым үлкен көрнекілікпен нақты талаптар түрінде көрсетуге тиіс. Бұл арада біз бос қиялға берілмей, неғұрлым қашық практикалық мақсаттарды көздей алсақ, соғұрлым жақсы. Біздің ұстап отырған бағытымыз бұқара үшін — тіпті біздің теориялық пайымдауымызды түсіне алмайтын (erfassen) бұқара үшін де — соғұрлым айқынырақ болады. Программа қазіргі қоғамнан немесе қазіргі мемлекеттен біздің не *күтетінімізді* емес, біздің одан не *талап ететінімізді* көрсетуге тиіс. Мысалы, неміс социал-демократиясының программасын алайық. Ол чиновниктерді халықтың сайлап қоюын талап етеді. Бұл талап, егер оны Р. Люксембургтің шама-шарқымен өлшесе, поляктардың ұлттық мемлекетін құруды талап еткен сияқты, утопия-

V

Біздің шаруалардың қойған барлық талаптарының сипатын белгілейтін және *«...деревняда тап күресін еркін өрістету мүддесі үшін...»* деген сөздер арқылы баяндалған екінші жалпы қағидаға көшейік.

Бұл сөздер жалпы алғанда аграрлық мәселені принципті түрде қою үшін де, соның ішінде жеке аграрлық талаптарға баға беру үшін де өте-мөте маңызды. Крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою талабы — дәйекті либералдардың бәрімен, халықшылдармен, социал-реформаторлармен, марксизмнің аграрлық мәселедегі сыншыларымен және тағы сол сияқтылармен, тағы тағылармен бәрімізге ортақ талап. Біз әлгіндей талап қоя отырып, осы мырзалардың бәрінен принципті түрде емес, тек талап қою дәрежесі жағынан өзгешеміз: олар бұл пунктте де әрқашан сөзсіз реформаның шеңберінде қалады, ал біз әлеуметтік-революциялық талаптардан да тартынбаймыз (жоғарыда көрсетілген мағынада). Қайта, «деревняда тап күресінің еркін өрістеуін» қамтамасыз етуді талап ете отырып, біз бұл мырзалардың бәріне *және тіпті* социал-демократ *емес* барлық революционерлер мен социалистерге де *принципті* түрде қайшы келеміз. Социал-демократтар да аграрлық мәселеде әлеуметтік-революциялық талаптардан тартынбайды, бірақ бұлар ол талаптарды деревняда тап күресін еркін өрістету сияқты шартқа бағындырғысы келмейді. Бұл шарт — революциялық марксизм теориясының аграрлық мәселе саласындағы негізгі және өзекті пункті *.

лық талап. Қазірде осындай саяси арасалмақ болып тұрғанда Германия империясында мемлекеттік чиновниктерді халық сайласын деген талапты орындарлық деп есептейтін жалған үмітке ешкім сенбейді. Поляктардың ұлттық мемлекетін құру ісі пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алғанынан кейін ғана жүзеге асырылады дегенді қандай правомен кабылдауға болса,— нақ сондай правомен осы талап туралы да айтуға болады. Бірақ оны біздің практикалық программамызға кабылдамау үшін бұл жеткілікті дәлел бола ала ма? («Neue Zeit», XIV, 2. SS. 513 u. 514 («Новое Время», XIV, 2, 513 және 514-беттер. *Ред.*). Курсив К. Каутскийдікі.)

* Шынында да, марксизм «сыншыларының» аграрлық мәселеде барлық шатасуы мен адасуы нақ осы пунктті түсінбеушілігінен болып жүр, ал олардың ең жүректісі, ең дәйектісі (ал бұлай болғандықтан ең адалы) Булгаков мырза тап күресі туралы «ілімді» ауыл шаруашылық қатынастар саласына мүлде қолдануға болмайды деп өзінің «зерттеуінде» тура айтады («Капитализм және егіншілік», II том, 289-бет).

Бұл шартты мойындау — түгелдей бытысып жатқандығына және күрделілігіне қарамастан, түрлерінің сан алуандығына қарамастан, ауыл шаруашылығының эволюциясы да капиталистік эволюция екендігін мойындау деген сөз, өйткені ол да (өнеркәсіп эволюциясы сияқты) пролетариаттың буржуазиямен тап күресін туғызады, нақ *осы* тап күресі біздің бірінші және түбірлі айналысатын ісіміз болуға тиіс, ол принципті мәселелерді де, саяси міндеттерді де, насихаттың, үгіттің және ұйымдастырудың тәсілдерін де біздің сынап көретін құралымыз болуға тиіс екендігін мойындау деген сөз. Бұл шартты мойындау — социал-демократиялық қозғалысқа ұсақ шаруалардың қатысуы туралы ерекше күрделі мәселеде де бұлжымай таптық көзқараста тұруға міндеттену, пролетариаттың көзқарасынан ұсақ буржуазияның мүддесін көздеп ешбір шегінбеу, қайта, бүкіл қазіргі капитализм күйзелтіп, езіп-жаншып отырған ұсақ шаруаның *өзінің* таптық көзқарасын тастап, пролетариаттың көзқарасы жағына шығуын талап ету деген сөз.

Осы шартты қою арқылы біз *өзіміздің жауларымыз* (яғни тура немесе жанама, саналы немесе санасыз түрде буржуазияны жақтайтындар — крепостниктік құрылыстың қалдықтарына қарсы күресте біздің уақытша және ішінара одақтастарымыз) түгіл, сонымен бірге аграрлық мәселені сыңаржақ қоюы арқылы пролетариаттың революциялық қозғалысына көп зиян келтіретін (іс жүзінде зиян келтіріп те жүрген) *сенімсіз достардан* да үзілді-кесілді және біржолата іргемізді бөлеміз.

Осы шартты қоя отырып, біз бұл арқылы жетекшілік желі құрамыз; тіпті кез келген алыс түпкірдегі деревняға жіберілген, *жалпы* демократиялық міндеттерді алдыңғы қатарға қоятын мейлінше бытысқан аграрлық қатынастармен бетпе-бет кездескен социал-демократ әлгі желіден ұстап отырып, осы міндеттерді шешкен кезде, дәл біздің *жалпы* демократиялық саяси міндеттерді шешкен кезде де социал-демократ болып қала беретініміз сияқты, пролетарлық көзқарасын өткізе алады және ерекше көрсете алады.

Осы шартты қою арқылы біздің аграрлық программамыздың... «Сатып алу төлемдері мен кесінді жерлер *село қоғамдарына* қайтарылсын»!? деген нақты талаптарымен үстірт танысып: мұнда біздің пролетарлық өзгешелігіміз бен біздің пролетарлық дербестігіміз қайда? сайып келгенде, бұл село буржуазиясына сыйлық болып шықпай ма?? деген сияқты талай адамдарда пайда болатын қарсылыққа жауап береміз.

Әрине, солай — бірақ тек крепостниктік правоның құлауының өзі «буржуазияға сыйлық» болғаны сияқты мағынада, яғни крепостниктік бұғаулар мен қыспақтардан қайдағы бір басқа дамуды емес, нақ буржуазиялық дамуды құтқарғандық мағынасында солай. Буржуазия езген және оған қарсы тұратын басқа таптардан пролетариаттың өзгешелігі, атап айтқанда, мынада: ол буржуазиялық дамуды бөгеуге емес, тап күресін бәсеңдетуге немесе жұмсартуға емес, қайта, керісінше, тап күресінің анағұрлым толық және еркін өрістеуіне, буржуазиялық прогрестің жеделдеуіне үміт артады *. Дамып келе жатқан капиталистік қоғамда оның дамуын қыспаққа салып отырған крепостниктің қалдықтарын жойғанда осы арқылы буржуазияны күшейтпестей және нығайтпастай етіп жоюға *болмайды.* Бұған «абыржу» дегеніміз — саяси бостандықтың біздерге түкке керегі жоқ, өйткені ол буржуазияның үстемдігін күшейтіп, нығайтады дейтін социалистердің қатесін қайталау деген сөз.

VI

Біздің аграрлық программамыздың «жалпы бөлімін» қарап болып, енді оның жеке талаптарын талдауға көшейік. Біз бұл арада бірінші пункттен емес, төртінші пункттен (кесінді жерлер туралы) бастаймыз, өйткені аграрлық программаға ерекше сипат беретін неғұрлым маңызды, өзекті пункті нақ осы пункт, сонымен бірге

* Әрине, пролетариат та буржуазиялық прогресті жеделдететін шаралардың бәрін бірдей қорғай бермейді, ол шаралардың ішінен жұмысшы табының өз бостандығы жолында күресуге қабілеттілігін күшейтуге *тікелей* ықпал ететінін ғана қорғайды. Ал «жұмыспен өтеу» мен кіріптарлық шаруалардың ауқатты бөлігінен гөрі олардың жарлы және пролетариатқа жақын бөлігіне анағұрлым күшті түседі.

бұл өте-мөте осал пункт (қалай дегенмен «Искраның» 3-номеріндегі мақала туралы өз ойын айтқандардың көпшілігінің пікірінше). Бұл пункттің мазмұны төмендегідей құрамды бөліктерден тұратынын ескертейік: 1. Ол крепостниктіктің тікелей қалдығы болып отырған аграрлық қатынастарды жаңадан реттеуге өкілдігі болатын шаруалар комитеттерін құруды талап етеді. *«Шаруалар* комитеттері» деген сөздер — дворяндар комитеттерін [135] құрған 1861 жылғы «реформаға» қарама-қарсы — жаңадан реттеу ісі помещиктердің қолында емес, шаруалардың қолында болуға тиіс екенін айқын көрсету үшін алынды. Басқаша айтқанда: крепостниктік қатынастарды түпкілікті жою езушілерге емес, халықтың осы қатынастар арқылы езілген бөлігіне тапсырылады, мүдделі адамдардың азшылығына емес, көпшілігіне тапсырылады. Шын мәнісінде, бұл *шаруалар реформасын демократиялық жолмен қайта қараудың* нақ өзі (яғни программаның «Еңбекті азат ету» тобы жасаған бірінші жобасы нені талап етсе, нақ сол). Ал егер біз осы соңғы сөздерді алмаған болсақ, оның айқындығының кемдігінен, осы қайта қараудың шын сипаты мен нақты мазмұнын көрсету айқындығының кемдігінен ғана алмадық. Сондықтан, мысалы, Мартынов аграрлық мәселе жөнінде өз тарапынан шынымен бірдеме айтқысы келген болса, ол шаруалар реформасын демократиялық жолмен қайта қарау идеясының өзін теріс деп таба ма, ал егер бұлай деп тапса, *оның* өзі мұны қалай түсінеді,— міне, осыны анықтап айтуға тиіс еді *.

* Надеждиннің тиянақсыздығын (немесе бүкпелігін?) атап өтейік, өзі жазған аграрлық программа нұсқасында шаруалар комитеттері жөніндегі «Искраның» идеясын, бәлкім, қабылдаған болса да, ол: ««азат етушілікке» байланысты операциялардың барлығы жөніндегі шаруалардың *шағымдары* мен арыздарын қарау үшін халық өкілдерінен ерекше сот құру» — деп бұл идеяны тым сәтсіз тұжырымдаған («Революция қарсаңы», 65-бет, курсив менікі), Заңды *бұзушылыққа* ғана *шағым етуге* болады. 19 февральдағы «азат етушіліктің» өзі оның барлық «операцияларымен» бірге *заң* болып саналады. Белгілі заңның әділетсіздігіне берілген шағымдарды қарау үшін әзір бұл заң жойылмай тұрғанда, әзір ол заңның орнына жаңа заңдық нормалар берілмей (немесе ішінара өзгертілмей) тұрғанда ерекше соттар құрудың ешқандай мағынасы жоқ. «Сотқа» мал жайылымын кесіп алу туралы «шағымды» қабылдау правосының берілуі былай тұрсын, сол жайылымды қайтарып беру (resp. сатып алу, тағы сол сияқтылар) правосы да берілуі керек,— ал сонда, біріншіден, заң шығаруға өкілдігі бар «сот» сот болмайды, ал екіншіден, мұндай «соттың» экспроприациялау, сатып алу және сол сияқтылар жөнінде нақ қандай пра-

Онан соң, 2. Шаруалар комитеттеріне помещик жерлерін экспроприациялауға және сатып алуға, жерді айырбастауға, тағы сол сияқтыларға право беріледі (4-п., б), соның өзінде бұл право крепостниктік қатынастар тікелей кездесетін реттермен ғана шектелген. Атап айтқанда (3) экспроприациялау және сатып алу правосы: біріншіден, «крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан кесіліп алынған» жерлер жөнінде ғана (демек, бұл жерлер шаруалар шаруашылығының атам заманнан бері сөзсіз меншігі болып келді, әлгі тұтас шаруашылықтың бір бөлігі болып келді, бірақ заңдастырылған тонау болған ұлы шаруалар реформасы кезінде олардан сұрқиялылықпен тартып алынған),— ал екіншіден, «шаруаларды кіріптар ету үшін помещиктердің қолындағы құралы болатын» жерлер жөнінде ғана беріледі.

Осы екінші шарт сатып алу мен экспроприациялау правосын «кесінді жерлердің» бәріне бірдей жатқызбай, тек осы күнге дейін кіріптар етудің құралы болып қалып отырған кесінді жерлерге ғана жатқызып, бұл правоның өрісін бұдан да тарылтады; бұл кесінді жерлер «арқылы,— деп тұжырымдаған «Искра»,— еріксіз, кіріптарлық, барщиналық, яғни іс жүзінде баяғы крепостниктік еңбек *сақталып қалып отыр»* *. Басқаша айтқанда: біздің шаруалар реформасының жартыкештігі салдарынан шаруалардан кесіп алынған жерлердің арқасында шаруашылықтың крепостниктік формалары осы уақытқа дейін сақталған жерлерде шаруаларға крепостниктіктің осы қалдықтарын тіпті экспроприациялау жолымен бірден және біржолата құртуға право беріледі, *«кесінді жерлерді қайтарып алуға»* право беріледі.

Сондықтан «мейлі помещиктердің қолында болсын, мейлі кесінді жерді сатып алған әртектілердің қолында болсын қазір үлгілі капиталистік әдіспен пайдаланылып отырған кесінді жерлер жөнінде қалай болады?» деп

восы болатындығын дәл көрсету керек. Бірақ Надеждиннің тұжырымы қаншалық келіссіз айтылған болса да, шаруалар реформасын демократиялық жолмен қайта қарау қажеттігін ол Мартыновтан анағұрлым дұрысырақ түсінген.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 466-бет. *Ред.*

сондай үрейленіп сұраған біздің қайырымды Мартыновты біз жұбата аламыз. Әңгіме осы бірлі-жарым кесінді жерлер туралы емес, марқабаттымыз, крепостниктік шаруашылықтың әлі өмір сүріп келе жатқан қалдықтарына күні бүгінге дейін тірек болып отырған кәдімгі (және орасан көп) кесінді жерлер туралы болып отыр [136].

Ақырында, 4. 4-пункт, б, шаруалар комитеттеріне мемлекеттің кейбір аймақтарында сақталып отырған крепостниктік правоның қалдықтарын (сервитуттар, аяқталмаған жер бөлістер және межелеу, т. т. және т. с.) жоюға өкілдік береді.

Сонымен, 4-пункттің бүкіл мазмұнын түсінікті болу үшін «кесінді жерлерді қайтару» деген сөздермен айтуға болады. Мұндай талап жөніндегі идея қалай пайда болды? деген сұрақ туады. Крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын мүмкіндігінше толық жоюға шаруаларды итермелеуге және оларға көмектесуге тиістіміз деген жалпы және негізгі қағидадан жасалған тікелей қорытынды ретінде пайда болды. Мұнымен «бәрі келіседі», рас емес пе? Иә, ал егер осы жолға түсуге келіседі екенсіз, онда соның бойымен өз бетіңізше алға жылжуға еңбек етіңіз, сіздерді сүйреуге мәжбүр етпеңіздер, бұл жол түрінің «дағдылы еместігі» жөнінде жүрексінбеңіздер, көптеген жерлерде сіздер ешқандай да даңғыл жол таппасаңыздар да абыржымаңыздар, жардың жиегін жағалауға да, ну орманды кесіп өтуге де, апаннан қарғып кетуге де тиістісіздер. Жол жоқ екен деп шағым етпеңіздер: бұл шағымдарыңыз пайдасыз қыңжылу болады, өйткені қоғамдық прогрестің барлық күштерімен түзетілген және тегістелген даңғыл жолға түспей, қиыр шеттер мен алыс түкпірлердің соқпақ жолдарына түсетіндеріңізді сіздер алдын ала білуге тиісті едіңіздер, ал бұлардан шығуға жол бар, бірақ тура, тегіс және оңай жолды сіздер де, біздер де, басқа біреулер де ешқашан таба алмайды,— «ешқашан», яғни жалпы осы құрып бара жатқан, құруы жан қинарлық ұзаққа созылатын қиыр шеттер мен алыс түкпірлер әлі бар тұрғанда таба алмайды.

Ал осы алыс түкпірлерге бас сұққыларыңыз келмейді екен,— онда мұны тура айтыңыздар, құрғақ сөздермен шығарып салмаңыздар *.

Сіз крепостниктіктің қалдықтарын жою үшін күресуге келісесіз бе?— Жақсы. Ендеше, осы қалдықтарды білдіретін немесе туғызатын ешбір біртұтас заңды мекеменің *жоқтығы* есіңізде шығар,— мен, әрине, сословиелік, финанстық және тағы сол сияқты заң шығару саласындағы қалдықтар туралы емес, қазір өзіміз көңіл аударып отырған аграрлық қатынастар саласындағы крепостниктіктің қалдықтары туралы ғана айтып отырмын. Россияның барлық экономикалық зерттеулерінде сан рет көп айтылған барщиналық шаруашылықтың тікелей қалдықтарын сақтап отырған әйтеуір бір ерекше заң емес, іс жүзінде қолданылып отырған жер қатынастарының күші. Мұның соншалық дәрежеде осылай болып отырғанын белгілі Валуев комиссиясының [137] алдында куәлар тура былай деген: егерде крепостниктік правоға заңмен тікелей тыйым салынбаса, ол, сөзсіз, қайта орнаған болар еді. Демек, екінің бірі: не шаруалар мен помещиктердің арасындағы жер қатынастарына мүлде жоламау керек,— онда қалған мәселелердің бәрі «оп-оңай» шешіледі, бірақ онда сіз крепостниктік шаруашылықтың деревнядағы неше түрлі қалдықтарының басты негізіне де тимейсіз, онда сіз крепостниктер мен кіріптар шаруалардың ең ынтызар мүдделеріп қозғайтын көкейтесті мәселеден, ертең немесе одан арғы күні Россияның нағыз толғағы жеткен әлеуметтік-саяси

* Мысалы, Мартынов өзіне аграрлық саясатының жалпы негіздерін де («тап күресін деревняға енгізу»), нақты программалық талаптар туралы мәселенің практикалық шешімін де берген «Искраны» «сөзуар» деп кінәлайды. Осы жалпы негіздерді басқа ештеңемен өзгертпей, тіпті бұл негіздер жөнінде мүлде ойланбай, белгілі бір программа жасауға тырыспай, Мартынов мынадай әсем сөздермен құтылған: «...Біз оларды (ұсақ меншікшілер ретіндегі шаруаларды)... экономикалық кіріптарлықтың артта қалған әр түрлі формаларынан аман сақтап қалуды талап етуге тиістіміз...». Тақияға тар келмей ме? Кіріптарлықтың артта қалған *тым болмаса бір* («әр түрлі» былай тұрсын!) формасынан *тым болмаса бір* рет сақтап қалуды біздерге тура көрсетуге сіз әрекет етіп көрдіңіз бе? (сірә, артта қалмаған «кіріптарлық формаларының» да болғаны ғой!!). Ұсақ кредит те, сүт алымы да, сақтық-қарыз серіктіктері де, ұсақ қожайындардың одақтары да, шаруалар банкі де, земство агрономдары да,— осының бәрі де «экономикалық кіріптарлықтың артта қалған әр түрлі формаларынан сақтап қалу» ғой. Демек, осының бәрін «біз талап етуге тиістіміз» деп ойлайсыз ба, сіз?? Ең алдымен ойлап алып, қадірлім, сонан соң барып программалар туралы айту керек!

мәселелерінің бірі бола алатын мәселеден «оп-оңай» бойыңызды аулақ саласыз. Не «экономикалық кіріптарлықтың артта қалған формаларының» негізіне де, яғни жер қатынастарына да тоқтағыңыз келеді,— онда сіз бұл қатынастардың жеп-жеңіл әрі оп-оңай шешіле қоймайтын сондай күрделілігімен және бытысқандығымен есептесуге тиістісіз. Онда сіздің бытысқан мәселенің біздер ұсынған нақты шешіміне наразы бола отырып, бытысушылыққа жалпы «шағым етумен» бас сауғалауыңызға *қақыңыз жоқ,* қайта оны өз бетіңізше ұғынуға әрекет етіп, басқа нақты шешім ұсынуға *тиістісіз.*

Қазіргі шаруалар шаруашылығында кесінді жерлердің қандай маңызы бар екені—іс жүзінде айқын мәселе. Сөйтіп, Россияның экономикалық тәртіптері мен экономикалық эволюциясына баға беруде марксизм мен халықшылдықтың (кең мағынадағы) арасында қаншалық терең тұңғиық жатса да, *осы* мәселе жөнінде бұл доктриналардың арасында алшақтықтың жоқтығы көрнекті нәрсе. Екі бағыттың өкілдері де орыс деревнясында крепостниктіктің қалдықтары көз тұнарлықтай көп екеніне және (нотабене) Россияның орталық губернияларында үстем болып отырған жеке иемдену шаруашылығының әдісі («шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесі») крепостниктіктің тікелей қалдығы екеніне келіседі. Онан соң, помещиктердің пайдасына шаруалардан алынып берілген кесінді жерлер,— яғни тура, тікелей мағынасындағы кесінді жерлер, шаруаларды жайылыммен, тоғаймен, суатпен, өріспен және тағы сол сияқтылармен пайдалану правосынан айыру,— жұмыспен өтеу жүйесінің ең басты негіздерінің бірі (*егер ең бастысының өзі болмаса*) екеніне де олар келіседі. Ең жаңа мәліметтер бойынша помещиктік шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесі *Европалық Россияның кем дегенде 17 губерниясында басым* болып саналады. Кесінді жерлер туралы пунктті таза жасанды, «азаптанып» қулық-сұмдықпен ойдан шығарған бірдеме деп білушілер осы фактіні теріске шығарып көрсін!

Шаруашылықтың жұмыспен өтеу жүйесінің мәнісі мынадай болады. Іс жүзінде, яғни иемдену правосы бойынша емес, шаруашылыққа пайдалану жағынан по-

мещиктер мен шаруалардың жері мен шабындығы біржолата бөлінбеген, біріккен түрінде қала береді: мысалы, шаруа жерінің бір бөлегі, олардың жерін емес, помещиктің жерін ұқсатуға қажетті малды жаюға пайдаланылады; помещик жерінің бір бөлегі сол жүйеде көрші шаруалар шаруашылығы (суаттар, өрістер және сол сияқтылар) үшін сөзсіз қажет. Ал осы іс жүзінде жер иемденудің араласып кетуі мужиктің баринге крепостниктік право кезіндегідей қатынасын (дұрысырағы: мың жыл бойғы тарих туғызған қатынасты сақтайды) *сөзсіз* туғызады. Мужик de facto крепостной болып қалады, өзінің ескі құрал-сайманымен, үш танапты егістіктің мешеу жүйесі бойынша, өзінің ежелгі «вотчинашы-тақсырына» бұрынғысынша жұмыс істейді. Осы жұмыспен өтеуді шаруалардың өздері екінің бірінде панщина және «барщина» деп атап отырғанда,— өз шаруашылығын сипаттай келіп, помещиктердің өздері: менің жерімді «менің бұрынғы...» (демек, бұрынғы ғана емес, қазіргі!) «...шаруаларым» менің жайылымымды пайдаланғаны үшін өз құрал-сайманымен ұқсатады деп отырғанда, сіздерге бұдан артық не керек?

Қандай да болса күрделі және бытысқан қоғамдық-экономикалық мәселені шешкен кезде алдымен нағыз үйреншікті, істі қиындататын бөгде ықпалдар мен жағдайлардан неғұрлым ада жағдайды ала отырып, содан кейін мәселені шешудің барысында әлгі бөгде және қиындататын жағдайлардың бірінен соң біріне зер сала келіп, істі алға бастыра беру керек екенін қарапайым ереженің өзі талап етеді. Бұл арада да анағұрлым «үйреншікті» жағдайды алып қараңыз: бұрынғы крепостнойлардың балалары бұрынғы бариннің балаларына оның жайылымын пайдаланғаны үшін жұмыс істейді. Жұмыспен өтеу деревняда техниканың тоқырауына және *барлық* қоғамдық-экономикалық қатынастардың тоқырауына себеп болады, өйткені осы жұмыспен өтеу ақша шаруашылығының дамуына және шаруалардың жіктелуіне кедергі жасайды, помещикті бәсекенің (ол техниканы жоғарылатудың орнына жарты ақысына жұмыс істеушінің үлесін азайтады; айтпақшы, бұлай азайту реформадан кейінгі дәуірде көп жылдар бойы бірқа-

тар жерде болған) ширатушы ықпалынан (біршама) құтқарады, шаруаларды жерге байлап-матайды, сол арқылы қоныс аударушылықтың және шет кәсіптердің, тағы сондайлардың дамуын тежейді.

Осындай «таза» алынған ретте помещиктік жердің тиісті бөлегін шаруалардың пайдасына экспроприациялау толығынан табиғи, керекті және орындаларлық іс екеніне социал-демократтың қайсысы болса да күмәндана қояр ма екен? — деген сұрақ туады. Бұл экспроприация Обломовты сілкіндіріп, оны неғұрлым азғантай жер көлемінде неғұрлым жетілдірілген шаруашылыққа көшуге мәжбүр етеді, бұл экспроприация жұмыспен өтеу жүйесінің іргесін бұзады (жояды демей-ақ қояйып, тура іргесін бұзады), шаруалардың дербестігін және демократтық рухын көтереді, оның тұрмыс дәрежесін арттырады, ақша шаруашылығының одан әрі дамуына және егіншіліктің капиталистік жолмен одан әрі алға басуына зор демеу болады.

Шынында да: кесінді жерлер жұмыспен өтеу жүйесінің ең басты негіздерінің бірі екенін, ал бұл жүйе крепостниктік тәртіптің капитализм дамуын бөгейтін тікелей қалдығы екенін жалпы жұрт мойындап отыр, endеше кесінді жерлерді қайтару жұмыспен өтеу ісінің іргесін бұзып, қоғамдық-экономикалық дамуды жеделдететініне қалай күмәндануға болады?

VII

Алайда бұған көп адамдар күмәнданды, сондықтан біз енді күмәнданушылардың дәлелдерін талдауға кірісейік. Бұл дәлелдерді мына төмендегі топтарға бөлуге болады: а) кесінді жерлерді қайтару талабы марксизмнің теориялық негіздеріне және социал-демократияның программалық принциптеріне сәйкес келе ме? б) экономикалық дамудың әрбір адымында маңызы төмендеп келе жатқан тарихи әділетсіздікті түзету туралы талап қою саяси мақсатқа тиімділігі тұрғысынан қарағанда ақылға қонымды ма? в) бұл талап практика жүзінде орындаларлық па? г) егер осындай талапты біз ұсына аламыз, ұсынуымыз керек және біздің аграрлық программамызда минимум емес, максимум көрсетілсін деп

тапсақ, кесінді жерлерді қайтарып беру талабы осы тұрғыдан қарағанда дәйекті бола ала ма? Шындығында осындай талап максимум болып шыға ала ма?

Менің байқауымша, «кесінді жерлерге қарсы» айтылып жүрген пікірлердің *бәрі* осы төрт пункттің бірі болмаса біріне тура келеді және де қарсы болушылардың көпшілігі (Мартынов та соның ішінде) кесінді жерлерді қайтару талабын принцип жағынан дұрыс емес, саяси жағынан тиімсіз, практикалық жағынан жүзеге аспайды, логикалық жағынан дәйекті емес деп, осы төрт сұрақтың бәріне қарсы жауап берді.

Осы мәселелердің барлығын да, маңызына қарай, талдап көрейік.

(а) Екі дәлелге сүйеніп, кесінді жерлерді қайтару талабын принцип жағынан дұрыс емес деп санайды. Біріншіден, бұл капиталистік ауыл шаруашылығына «әсер етеді», яғни капитализмнің дамуын тоқтатып тастайды немесе кідіртеді дейді; екіншіден, ол ұсақ меншікті күшейтіп қана қоймайды, тіпті көбейтіп те жібереді дейді. Бұл дәлелдердің біріншісі (әсіресе, Мартыновтың баса айтқаны) мүлдем негізсіз, өйткені әдеттегі кесінді жерлер, қайта, капитализмнің дамуын кідіртеді, кесінді жерлердің қайтарылуы бұл дамуды күшейтеді; ал әдетте бола бермейтін жағдайлар жөнінде (айрықша жағдайлар әрқашан және барлық жерде болуы мүмкін екендігін, бұлар ережені тек қана қуаттайтындығын айтпағанның өзінде) «Искрада» да, программада да («...кесіліп алынған... және кіріптарлық құралы болатын жерлер...» деп) түсінік жасалған. Бұл қарсылық орыс деревнясының экономикасында кесінді жерлердің және жұмыспен өтеудің шын маңызының қандай екендігімен таныстықтың жоқтығына ғана негізделген [138].

Екінші дәлел (әсіресе, кейбір жеке адамдардың хаттарында толық көрсетілген) анағұрлым елеулірек және қорғап отырған программаға қарсы дәлелдердің ішіндегі жалпы алғанда ең күштісі. Жалпы айтқанда, ұсақ шаруашылықты және ұсақ меншікті дамыту, қолдау, нығайту, әсіресе, арттыру социал-демократияның тіпті де міндеті емес. Мейлінше әділі осы. Бірақ іс мынада: біздің алдымызда тұрған ұсақ шаруашылықтың «жал-

пы» үлгісі емес, атап айтқанда, *айрықша* үлгісі болып отыр, сондықтан бұл айрықшалық біздің аграрлық программаның кіріспесінде: «крепостниктік тәртіптің қалдықтарын құрту және деревняда тап күресін еркін өрістету» деп *айқын көрсетілген. Жалпы* айтқанда, ұсақ меншікті қолдау — реакцияшылдық, *өйткені* ол ірі *капиталистік* шаруашылыққа қарсы бағытталады, сөйтіп қоғамдық дамуды кідіртеді, тап күресін көмескілендіріп, солғындатады. Ал дәл осы жағдайда біз ұсақ меншікті капитализмге қарсы қою үшін емес, крепостниктікке қарсы қою үшін қолдағымыз келеді,— дәл осы жағдайда біз ұсақ шаруаларды қолдау арқылы тап күресін өрістетуге аса үлкен демеу боламыз. Шындығында да, біз мұнымен, бір жағынан, шаруалардың крепостник-помещиктерге деген таптық (сословиелік) өшпенділігінің қалдықтарын өршітуге *ақырғы* әрекет жасаймыз. Екінші жағынан, біз деревняда буржуазиялық таптық антагонизмнің дамуына жол ашамыз, өйткені қазір барлық шаруалардың крепостниктік тәртіп қалдықтарынан жалпы және бірдей езіліп отырған сияқты болып көрінуі арқылы бұл антагонизм *бүркеліп тұр.*

Дүниедегінің бәрінің де екі жағы бар. Батыста меншік иесі-шаруа демократиялық қозғалыста өз ролін атқарды және пролетариатқа қарағанда өзінің артықшылық жағдайын сақтап қалуға ұмтылуда. Россияда меншік иесі-шаруа әлі батыл және жалпы халықтық демократиялық қозғалыстың қарсаңында тұр, бұған ол тілектес болмай қала алмайды. Ол әлі өткендегісінен гөрі келешегіне көбірек көз жібереді. Ол өзінің артықша жағдайын сақтап қалуға ұмтылудан гөрі Россияда әлі соншалық күшті болып отырған сословиелік-крепостниктік артықшылықтарға қарсы анағұрлым көбірек күреседі. *Осындай* тарихи кезеңде біз шаруаларды қолдауға және олардың әлі көмескі, әлі буалдыр наразылығын олардың нағыз жауына қарсы жұмсауына жол көрсетуге тікелей міндеттіміз. Егер келесі тарихи кезеңде, осы әлеуметтік-саяси «конъюнктураның» ерекшелігі қалған кезде, айталық, шаруалар меншікшілердің болмашы бір бөлігінің берген болмашы садақаларына қанағаттанып, пролетариатқа қарсы батыл түрде «шу-

лай» шыға келетін болса, егер сол кезде біз өзіміздің программамыздан крепостниктік тәртіптің қалдықтарымен күресуді алып тастасақ, біз өзімізге өзіміз ешбір қайшы келмеген болар едік. Онда, бәлкім, бізге программадан самодержавиемен күресуді де алып тастауға тура келер, өйткені саяси бостандыққа *дейін* шаруалар нағыз жексұрын және ауыр крепостниктік езгіден құтылады деп есептеуге ешбір болмайды.

Капиталистік шаруашылық үстемдік етіп тұрғанда, ұсақ меншік ұлтарақтай жерге адамның басын байлап, мешеу техниканы зацдастырып, жерді сауда айналымына тартуды қиындатып, өндіргіш күштердің дамуын кідіртеді. Жұмыспен өтеу шаруашылығы үстемдік етіп тұрғанда ұсақ жер меншігі, жұмыспен өтеуден құтыла отырып, сол арқылы өндіргіш күштердің дамуын ілгері жетелейді, шаруаны бір орынға байлапып кіріптар болудан босатады, помещиктерді «босқа» қызмет істетіп алудан айырады, техниканы жақсартудың орнына «патриархтық» қанаушылықты шектен тыс күшейте беру мүмкіндігін жойып, жерді сауда айналымына тартуды жеңілдетеді. Бір сөзбен айтқанда, крепостниктік шаруашылық пен капиталистік шаруашылықтың шегінде тұрған ұсақ шаруаның қарама-қайшы жағдайы социал-демократияның ұсақ меншікті осылайша айрықша және уақытша қолдануын толығынан ақтайды. Тағы да қайталайық: бұл біздің программамыздың редакциясын қараудағы немесе оның тұжырымындағы қайшылық емес, нағыз өмір қайшылығы.

Бізге былай деп қарсы болады: «жұмыспен өтеу шаруашылығы капитализмнің қысымына қаншама баяу берілгенмен, әйтеуір соған беріледі, ол ол ма: жұмыспен өтеу шаруашылығы толығынан жойылып та бітпекші; жұмыспен өтеу шаруашылығының ірісі ірі капиталистік шаруашылыққа тікелей орын беруде және орын береді де. Сіздер шын мәнісінде ірі шаруашылықты ұсақтайтын шаралармен (біртіндеп болса да, әйтеуір ұсақтаушылықпен) крепостниктік тәртіпті жою процесін тездеткілеріңіз келеді. Осы арқылы сіздер келешектің мүддесін қазіргі мүддеге құрбандық еткен болмайсыздар ма? Шаруалардың жақын арада крепостниктік тәртіпке

қарсы көтерілісінің неғайбіл мүмкіншілігіне бола сіздер село пролетариатының капитализмге қарсы азды-көпті алыс келешекте болатын көтерілісін қиындатасыздар!»

Мұндай пікір бірден қарағанда қандай нанымды көрінсе де,— мейлінше сыңар жақ пікір: біріншіден, капитализм қысымына қаншама баяу болса да, ұсақ шаруашылық та беріледі, оның да, түбінде, ығыстырылатындығы сөзсіз; екіншіден, жұмыспен өтеу шаруашылығының ірісі де ірі капиталистік шаруашылыққа әрқашан «тікелей» орын бермейді, екінің бірінде-ақ жартылай тәуелділер, жартылай батырақтар, жартылай меншікшілер тобын құрып барып орын береді,— оның бер жағында, кесінді жерлерді қайтару сияқты революциялық шара атап айтқанда крепостниктік тәуелділікті буржуазиялық тәуелділікке біртіндеп және елеусіз айналдыру «әдісін» тіпті бір рет болса да ашық революциялық жолмен өзгерту «әдісімен» ауыстыруға аса үлкен қызмет еткен болар еді: бұл барлық еңбекші село халқының қарсылығы мен дербес күресінің рухына *нағыз терең әсер етпей қала алмас еді.* Үшіншіден, біздер де, орыс социал-демократтары, Европаның тәжірибесімен пайдалануға тырысамыз және жұмысшылардың социалистік қозғалысына «деревнядағыларды» тартуды біздің Батыстағы жолдастардан гөрі анағұрлым ерте және анағұрлым күштірек қолға аламыз; олар саяси бостандық алғаннан кейін де ұзақ уақыт «сипалап» өнеркәсіп жұмысшыларының қозғалысы үшін жол іздеген болатын; бұл жөнінде біз «немістерден» көп нәрсені әзір күйінде аламыз, ал аграрлық мәселе жөнінде, мүмкін, жаңадан бір нәрсе табармыз. Ал кейін біздің батырақтардың, жартылай батырақтардың социализмге өтуін жеңілдету үшін барлық еңбекші және қаналушы бұқараға өзін олардың көсемі және өкілі деп тануды үйрете отырып, толғағы жеткен және бытысқан «жат» (пролетарлық емес) мәселелерді шешуге қатысудан бас тартпай, ұсақ шаруалар үшін «барлық мүмкін болатынды» істей отырып, социалистік партияның *қазірдің өзінде* ұсақ шаруаларды «жақтай» бастауының маңызы мейлінше зор.

Одан да әрі барайық. (б) Кесінді жерлерді қайтару талабын саяси жағынан тиімсіз деп санайды: қазірдің өзінде маңызын жоғалтып отырған кез келген тарихи әділетсіздікті түзетуге партияның назарын бұрып әкету,— пролетариат пен буржуазияның күресі жөніндегі негізгі және барған сайын жақындап келе жатқан мәселеден назарды бұрып әкету тиімді болмайды. «40 жыл кешігіп барып шаруаларды қайта босатуды» ойлаған екен,— деп мысқылдайды Мартынов.

Бұл пайымдау да тек бір қарағанда ғана сондай тартымды болып көрінеді. Тарихи әділетсіздіктер түрліше болады ғой. Пролетарлық тап күресін кеңейтуге, тереңдетуге бөгет болмай, былайша айтқанда, тарихи негізгі тасқыннан сырт қалатындары, оған тосқауыл болмайтындары, оның ағымына кедергі жасамайтындары да болады. Мұндай тарихи әділетсіздіктерді түзетуге кірісу, шындығында да, ақылсыздық болар еді. Мысал ретінде Эльзас-Лотарингияның Германиямен қосылғанын көрсетейік. Ешбір социал-демократиялық партия өзінің программасында *мұндай* әділетсіздікті түзете қоюды ойламайды, дегенмен де соның өзінде бұл әділетсіздікке қарсылық білдіру және сол әділетсіздік үшін барлық үстем таптарға лағнет айту парызынан ешбірі де бас тартпайды. Ал егер біз кесінді жерлерді қайтару жөніндегі талабымызды — әділетсіздік істелген екен, оны түзете қояйық деп, тек сонымен ғана дәлелдесек, онда мұнымыз демократиялық бос құрғақ сөз болар еді. Бірақ біз талабымызды тарихи әділетсіздік турасында қынжылумен дәлелдемейміз, крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою және деревняда тап күресіне жол ашу қажеттілігімен, яғни пролетариат үшін өте «практикалық», өте керекті қажеттілікпен дәлелдейміз.

Біз мұнда *басқа бір* тарихи әділетсіздіктің мысалын көріп отырмыз, атап айтқанда: қоғамдық дамуды және тап күресін *тікелей кідіртіп* отырған тарихи әділетсіздікті көріп отырмыз. *Мұндай* тарихи әділетсіздіктерді түзетуге ұмтылудан бас тарту «қамшыны бұл тарихи қамшы еді деуге сүйеніп қорғағандық» болар еді. Біздің деревняны «ескі тәртіп» қалдықтарының езгісінен құтқару туралы мәселе — барлық бағыттар мен партиялар

(крепостниктік партиядан басқалары) алға қойып отырған қазіргі заманғы көкейтесті мәселелерінің бірі, олай болса, кешіккендік деу жалпы алғанда орынсыз, ал Мартыновтың айтуында бұл тіпті күлкі келтіреді. Ескі тәртіптің барлық қалдықтарын жоюдағы *өзінің*, былайша айтқанда, міндеттерін орындауда орыс буржуазиясы «кеш қалды»,— сондықтан бұл кемшілікті біз түзетуге тиістіміз, түзеткенде ол кемшілік әбден түзеліп болғанға дейін, бізде саяси бостандық болған кезге дейін түзетеміз, шаруалардың жағдайы білімді буржуазиялық қоғамның барлық дерлік бұқарасының социализмге қарсы бейне бір ең күшті тірек «қирамайды-мыс» деген консерваторлық сезіміне (мұны біз Батыста көріп отырмыз, онда әлгі көрсетілген сезім аграрийлер мен pur sang * консерваторлардан бастап, либералдық және еркін ойлы буржуаға дейін және тіпті ең ақыры... бұл Чернов мырзалар мен «Вестник Русской Революциидi» ызаландыру үшін айтылған болмасын!.. аграрлық мәселедегі сәнқой «марксизм сыншыларына» дейінгі барлық партиялардан байқалып отыр) дем бермей, қайта бұл бұқараның паразылықты күшейтуіне (мұны Россияда көріп отырғанымыз сияқты) дем беретіндей кезіне дейін түзетеміз. Ал сонан соң, әрине, қозғалыстың соңында жүруді принципке айналдырған және «көрнекті нәтиже бере алатын» мәселелермен ғана шұғылданатын орыс социал-демократтары да «кеш қалды»: аграрлық мәселеде де белгілі нұсқау беруден кешігуімен бұл «артта жүрушілер» социал-демократиялық емес революциялық бағыттардың қолына тек қана өте күшті, өте сенімді құрал береді.

Кесінді жерлерді (в) қайтару талабы практикалық мағынада «жүзеге асырарлық емес» дегенге келетін болсақ, онда бұл қарсылық (Мартыновтың өте-мөте баса айтқаны) — ең әлсіз қарсылықтардың бірі. Экспроприациялау, сатып алу, айырбастау, межелеу және тағы басқаларын дәл қандай жағдайда және қалай жүргізу мәселесін шаруалар комитеттері саяси бостандық алған кезде, азшылықтың өкілдерінен құрылған, азшы-

* — таза қанды. *Ред.*

лықтың мүддесін көздеп әрекет жасаған дворяндар комитеттерінен горі он есе оңай шешкен болар еді. Бұл қарсылыққа бұқараның революциялық белсенділігін өте төмен бағалауға үйреніп қалған адамдар ғана маңыз бере алады.

Бұл жерде төртінші және соңғы қарсылық келіп шығады. Егер енді шаруалардың революциялық белсенділігіне сенуге болса, ол үшін, программа-минимумды емес, программа-максимумды қоюға болса, онда дәйектілік керек, не шаруалардың «қаралай бөлісін», не жерді буржуазиялық жолмен национализациялауды талап ету керек! «Егерде біз жері аз шаруалар бұқарасы үшін нағыз (sic! *) таптық ұран табуды тілесек,— деп жазады Мартынов,— біз әрі баруға тиіс болар едік,— біздің «қаралай бөліс» талабын ұсынуымыз керек болар еді, бірақ онда бізге социал-демократиялық программамен қош айтысуға тура келер еді».

Бұл пайымдау «экономистің» бет пердесін айқын ашады және құдайға құлшылық ет десең, жалп етіп маңдайын жарып алатын адамдар жөнінде айтылатын мақалды еске түсіреді.

Сіздер ұсақ өндірушілердің белгілі тобының *белгілі* мүдделерін жүзеге асырарлық талаптардың *бірін* қуаттадыңыздар: олай болса, сіздер өздеріңнің көзқарастарыңды тастап, сол топтың көзқарасына қошулерің керек!!— Бұл тіпті олай емес; программаны кеңінен түсінілген тап мүддесіне сәйкестендіріп жасауды сол тапқа жарамсақтанумен шатастыратын «артта жүрушілер» ғана осылай деп ойлайды. Пролетариаттың өкілдері бола тұрып, біз дегенмен есейіп жетілмеген пролетарлардың тек «көрнекті нәтижелерден дәмелендіретін» талаптар үшін ғана күресу керек қой дейтін соқыр сенімдерін мүлдем теріс деп табамыз. Шаруалардың прогрестік мүдделері мен талаптарын қолдай отырып, біз олардың реакциялық талаптарын батыл түрде кері серпіп тастаймыз. Ал бұрынғы халықшылдықтың ең айтулы ұрандарының бірі болған «қаралай бөлісте» дәл революцияшыл жағы мен реакцияшыл жағы араласып кеткен.

* — солай! *Ред.*

Сондықтан көргенінен жазбайтын милаудың ісін істемейтінін, халықшылдардың барлығын бірдей сыртқа лақтырып тастамайтындығын, олардың революцияшыл демократиялық элементтерін ажыратып алып, өзінің кәдесіне жарататынын социал-демократтар сан рет айтқан. Қаралай бөліс талабындағы ұсақ шаруа өндірісін бірлестіру және мәңгі қалдыру деген утопия — реакцияшыл, бірақ оның («шаруалар» *социалистік* төңкерістің тұлғасы бола алады-мыс деген утопиядан басқа) революцияшыл жағы да бар, атап айтқанда: шаруалар көтерілісі арқылы крепостниктік құрылыстың барлық қалдықтарын жоюға ұмтылушылық бар. Біздің ойымызша, шаруаның барлық екіұшты әрі қарама-қайшылықты талаптарының ішінен кесінді жерлерді қайтару талабы тек бүкіл қоғамдық даму бағытында революциялық әсер ететін талапты бөліп алады, сондықтан бұл пролетариаттың қолдауына тұрарлық талап. Мартыновтың «әрі баруға» шақыруы шындығында шаруалардың *«нағыз»* таптық ұранын, пролетариаттың *шын мәнісінде түсінілген* мүдделерінің тұрғысынан емес, шаруалардың *нағыз* соқыр сенімдерінің тұрғысынан белгілеуіміз керек деген мағынасыздыққа соқтырады.

Жерді национализациялау — бұл басқа мәселе. Бұл талап (егер мұны социалистік мағынада емес, буржуазиялық мағынада түсінсе) кесінді жерлерді қайтару талабынан шынында «әрі барады» және принципінде біз бұл талапқа толық қосыламыз. Белгілі бір революциялық кезеңде біз оны ұсынудан, әрине, бас тартпаймыз. Бірақ қазіргі программамызды біз революциялық көтерілістің заманы үшін ғана жасамаймыз, тіпті көбіне ол үшін емес, көбіне саяси құлдықтың заманы үшін, саяси бостандықтың алдында болатын заман үшін жасаймыз. Ал мұндай заманда жерді национализациялау талабы крепостниктік тәртіппен күресу мағынасында демократиялық қозғалыстың тікелей міндеттерін *анағұрлым әлсізірек* көрсетеді. Шаруалар комитеттерін құру және кесінді жерлерді қайтару талабы деревнядағы қазіргі тап күресін тұрадан-тура өршітеді, сондықтан ол мемлекеттік социализм рухындағы ешбір экспериментке сылтау бола алмайды. Мұның керісінше, жерді нацио-

нализациялау талабы крепостниктіктің нағыз айқын көрінісінен және нағыз күшті қалдықтарынан белгілі дәрежеде назарды басқа жаққа аударады. Сондықтан біздің аграрлық программа шаруалар арасындағы демократиялық қозғалысты демейтін құралдардың бірі ретінде қазірдің өзінде ұсыныла алады және ұсынылуға тиіс. Ал национализациялау талабын тек самодержавие кезінде ғана емес, тіпті жартылай конституциялы монархия кезінде де ұсыну мүлдем дұрыс болмас еді, өйткені толық ығайын, терең тамыр жайған демократиялық саяси мекемелер жоқ кезде бұл талап «деревняда тап күресінің еркін өрістеуіне» демеу болудан гөрі ойды мемлекеттік социализмнің мағынасыз эксперименттеріне анағұрлым көбірек бөліп әкетер еді *.

Міне, сондықтан біз қазіргі қоғамдық құрылыстың негізіне сүйенетін аграрлық программамыздың максимумы шаруалар реформасын демократиялық жолмен қайта қараудан әрі кетпеуі керек деп ойлаймыз. Жерді национализациялау талабы принципінде толық дұрыс және белгілі кезеңдер үшін толық жарамды болғанымен, қазіргі кезеңде саяси жағынан жөн болмайды.

Надеждин өзінің талабында жерді национализациялау сияқты максимумға дейін бармын деп жолдан тайғанын (бір жағынан оның программада «мужикке *түсінікті* және керекті талаптармен» шектелу деген ұйғарымының әсерімен) атап айтқан жөн. Национализациялау талабын Надеждин былайша тұжырымдайды: «мемлекеттік, удельдік, шіркеулік, помещиктік жерлерді ең жеңіл шарттармен ұзақ мерзімге еңбекші шаруаларға арендаға беру үшін халық меншігіне, ұлт қорына айналдыру». «Мужикке» бұл талап сөзсіз түсінікті болады, бірақ социал-демократқа, тегі, түсінікті бола қоймас. Жерді национализациялау талабы социалистік шара

* Фольмарға қарсы жазған бір мақаласында Каутский өте дұрыс көрсетті: «Англияда алдыңғы қатарлы жұмысшылар жерді национализациялауды талап ете алады. Бірақ Германия сияқты әскери және полициялық мемлекетке барлық жер мемлекет меншігіне көшірілсе (eine Domäne), бұл неге әкеліп соққан болар еді? Мемлекеттік социализмнің мұндай түрінің жүзеге асқанын біз, ең берісі, едәуір дәрежеде Мекленбургтен көреміз», («Vollmar und der Staatssozialismus», «Neue Zeit», 1891—1892, X, 2, S. 710) («Фольмар және мемлекеттік социализм». «Новое Время», 1891—1892, X, 2. 710-бет. *Ред.*).

есебінде емес, буржуазиялық шара есебінде ғана социал-демократиялық программаның принципінде дұрыс талабы болады, өйткені социалистік мағынада біз *барлық* өндіріс құрал-жабдықтарын национализациялауды талап етеміз. Ал буржуазиялық қоғамның негізінде тұрғанда біз мемлекетке тек жер рентасын беруді ғана талап ете аламыз,— рентаның осылайша берілуі өзінен өзі егіншіліктегі капитализм эволюциясын кідіртпейтіндігі былай тұрсын, қайта, тіпті тездетер еді. Сондықтан социал-демократ жерді буржуазиялық жолмен национализациялауды қолдай отырып, Надеждиннің істегеніндей, біріншіден, шаруалардың жерін национализациялаудан ешбір шығарып тастамаған болар еді. Егер біз жерге тек жеке меншікті ғана жойып, жерде *жеке* шаруашылықты сақтап қалатын болсақ, онда *бұл жөнінде* ұсақ меншікшіні сырт қалдыру турадан-тура реакцияшылдық болар еді. Екіншіден, *мұндай* национализациялау жағдайында егіншіліктегі капиталист-кәсіпкерлерден «еңбекші шаруаны» артық санап, мемлекеттік жерді соған арендаға беруге социал-демократ батыл қарсы болар еді. Капиталистік өндіріс әдісі үстемдік еткен немесе сақталған жағдайда бұлайша артық санау тағы да сондай реакцияшылдық болар еді. Егер жерді буржуазиялық жолмен национализациялау ісін жүргізген демократиялық ел табыла қалса, онда ол елдің пролетариаты ұсақ арендаторларды да, ірі арендаторларды да артық көрмей, *қай* арендатордың болса да еңбекті қорғау туралы (жұмыс күнінің шегі туралы, санитария жайындағы қаулыларды орындау туралы, т. б., т. с. с.), сондай-ақ жерді, малды тиімді пайдалану туралы заңмен белгіленген ережелерді орындауын сөзсіз талап етіп отыруға тиіс болар еді. Буржуазиялық национализациялау жағдайындағы пролетариаттың мұндай қылығы іс жүзінде, әрине, ұсақ өндірісті ірі өндірістің жеңуін (өнеркәсіпте фабрикалық заң ұсақ өндірісті ірі өндірістің жеңуін тездеткені секілді) тездетумен бірдей болар еді.

Қалайда болса «мужикке түсінікті» етуге тырысуы Надеждинді бұл жерде реакцияшыл ұсақ буржуазия-

лық утопияның түпсіз тұңғиығына апарып соқтырды *.

Сонымен, кесінді жерлерді қайтару талабына қарсы айтылған пікірлерге талдау жасау бұл қарсы пікірлердің қисынсыз екендігіне көзімізді жеткізіп отыр. Біз шаруалар реформасының демократиялық жолмен қайта қаралуын, атап айтқанда, оның аграрлық өзгерістерінің қайта қаралуын талап етуіміз керек. Ал бұл қайта қараудың сипатын да, шегін де, жүргізу әдісін де анық белгілеу үшін біз крепостниктік шаруашылық қалдықтарының сақталуына негіз болып отырған сол «кесінді жерлерді» экспроприациялауға, сатып алуға, айырбастауға, тағы басқаларына правосы бар шаруалар комитеттерін құруды ұсынуымыз керек.

VIII

Біздің аграрлық программа жобасының төртінші пунктімен бесінші пункт тығыз байланысты, ол «соттарға қалыптан тыс өте жоғары аренда ақыларын кемітуге және кіріптарлыққа түсіретін келісімдерді заңсыз деп жариялауға право беруді» талап етеді. 4-пункт сияқты бұл пункт те кіріптарлыққа қарсы бағытталған; 4-пункттен өзгешелігі — ол аграрлық тәртіптерді қатарынан қайта қарауды және өзгертуді емес, азаматтық право қатынастарын ұдайы қайта қарап отыруды талап етеді. *Бұл* қайта қарау «соттарға» берілмек, бұл арада әңгіме, әлбетте, земство бастықтарының «институты» сияқты сотты сорлатып, мазақ ету емес (немесе тіпті дәулетті таптардың дәулетті адамдардан сайлайтын бітістіруші судьялары да емес), біздің программа жобасының бұдан бұрынғы бөлімінің 16-параграфында ай-

* Мақаланы «Искра» редакциясының Цюрихте болған кеңесінде талқылағаннан кейін В. И. Ленин соңғы екі абзацты алып тастап, бұл текстi төмендегі жолма-жол ескертумен ауыстырды:

«Надеждинге келетін болсақ, *ол шаруалардың жерінен басқа* барлық және қандай да болса жерді «халық меншігіне» айналдыруды және «ұлт (жер) қорын» *«еңбекші шаруаларға* ұзақ мерзімге арендаға беруді» талап етіп, аграрлық программа жөніндегі өз нұсқасында, біздің ойымызша, үлкен дәйексіздікке түскен. Социал-демократ жерді жалпы национализациялаудан шаруа жерін де шығарып тастай алмаған болар еді, бұл бір. Ал, екіншіден, жерді национализациялауды ол ұсақ жеке шаруашылыққа емес, ірі коммунистік шаруашылыққа көшушілік деп қана насихаттаған болар еді. Надеждиннің қатесі, сірә, оның программада «мужикке *түсінікті* (курсив менікі) және керекті талаптармен» шектелуге ұйғаруынан туған болуы керек». *Ред.*

тылатын соттар туралы болып отыр. Бұл 16-параграф «халық шаруашылығының барлық салаларында...» (демек, егіншілікте де) «... жұмысшылар мен кәсіпкерлер өкілдерінен бірдей етіп кәсіпшілік соттар құруды» талап етеді. Соттың мұндай құрамы оның демократизмін де, село халқының түрлі жіктерінің түрлі таптық мүдделерін еркін білдіруін де қамтамасыз етер еді. Халық бостандығының қалдықтарын көметін сырланған табыт секілді шірік бюрократизмнің екі жүзділігімен таптық антагонизм бүркелмес еді,— қайта ол барлық жұрттың және әрбір адамның алдында ашық, айқын көрінер еді, сөйтіп деревня халқын патриархтық қатып-семуден сергітер еді. Соттардың жергілікті адамдардан сайланып қойылуы арқасында жалпы алғанда аграрлық тұрмыспен, жекелеп алғанда оның жергілікті ерекшеліктерімен түгелдей танысу толық қамтамасыз етілген болар еді. Тек «жұмысшылардың» немесе тек «кәсіпкерлердің» қатарына жатқызуға болмайтын шаруалар бұқарасы үшін, әрине, айрықша ереже белгіленген болар еді, сөйтіп село халқының барлық элементтерінің тең-бе-теңдік өкілдігі қамтамасыз етілген болар еді, соның өзінде біз, социал-демократтар, қандай жағдайда болса да: біріншіден, ауыл шаруашылық жалдама жұмысшыларының, олар қапшалықты аз болса да, *ерекше* өкілдігі болуын, ал екіншіден, әлсіз және ауқатты шаруалардың мүмкіндігінше бөлек өкілдігі болуын сөзсіз талап етер едік (өйткені бұл топтарды қосып жіберу статистикада да жалғандыққа әкеліп соғатыны былай тұрсын, өмірдің барлық саласында бірінші топтың екінші топты қанауына және ығыстыруына әкеліп соғады).

Бұл соттардың атқаратын жұмысы екі түрлі болады деп белгіленді: біріншіден, аренда ақылары «қалыптан тыс өте жоғары болса», оны *кемітуге* олардың правосы болғаны жөн. Программаның осы сөздерінің өзі-ақ мұндай құбылыстың кең тарағандығын жанамалай мойындағандықты білдіреді. Аренданың жоғарылығы туралы мәселені соттарда ашық және екі жақты айтыстыра қараудың өзі тіпті соттардың үйғарымынсыз-ақ орасан зор пайда келтірген болар еді. Аренда ақыларын кеміту (бұл кеміту жиі болмаса да) крепостниктіктің қалдық-

тарын жою ісінде өзінің ролін атқарар еді: жұртқа мәлім, біздің деревнямызда аренданың буржуазиялық сипатынан гөрі крепостниктік сипаты көбірек кездеседі, сондықтан, аренда төлемі капиталистік рентадан (яғни кәсіпкер пайдасының артық қалдығынан) гөрі анағұрлым «ақшалай» (яғни қайта құрылған феодалдық) рента болып табылады. Демек, аренда ақысының кемітілуі крепостниктік шаруашылық формаларының орнына капиталистік шаруашылық формаларын құруға тікелей ықпал етер еді.

Онан соң, екіншіден, соттар «кіріптарлыққа түсіретін келісімдерді заңсыз деп жариялауға» праволы болар еді. «Кіріптарлық» деген ұғым бұл арада анықталмайды, өйткені сайланып қойылған соттардың мұндай пунктті қолдануына қысым жасау әсте жөн болмас еді. Кіріптарлық дегеннің не екенін орыс мужигі тым-ақ жақсы біледі! Ал ғылыми тұрғыдан қарағанда бұл ұғым *өсімқорлықтың* (қысқы мерзімге жалдау және т. с.) немесе *крепостниктіктің* (егінге мал түскені үшін және сондайлар үшін жұмыспен өтеу) элементі бар келісімдердің бәрін қамтиды.

Сатып алу төлемдерін халыққа қайтару туралы 3-пункттің біраз басқаша сипаты бар. Мұнда ұсақ меншік жөнінде 4-пункт туғызатын дүдәмалдар тумайды, бірақ қарсы пікір айтушылар, оның есесіне, бұл талап іс жүзінде орындаларлық емес деп те, біздің аграрлық программаның жалпы бөлімі (=«крепостниктік правоның қалдықтарын жою және деревняда тап күресінің еркін өрістеуі») мен мұның арасында логикалық байланыс жоқ деп те корсетеді. Алайда нақ крепостниктік правоның қалдықтары, олардың бүкіл жиынтығымен қоса, миллиондаған шаруалардың үнемі ашаршылыққа ұшырауына себепкер екенін ешкім де бекерге шығармайды; ал осы ашаршылық Россияны барлық цивилизациялы ұлттардан бірден бөліп тастап отыр. Сондықтан «селолық қоғамдардың мәдени және қайырымдылық жасау мұқтаждығы үшін» барған сайын жиі-жиі ерекше «қорларды» құруға (әрине, бұл мүлде болымсыз және ашығушылардың пайдасына жұмсалғаннан гөрі қазынаны жеушілер мен бюрократтардың ұрлауына көбірек кете-

тін «қор») тіпті самодержавиенің өзі мәжбүр болып отыр. Басқа демократиялық өзгерістер ішінде мұндай қор құруды біз де талап етпей отыра алмаймыз. Бұған таласуға болар ма екен.

Енді бұл қорды құруға қаражатты қайдан алу керек?— деген сұрақ туады. Біздің байқауымызша, бұл арада бізге үдемелі-табыс салығын айта алады: бай адамдардың табысына түсетін салық мөлшерін әдейі көбейтіп, осы соманы аталған қорға жұмсау керек дей алады. Мемлекеттің неғұрлым дәулетті мүшелері ашыққандарды асырауға және аштықты туғызған күйзелістерді мүмкіндігінше жөндеу шығындарына көбірек қатысса, әбден-ақ әділетті болар еді.— Программада арнайы айтылуы қажет болмаған мұндай шараға қарсы біз еш нәрсе дей алмас едік, өйткені ол программада арнайы ескертілген үдемелі-табыс салығының талабына түгелдей сай келеді. Бірақ осы сөзбен ғана шектелудің керегі не? Бұған қоса, кешегі құл иеленушілердің полициялық мемлекеттің көмегімен шаруалардан алып келген және әлі алып отырған алымының бір бөлігін болса да халыққа қайтаруға неге әрекет етпеске? Осы алым *қазіргі* аштықтармен өте тығыз байланысты емес пе? Сондықтан осы алымды қайтару талабы шаруалардың барлық крепостниктерге және крепостниктік атаулыға қарсы революциялық ашынуын ұлғайту және тереңдету ісінде біздерге ең пайдалы қызмет атқармай ма?

Бірақ бұл алымды түгелдей қайтаруға *болмайды ғой*,— деп бізге қарсы шығады.— Дұрыс-ақ *(кесінді жерлерді де түгелдей қайтаруға болмайтын сияқты)*. Ал егер барлық борышты өндіріп алуға болмаса, оның бір бөлегін неге алмасқа? Сатып алу қарызын пайдаланған ірі дворян-жер иелерінің жерлеріне түсетін ерекше салыққа нендей қарсылық етуге болады? Мұндай латифундияларды (кейде тіпті қорық-имениелерге айналдырылған) иемденушілердің саны Россияда өте көп, сондықтан оларды шаруалардың ашаршылыққа ұшырағаны үшін әдейілеп жауапқа тарту әділетті болар еді. Крепостниктіктің дәстүрлері әбден сіңген, қоғам үшін ең зиянды және ең реакцияшыл арамтамақтардың

баюына қызмет ететіп, сонымен қатар көптеген жерді азаматтық және сауда айналымынан шығарып тастайтын меншік болғандықтан монастырь мүліктері мен удельдік имениелерді толығынан кәмпескелеу онан сайын әділетті болады. Демек, мұндай имениелерді кәмпескелеу бүкіл қоғамдық дамудың мүдделеріне бүтіндей сай келер еді *; бұл кәмпескелеу, атап айтқанда, жерді там-тұмдап буржуазиялық жолмен национализациялау болар еді, бұл «мемлекеттік социализмнің» қитұрқыларына ешбір әкеліп соқтыра алмас еді; бұл кәмпескелеудің *жаңа* Россияның демократиялық мекемелерін нығайту үшін тікелей және орасан зор саяси маңызы болар еді; ал сонымен бірге ашығушыларға көмекке одан қосымша қаржы да түсер еді.

IX

Ақыр аяғында, біздің аграрлық программаның алғашқы екі пунктін алатын болсақ, оларға ұзақ тоқталып жатудың қажеті жоқ. «Сатып алу және оброк төлемдерін, сондай-ақ қазіргі кезде салық төлеуші сословие ретінде шаруалардың мойнына жүктеліп отырған міндеткерліктердің бәрін де жою!» (1-п.) — социал-демократтың қай-қайсысы үшін де өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Біздің байқауымызша, осы шараны практикалық жолмен жүзеге асыру жөнінде де ешқандай ұғыныспаушылық тумайды. Екінші пункт мынаны талап етеді: «жаппай кепілдікті және шаруаның...» (есіңізде болсын: «шаруалардың» емес, «шаруаның») «...өз жерін өзі билеуіне бөгет жасайтын барлық заңдарды жою». Бұл арада атышулы және ұмытылмас *«қауым»* жөнінде бірнеше сөз айту керек. Іс жүзінде жаппай кепілдікті жою (Витте мырза бұл реформаны революцияға дейін-ақ жүзеге асырып үлгірер), сословиеге бөлушілікті жою, әрбір жеке шаруаның жүріп-тұру бостандығы мен жерге қожалық ету бостандығы қазыналық-крепостниктік ауыртпалықты сөзсіз және тез жоюға жеткізетіні анық;

* Осы кәмпескеленген имениелерді арендаға берген кезде социал-демократия эсте шаруаларға тән саясатты емес, Надеждинге қарсы бола отырып, жоғарыда өзіміз сипаттаған саясаттың өзін дереу жүргізуге тиісті болар еді.

ал қазіргі жер қауымының төрттен үш бөлігі нақ сондай ауыртпалықта болып отыр. Бірақ мұндай нәтиже біздің қауымға деген көзқарастарымыздың тек дұрыстығын ғана дәлелдейді, капитализмнің бүкіл қоғамдық-экономикалық дамуымен қауымның сыйыса алмайтындығын дәлелдейді. Бұл нәтиже біздердің «қауымға қарсы» қайсыбір шара ұсынуымыздан тіпті де туып отырған жоқ, өйткені шаруалардың жер иелену тәртіптерінің қандай да болса жүйесіне қарсы тікелей бағытталған *ешбір шараны* біз ешқашан қорғаған емеспіз және ешқашан қорғамаймыз. Ол ол ма: жергілікті басқарудың демократиялық ұйымы ретінде, серіктестік немесе көршілестік одақ ретінде біз қауымды бюрократтардың қол сұғу әрекеттерінен,— қауымның «Московские Ведомости» тобындағы жауларының соншалық жаны сүйетін қол сұғу әрекеттерінің қандайынан болса да сөзсіз қорғаймыз. «Қауымды талқандауға» ешкімге ешқашан да жәрдем етпейміз, бірақ демократизмге қайшы келетіп барлық мекемелерді жоюға, *бұлай жою жерді түбегейлі түрде және ішінара бөлуге, т. с. қандай ықпал ететін болса да,* біз сөзсіз күш саламыз: ашық және жасырын, дәйекті және дәйексіз, қорқақ және батыл халықшылдардан біздің түбегейлі айырмашылығымыз, міне, осында: халықшылдар, бір жағынан, «әрине» демократтар, ал екінші жағынан, жүріп-тұрудың *толық* бостандығы, шаруалар қауымының сословиеге бөлінушілігін *толық* жою, *демек,* жаппай кепілдікті де толық жою, шаруаның өз жеріне өзінің қожалық етуін қыспақтайтын заңдардың бәрін жою сияқты * қарапайым демократиялық талаптарға өзінің үзілді-кесілді және айқын-ашық көзқарасын анықтап айтуға қорқады.

Бізге былай деп қарсы болар: әрбір жеке шаруаның жеке басының еркін қасиеттейтін нақ соңғы шара қайта болістердің және т. с. жүйесі ретінде ғана емес, тура серіктес көршілестік одақ ретінде қауымды бұзады. Әрбір жеке шаруа, көпшіліктің еркіне қарамастан, өз жерін ерекше учаске етіп бөлуді талап етуге праволы

* Осы мәселеде екі орындықтың арасына отыруға бейім Россиядағы толып жатқан радикалдарды (және тіпті «Вестник Русской Революциидегі» революционерлерді де) нақ осы құралмен сынауға тура келеді.

болады. Бұл барлық социалистердің жеке адамдар жөніндегі коллектившілдік праволарын азайтуға емес, кеңейтуге көмектескісі келетін тенденциясына қайшы келмей ме?

Біз бұған былай деп жауап береміз: біздің тұжырымымыздан әрбір жеке шаруа жерді сөзсіз ерекше учаскеге бөлуді талап етуге праволы деген ұғым әлі шықпайды. Бұдан жерді сату бостандығы ғана шығады, соның өзінде сатылатын жерді қауымдастардың алдымен сатып алу правосына бұл бостандық ешбір қайшы келмейді. Жаппай кепілдікті жою шаруа қауымының барлық мүшелерін жердің белгілі учаскесін еркін иеленушілерге айналдыруға тиіс,— ал олардың бұл учаскеге қалай қожалық ететіні олардың өз жұмысы, бұл жалпы азаматтық заңдарға және олардың арасындағы арнаулы шарттарына байланысты. Жеке адамға қарағанда коллектившілдік праволарды кеңейтуге келсек, онда социалистер бұл кеңейтуді техникалық және әлеуметтік прогрестің мүдделеріне сай келетін болса ғана қорғайды*. Мұндай формада, әрине, кез келген тиісті заңды ол бір ғана ұсақ меншікшілерге, бір ғана шаруаларға емес, жалпы алғанда *барлық* жер иелеріне қатысты болса, біздер де қорғаған болар едік.

X

Қорытындыда біздің аграрлық программаның негізі болған негізгі қағидаларды түйіндейік. Программа жасау жөнінде жұмыс істеуіне немесе басқа елдерде оны жасаудың жай-жапсарымен танысуына тура келген адамның қай-қайсысы да бір ойды сан түрлі тәсілдермен тұжырып айтуға болатынын біледі,— қазір біз өз жобамызды төрелетуге ұсынып отырған жолдастардың бәрі ең алдымен және бәрінен бұрын негізгі принциптер жөнінде өзара келісулері бізге өте маңызды. Ал тұ-

* Мәселен, Каутский «1) межелеу, жерлерді араластыра бөлуді жою; 2) ауыл шаруашылығының мәдениетін көтеру; 3) індеттердің алдын алу үшін жеке жер меншіктілігінің праволарына шек қоюды» талап етуді әділетті деп табады («Die Agrarfrage», S. 437) («Аграрлық мәселе», 437-бет. *Ред.*) Бұл сияқты әбден орынды талаптар шаруа қауымымен тіпті де байланысты емес және байланыстырылуға тиіс емес.

жырымның қайсыбір жеке ерекшеліктерінің шешуші маңызы болмайды.

Біз Россиядағы аграрлық тәртіптер саласында да тап күресін өзекті факт деп білеміз. Біз өзіміздің барлық аграрлық саясатымызды (демек, аграрлық программамызды да) осы фактіні және одан туатын барлық нәтижелерді мүлтіксіз мойындау негізінде құрамыз. Біздің таяудағы басты мақсатымыз — бүкіл дүние жүзілік социал-демократияның түпкі мақсатын жүзеге асыруға, пролетариаттық саяси өкіметті жеңіп алуына және социалистік қоғамның негіздерін құруға бағытталған деревнядағы тап күресінің, пролетариаттың тап күресінің еркін өрістеуіне жол ашу. Барлық «аграрлық мәселелерде» тап күресін өзіміздің жетекші желіміз деп жариялап, біз «халықшылдық», «этика-социологиялық», «сыншыл», социал-реформаторлық және тағы да сондай бірдемелер деп аталатын жартыкеш және бұлдыр теорияларды Россиядағы социалық толып жатқан жақтаушылардан өзімізді мейлінше және біржолата аулақ ұстаймыз!

Деревняда тап күресінің еркін өрістеуіне жол ашу үшін крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою қажет, ол қалдықтар қазір село халқының ішіндегі капиталистік антагонизмдердің тууын *бүркемелеп,* оның дамуына мүмкіндік бермей отыр. Сондықтан біз осы қалдықтардың бәрін бір батыл соққы беру арқылы қарасын өшіру үшін шаруаларға көмектесуге *ақырғы* әрекетті жасаймыз,— «ақырғы» дейтініміз: дамып келе жатқан орыс капитализмінің өзі стихиялық түрде сол жұмысты жасап отыр, сол мақсатқа келе жатыр, бірақ өзіне тән зорлық пен езгі, күйзелту мен аштық өлімі жолымен келе жатыр. Крепостниктік қанаушылықтың капиталистік қанаушылыққа айналатыны сөзсіз, ал оны тоқтатуға немесе оған «соқпай өтуге» әрекеттену зиянды, реакцияшыл жалған елес болар еді. Бірақ бұл айналу «ақша өктемдігіне» емес, бұрынғы құл иемдену өктемдігінің дәстүрлеріне сүйеніп, қазір патриархтық шаруалардың ең ақырғы сөлін сорып отырған ең соңғы крепостниктерді күшпен құлату түрінде де болады. Натуралды шаруашылық жүйесінде өздерінің қол еңбегі-

мен күн көріп отырған әлгі патриархтық шаруалар жойылып бітпекші, бірақ бұлай болуы тіпті де «міндетті» емес, патриархтық шаруалардың дүре соғу және «алымсалықты зорлық-зомбылықпен алу» азабына, өзінің көпке созылған жаптүршігерлік аштық өлімімен, ұзақ азаппен құрып бітуге ұшырауы қоғамдық-экономикалық эволюцияның «иманенттік» заңы емес.

Сөйтіп, капиталистік қоғамда (Россия бірден-бірге сондай қоғам болып келеді) ұсақ өндірушілердің гүлдену немесе тіпті тәп-тәуір өмір сүру мүмкіншілігі жөнінде өзімізді алдарқатпай, біз крепостниктік тәртіптің қалдықтарын реформаторлық жолмен емес, революциялық жолмен толық және сөзсіз жоюды, құртуды талап етеміз, дворян үкіметі шаруалардан кесіп алған және шаруаларды осы уақытқа дейін іс жүзінде құлдықта ұстап отырған жерлерді біз шаруалардікі деп танимыз. Сөйтіп, біз ерекше жағдай ретінде және айрықша тарихи жағдайлар себепті — ұсақ меншікті қорғаушылар болып шығамыз, бірақ біз оны «ескі тәртіптен» сақталып қалған нәрселердің бәріне қарсы күресінде ғана қорғаймыз, өзінің баяулаған, езілген және есеңгіреген қалпында тоқырап қалған патриархтық обломовшылдықтың қайта құрылуына кедергі болып отырған мекемелерді жою шартымен: жүріп-тұрудың толық бостандығын, жер айналысы бостандығын орнату, сословиеге бөлушілікті толық құрту шартымен ғана қорғаймыз. Россияның мемлекеттік және азаматтық заңдарын демократиялық жолмен қайта қарауды біз атышулы «шаруалар реформасын» демократиялық, революциялық жолмен қайта қараумен толықтырғымыз келеді.

Аграрлық саясаттың осындай принциптерін басшылыққа алған орыс социал-демократы деревняға барғанда ондағы қатынастардың шым-шытырығын айыра алады, өзінің өте ұстамды революциялық насихаты мен үгітін соларға «бейімдей» алады. Сонда шаруалардың болуы мүмкін (кей жерлерде, сірә, қазірдің өзінде басталып та қалған) қозғалысына ол аңдаусызда тап болмайды. Ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшыларды қорғау жөнінде біздің программаның таяудағы

«жұмысшылар» талаптары бөлімінде толық баяндалған талаптармен ғана ол шектеліп қоймайды және ол, әрине, бұл талаптарды әрқашан және барлық жерде ұсынып отырады. Деревнядағы крепостниктерге қарсы күреспен басталып, крепостниктіктің патша самодержавиесі деп аталатын ең құдіретті және зұлым қалдығына қарсы көтеріліспен тынатын жалпы демократиялық қозғалысты (егер біздің деревняда ол бастама қалпынан шыға алатын болса) орыс социал-демократы шаруалар арасында да алға бастыра алады.

* *
*

P. S. Ұсынылып отырған мақала осы жылдың көктемінде Россияның оңтүстігінде болған шаруалар көтерілістерінің басталуынан бұрын жазылған еді [139]. Мақаланың принциптік қағидалары сол оқиғалар арқылы толық расталды. Ал біздің партияның «деревнядағы» жұмысында оның алдына қазір ерекше қатты қойылып отырған тактикалық міндеттер туралы біз келесі жолы сөз етерміз деп үміттенеміз.

ЗЕМСТВОШЫЛАРҒА ХАТ

Земство қайраткерлері үшін гектографқа басылып, земство жиналыстарының соңғы сессиясы кезінде қолдан қолға тараған хатты толығынан келтіреміз *(амал қанша,* бұл хат біздің қолымызға тек соңғы кезде ғана түсті):

«Мархабатты тақсыр!

Қазіргі кезде Россия, орыс халқы мен орыс земствосы душар болып отырған ауыр жағдайлар Сізге, мархабатты тақсыр, осы хатты жазуға мәжбүр етеді, мұнда айтылған пікірлер мен ниеттер Сіз тарапынан қолдау табар деген үміттеміз.

Соңғы кезде біздер көзбен көріп, іштен тынған сан алуан қайғылы және жантүршіктірерлік фактілер қоғамдық ар-намысқа қаралы бұлттай түнеріп тұр, сондықтан әрбір интеллигент адамның алдына: бұдан әрі саяси жағынан түк істемей, отанның қайыршылық пен азғындық жолға түсуінің үдеуіне енжарлықпен қарап отыра беруге бола ма? деген шеменді сұрақ тікесінен қойылады.

Үнемі астық шықпауы және сатып алу төлемдері мен қосымша алымдар түріндегі шамадан тыс алым-салық ауыртпалығы халықты әбден күйзелтіп, оның титығына жетті.

Іс жүзінде шаруаларды өзін өзі басқарудың барлық белгісінен ада қылу, «қатаң өкіметтің» ресми және ерікті өкілдерінің ұсақ-түйек қамқорсуы және «өзіндік ерекшелігі бар және заңды негіздерді» қорғаушы бола қалушылардың халықты қасақана ақылынан адастыруы шаруалардың рухани қуатын, іске қабілеттілігі мен жігерін жасытады.

Отанның тағдырын ойыншық ететін авантюристердің мархабатты көмегімен еліміздің өндіргіш күштерін өзіміздің және шетелдің қайраткерлері сұрқиялықпен ұрлап жатыр. «Қайырымды үкімет» еліміздің экономикалық топтарының нақты, жоспарлы күресін біріне-бірі қайшы келетін және атүсті ойлап шығарылған шаралармен ауыстыруға бекер әуре болады. Қам-

қорсыған «қолдау» мен «бас-көз болу» дегендер Россияның шаруашылық және финанс жөнінен күйреуінің: егіншілік, өнеркәсіп және ақша дағдарыстарының қалыңдаған қара бұлты алдында — жағдайға икемдеу және авантюра саясатының тамаша нәтижелері алдында дәрменсіз. Тәртіпті қоргаушылардың орыс азаматтарының бостандығы мен ар-намысын қорлап, сағат сайын істеп отырған қылмыстарының бір бөлегін болса да әйгілеуге баспасөздің мүмкіншілігі жойылып, тұншықтырылған. Күйзелген, аяққа басылып, қорлыққа түскен туған жердің ұлан-байтақ кең даласында бір ғана мән-мағынасыз, қатал озбырлық даусын өктем шығарып, еш жерде орынды тойтарыс кездестірмей, үстемдік алып отыр.

Осындай жағдайда жеке және қоғамдық инициативаның титтей белгісіне болса да, әр түрлі қоғамдық одақтардың жұмысына және оның ішінде 60-жылдары Россия жаңа дүние орнатудың негізі болады деп үміттенген земство мекемелеріне үкіметтің үнемі сенімсіздік көрсетуі әбден табиғи нәрсе. Үстем болып отырған бюрократия земство мекемелерін бара-бара құртуға айналды, сондықтан олардың жұмысына, олардың қоғам мен халық алдындағы маңызына және беделіне жыл сайын жаңа соққы берілуде, ал земствоның чиновниктік әкімшіліктен айырмашылығы жоққа тән. Елдің барлық прогресшіл топтарының айқын білдірген наразылығына қарамастан, земство жиналыстары сословиелік-бюрократтық кеңеске айналдырылды, сол себепті ол орыс халқының қалың бұқарасымен барлық байланысын жоғалтты. Земство басқармалары губернатор кеңселерінің шылауына айналуда, сөйтіп өз дербестігін жоғалтып, қысыр әңгіме ордасының кемшіліктерін түгелдей біртіндеп бойына сіңіруде. Земствоның сайлау жиналыстары тіпті бір келекеге айналдырылған. Сайлаушылардың аздығы және олардың сословиелік топтарға бөлінуі жиналыстардың сайланған депутаттары арқылы әр түрлі қоғамдық мүдделерді білдіретін құрал болуына мүмкіншілік бермей, оларды ұсақ және өзімшілдік пікірлер таласының орнына айналдыруда.

Земство мекемелерінің қарауындағы істердің шеңбері біртебірте, бірақ ұдайы тарылып келеді. Азық-түлік ісі земствоның қарауынан алынды. Баға беру ісінде земство чиновниктік бұйрықтарды орындаушыға айналдырылды. Халық ағарту саласында земствоның ролі жоққа тән. Горемыкиннің министрлігі жасап шығарған дәрігерлік устав әлі жойылған жоқ, сондықтан ол земство медицинасына үнемі төніп тұрған қатер болып отыр. Училище кеңестеріне аманаттың қара түнек елесі, сірә, сейілген тәрізді. Бірақ бұл елестің енді нағыз заңға айналдырылған түрінде қайтадан көрінбеуіне және осыған байланысты земстволық халық мектебінің түкпілікті құрымауына земствоның ешбір сенімі жоқ. Түрлі губерниялардың земство мекемелерінің қарым-қатынастары — қажеттілігі айтыла-айтыла мәні кеткен осы бір өзара қарым-қатынастары ішкі істер министрлігінің бұл жайындағы соңғы жарлығында жаңа қиыншылықтарға кездесіп отыр. Қоғамдық мекеме саналатын земствоның әрбір қада-

мы түрлі министрліктердің толып жатқан жарлықтарының шатасқан қалың торымен шырмалған, сондықтан белгілі бір шараны жүзеге асыруда земство қайраткеріне абырой әпермейтін әлгі шырмалған торды тарқату үшін көп уақыт, күш-жігер жұмсауына, тапқырлық көрсетуіне тура келеді. Земство ережесінің атышулы 87-статьясы, әсіресе оның екінші пункті, земство қызметінің бәрін губернатордың қарауына береді. Земство басқармаларына губернатордың ревизия жасауы тым жиілеп кетті; земство істері жөніндегі губерниялық алқаның тұрақты мүшелері арқылы үкімет шіміркпестен земствоға ашық бақылау қойып отыр. Земствоның салық салу шегі туралы заң шығару арқылы үкімет земствоның негізгі правосына — өзара салығын салу правосына өзінің мүлде сенімсіздікпен қарайтынын ашықтан-ашық мойындайды. Полиция департаментінің араласуымен земствоның таңдаулы, сайланған және жалдама қызметкерлері земство жұмысынан зорлықпен әкетілуде. Земствоның ақша операцияларын мемлекеттік бақылау орны чиновниктерінің бақылауы туралы және земствоның кеңесу комиссияларының қызметін тәртіптеу туралы министрліктердің жобалары таяу арада, сірә, заң жүзінде күшіне еніп қалар.

Земствоның өтініштері, қанағаттандырылмайтыны былай тұрсын, тіпті белгіленген тәртіппен қаралмайды да, министрлердің жеке-дара әмірімен жай ысырылып тастала береді. Осындай жағдайда земствода жұмыс істеу және жұмысының нәтижелі болатынына айтарлықтай сеніп істеу мүмкін емес. Сөйтіп, біздердің көз алдымызда земство орындарының, әсіресе земствоның атқару органдары — басқармалардың азып-тозу процесі үдей түсіп отыр. Земство жұмысына шын берілген, бірақ қазіргі жағдайда жұмыс істеудің жемістілігіне сенімі таусылған адамдар земстводан кетіп жатыр. Ал олардың орнына жаңа тұрпатты земствошы келуде, земство мекемелерінің формасы үшін, аты үшін зәре-құты қалмай қалтырайтын және әкімшілік алдында сұмпайылықпен жарамсақтануы арқылы сол мекемелердің қадірін біржолата түсіретін оппортунист-земствошы келін жатыр. Осының салдарынан земство іштей азып-тозуда, бұл өзін өзі басқару орындарын ресми түрде жоюдан анағұрлым жаман. Земство идеясының өзіне үкіметтің ашық шабуыл жасауы қалың жұртшылықтың бас көтеруіне апарып соққан болар еді, ал бюрократия бұдан қатты қорқады. Біздің көз алдымызда өзін өзі басқару принципі жасырын түрде жойылып жатыр, бірақ, амал қанша, оған ұйымдасқан түрде тойтарыс берілмей отыр.

Осындай жағдайда земство қызметінің материалдық қорытындыларының біршама болымсыздығы оның тәрбиелік маңызымен тіпті де толықпайды, сондықтан азаматтықты, қоғамдық сана-сезімді және талапкерлікті дамыту мағынасында земство мекемелерінің қырық жылдай дерлік істеген қызметі жуық арада-ақ ізсіз жоғалуы мүмкін. Осы тұрғыдан қарағанда оппортунист-земствошылардың тып-тыныш, көнбістікпен күтіп отыра беруі тек земство мекемелері ұлы идеясының абыройсыз, бос-

тан-босқа мерт болуына ғана жәрдемдеседі. Земстволарға қамқорсу жүйесі әкеп тіреген тұйықтан шығару жергілікті тұрмыстың ұсақ-түйек жайттары шеңберінен асып түсетін мәселелерді талқылау халықтың апатқа ұшырау қаупін туғызады деген қисынсыз пікірге қарсы жігерлі күрес жүргізгенде ғана мүмкін болады. Әрине, халық үшін, мемлекет қауіпсіздігі үшін қорқынышы жоқ бұл құбыжыққа, бұл пікірге — мұны жақтаушылардың өздері мағынасыз пікір деп ұятсыздықпен мойындап отырған пікірге (Виттенің «Самодержавие және земство» деген құпия жазбасын қараңыз) қарсы күресті земство жергілікті халықтың мұқтаждарымен және мұң-мүдделерімен тығыз байланысты жалпы мемлекеттік маңызы бар мәселелерді земство жиналыстарында ашық және батыл талқылау жолымен жүргізуге тиіс. Сондықтан бұл сияқты мәселелерді земство жиналыстары неғұрлым жан-жақты, толығырақ және жігерлі талқыласа, халықтың басына түскен қырсықты жұрт алдында талқылау халықтың апатқа ұшырау қаупін туғызбайтыны, қайта ондайдың алдын алатыны, қазіргі баспасөздің тұншықтырылуы халықтың жауларына ғана пайдалы екені, ой-пікірге, сөз бостандығына полицияның үстемдік етуі арқылы адал азаматтарды тәрбиелеп шығаруға болмайтыны, заңдылық пен бостандықтың бір-біріне қайшы емес екені соғұрлым мейлінше айқын көрінер еді. Бірнеше губернияның земство жиналыстарында мұндай мәселелердің бәрін жұрт алдында бірден анықтап алуды халықтың барлық топтары сөзсіз зор тілектестікпен қарсы алады және мұның өзі қоғамдық ожданға жігер туғызады. Егер Россияның қазіргі ауыр халіне земство өзінің қалай қарайтынын білдірмесе, онда, әрине, Сипягиндер мен Витте мырзалар еңбек мүдделерінің өкілі болу ролін земстводан тартып алып, империя мекемелерінің жалпы құрылысымен земствоны біржолата «сәйкестіруді» тіпті ойлап та жатпайды. Біз қазіргі ел билеушілердің терең ойлылығы мен тапқырлығын еске алып, бұл «сәйкестірудің» қандай түрде болатынын айтуға қиналамыз. Халық жиналыстарының баяндамашыларын және ол жиналыстардың мазмұнын бақылау жөнінде империяның «маңдайалды» сословиесінің қалаулыларына, яғни дворяндардың жетекшілеріне — жексұрын шпиондық ролін жүктеу үшін ішкі істер министрі мырзаның арсыздығы да, керемет жек көрініштігі де жетті ғой.

Осы баяндалған пікірлерге сүйеніп, біз өзіміздің түк әрекет істемей отыруымызды және бюрократияның земство мен бүкіл Россияға жасап отырған түрлі тәжірибесінің бәріне бұдан былай да бағына беруімізді өзімізді өзіміз өлтіргендік қана емес, сонымен бірге туған ел алдында ауыр қылмыс жасағандық болады деп ойлаймыз. Оппортунизм тактикасының қисынсыздығын, оның ақылға қонымсыздығын — «ағалықтың» «бұршақ быламығына» сатылуын — өмірдің өзі біздерге жеткілікті дәлелдеді: самодержавиелік бюрократия әуелі ағалық правосын иемденіп, енді біздерден «бұршақ быламығын» да қағып әкетті. Бірте-бірте біздердің азаматтық праволарымызды түгел дерлік алып қойды, сөйтіп «ұлы реформалар» басталған уақыттан бері

өткен қырық жыл осы реформаларға кірісерде бұдан 40 жыл бұрын дәл өзіміз шыққан пунктке біздерді қайта апарып тастады. Біздердің енді айрылатынымыз көп пе, сонда біздердің бұдан әрі үндемеуімізді немен ақтауға болады, мұны масқара қорқақтықтан, өзіміздің азаматтық міндеттерімізді мүлде сезбеуімізден басқа немен түсіндіруге болады?

Орыс азаматтары болғандықтан, оның үстіне «жоғарыда» тұрушылар болғандықтан, біз орыс халқының правосын қорғауға міндеттіміз, халық өміріндегі бостандық пен дербестіктің титтей белгілерін болса да тұншықтыруға тырысатын және бүкіл орыс халқын бағыныштты құлға айналдыруға ұмтылатын самодержавиелік бюрократияға тойтарыс беруге міндеттіміз. Земствошылар болғандықтан, біз өте-мөте земство мекемелерінің праволарын қорғауға, оларды бюрократияның озбырлығынан, езушілігінен қорғауға, олардың дербес болу правосын және халықтың барлық топтарының тілегін кең түрде қанағаттандыру жөніндегі правосын қорғауға міндеттіміз.

Жазықты болған шәкіртке ұқсап мелшиіп қалуды қояйық; біздер есейген азаматтар екенімізді, ақырында, дәлелдейік те, сөйтіп біздерге право бойынша тиістіні — біздің «ағалық» правомызды, өздеріміздің азаматтық праволарымызды талап етейік.

Самодержавиелік бюрократия ешқашанда өз еркімен еш нәрсе бермейді, оны тек не нәрсе беруге мәжбүр етсең, соны ғана береді, соның өзінде ол аққоңілділікпен ғана өз «праволарынан» бас тартқан болып көрінуге тырысады. Егер беруге мәжбүр болған нәрсесінен көбірек бірдеме беруіне тура келсе, ол барлық артық кеңшіліктерді дереу қайтып алады, біздің «ұлы реформалар» тұсында нақ солай болды. Сан мыңдаған жұмысшылар бұқарасының демонстрациялары түріндегі үлкен «жұмысшы қозғалысына» кез болғанға дейін үкімет жұмысшылар жайында қам жемеді; сонда барып ол «жұмысшылар жөнінде заң шығаруға» асыға кірісті, бірақ бұл мейлінше екіжүзді заң еді, әйтсе де жұмысшылардың кейбір талаптарын болса да қанағаттандырып, әлгі қаһарлы бұқараны жұбатуға арналған заң еді. Үкімет өзі ойлап шығарған «оқу жүйесін» сынауға титтей де ерік бермей, студенттердің «тәртіпсіздігін» аяусыз басып-жаншып, біздің оқушы жастарымызды, біздің апа-қарындастарымызды, аға-інілерімізбен балаларымызды ондаған жылдар бойы бұзып мүгедек етіп келді.

Ал енді осы «тәртіпсіздік» жаппай ерсуілге айналып еді, академиялық машина тоқтап қалды, сөйтіп бюрократия оқушы жастарға кенеттен «мейірімді қамқорлық жасау» сезіміне бөлене қалды, ал күні кеше казактардың қамшы үйіруімен жауап берілген талаптар бүгінгі күні «оқу ісін реформалаудың» үкіметтік программасы болып жарияланып отыр.

Әрине, бұлай құбылуда да екіжүзділік аз емес, сөйткенмен... Сөйткенмен «бюрократияның» ашық мойындап, қоғамдық пікірге едәуір елеулі кеңшілік беруге мәжбүр болып отырғаны күмәнсыз. Сондықтан барлық орыс қоғамымен, бүкіл орыс хал-

қымен бірге біздер өз праволарымызды батыл, ашық, бірлесіп, тайсалмай талап етсек қана ол праволардың танылып, жүзеге асырылатынына сене аламыз.

Осы пікірлердің бәрін ескере келіп, губерниялық земство жиналыстарының осы сессиясында төмендегі мәселелерді көтеріп, талқылап, тиісті қаулылар алуға көмек көрсетуіңізді өтініп, мархабатты тақсыр, Сізге және барлық губерниялық земстволардың басқа да көптеген земство қайраткерлеріне осы хатты жазуды ұйғардық:

I. Земство мекемелері туралы Ережені қайта қарау және оны мына мағынада өзгерту туралы:

а) сайлау жөніндегі мүлік шартын едәуір төмендету арқылы халықтың барлық топтарына, олардың сословиелік айырмашылықтары қандай болса да, бірдей сайлау праволарын беру; б) сословиелік өкіл атаулыны земствоның құрамынан аластау; в) земствоны оның барлық ісінде әкімшіліктің қамқорсуынан құтқару, барлық басқа адамдармен және мекемелермен бірге жалпы негізде елдің заңына бағындыру шартымен барлық жергілікті жұмыстарда земствоға толық еркіндік беру; г) бүкіл мемлекеттің мүдделерін бұзбайтын болса, барлық жергілікті мүдделер мен мұқтаждар жайында қамқорлық жасауда земствоға толық еркіндік беріп, оның міндетін кеңейту; д) земство алым-салығына шек қою туралы заңды жою; е) халық ағарту жұмысын барлық тәсілдер арқылы тарату ісінде земствоға мейлінше кең праволар беру, оның үстіне земствоға шаруашылықтың қамынан басқа, оқу жағын қадағалап, жақсарту правосы да берілуге тиіс; ж) земство медицинасына қауіп туғызып отырған жоғарыда айтылған медициналық уставты жою; з) азық-түлік ісін земствоның қолына қайтарып беру, сонымен қатар земстволық-статистикалық бағалау ісін басқаруда және ұйымдастыруда земствоға толық еркіндік беру; и) земствоның барлық жұмысын басқаруды тек қана земствоның сайланған адамдары арқылы жүргізу, ол адамдарды әкімшіліктің бекітуіне жатқызбау, ол ол ма, земство жиналыстарының ықтиярынсыз тағайындамау; і) тек қана өзінің ұйғаруы бойынша, әкімшіліктің бекітуінсіз, земство қызметкерлерін шақыруға земствоға право беру; к) земствоға жергілікті мүдделер мен мұқтаждарға қатысы бар жалпы мемлекеттік мәселелердің бәрін еркін талқылауға право беру, сонымен бірге земствоның жолдаған өтініштерін жоғарғы үкімет мекемелері белгілі мерзімнің ішінде міндетті түрде қарайтын болуға тиісті; л) земстволардың бәріне өзара қарым-қатынас жасауға право беру, сонымен қатар барлық немесе бірнеше земствоға қатысы бар мәселелерді талқылау үшін земство өкілдерінің съездерін шақырып тұруға право беру.

II. Шаруалардың праволарын басқа сословиелердің праволарымен толық теңестіру мағынасында шаруалар туралы Ережені қайта қарау және өзгерту туралы.

III. Мүліктердің табысына үдемелі салық салу арқылы және белгілі минимум табыстарды алымнан босату шартымен алым-

салық ауыртпалығын теңестіру мағынасында салық жүйесін өзгерту туралы.

Земство жиналыстарында мына мәселелер көтеріліп, талқылануы өте-мөте қажет:

IV. Барлық жерде бітістіруші сот мекемелерін қалпына келтіру туралы, сол сияқты присяжныйлар сотының міндетін тежейтін барлық заңдарды жою туралы.

V. Баспасөзге көбірек бостандық беру туралы, алдын ала цензурадан өткізуді жою туралы, нені басу-баспау жөнінде тиянақты және дәл нұсқау беру мағынасында цензуралық уставты өзгерту туралы, цензура практикасында әкімшілік озбырлықты жою туралы және баспасөздегі қылмыстар жайындағы барлық істерді жалпы сот орындарының жария сотының ғана қарауына беру туралы.

VI. Мемлекет қауіпсіздігін қорғау шаралары жөніндегі қазіргі заңдар мен министрлердің бұйрықтарын қайта қарау туралы, бұл салада астыртын әкімшілік «ұйғаруды» жою туралы және осы сияқты істердің бәрін жалпы сот мекемелерінде жария түрде қарау туралы.

Сіз өзіңіздің губерниялық жиналысыңызда осы көрсетілген ортақ мәселелердің қойылуына ықпал етуден бас тартпассыз деп ойлап, земство жиналысының болуы мүмкін қаулысын таныстар арқылы немесе өзіңізге белгілі үкімет адамдары арқылы мүмкіндігінше барлық земстволарға хабарласаңыз екен деп Сізге өтініш білдіргіміз келеді. Сондай-ақ біз осы талаптарды земство жиналыстарында өткізе алатын батыл, жігерлі адамдар земстволардың көпшілігінен жеткілікті табылар деп сенеміз. Ал, егер біз бәріміз бірлесіп, өзіміздің әділетті талаптарымызды ашықтан-ашық және үзілді-кесілді қойсақ, онда бюрократия әрқашан ұйымдасқан саналы күшпен бетпе-бет келгенде қалай көнсе, бұл жолы да солай көнуге мәжбүр болады.

Байырғы земствошылар».

Бұл өте ғибрат аларлық хат. Бұл хат күреске қабілеті шамалы, көбінесе ұсақ практикалық жұмыспен шұғылданатын адамдарды да самодержавиелік үкіметке *қарсы* шығуға өмірдің өзі мәжбүр етіп отырғанын көрсетеді. Ал егер бұл хатты, мәселен, Виттенің жазбасына Р. Н. С. мырзаның жазған алғы сөзі сияқты шығармамен салыстырса, онда, менің байқауымша, бұл хат жақсырақ әсер етеді.

Хатта, рас, қандай да бір «кең көсілген» саяси тұжырымдар жоқ,— бірақ оның авторлары «программалық» мәлімдемелер жасап отырған жоқ, үгітті *іс жүзінде* қалай бастау керектігі жөнінде жай ғана кеңес беріп

отыр ғой. Оларда саяси бостандық жайында тура айтатындай «ой ұшқырлығы» жоқ, бірақ оның есесіне патшаға жақын адамдардан оған ықпал ете алатындар туралы сөздер де жоқ. Оның есесіне оларда II Александрдың «шапағатты істерін» өтірік мадақтау да жоқ, қайта «ұлы реформаларды» (тырнақша ішінде) мазақ етушілік бар. Оның есесіне олардың мүлде артта қалған либералдарға еліктемей, «масқара қорқақтыққа» соғыс жариялаудан сескенбей, «земствошы-оппортунистерге» үзілді-кесілді қарсы шығуға турашылдығы мен жүректілігі жетіп отыр.

Байырғы земствошылар үндеуінің нәтижесі қандай болғанын біз әзірше білмейміз, бірақ олардың бастамасы, біздің байқауымызша, толық қолдауға қалай дегенмен тұрарлық нәрсе. Соңғы кезде земство қозғалысының жандануы өте-мөте көңіл аударарлық құбылыс болып отыр. Жұмысшылар бастап, студенттерге тараған, енді земствошылар қостаған қозғалыстың қалай қанат жайғанын хаттың авторлары өздері атап көрсеткен. Сонымен, бұл үш қоғамдық элемент өздерінің күшінің саны, өздерінің қоғамдық икемділігі, өздерінің әлеуметтік-саяси радикализмі, өздерінің революциялық батылдығы кемуіне қарай дұрыс тәртіппен тізіліп отыр.

Бұл біздің жауымыз үшін соғұрлым жаман. Оған революцияшылдығы аз элементтер қарсы шыққан сайын біздерге жақсы, өйткені біздер самодержавиенің және қазіргі бүкіл экономикалық құрылыстың сөзсіз дұшпандарымыз.

Жаңадан қарсы шығушыларға, демек, біздің жаңа одақтастарымызға сәлем жолдайық. Оларға көмектесейік.

Сіздер көріп отырсыздар: олар кедей; олар жұмысшылар мен студенттердің листоктарынан нашар басылған кішкентай ғана листок шығарып отыр. Біздер баймыз. Листокты басып шығарайық. Обманов-патшаларға тиген жаңа шапалақты әйгілейік. Бұл шапалақты берушілер қаншалық «мықты» адамдар болса, оған соншалық көңіл аударуға тұрады.

Сіздер көріп отырсыздар: олар әлсіз; олардың халықпен байланысының аздығы соншалық, олардың хаты

шындығында жеке бір адамның хатынан көшірме сияқты болып, қолдан-қолға тарап жүр. Біздер — күштіміз, біз бұл хатты «халық ішіне», ең алдымен күреске әзір отырған және қазірдің өзінде бүкіл халықтың бостандық жолындағы күресін бастап отырған пролетариаттың арасына тарата аламыз және таратуға тиістіміз.

Сіздер көріп отырсыздар: олар жасқаншақ, олар өзінің кәсіби-земстволық үгітін жаңа ғана кеңіте бастап отыр. Біз олардан батылмыз, біздің жұмысшылар бір ғана кәсіби-экономикалық үгіттің «сатысын» (оларға еріксіз таңған сатыны) басынан кешіріп өтті. Оларға күрестің үлгісін көрсетейік. Егер жұмысшылар самодержавиеге қарсылық білдіру үшін «Уақытша ережелерді» жою сияқты талаптар үшін күрессе,— онда қандай да болсын, әйтеуір *«өзін өзі басқаруды»* әкімшіліктің қорлауы да одан кем соқпайтын мәнді сылтау емес пе!

Бірақ осыған келгенде «экономизмнің» әр түрлі, жария және құпия, саналы және санасыз жақтаушылары бізді тоқтатады.— Земствошыларды жұмысшылардың қолдауы кім үшін керек?— деп сұрайды олар бізден. Тек земствошылар үшін ғана емес пе? Мүмкін, селолық кәсіпкерлерден гөрі өнеркәсіп кәсіпкерлерін үкіметтің көбірек еркелететіндігіне ғана наразы адамдар үшін емес пе? Бар тілегі «елдің экономикалық топтарының қызу күресінен» әрі бармайтын бір ғана буржуазия үшін емес пе?

Кім үшін? Иә, ең алдымен және бәрінен бұрын *жұмысшы табының өзі* үшін. Қазіргі қоғамның осы «бірден бір нағыз революцияшыл табы» өзінің зұлым жауына жаңа соққы беру үшін *қандай да болса* сылтауды пайдаланбаса, ол іс жүзінде революцияшыл болмас еді. Ал егер біз осы жаумен тіпті оның кешегі (60-жылдардағы), ішінара бүгінгі (оппортунист-земствошылар мен крепостник-помещиктер) одақтастары қақтығыса бастағанда, күрес үшін бұл қолайлы жағдайды байқамай қалсақ, біздің мәлімдемелеріміз бен программаларымыздағы саяси үгіт пен саяси күрес туралы сөздер құр бос сөз болып шығар еді.

Кәнеки, земствоның өмірін, қарсылықтың жаңа толқынының өсуі мен ұлғаюын (немесе құлдырауы мен тарылуын) көңіл қойып қадағалап корейік. Земствоның тарихымен, үкіметтің 60-жылдары қоғамға істеген жеңілдіктерімен, патшалардың жалған сөздерімен және олардың тактикасымен: әуелі, «ағалық правосы» орнына «быламық» беріп, кейін (өздерінің осы сақтап қалған «ағалық правосына» сүйене отырып) сол быламықтың өзін тартып алу тактикасымен жұмысшы табын көбірек таныстырып көрейік. Жұмысшылар ежелден келе жатқан осы полицциялық тактиканың барлық көріністерін ажырата білуді үйрене берсін. Бұлай ажырата білу *біздің* «ағалық правомыз» жолындағы, пролетариаттың *қандай да болса* экономикалық және әлеуметтік езушілікке қарсы күресу бостандығы жолындағы күресімізге де керек. Үйірме жиналыстарында жұмысшыларға земство жайында және оның үкіметке козқарасы жайында оқып берейік, земство қарсылықтары жөнінде листоктар шығарайық, азды-көпті адал ниетті земствошыларды патша үкіметінің қандай да болсын қорлауына пролетариаттың помпадур-губернаторларға, басбұзар-жандармдарға және иезуит-цензорларға қарсы демонстрациялармен жауап беретін болуына әзірленейік. Пролетариаттың партиясы қоғамдық топтың қайсысына болса да, қандай ұлтқа немесе нәсілге болса да *қандай да болса* зорлық және озбырлық істегені үшін самодержавиенің *әрбір* шабарманын қудалап, қуғындауды үйренуге тиіс.

«Искра» № 18, 10 март, 1902 ж.

«Искра» газетінің текстi бойынша басылып отыр

«КҮРЕС» ТОБЫ ТУРАЛЫ

К. Н. Сіз «Күрес» тобы деген не? деп сұрайсыз. Біз бұл топтың ішінен «Заряның» (екі мақала) және «Искраның» (3 корреспонденция, 2 мақала және 1 заметка) бірнеше қызметкерін білуші едік. Олардың жіберген бірнеше мақаласы басылмай қалды. Енді олар біздің «демократияшыл еместігімізге» наразы болып, тіпті Personenkultus *-ке қарсы күресіп, баспасөз бетінде «хабарландыру» басып отыр! Сіз осы бір сөздің өзінен-ақ істің мәнін ұғарсыз. Ал «Күрес» тобы «Неден бастау керек?» деген еңбекке қарсы жазылған мақаласын жариялаған күнде,— оның қабылданбағаны жайында да олар хабарландыруында айтып отыр,— бұл қызметкерлерді неліктен құшақ жайып қарсы ала қоймағанымызды партия жұмысынан ешқандай тәжірибесі жоқ жолдастар да түсінер.

«Демократизм» жайында «Не істеу керекті?» қараңыз, IV, д) **: онда «Рабочее Дело» жайында айтылғанның «Күреске» де қатысы бар.

«Искра» № 18, 10 март, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* — жеке адамдарға табынуға. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 147—157-беттер. *Ред.*

«РСДРП СОЛТҮСТІК ОДАҒЫНА» [140] ХАТ

N. N-нің С. С.-ке хаты

(С. С. «программасына» ескертпелер)

Ең алдымен «программаның» *формальды* жағынан алғандағы негізгі кемшілігін көрсетіп өту керек, атап айтқанда ол: ғылыми социализмнің негізгі принципті қағидаларын, бір кезеңнің ғана емес, бір жергілікті жердің де өрісі тар нақты міндеттерімен шатастырғандық. Программаның барлық 15 параграфының мазмұнын қайта қарап шыққанның өзінде-ақ ол кемшілік бірден байқалады. Соны істеп көрейік.

§ 1 — жалпы алғанда жұмысшы қозғалысының мақсаты.

§ 2 — осы мақсатқа жетудің негізгі шарты.

§ 3 — *орыс* социал-демократиясының таяудағы саяси міндеті.

§ 4 — орыс социал-демократиясының либералдарға және басқаларға көзқарасы.

§ 5 — бұл да солай.

§ 6 — «тап» және «партия» деген ұғымдар («экономистермен» екі арадағы алауыздық).

§ 7 — үгіттің практикалық міндеттері.

§ 8 — насихаттың маңызы.

§ 9 — демонстрациялар мен манифестациялар туралы.

§ 10 — 1 майды мейрамдау туралы.

§ 11 — 19 февральдағы листоктар мен демонстрациялар [141].

§ 12 — экономикалық күрес пен әлеуметтік реформалар.

§ 13 — жұмысшылардың қорғану күресінің ғана емес, шабуыл күресінің де қажеттігі.

§ 14 — стачкалар жөнінде тек енжар ғана емес, белсенді түрде роль атқару.

§ 15 — стачкалар — күрестің ең жақсы құралы.

Мазмұн жағынан соншама түрліше параграфтарды әр түрлі бөлімдерге бөлу керектігін оп-оңай көруге болады (әйтпесе негізгі принциптерді кезеңнің практикалық міндеттерінен айыра білмейтін жұрт тарапынан едәуір түсініспеушіліктер тууы мүмкін). Әрі социализмнің түпкі мақсатын көрсетуді, әрі «экономистермен» түсінісуді немесе стачкалардың маңызын анықтауды қатар қоюдың өзі қолайсыз ғана емес, тіпті мүлдем теріс және екіұшты. Жалпы өз сенімдерін принцип жүзінде мәлімдеуді айқын бөліп алу керек еді,— содан кейін партияның саяси міндеттерін, «Солтүстік одақ» бұл міндеттерді қалай түсінетіндігін айту керек еді,— және, үшіншіден, сөздің шын мағынасындағы осы программалық қағидалардан ұйымның («Солтүстік одақтың») практикалық қозғалыс мәселелері жөніндегі (§§ 7—11 және 13—15) *қарарын* бөліп алу керек еді. 6-параграфтың орыс социал-демократтары арасындағы алауыздыққа «Солтүстік одақтың» көзқарасын белгілейтін болып жеке тұратын жөні бар еді. Ал 12-параграфтың принципті мәлімдемеге қосылғаны жөн болатын еді (өйткені азын-аулақ жақсартулар мен реформалар үшін ағымдағы күрестің түпкі мақсатқа жету жолындағы күреске қатынасы арнаулы орыс мәселесі емес, ортақ мәселе).

Осындай жалпы ескертпеден кейін жеке параграфтарды талдауға кірісемін.

§ 1 жалпы социал-демократияның ортақ мақсаттарын белгілейді. Бұл мақсаттар өте келте, тым шала-шарпы көрсетілген. Рас, жергілікті ұйымның программасында партия программасы үшін *қажет* болатынның бәрін толық қамтуға болмайды. Мұны әбден мойындай отырып және «Солтүстік одақтың» социал-демократияның негізгі принциптері жайында оның жергілікті ұйымының программасында да үндемей өтуге болмайды деп ұйғарғанын өте пайдалы, маңызды деп санасам да, мен бұл ретте негізгі принциптерді толығырақ баяндау керек

еді дегенді қосар едім. Яғни, мәселен, «Солтүстік одақ» *халықаралық* ғылыми социализм тұрғысында тұр (қозғалыстың халықаралық сипаты программаның ешбір жерінде көрсетілмеген) және «революциялық марксизм» теориясын қолдайды деп көрсету қажет еді. Өз принциптерін осылай *жалпы* көрсетумен қатар § 1 сияқты қағиданы қосуға болар еді, ал жеке алғанда ол (§ 1) жеткіліксіз.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына кіретін ұйым болғандықтан, оның «Манифесіне» толық қосылатындығын «Солтүстік одақ» атап көрсетуге тиіс еді, оның үстіне орыс социал-демократтарының 80-жылдарда «Еңбекті азат ету» тобы жасаған программасының жобасына «Солтүстік одақтың» да қосылатындығын көрсеткен пайдалы болар еді. Осылай деп көрсетілгенде, бұл жобада қажетті өзгерістер жөніндегі мәселе күні бұрын шешілмегенімен «Солтүстік одақтың» принципті позициясы дәлірек анықталған болар еді. Екінің бірі: *немесе* социал-демократияның негізгі принциптерінің бәрін *толық* етін өздерің жазуларың керек (яғни социал-демократия программасының принципті бөлегін өздерің жасауларың керек), *немесе* азды-көпті мәлім болған, тиянақты принциптерді «Солтүстік одақ» *қабылдайды* деп айқын айту керек. Ал программада қалап алынған үшінші жол, яғни мүлде шала-шарпы түрде түпкі мақсатты көрсету жолы жарамайды.

§ 2 өте-мөте дүдәмал, екіұшты және қауіпті мәлімдемемен: «социализмді — пролетариаттың таптық мүддесі деп есептей отырып» деумен басталады. Бұл сөздер социализмді «пролетариаттың таптық мүддесімен» бірдей деп санағандық сияқты. Ал бұлай бірдей деп санау *мүлде теріс*. Дәл қазіргі кезде, «пролетариаттың таптық мүдделерін» *өте-мөте тар* мағынада түсіну етек алып отырғанда мұндай формуланы ұсынуға мүлде болмайды; бұл формуланы «таптық мүдде» деген сөзді *барынша кең* мағынада түсінетін жағдайда ғана, мүмкін, шала-пұла тануға әрең болар еді. «Таптық мүдде» пролетарларды бірігуге, капиталистерге қарсы күресуге, өздерінің бостандыққа жету жағдайларын ойластыруға мәжбүр етеді. «Таптық мүдде» пролетарларды

социализмді жақсы ұғатын етеді. Бірақ социализм пролетариаттың тап күресінің идеологиясы болғандықтан, идеологияның шығуы, дамуы, нығаюы жөніндегі жалпы шарттарға бағынады, яғни ол адамзат білімінің барлық материалына негізделеді, ғылымның жоғары өркендеуін көздейді, ғылыми еңбекті керек етеді, тағысын-тағылар. Капиталистік қатынастар негізінде стихиялы жолмен өршіген пролетариаттың тап күресіне социализмді идеологтар *енгізеді.* Ал 2-параграфтың тұжырымы социализмнің тап күресіне шын қатынасын мүлде теріс түсіндіреді. 2-параграфта тап күресі туралы айтылмайды да. Бұл — оның екінші кемшілігі.

§ 3 абсолютизмді жеткіліксіз сипаттайды (мысалы, оның крепостниктік правоның қалдықтарымен байланысы көрсетілмеген), бір жағынан сөзуарлықпен («шексіз») және екіұшты *(жеке адамды* «елемеу») айтылған. Онан соң, саяси бостандықты жеңіп алу (бұл міндетті «Солтүстік одақтың» *бүкіл партияның* алдына қоятынын айту керек) жұмысшылардың тап күресін толық дамыту үшін *ғана емес,* оның бүкіл қоғамдық даму мүддесі үшін де қажет екенін белгілі бір формада көрсету керек еді.

«Самодержавие үстем таптардың ғана мүдделерін көздейді». Бұл дәл емес немесе дұрыс емес. Самодержавие үстем таптардың *белгілі* мүдделерін қанағаттандырып отырады; ол бір жағынан жалпы шаруалар бұқарасы мен ұсақ өндірушілердің оралымсыздығымен, енді бір жағынан, қарама-қарсы мүдделердің арасын жарастырып отыруымен, сөйтіп, белгілі дәрежеде, дербес ұйымдасқан саяси күш болып та көрінуімен жан сақтап отыр. 3-параграфтың тұжырымы тым жарамсыз болатын себебі: бізде орыс самодержавиесін буржуазияның үстемдігімен бірдей деп санайтын қисынсыздық өте-мөте етек алған.

«Демократияның принципіне сай келмейді». Демократия жайында әлі еш нәрсе айтылмай отырғанда мұның не керегі бар? Әлде самодержавиені құлату және саяси бостандық алу талабы нақ демократияның «принципін» білдірмей ме? Бұл сөйлем жарамайды. Оның орнына «демократияның принциптерін» ұғынудағы дәйек

тілігімізді және *батылдығымызды* (буржуазиялық демократиямен салыстырғанда) дәлірек көрсеткен жөн еді,— мысалы, «демократиялық конституцияның» ұғымы *мен мазмұнын* қалай да суреттеу керек еді немесе *демократиялық республиканы* біздің «принципті түрде» талап ететіндігімізді айту керек еді.

§ 4 өте-мөте қанағаттанғысыз. «Кең» бостандықты «толық» пайдалану туралы айтудың орнына (бұл, шынында, демократиялық республиканы және демократиялық конституцияны дәлме-дәл көрсетумен әбден ауыстыруға болатын және ауыстырылуға тиісті екіұшты сөйлем, өйткені «толықтықтың» өзі дәйекті демократизмде),— міне, мұның орнына саяси бостандыққа мүдделі болып отырған жұмысшы табы *ғана емес* деп *міндетті түрде* айту керек еді. Бұл туралы үндемей қалу— «экономизмнің» ең нашар формаларына есікті айқара ашып, біздің жалпы *демократиялық* міндеттерімізді ұмытқандық болады.

Саяси бостандықты жүзеге асыру (?? соған жету, жеңіп алу) пролетариат үшін жалақыны арттыру, жұмыс күнін қысқарту «сияқты-ақ» қажеттілік деу *мүлдем теріс*. Шынында да *ондай қажеттілік емес: бұл* жалақыны арттыру қажеттілігінен, тағысын-тағылардан *басқа түрдегі, анағұрлым күрделі түрдегі* қажеттілік. Ол «қажеттілік» пен бұл «қажеттіліктің» арасындағы айырмашылықты, мысалы, мынадан да айқын көруге болады: самодержавие жұмысшы табының жеке жіктерінің немесе топтарының жағдайын жақсартуға әзір *(кейде шынында да жақсартады), тек* бұл жіктер абсолютизмге көнсе болғаны. Талданып отырған сөйлем мүлдем қолайсыз, ол «экономикалық» материализмді адам айтқысыз тұрпайылыққа түсіріп, социал-демократиялық ұғымды тред-юнионистік ұғымға дейін төмендетеді.

Онан соң. «Сондықтан»... жоғарыда *айтылғандықтан* бұл алынып тасталуға тиіс... «болашақ күресте»... (яғни патша өкіметімен күресте болу керек, сірә?)... «социал-демократтар белгілі таптық программа мен талаптарды ұсынып отырды...». Біздің *саяси* программамыз бен *саяси* талаптарымыздың *таптық* сипаты нақ демо-

кратизмнің толықтығы мен дәйектілігінен көрінеді. Ал егер саяси талаптар туралы ғана айтып қоймай, жалпы алғанда біздің бүкіл программамыз туралы айтылатын болса, оның таптық сипаты біздің программамыздың мазмұнынан өзінен-өзі келіп шығуы тиіс. *«Белгілі»* таптық программа туралы айтудың ешбір керегі жоқ, қайта осы таптық программаны өзіміз тура және дәлме-дәл айқындауымыз, баяндауымыз керек, белгілеп, тұжырымдауымыз керек.

«... Либералдық программаға бағындырмай...» Мұның өзі тіпті ерсі. Біз алдыңғы қатарлы демократиялық партия бола отырып, кенет «бағындырмаймыз!!» деп ескерту жасаймыз. «Бағынудан» жаңа ғана құтылған дәл балалар тәрізді!

Либералдарға біздің «бағынбауымыз» бағынбау жайындағы сөздермен емес, біздің программамыздың (*және, әрине, біздің қызметіміздің*) бүкіл сипатынан білінуге тиіс. Саяси міндеттерді түсінуде азаттық алу қажеттігін жалақыны арттыру қажеттігімен бірдей деп санаудың (немесе тіпті соған теңеудің) өзі,— *социал-демократияның либералдарға бағынғанын көрсетеді.*

4-параграфтың соңы да жарамайды; жоғарыда айтылғанның бәрінде бұл сыналды.

§ 5 біздің демократия атаулыға көзқарасымызды практикалық істерде басқа партиялармен бір ынтымақты болуға ғана әкеліп тірейді. Бұл өте тар мағынада айтылған. Ондай партиялар бар болса,— ол партияларды дәлме-дәл атап көрсету керек еді (программада емес, қайта съездің ерекше қарарында) және социалист-революционерлерге, «Свободаға» ets. көзқарасты дәлме-дәл анықтау керек еді. Ал егерде әңгіме белгілі бір партиялар туралы болмай, жалпы басқа революциялық *(және оппозициялық)* бағыттарға көзқарас жөнінде болса, онда мұны кеңірек жазу керек еді, қазіргі құрылысқа қарсы революциялық қозғалыс атаулыны біздің қолдауымыз туралы «Коммунистік манифестің» қағидасын белгілі формада қайталау керек еді [142].

§ 6 программада өз орнында тұрған жоқ. Оны ерекше қарарға жатқызу керек еді және әңгіме орыс социал-де-

мократиясындағы алауыздықтар (немесе екі бағыт) жайында болып отыр деп *турасын* айту керек еді. Бұл «көптеген түсініспеушіліктен» анағұрлым мығым. Алауыздықтар өте тар мағынада тұжырылған, өйткені алауыздықтардың мәнісі тап пен партияны *шатастыруда ғана емес.* «Марксизмді сынауға», «экономизмге», біздің саяси міндеттеріміздің өрісін тарылтуға қарсы батылырақ, айқынырақ пікірді тиісті дәрежеде айту керек еді.

Алтыншы параграфтың екінші бөліміне келетін болсақ, бұл басқа параграфтарда (7, 14 және басқаларында) *түсіндіріледі,* сондықтан бұл жөніндегі сын жоғарыда аталған параграфтарды сынағанда айтылды.

§ 7, сол сияқты одан кейінгі барлық параграфтар (12-параграфтан басқасы) тура *программаға* енгізілмей, ерекше қарарға қосылуға тиіс.

Өз қызметінің «міндетін» 7-параграф тар мағынада тұжырымдайды. Біз «пролетариаттың сана-сезімін күшейтіп» қана қоймай, сонымен бірге оны саяси партияға *ұйымдастырып отыруға,*— ал содан кейін оның күресіне (экономикалық күресіне де, саяси күресіне де) *басшылық етуге* тиіспіз.

Пролетариат «белгілі бір, нақты жағдайға» қойылған деп айту артық болады. Мұны не алып тастау керек, не ол жағдайларды өздерің *анықтауларың* керек (бірақ бұл программаның басқа жерлерінде жазылуға тиіс).

Үгітті біздің міндеттерімізді жүзеге асыратын «бірден-бір» құрал деу теріс. Әсте де бірден-бір құрал емес.

Үгітті «жұмысшылардың қалың топтарына ықпал жүргізу» деп анықтау жеткіліксіз. Сол ықпал етудің сипатын айту керек. *Саяси* үгіт жайында ашығырақ, батылырақ, нақтырақ, толығырақ айту керек: әйтпесе саяси үгіттің өзі туралы дәпеңе демей, табандатқан екі параграфта (14 және 15) экономикалық үгітті айтатын программа «экономизмге» қарай (еріктен тыс) тайып кетеді. Саяси және экономикалық, тұрмыстағы және ұлттық езгінің *барлық* белгілері жөнінде, *бұл езгі халықтың қандай таптарына немесе топтарына көрсетіліп отырса да,*— үгіт жүргізу қажеттігін, үкіметпен қандай да болсын қақтығысуларда, тағы басқа жағдайларда

жұрттың алдыңғы қатарында болу (социал-демократтар үшін) қажеттігін айрықша атап көрсету керек еді,— содан кейін барып үгіттің құралдарын (ауызекі үгіт, газеттер, листоктар, манифестациялар және басқалары, т. с.) айту керек еді.

§ 8. Бас жағы — орынсыз қайталау.

«*Тек* нәлен болғандықтан *ғана* насихатты мойындайды», т. т. Бұл теріс. Насихаттың маңызы бұл ғана емес, «үгітшілер даярлау» ғана емес, сонымен қатар жалпы алғанда сана-сезімді тарату. Программа тым асыра сілтеңкіреп отыр. Егер кімде-кімнің насихатты үгіт міндетінен орынсыз бөліп әкетуіне қарсы пікір айту керек болған күнде: «насихат жұмысында үгітшілер даярлау міндетін *өте-мөте* естен шығармау керек» деп, немесе осы тәрізді етіп айтқан жөн болар еді. Бірақ *бүкіл* насихат жұмысын «тәжірибелі және іскер үгітші» даярлап шығарумен тындыруға болмайды, «тек бірен-саран саналы жұмысшылар даярлауды ғана» «теріске шығаруға» болмайды. Біз мұны жеткіліксіз деп табамыз, бірақ біз мұны «теріске» шығармаймыз. Сондықтан 8-параграфтың екінші бөлімін («теріс деп тауып» деген сөздерден бастап) мүлде алып тастау керек.

§ 9. Негізінде толық келісемін. Бәлкім, «қоғамдық өмірдің және үкімет шараларының *нағыз* әр алуан фактілері жөнінде...» деп қосса болар еді.

«Жақсы құрал» деудің орнына «жақсы құралдардың *бірі»* деп айтқан дәлірек болар еді.

Ал параграфтың аяғы қанағаттанғысыз. Демонстрациялар мен манифестациялардың біріктіретіні және біріктіруге тиістісі *тек* жұмысшылар *ғана емес* (егерде біз бір оқиға үшін ғана біріктіріп қоймай, ұйымдастыру жағынан да, тікелей және түпкілікті біріктіруді көздесек, манифестациялар арқылы «біріктіру» *жеткіліксіз) «...Осы арқылы* олардың санасын арттыра отырып...». Мұның өзі не дәл емес: *бірыңғай* манифестациялар жасау арқылы сананы арттыра алмайсың, не артық (жақсы құралдардың бірі деп жоғарыда айтылды).

Манифестацияларды *ұйымдастыру,* оларды әзірлеу, өткізу қажеттігі, тағы басқалары жайында сөз қосу пайдасыз болмас еді.

Жалпы алғанда, *революциялық ұйым* ісіне — әсіресе жалпы орыстық, жауынгерлік ұйым ісіне зор назар аудару қажеттігінің программада ешбір көрсетілмеуі — *үлкен кемшілік.* Үгіт, насихат, стачкалар және басқалары туралы сөз қозғап отырғанда *революциялық ұйым* туралы үндемей қалу мүлдем кешіргісіз.

§ 10. Бізде 1 май *самодержавиеге қарсы* демонстрация жасау, саяси бостандықты талап ету күні де болуға тиіс деп қосу керек еді. Мерекенің интернационалдық маңызын көрсету жеткіліксіз. Ең толғағы жеткен *ұлттық* саяси талаптар жолындағы күресті де сонымен қосу керек.

§ 11. Өте жақсы пікір. Бірақ тар мағынада айтылған. Әлде «сөз арасында» деп айту керек пе еді, өйткені Коммунаның жылдығы және басқа көптеген оқиғалар жөнінде де демонстрациялар ұйымдастыру керек. Немесе «әсіресе» деп айту керек, әйтпесе басқа себептер жөнінде қажет емес сияқты болып шығады.

Онап соц. 19 февральда (листоктар арқылы) *тек* жұмысшыларға *ғана* ұран тастаумен тынуға болмайды. Жалпы, демонстрациялар, листоктар арқылы біз әрқашан бүкіл халыққа, тіпті бүкіл дүние жүзіне ұран тастайтынымызды айтпағанның өзінде,— нақ 19 февральда *шаруаларға да* ұран тастау керек. Ал шаруаларға ұран тастау дегеніміз аграрлық мәселеде социал-демократиялық саясатты белгілеу болады. Программа бұл мәселені қозғамайды, онымен шұғылдануға жергілікті ұйымның, мүмкін, уақыты немесе күші жетпейтін шығар; біз мұны әбден түсінеміз. Сөйтсе де бұл мәселені орыстың социал-демократиялық әдебиетінде көтеру және біздің қозғалысымыздың * практикасында қолдану әрекетіне байланыстырып, белгілі бір формада мұны көрсету қалайда керек-ақ еді.

11-параграфтың соңғы жағы жарамайды («тек *таптың* күші ғана» — қандай таптың? жұмысшы табының ғана ма?). Мұны алып тастаған жөн.

§ 12. Қазіргі жағдайда біз жұмысшылардың халін жақсартуға «түрлі жолдармен» жәрдем бере алмаймыз

* Мысалы, шаруаларға дүре соғылуы жөнінде жұмысшылардың демонстрация жасауға әрекеттенуі және т. с.

және жәрдем бермейміз де. Мысалы, зубатовша жәрдем бере алмаймыз және зубатовша аздыру жағдайында да жәрдем бермейміз. Біз жұмысшылардың жағдайы жақсартылғанда олардың тап күресін жүргізу қабілетін *арттыратындай* болып жақсартылуы үшін ғана күресеміз, яғни бұлай болғанда жағдайды жақсарту ісі саяси сананы аздырумен, полицияның килігуімен, бір орынға бекітіп қоюмен, «жарылқаушыға» құл етумен, адамгершілік қасиетті кемсітумен, тағысын-тағылармен *ұласпайды*. Самодержавие садақа сияқты бірдемелер беріп және жалған реформалар жасап революциядан ақы төлеп *құтылуға* бейім болып отырған (барған сайын соған бейім болып *келе жатқан)* нақ Россияда біз «реформаторлардың» қандайымен болса да мықтап арамызды ашуымыз керек. Біз де реформалар үшін күресеміз, бірақ «түрлі жолдармен» емес, *тек қана* социал-демократиялық жолмен, тек қана революциялық жолмен күресеміз.

§ 13 съездің шешімі бойынша алынып тасталды. Оны алып тастау керек те еді.

§ 14 экономикалық үгіттің мазмұны мен міндеттерін тым тар мағынада тұжырымдайды. Экономикалық үгіт стачкалармен бітпейді. «Жақсы жағдайлар» бізге пролетариаттың мәдени өркендеуі үшін ғана емес, атап айтқанда революциялық өркендеуі үшін керек. Стачкалар кезінде социал-демократтардың «белсенді ролі» *экономикалық жағдайды жақсарту жолындағы* күреске көтерумен ғана бітпейді. Бостандық жолындағы және социализм жолындағы революциялық күреске көтеруге де стачкаларды (жалпы алғанда экономикалық үгітті де) *әрқашан* пайдаланып отыру керек. Стачкаларды *саяси* үгіт үшін де пайдаланып отыру керек.

§ 15 те өте қанағаттанғысыз. Стачкалар күрестің «жақсы» құралы емес, ол құралдардың тек *біреуі* ғана, тіпті жақсы құралдардың бірі бола бермейді де. Стачкалардың маңызын мойындау керек және оларды әрқашан пайдаланып отыру керек, оларға басшылық етіп отыру керек, бірақ оларды асыра бағалау өте қауіпті,— «экономизм» неғұрлым асыра бағалаған болса, соғұрлым қауіпті.

Одан әрі стачкалар туралы айтылғаны артық: бұл 14-параграфта айтылып өткен. Жалпы экономикалық күреске басшылық ету жайын атап көрсеткен жеткілікті сияқты. Кейде ол басшылық стачкалардан тартындырудан да көрінеді. Программа тым кесіп айтады, сондықтан өте тар мағынада қалған. Жалпы алғанда міндет туралы айту керек еді — пролетариаттың экономикалық күресіне басшылық ету, оны неғұрлым ұйымдасқан және сапалы күрес ету, жұмысшылардың кәсіподақтарын құру және оларды жалпы орыстық одақ етіп кеңейтуге тырысу, социалистік және революциялық насихат пен үгітті шын мәнінде кеңінен өрістету үшін стачканың қандайын болса да, экономикалық езушіліктің қандай белгісін болса да және басқаларын пайдалану туралы айту керек еді.

15-параграфтың соңғы жағы бұл үгіттің міндеттерін *тарылтады,* саяси үгітті қолдану полицияның әрекетіне байланысты тәрізді етіп көрсетеді etc. Ал шынында саяси үгітті «жебірейілдердің» әрекетіне *дейін* де және олардың бой көрсетуіне *тәуелсіз* қолдануға тырысу керек (азды-көпті іскер басшылар болған жағдайда бұл әбден мүмкін). Жалпы былай деп айту керек еді: «саяси үгіт жүргізу үшін барлық және қандай да болсын себептерді пайдалану керек» және т. с.

15-параграфтың соңы да дұрыс емес. Бізде Россияда «жаппай ереуілдерді» *әзірлеуге* мүмкіндік неғұрлым аз болса, олар туралы айту бізге соғұрлым лайықсыз. Жалпы алғанда да «жаппай» ереуілдер туралы программаларда *әдейілеп* айтудың жөні жоқ («Саяси революцияны кім жасайды?» деген кітапшадағы қисынсыз «жаппай стачканы» еске түсіріңіз. Мұндай түсінбеушіліктердің де болуы мүмкін ғой). Стачкаларды «*сананы* арттырудың *жақсы* құралы» деп жариялау да мүлде дұрыс емес.

Жалпы және тұтас алғанда,— программаны мықтап қайта өңдеген өте жөн болар еді. Жалпы, «Солтүстік одақтың» *революциялық* социал-демократияны *партиялық* біріктіру ісіне де, партиялық программаны жасау ісіне де белсене қатысқаны жөн болар еді. Өз тарапынан, «Заря» мен «Искра» редакциясы «Солтүстік одақ-

қа» таяу арада өз жобасын хабарламақ ойы бар (бұл жобаның едәуір бөлігі қазірдің өзінде-ақ дайын) және бұл жобаны түзету, тарату, бүкіл партияның қабылдауына әзірлеу ісіне «Солтүстік одақ» қатысады деп сенеді.

N. N.

1902 ж. апрельде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. «Летопись Революции» журналының 1-номерінде (Берлин — Петербург — Москва) басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ДОН КОМИТЕТІНІҢ «ОРЫС АЗАМАТТАРЫНА» ДЕГЕН ПРОКЛАМАЦИЯСЫНА [143] КІРІСПЕ

Біздің партиямыздың Дон комитетінің тамаша прокламациясын түгелдей келтіреміз. Бұл прокламация социал-демократтардың Балмашевтар ерлігін қалай бағалай білетінін, бағалағанда, алайда, социалист-революционерлердің істеп отырғанындай қатеге ұрынбай, бағалай білетінін көрсетеді. Социал-демократтар бірінші қатарға жұмысшы (және шаруа) қозғалысын қояды. Бұлар үкіметке қойылатын талаптарды жұмысшы табы мен бүкіл халықтың атынан қойып отыр, бұдан былай да қастандықтар жасаймыз, өлтіреміз деген қоқан-лоққымен қойып отырған жоқ. Террор олардың алдында тактиканың революциялық социал-демократиядан бөлінуді ақтайтын *ерекше* тәсілі ретінде емес, болуы мүмкін көмекші құралдардың бірі ретінде көрінеді.

1902 ж. 9(22) майдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. мына кітапта басылған: В. Плесков. «Жауынгер жастық шақ жылдарында. Жастар бірінші революция қарсаңында». «Жас гвардия» баспасы

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ НЕЛІКТЕН СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРГЕ ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ЖӘНЕ АЯУСЫЗ СОҒЫС ЖАРИЯЛАУЫ КЕРЕК?

1) Өйткені «социалист-революциялық» ағым деген атпен белгілі болып жүрген біздің қоғамдық ойдың ағымы революциялық социализмнің қазіргі бірден-бір халықаралық теориясынан, яғни марксизмнен шын мәнісінде алшақтап барады және алшақтап та кетті. Халықаралық социал-демократияның оппортунистікке (әрі «бернштейншілдікке») және революцияшылдыққа екі айрылып, ұлы жікке бөлінісінде бұл ағым тек бір ғана буржуазиялық оппортунистік сынға сүйеніп, марксизмді «іргесі сөгілді» («Вестник Русской Революции» № 2, 62-бет) деп тапыды, өз тарапынан марксизмді жаңадан және өздерінше «қайта қарауға» уәде беріп, бірақ бұл айбарлы уәдесін орындау үшін түк істемеді, сөйтіп екі арада әрі-сәрі болып, мүлдем тиянақсыз, кешіргісіз жартыкештік позицияда тұр.

2) Өйткені бұл социалист-революциялық ағым орыс қоғамдық-саяси ойының үстем бағытының, либералдық-халықшыл деп аталуға тиісті бағытының алдында дәрменсіздікпен тізе бүгіп отыр. Социалист-революционерлер «Халық еркінің» және жалпы алғанда бүкіл ескі орыс социализмінің қатесін қайталап, бұл бағыттың бүтіндей қожырағанын және ішкі қайшылығын көрмейді де, орыстың революциялық ойы саласындағы өздерінің дербес творчествосын либерал-халықшылдардың көне өсиетіне жай революцияшыл сылдыр сөзді қоса салумен шектейді. Орыс марксизмі либералдық-халықшыл бағыттың теориялық негізін тұңғыш рет тал-

қандап, оның буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық таптық мазмұнын айқындады, сыншыл (=оппортунистік) марксистердің бүтін бір тобының жаулар лагеріне шығып кетуінен іркілместен, оларға қарсы соғыс жүргізді және жүргізіп те отыр. Бірақ социалист-революционерлер бүкіл осы соғыста *(ең тәуір дегенде)* дұшпанкөз бейтараптық позициясында болды және болып та отыр, сөйтіп олар тағы да екі арада әрі-сәрі болып, орыс марксизмі (олар бұдан тек кейбір болмашы үзінділерді ғана алған) мен социалистіксымақ либералдық-халықшыл бағыттың арасында келеді.

3) Өйткені социалист-революционерлер халықаралық және орыс социализмі мәселелері жөніндегі жоғарыда көрсетілген толық принципсіздігі салдарынан *тап күресінің* бірден-бір нағыз революциялық принципін түсінбейді немесе мойындамайды. Олар өсіп келе жатқан орыс капитализмінің нәтижесінде күннен-күнге үлкен күш алып, барған сайын кеңейіп келе жатқан *орыс жұмысшы қозғалысымен* социализмді *біріктіретін* партия ғана қазіргі Россияда нағыз революцияшыл, шын социалистік партия бола алатынын түсінбейді. Социалист-революционерлердің орыс жұмысшы қозғалысына көзқарасы әрқашанда сырттан байқаушының көрсеқызар көзқарасы болды, мәселен, бұл қозғалыс (таңқаларлықтай жылдам өсуінен) «экономизм» дертіне шалдыққан кезде социалист-революционерлер, бір жағынан, жұмысшылар бұқарасын ояту жолындағы жаңа да қиын істі атқарған адамдардың қателеріне қуанып табаласа, ал, екінші жағынан, осы экономизмге қарсы күреске шығып, оны жеңімпаздықпен өткізген революциялық марксизмнің жолына тосқауылдар құрумен болды. Жұмысшы қозғалысына жартыкештік көзқарас іс жүзінде бұл қозғалыстан сөзсіз аулақтануға әкеліп соғады, сөйтіп осы аулақтанудың салдарынан социалист-революционерлер партиясы әлеуметтік базис атаулыдан айрылды. Ол ешбір қоғамдық тапқа сүйеніп отырған жоқ, өйткені өздерінің бұлдырлығы мен принципсіздігін «кеңдік» деп атайтын тұрлаусыз интеллигенция топтарын тап деп атауға болмайды.

4) Өйткені социалистік идеологияға немқұрайды қараушылығымен және бірден интеллигенцияға да, пролетариатқа да, шаруаларға да бірдей дәрежеде сүйенгісі келетіндігімен,— осының өзімен социалист-революционерлер партиясы сөзсіз (оның еркінен тыс) орыс пролетариатын орыс буржуазиялық демократиясына саяси және идеялық жағынан құл етіп беруге бастайды. Теорияға немқұрайды қараушылық, социалистік идеология жөнінде ауытқушылық пен бұлталақтаушылық сөзсіз буржуазиялық идеологияның сойылын соққандық болады. Пролетариатпен *салыстыратын* әлеуметтік жіктер ретінде, орыс интеллигенциясы мен орыс шаруалары тек *буржуазиялық-демократиялық* қозғалыстың ғана тірегі бола алады. Бұл біздің бүкіл іліміміздеп қалай да келіп шығатын пікір ғана емес (мысалы, бұл ілім бойынша, ұсақ өндіруші товар шаруашылығы қоғамынан және капитализмнен біржола іргесін бөліп, пролетариаттың көзқарасына көшкенде ғана революцияшыл бола алады),— жоқ, бұл мұның үстіне қазірдің өзінде-ақ көріне бастаған айқын факт. Ал саяси төңкеріс кезінде және сол төңкерістің ертеңінде-ақ, бұл факт сөзсіз бұдан да гөрі аса зор күшпен көріне бастайды. Социал-революционаризм — ұсақ буржуазияшыл идеялық тұрақсыздық және социализмді ұсақ буржуазиялық тұрғыдан тұрпайыландыру белгілерінің бірі, социал-демократия бұларға қарсы әрқашан батыл соғыс жүргізіп отыруы керек және жүргізеді де.

5) Өйткені социалист-революционерлердің, қазірдің өзінде-ақ ұсынды деп айтпай-ақ қояйын, ең болмағанда белгілеп үлгерген практикалық-программалық талаптарының өзі бұл бағыттың принципсіздігінің практика жүзінде қандай зор зиян келтіретінін толығынан айқындап ашып отыр. Мысалы, «Революционная Россияның» [144] 8-номерінде басылған (біздің халықшылдардың тозығы жеткен пікірлерінің арасында шашылып жүрген деп айту, бәлкім, дұрысырақ болар ма еді?) аграрлық программа-минимум, біріншіден, шаруаларға «минимум» — жерді социализациялауға уәде беріп, шаруаларды да адастырып отыр және шаруалар қозғалысының нағыз сипаты туралы мүлдем теріс түсініктер беріп, жү-

мысшы табын да адастырып отыр. Жеңілтектікпен берілген мұндай уәделер жалпы алғанда тек қана революцияшыл партияның қадірін түсіреді, атап айтқанда ғылыми социализмнің түпкі мақсатымыз ретінде барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру туралы ілімінің қадірін кетіреді. Екіншіден, кооперацияны қолдауды және дамытуды өздерінің программа-минимумына енгізуі арқылы социалист-революционерлер революциялық күрестің тұрғысынан бүтіндей таяды, өзінің социализмсымағын кәдімгі ұсақ буржуазияшыл реформаторлықтың дәрежесіне дейін төмендетеді. Үшіншіден, біздің қауымды матап отырған, мужиктерді үлесті жерге ериксіз матап отырған, оны жүріп-тұру еркінен айырып отырған және оның сословиелік кемсітушілік көруіне сөзсіз себепші болып отырған барлық орта ғасырлық тұсауларды құрту туралы социал-демократияның талаптарына социалист-революционерлердің қарсы шығуы арқылы олар өздерін тіпті орыс халықшылдарының *реакциялық* ілімдерінен сақтандыра алмағандығын көрсетіп отыр.

6) Өйткені террорды өздерінің программасына енгізуі, террор дәл қазіргі түрінде саяси күрестің құралы деп уағыздауы арқылы социалист-революционерлер социалистік жұмыстың революцияшыл таптың бұқарасымен тығыз байланысын бұзады, сойтіп қозғалысқа мейлінше зиян келтіреді. Социалист-революционерлер қолданып және уағыздап жүрген қазіргі террор бұқара арасындағы жұмыспен, бұқара үшін және бұқарамен бірге істелетін жұмыспен *ешбір байланысы жоқ* екендігі, террорлық әрекеттерді партияның ұйымдастыруы біздің оте аз ұйымдастырушы күштерімізді олардың қиын және әлі де орындалып бітпеген міндетінен, революцияшыл *жұмысшы* партиясын ұйымдастыру міндеттерінен алаңдататындығы, *іс жүзінде* социалист-революционерлердің терроры тарихтың бүкіл тәжірибесінде теріс деп табылған *жеке* белдесуден басқа еш нәрсе де емес екендігі күмәнсыз факт болып отыр, сендіруге айтылған ешбір сөз де және ант ішіп қарғану да бұл фактіні теріске шығара алмайды. Біздің социалист-революционерлердің қазіргі кезде террорды айқай-шумен уағыздап жүргені-

не тіпті шетелдегі социалистер де қайран қала бастады. Бұл уағыз орыс жұмысшы бұқарасы арасында турадан-тура: террор «адамдарды, олардың еркіне қарама-қарсы болса да, саяси жағынан ойлантпай қоймайды-мыс («Революционная Россия» № 7, 4-бет), ол «айлар бойы ауызекі жүргізілген насихаттан гөрі мыңдаған адамдардың революционерлер және олардың қызметінің мән-мағынасы жөніндегі (!!) көзқарасын дұрысырақ... өзгерте алады-мыс», ол «көптеген демонстрациялардың өкінішпен аяқталуы салдарынан әрі-сәрі болып қобалжыған, күдер үзіп, еңсесі түсе бастаған адамдардың күшіне күш қоса алады-мыс» (бұл да сонда) т. т. деген сияқты зиянды елестер тудырады. Бұл зиянды елестер бұқараның көңілін тез шайылтуға және самодержавиеге қарсы шабуыл жасауға әзірлену жөніндегі жұмысты әлсіретуге ғана әкеліп соғады.

1902 ж. июньнің аяғында — июльде жазылған

Бірінші рет 1923 ж. «Прожектор» журналының 14-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АВАНТЮРИЗМ

I

Біз Россияның тарихы алып адыммен алға басып, кейде бір жылдың маңызы бейбіт дәуірдің он жылынан артық болып отырған дауылды кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Реформадан кейінгі дәуірдің елу жылдығының қорытындылары шығарылып, ұзақ уақыт бойы бүкіл елдің тағдырын белгілейтіндей әлеуметтік-саяси құрылыстардың іргесі қалануда. Революциялық қозғалыс таңқаларлық тездікпен өсіп келеді,— сөйтіп «біздегі бағыттар» керемет тез жетілуде (және тез солуда). Россия сияқты жедел өркендеп келе жатқан капиталистік елдің таптық құрылысында айтарлықтай негізі бар бағыттар бірден дерлік «өзінің орнын» тауып, өзіне тектес таптарды тауып алып жүр. Бұған Струве мырзаның эволюциясы мысал, бұдан не бары $1^{1}/_{2}$ жыл бұрын революционер-жұмысшылар оның марксист деген «бет пердесін жұлып тастау» керек деп ұсынған еді, енді оның өзі-ақ бет пердесін сыпырып тастап, табандымыз әрі байсалдымыз деп мақтанушы либерал помещиктердің көсемі (немесе малайы?) болып бас көтеріп отыр. Мұның керісінше, интеллигенцияның аралық және тұрлаусыз жіктерінің дәстүрлі табансыз көзқарастарын ғана білдіретін бағыттар белгілі таптармен жақындасудың орнына оқиғалардың дабылы күшейген сайын қаттырақ айқай-шу көтеруге тырысады. Оқиғалардың құйыны ілестіріп әкеткен және теориялық та, әлеуметтік те тірегі жоқ, революцияшыл пікірдегі көптеген адамдардың ұраны — «шулайық, шырақ, шулайық» деу болып отыр.

«Социалист-революционерлер» де осындай «шулаушы» бағытқа жатады, бұлардың бет-бейнесі барған сайын айқындалып келеді. Сондықтан пролетариаттың бұл бет-бейнені мұқияттап байқайтын уақыты жетті, бұл адамдардың іс жүзінде нендей жандар екенін ұғынатын уақыты жетті, өйткені бұлар нағыз революцияшыл қоғамдық таппен тығыз жақындаспайынша, айрықша бағыт болып өмір сүруі мүмкін еместігін айқынырақ сезген сайын пролетариатпен достасудың амалын аянбай іздестіруде.

Социалист-революционерлердің шын бейнесін айқындауға мынадай үш жағдай бәрінен де көп себеп болды. Оның біріншісі — революциялық социал-демократия мен «марксизмді сынау» туы астында бас көтеріп отырған оппортунизмнің арасындағы жікке бөлінушілік. Екіншісі — Балмашевтің Сипягинді өлтіруі және кейбір революционерлердің пиғылындағы жаңадан террорға бет бұрғандық. Оның үшіншісі және ең бастысы — шаруалар арасындағы ең жаңа қозғалыс; бұл қозғалыс екі орындықтың арасына отыруға дағдыланған және ешқандай программасы жоқ адамдарды *post factum* ең болмағанда программаға ұқсас бір нәрсені ұсынуға мәжбүр етті. Осы үш жағдайдың бәрін қарап көрейік, бірақ мынаны ескерту керек: газет мақаласында дәлелдердің негізгі пункттерін қысқаша ғана белгілеуге болады, ал оны толығырақ баяндауға біз, сірә, журнал мақаласында немесе кітапшада қайта ораламыз [145].

«Вестник Русской Революции» журналының 2-номерінде басылған «Социализмнің дүние жүзінде өсуі және дағдарысқа ұшырауы» деген қол қойылмаған редакциялық мақалада ғана социалист-революционерлер принципті теориялық мәлімдеме жасаған болды. Кімде-кім теориялық асқан принципсіздік пен тұрлаусыздықты (сонымен қатар бұларын көпірме сөзбен бүркеу өнерін) айқын көріп-білгісі келсе, осы мақаланы оқуды өте-мөте ұсынамыз. Бұл керемет деген мақаланың бүкіл мазмұнын екі ауыз сөзбен айтуға болады. Социализм дүние жүзілік күш болып өсті, революционерлердің («ортодокстардың») оппортунистермен («сыншылармен») күресуі салдарынан социализм (=марксизм) енді жікке

бөлінуде. Біздер, социалист-революционерлер, «әрине», еш уақытта да оппортунизмге іш тартқан емеспіз, бірақ біз өзімізді догмадан босатқан «сынға» қуанып, секіруdeміз, біз де бұл догманы қайта карауды қолға алудамыз, бірақ біз әлі тіпті ешқандай сын (буржуазиялық-оппортунистік сыннан басқа) көрсетпесек те, біз әлі тіпті еш нәрсені қайта қарамаған болсақ та, теориядан осылай еркті болуымыздың өзі әдейі біздің сіңірген еңбегімізге қосылуға тиіс. Біздің сіңірген еңбегімізге қосылуға тиіс бола түсетін себебі: біз теориядан еркті адамдар болғандықтан, жаппай бірігуді құлшына жақтаймыз, қандай да болсын принципті теориялық таластарға қызу қарсы шығамыз. «Байсалды революциялық ұйым,— деп тым байсалсы қала бізді сендірмек болады «Вестник Русской Революции» (№ 2, 127-бет),— әлеуметтік теорияның әрқашан жікке бөлетін даулы мәселелерін шешуден бас тартқан болар еді, әрине, мұның өзі теоретиктердің оны шешу жолын іздеуіне бөгет болмауға тиіс»,— яғни, дәлірек айтқанда: жазушы жаза берсін, оқушы — оқи берсін, ал біз істің созыла түскенін пайдаланып, босап қалған орынға қуанайық.

Әрине, социализмнен (тек таластарға бола) ауа жайылудың бұл теориясын шындап талдап жатудың жөні жоқ. Біздің пікірімізше, социализмнің дағдарысы аз да болса пайымды деген социалистерді нақ теорияға көбірек назар аударуға міндеттейді,— тиянақты берік позицияны мықты ұстауға, бұлталақ, сенімсіз элементтерден үзілді-кесілді араны айыруға міндеттейді. Ал социалист-революционерлердің пікірінше, «тіпті немістерде де» жікке бөліну мен ауа жайылушылық бар болып тұрғанда, қалай қарай қаңғырып бара жатқанымызды өзіміздің де білмейтінімізді мақтан етуді біздерге, россиялықтарға, құдайдың өзі жазған. Біздің пікірімізше, теорияның болмауы революциялық бағытты өмір сүру правосынан айырады, ерте болсын, кеш болсын, оны саяси күйреліске ұшыратпай қоймайды. Ал социалист-революционерлердің пікірінше, теорияның болмауы — өте жақсы нәрсе, «бірігу үшін» ерекше қолайлы нәрсе. Көріп отырсыздар, біздердің олармен келісуіміз мүмкін емес, өйткені сөйлескеннің өзінде әр түрлі тілде сөйле-

сіп отырмыз. Бір ғана үміт бар: Струве мырза оларды ақылға келтірмес пе екен; оның өзі де догманы аулақ тастау туралы (бірақ байсалдырақ етіп) сөз қылады және «біздің» ісіміз (пролетариатқа сөз салушы буржуазия атаулының ісі сияқты) бөлу емес, қайта біріктіру дегенді айтады. Өздерінің социализмнен құтылу жөніндегі позициясы бірігу үшін және социализмнен құтылуға бола бірігу үшін *іс жүзінде* қаншалықты *маңызды* екенін социалист-революционерлер Струве мырзаның көмегімен бір кезде көрмес пе екен?

Екінші пунктке, террор туралы мәселеге көшейік.

Орыс революциялық қозғалысының тәжірибесі арқылы жарамсыздығы соншама айқын дәлелденген террорды қорғай келіп, социалист-революционерлер: біз бұқара арасында жұмыс істеумен бірге жүргізілетін террорды ғана танимыз, сондықтан орыс социал-демократтарының мұндай күрес тәсілін қолайсыз деп теріске шығарғандағы (және ұзақ уақытқа теріске шығарғандағы) дәлелдерінің бізге қатысы жоқ деп терісіне сыймай тулайды. Бұл жерде олардың «сынға» көзқарасына өте ұқсас оқиға тағы қайталанады. Біз оппортунист емеспіз,— деп шулайды социалист-революционерлер, сөйтеді де, басқа ешқандай сынға емес, тек қана оппортунистік сынға сүйеніп, пролетарлық социализмнің догмасын архивке тапсырады. Біз террористердің қателігін қайталап отырғанымыз жоқ, біз бұқара арасындағы жұмыстан алаңдатып отырғанымыз жоқ,— деп сендірмек болады социалист-революционерлер, сөйтеді де Балмашевтің Сипягинді өлтіруі сияқты әрекеттерді партияға тықпалай береді, ал шынында бұл әрекеттің бұқарамен ешқандай да байланысы болмағанын және оның істелу әдісі жағынан байланысты бола алмағанын, қалың топтың ешқандай да шындап жақтап шығуына немесе қолдауына бұл әрекетті істеуші адамдардың үміттенбегенін және сенбегенін әркім жақсы біліп те, көріп те отыр. Социалист-революционерлер олардың терроға бейім тұруының мына фактімен өте тығыз себептік байланысы бар екенін аңқаусып ескермейді: олар әуел бастан-ақ жұмысшы қозғалысынан аулақ тұрды және аулақ қалып келе жатыр, өзінің таптық күресін жүргізуші рево-

люциялық таптың партиясы болуға ұмтылған да жоқ. Тым көп ант ішудің өзі көбінесе сақ болуға мәжбүр етеді, мықтап дәлелдеуді керек ететін істің шындығына күдік туғызады. Социалист-революционерлердің: біз террор жасаумен бұқара арасындағы жұмысты шетке қалдырып қоймаймыз, деп сендірмек болғанын оқығанымда: ант ішуден қалай жалықпайды? — деген сөздер жиі-жиі есіме түседі. Бұқараны шын мәнісінде көтеріп отырған социал-демократиялық жұмысшы қозғалысынан қазірдің өзінде-ақ шеттеп кеткен және қандай теорияның болса да жұрнағына жармасып, бұл қозғалыстан одан әрі шеттеп бара жатқан адамдардың нақ өздері әлгіні айтып сендірмек болады-ау әлі.

«Социалист-революционерлер партиясының» 1902 жылы 3 апрельде басып шығарған прокламациясы жоғарыда айтылғанға тамаша мысал бола алады [146]. Бұл — қолма-қол қызмет атқарушы, нағыз қайраткерлерге тікелей қатысы бар, нағыз аумайтын деректеме. «Революционная Россия» (№ 7, 24-бет) * білдірген бағалы пікір бойынша, бұл прокламацияда «террорлық күрес туралы мәселенің қойылысы» «партиялық көзқараспен» де «түгел сәйкес келеді».

3 апрельдегі прокламацияда террористердің «ең жаңа» дәлелінің жаттанды қалпы айтарлықтай ұқыптылықпен көшірілген. «Біз террорға шақырғанда бұқара арасындағы жұмыстың орнына террор жасауға емес, нақ осы жұмыстың өзі үшін және сол жұмыспен қоса қабат террор жасауға шақырамыз» деген сөздер бірден көзіңізге түседі. Ал бұл сөздердің бірден көзге түсетін себебі, олар басқа текстен гөрі үш есе ірі әріппен терілген (әрине, «Революционная Россия» да қайталап отыр-

* Рас, «Революционная Россия» бұл пункт жөнінде де қайдағы бір әдісқойлықты істеп отыр. Бір жағынан,— «түгел сәйкес келеді», екінші жағынан — «асырып айтылған» дегенге мегзейді. Бір жағынан, «Революционная Россия» бұл прокламацияны социалист-революционерлердің «бір тобының» ғана ісі дегенді айтады. Екінші жағынан, мынадай *факт* бар, прокламацияда «социалист-революционерлер *партиясының* басылымы» деген жазу тұр, оның үстіне, нақ сол «Революционная Россияның» эпиграфы бар («күресте қолың жетер правоңа» деген). Қытығына тиетін мұндай пунктке тоқталу «Революционная Россияға» қолайлы емес екенін біз түсінеміз, бірақ мұндай жағдайда жасырынбақ ойнау мүлдем ұят деп ойлаймыз. «Экономизмнің» болуы революциялық социал-демократияға да қолайлы болмады, бірақ ол экономизмді ашықтан-ашық әшкереледі, ешкімді, еш уақытта адастырғысы келген жоқ.

ған әдіс). Шынында да, бұл оп-оңай ғой! Үлкен әріппен «орнына емес, қайта бірге» деп басып шығарса — социал-демократтардың барлық дәлелдері, тарихтың барлық сабағы бірден-ақ бекерге кетеді. Ал прокламацияны түгел оқып көріңіздерші, сонда сіздер үлкен әріппен бадырайта терілген анттың бұқара атына бекер жабыстырылатынын көресіз.— «Жұмысшы халық қараңғылықтан шығатын», «халықтың күшті толқынымен темір қақпаларды быт-шыт қылатын» уақыт — «әттең!» (тура осылай: әттең!) «әлі онша тез туа қоймайды, солай бола қалғанда қаншама құрбандықтар болатынын ойлағанда зәрең ұшады!» «Әттең, әлі тез емес» деген сөздер бұқаралық қозғалысты толық түсінбегендікті және оған сенбеушілікті көрсетпей ме? Жұмысшы халықтың қазірдің өзінде күреске көтеріліп отырған фактісін мазақ ету үшін әдейі ойдан шығарылған дәлел емей, бұл немене? Ақырында, жауыр болған бұл дәлел қаншалықты ақымақтық дәлел болса, соншалықты негізді дегеннің өзінде,— одан террордың жарамсыздығы ерекше айқын көрініп тұрар еді, өйткені жұмысшы *халықсыз* қандай бомбалар болса да дәрменсіз, көрінеу дәрменсіз болады.

Тыңдай беріңіз: «әрбір террористік соққы самодержавие күшінің бір бөлегін жұлып алғандай болады және осы күштің бәрін (!) бостандық жолындағы күрескерлердің жағына аударады (!)». «Ал террор үнемі жүргізіліп отыратын болған соң (!) біздің таразымыздың табағы ақыр аяғында басып кететіні айқын». Иә, иә, терроршылдықтың барып тұрған соқыр сенімдерінің ең өрескел формасын көріп отырғанымыз әркімге де айқын, ол: саяси мерт қылу өзінен-өзі «күшті аударады»! дегендік. Міне сізге, бір жағынан, күшті аудару теориясы, ал екінші жағынан — «орнына емес, қайта бірге...». Ант ішуден қалай жалықпайды?

Бірақ бұл тек басы ғана. Бұдан зоры алдымызда. Социалист-революционерлер партиясы: «кімді ату керек?» — деп сұрақ қояды да, былайша жауап береді: патшаны емес, министрлерді ату керек, өйткені «патша істі шегіне дейін жеткізбейді» (!! олар мұны қайдан біліп алған??), оның үстіне «бұл оңай да» (дәл осылай!):

«ешқандай министр қамалға бекінгендей сарайға кіріп отыра алмайды». Бұл дәлелдеу социалист-революционерлер «теориясының» үлгісі ретінде мәңгі сақталуға лайықты мынадай пайымдаумен аяқталады. «Самодержавиенің тобырға қарсы — солдаттары бар, революциялық ұйымдарға қарсы — жасырын және ашық полициясы бар, бірақ оны...» (онысы кім? самодержавие ме? автор байқаусызда самодержавиені атуға оңайырақ түседі деген министрімен бірдей санап отыр!) «... үнемі, тіпті біріне-бірі белгісіз жүріп (!!) бас салуға әзірленуші және бас салушы жеке адамдардан немесе шағын үйірмелерден не құтқарып қалады? Ұстатпаушылыққа ешқандай күш қарсы тұра алмайды. Ендеше, біздің міндетіміз айқын: самодержавиенің қандай болса да өктем зорлықшысын бірден-бір әдіспен, бізге самодержавиенің өзі қалдырған (!) әдіспен,— өлтіру жолымен жұлып тастау керек». Террорды уағыздаумен бұқара арасындағы жұмысты шетке ығыстырмаймыз, оған іріткі салмаймыз деп сендіріп, социалист-революционерлер төбе-төбе қағаз жазса да,— дәл цитат алынып отырған прокламацияда қазіргі заман террорисінің шын психологиясы дұрыс көрсетілгендігін ағыл-тегіл сылдыр сөзбен бекерге шығара алмайды. Күшті аудару теориясы ұстатпаушылық теориясымен табиғи түрде келіп толықтырылады, ал бұл теория өткендегі бүкіл тәжірибені ғана емес, ақылға қонымды атаулының оңін айналдырады. Революцияның бірден-бір «сенімі» «тобыр» екені, осы тобырға басшылық ететін (сөз жүзінде емес, іс жүзінде) бірден-бір революциялық ұйым ғана полициямен күресе алатыны — айдан анық ақиқат. Оны дәлелдеп жату ұят. Тек бәрін ұмытып, еш нәрсеге үйренбеген адамдар ғана «керісінше» ұйғарып отыр; олар самодержавиені тобырдан солдаттар, революциялық ұйымдардан — полиция «құтқарып қала алады», ал министрлердің соңына түсіп жүрген жеке адамдардан *еш нәрсе құтқара алмайды!!* — деп адам нанғысыз, жөн-жосықсыз бірдеңені айтып жүр.

Біздің сенуімізше, атышулы пайымдау болуға жазған бұл адам нанғысыз пайымдау тек жай ғана ерсі нәрсе емес. Жоқ, оның ғибрат аларлық жері бар: ол

өрескел мағынасыздыққа дейін жетіп, террористердің «экономистермен» (бәлкім, енді марқұм «экономизмнің» бұрынғы өкілдерімен деп айту керек шығар?) ортақ негізгі қатесін әшкерелейді. Бұл қателік, бұдан бұрын сан рет атап көрсеткеніміздей, біздің қозғалысымыздың негізгі кемшілігін *түсінбеуде* болып отыр. Қозғалыстың орасан өскендігі себепті басшылар бұқарадан артта қалып қойды, революциялық ұйымдар пролетариаттың революциялық белсенділігі дәрежесіне дейін өсіп жетілмеген болып шықты, алда болуға және бұқараға басшылық етуге қабілетсіз болып шықты. Мұндай сәйкессіздік бар екеніне қозғалыспен аз да болса таныс адал ниетті адамның бірде-бірі күдіктенбейді. Ал осылай болған соң қазіргі террористер өңін айналдырған нағыз «экономистер» болып табылады, бұлар да нақ солардай ақылға сыйымсыз, қарама-қарсы шекке шығып кетіп отыр. Көтеріліп келе жатқан бұқараға басшылық ету үшін революционерлерге күш пен құрал *жетпей тұрған* кезде жеке адамдардың және бір-біріне белгісіз үйірмелердің министрлерге қастандық жасауы сияқты террорға шақыру деген сөз,— *осының өзімен* бұқара арасындағы жұмысты тоқтатып қана қоймай, ол жұмысқа тікелей іріткі салу деген болып шығады.— Біздер, революционерлер, «жасқаншақтықпен бір жерге топталуға әдеттенгенбіз,— деп оқимыз 3 апрельдегі прокламациядан,— тіпті (NB) соңғы 2—3 жылда лебі келген жаңа, сергек рух, әзірше жеке адамдардан гөрі тобырдың ынтасын көбірек арттырды». Бұл сөздерде абайсызда айтылып қалған шындық көп. Нақ осы шындық террорщылдықты уағыздаушылардың күл-талқанын шығарады. Ойлап істеуші әрбір социалист бұл шындықтан: бір жерге топталып жігерлірек, батылырақ және сапты түзеп әрекет жасау керек деген қорытынды шығарады. Ал социалист-революционерлер: «ұстатпайтын адам, ата бер, өйткені топ, әттең, әлі тез бола қоймайды, ол топқа қарсы солдаттар да бар» деген қорытынды жасайды. Бұл мүлдем ақылға сыймайды, мырзалар!

Прокламация жеке террор теориясына да соқпай өтпеген. «Ердің әрбір жекпе-жегі біздің бәріміздің күрес пен қаһармандық рухымызды оятады»,—дейді бізге. Бі-

рақ біз өткендегіден мынаны білеміз, қазіргіден мынаны көреміз: бұқаралық қозғалыстың жаңа формалары ғана немесе бұқараның жаңа топтарының дербес күреске оянуы *ғана* шын мәнісінде *барлық жұрттың* күрес пен қаһармандық рухын оятады. Ал жекпе-жекке келсек, мұның өзі Балмашевтердің *жекпе-жегі* болып қалатындықтан да, бірден тез өте шығатын шу көтеруді ғана туғызады, ал кейін ол енжарлыққа, келесі *жекпе-жекті* керенаулықпен күтіп отыруға апарып соғады. Бұдан соң «нажағайдай жарқ еткен әрбір террор ақыл-ойды оятады» деп бізді сендірмек болады, амал қанша, террорды уағыздаушы социалист-революционерлер партиясының өз басынан біз мұны байқамадық. Біздің алдымызға ірі жұмыс пен ұсақ жұмыстың теориясын ұсынады: «Кімде-кімнің күші көп болса, мүмкіншілігі мен батылдығы көп болса, ол ұсақ (!) жұмыспен тынбасын; ірі істі іздеп, соған берілсін, яғни бұқара арасында террорды насихаттасын (!), күрделі... (енді ұстатпаушылық теориясы ұмытылып отыр!)... террорлық әрекеттерге әзірленсін». Жексұрын Сипягинпен кек алуға және Сипягинді жексұрын Плевемен айырбастауға бола революционердің өмірін қию — бұл ірі жұмыс болыпты, тапқан ақылын қарашы. Ал, *мысалы*, бұқараны қарулы демонстрацияға әзірлеу — ұсақ жұмыс екен. Міне «Революционная Россия» 8-номерінде тап осыны түсіндіре келіп былай дейді: қарулы демонстрациялар туралы «жазу да, сөйлеу де оңай, өйткені ол белгісіз алыс болашақтың ісі», «бірақ бұл әңгімелердің бәрінің осы күнге дейін тек теориялық сипаты ғана болды» [147]. Берік социалистік көзқарастары болып қысылып жатпайтын, барлық және қандай болса да халықтық қозғалыстардың ащы тәжірибесінен аулақ тұрған адамдардың бұл тілі бізге қандай жақсы таныс! Іс нәтижелерінің тұпатура көзге көріне кетуін және шу көтеруін олар ыңғайлылықпен шатастырып отыр. Таптық көзқарасты тапжылмай қорғау және қозғалыстың бұқаралық сипатын сақтау талабы олар үшін «белгісіз» «теорияшылдық» болып саналады. Олардың ойынша, көңіл-күйдің әрбір бұрылысының соңынан көз жұмып ілесіп отыру және ... және соның салдарынан әрбір бұрылыста дәрменсіздік

көрсету тиянақтылық болса керек. Демонстрациялар басталады екен — мұндай адамдардың аузынан қан жылаған сөздер төгіледі, ақыр заман орнайды деген лақаптар шығады. Демонстрациялар тоқталған екен — еңселері түседі және етік тозар уақыт өтпей жатып, «халық, әттең, әлі тез емес...» деп бажылдаймыз. Патша зорлықшыларының жаңа зұлымдығы басталған екен — біз «тиянақты» құралды көрсетіп беруді талап етеміз; ол құрал осы зорлыққа толық *жауап* беретіндей, дереу «күштерді аудартатындай» болсын дейміз де, сол аудартуға тәкаппарлықпен уәде береміз! Күштерді «аудару» туралы осындай уәде берудің бір өзі ғана саяси авантюризм екенін, өздерінің авантюризмі өздерінің принципсіздігіне байланысты екенін ондай адамдар түсінбейді де.

Социал-демократия авантюризмнен әрқашан сақтандырып отырады және өкінішті аяқталатыны сөзсіз бос қиялдарды рақымсыз әшкерелеп отырады. Революциялық партия революциялық таптың қозғалысына *іс жүзінде* басшылық еткенде ғана өз атағына лайық болатынын біз есте ұстауымыз керек. Қандай да болса халық қозғалысы үнемі жаңа формалар шығарып, ескілерін тастап отыратындығын, ескі формалар мен жаңа формалардың түріне өзгеріс енгізіп немесе жаңа қосындылар жасап, ылғи әр алуан формаға өзгеріп отыратындығын біз есте ұстауымыз керек. Сондықтан күрестің тәсілдері мен құралдарын белгілеудің осы процесіне белсене қатысу — біздің борышымыз. Студенттер қозғалысы шиеленіскен кезде біз жұмысшыны студентке көмек беруге шақырдық («Искра» № 2) *, бірақ демонстрациялардың формаларын алдын ала болжап айтпадық, оларға дереу күштерді аударамыз деп те, ақыл-ойды оятамыз деп те, ерекше бір ұстатпаушылықты да уәде етпедік. Ал демонстрация жасауға бекінгеннен кейін біз оны ұйымдастыруға, бұқараны қаруландыруға шақыра бастадық, біз халық көтерілісін әзірлеу міндетін алға қойдық. Күштеуді және террорды принципінде ешбір теріске шығармай, біз бұқараның тікелей қатысуына сүйе-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер. *Ред.*

нетіндей және бұқараның осы қатысуын қамтамасыз ететіндей күштеу формаларын әзірлеу жолында жұмыс жүргізуді талап еттік. Біз бұл міндеттің қиын екендігін жақсы білеміз, бірақ біз оны жүзеге асыру жолында табанды және қажырлы жұмыс істейміз, мұның өзі «белгісіз алыс болашақ ісі» деген қарсылықтарға қысыла қоймаймыз. Иә, мырзалар, біз қозғалыстың бір ғана өткендегі формаларын емес, болашақ формаларын да жақтаймыз. Біз болашағы бар істі орындау жолында ұзақ және қиын жұмыс жүргізуді өткенде теріс деп табылған нәрсені «оп-оңай» қайталаудан артық көреміз. Сөз жүзінде догманың жаттандыларына қарсы соғыс жариялайтын, ал іс жүзінде күштерді аудару, ірі жұмыс пен ұсақ жұмыстың айырмашылықтары және, әрине, жекпе-жек пен арпалыс теориясы сияқты нағыз тозығы жеткен, зиянды теориялардың жаттандыларынан жазбай жүрген адамдарды әрқашан әшкерелеп отырамыз. «Бір заманда халықтардың ұрыстарында олардың көсемдері әрқашан ұрыс тағдырын жекпе-жекпен шешіп отырған, сол сияқты террор жасаушылар да самодержавиеге қарсы жекпе-жек күресте Россияға бостандық әпереді»,— деп аяқталады 3 апрельдегі прокламация. Бұларды теріске шығару үшін *мұндай* сөйлемдерді көшіріп басудың өзі жеткілікті.

Кімде-кім өзінің революциялық жұмысын пролетариаттың таптық күресімен шын мәнісінде байланыстыра жүргізіп отырған болса, ол пролетариаттың (және оны қолдай алатын халық топтарының) қаншама көп көкейтесті мүдделері қанағаттандырылмай қалып отырғанын жақсы біліп отыр, көріп, сезіп отыр. Ол адам көп жерлерде, орасан үлкен аймақтарда жұмысшы халық күреске шын ұмтылып отырғанын, революциялық ұйымдардың әдебиеті, басшылары жеткіліксіз болғандықтан, күш пен құралы болмағандықтан, жұмысшы халықтың бұл талабы бекерге кетіп жүргенін біледі. Сөйтіп, біз қарғыс атқан кеселді жағдайдан шыға алмай отырмыз,— бұдан шыға алмай отырғанымызды көріп те отырмыз,— бұл кеселді жағдай сұм тағдыр сияқты соншама ұзақ уақыт бойы орыс революциясының етегінен тартып келді. Бір жағынан, жеткілікті көзі ашылмаған

және ұйымдаспаған тобырдың революциялық шабыты босқа кетіп жүр. Екінші жағынан, «ұстатпаушы адамдардың» атқан оғы босқа кетіп жүр, олар бұқарамен қатар түзеп, бір сапта жүру, бұқарамен қоян-қолтық, бірге жұмыс істеу мүмкіншілігіне сенімін жоғалтып жүр.

Бірақ бұл істі түзетуге әлі әбден болады, жолдастар! Бұл іске сенімді жоғалтушылық некен-саяқ қана кездеседі. Террормен әуестену — тек өткінші көңіл-күй ғана. Социал-демократтардың қатары тығызырақ топтала түссін, сонда біз революционерлердің жауынгер ұйымын және орыс пролетариатының жаппай ерлігін біртұтас етіп біріктіреміз!

Келесі мақалада біз социалист-революционерлердің аграрлық программасын талдаймыз.

II

Социалист-революционерлердің шаруалар қозғалысына көзқарасы айрықша назар аударарлық нәрсе. Ескі орыс социализмінің өкілдері де, олардың либерал-халықшыл мұрагерлері де, Россиядағы көптеген оппортунистік сынды жақтаушылар да нақ осы мәселеге келгенде әрқашан өздерін өте күштіміз деп санап келді, ал оппортунистік сынды жақтаушылар осы пунктте марксизм «сын арқылы» біржолата позициядан тайдырылды деп шу көтеріп сендірмек болады. Ал біздегі социалист-революционерлер де марксизмнің, былайша айтқанда, күл-паршасын шығарып жүр: «догмалық соқыр сенімдер... өмірдің өзі әлдеқашан талқандаған догматтар... революцияшыл интеллигенция деревняны елемей отыр, ортодоксия шаруалар арасындағы революциялық жұмысқа тыйым салды» дегенді, тағысын-тағыларды айтып жүр. Ортодоксияны сөгу қазір сән болып кетті. Бірақ сөгушілердің ішінен шаруалар арасында қозғалыс *басталғанға дейін* тіпті өздерінің аграрлық программасын белгілеп *үлгермегендерді* кімнің санатына жатқызуға болады? «Искра» 3-номерінде-ақ * өзінің

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер. *Ред.*

аграрлық программасын суреттеген кезде «Вестник Русской Революции»: «мәселені бұлай қойғанда біздің таластарымыздың тағы біреуі жөнді білінбей қалады»[118] деп міңгірлеуден басқа ештеме таппады, бұл жерде «Вестник Русской Революции» аздап сорға тап болды — атап айтқанда «Искраның» мәселе қойысып («деревняға тап күресін енгізуді») ол мүлдем түсінбеді. Енді «Революционная Россия» өткендегіге оралып, «Кезектегі мәселе» деген кітапшаны көлденең тартып отыр, бірақ ол кітапшада ешқандай программа жоқ, тек Герц сияқты «атақты» оппортунистерді мадақтаушылық қана бар.

Қозғалыс басталғанға дейін «Искрамен» де, Герцпен де келісіп келген әлгі адамдар,— шаруалар көтерілісінің ертеңінде-ақ «социалист-революционерлер партиясының шаруалар одағы (!) атынан» манифест жариялады, оның үстіне бұл манифестен сіз нағыз шаруаның аузынан шыққан бірде-бір үнді естімейсіз, халықшылдардың, либералдардың және «сыншылардың» жазғанынан жүз мәрте оқығаныңыздың тек сөзбе-сөз қайталанғанын ғана естисіз... Батылдық қамал бұзады, деседі. Бұл солай, социалист-революционер мырзалар, бірақ баттастырып бояған бұл жарнама ондай батылдықты дәлелдеп отырған жоқ.

Социалист-революционерлердің басты «артықшылығы» — теориядан ерікті болуында, олардың басты өнері — мардымды түк айтпай сөйлей білуінде екенін көрдік. Бірақ программа жасау үшін қайткенде бірдеме деу керек қой. Мәселен, «80-жылдардың аяғындағы және 90-жылдардың басындағы орыс социал-демократтарының қала пролетариатынан басқа революциялық күш жоқ деген догматын» жұлып тастау керек. «Догмат» дегеніңіз қандай ыңғайлы сөз өзі! Қарсы теорияны аздап бұрмалап, бұл бұрмалауды «догмат» деген құбыжықпен бүркесе болғаны,— іс біте қояды!

«Коммунистік манифестен» бері қарай қазіргі бүкіл социализм капиталистік қоғамның бірден-бір *нағыз* революцияшыл табы пролетариат болып табылады деген даусыз ақиқатқа негізделген. Одан басқа таптар ішінара және белгілі жағдайларда ғана революцияшыл бо-

луы мүмкін және бола алады. Ендеше, осы ақиқатты белгілі бір замандағы орыс социал-демократтарының догматына «айналдырған» және бұл догмат «ашық саяси күрестің алыс жатқандығына сену негізінде ғана жасалған» деп аңқау оқушыларды нандырмақ болған адамдар жайында не ойлау керек? деген сұрақ туады.

Қазіргі қоғамның бірден-бір нағыз революцияшыл табы туралы Маркстің іліміне қарсы социалист-революционерлер «интеллигенция, пролетариат және шаруалар» деген үштікті ұсынады, сөйтіп ұғымдарды оңдырмай шатастырып алады. Егерде сіз интеллигенцияны пролетариат пен шаруаларға қарсы қойсаңыз,— онда сіз интеллигенцияны жалдама жұмысшылар мен шаруалардың белгілі әлеуметтік позициясындай белгілі әлеуметтік позиция ұстайтын белгілі әлеуметтік жік, адамдар тобы деп түсінесіз. Ал мұндай жік ретінде орыс интеллигенциясы тек буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық интеллигенция болып табылады. Струве мырза өзінің органын орыс интеллигенциясының органы деп атап, бұл жік жөнінде әбден дұрыс айтып отыр. Егерде сіз *әлі* ешқандай белгілі әлеуметтік позиция *ұстамай отырған* немесе өздерінің бір қалыпты позициясынан өмір қазірдің өзінде *ығыстырып шығарған* және пролетариат жағына шығып жатқан интеллигенттерді айтатын болсаңыз,— онда бұл интеллигенцияны пролетариатқа қарама-қарсы қою мүлде қисынсыз болады. Қазіргі қоғамның қандай да болсын басқа табы сияқты, пролетариат өзінің меншікті интеллигенциясын шығарып қана қоймайды, сонымен қатар барлық және кез келген білімді адамдар ішінен өзіне жақтаушылар да алып отырады. Социалист-революционерлердің марксизмнің негізгі «догматына» қарсы апып отырған жорығы бұл партияның бүкіл күші ескіден қалып қойған, жаңаға ілесе алмаған орыс интеллигенттерінің тобынан құралғандығын тағы да айқын сипаттайды.

Шаруаларға келетін болсақ, социалист-революционерлердің олар жайындағы пікірі одан әрмен шатасқан. Мәселенің былайша қойылысының өзі неге тұрады: «жалпы алғанда қандай қоғамдық таптар (!) әрқашан (!) қазіргі тәртіпке жармасып... (самодержавиелік тәртіпке

ғана ма? әлде жалпы буржуазиялық тәртіпке ме?)... сол тәртіпті қорғайды және революцияшылдандыруға көнбейді?». Асылында, бұл сұраққа: жалпы алғанда интеллигенцияның қандай элементтері әрқашан қазіргі қиыр-шиыр идеяларға жармасып, оны қорғайды және белгілі бір социалистік көзқарасқа берілмейді? деген сұрақпен ғана жауап беруге болады. Бірақ социалист-революционерлер болымсыз сұраққа байсалды жауап бермек болады. Олар «бұл» таптарға, 1-ден, буржуазияны жатқызады, өйткені оның «мүдделері қанағаттандырылған». Орыс буржуазиясы мүдделерінің қазірдің өзінде қанағаттандырылғаны соншалық, бізде буржуазиялық демократия болмайды және болмақ та емес (салыстырыңыз: «Вестник Русской Революции» № 2, 132—133-беттер) деген бұл бәз-баяғы соқыр сенім енді қазір экономистер мен социалист-революционерлердің ортақ игілігі болып отыр. Тағы да айтайық: оларды Струве мырза ақылға келтірмес пе екен?

2-ден, социалист-революционерлер бұл таптарға «ұсақ буржуазиялық топтарды» жатқызады, «олардың мүдделері жекешілдік мүдделер, таптық мүдделер болып айқындалмаған және реформаторлық немесе революциялық әлеуметтік-саяси программа болып тұжырымдалмайды». Мұның қайдан алынғанын алла біледі. Ұсақ буржуазия жалпы алғанда және әрқашан қазіргі тәртіпті қорғамайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, кейде (атап айтқанда: пролетариатқа қосылған кезде) тіпті буржуазияға, жиі-жиі абсолютизмге революциялық жолмен қарсы шығатыны және әрқашан дерлік әлеуметтік-реформаторлық программаларды тұжырымдайтыны жұрттың бәріне және әркімге мәлім. Тургеневтің «Прозамен жазған өлеңдерінің» бірінде «кәрі алаяқтың» сөзі етіп келтірген: өз басыңдағы мінге қарсы қаттырақ айқайла [149] деген «тіршілік қағидасына» сүйеніп, біздің автор ұсақ буржуазияға қарсы тек әншейін «қаттырақ» айтып салған. Сонымен: социалист-революционерлер өздерінің екі орындық арасындағы позициясының бірден-бір әлеуметтік сүйеніші интеллигенцияның кейбір ұсақ буржуазияшыл топтары ғана бола ала ма деп сезіп *отыр,— сондықтан* ұсақ буржуазия туралы

жазғанда бұл термин әлеуметтік категорияны көрсететін термин емес, жай айтыста қолданатын сөз жүйесі деген мағынада жазып отыр. Олар қазіргі шаруалардың тұтас алғанда «ұсақ буржуазиялық топтарға» жататынын өздерінің түсінбейтінін көрсететін қолайсыз пунктке де соқпай өткілері келеді. Сіздер осы пункт жөнінде бізге жауап беріп көрмейсіздер ме, социалист-революционер мырзалар? Орыс марксизмі теорияларынан үзіп-жұлып (мәселен, шаруалардың шетке кәсіп іздеп кетуінің, тентіреп кетуінің прогрестік маңызы туралы) қайталай отырып, нақ сол марксизм орыс шаруалар шаруашылығының ұсақ буржуазиялық укладын сипаттап бергеніне неліктен көз жұматындарыңызды сіздер бізге айтып бермес пе екенсіздер? Қазіргі қоғамда «жеке меншікшілер мен жартылай жеке меншікшілер» ұсақ буржуазиялық топтарға неліктен жатпайтындығын сіздер бізге түсіндіріп бермес пе екенсіздер?

Жоқ, мұны күтпеңіз! Социалист-революционерлер істің мәні жайында жауап та бермейді, еш нәрсе айтпайды да, түсіндірмейді де, өйткені олар (тағы да «экономистерге» ұқсап) теория жағына келгенде ғайып болу тактикасын берік ұғынып алған. «Революционная Россия» «Вестник Русской Революции» журналына сілтеп — бұл солардың ісі дейді (№ 4, «Заряға» жауапты салыстырыңыз), ал «Вестник Русской Революции» оқушыға оппортунистік сынның ерлік істерін айтып, сынды одан бетер күшейтеміз деп үсті-үстіне айбат шегеді. Бұл аздау, мырзалар!

Социалист-революционерлер қазіргі социалистік ілімдердің аздырушы ықпалынан өздерін таза сақтап қалды. Олар тұрпайы социализмнің байырғы ізгі әдістерін түгелімен сақтап қалды. Біздің алдымызда — жаңа тарихи факт тұр, халықтың белгілі бір тобының арасында болып жатқан жаңа қозғалыс тұр. Олар осы топтың жағдайын зерттемейді, бұл топтың қозғалысын осы топтың сипатымен түсіндіру және бүкіл қоғамның өркендеп келе жатқан экономикалық құрылысына бұл топтың көзқарасымен түсіндіру мақсатын көздемейді. Олар үшін мұның бәрі — бос догма, сіліксесі шыққан ортодоксия. Бұл оларда оп-оңай істеледі.— Көтеріліп келе

жатқан топ өкілдерінің өздері не туралы айтып отыр? Жер туралы, жер кесіп беру, жер бөлу туралы айтады.— Міне, сізге бар болғаны осы. Міне, сізге «жартылай социалистік программа», «өте дұрыс принцип», «жарқын идея», «бастапқы түрінде қазірдің өзінде шаруаның миында жүрген мұрат», т. т. Енді тек «осы мұратты тазартып, талдап жасап шығару» керек, «социализмнің таза идеясын» қорытып шығару керек. Сіз сенбейтін шығарсыз, оқушы? Бізге соңғы кітап не айтар екен деп қақсап қоймай жүрген адамдардың бұл халықшылдық ескі-құсқыны жалғанның жарығына қайта шығаруы сізге мүмкін емес нәрсе болып корінетін шығар? Бірақ бұл факт және де біз цитатқа алған сөзсымақтың бәрі «Революционная Россияның» 8-номеріндегі «шаруалар одағы атынан» жазылған мәлімдемеден алынды.

Социалист-революционерлер «Искраны» шаруалар қозғалысын шаруалардың соңғы бүлігі деп атап, ол қозғалысты тым ерте жерге көміп отыр деп айыптайды; шаруалар, деп үйретеді бізге, пролетариаттың социалистік қозғалысына да қатыса алады. Социалист-революционерлердің бұл айыптауы олардың пікірінің мүлдем шатасқандығын айқын көрсетеді. Олар тіпті крепостниктік қалдықтарға қарсы демократиялық қозғалыс — бір басқа да, буржуазияға қарсы социалистік қозғалыс бір басқа нәрсе екенін де айыра алмады. Шаруалар қозғалысының төркінін түсінбей тұрып, олар өздерін шошытқан «Искра» сөздерінің бірінші қозғалысқа ғана қатысы бар екенін де түсіне алмады. Құрып бара жатқан ұсақ өндірушілер (оның ішінде шаруалар да) пролетариаттың социалистік қозғалысына қатыса алады және қатысуға тиіс деп «Искра» өзінің программасында айтып қана қойған жоқ, қозғалысқа қатысудың шарттарын да дәлме-дәл белгілеп берді. Бірақ қазіргі шаруалар қозғалысы тіпті де буржуазия мен капитализмге қарсы бағытталған социалистік қозғалыс емес. Керісінше, бұл қозғалыс шаруалардың буржуазиялық және пролетарлық элементтерін біріктіреді, крепостниктіктің қалдықтарына қарсы күресте бұлар шынында да бірлікте. Қазіргі шаруалар қозғалысы социалистік және

жартылай социалистік селолық укладқа апара жатқан жоқ және оған апармайды, қайта біздің деревнядағы қазірдің өзінде жетіле бастаған буржуазиялық негіздерді крепостниктік тұсаулардан тазартып, буржуазиялық селолық укладқа апара жатыр және соған апарады.

Айтпақшы, социалист-революционерлер үшін мұның бәрі — жеті қат жер астындағыдай түсініксіз нәрсе. Капитализмнің дамуына жол ашу — бос догмат деп, олар тіпті «Искраны» шынымен сендірмек болады, өйткені «реформалар» (60-жылдардағы) «капитализмнің дамуы үшін толық (!!) жол ашып берген-ді» (!). Өткір қаламның ырқымен кеткен пысықша, «шаруалар одағынан» түрлі нәрсе шыға береді, бәрібір шаруалар байыбына бармайды! деп ойлайтын адам, міне, осындайды да жаза алады.— Алайда, ардақты автор, мынаны ойлап көріңізші: крепостниктік тәртіптің қалдықтары капитализмнің дамуын бөгейді дегенді сіз қашан да болса естіпедіңіз бе? мұның өзі сізге тіпті тавтология сияқты болып көрінбей ме? қазіргі орыс деревнясындағы крепостниктіктің қалдықтары туралы сіз бірер жерде оқымадыңыз ба?

Алдағы революция буржуазиялық революция болады, дейді «Искра». Социалист-революционерлер бұған қарсы шығып: ол «ең алдымен саяси және белгілі дәрежеде демократиялық революция» болады, дейді. Осы сыпайы қарсылықтың авторлары бізге мынаны түсіндіріп көрмес пе екен,— «белгілі дәрежеде демократиялық» болмаған буржуазиялық революция қай кезде тарихта болған екен, жалпы алғанда болуы мүмкін бе екен? Тіпті социалист-революционерлердің өздерінің программасы да (қоғамның меншігіне көшкен жерді теңгермелеп пайдалану) әлі буржуазиялық программаның шеңберінен шықпайды, өйткені товар өндірісінің сақталуы және жеке шаруашылыққа жол беру, тіпті бұл шаруашылық ортақ жерде болса да, егіншіліктегі капиталистік қатынастарды ешбір жоя алмайды.

Социалист-революционерлер қазіргі социализмнің ең қарапайым ақиқаттарына неғұрлым жеңіл-желпі қараса, олар «ең қарапайым дедукцияларды» соғұрлым оп-оңай ойдан шығара салады, біздің «программаның мәні-

сі» осыларда деп тіпті мақтан етеді. Олардың үш дедукциясының бәрін қарап көрейік; бұл дедукциялар, сірә, социалист-революционерлердің асқан ақылдылығы мен социалистік сенімдерінің тереңдігінің ескерткіші болып ұзақ уақыт бойы сақталар.

№ 1 дедукция: «Қазірдің өзінде Россия жерінің үлкен көлемі мемлекетке қарайды — енді барлық жер халықтікі болатын ету керек». «Қазірдің өзінде» полициялық халықшылдардың (à la Сазонов және басқалар) және түрлі катедер-реформаторлардың шығармаларында Россиядағы мемлекеттік жер иеленушілікті іші-бауыры елжіреп айта беру бізді жалықтырып болды. Өздерін социалистерміз, оның үстіне тіпті революционерлерміз деп жүргендер осы мырзалардың соңынан сүйретіліп еретін «болуы керек». Социалистер жартылай крепостной шаруалар мен өңделген шұрайлы жердің көбін иемденіп отырған, «мемлекетпен» әрқашан тату-тәтті қатынаста болып отырған артықша жағдайдағы бір топ ірі жер иелерінің арасындағы таптық қарама-қарсылықты емес (тіпті мемлекеттік жердің дені елдің жан баспаған шет аймақтарында екенін ұмытып), қайта «мемлекеттің» жалған құдіретін атап көрсететін «болуы керек». Социализмнің таза идеясын қорытып шығарып жатырмыз деп ойлап, біздің социалист-революционерлер, ескі халықшылдыққа сын көзімен қарамай, іс жүзінде бұл идеяны былғап жүр.

№ 2 дедукция: «Қазірдің өзінде жер капиталдан еңбекке көшіп жатыр — бұл процесті мемлекет аяқтайтын болуы керек». Орманға кірген сайын отынға молығасың. Полициялық халықшылдыққа қарай тағы бір адым аттайық, сөйтіп (таптық!) «мемлекетті» жалпы алғанда шаруалардың жер иеленуін кеңейтуге шақырайық. Бұл айта қалғандай социалистік-ақ, таңқаларлықтай революциялық-ақ. Шаруалардың жерді сатып алуын және арендаға алуын жердің крепостник-помещиктерден село буржуазиясына көшуі деп атамай, «капиталдан еңбекке көшуі» деп атаушы адамдардан не үміт, не қайыр. «Еңбекке көшуі» жерлерді іс жүзінде бөлу туралы тым болмаса мына мәліметтерді бұл адамдардың есіне салайық: шаруалардың барлық сатып алған жері-

нің оннан 6 бөлегінен 9 бөлегіне және арендаға алынған жердің оннан 5 бөлегінен 8 бөлегіне дейіні барлық *үйлердің бестен бір бөлегінің* қолында, яғни ауқаттылардың болмашы азшылығының қолында. Сондықтан социалист-революционерлердің ауқатты шаруаларға «біз сүйенбейміз де», «нағыз еңбекші топтарға» ғана сүйенеміз деген сөздерінде қаншама шындық бар?— мұны осыдан көріңіз.

№ 3 дедукция: «Шаруаның қазірдің өзінде жері бар және оны көп жағдайда теңгермелеп бөлу жолымен пайдаланады,— осы еңбекпен пайдалануды ақырына дейін жеткізетіндей... және әр түрлі кооперацияларды дамыту арқылы бұл істі коллективтік егіншілік өндірісімен аяқтайтындай болу керек».— Социалист-революционерді қырнап қарасаңыз, В. В. мырзаны тауып аласыз! Әңгіме іске келіп тірелгенде, бұлтарма сөздердің бүркеуімен ойдағыдай сақталып келген халықшылдықтың барлық ескі соқыр сенімдері жарыққа шыға келді. Мемлекеттік жер иелену — жердің шаруаларға көшуін мемлекеттің аяқтауы — қауым — кооперация — коллективизм — міне, Сазонов, Юзов, Н.— он мырзалардың, социалист-революционерлердің, Гофштеттердің, Тотомианцтың, тағысын-тағылардың бұл тамаша схемасында,— осы схемада бір кішкентай сәл нәрсе ғана жетіспей тұр. Онда дамып келе жатқан капитализм де, тап күресі де жоқ. Иә, барлық идеялық білім байлығы халықшылдықтың қоқыр-соқыры мен сәнді сынның сыпайы жамауларынан құралған болса, ондай адамдардың басында мұндай сәл нәрсе қайдан тұра қойсын? Деревняда тап күресіне орын жоқ деп Булгаков мырзаның *өзі* айтқан жоқ па? Тап күресін «әр түрлі кооперациялармен» ауыстыру либералдарды да, «сыншыларды» да және жалпы социализмді дәстүрлі жарнама ретінде ғана санайтындардың бәрін де қанағаттандырмай ма? «Біз, әрине, қауымды қандай түрде болса да дәріптеуден аулақпыз» деп аңқау адамдарды тыныштандырып көруге болмай ма, бірақ, осы сендірумен қатар сіз: «қауымдық шаруаларды көптеп ұйымдастыру» туралы, «белгілі жақтарын алып қарағанда Россиядағы таптардың бірде-бірі нақ шаруалар сияқты нағыз (!) саяси

күреске оншама итермеленбейтіндігі» туралы, шаруалардың өзін өзі басқаруы өзінің шекаралары және атқаратын міндеті жағынан земство мекемесінен әлдеқайда кең жатқаны, осы «кең»... (тура шарбақ шетіне дейінгі?)... «белсенділікті» «ең қарапайым азаматтық праволардың» болмауымен ұштастыру саяси сезімдер мен қоғамдық күрес дағдысын оятып, ысылдыру (!) үшін... әдейі ойлап шығарылғаны» туралы ұшы-қиыры жоқ сөзуарлықты естисіз. Жақпаса — тыңдамаңыз, ал...

«Жерді қауым болып басқару дәстүрінен жерді социализациялау идеясына көшу қанша оңай екендігін көрмеу соқырлық болар еді». Керісінше емес пе, мырзалар? Шаруаларды тым ұсақ одақтарға бытырататын және село пролетариатының қол-аяғын байлайтын жартылай крепостниктік қауымның орта ғасырлық тұйықтығы керенаулық, қараңғылық, тағылық дәстүрлерін қолдап отыратынын түсінбейтіндер үмітсіз соқырлар мен саңыраулар емес пе? Қауымдық дәстүрлердің атышулы теңгермелігінің қазірдің өзінде төрттен үш бөлегін бұзып талқандаған және бұл дәстүрлерді бірыңғай полициялық бақастыққа апарып тіреген шет кәсібінің пайдасын мойындап, сіздер өздеріңізді өздеріңіз таяқтап отырған жоқсыздар ма?

Социалист-революционерлердің программа-минимумы жоғарыда талданған теорияға негізделгендігі себепті нағыз күлкілі оқиға болып табылады. Бұл «программада» екі пункт бар: 1) «жерді социализациялау, яғни жердің бүкіл қоғамның меншігіне және еңбекшілердің пайдалануына көшуі»; 2) «...шаруаларды ақша капиталының өктемдігінен бірте-бірте азат ету үшін... (өнеркәсіп капиталының өктемдігіне түсіруге ме?) ... және болашақ коллективтік егіншілік өндірісін әзірлеу үшін... шаруалар арасында әр түрлі қоғамдық бірлестіктер мен экономикалық кооперацияларды («нағыз» саяси күрес үшін бе?) дамыту». Қазіргі «социал-революционаризмнің» бүкіл рухы осы екі пункттен су тамшысына түскен күн сәулесіндей айқын көрінеді. Теорияда — әбден ойластырылған және сындарлы көзқарас жүйесінің орнына революциялық сөзуарлық, практикада — тап күресіне қатысудың орнына қайдағы

бір сәнді құралсымақтарды дәрменсіздікпен қолдай кету — міне, олардың бар білетіні осы ғана. Программа-*минимумда* жерді социализациялау мен кооперацияны *қатар* қою үшін шынында сирек кездесетін азаматтық ерлік керек екенін білеміз. Біздің программа-минимум, бір жақтан — Бабёф, екінші жақтан — Левитский мырза. Бұл — бұрын-соңды теңдесі болмаған нәрсе.

Егерде бұл программаға байсалды түрде қарауға болатын болса, социалист-революционерлер сөз жаңғырығымен өздерін алдап, шаруаларды да алдап отыр деп айтуымызға тура келер еді. «Әр түрлі кооперациялар» қазіргі қоғамда революциялық роль атқарады және село буржуазиясының нығаюын емес, коллективизмді әзірлейді деу алдағандық болады. *«Шаруалар»* алдына жерді социализациялауды «минимум» етіп, кооперация сияқты соншама жақын нәрсе етіп қоюға болады деу — алдағандық болады. Кез келген социалист біздің социалист-революционерлерге мынаны түсіндірген болар еді: жерді жеке меншіктенуді жою енді, тегі, жеке меншікті жоюдың тура табалдырығы ғана бола алады, жерді «еңбекшілердің пайдалануына» берудің бір өзі ғана пролетариатты әлі қанағаттандырмас еді, өйткені миллиондаған және он миллиондаған күйзелген шаруалардың, тіпті жері болғанның өзінде де, әлгі жерде өз шаруашылығын жүргізуге күші жетпейді. Ал бұл күйзелген миллиондарды құралдармен, малмен, тағы басқалармен жабдықтау барлық өндіріс құрал-жабдықтарын социализациялау болар еді және крепостниктік қалдықтарға қарсы шаруалар қозғалысын емес, қайта пролетариаттың социалистік революциясын керек етер еді. Социалист-революционерлер жерді социализациялауды жерді буржуазиялық национализациялаумен шатастырып жүр. Бұл национализациялауды, абстракт түрде айтқанда, жалдама еңбекті жоймай-ақ, капитализм негізінде де істеуге болады. Бірақ нақ сол социалист-революционерлердің үлгісі мына ақиқатты айқын сипаттайды: полициялық мемлекетте жерді национализациялауды ұсыну — тап күресінің бірден-бір революциялық принципін көмескілеу және іске немқұрайдылықпен қарау атаулыны өршіту деген сөз.

Ол ол ма, социалист-революционерлер біздің программаның жобасындағы «шаруаның жерді иемденуіне қысым жасайтын барлық заңдарды жою» керек деген талапқа қарсы шығып, тура реакцияшылдыққа дейін барып отыр. «Қауымдық негіз» және «теңгерме принципі» жөніндегі халықшылдық соқыр сенімдерге бола, олар шаруаға өз жеріне қожалық ету правосы сияқты «ең қарапайым азаматтық правоны» бермей отыр, олар нағыз қауымның сословиелік томаға-тұйықтығына көлгірсіп көз жұмып отыр, олар... земство бастықтарының «мемлекеті» орнатқан және сол қолдайтын полициялық тыйым салушылықтың қорғаушылары болып отыр! Біздің ойымызша, жерді социализациялау талабы минимум ретінде, кооперациялаумен және шаруаны қазыналық жерге полициялық жолмен жіпсіз байлауды жақтаумен қатар ұсынылып отырғанда, Левитский мырза ғана емес, Победоносцев мырза да жерді теңгермелеп пайдалану үшін оны социализациялау талабынан онша қорқа қоймас.

Социалист-революционерлердің аграрлық программасы барлық социалистер үшін сабақ болсын, сақтандыру болсын, кейбір жеңіл мінезді адамдар догмадан аулақ тұру деп атап жүрген идеясыздық пен принципсіздік неге әкеп соғатындығының айқын мысалы болсын. Әңгіме іске келіп тірелгенде, социалист-революционерлерде дәйекті социалистік программа ұсыну үшін қажет болатын үш шарттың бірде-біреуі болмай шықты: түпкі мақсат туралы айқын идея да, осы мақсатқа жеткізер жолды дұрыс түсіну де, қазіргі кезеңдегі шын жағдай туралы және сол кезеңнің таяудағы міндеттері туралы айқын түсінік те болмай шықты. Олар социализмнің түпкі мақсатын көмескілендіріп, жерді социализациялауды буржуазиялық национализациялаумен шатастырып жіберді, жерді ұсақ теңгерме пайдалану жөніндегі шаруалардың қарадүрсін идеясын барлық өндіріс құрал-жабдықтарының қоғам меншігіне көшуі және социалистік өндірісті ұйымдастыру туралы қазіргі социализм ілімімен шатастырып алды. Социализмге апаратын жол жөніндегі олардың түсінігі тап күресінің орнына кооперацияларды дамытуды ұсынуынан айқын

көрінеді. Россиядағы аграрлық эволюцияның қазіргі кезеңіне баға бергенде олар бір ұсақ нәрсені: біздің деревняның еңсесін басып отырған крепостниктік қалдықтарды ұмытқан. Олардың теориялық көзқарастарын білдірген атақты үштік: интеллигенция, пролетариат та, шаруалар да — одан кем соқпайтын атақты «программалық» үштікпен: жерді социализациялаумен — кооперациялармен — үлесті жерге жіпсіз байлаумен толықтырылды.

Осымен «Искраның» программасын салыстырып көріңізші, «Искраның» программасы күрес жүргізуші бүкіл пролетариатқа бірыңғай түпкі мақсатты көрсетіп отыр, пролетариаттың ой өрісі пісіп-жетпеген кейбір топтарының немесе ұсақ өндірушілердің идеяларына бейімделуге бола, ол түпкі мақсатты «минимумға» шектеп, оны төмен дәрежеге түсіріп отырған жоқ. Қалада да, деревняда да осы мақсатқа жету үшін бір-ақ жол бар, ол — пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресі. Ал бұл тап күресінің үстіне біздің деревняда барлық шаруалардың крепостниктік қалдықтарға қарсы күресі әлі жүргізіліп келеді. *Осы* күресте де пролетариат партиясы *барлық* шаруаларға өзінің көмегін көрсетуге уәде береді; олардың революциялық шабытының шын мақсатын көрсетіп беруге, шаруалардың көтерілісін олардың нағыз жауына қарсы бағыттауға ұмтылады, мужикті біреудің қол астындағы адам деп қарауды, оның қазіргі уақытта жете алатыны тек крепостниктік тәртіптің барлық іздері мен қалдықтарын дереу жою ғана екенін, бүкіл буржуазиялық қоғамға қарсы бүкіл пролетариаттың анағұрлым кең көлемді және анағұрлым қиын күресіне тек жол ашу ғана екенін олардан жасыруды арамдық және лайықсыз іс деп санайды.

«Искра» №№ 23 және 24,
1 август және 1 сентябрь,
1902 ж.

«Искра» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

СТАЧКАЛАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖОБАСЫ

Бізге жаңа бір құпия документ жеткізілді, ол: «ереуілдерді және жалдану туралы шарттарды мерзімінен бұрын бұзуды жазалау туралы заңның статьяларын қайта қарау туралы және өзара жәрдемдесу мақсатымен жұмысшы ұйымдарын құрудың керектігі туралы» финанс министрлігінің хаты. Бұл хаттың көлемінің үлкендігі себепті және онымен мүмкіндігінше жұмысшы табының қалың топтарын таныстыру керек болғандықтан, біз бұл хатты айрықша кітапша [150] етіп шығарғалы отырмыз. Енді бұл көңіл бөлерлік документтің мазмұнын қысқаша баяндап, оның маңызын көрсетейік.

Хат біздің фабрикалық заңымыз тарихының қысқаша очеркімен басталып, 1886 жылғы 3 июньдегі, 1897 жылғы 2 июньдегі заңдарды [151] көрсетеді де, одан соң жұмыстан кеткені үшін және стачка жасағаны үшін заң жолымен берілетін жазаны жою туралы мәселеге көшеді. Финанс министрлігінің шамалауынша, бір жұмысшының өз бетімен жұмыстан кеткені үшін немесе көп жұмысшының өзара уәделесіп жұмыс тоқтатқаны үшін тұтқынға аламыз немесе түрмеге саламыз деп қорқыту көздеген мақсатқа жеткізбей жүр. Тәжірибеге қарағанда, бұл қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етпейді; бұл қорқыту жұмысшыларды ызаландыра түседі, заңның әділетсіз екендігіне олардың көзін жеткізе түседі. Әрбір жұмысшының жұмыстан кеткені үшін «жүздеген, кейде мыңдаған іс қозғау өте ауыр болатындықтан», сондай-ақ стачка жасағаны үшін жұмысшы-

ларды отырғызып қойса, жұмыссызысыз қалу фабрикантқа тиімсіз болатындықтан, ол заңдарды қолдану өте қиын. Стачканың қылмыс деп танылуы полицияның тым өршеленіп араласуын тудырады, мұның пайдасынан зияны көп болады, фабриканттарға жеңілдіктен гөрі қиындықты көбейтіп, әбігерге салады. Хатта жеке жұмысшының фабрикадан өз бетімен кеткені үшін және бейбіт стачка жасағаны үшін (ешқандай зорлық, қоғам тәртібін ешқандай бұзушылық, т. с. қосарланбаса) қайсыбір жаза беруді мүлдем тоқтату ұсынылады. Жазалау шетел заңдарының үлгісі бойынша белгіленуі тиіс, «жұмыс беруші немесе жұмысшы екінші біреуінің өз басына немесе мүлкіне зорлық істегені, қауіп туғызғаны немесе оның *абыройын төккені* (!) үшін, сөйтіп соңғының еркті және заңды ниеттеріне қарамастан» белгілі бір шартпен жұмыс жүргізуге «күштеу не оған бөгет жасау мақсатын көздегені үшін» жаза берілуге тиіс. Басқаша айтқанда, стачка жасағаны үшін қылмыс жазасын беру орнына «жұмыс істегісі келетіндерге» бөгет жасағандық үшін қылмыс жазасын беру көзделеді.

Ал өзара жәрдем қоғамдарына келетін болсақ, онда финанс министрлігі бұл істе әкімшілік озбырлық бар деп шағынады (әсіресе Москвада білінді-міс, мұнда механика жұмысшыларының қоғамы [152] жұмысшылар мен әкімшілік арасында тіпті «бітістірушілік роль» атқаруға дәме білдірген, дейді) және мұндай қоғамдардың дұрыс уставын заң жүзінде тәртіптеп, оларды құруды оңайлатуды талап етеді.

Сонымен, финанс министрлігінің жаңа хатының жалпы сипаты, сөзсіз, либералдық сипат, сондықтан стачка жасағаны үшін қылмыс жазасын беру жойылсын деген ұсынысы — оның өзекті пункті. Біз бұл арада барлық «заң жобасының» мазмұнын толық талдап жатпаймыз (мұны хат тұтасымен басылып шыққаннан кейін істеген қолайлы), әлгі либерализмнің сипаты мен маңызына оқушының назарын аударамыз. Жұмысшыларға біраз стачка жасау бостандығы мен ұйым құру бостандығы берілуін ұсыну біздің либералдық публицистикада ғана емес, ресми, үкімет комиссияларының нұсқауларында да жаңа кездесіп отырған жоқ. 60-жылдардың

бас кезінде фабрика және қолөнер уставтарын қайта қараған Штакельбергтің комиссиясы жұмысшылар мен қожайындардан сайланатын өнеркәсіп соттарын құруды және жұмысшыларға ұйым құру жөнінде біраз бостандық беруді ұсынған-ды. 80-жылдарда жаңа қылмыс заңының жобасын жасайтын комиссия стачка жасағаны үшін жаза берілуін жоюды көздеген еді. Бірақ финанс министрлігінің қазіргі жобасының бұрынғылардан айтарлықтай өзгешелігі бар және де бұрынғы жобалардың бәріндей жаңа жобаның ұсыныстары аяқсыз қалған күннің өзінде де бұл өзгешелік уақыттың маңызды бір белгісі болып қалмақшы. Айтарлықтай өзгешелігі сол — жаңа жоба «табан тірерінің» өлшеусіз артықтығымен сипатталады: сіз бұдан буржуазияның теорияда аз-кем озық жүрушілері мен идеологтарының үнін ғана емес, өнеркәсіпші-практиктердің бір қалың тобының үнін сезесіз. Бұл тек бірыңғай «адамгершіл» чиновниктер мен профессорлардың либерализмі емес, бұл Москва көпестері мен өнеркәсіпшілерінің қолтума, жергілікті либерализмі. Ашық айтайын, бұл факт менің жүрегімді зор патриоттық мақтанышқа бөледі: көпестің бір алтындық либерализмі чиновниктің бес алтындық либерализмінен көп артық. Ал хаттың ең көңіл бөлерлік жері шарт жасау еріктілігі туралы және мемлекеттің пайдасы туралы жүрек айнытарлық пайымдаулар емес, дәстүр-заң дәлелдерінің арасынан сыналап өтетін фабриканттардың практикалық ой-ниеттері.

Шыдам бітті! Жалықтырып болды! Қыстырылма! — міне, министрлік хатының авторы атынан орыс фабриканты орыс полициясына осыны айтады. Айтты-айтпады, мына пайымдауды тыңдап көріңіздерші.

«Қолданылып жүрген заңның дәйексіз, тұрлаусыздығынан тиянақ тауып жүрген полиция органдарының көзқарасынша, қандай да болсын ереуіл табиғи экономикалық құбылыс ретінде емес, қалай да қоғамдық тәртіп пен тыныштықты бұзғандық деп танылады. Ал егер фабрикалар мен заводтарда жұмыс тоқтату фактілеріне неғұрлым сабырлы қараушылық болса, ереуілдер қоғамдық тәртіпті бұзғандықпен бірдей саналмаса, онда олардың ақиқат себебін анықтау, заңды және әділетті дәлел-

дерді заңсыз және қисынсыздарынан ажырату, екі жақтың бейбіт келісімге келуіне тиісті шаралар қолдану оңайырақ болар еді. Осындай, неғұрлым дұрыс тәртіп орнаса, тәртіпсіздіктің болғанын анықтайтын фактілер көріне көзге бар болса ғана тыйым салу және басып-жаншу шаралары қолданылар еді». Полиция стачканың себептерін айқындап жатпайды, екі әдістің бірін қолданып: не жұмысшыларды жұмысқа кірісуге зорлап (тұтқынға алумен, жер аударумен, «тура әскер күшін жұмсауға дейінгі» басқа да шаралармен), не қожайындарды кеңшілік жасауға көндіріп, *тек* стачканы тоқтатудың *ғана* қамын ойлайды. Фабрикант мырзалар үшін «бұл әдістердің біреуі де қолайлы деуге болмайды»; біріншісі «жұмысшылар арасында ыза тудырады», екіншісі «қандай ретте болса да өз тілегімізді орындатудың өте сенімді құралы ереуіл екен деген жұмысшылардың аса зиянды сенімін нығайтады». «Соңғы 10 жылдың ішінде болған ереуілдердің тарихы туа қалған қиыншылықтарды қайткенде де тез жоюға тырысудың нәтижесі қандай зиянды екенін көп мысалдармен көрсетеді. Асығыс тұтқындау оған дейін мүлдем тыныш жүрген жұмысшыларды ызаландырғаны соншалық, тіпті казактарды іске қосуға тура келді, бұдан соң, әрине, ереуілшілердің тіпті заңды талаптарын қанағаттандыру туралы да сөз қылу мүмкін болмады. Екінші жағынан, фабриканттарға ықпал жасау арқылы жұмысшылардың заңсыз талаптарын жалма-жан қанағаттандырудың өзі басқа өнеркәсіп орындарында сөзсіз нақ сондай стачкалар тудырды, бұл өнеркәсіп орындарында кеңшілік жасау жүйесі қолданылмай, қайта әскер күшін жұмсауға тура келді, ал бұл жағдай жұмысшыларға мүлдем түсініксіз болады және өкімет орындары бізге әділетсіз қарайды, озбырлық істейді деген пікір тудырады...» Полиция қашан да болса фабриканттарға ықпал жасау арқылы жұмысшылардың тіпті заңсыз талаптарын қанағаттандырып еді деу, әрине, капиталист мырзалардың желікпе сөзі, олар «мемлекеттік тәртіп пен тыныштықты бұзу» деген айбарлы елеспен ықпал етіп жеңілдік бергеннен гөрі стачка жасаушылармен өзіміз саудаласып, оларға жеңілдікті кем берер едік дегісі келеді. Хат ішкі

істер министрлігінің қытығына тиеді, өйткені ол «финанс министрлігімен келісіп алмай шығарған» (міне, пәленің басы қайда жатыр) 1897 жылғы 12 августағы жарлығында әрбір стачка сайын әрі тұтқындауды, әрі жер аударуды және стачка туралы істерді қорғау тәртібімен жөнелтіп отыруды тапсырған. «Жоғарғы әкімшілік өкімет орындары,— делінген хатта фабриканттардың шағымын одан әрі баяндап,— тіпті терең (заңнан) кеткен және стачкалардың *бәріне* (курсив түпнұсқаныкі) тура мемлекеттік маңыз береді... Ал, асылында, ереуілдің қандайы болса да (әрине, егер ол зорлықпен қосарлана жүрмесе) таза экономикалық, әбден табиғи құбылыс, ол қоғамдық тәртіп пен тыныштыққа әсте қатер туғызбайды. Бұл ретте қоғамдық тәртіп пен тыныштықты қорғау халық серуені, салтанаты, ойын-сауығы кезінде, т. б. реттерде қолданылып жүрген түрде болуға тиіс»..

Бұл — капитал мен еңбектің күресін таза табиғи құбылыс деп жариялайтын, «товар саудасы» мен «еңбек саудасын» керемет ашық теңестіретін (хаттың басқа бір жерінде), мемлекеттің араласпауын талап ететін, бұл мемлекетке түнгі (және күндізгі) күзетші ролін беретін нағыз либерал-манчестерліктердің [153] тілі. Және де ерекше бір маңызды жері: орыс фабриканттарын осы либералдық көзқарасқа келтіріп отырған бөтен біреу емес, біздің жұмысшылар екені. Жұмысшы қозғалысының кең өрістегені сонshалық, стачкалар шынында да «табиғи экономикалық құбылыс» болып алды. Жұмысшылар күресінің табанды формалар алып отырғаны сонша, бұл күрестің қандай да болса көрінісіне тыйым салатын полициялық үкіметтің араласуы шынында жұмысшыларға ғана зиянды емес (оларға еш уақытта да зияннан басқа ештеңесі болған жоқ), бұл араласу пайдасын көздеген сол фабриканттардың өздеріне де зиянды болып отыр. Жұмысшылар полицейлердің тыйым салуын іс жүзінде дәрменсіз етіп тастады,— бірақ полиция араласуын қоймады (самодержавиелік мемлекетте қоя да алмайды), сөйтіп өзінің дәрменсіздігін сезіп, сергелдеңге түсті: біресе әскер күшін жұмсады, біресе кеңшілік жасады, біресе айуандықпен жазалады, біресе алдап-арба-

ды. Полицейлер араласуының маңызы неғұрлым кеміген сайын, полицияның *озбырлығын* фабриканттар соғұрлым қатты сезе бастады, бұл озбырлықты қолдау *пайдасыз* деген сенімге қарай олар соғұрлым бейімделе бастады. Ірі өнеркәсіпшілердің белгілі бөлегі мен полициялық өктемдіктің арасындағы жанжал барған сайын шиелепісіп, әсіресе Москвада өрши түсті, мұнда жұмысшыларды алдап-арбау жүйесі ерекше орын тепті. Хат жұмысшылармен әңгімелесу және механика өндірісінде жұмысшылардың өзара жәрдем қоғамын құру сияқты қауіпті әрекетті бастаған Москва әкімшілігінің үстінен тура шағым етеді. Жұмысшыларды қызықтыру үшін ол қоғамның кеңесіне белгілі дәрежеде бітістірушілік правосын беруге тура келді,— міне, сонда фабриканттардың төбе шашы тік тұрды. «Әуелі бұл кеңес,— дейді хат сол фабриканттардың айтуымен,— фабрика инспекциясының мықтыларына сөз салды, содан соң, өз бетімен міндетіне алған бітістірушілік ролі жөніндегі атқаратын қызметін олардың мойындамайтынын көріп, кеңес бас полицмейстерге сөз сала бастады, ал ол түскен арыздарды қабылдап қана қоймай, заң жолымен қозғап отыр, сөйтіп кеңестің өзіне берген правосын бекітіп отыр». Фабриканттар жеке әкімшілік бұйрықтарға қарсылық білдіреді және заң жолымен жаңа тәртіп орнатуды талап етеді.

Рас, фабриканттардың либерализмі әзірге өте тар кәсіптік шеңберден шықпай отыр, олардың полиция озбырлығына қастығы өздеріне тиімсіз асыра сілтеулердің жеке белгілерімен тынып, бюрократтық озбыр өкіметтің түпкі негіздеріне қарсы бағытталмай отыр. Ал бұл қастықтың күшеюі, оған сылтаудың көбеюі, оның тереңдеуі жағын Россияның және бүкіл дүние жүзінің экономикалық дамуы қамдайды, ол капиталистік елдердің таптық антагонизмін шиеленістіре түседі. Пролетариаттың күші оның саны мен ұйымшылдығының экономикалық даму процесінің өзіне қарай өсіп отыратынында, ал оның бер жағында, ірі және ұсақ буржуазияның арасында мүдде алалығы, бытырандылық барған сайын күшейе береді. Пролетариаттың осы «табиғи» артықшылығын ескеру үшін социал-демократия үстем таптардың

арасындағы барлық мүдде қақтығыстарын мұқият қадағалап отыруға тиіс, жұмысшы табының белгілі бір топтарына іс жүзінде пайда келтіру мақсатымен ғана емес, бүкіл жұмысшы табының көзін ашу мақсатымен, әрбір жаңа әлеуметтік-саяси оқиғадан пайдалы қорытынды шығару мақсатымен сол қақтығысуларды пайдаланып отыруға тиіс.

Заңды либерал фабриканттар ұсынып отырған түрде өзгертуден жұмысшылар үшін іс жүзінде түсетін пайда әбден айқын, оған көп тоқталып жатудың қажеті жоқ. Бұл — өскелең күшке сөзсіз жол бергендік, дұшпанның өз позицияларының бірін тастап кеткендігі, ал ол позицияны революцияшыл пролетариат қазірдің өзінде-ақ іс жүзінде өз қолына алды десе болады және жау армиясының алысты болжайтын көсемдерінің ол позицияны бұдан әрі қорғағысы келмейді. Бұл жол бергендік оншама үлкен емес екенін айтпаса да болады: біріншіден, саяси бостандық болмай тұрғанда *нағыз* бостандық, стачка жасау бостандығы болуы мүмкін деп ойлаудың өзі кісі күлерлік. Сотсыз тұтқындау, жер аудару правосы полицияның қолында қалып қояды және самодержавие өкіметі өмір сүріп тұрғанда соның қолында қала бермекші. Ал бұл правоны сақтау деген сөз тіпті фабриканттарды да жеріте бастаған полиция бақастығының, бейбастақтығының, озбырлығының оннан тоғызын сақтау деген сөз. Екіншіден, тек қана өнеркәсіптік заң шығарудың шағын саласында финанс министрлігі жалдану туралы шартқа байланысты, «зорлық істеу, қатер туғызу, абырой төгу үшін» *айрықша* жазаларды қалдырып, бұл жазық үшін жазалайтын *жалпы* қылмыс заңдары бұрын болмағандай, неміс жұмысшылары «каторгалық» заң жобасы[154] деп атап кеткен неміс заң жобасына еліктеп тым жасқана ілгері қадам басады! Ал орыс жұмысшылары өз позициясын нығайту үшін, еңбекші адамзатты жалдану құлдығынан азат ету жолындағы өзінің ұлы күресін күшейтіп, кеңейту үшін кішкентай кеңшілікті де пайдалана біледі.

Жаңа хаттың ғибрат аларлық пайдалы қорытындысына келетін болсақ, біз ең алдымен мынаны ескертуге ти-

іспіз: фабриканттардың стачкалар туралы орта ғасырлық заңға қарсылығы өркендеп келе жатқан буржуазия мен заманы өтіп бара жатқан абсолютизм мүдделерінің жалпы сәйкеспейтінін бізге болмашы жеке мысал арқылы көрсетеді. Россиядағы *буржуазиялық* оппозицияның элементтерін осы уақытқа дейін көрмей көз жұмып жүрген (социалист-революционерлерге ұқсап) және орыс буржуазиясының «мүдделері» (жалпы алғанда!) қанағаттандырылды деп бұрынғысынша қоймай қақсап жүрген адамдардың мұны ойластырғаны жөн. Патшалық полиция бәрінен гөрі тікелей *қорғайтын*, пролетариатқа кигізілген ауыздықтың қандай да болса босаңсытылуынан материалдық залал көру *қаупіне тікелей ұшырайтын* буржуазия топтарының да бірде ол мүдделерімен, бірде бұл мүдделерімен полициялық озбыр өкімет қақтығысып қала беретін көрінеді.

Нағыз революциялық қозғалыс турасынан алғанда қаналушы бұқараның көзін ашу, жігерлендіру, топтастыру арқылы ғана үкіметтің берекесін қашырмайды, сонымен бірге жанама алғанда тозығы жеткен заңдардың іргесін қопаруымен, тіпті ең жақындарының, айталық, сыбайластарының озбыр өкіметке деген сенімін жоғалтуымен, осы сыбайластар арасында «үй іші жанжалдарын» өршітуімен, жаулардың лагерінде табандылық, ауызбірлік орнына дау-дамай, солқылдақтық туғызатынымен де үкіметтің берекесін қашыратын көрінеді. Бірақ мұндай нәтижелерге жету үшін біздің социалист-революционерлер әлі уақытта ұғына алмаған бір шарт керек: бұл үшін қозғалыс нағыз революциялық қозғалыс болуы қажет, яғни нағыз революциялық таптың үсті-үстіне қалың топтарын жаңа өмірге оятуы керек, бұл таптың, ал ол арқылы сонымен жақын жанасатындардың бәрінің іс жүзінде рухани-саяси бейнесін өзгертетін болуы керек. Осы ақиқатты ұғына алса, социалист-революционерлер социализмнің негізгі мәселелеріндегі идеясыздығы мен принципсіздігі қандай практикалық зиян келтіретінін түсінер еді, самодержавиенің қолында жиын топқа қарсы қолданатын солдаттары бар, ұйымға қарсы қолданатын полициясы бар, ал министрлер

мен губернаторларды жұлып тастап жүрген жеке террор жасаушылар шынында ұстатпай кетеді деп уағыздайтын адамдардың үкіметтің емес, революциялық күштердің берекесін қашыратынын түсінер еді.

Фабриканттық ведомствоның жаңа «қадамында» тағы да бір пайдалы сабақ бар. Бұл сабақ мынау: іс жүзіндегі либерализмнің қандайын болса да, тіпті бір алтындығын болса да, пайдалана білу керек, сонымен қабат бұл либерализм өзінің мәселелерді жалған қойысымен халық бұқарасын аздырмауын «көз тігіп» қадағалау керек. Мысал — Струве мырза; онымен әңгімеге біз: «либералдар жұмысшыларды қалай үйреткісі келеді және жұмысшылар либералдарды қалай үйретуге тиіс» деп ат қояр едік. Біз талдаған хатты «Освобождениенің» 4-номерінде[155] баса бастап, Струве мырза, басқасын былай қойғанда, жаңа жоба «мемлекеттік мәнмағынаның» белгісі, бұл мән-мағына озбырлық пен мәнмағынасыздық қамалынан өте ала қояр ма екен, дейді. Бұлай емес ол, Струве мырза. Стачкалар туралы жаңа заңның жобасын «мемлекеттік мән-мағына» ұсынған жоқ, оны фабриканттар ұсынды. Бұл жобаның шыққан себебі — азаматтық правоның негізгі ережелерін (қожайындар мен жұмысшылардың буржуазиялық «бостандығы мен теңдігін») мемлекеттің «танығандығы» емес, қайта стачка жасағаны үшін жаза беруді жою *фабриканттарға тиімді* болғандығынан. Қазір финанс министрлігінің «өзі» келтіріп отырған заң тұжырымдары мен әбден дәйекті дәлелдер («Освобождение» № 4, 50-бет) орыс әдебиетінде де және тіпті үкімет комиссияларының еңбектерінде де баяғыдан бері болған,— бірақ ескі заңдардың қисынсыздығын жұмысшылар *іс жүзінде көрсеткен* соң барып *өнеркәсіп қожайындары* сөз қозғағанға дейін мұның бәрі қалтарыста қалып келген. Біз фабриканттық пайда мен фабриканттық қызығушылықтың бұл шешуші маңызын баса айтқанда, біздің ойымызша, бұл үкімет нұсқауларының маңызын бәсеңдетсе екен деп айтпаймыз,— қайта, бұдан бұрын айтқанымыздай, сол нұсқауларды күшейтеді деп білгендіктен баса айтамыз. Ал пролетариат бүкіл қазіргі құрылысқа

қарсы күресінде әр нәрсеге бәрінен бұрын тура және байсалды қарауды үйренуі керек, «жоғарғы мемлекеттік шапағатты істердің» нағыз қозғаушы себептерін ашып отыруды және епті полиция мықтылары есеппен айтатын, ал оқымысты либералдар — алысты болжамай айтатын «мемлекеттік мән-мағына» туралы жалған көпірме сөздерді үнемі әшкерелеп отыруды үйренуі керек.

Бұдан соң Струве мырза стачка жасағаны үшін жаза беруді жою жолында үгіт жүргізгенде «ұстамды» болу керек деп жұмысшыларға ақыл айтады. «Ол (бұл үгіт) формасы жағынан неғұрлым ұстамды болса,— деп уағыздайды Струве мырза,— оның маңызы соғұрлым арта түспек». Мұндай ақыл айтқаны үшін бұрынғы социалиске жұмысшы жақсылап тұрып алғыс айтуға тиіс. Үкімет дәл қобалжи бастаған кезде (қайсыбір жеке мәселе жөнінде) ұстамдылықты уағыздау либералдардың дәстүрлі молчалиндік ақылгөйлігі. Басталған реформаны жүргізуге кедергі жасамау үшін, үркітіп алмау үшін, бірінші қадам жасалған кезде (хат жазылған!) қайсыбір ведомствоның реформалар керектігін мойындауы сол реформалардың «әділетті және дер кезінде екенін үкіметтің өзіне де, қоғамға да (!) даусыз (?) дәлелдейтін» қолайлы кезеңді пайдалану үшін ұстамдырақ болу керек. Біз талдап отырған жоба жөнінде Струве мырза осылай дейді, Россия либералдары әрқашан осылай деп келген болатын. Социал-демократия бұлай демейді. Қараңыздар, дейді ол, тап күресінің европалық формалары полицияның азиялық озбырлығынан артық екенін тіпті фабриканттардың өздерінің арасынан да кейбіреулер түсіне бастады. Өзіміздің қажырлы күресімізбен біз самодержавие опричниктерінің құдіреттілігіне тіпті фабриканттардың өздерін күмәндандырдық. Батылырақ алға басайық! Жау қатарындағы сенімсіздік жайындағы жақсы хабарды кеңірек таратыңдар, жаудың титтей де болса қобалжуын өз талаптарыңызды молчалинше «тежеу» үшін емес, қайта ол талаптарды күшейту үшін пайдаланыңдар. Үкіметтің халыққа берессі борышы есебінен сіздерге жүз сомнан бір тиын

ғана бермекші болады. Сол бір тиынды алудың өзін алашақ соманы түгел бер деп қатты талап ету үшін, үкіметтің біржолата беделін түсіру үшін, оған *үзілді-кесілді* соққы беруге күшімізді әзірлеу үшін пайдаланыңдар.

«Искра» № 24, 1 сентябрь, 1902 ж.

«Искра» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РСДРП ПРОГРАММАСЫН ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР[156]

1

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМІ ЖЕКЕ ПУНКТТЕРІНІҢ НОБАЙЫ

13. I. 02.

Реттелген

11-п. Жалданушыларды жеке адамдар ретінде және азаматтар ретінде жалдама жұмысшылардың өмірі мен қызметіне кәсіпкерлердің қол сұғуынан қорғау мақсатымен,— кәсіпкерлердің жұмысшыларға бөлетін тұрғын үйлерінің тазалық жағына, бұл үйлердің ішкі тәртібіне және олардың пәтерге берілу шарттарына жұмысшылардан сайланған өкілдердің қатысуымен жергілікті өзін өзі басқару органдарының бақылауы.

12-п. Жалдама еңбекті қолданатын барлық кәсіпорындарда еңбек жағдайларына дұрыс ұйымдастырылған жан-жақты санитарлық бақылау.

---

13. Фабрика инспекциясының бақылауын бүкіл қолөнер, майдагерлік, үй өнеркәсібіне, сондай-ақ қазыналық кәсіпорындарға, сондай-ақ жалдама жұмысшыларды пайдаланатын ауыл шаруашылық кәсіпорындарына да қолдану.

14.

және т. т.

Аграрлық. Біздегі ескі крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою мақсатымен социал-демократиялық жұмысшы партиясы мынаны талап етеді:

1) сатып алу төлемдерін жою
2) қауымнан шығу бостандығы
3) сот арқылы арендалық ақыны кеміту
4) кесінді жерлер.

Аксельрод пен Берг: *«шаруалар бұқарасының* капиталистік қатынастарға (немесе капитализмнің белгілі тенденцияларына) қарсы күресін *жеңілдету»*

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

2

ПЛЕХАНОВ ПРОГРАММАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖОБАСЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ, ОҒАН ЕНГІЗІЛГЕН КЕЙБІР ТҮЗЕТУЛЕР

Абзацтар:

I. Капиталистік қатынастардың үстемдігі: өндіріс құрал-жабдықтары капиталистерде және дәулетсіз пролетарлар=жалдамалылар — 2. *

II. Капиталдың үстемдік ету саласының кеңеюі: ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызының артуы және ұсақ кәсіпорындардың азаюы — 1.

III. Капиталистік қатынастар жұмысшы табын барған сайын қатты езе түсуде: ұсыным артып отырғанда, сұранымды біршама азайтты — 4.

IV. Жұмыс күші бағасының төмендеуі. Қоғамдық теңсіздіктің өсуі — 3.

+ сөйтіп (капитализм туғызады??) қоғамдық теңсіздіктің өсуі, дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы алшақтықтың артуы (?+?)

V. Дағдарыстар — 5.

VI. Жұмысшы табы наразылығының өсуі, күрестің шиеленісуі + *әлеуметтік революцияның* қажеттігін ұғынудың өсуі, *яғни*

(оны түсіндіру) — 6.

VII. Әлеуметтік революция — бүкіл езілген адамзаттың мүдделері үшін — 7.

VIII. Товар өндірісін социалистік өндіріспен ауыстыру үшін — пролетариаттың *саяси өкіметі* — *пролетариат диктатурасы* болуы керек — 8.

---

* Қолжазбада цифрлар көк қарындашпен қойылған және ол, сірә, абзацтардың орны осылай ауыстырылса дегенді көрсететін болу керек. *Ред.*

IX. Жұмысшы қозғалысы халықаралық қозғалыс болып отыр — 10.

X. Орыс социал-демократиясы — халықаралық социал-демократияның бір бөлігі — 11.

XI. Орыс социал-демократиясының көздейтіні де сол бір түпкі мақсат. Орыс социал-демократиясының міндеті

{ мүдделердің ымыраға келмейтінін ашу әлеуметтік революцияның маңызын айқындау жұмысшылардың күштерін ұйымдастыру } — 9.

XII. Крепостниктік тәртіптің қалдықтары таяудағы мақсатты өзгертеді (барлық еңбекші халыққа жасалып отырған езгі + жұмысшы қозғалысының басты кедергісі).

XIII. Капитализмнің қосымшасы болып табылатын заң мекемелері болуына қол жеткізу қажет.

XIV. Самодержавие — крепостниктік тәртіптің қалдығы, қас жауымыз,— ендеше таяудағы міндет — *монархияны* құлату.

ПЛЕХАНОВ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР

Ұсынылған уақыты 21. I. 02.

III. [Капиталистік өндірістік қатынастар жұмысшы табын барған сайын қатты қысымға алады;] техникалық прогресс [еңбек өнімділігін арттыра отырып]... беріп қана қоймай, т. т.

{себеп болып орнына — *т у ғ ы з ы п*}

+ Жұмыссыздықтың, қайыршылықтың, кемсіту мен ез-

III. Техникалық прогресс (еңбек өнімділігін арттыра отырып?) капиталистерге жұмысшыларды қанау дәрежесін күшейтуге материалдық мүмкіндік беріп қана қоймайды, оның үстіне жұмыс күші ұсынымының относительді және абсолютті түрде артуымен қатар оның *сұранымын* относительді түрде кемітуді туғызып, әлгі мүмкіндікті шындыққа

«жол берді»

гінің өсуі капитализмнің осы негізгі тенденциясының болмай қоймайтын нәтижесі болып табылады.	айналдырады. Жұмыссыздықтың, қайыршылықтың, езгі мен кемсітушіліктің өсуі капитализмнің осы негізгі тенденциясының болмай қоймайтын нәтижесі болып табылады.	(көрсетілген негізгі тенденциялардың)

§ 5 етілсін.

Дұрыс емес
бәрі емес.

IV. Сонымен, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің дамуы мына жағдаймен қатар жүріп отырады: бұл дамудың **барлық** пайдасын болмашы азшылық өз монополиясына алады, ал қоғамдық байлықтың өсуі қоғамдық теңсіздіктің өсуімен, дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы алшақтықтың артуымен, меншікшілер табы мен пролетарлар табы арасындағы тұңғиықтың тереңдеп, ұлғаюымен қатар болып отырады.

§ 4 етілсін.

V. * Капитализмнің көрсетілген қайшылықтарынан сөзсіз туатын өнеркәсіп дағдарыстары жұмысшы табы мен ұсақ өндірушілердің жағдайын бұрынғыдан да бетер нашарлата түседі

өндіріске қоғамдық бақылау болмаған жағдайда, бүкіл дүние жүзілік рынокта капиталистік елдердің үздіксіз өсіп отырған өзара бәсекесі жағдайында **.	өндірісте жоспарлылықтың болмауынан, бүкіл дүние жүзілік рынокта капиталистік елдердің өзара бәсекесінің өсуінен. Бұқараның кедейлігі мен қайыршылығы өндірілген товарды өткізу	Қоғамда істің жағдайы осылай болып отырғанда, өндірісте жоспарлылық болмай отырғанда, бүкіл дүние жүзілік рынокта капиталистік елдердің үздіксіз өсіп отырған бә-

* Қолжазбада абзацтың басындағы: «Бұл қайшылықтардың онан сайын көп шиеленісуіне» деген сөздер сызылып тасталған. *Ред.*

** Бұл нұсқа қолжазбада өшіріліп тасталған. *Ред.*

мүмкіндігін таба алмау салдарынан қоғамдық байлықтың ысырап болуымен қосарланып жатады.

секесі жағдайында товарларды өткізу оларды өндіруден сөзсіз артта қалып отырады *.

1902 ж. кеш дегенде 8(21) январьда жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұл нұсқа қолжазбада өшіріліп тасталған. *Ред.*

3

ПЛЕХАНОВ ПРОГРАММАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖОБАСЫ I ЖӘНЕ II АБЗАЦТАРЫНЫҢ ЖАЗБАСЫ ЖӘНЕ ПРОГРАММАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМІ БІРІНШІ АБЗАЦЫНЫҢ НОБАЙЫ

I. Қазіргі замаңғы буржуазиялық қоғамның экономикалық негізі капиталистік өндіріс әдісі болып табылады; бұл жағдайда өндіріс құрал-жабдықтарының және товар түрінде өндірілетін өнімдер айналысының аса маңызды бөлігі сан жағынан біршама аз ғана тап адамдарының жеке меншігі болады, ал оның бер жағында халықтың көпшілігі өз жұмыс күшін сатпайынша, өмір сүре алмайды. Осының салдарынан бұл көпшілік өндіріс құрал-жабдықтары мен товар айналысын меншіктенушілердің (капиталистер мен ірі жер иелерінің) табысын өз еңбегімен жасайтын жалдама жұмысшылардың (пролетарлардың) тәуелді жағдайында болады.

II. Техниканың үздіксіз жетілдірілуі ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын арттырған сайын, сөйтіп ұсақ дербес өндірушілердің тұрмыс дәрежесін төмендетіп, олардың біреулерін пролетариат қатарына ығыстырып шығарып, енді біреулерін тікелей немесе жанамалай капиталдың малайына, алым-салық төлеушілеріне айналдырып, қоғамның экономикалық өмірінде осы ұсақ дербес өндірушілердің ролін кеміткен сайын капиталистік өндіріс әдісінің үстемдік ететін саласы кеңейе береді.

* *
*

I (?). Россияның экономикалық дамуы онда капиталистік өндірістік қатынастардың барған сайын көп таралуына және барған сайын көбірек үстемдік етуіне бастап келеді. ||?||

1902 ж. ерте дегенде 8(21) январьда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

4

ПРОГРАММА ЖОБАСЫН ЖАСАУДЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Программаны жасау жөніндегі мәселенің жайы туралы және оны комиссияның әзірлеп жатқаны туралы айтып беру.

2. Г. В.-ның алғашқы жобасы.

3. Өзгерістердің жобасы (ол өзгерістердің кейбір себептерімен).

1902 ж. ерте дегенде 8(21) январьда жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ АЛҒАШҚЫ НҰСҚАСЫ

АЛҒАШҚЫ ТҰЖЫРЫМ		ТҮЗЕТІЛГЕН ТҰЖЫРЫМ
А.		
І. Россияның экономикалық дамуы және оның халықаралық сауда айырбасына барған сайын көбірек (күшті) тартылуы онда капиталистік өндіріс әдісінің барған сайын көбірек таралуына және барған сайын неғұрлым толық үстемдік етуіне бастайды.	Басқаша айту керек	І. Россияның халықаралық сауда айырбасына күшті тартылуы және елдің ішінде товар өндірісінің өсуі онда капиталистік өндіріс әдісінің барған сайын неғұрлым толық үстемдік етуіне бастайды, ал капиталистік өндіріс әдісінің төмендегідей негізгі ерекшеліктері бар.
ІІ. * Техниканың үздіксіз жетілдірілуі ірі кәсіпорындардың шаруашылық маңызын барған сайын арттырады да, ұсақ дербес өндірушілердің (шаруалардың, майдагерлердің, қолөнершілердің және басқалардың) елдің		ІІІ. Техниканың үздіксіз жетілдірілуі ірі капиталистік кәсіпорындардың санын, көлемі мен шаруашылық маңызын барған сайын арттырады, ал ұсақ дербес өндірушілердің (шаруалардың, майдагерлердің, қолөнершілердің)

* Қолжазбада параграфтардың орнын ауыстыру белгіленген: көк қарындашпен «ІІ» сызылып, «ІІІ» қойылған — және мұның керісінше жасалған. *Ред.*

экономикалық өміріндегі ролін кеміте түседі, олардың тұрмыс дәрежесін төмендете береді, сөйтіп біреулерін тікелей немесе жанамалай капиталдың малайлары мен алым-салық төлеушілеріне айналдырады, енді біреулерін өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай дәулетсіз таптың (пролетариаттың) қатарына ығыстырып шығарады.

тұрмыс дәрежесін төмендетеді, сөйтіп бұлардың біреулерін капиталдың малайлары мен алым-салық төлеушілеріне айналдырады, енді біреулерін мүлде күйзелтеді, оларды өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай дәулетсіз таптың (пролетариаттың) қатарына ығыстырып шығарады.

III. Өндіріс құрал-жабдықтарының және товар айналысының аса маңызды бөлігі сан жағынан біршама аз ғана тап адамдарының қолына барған сайын шоғырлана береді, оның бер жағында халықтың барған сайын көбейе түсіп отырған көпшілігі өзінің жұмыс күшін сатпайынша, өмір сүре алмайды. Осының салдарынан бұл көпшілік өндіріс құрал-жабдықтары мен товар айналысын меншіктенушілердің (капиталистер мен ірі жер иелерінің) табысын өз еңбегімен жасайтын жалдама жұмысшылардың (пролетарлардың) тәуелді жағдайында болады.

IV. Техникалық прогресс еңбек өнімділігін арттырып, капиталистердің жұмысшыларды қанау дәрежесін күшейтуіне мүмкіндік береді, сөйтіп жұмыс күшіне сұранымның относительді түрде кемуін (яғни сұранымның артуы капиталдың артуына (одан кейін) пропорциялы емес) туғызады, сонымен қатар жұмыс күшінің ұсынымын относительді және абсолютті түрде арттырады. Мұның өзі, сондай-ақ капитализмнің жоғарыда көрсетілген негізгі тенденциялары жұмыссыздықтың, қайыршылықтың, қанаудың, езгі мен кемсітудің өсуіне бастайды.

V. Капитализмнің жоғарыда көрсетілген қайшылықтарынан, оған тән өндірісте жоспарлылықтың болмауынан (мұны кәсіпкерлердің ешқандай одақтары жоя алмақ емес), бүкіл дүние жүзілік рынокта капиталистік

елдердің өзара бәсекесінің өсуінен сөзсіз туатын өнеркәсіп дағдарыстары жұмысшы табы мен ұсақ өндірушілердің жағдайын бұрынғыдан да бетер нашарлатуға бастайды. Бұқараның кедейлігі мен қайыршылығы өндірілген товарларды өткізу мүмкіндігін таба алмау салдарынан қоғамдық байлықтың ысырап болуымен қосарланып жатады.

VI. Сойтіп, қоғамдық еңбектің өндіргіш күштерінің дамуы мына жағдаймен қатар жүріп отырады:	Басқаша айту керек	VI. Сойтіп, қоғамдық және барған сайын қоғамдаса түсіп отырған еңбектің өндіргіш күштерінің орасан дамуы мына жағдаймен қатар жүріп отырады:

бұл дамудың басты пайдасының бәрін халықтың болмашы азшылығы өз монополиясына айналдырады, ал қоғамдық байлықтың өсуі қоғамдық теңсіздіктің өсуімен, дәулеттілер мен дәулетсіздердің арасындағы алшақтықтың артуымен, меншікшілер табы (буржуазия) мен пролетарлар табы арасындағы тұңғиықтың тереңдеп, ұлғаюымен қатар болып отырады.

VII. Бірақ, осымен бір мезгілде, капитализмнің болмай қоймайтын қайшылықтарының бәрі өсіп, дамуымен қатар

жұмысшы табының наразылығы мен ызасы да өседі, капиталистік өндіріс әдісі жағдайларының өзінен келіп жұмысшы табының топтасқандығы артады,	пролетарлардың саны мен топтасқандығы, наразылығы мен ызасы өседі

жұмысшы табының капиталистер табына қарсы күресі шиеленіседі, капитализмнің адам төзіп болмайтын езгісінен құтылуға ұмтылушылық күшейеді.

VIII. Жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ісі бола ала-	VIII. Жұмысшы табын азат ету тек жұмысшы табының өзінің ісі бола ала-

ды. Капитализмнің езгісін жою үшін әлеуметтік революция керек, яғни

ды, өйткені қазіргі заманғы қоғамның барлық басқа таптары қазіргі экономикалық құрылыстың негіздерін сақтап қалуды жақтайды.

Жұмысшы табын шын мәнінде азат ету үшін капиталистік өндіріс әдісінің бүкіл дамуынан табиғи түрде туатын әлеуметтік революция қажет, яғни

қоғамның *барлық* мүшелерінің әл-ауқатын барынша жақсартып, олардың жан-жақты еркін дамуын қамтамасыз ету үшін өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік жойылып, олардың қоғамдық меншікке көшуі қажет және капиталистік товар өндірісінің орнына бүкіл қоғам есебіне өнім өндіру ісін социалистік жолмен ұйымдастыру қажет.

IX. Бұл әлеуметтік революцияны жасау үшін пролетариат *саяси өкіметті* жеңіп алуға тиіс, мұның өзі оны өмірдің қожасы етеді және оның ұлы мақсатының жолында тұрған кедергілердің бәрін жоюына мүмкіндік береді. Бұл мағынада алғанда *пролетариат диктатурасы* әлеуметтік революцияның қажетті саяси шарты болып табылады.

X. Пролетариат революциясы қазіргі бүкіл езілген және азап шегіп отырған адамзаттың бостандық алуы болады, өйткені бұл революция адамды адамның езін, қанауының барлық түрлерін жояды.

XI. Орыс социал-демократиясы жұмысшылар мүдделерінің капиталистер мүдделеріне ымыраға келмейтін қарама-қарсы екендігін жұмысшылардың алдында ашып көрсетуді,— пролетариат жасайтын әлеуметтік революцияның тарихи маңызын, сипаты мен шарттарын пролетариатқа түсіндіруді,— пролетариаттың бүкіл қазіргі заманғы қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы күресінің барлық көріністерін басқаруға қабілетті ре-

волюциялық таптық партияны ұйымдастыруды өзінің міндеті етіп қояды.

XII. Алайда халықаралық айырбастың және бүкіл дүние жүзілік рынокқа өнім өндірудің дамуы цивилизациялы (?) әлемнің барлық халықтарының арасында тығыз байланыс орнатқаны (жасағаны) соншалық, пролетариаттың азаттық күресінің ұлы мақсатына барлық елдер пролетарларының бірігіп күш жұмсауы арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан * қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысы халықаралық жұмысшы қозғалысы болуға тиіс еді және ол әлдеқашан-ақ халықаралық қозғалысқа айналды, ал орыс социал-демократиясы өзін пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік армиясы отрядтарының бірі деп, *халықаралық социал-демократияның бір бөлігі* деп санайды.

B.

I. Алайда орыс социал-демократиясының таяудағы мақсаттары едәуір өзгеріп отырады, өйткені біздегі капитализмге дейінгі, крепостниктік, қоғамдық тәртіптің толып жатқан қалдықтары өндіргіш күштердің дамуын мейлінше күшті тежейді, еңбекші халықтың тұрмыс дәрежесін төмендетеді, сан миллиондаған шаруалардың қырғынға ұшырауының адам айтқысыз жауыздық формаларын туғызады, бүкіл халықты қараңғылықта, правосыздықта және езгіде ұстап отырады. Алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде қазірдің өзінде бар және пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресінің толық және жан-жақты дамуы үшін созсіз қажетті еркін азаматтық және саяси мекемелердің болуына орыс социал-демократиясының енді ғана қол жеткізуіне тура келеді**.

II. Патша самодержавиесі крепостниктік тәртіптің ең елеулі қалдығы, саяси

Крепостниктік тәртіптің бұл қалдықтарының ең елеулісі, бүкіл осы варвар-

---

* «Пролетариаттың азаттық күресінің ұлы мақсатына барлық елдердің пролетарларының бірігіп күш жұмсауы арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан» деген сөздер қолжазбада өшіріліп тасталған. *Ред.*

** Бұл сөйлем қолжазбада өшіріліп тасталған. *Ред.*

бостандық алған елдерде қазір құрып біткен бүкіл варварлықтың және бүкіл бақытсыздықтың ең қуатты тірегі болып табылады; ол — пролетариаттың азаттық қозғалысының ең қас және ең қауіпті жауы болып табылады.

лықтың ең күшті тірегі — патша самодержавиесі. Ол пролетариаттың азаттық қозғалысының және бүкіл халықтың мәдени дамуының ең қас және ең қауіпті жауы болып табылады.

Сондықтан орыс социал-демократиясы патша самодержавиесін құлатуды және оны демократиялық конституцияға негізделген *республикамен* ауыстыруды өзінің таяудағы саяси міндеті етіп қояды, ол конституция мынаны қамтамасыз етеді:

1) халық самодержавиесін, яғни...

1902 ж. 8 және 25 январь (21 январь мен 7 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

6

ПРОГРАММА ЖОБАСЫ ЖОСПАРЫНЫҢ НОБАЙЛАРЫ

I—VI. А) Россияның экономикалық дамуы және капитализмнің негізгі ерекшеліктері.

VII—XII. Б) Пролетариаттың тап күресі және социал-демократияның міндеттері.

В) Орыс социал-демократтарының таяудағы мақсаттары және олардың саяси талаптары

Г) Әлеуметтік (фабрикалық) реформалар.

Д) Финанс реформасы және крепостниктік қоғамның қалдықтарын жою жөніндегі талаптар.

Е) Қорытынды («хвост»).

A) Россияның экономикалық дамуы және социал-демократияның жалпы міндеттері.

B) Социал-демократияның ерекше саяси міндеттері мен саяси талаптары.

C) Әлеуметтік реформалар.

D) Финанс өзгерістері мен шаруалар өзгерістері (реформалар).

1902 ж. 8 және 25 январь (21 январь мен 7 февраль) аралығында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

7

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ БӨЛІМІ МЕН ҚОРЫТЫНДЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НҰСҚАСЫ

Оның үстіне, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы мыналарды талап етеді:

а) мемлекеттік шаруашылықты демократиялық жолмен ұйымдастыру мақсатымен — барлық жанама салықтар жойылып, үдемелі табыс салығы белгіленсін

б) біздегі ескі крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою мақсатымен мыналар істелсін

1) сатып алу және оброк төлемдері, сондай-ақ қазіргі кезде алым-салық төлеуші сословие ретінде шаруалардың мойнына түсіп отырған міндеткерліктің бәрі жойылсын;

2) жаппай кепілдік және өз жерін өзі билеу жөнінде шаруаларды қыспаққа салатын заңдардың бәрі жойылсын;

3) сатып алу және оброк төлемдері түрінде халықтан алынған ақша сомасы оның өзіне қайтарылып берілсін. Осы мақсатпен монастырьлық мүлік пен удельдік имениелер кәмпескеленсін, сондай-ақ жер сатып алу қарыздарымен пайдаланып келген ірі дворян-жер иелерінің жерлеріне ерекше салық салынсын. Осы жолмен жиналған қаржы селолық қоғамдардың мәдени және игілік мұқтаждарына жұмсалатын ерекше халық қорына айналдырылсын;

4) шаруалар комитеттерін құру, құрғанда:

(а) крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан алынған және ша-

руаларды кіріптар ету үшін помещиктердің қолында құрал болып отырған кесінді жерлерді селолық қоғамдарға (экспроприациялау жолымен немесе — егер жер қолдан қолға өтіп кеткен болса,— сатып алу, т. с. жолмен) қайтарып беру үшін құру;

(б) крепостниктік құрылыстың Уралда, Алтайда, Батыс өлкеде және мемлекеттің басқа облыстарында сақталып қалған қалдықтарын жою үшін құрылсын;

5) соттарға шамадан тыс өте жоғары аренда ақыларын кемітуге және кіріптарлыққа түсіретін келісімдерді заңсыз деп жариялауға право берілсін.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы көрсетілген саяси және әлеуметтік өзгерістерді дәйектілікпен, баянды түрде толық жүзеге асыру самодержавиені құлату арқылы ғана, бүкіл халықтың ерікті түрде сайлаған құрылтай жиналысын шақыру арқылы ғана мүмкін деп есептейді.

1902 ж. кеш дегенде 25 январьда (7 февральда) жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

8

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЛАРЫ

І-НҰСҚА

Россияда товар өндірісі барған сайын тез дамып, оның халықаралық сауда айырбасына қатысуы артып отыр *, сөйтіп Россияда капиталистік өндіріс әдісі барған сайын толық үстемдік алуда.

Халықтың барған сайын өсе түсіп отырған көпшілігі өз жұмыс күшін сатпайынша өмір сүре алмайтын болды. Сонымен, бұл көпшілік өндіріс құрал-жабдықтары мен товар айналысының аса маңызды бөлігін өз қолына алған сан жағынан біршама аз ғана капиталистер табы мен ірі жер иелеріне тәуелді жалдама жұмысшылардың (пролетарлардың) жағдайында болып шығады **.

Өндіріс құрал-жабдықтарының аса маңызды бөлігі сан жағынан болмашы капиталистер мен ірі жер иелерінің жеке меншігі ретінде солардың қолына жиналады. Қызметкерлердің барған сайын неғұрлым көпшілігі өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылып, өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады. Сонымен, бұл көпшілік жеке меншік иелерінің табысын өз еңбегімен жасайтын жалдама жұмысшылардың (пролетарлардың) тәуелді жағдайында болып шығады.

Капитализмнің дамуы ірі кәсіпорындардың санын, мөлшері мен шаруашылық маңызын барған сайын арттыра түседі, ұсақ дербес өндірушілердің (шаруалардың, майдагерлердің, қолөнершілердің) тұрмыс дәрежесін төмендетеді, бұлардың біреулерін капиталдың малайлары мен алым-салық төлеушілеріне айналдырады, енді

* «Оның халықаралық сауда айырбасына қатысуы артып отыр» деген сөздер қолжазбада сызылып тасталған. *Ред*

** Бұл абзац қолжазбада өшіріліп тасталған. *Ред.*

В. И. Лениннің
«Программа жобасының нобайлары»
деген қолжазбасының бірінші беті.
2-нұсқа.—1902 ж.

Все быстрее развивающееся товар-ное производство в России, все более полное господство приоб-ретает в ней капиталистический способ производства.

Значительная часть средств производства (земли и фабрик, орудий и машин, желез. дорог и других средств сообщения) сосре-доточивается в руках ~~незначи-~~ сравнительно незначительного числа капиталистов и круп-ных землевладельцев, как их частная собственность. Все большее и большее число работников, ~~теряя~~ утрачивая средства производства, вынуждено при-бегать к продаже своей ра-бочей силы. Эти наемные рабочие (пролетарии) оказыва-ются таким образом в зави-симом положении от собственников, создавая своим трудом их доходы.

Развитие капитализма все более увеличивает число, раз-меры и хозяйственное значение крупных предприятий, ухудшает положение ~~и понижает жизненный уро-~~ вень мелких самостоя-

Все большее число работников вынуждает-ся продавать к продаже своей рабочей силы, ста-новятся наемными ра-бочими, которые нахо-дятся в зависимо-сти у собственников, со-здавая своим трудом их бога-тство.

біреулерін пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарады.

Техникалық прогресс неғұрлым ілгері басқан сайын капиталистердің жұмысшыларды қанау дәрежесін күшейтуге соғұрлым көп мүмкіндігі болады, жұмыс күшіне сұранымның артуы оның ұсынымының артуынан соғұрлым көп артта қалады.

Қайыршылықтың, жұмыссыздықтың, қанаудың, езгі мен кемсітудің өсуі капитализмнің негізгі тенденциясының салдары болып табылады.

Өмір сүрудің қамтамасыз етілмеуі, жұмыссыздық, қанаудың езгісі және қорлау атаулының бәрі еңбекші халықтың барған сайын қалың топтарын қамтиды.

Бұл процесті капитализмнің жоғарыда көрсетілген қайшылықтарынан сөзсіз туатын өнеркәсіп дағдарыстары онан сайын шиеленістіреді. Бұқараның кедейлігі мен қайыршылығы өндірілген товарларды өткізу мүмкіндігін таба алмау салдарынан қоғамдық байлықтың ысырап етілуімен қатар болып отырады.

Сонымен, қоғамдық еңбектің және барған сайын қоғамдастырылып отырған еңбектің өндіргіш күштерінің орасан дамуы мына жағдаймен қатар жүріп отырады: бұл дамудың басты пайдасының бәрін халықтың болмашы азшылығы өз монополиясына алады. Қоғамдық байлықтың өсуімен қатар қоғамдық теңсіздік өседі, меншікшілер табы (буржуазия) мен пролетарлар табы арасындағы тұңғиық тереңдеп, кеңейеді.

(А) § III. Ұсақ өндірісті ірі өндіріс барған сайын ығыстыра түседі. Ұсақ дербес өндірушілер (шаруалар, майдагерлер, қолөнершілер) не пролетарларға айналады, не капиталдың малайларына және алым-салық төлеушілеріне айналады.

Техниканың үздік жетілдірілуі ұсақ өндірісті ірі өндірістің барған сайын ығыстыра беруіне бастайды. Өндіріс құрал-жабдықтарының (жер мен фабрикалардың, құралдар мен машиналардың, темір жолдардың және

басқа қатынас құралдарының) аса маңызды бөлігі сан жағынан біршама аз ғана капиталистер мен ірі жер иелерінің жеке меншігі ретінде солардың қолына жинақталады. Ұсақ дербес өндірушілер (шаруалар, майдагерлер, қолөнершілер) барған сайын күйзеле береді, сөйтіп өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылып, пролетарларға немесе капиталдың малайлары мен алым-салық төлеушілеріне айналады. Қызметкерлердің барған сайын молая түсіп отырған көпшілігі өз жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады.

Сөйтіп, олар жалдама жұмысшыларға айналады, бұлар меншікшілердің байлығын өз еңбегімен жасап, соларға тәуелді жағдайда болады.

Сөйтіп, бұл жалдама жұмысшылар (пролетарлар) меншікшілердің табысын өз еңбегімен жасап, соларға тәуелді жағдайда болып шығады.

2-НҰСҚА

Россияда товар өндірісі барған сайын тез дамып, онда капиталистік өндіріс әдісі барған сайын толық үстемдік алуда.

Өндіріс құрал-жабдықтарының (жер мен фабрикалардың, құралдар мен машиналардың, темір жолдардың және басқа қатынас құралдарының) аса маңызды бөлігі сан жағынан біршама аз ғана капиталистер мен ірі жер иелерінің жеке меншігі ретінде солардың қолына жинақталады.

Қызметкерлердің барған сайын неғұрлым көпшілігі өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылып (жоғалтып), өз жұмыс күшін сатуға мәжбүр болады. Сөйтіп, жалдама жұмысшылар (пролетарлар) меншікшілердің табысын өз еңбегімен жасап, соларға тәуелді жағдайда болып шығады.

Қызметкерлердің неғұрлым көпшілігі өз жұмыс күшін сатуға мәжбүр етіледі, жалдама жұмысшыларға айналады, бұлар меншікшілердің байлығын өз еңбегімен жасап, соларға тәуелді болады.

Капитализмнің дамуы ірі кәсіпорындардың санын, мөлшері мен шаруашылық маңызын барған сайын арттыра түседі, ұсақ дербес өндірушілердің (шаруалардың, майдагерлердің, қолөнершілердің) тұрмыс жағдайын нашарлатады, бұлардың біреулерін капиталдың малайлары мен алым-салық төлеушілеріне айналдырады, енді біреулерін пролетариаттың қатарына ығыстырып шығарады.

Техникалық прогресс неғұрлым ілгері басқан сайын капиталистердің жұмысшыларды қанау дәрежесін күшейтуге соғұрлым көп мүмкіндігі болады, жұмыс күшіне сұранымның артуы жұмыс күші ұсынымының артуынан соғұрлым көп артта қалады. Өмір сүрудің қамтамасыз етілмеуі мен жұмыссыздық, қанаудың езгісі және қорлау атаулының бәрі еңбекші халықтың барған сайын қалың топтарын қамтиды.

Капитализмнің негізгі қайшылықтарынан сөзсіз туатын өнеркәсіп дағдарыстары бұл процесті онан сайын шиеленістіреді. Бұқараның кедейлігі мен қайыршылығы өндірілген товарларды өткізу мүмкіндігін таба алмау салдарынан қоғамдық байлықтың ысырап етілуімен қатар болып отырады.

Сөйтіп, қоғамдық еңбектің және барған сайын қоғамдастырылып отырған еңбектің өндіргіш күштерінің орасан дамуы мына жағдаймен қатар жүріп отырады: бұл дамудың басты пайдасының бәрін халықтың болмашы азшылығы өз монополиясына алады. Қоғамдық байлықтың өсуімен қатар қоғамдық теңсіздік өседі, меншікшілер табы (буржуазия) мен пролетариат табының арасындағы тұңғиық тереңдеп, кеңейеді *.

1902 ж. 25 январь мен 18 февраль (7 февраль мен 3 март) аралығында жазылған

Бірінші рет 1924 ж. Лениннің II жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбаның сыртқы бетінде қарындашпен былай деп жазылған: «...еңбекші бұқараға полициялық-чиновниктік қамқорсуды кеңейтудің немесе оны ығайтудың қандайымен болса да байланысты реформаторлық жобалардың бәрін де үзілді-кесілді қабылдамайды...» Бұл тұжырымды В. И. Ленин «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасы жобасының» қорытындысына жасалған түзету ретінде ұсынған (қараңыз: осы том, 231-бет). *Ред.*

9

ПРОГРАММА ЖОБАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ЖӘНЕ ФАБРИКАЛЫҚ БӨЛІМДЕРІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ҚОСЫМШАЛАР

«Ал ескі крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мақсатымен ол мынаны көздейтін болады».

Былай деп қосымша енгізсе қайтер еді: «және деревняда тап күресін еркін өрістету мүддесі үшін».

Мұның *керектігін* біз өзімізді бұл жерде де *буржуазиялық демократиядан* үзілді-кесілді ажыратып алуға тиіс екендігіміз дәлелдеп отыр, өйткені буржуазиялық демократияның қай түрі болсын, әрине, тек қана бірінші дәлелдемені жақтайды.

* *
*

NB: *фабрикалық* бөлімге мынау қосылсын:

Жұмысшыларды жалдау туралы барлық шарттар бойынша және шарт атаулының бәрі бойынша ақы төлеудің апталық мерзімін заңмен белгілеу.

1902 ж. 25 январь мен 18 февраль (7 февраль мен 3 март) аралығында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ПЛЕХАНОВ ПЕН АКСЕЛЬРОДТЫҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІНЕ БЕРІЛГЕН ЖАУАПТАР [157]

«4. шаруалар комитеттерін құру, құрғанда:

а) крепостниктік правоны жойған кезде шаруалардан алынған және шаруаларды кіріптар ету үшін помещиктердің қолында құрал болып отырған кесінді жерлерді селолық қоғамдарға (экспроприациялау жолымен немесе — егер жер қолдан қолға өтіп кеткен болса,— сатып алу, т. с. жолмен) қайтарып беру үшін құру...» *

Плеханов. *NB.* Мынаны ескеруді сұраймын: *экспроприация* (№ 3) *сатып алуды* ескермейді емес; *сатып алу экспроприацияны* ескермейді емес (дәлелдеудің керегі жоқ) «сатып алу, т. с.» (№ 2) — жай ғана сатып алу деген сөз,— «т. с.» алып тастау керек. Ал жақшаның ішінде тұрған сөздерді мынадай сөздермен ауыстыруға болады (егер 1861 жылдан кейін жер [жер*лер* емес] (№ 1) сатып жіберу арқылы басқалардың қолына өткен болса, сатып алу арқылы). Сонда басқа реттерде жерді қайтарып беру қазіргі жер иелеріне ақы төленбей жүргізілетіні айқын болады. Ал егер жер басқалардың қолына

№ 1 — программада «жерлер» деп тұр екен, онда жақшаның ішіне «жер» деп қою — грамматикаға қайшы келеді.

№ 2 — «т. с.» — жерді жерге айырбастауды да, жерге сервитутты да, қайта межелеуді де *және басқаларды* да қамтиды. Сондықтан алып тастау мүлде дұрыс емес.

№ 3.— «экспроприация» әдетте меншіктен *айыруды*, яғни ақысын төлемей алып қоюды көздейді. Сондықтан оны сатып салуға

* Қараңыз: осы том, 336—337-беттер. *Ред.*

мұрагерлік жолымен, немесе *сыйлау*, немесе *айырбастау* жолымен өткен болса, онда сатып алу болмауға тиіс. Мен мұны біз өзгертуге үлгереміз деп ойлаймын.

Аксельрод. *Қосыламын*. П. А.

қарама-қарсы қою, ескертулердің авторына көрінгеніндей, тіпті де онша оғаш емес.

«Біз крепостниктік қатынастардың барлық қалдықтарына қарсы күресуге міндеттіміз,— бұған социал-демократтың ешбір күмәпы болмауға тиіс, ал бұл қатынастар буржуазиялық қатынастармен әбден шатасып араласып кетіп отырғандықтан, бізге міндеттің күрделілігінен қорықпай, бұл шатақтың, былай деп айтуға рұқсат болса, нағыз өзегіне жетуімізге *тура* келеді» *.

Плеханов. Өзегінің қандай екенін білу үшін — *рұқсат* сұраудың қажеті жоқ.

? ?

«... жұмысшыларға қатысты бөлімде *буржуазияға* қарсы бағытталған талаптардың бар екендігінде, ал шаруаларға қатысты бөлімде *крепостник-помещиктерге* қарсы (бұл терминді біздің поместьелік дворяндарға қолдану мәселесі сондай талас мәселе болмағанда, мен феодалдарға қарсы деп айтар едім[1]) бағытталған талаптардың бар екендігінде.

[1]) Мен өз басым б[illegible] мәселені қуаттау мағынасында шешуге бармы[illegible]рақ қазіргі жағдайда бұл шешімді дәлелдеп [illegible]удың және тіпті ұсынып жатудың, әрине, орны [illegible] уақыты да емес, өйткені қазір әңгіме аграрл[illegible] программаның коллективтік, жалпы редакциялық жобасын қорғау туралы болып отыр» **.

Аксельрод. NB. Шынында да, *программалық* кітапшада алауыздық жөнінде мұндай ишаратты білдірмеген жақсы болар еді.

«Ал күрестің түпкі нәтижесіне жеткенге дейін, күрестің барысы кезінде, *барлық* максимумға, бәлкім, біз қо-

* Қараңыз: осы том, 341-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 343-бет. *Ред.*

лымызды жеткізе алмаспыз деп алдын ала кесіп-пішуге тырысу — барып тұрған филистерлікке ұрыну деген сөз» *.

П л е х а н о в. Барлық максимумға біз қолымызды жеткізе алмаспыз деп «кесіп-пішуге тырысу...» және басқалар — мұның өзі тым жатық емес. Бұл сөздерді мен текстіде жазған сөздермен ауыстыруды ұсынамын **. Бұл ұсынысты *дауысқа қоюды* сұраймын. *Дәлел:* қарсыластар жағының келемежінен қауіптену.

Сондай-ақ автордың орыс феодализмі туралы пікірлерін *алып тастау* туралы менің ұсынысымды *дауысқа қоюды ұсынамын. Дәлел:* былайша айтқанда, жалпы *редакциялық* мақалада мұндай пайымдаулардың орынсыздығы. Авторлардың ескертулері редакцияда *алауыздық* бар екен деген ойға қалдырады.

А к с е л ь р о д. Мен жоғарыда осы мағынада айттым да.

Аздап әдептілік сақтау ескертпелердің авторына өзі тілеп отырған *стиль* өзгерістерін (нашарлату емес пе?) *дауысқа* қоюды талап етуінің тым орынсыз екенін байқатқан болар еді. Дәл сол сияқты «феодализм» туралы кішкентай мәселе үшін «алауыздықтар» жайында айқай-шу көтереді деп (Мартыновтар?) қорқуы да күлкінді келтіреді. Мен өте жалпылама айттым.

««Біздің қозғалысымыз» — социал-демократиялық жұмысшы қозғалысы. *Оған* шаруалар *бұқарасы* тіпті де «қосыла» алмайды: бұл неғайбіл іс емес, *мүмкін болмайтын* нәрсе, сондықтан ол туралы ешқашан да әңгіме болған жоқ. Ал крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы (және соның ішінде самодержавиеге қарсы) «қозғалысқа» шаруалар бұқарасы *қосылмай тұра алмайды*» ***.

П л е х а н о в. (*Қосылу* туралы сөйлемде) «шаруалар бұқарасы» деген сөздердің орнына: өз қалпында алынған, яғни

Қараңыз: 28-беттің сыртқы жағы ****.

* Қараңыз: осы том, 345-бет. *Ред.*

** Плеханов бұл сөйлемді төмендегіше етіп өзгертуді ұсынды: «Ал күрестің түпкі нәтижесіне жеткенге дейін, күрестің барысы кезінде, мынадай ойлармен өзіңді өзің тоқтату...». *Ред.*

*** Қараңыз: осы том, 345—346-беттер. *Ред.*

**** Плехановтың ескертпесіне мұның алдында берілген жауапты қараңыз. *Ред.*

сословие ретінде алынған және, оның үстіне, *біртұтас* топ деп танылатын шаруалар бұқарасы, деген сөздерді қоюды ұсынамын, т. т.

Осыны дауысқа қоюды сұраймын.

Аксельрод. Қосыламын. П. А.

«Пролетариат пен буржуазияның арасында үзілді-кесілді тартыс тек республика ішінде ғана бола алады деген идеяны біз кең таратуымыз керек, барлық орыс революционерлерінің арасында және мүмкіндігінше орыс жұмысшыларының қалың бұқарасы арасында республикалық дәстүрді *енгізіп* орнықтыруымыз керек, біз осы «республика» деген ұран арқылы мемлекеттік құрылысты демократияландыру жолындағы күресте артқа жалтақтамай, ақырына дейін алға баратынымызды айтуымыз керек...» *

Плеханов. Пролетариат пен буржуазияның арасында үзілді-кесілді шайқас тек республика жағдайында ғана бола алады деген идеяны біз таратуымыз керек, деген сөздерді мен өшіріп тастауға кеңес беремін (*осыны дауысқа қоюды сұраймын*). Мысалы, Англияда саяси даму республика арқылы өтуге тиіс дегенге мен тіпті де сенбеймін. Монархия онда жұмысшыларға оны-мұны жөпінен кедергі жасай қояр ма екен, сондықтан монархияның жойылуы социализмнің салтанат құруының *алғы шарты емес,* қайта оның *нәтижесі* болады.

Аксельрод. Ұсынысты жақтаймын. П. А.

Англияның дәл ерекше жағдайына байланысты оның мысалы онша орынды емес. Сондықтан *енді* келіп Россияны Англиямен салыстыру жұртшылық арасында есепсіз көп қате түсініктер тарату деген сөз. Маркс (1875) пен Энгельстің (1891) Германияда республика болуын талап ету туралы ескертпелері [158] нақ республиканың «қажеттігін» көрсетеді,— ал өзгешеліктер барлық жерде болуы мүмкін.

«Сонымен, 4-пункттің бүкіл мазмұнын, түсінікті болуы үшін, «кесінді жерлерді қайтару» деген сөздермен айтуға болады. Мұндай талап жөніндегі идея қалай

* Қараңыз: осы том, 347—348-беттер. *Ред.*

пайда болды? деген сұрақ туады. Крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын мүмкіндігінше толық жоюға шаруаларды итермелеуге және оларға көмектесуге тиіспіз деген жалпы және негізгі қағидадан жасалған тікелей қорытынды ретінде пайда болды. Мұнымен «бәрі келіседі», рас емес пе? Иә, ал егер осы жолға түсуге келіседі екенсіз, онда соның бойымен өз бетіңізше алға жылжуға еңбек етіңіз, сіздерді сүйреуге мәжбүр етпеңіздер, бұл жол түрінің «дағдылы еместігі» жөнінде жүрексінбеңіздер, көптеген жерлерде сіздер ешқандай даңғыл жол таппасаңыздар да, абыржымаңыздар, жардың жиегімен жағалауға да, ну орманды кесіп өтуге де, апаннан қарғып кетуге де тиістісіздер. Жол жоқ екен деп шағым етпеңіздер: бұл шағымдарыңыз пайдасыз қыңжылу болады, өйткені қоғамдық прогрестің барлық күштерімен түзетілген және тегістелген даңғыл жолға түспей, қиыр шеттер мен алыс түкпірлердің соқпақ жолдарына түсетіндеріңізді сіздер алдын ала білуге тиісті едіңіздер, ал бұлардан шығуға жол бар, бірақ тура, тегіс және оңай жолды сіздер де, біздер де, басқа біреулер де ешқашан таба алмайды,— «ешқашан», яғни жалпы осы құрып бара жатқан, құруы жан қинарлық ұзаққа созылатын қиыр шеттер мен алыс түкпірлер әлі бар тұрғанда таба алмайды.

Ал осы алыс түкпірлерге бас сұққыларыңыз келмейді екен,— онда мұны тура айтыңыздар, құрғақ сөздермен шығарып салмаңыздар» *.

Плеханов. Осы бетті өшіріп тастау туралы мәселені дауысқа қоямын. Өзінен-өзі айқын және дәйекті пікірге бұл бет біраз фельетондық сипат беріп тұр. Кесінді жерлерді қайтарып беру туралы талап қою үшін «жардың жиегімен еңбектеудің» керегі жоқ, т. с. Бұлайша бейнелеп айтушылық автордың өзі «кесінді жерлерді» өз көзқарасымен түгелдей орайластырмаған деген ой туғызады.

Редакциядағы серіктесі жөнінде мұндай *өрескел* сарынды ескертпелер жасау *орынды ма?* және егер *бәріміз* бір-бірімізді **осылай** беттен ала берсек қайда барып тоқтаймыз??— деген мәселені дауысқа қоямын.

* Қараңыз: осы том, 354—355-беттер. *Ред.*

Аксельрод. Мен бұл бетті «Бұған» деген сөзден бастап келесі беттің аяғына дейін алып тастауды ұсынамын (47). П. А.

«Россияның барлық экономикалық зерттеулерінде сан рет көп айтылған барщиналық шаруашылықтың тікелей қалдықтарын сақтап отырған әйтеуір бір ерекше заң емес, іс жүзінде қолданылып отырған жер қатынастарының күші. Мұның осылай болып отырғаны соншалық, белгілі Валуев комиссиясының алдында куәлар тура былай деген: егерде крепостниктік правоға заңмен тікелей тыйым салынбаса, ол, сөзсіз, қайта орнаған болар еді. Демек, екінің бірі: не шаруалар мен помещиктердің арасындағы жер қатынастарына мүлде жоламау керек,— онда қалған мәселелердің бәрі «оп-оңай» шешіледі, бірақ онда сіз крепостниктік шаруашылықтың деревнядағы неше түрлі қалдықтарының басты негізіне де тимейсіз, онда сіз крепостниктер мен кіріптар шаруалардың ең ынтызар мүдделерін қозғайтын көкейтесті мәселеден, ертең немесе одан арғы күні Россияның нағыз толғағы жеткен әлеуметтік-саяси мәселелерінің бірі бола алатын мәселеден «оп-оңай» бойыңызды аулақ саласыз. Не «экономикалық кіріптарлықтың артта қалған формаларының» негізіне де, яғни жер қатынастарына да тоқтағыңыз келеді,— онда сіз бұл қатынастардың жеп-жеңіл әрі оп-оңай шешіле қоймайтын сондай күрделілігімен және бытысқандығымен есептесуге тиістісіз. Онда сіздің бытысқан мәселенің біздер ұсынған нақты шешіміне наразы бола отырып, бытысушылыққа жалпы «шағым етумен» бас сауғалауыңызға *қақыңыз жоқ,* қайта оны өз бетіңізше ұғынуға әрекет етіп, басқа нақты шешім ұсынуға *тиістісіз.*

Қазіргі шаруалар шаруашылығында кесінді жерлердің қандай маңызы бар екені — іс жүзінде айқын мәселе» *.

Плеханов. Мен «оп-оңайлық» пен «оңай еместік» туралы пікірлердің бәрін алып

Алдыңғы пікірге қорытынды жасау ретіндегі

* Қараңыз: осы том, 355—356-беттер. *Ред.*

тастауға, сөйтіп мақаланы «Кесінді жерлердің және басқа мәселелердің қандай маңызы бар» деген сөздерден бастауға кеңес берер едім. Мақала бұдан ұтып шығады, өйткені осы көрсетілген жердің бәрі мақаланы өзінің сұмдық (??) шұбалаңқылығымен бүлдіріп тұр. Дауысқа қоюды ұсынамын.

(және тіпті бізге тілектес адамдардың *есепсіз көп* ескертпелеріне жауап ретіндегі) оп-оңайлық туралы пікір тіпті де керексіз емес. сондықтан мен оған тимеуге кеңес беремін.

«Жұмыспен өтеу деревняда техниканың тоқырауына және *барлық* қоғамдық-экономикалық қатынастардың тоқырауына себеп болады, өйткені осы жұмыспен өтеу ақша шаруашылығының дамуына және шаруалардың жіктелуіне кедергі жасайды, помещикті бәсекенің (ол техниканы жоғарылатудың орнына жарты ақысына жұмыс істеушінің үлесін азайтады; айтпақшы, бұлай азайту реформадан кейінгі дәуірде көп жылдар бойына біркатар жерде болған) ширатушы ықпалынан (біршама) құтқарады, шаруаларды жерге байлап-матайды, сол арқылы қоныс аударушылықтың және шет кәсіптердің, тағы сондайлардың дамуын тежейді» *.

Плеханов: «Және шаруалардың жіктелуіне» деген сөздерді сызып тастауды ұсынамын; бұл сөздер өзінше алғанда қалай да мақұлдауға тұрарлық шараға қарсы оқушының теріс ұғынысын туғызуы мүмкін. Ал бұл сөздерді қалдырғыңыз келсе, онда оларды толықтырыңыз, бұлардан өзіңіздің нені ұғынатыныңызды түсіндіріңіз (ескертуде болса да). Дауысқа қоюды сұраймын.

Қандай? *кімде* теріс ұғыныс туғызады? неге? — түк түсініксіз.

Бұдан әрі: біршама құтқарады дегеннің мәні нендей? «Біршама» деген сөз бұл арада жанаспай тұр.

Оп-оңай нәрсе. Мұның мәнісі: Россиядағы қазіргі жағдаймен *салыстырғанда* біршама құтқарады (мысалы, Америкамен салыстырғанда емес).

* Қараңыз: осы том, 357—358-беттер. *Ред.*

«Шынында да: кесінді жерлер жұмыспен өтеу жүйесінің ең басты негіздерінің бірі екенін, ал бұл жүйе крепостниктік тәртіптің капитализм дамуын бөгейтін тікелей қалдығы екенін жалпы жұрт мойындап отыр, ендеше кесінді жерлерді қайтару жұмыспен өтеу ісінің іргесін бұзып, қоғамдық-экономикалық дамуды жеделдететініне қалай күмәндануға болады?» *.

Плеханов. Нақ сондықтан да мұны соншама ұзақ дәлелдеп жатудың керегі жоқ.

Бұл асығыс қорытынды. Осы беттің (55) аяғы мен келесі беттің басын қара **.

«Менің байқауымша, «кесінді жерлерге қарсы» айтылып жүрген пікірлердің *бәрі* осы төрт пункттің бірі болмаса біріне тура келеді және де қарсы болушылардың көпшілігі (Мартынов та соның ішінде) кесінді жерлерді қайтару талабын принцип жағынан дұрыс емес, саяси жағынан тиімсіз, практикалық жағынан жүзеге аспайды, логикалық жағынан дәйекті емес деп, осы төрт сұрақтың бәріне қарсы жауап берді» ***.

Плеханов. Мартыновты алып тастауды ұсынамын: ол барлық жерге тым көп-ақ тықпаланған екен.

Аксельрод. Иә, des Guten, яғни Мартынов, mehr als zu viel ****. П. А.

Қараңыз: 28-беттің екінші жағы *****.

Мартынов біздің көптеген достарымыз қайталаған дәлелдерді келтірді. Бұл дәлелдерді жауапсыз қалдыру және Мартынов істің мәні жөнінде сөз етіп отырғанда бұған тоқтамай кету тым *әдепсіздік* болар еді.

«Егер келесі тарихи кезеңде, осы әлеуметтік-саяси «конъюнктураның» ерекшелігі жойылған кезде, айта-

* Қараңыз: осы том, 358-бет. *Ред.*

** В. И. Ленин өз мақаласының VII тарауының басын айтып отыр (қараңыз: осы том 358—359-беттер). *Ред.*

*** Қараңыз: осы том, 359-бет. *Ред.*

**** — Иә, бұл нәрсе, яғни Мартынов, көптен де көп. *Ред.*

***** В. И. Лениннің Г. В. Плеханов ескертпесіне берген, осы томның 469-бетіндегі жауабы айтылып отыр. *Ред.*

лық, шаруалар меншікшілердің болмашы бір бөлігінің берген болмашы садақаларына қанағаттанып, пролетариатқа қарсы батыл түрде «шулай» шыға келетін болса, егер сол кезде біз өзіміздің программамыздан крепостниктік тәртіптің қалдықтарымен күресуді алып тастасақ, біз өзімізге өзіміз ешбір қайшы келмеген болар едік. Онда, бәлкім, бізге программадан самодержавиемен күресуді де алып тастауға тура келер, өйткені саяси бостандыққа *дейін* шаруалар нағыз жексұрын және ауыр крепостниктік езгіден құтылады деп есептеуге ешбір болмайды» *.

Плеханов. «Егер келесі тарихи кезеңде» деген сөздерден басталып, «есептеуге ешбір болмайды» деген сөздермен аяқталатын жерді алып *тастауды ұсынамын.* Бұл сөздер алдыңғы пікірдің дәлелділігін *күшейтудің* орнына оны *әлсіретіп* тұр.

Аксельрод. Жақтаймын. П. А.

Бұл сөздерді алып тастамау керек, өйткені бұл сөздер *қажетті* сақтық жасаушылықтан туған. Әйтпесе бізді кейін алды-артын ойламаған деп оп-оңай айыптауы мүмкін.

«Бізге былай деп қарсы болады: «жұмыспен өтеу шаруашылығы капитализмнің қысымына қаншама баяу берілгенмен, әйтеуір, соған беріледі,— ол ол ма: жұмыспен өтеу шаруашылығы толығынан жойылып та бітпекші; жұмыспен өтеу шаруашылығының ірісі ірі капиталистік шаруашылыққа тікелей орын беруде және орын береді де. Сіздер шын мәнісінде ірі шаруашылықты ұсақтайтын шаралармен (біртіндеп болса да, әйтеуір ұсақтаушылықпен) крепостниктік тәртіпті жою процесін тездеткілеріңіз келеді. Осы арқылы сіздер келешектің мүддесін қазіргі мүддеге құрбандық еткен болмайсыздар ма? Шаруалардың жақын арада крепостниктік тәртіпке қарсы көтерілісінің неғайбіл мүмкіндігіне бола сіздер село пролетариатының капитализмге қарсы азды-көпті алыс келешекте болатын көтерілісін қиындатасыздар!»

Мұндай пікір, бір қарағанда қандай нанымды көрінсе де, мейлінше сыңар жақ пікір...» **

* Қараңыз: осы том, 360—361-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 361—362-беттер. *Ред.*

Плеханов. Мұның өзі алғаш қарағанда-ақ тым онша сендірерлік емес. Бұдан әріп кемірушілік иісінің аңқып тұрғаны соншалық, оған аз тоқтаса жақсы болған болар еді: социал-демократтар үшін ұят. Әсіресе қазір, мыңдаған орыс шаруалары ескі тәртіпті жою үшін *көтеріліп* отырғанда, ұят-ақ. Бұл дәлелді тіпті алғаш қарағанның өзінде де сендірерлік емес деп жариялау ұсынысын дауысқа қоюды сұраймын.

Аксельрод. Меніңше, Мартынов à la дұшпандарға айтылған қошемет сөздерді алып тастау керек. П. А.

Меніңше, бұл арада дұшпандарды теріске шығарып отырғанда, «дұшпандарға қошемет сөздер айтылды» деп білу адам күлерлік (мұның өзі іс жүзінде де дұрыс емес, өйткені бұл дәлелді «Искраның» ең жақын достары хаттарында қайталаған-ды). Ал ескертпелер авторының олар жөнінде айтып отырған *былапыт* сөздерінің түкке керегі жоқ.

«... бұл барлық еңбекші село халқының қарсылығы мен дербес күресінің рухына *нағыз терең әсер етпей қала алмас еді»* *.

Плеханов. «Дербес күрес» дегеніміз не?

1902 жылы апрельдегі Бельгияны қара [159]. Ол осы «қиын» сұраққа жауап береді.

«Ал кейін біздің батырақтардың, жартылай батырақтардың социализмге өтуін жеңілдету үшін барлық еңбекші және қаналушы бұқараға өзін олардың көсемі және өкілі деп тануды үйрете отырып, толғағы жеткен және бытысқан «жат» (пролетарлық емес) мәселелерді шешуге қатысудан бас тартпай, ұсақ шаруалар үшін «барлық мүмкін болатынды» істей отырып, социалистік партияның *қазірдің өзінде* ұсақ шаруаларды «жақтай» бастауының маңызы мейлінше зор» **.

Плеханов. «Барлық мүмкін болатын» деген сөздер неліктен таңбалардың ішіне («тырнақшаларға») алынған? Түсініксіз. Оның үстіне «жартылай батырақтардың» жағ-

Тырнақшалар қоюда әркімнің өз мәнері бар екенін түсіну сонша қиын болып па? Әлде ескертпелердің авторы тырнақша-

* Қараңыз: осы том, 362-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда. *Ред.*

дайы туралы мәселе пролетариат үшін тіпті де жат емес. Қазір бұл сөзді тырнақшаларға алып болса да қолдану саясатқа мүлде жанаспайды.

ларды да *«дауысқа қоюды»* тілей ме? Мұның өзі соған ұқсайды!

«Ескі тәртіптің барлық қалдықтарын жоюдағы *өзінің*, былайша айтқанда, міндеттерін орындауда орыс буржуазиясы «кеш қалды»,— сондықтан бұл кемшілікті біз түзетуге тиістіміз, түзеткенде ол кемшілік әбден түзетіліп болғанға дейін, бізде саяси бостандық болған кезге дейін түзетеміз, шаруалардың жағдайы білімді буржуазиялық қоғамның барлық дерлік бұқарасының социализмге қарсы бейнебір ең күшті тірек «қирамайды-мыс» деген консерваторлық сезіміне (мұны біз Батыста көріп отырмыз, онда әлгі көрсетілген сезім аграрийлер мен pur sang * консерваторлардан бастап, либералдық және еркін ойлы буржуаға дейін және тіпті ең ақыры... бұл Чернов мырзалар мен «Вестник Русской Революцииді» ызаландыру үшін айтылған болмасын!.. аграрлық мәселедегі сәнқой «марксизм сыншыларына» дейінгі барлық партиялардан байқалып отыр) дем бермей, қайта бұл бұқараның наразылықты күшейтуіне (мұны Россияда көріп отырғанымыз сияқты) дем беретіндей кезіне дейін түзетеміз» **.

Плеханов. Мұндағы «Вестник Русской Революции» деген сөздерді алып тастауға *өте-мөте кеңес беремін*. Бұл сөздердің қасында Черновтың есімі тұр, сондықтан бізді абайсыз жақындасу, ишара жасау жөнінде, жасырын атты әшкерелеп қоя жаздау жөнінде айыптаулары мүмкін. Будан қайткенде де қашу керек.

Қосыламын, бірақ ең жақсысы «Чернов» дегенді алып тастайық.

«Жерді национализациялау — бұл басқа мәселе. Бұл талап (егер мұны социалистік мағынада емес, буржуазиялық мағынада түсінсе) кесінді жерлерді қайыру талабынан шынында «әрі барады» және принципінде біз

* — таза қанды. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 364-бет. *Ред.*

бұл талапқа толық қосыламыз. Белгілі бір революциялық кезеңде біз оны ұсынудан, әрине, бас тартпаймыз» *.

Плеханов. Бұл ескертпеге толық қосыламын[160]. Мәселенің бүкіл *«түйіні»* нақ осында.

Аксельрод. Онша түсінбеймін; жоғарыда Сіз аграрлық программаның әлеуметтік-революциялық сипатын тамаша анықтап бергенсіз, оның үстіпе, жерді национализациялау *көтеріліс* ұраны ретінде де — қазір революцияға қарсы. Бергтің ұсынысына қосыламын.

Ескертпенің *түзетілмеген* мақалаға қатысты екенін «қосылушы» босқа ұмытқан. Аздап көңіл аударса болғаны, ол бұл аңғырттық қатеден аулақ болар еді.

«Бірақ қазіргі программамызды біз революциялық көтерілістің заманы үшін ғана жасамаймыз, тіпті көбіне ол үшін де емес, көбіне саяси құлдықтың заманы үшін, саяси бостандықтың алдында болатын заман үшін жасаймыз. Ал мұндай заманда жерді национализациялау талабы крепостниктік тәртіппен күресу мағынасында демократиялық қозғалыстың тікелей міндеттерін *анағұрлым әлсізірек* көрсетеді» *.

Плеханов. Бұрын біздің нақ аграрлық программамыз— әлеуметтік-революциялық программа екені туралы айтылған-ды.

Полициялық мемлекетте жерді национализациялау бұл мемлекетті жаңадан орасан зор үлкейткендік болар еді. Сондықтан бұл арада «анағұрлым әлсізірек көрсетеді» және сондайлар деп айтылғаны сияқты айтуға болмайды. Шаралардың бірі *революцияшыл,* ал екіншісі *реакцияшыл.*

Аксельрод. Плехановтың ұсынысы Берг ескертпелерінің және алдыңғы беттегі

Дұрыс емес. Национализация атаулының бәрі бірдей және әрқашан да «реакцияшыл» болмайды. Бұл — «артық кеткендік».

* Қараңыз: осы том, 366-бет. *Ред.*

менің ескертпемнің мағынасымен сәйкес келеді.

Егер ескертпелердің авторлары тіпті мақаланы *екінші рет* оқығанда түзетулерді дәл тұжырымдауға еңбек еткісі келмесе (бұл талап әдейі қабылданып, жұрттың бәріне хабарланса да),— онда жалпы «қайта жөндеу» туралы (ал сонан соң қайта жөндеу тексті туралы??) дауысқа қоюлар арқылы мұны кешеуілдете беру бітпейтін болады. Қол қойылған мақала авторының өзінше *пікір айтуынан* онша қорқа бермеу күнә болмас еді.

«Міне, сондықтан біз қазіргі қоғамдық құрылыстың негізіне сүйенетін аграрлық программамыздың максимумы шаруалар реформасын демократиялық жолмен қайта қараудан әрі кетпеуі керек деп ойлаймыз. Жерді национализациялау талабы принципінде толық дұрыс және белгілі кезеңдер үшін толық жарамды болғанымен, қазіргі кезеңде саяси жағынан жөн болмайды» *.

Плеханов. Бергтің ескертпесіне *қосыламын* [161]. Бірақ былайша тұжырымдауды ұсынамын: полициялық мемлекетте жерді *национализациялау* зиянды, ал конституциялық мемлекетте жерді национализациялау *барлық* өндіріс *құрал-жабдықтарын* национализациялау талабына оның *бөлігі ретінде* кіреді. *Дауысқа қоюды сұраймын.*

Аксельрод. Қосыламын. П. А.

Қараңыз: 75-беттің сыртқы жағы **.

* Қараңыз: осы том, 367-бет. *Ред.*

** В. И. Лениннің Г. В. Плеханов ескертпесіне берген, осы томның 478-бетіндегі жауабы айтылып отыр. *Ред.*

«Соттың мұндай құрамы оның демократизмін де, село халқының түрлі жіктерінің түрлі таптық мүдделерін еркін білдіруін де қамтамасыз етер еді» *.

Плеханов. Бұл арада сөз құрау мәнері тым нашар. Оны түзету туралы ұсынысты дауысқа қоюды ұсынамын.

Аксельрод. Не жөнінде?

«Дауысқа қоюды» ойыншық ету туралы «тым нашар» ұғым! Бізге басқа істейтін ештеме жоқтай!

«... жұртқа мәлім, біздің деревнямызда аренданың буржуазиялық сипатынан гөрі крепостниктік сипаты көбірек кездеседі, сондықтан аренда төлемі капиталистік рентадан (яғни кәсіпкер пайдасының артық қалғандығынан) гөрі анағұрлым «ақшалай» (яғни қайта құрылған феодалдық) рента болып табылады. Демек, аренда ақысының кемітілуі крепостниктік шаруашылық формаларының орнына капиталистік шаруашылық формаларын құруға тікелей ықпал етер еді» **.

Плеханов. Автор орыс феодализмі туралы айтпауды уәде еткен еді (жоғарыда айтылғанды қараңыз), бірақ уәдесінде тұрмады. Өкініштi. Мұндағы *феодалдық* (рента) деген сөзді алып тастау туралы ұсынысты *дауысқа қоюды* сұраймын.

Өтірік. Кімде-кім «жоғарыда айтылғанды қарайтын» болса, ол автордың мұндай ештемені «уәде» етпегенін көреді. Ал автор мұның *жалпыға ортақ пікір емес екенін* әдейі ескерткен екен, онда бұл арада жоқтан өзгеге байлапысу асқан әдепсіздік болады.

«Сондықтан «селолық қоғамдардың мәдени және қайырымдылық жасау мұқтаждығы үшін» барған сайын жиі-жиі ерекше «қорларды» құруға (әрине, бұл мүлде болымсыз және ашығушылардың пайдасына жұмсалғанынан гөрі қазынаны жеушілер мен бюрократтардың ұрлауына көбірек кететін «қор») тіпті самодержавиенің өзі мәжбүр болып отыр. Басқа демократиялық өзгерістер ішінде мұндай қор құруды біз де талап етпей отыра алмаймыз. Бұған таласуға болар ма екен» ***.

* Қараңыз: осы том, 370-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 371-бет. *Ред.*
*** Бұл да сонда, 371—372-беттер. *Ред.*

Плеханов. «Самодержавие» жөнінде айтылған жері *барынша үйлесімсіз шыққан.* Ал мұның өзі бізге қайдағы үлгі? Біз оған жалтақтамай-ақ бірдеме ұсына алмайтын сияқтымыз?

Шаруаларға қайырып беру мынамен дәлелденуге тиіс: оның өзі жұрттың бәрінің жадында екені былай тұрсын, оның үстіне орыс шаруаларының күйзелуіне едәуір жәрдемдескен *«әділетсіздікті»* түзететін революциялық шара болар еді (Мартыновты салыстырыңыз).

P. S. Француз эмигранттары өз миллиардын талап еткенде (реставрация кезінде) [162], олар қайырымдылық жасау туралы сөз еткен жоқ. Олар тап күресінің мәнін жақсы түсінді.

Бұл жерін мүлде қайта жөндеу туралы ұсынысты дауысқа қоюды ұсынамын.

Аксельрод. Плехановтың 90-бетке жасаған ескертпесін салыстырыңыз [163]. Осы ескертпелер мен сол ескертпені зейін қойып оқып шығыңыз — сонда бұл ескертпелермен Сіздің өзіңіз де келісесіз. П. А.

Тінті самодержавиенің өзі де (зәредей болса да) бір қайырымдылық іс бастауға мәжбүр болып отыр, бұл *факт,* мұны корсетуден қорқу кәдімгідей адам таңданарлық. Ал мұның өзі «үлгі» түрінде ұсынылады деу — босқа байланысқысы келген адамның «ойдан шығарған нашар өтірігі».

«Бірақ бұл алымды түгелдей қайтаруға *болмайды ғой,*— деп бізге қарсы шығады.— Дұрыс-ақ (*кесінді жерлерді де түгелдей қайтаруға болмайтыны сияқты*)»*.

Плеханов. Кесінді жерлерді түгелдей неге «қайтарып беруге болмайды? Бұл туралы программада ештеме жоқ.

Бұл арада өзіміз қабылдаған параграфтың мағынасы өзгертілгеніне жұрттың бәрінің назарын аударамын.

Аксельрод. Сіз неге қосымша енгізу арқылы прин-

Мүлде дұрыс емес. Лениннің мақаласында оның қосымшасы *программада айтылған нәрсенің* мағынасын өзгертпейді және өзгерте *алмайды.* Ескертпелердің авторы «заңның мотивін емес, заңды

* Қараңыз: осы том, 372-бет. *Ред.*

ципті шешімді шектеп, әлсіретесіз?

қолдану керек» екені жөніндегі айқын ақиқатты ұмытқан.

«Іс жүзінде жаппай кепілдікті жою (Витте мырза бұл реформаны революцияға дейін-ақ жүзеге асырып үлгірер), сословиеге бөлушілікті жою, әрбір жеке шаруаның жүріп тұру бостандығы мен жерге қожалық ету бостандығы қазыналық-крепостниктік ауыртпалықты сөзсіз және тез жоюға жеткізетіні анық; ал қазіргі жер қауымының төрттен үш бөлігі нақ сондай ауыртпалықта болып отыр. Бірақ мұндай нәтиже біздің қауымға деген көзқарастарымыздың тек дұрыстығын ғана дәлелдейді, капитализмнің бүкіл қоғамдық-экономикалық дамуымен қауымның сыйыса алмайтынын дәлелдейді» *.

Плеханов. Енді оны жою туралы әңгіме болып жүр. Сондықтан осыған қатысы бар жерін өзгерту керек.

«Сондықтан» дегеннің түкке керегі жоқ. «Әңгіме» көптен болып келеді және, *тіпті іске асқан күнде де,* дегенмен ештемені өзгертудің керегі жоқ.

Мұнда «капитализм» дегеннің орнына: біздің заманымыздың бүкіл қоғамдық-экономикалық дамуымен деген сөздерді қоюды ұсынамын. *Дәлел:* қауымды жақтаушылардың алға тартатын «демагогтық сыпы» осымен жойылады.

Осы «демагогия» қорқынышын мүлде керексіз деп есептеймін, өйткені ол мырзалар мұндай *«жаман сынды»* әрдайым шығарып жатады.

«Біз бұған былай деп жауап береміз: біздің тұжырымымыздан әрбір жеке шаруа жерді сөзсіз ерекше учаскеге бөлуді талап етуге праволы деген ұғым әлі шықпайды. Бұдан жерді сату бостандығы ғана шығады, соның өзінде сатылатын жерді қауымдастардың алдымен сатып алу правосына бұл бостандық ешбір қайшы келмейді» **.

Плеханов. Бұл ескертпеге [164] толық қосыламын және

Алынып тасталған жерге қатысты нәрсеге «қосы-

* Қараңыз: осы том, 373—374-беттер. *Ред.*
** Бұл да сонда, 375-бет. *Ред.*

опы дауысқа қоюды ұсынамын.

А к с е л ь р о д. Жақтаймын.

ламын»??!!?? «Дауысқа қою» деген ұсыныстың жақсысын-ай.

«Мұндай қарсылық негізсіз болған болар еді. Біздің талаптарымыз серіктестік одақты жоймайды, қайта қауымның мужик жөніндегі атам заманғы (de facto жартылай крепостниктік) өктемдігінің орнына, *осы замангы* серіктік одақтың бұған өз еркімен кіретін мүшелері жасайтын өктемдігін құрады. Мысалы, атап айтқанда, қауымдастарда өздерінің серігі сататын жерді белгілі жағдайларда сатып алу артықшылығы правосының болуын мойындау да біздің тұжырымымызға қайшы келмейді».

П л е х а н о в. Бұған қосылмаймын. Бұл право шаруалар жерінің құндылығын тек кеміткен болар еді.

Ал жаппай кепілдік ішінара қазірдің өзінде жойылды, ал қалғанын Витте мырза бүгін болмаса, ертең жояды.

Қайшылық. Түсінбеймін: бір жағынан, *мен* серіктестік одаққа өз еркіммен кіремін және одан өз *еркіммен* шығамын. Ал, екінші жағынан, қауымның менің жерімді сатып алуға артықшылық правосы бар. *Бұл арада қайшылық бар.*

Ескертпелердің авторы қауымға дұшпандығынан тым артық кетіп отыр. А. Скворцов мырзалардың және олардың сыбайластарының құшағына түсіп қалмас үшін (ескертпелер авторының түсіп қалып отырғанындай) бұл арада өте абай болу керек. *Белгілі жағдайларда* жерді сатып алу артықшылығы правосы жердің құнын төмендетпейді, қайта арттыруы мүмкін. Мен әдейі жалпы және кең қамти айтып отырмын, ал ескертпелердің авторы шым-шытырық нәрсені бірден шешіп тастауға босқа асығады. Қауымды *(серіктестік одақ ретінде)* абайсыз «теріске шығарумен» біз шаруаларға деген бүкіл «ізгілік ісімізді» оп-оңай бүлдіріп алуымыз мүмкін. Қауым

таралып орналасушылықтың және сондайлардың дағдылы тәсілімен де байланысты ғой, сондықтан тек А. Скворцовтар ғана мұны өз жобаларында опоңай «қайта жөндеп отыр».

«Деревняда тап күресінің еркін өрістеуіне жол ашу үшін крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою қажет, ол қалдықтар қазір село халқының ішіндегі капиталистік антагонизмдердің тууын *бүркемелеп,* оның дамуына мүмкіндік бермей отыр» *.

Плеханов. *Антагонизм* деген сөздің *көпше* қолданылғанын бірінші рет көруім.

Ескертпелердің авторы өзі бірінші рет көретін енді еш нәрсе жоқ деп бекер ойлайды.

* *
*

«Ескертпелер авторының» ескертпелері тек мынаны ғана толық айқын көрсетеді. Егер ол онша маңызды емес мәселелер жөнінде болса да өзімен келіспейтін жолдастардың редакцияда онымен бірлесіп жұмыс істеуін *мүмкін етпеуді* өзіне мақсат етіп қойған болса, онда ол сол игі мақсатына қарай өте тез де тура бара жатыр. Егер ол бұл мақсатына жететін болса, оның зардаптары үшін де өзі жауап беретін болсын.

(1) Ескертпелердің салдыр-салақ жазылғаны соншалық, түзетуге дейін жазылғаны түзетуден кейін жазылғанымен салыстырылмаған.

(2) Түзетулердің тізімі тіпті тура *лақтырып тасталған!* «Айттым бітті, кестім үзілдінің» кері.

(3) Ескертпелердің авторы ұсынып отырған *қайта жөндеудің бірде-бірін* оның өзі тұжырымдамаған дерлік,— мұның өзі кедергілерге жол бермеу қажеттігі жөнінде қабылданған *дәл шартқа қарама-қарсы* істелді.

* Қараңыз: осы том, 376-бет. *Ред.*

(4) Ескертпелер әдейі қорлау сарынында жазылған. Егер мен Плехановтың программа туралы мақаласын (яғни жалпы мәлімдеменің, жалпы программаның және басқалардың жобасын емес, оның нақ *өз «мақаласын»)* осы сарында «талдасам», онда мұның өзі біздің бірігіп жұмыс істеуіміздің біржолата біткені болады. Сондықтан мен де мынаны «дауысқа қоямын»: редакцияның бір мүшелеріне оның басқа мүшелерін *арандатуға* жол беру керек пе, жоқ па?

(5) Редакция мүшелерінің тіпті сөйлеу мәнеріне *дауысқа қою арқылы* қол сұғуға ұмтылушылық — әдепсіздіктен де асып түсіп жатыр.

Ескертпелердің авторы атты жақсы жүргізу үшін тізгінді жиі-жиі және қаттырақ тарта беру керек деп ойлайтын көшірді менің есіме салады. Мен, әрине, «аттан», көшір Плехановтың қарамағындағы аттар*дың* бірінен, артық емеспін, бірақ тіпті шаужайдан тартқылаудан әбден қажыған аттың өзі де тым мазасыз көшірдің аяғын аспаннан келтіретіні де болады ғой.

1902 ж. 1(14) майда жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің III жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОСЫМШАЛАР

БРИТАН МУЗЕЙІНІҢ ДИРЕКТОРЫНА

1

30. Holford Square.
Pentonville. W. C.

Sir,

I beg to apply for a ticket of admission to the Reading Room of the British Museum. I came from Russia in order to study the land question. I enclose the reference letter of Mr. Mitchell.

Believe me, Sir, to be Yours faithfully

Jacob Richter

April 21. 1902.

To the Director of the British Museum.

2

30. Holford Square.
Pentonville. W. C.

4332

Sir,

In addition to my letter and with reference to Your information N 4332 I enclose the new recommendation of Mr. Mitchell.

Yours faithfully

Jacob Richter

24 April 1902.

Бірінші рет 1957 ж. «Иностранная Литература» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БРИТАН МУЗЕЙІНІҢ ДИРЕКТОРЫНА

1

30. Холфорд-сквер.
Пентонвилл. W. C.

Сэр!

Сізге өтініш жасап, Британ музейінің оқу залына кіруге право алатын билет беруді сұраймын. Мен Россиядан аграрлық мәселені зерттеу үшін келдім. М-р Митчеллдің мен жөніндегі хатып қоса тапсырамын.

Сізді, сэр, қатты құрметтеуші

Якоб Рихтер

21 апрель. 1902.

Британ музейінің директорына.

2

30. Холфорд-сквер.
Пентонвилл. W. C.

4332

Сэр!

Өзімнің хатыма қосымша және Сіздің жіберген № 4332 хабарламаңызға жауап ретінде м-р Митчеллдің мен жөніндегі жаңа хатын ұсынамын.

Сізді құрметтеуші

Якоб Рихтер

24 апрель, 1902.

Бірінші рет 1957 ж. «Иностранная Литература» журналының 4-номерінде басылған

Ағылшыншадан аударылды

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Январь — август, 1902)

ТУЫСҚАНДАРЫНА ХАТТАРЫ

В. И. Лениннің анасы М. А. Ульяноваға және апасы А. И. Ульянова-Елизароваға жазған, осы уақытқа дейін табылмаған хаттары жөнінде оның М. А. Ульяноваға 1902 жылы 13(26) февральда, 20 мартта (2 апрельде), 25 апрельде (8 майда) және 25 майда (7 июньде) жазған хаттарынан (қараңыз: Шығармалар, 37-том, 275, 279, 282, 284-беттер), сондай-ақ охранка агенті А. Гартингтің 1902 жылғы 31 марттағы (13 апрельдегі) мәлімдеме хатынан (Москвадағы Орталық мемлекеттік тарих архиві) белгілі болды.

«ИСКРАНЫҢ» ОРЫС ҰЙЫМЫНА ХАТ

1902 жылғы 30 январьдан (12 февральдан) кешірек

1902 жылғы январьдың аяғында искрашылдардың Самарадағы съезінде «Искраның» орыс ұйымының құрылуына байланысты жазылды. Бұл хаттан үзінді «Искра» ұйымының РСДРП II съезіне жасаған баяндамасында келтірілді. «Сіздердің бастамаларыңыз,— деп жазды Ленин,— бізді қатты қуантты. Ура! Дәл солай! кеңірек қамтитын болыңыздар! Және де өздерің дербесірек, инициативашыл бола қимылдаңыздар — сіздер бірінші болып осылайша кеңінен қамти бастадыңыздар, демек, жалғасы да ойдағыдай болмақ!» («Соц.-демократиялық комитеттердің РСДРП Екінші съезіне баяндамалары». М.—Л., 1930, 41-бет).

Л. И. ГОЛЬДМАНҒА ХАТ

1902 жылғы февральдың екінші жартысы — марттың басы

Россияда (Кишиневте) «Искраның» баспаханасын ұйымдастырушы Л. И. Гольдманға 1902 жылдың 9(22) февралына қараған түні Киевте социал-демократтардың жаппай тінтіліп, тұтқынға алынуына байланысты жазылған. «Мен сәтсіздікке ұшырағанымыз жайында Мюнхенге хат жазып, енді не істейтініміз

туралы нұсқау, аман қалған жолдастармен байланыс жасау амалын сұрадым да, өзім Киевке жүріп кеттім...— деп еске түсіреді Гольдман.— Кишиневке қайтып келген соң көп кешікпей Лениннен хат және баспаға арналған бір кітапшаның үлкен қолжазбасы алынды. Ленин бізге өз бетімізбен ештеңе істемеуді ұсынды, бірақ редакция бізді «самаралықтармен» * байланыстыратынын, ешқандай адрес жібермейтінін, өйткені «самаралықтар» бізге өздері келетінін... хабарлады» (Л. И. Гольдман. «Россиядағы «Искра» ұйымы мен баспаханасы (Өзінің жеке естеліктерінен)», М., 1928, 39-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 16(29) марттан ертерек

В. И. Лениннің хаты, сірә, «Искра» редакциясының Мюнхеннен Лондонға көшу жоспарлары жайлы болса керек. «Сіздің хатыңызды жаңа ғана алдым,— деп жазды Потресов 1902 жылы 16(29) мартта Ленинге.— Әлбетте, *егер Женева мен Лондонның біреуін таңдау керек болса, мен сөз жоқ соңғысын қалар едім.* Тек алыстығы болмаса... Әйтсе де Сіз Брюссельдің сенімсіздігін жақсылап талқылап көрдіңіз бе?» (Лениннің III жинағы, 1925, 288-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 24 март (6 апрель)

1902 жылы 26 мартта (8 апрельде) Потресов В. И. Ленинге былай деп жазды: «Сіздің 6-сындағы хатыңызды жаңа ғана алдым... Г. В.-ның хатынан мен оның әжептәуір кеюлі екенін және сепаратистік ниеттерге бой ұра бастағанын сезіп отырмын... Сіздің бүгінгі хатыңыз мені мүлде абыржытып тастады — басқа жерге көшу керек, бірақ тағы да кенет — neu күйінде қала беретін diese alte Geschichte! **» (Лениннің IV жинағы, 1925, 96 және 97-беттер).

Н. А. АЛЕКСЕЕВКЕ ХАТ

1902 жылғы 30 марттан (12 апрельден) ертерек

1902 жылы мартта сол кезде Лондонда тұратын орыс социал-демократы Н. А. Алексеев «Искраның» редакциясы көп кешікпей Лондонға көшетіні туралы хабар алды. «Бұл жөнінде маған бұған дейін жүзбе-жүз таныс емес В. И. Ульянов та жазыпты,— деп еске түсіреді ол.— Владимир Ильич менің атыма Якоб Рихтер деген біреуге арналған хаттар келетінін, ал бұл хаттардың оған тиісті хаттар екенін жазды» (Н. А. Алексеев.

* — «самаралықтар» — Самарада орналасқан «Искраның» орыс ұйымының бюросы (Г. М. және З. П. Кржижановскийлер және басқалар). *Ред.*

** — жаңа күйінде қала беретін осы ескі әңгіме! *Ред.*

«В. И. Ленин Лондонда (1902—1903 жылдар)». Мына кітапта: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 215-бет).

Ю. О. МАРТОВҚА ЕКІ ХАТ

1902 жылғы кеш дегенде 30 март (12 апрель)

«Егер Берг Сізде болса, одан өзінің жоспарлары туралы маған бірер сөз жазып жіберуін өтінсеңіз...— деп жазды В. И. Ленин 1902 жылы 5(18) апрельде П. Б. Аксельродқа.— Ең бастысы: сенбі күні (12) таңертең қалалық почта арқылы оған жіберген менің 2 хатымды ол алды ма екен» (Лениннің III жинағы, 1925, 406-бет).

«ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

1902 жылғы 10 және 20 апрельдің (23 апрель мен 3 майдың) аралығында

««Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақалаға Плеханов пен Аксельродтың ескертпелеріне жауаптардан» көрініп отырғанындай, В. И. Ленин 1902 жылы 20 апрельде (3 майда) П. Б. Аксельрод пен Г. В. Плехановқа екінші рет қарап шығуға жіберген мақаланың қолжазбасына енгізілген түзетулердің тізімін қоса жолдаған (қараңыз: осы том, 484—485-беттер).

«К.-ге ХАТ»

1902 жылғы 20 апрельден (3 майдан) ертерек

1902 жылы 20 апрельде (3 майда) В. И. Ленин П. Б. Аксельродқа былай деп жазды: «Қымбатты П. Б.! Жуырда мен Сізге «К.-ге хатымды» жіберіп, мүлде қол тимей жатқандықтан өзіңізге арнап бір де жол жазбағанмын» (Шығармалар, 34-том, 88-бет).

Г. Д. ЛЕЙТЕЙЗЕНГЕ ХАТ

1902 жылғы 21 апрель (4 май)

1902 жылы 22 апрельде (5 майда) В. И. Ленин Г. Д. Лейтейзенге осының алдында ол Парижге мына адрес бойынша: 130 Mont Parnasse 130 — оған өте маңызды хат жіберіп, одан сол хатта баяндалған шұғыл тапсырманы орындауды өтінгенін хабарлады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

В. В. КОЖЕВНИКОВАҒА ХАТ

1902 жылғы апрель — май

Лондонға аттанып бара жатып, деп жазады өзінің естеліктерінде В. В. Кожевникова, «Владимир Ильич Лондонда баспахана ұйымдастырғанша газет номерлерінің шығуында үзіліс болмауы үшін маған Мюнхенде «Искраның» бірнеше номерін шығара тұруды тапсырды. Бұл жұмысты істеуге Мюнхенде жалғыз мен ғана қалдым... Мен Владимир Ильичке өзімнің барлық қиыншылықтарымды айтып үсті-үстіне жазып жаттым. Және де күн сайын одан уақытылы пункт-пункті бойынша жауап алып отырдым, Лондоннан почта келген сайын дерлік, яғни көбіне күніне 4 рет хат алып отырдым. Жауаптары дәл әрі айқын болатын, сол уақыттың ішінде (бірнеше ай бойы) Владимир Ильич бірде-бір сұрақты жауапсыз қалдырған жоқ... «Искраның» 1902 жылғы апрельдегі номеріндегі бір ұсақ оқиға әлі есімнен кетпейді... Номер түгел басылып болған соң алғашқы даналарын Владимир Ильичке жіберіп, одан газеттің қалай шыққанын сұрадым. Бұған Владимир Ильич: «Номер тамаша шығыпты, сірә, корректор қолын тигізген болса керек» деп жауап берді де, бұдан кейін өзге номерге және түрліше істермен байланысты көптеген сұрақтарға жауап бере келіп, P. S. ретінде: «Тек Апрела деп жазылмайды» депті (В. Кожевникова. «Ескі «Искра» жылдарында (1901—1902 жылдар)».— «Пролетарская Революция», 1924, № 3, 136 және 137-беттер).

А. М. КАЛМЫКОВАҒА ХАТТАР

1902 жылғы апрель — июль

1902 жылы 22 апрельде (5 майда), 29 апрельде (12 майда) және 12(25) июльде В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяға жазған хаттарында А. М. Калмыкова олардың жазған хаттарын алғаны туралы хабарлайды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 1(14) май

Хат, тегінде, В. И. Лениннің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласына Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельродтың ескертпелерін алуына байланысты жазылған болса керек. 1902 жылы 3(16) майда Потресов Ленинге былай деп жазды: «Сіздің 14-інде жазған хатыңызды жаңа ғана алдым, ал мақала әлі жоқ. Асыға күтудемін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 26 майдан (8 июньнен) ертерек

1902 жылы 26 майда (8 июньде) А. Н. Потресов В. И. Ленинге былай деп жазды: «Сіздің хатыңызға, Вл. Ил., жауап қайтаруды кешіктіріп алдым, бұл үшін кешірім сұраймын: менде сондай бір жағдай болып қалды, тіпті дұрыстап хат та жаза алмадым...» (Лениннің IV жинағы, 1925, 104-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы кеш дегенде 1(14) июнь

«Искра» — «Заря» редакциясындағы елеулі алауыздықтар жөніндегі бұл хатты В. И. Ленин Л. И. Аксельрод-Ортодокс арқылы жіберген; 1902 жылы 1(14) июньде ол былай деп жазды: «Аса құрметті Л. И.! Сізден қатты өтінем, мына хатты Арсеньевке (Л. Гр.) табыс етсеңіз немесе оған жібере салсаңыз» (Лениннің XI жинағы, 1931, 334-бет).

Бұған жауап хатында (1902 ж. 16 июнь) Потресов Ленинге былай деп хабарлады: «Сіздің хатыңызды жаңа ғана алдым. Менің ұсынысым мынадай: біздің үшеуіміздің атымыздан үзілді-кесілді *талап* қойылады — не мақала ешқандай өзгертусіз, ескертусіз және Плехановтың қарсылығынсыз кетеді, не «Заряның» кітабын басу кідіртіле тұрады, сөйтіп біз *жікке бөліну* туралы, келіспеушілік туралы мәселе көтереміз. Плехановтың мақаласына қырын қарау жөніндегі Сіздің ұсынысыңызға қарағанда, әрекеттің мұндай әдісі тиімдірек және ресмилік жағынан мінсіздеу болар» (Лениннің IV жинағы, 1925, 118-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 5(18) июньнен ертерек

В. И. Ленинге жолдаған хатында 1902 жылы 6(19) июньде А. Н. Потресов былай деп жазды: «Сіздің жобаңыз, Владимир Ильич, маған қатты ұнайды, сондықтан мен оны қабыл аламын. Мен Ю. О — чке осы тұрғыдан жазып отырмын, ол ажырасудың odium *-ын өзіне алудан босқа қорқады. Сіз ұсынған шешімді мен практикалық жағынан ең қолайлысы деп есептеймін. Біз көп нәрсе жоғалта қоймаспыз: «Бізде «Заря» бәрібір оңға басып кеткен жоқ еді, ал енді, бір тәуірі, «Искра» көркейеді» (Лениннің IV жинағы, 1925, 122-бет).

* — ажырасу үшін жауапкершіліктің қолайсыздығын. *Ред.*

Ю. О. МАРТОВҚА ЕКІ ХАТ

1902 жылғы кеш дегенде 5(18) июнь

Бұл хаттар жөнінде А. Н. Потресовтың 1902 жылы 8(21) июньде В. И. Ленинге жазған хатынан белгілі болды. Ол хатында былай деген: «Сіздің 18-інде жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Сіздің Юлийге жазған бір хатыңызды да (жобамен қоса) алдым, ал екіншісі әлі келген жоқ» (Лениннің IV жинағы, 1925, 127-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 5(18) июнь

«Сіздің 18-інде жазған хатыңызды жаңа ғана алдым..,— деп хабарлады А. Н. Потресов 1902 жылы 8(21) июньде.— Сізге бұдан бұрын жазғанымдай, мен Сіздің жобаңызбен әбден келісемін; шынында да: Сіздің ұсынып отырғаныңыз менің үзілді-кесілді талабымнан артық екен. «Заряны» Плехановқа берейік... «Зарянық» орын алып отырған кемшіліктерін айтқанда, оның таңқаларлықтай сылбырлығын, оның редакцияланууынан гөрі қалай болса солай etc. құрастырыла салынатынын атап көрсеткенде, Сіз бәрін әбден дұрыс айттыңыз. Және Сіз ұсынып отырған амал: «Искраны» кеңейтіп, кітапшалар шығару — бұдан артық шара ойлап табылмас» (Лениннің IV жинағы, 1925, 127-бет).

А. Н. ПОТРЕСОВҚА ХАТ

1902 жылғы 8(21) июнь

«Сіздің 21-індегі хатыңызды жаңа ғана алдым. Сіз айтып отырған хатты жазуға ертең отыратын шығармын деп ойлаймын»,— деп жазды А. Н. Потресов 1902 жылы 10(23) июньде В. И. Ленинге (Лениннің IV жинағы, 1925, 131-бет).

П. Б. АКСЕЛЬРОДҚА ХАТ

1902 жылғы 9(22) июньнен ертерек

В. И. Ленин бұл хатында, тегі, Берлинде өзінің рефератын оқу мүмкіндігі туралы хабарлауды өтінген болса керек. П. Б. Аксельрод 10(23) июньде В. И. Ленинге жауап қайтарып, былай деп жазған: «Сіздің хатыңызды, қымбатты В. И., кеше алдым... Менің ойымша, мұнда реферат оқуға аздап қауіп бар секілді. Кейбір белгілеріне қарағанда, жергілікті полиция мұндағы орыстарға тұтқиылдан тінту жасап, Берлинді олардың кейбіреулерінен тазартпақ» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

ПАРИЖДЕГІ ОРЫС САЯСИ ЭМИГРАНТТАРЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ЭСЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН РЕФЕРАТ

1902 жылғы 14(27) июнь

Ю. О. МАРТОВҚА ХАТ

1902 жылғы 29 июньнен (12 июльден) ертерек

Бұл хат туралы В. И. Ленин 1902 жылы 29 июньде (12 июльде) Г. В. Плехановқа жазған хатында айтады: «Меніңше, енді «одақтастармен» * бірігудің қажеті жоқ: олар ар-ұяттан безіп барады, Парижде Бергті қатты «ренжітті». Мүмкін, ол менің хатымды Сізге жіберер, онда мен бұлармен қатал және өте сақ болу қажеттігін егжей-тегжейлі дәлелдеп айтқанмын» (Лениннің IV жинағы, 1925, 139—140-беттер).

В. А. НОСКОВҚА ХАТ

1902 жылғы ерте дегенде 3(16) июль

«В. И. және Л. Г., Сіздердің хаттарыңызды алдым,— деп жазды В. А. Носков В. И. Ленин мен Л. Г. Дейчке.— Шынында да, тегі, түсініспеушіліктер жиналып қалса керек... Мен айтып отырған (Сіздер жазып отырған) съезді алатын болсақ, ол Россиядағы искрашыл жолдастардың съезі, бұл съезд жөнінде бірге отырып сөйлескенбіз де» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

Н. К. КРУПСКАЯҒА ХАТ

1902 жылғы 8(21) июльден ертерек

Н. К. Крупская 1902 жылы 8(21) июльде А. Н. Потресовқа былай деп жазды: «Володя әлі қайтқан жоқ, тағы да 10 шақты күн болмақшы, айығып келе жатырмын деп жазыпты, емделе түскені артық болмас деймін, өйткені соңғы кезде ол өзін тым нашар сезініп жүрді ғой» («Россиядағы социал-демократиялық қозғалыс». Материалдар. 1-том. М.—Л., 1928, 97-бет).

В. А. НОСКОВҚА ХАТ

1902 жылғы 20 июльден (2 августан) ертерек

Бұл хат жөнінде Носковтың Ленинге 1902 жылы 20 июльде (2 августа) жазған хатынан мәлім болды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

* — «одақтастар» — шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» мүшелері. *Ред.*

Ф. И. ЩЕКОЛДИНГЕ ХАТ

1902 жылғы 22 июльден (4 августан) ертерек

В. И. Лениннің 1902 жылы 22 июльде (4 августа) В. А. Носковқа жазған хатынан: «Қымбатты Б. Н.! Сіздің екі хатыңызды да алдым, олардан жалған «түсінісеушіліктің» шынында да, менің бұрын Поварға * жазғанымдай (мен оған солай болады деп сенемін, деп жазғанмын), жай *елес* боп шыққанын көріп, білгенде өте қуандым. (Шығармалар, 34-том, 100-бет).

Л. Г. ДЕЙЧ пен В. А. НОСКОВҚА ХАТТАР

1902 жылғы июльдің аяғы — августың басы

«Л. Г.-дан жаңа ғана келдім, оның үйінде Сіздің маған қатысты хатыңызды оқыған едім, ал Zürich-ке қайтып оралған соң өзіме жазылған дәл сондай дерлік хатты тағы да оқыдым,— деп жазды В. А. Носков В. И. Ленинге.— Сіз «тіпті басқа бір адамға да айту артық болады деп есептеген» «мейлінше құпия іс» жөнінде — мен шынында да айтқан жоқпын... Сіз, былайша айтқанда, қанат байлап ұшып жүріп, бірнеше қаланы аралап шыққанда менің Россия үшін кімнің етегінен ұстай алатынымды «білмеймін» деп жазасыз...» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

И. Х. ЛАЛАЯНЦҚА ХАТ

1902 жылы 6(19) август

В. И. Ленин 1902 жылы 6(19) августа П. Б. Аксельродқа былай деп жазды: «Колумбтың ** Сізде екенін хабарлаған телеграмманы жаңа ғана алып отырмын. Ескі досқа мың сәлем! Оған хатымды қоса жіберіп отырмын» (Лениннің IV жинағы, 1925, 155-бет).

В. А. НОСКОВҚА ХАТ

1902 жылғы августың аяғы — сентябрьдің басы

П. Б. Аксельродтың Мюнхенге Герман социал-демократиялық партиясының съезіне бармақшы болған сапары жөніндегі В. И. Лениннің бұл хаты туралы В. А. Носковтың жауап хатынан белгілі болды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві).

---

* Ф. И. Щеколдинге. *Ред.*
** И. Х. Лалаянц. *Ред.*

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«ИСКРА» ГАЗЕТІ

№ 14 — 1 январь, 1902 ж.
№ 15 — 15 январь, 1902 ж.
№ 16 — 1 февраль, 1902 ж.
№ 17 — 15 февраль, 1902 ж.
№ 18 — 10 март, 1902 ж.
№ 19 — 1 апрель, 1902 ж.
№ 20 — 1 май, 1902 ж.
№ 21 — 1 июнь, 1902 ж.
№ 22 — июль, 1902 ж.
№ 23 — 1 август, 1902 ж.
№ 24 — 1 сентябрь, 1902 ж.

РСДРП ПРОГРАММАСЫНЫҢ КОМИССИЯ ЖАСАҒАН ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ ЖОБАСЫ

Келісімнің жобасын «Искраның» редакциясына РСДРП программасының екі жобасы: В. И. Лениннің және Г. В. Плехановтың жобалары табыс етілгеннен кейін, 1902 жылы марттың орта шенінде В. И. Засулич жазды. Редакцияның басқа мүшелеріне (Г. В. Плехановқа, П. Б. Аксельродқа және А. Н. Потресовқа) комиссияның Ленин мен Плехановтың жобаларынан программаның жалпы жобасын жасауы үшін негіз ретінде келісімнің бұл жобасын «Искра» редакциясының мюнхендік бөлігі (В. И. Ленин, В. И. Засулич, Ю. О. Мартов) ұсынды. «Велика Дмитриевна Сізге Г. В.-ның программасын және sui generis * келістіруші комиссия арқылы істі «комиссиялық жолмен реттеу» жөніндегі біздің жобамызды жіберген-ді»,— деп жазды Ленин 1902 жылы 9(22) мартта Аксельродқа (Шығармалар, 36-том, 82-бет). Бұл жөнінде Плехановқа Засулич те жазды. «Программа жөніндегі істі реттеудің коллективтік ұсынысын

* — өзінше бір. *Ред.*

Павелдан Сіз алған да шығарсыз, немесе ертең аласыз» (Плеханов Үйінің архивінен). Программаның комиссия жасаған жобасы осы келісімге сәйкес дайындалған болатын.

«ИСКРА» МЕН «ЗАРЯ» РЕДАКЦИЯСЫ ДАЙЫНДАҒАН РСДРП ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1902 жылы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде және 1902 жылы августа «Заряның» 4-номерінде басылды, кейін жеке басылып шықты.

«ЗАРЯ» ЖУРНАЛЫ

№ 4 — август, 1902 ж.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері»* деген кітап жазуды В. И. Ленин 1901 жылдың көктемінде ақ ойластырған еді: май айында жазылған «Неден бастау керек?» деген мақала, оның өз сөзімен айтқанда, кейін «Не істеу керекте?» толық дамытылған жоспардың нобайы болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 9-бет). Тек 1901 жылдың күзінде ғана Ленин кітап жазуға тікелей кірісті. Декабрьде «Искраның» 12-номерінде Лениннің «Экономизмді қоргаушылармен әңгіме» деген мақаласы басылды; бұл мақаласын ол кейін «Не істеу керек?» деген еңбектің конспектісі деп атады; бұл мақалада Ленин былай деп жазды: «Біз бұл арада талас мәселелерді атүсті ғана шолып өте алдық. Бұларды толық талдауға ерекше кітапша арнаймыз, ол кітапша шамасы бір жарым айдан кейін жарық көрер деген үміттеміз» (бұл да сонда, 400-бет). 1902 жылғы январьда Ленин кітапты жазып болып, февральда алғы сөз жазады, ал 10 мартта «Искраның» 18-номерінде кітаптың баспадан шыққаны туралы хабар басылды.

«Не істеу керек?» деген кітап Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясы үшін күресте, РСДРП комитеттері мен ұйымдарында, ал одан соң, 1903 жылы, партияның II съезінде лениндік-искралық бағыттың жеңуі жолында аса көрнекті роль атқарды.

1902—1903 жылдарда кітап бүкіл Россияның социал-демократиялық ұйымдарында кеңінен таратылды; Киев пен Москвада, Петербург пен Нижний Новгородта, Қазанда, Одессада және басқа қалаларда социал-демократтарды тінту, тұтқынға алу кездерінде осы кітап табылып жүрді. ««Не істеу керек?» орыс қайраткерлеріне... күшті әсер етті,— деп атап көрсетілді «Искра» ұйымының РСДРП II съезіне баяндамасында,— осы кітаптың әсерімен бірқатар адамдар, олардың өздерінің мойындауы бойынша, «Искраның» жақтаушылары болуда» («Социал-демократиялық комитеттердің РСДРП Екінші съезіне баяндамалары». М.—Л., 1930, 44-бет). Кітап «әсіресе орыс жұмысына жақынырақ тұргандарды» баурап алды, деп еске түсірді Н. К. Крупская (Ленин туралы есте-

ліктер. М., 1957, 52-бет). «Искраның» орыс ұйымы бюросының секретары З. П. Кржижановская-Невзорова Самарадан «Искраның» редакциясына былай деп хабарлады: ««Не істеу керек?» туралы... әзірге тек мақтаған сөздер естіп жүрміз», «шынында да, өте жақсы жазылған, сарыны да тамаша» («Пролетарская Революция», 1928, № 6—7, 149-бет). «Искраның» агенті И. И. Радченко Петербургтен былай деп жазды: «Топырақты тез өңдейтін ең таңдаулы құрал ретінде лениндік плугті барлық жерде қолданып жүрмін. Ол ескіліктің қыртысын тым жақсы сыдырып, дән өнетін топырақты оңды қопсытады. «Рабочее Дело» еккен арам шөптер кездесе қалса, оларды әрдайым түп-тамырымен құртады. Тамаша!» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының архиві). РСДРП Москва комитеті В. И. Ленинге «Не істеу керек?» үшін алғыс айтып, «Искраның» редакциясына хат жолдады. Бұл хатқа жауап ретінде Ленин Москва комитетіне былай деп жазды: ««Не істеу керек?» кітабы үшін сіздердің айтқан алғыстарыңызды біз: бұл кітаптан *сіздер өздеріңіздің* сұрауларыңызға жауап тапқансыздар, *өздеріңіздің* қозғалыспен *тікелей* таныстығыңыз арқылы сіздер неғұрлым батыл, неғұрлым ірі, неғұрлым *біріккен,* неғұрлым орталықтанған, неғұрлым бір газет орталығының төңірегіне ұйымдасқан жұмыс керектігіне әбден сенгенсіздер,— бұл сенім осы кітапта да тұжырып айтылған деген мағынада ғана түсіндік және, әрине, тек осы мағынада ғана түсіне алдық» (Шығармалар, 6-том, 215-бет).

Лениннің кітабына баға бергенде «Искраның» редакциясында пікір алалығы байқалды. 1902 жылғы январьда редакцияның Мюнхенде болған кеңесінде Г. В. Плеханов кітаптың кейбір қағидаларын сынап сөз сөйледі, ал А. Н. Потресов бұл кітап туралы мақтаған пікірін жіберді. Алайда бұл пікір алалығы «Искра» редакциясының шеңберінен шықпады. «Не істеу керек?» деген кітаптың негізгі қағидасы: жұмысшы қозғалысының саналы және стихиялы элементтерінің арақатынасы туралы, пролетариаттың революциялық тап тық күресіндегі партияның басшылық ролі туралы қағида,— «Искра» редакциясының барлық мүшелерінің жалпы келісімі бойынша редакция талдап жасаған РСДРП программасының жобасында тұжырымдалды. «Демек,— деп жазды В. И. Ленин кейінірек, 1907 жылы кітапты қайта бастырғанда,— бұл мәселе жөнінде программаның жобасы мен «Не істеу керектің» арасындағы ешқандай принципті айырмашылық туралы сөз болуы да мүмкін емес» (Шығармалар, 13-том, 97—98-беттер). РСДРП II съезінде антиискрашылдар (Мартынов, Акимов) «Искра» редакциясы талдап жасаған программаның жобасына қарсы бағытталған сөздерін «Не істеу керек?» кітабын сынауға негіздеді; алайда съездің көпшілігі, искрашылдар (соның ішінде Плеханов пен Мартов та) Лениннің кітабын, ондағы пролетариаттың революциялық қозғалысындағы «саналы элементтің», яғни социал-демократия-

ның ролі туралы мәселенің қойылуын жақтады. РСДРП II съезінен кейін, меньшевиктер бұрынғы «Искраның» барлық негізгі идеяларын үнемі ревизиялауға кіріскен кезде, Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабында баяндалған көзқарастарын «бекерге шығару» міндетін Плеханов өз мойнына алды; ол саналылық пен стихиялылық туралы мәселе жөнінде Ленинмен принципті түрде келіспейтіндігін кешігіп барып мәлімдеді. В. В. Воровскийдің Ленин редакциялап, толықтырған «Жел сөздің жемістері» деген мақаласы («Вперед» № 11, 1905 ж. 23(10) март) Плехановқа берілген жауап болды.

«Не істеу керек?» кітабын В. И. Ленин «12 жыл ішінде» деген жинақта қайта бастырды (1907 жылғы ноябрь, мұқабасы мен титул парағында 1908 жыл деп көрсетілген). Бұл басылымында Ленин кітапты біраз қысқартып, егжей-тегжейлі жекелеген баяндаулар мен айтысқа құрылған ұсақ-түйек ескертпелерді алып тастады. Сонымен бірге жаңа басылым кітап беттерінің соңында берілген бес ескертумен толықтырылды.

Бұл томда «Не істеу керек?» 1907 жылғы басылуымен салыстырылып, 1902 жылғы тексті бойынша басылып отыр.—*1.*

2 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Полициялық қуғындаудың салдарынан Россияда революциялық газет шығаруға мүмкіндік болмағандықтан, Ленин Сибирьде айдауда жүрген кезінде-ақ мұндай газетті шетелде шығарудың жоспарын егжей-тегжейлі ойластырған болатын. Жер аудару мерзімі біткеннен кейін (1900 жылғы январь) Ленин осы жоспарын дереу жүзеге асыруға кірісті. 1900 жылы февральда Петербургте Ленин шетелден жасырын келген В. И. Засуличпен «Еңбекті азат ету» тобының жалпы орыстық маркстік газетті шығаруға қатысуы туралы келіссөз жүргізді. 1900 жылы марттың аяғында — апрельдің басында В. И. Лениннің, Ю. О. Мартовтың, А. Н. Потресовтың, С. И. Радченконың «жария марксистермен» — П. Б. Струве және М. И. Туган-Барановскиймен «Псков кеңесі» деп аталған кеңесі болды; кеңесте жалпы орыстық газет («Искра») пен ғылыми-саяси журналдың («Заря») программасы мен міндеттері туралы редакция мәлімдемесінің Ленин жазған жобасы талқыланды. Ленин Россияның бірқатар қалаларын (Москваны, Петербургті, Риганы, Смоленскіні, Нижний Новгородты, Уфаны, Самараны, Сызраньды) аралап, социал-демократиялық топтармен және жеке социал-демократтармен байланыс орнатты, болашақ «Искраны» қолдау туралы олармен келісті. 1900 жылы августа, Ленин Швейцарияға келгеннен кейін, газет пен журналдың программасы мен міндеттері туралы, олардың болашақ қызметкерлері, ре-

дакцияның құрамы және оның қайда орналасатыны туралы В. И. Ленин мен А. Н. Потресовтың «Еңбекті азат ету» тобының мүшелерімен кеңесі болды: бұл келіссөз ажырасумен аяқтала жаздады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 362—382-беттер), алайда келіссөздің соңында «Еңбекті азат ету» тобымен барлық талас мәселелер жөнінде келісімге қол жетті.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылы июльден бастап — Лондонда, ал 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. «Искраны» шығару ісін ұйымдастыруда герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі — Г. Квелч үлкен көмек көрсетті. «Искраның» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Ю. О. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, кейін, 1901 жылдың көктемінен Н. К. Крупская болды, сондай-ақ ол «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысу жағын да басқарды.

Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне «Искра» баса назар аударды, халықаралық өмірдің, ең алдымен, халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлінді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы және жетекшісі болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын жинақтау және тәрбиелеу орталығы болды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербургте, Москвада, Самарада және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылдың январында Самарада өткен искрашылдар съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искрашыл ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және 1903 жылы июль — августа болған РСДРП II съезін әзірледі. Съезді шақыру қарсаңында Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өзінің басшы органы деп таныды. Съезд өзі-

нің арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетіп, оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады. II съезде редакцияның құрамына Ленин, Плеханов және Мартов бекітілді. Бұрынғы алты редактордың түгелдей сақталуын талап еткен Мартов, партия съезінің шешіміне қарамастан, редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп, «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Плеханов бұдан кейін меньшевизм позициясына көшіп, «Искра» редакциясының құрамына съезд кіргізбей тастаған бұрынғы меньшевик-редакторлардың бәрін енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады да, 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол Орталық Комитетке кооптациялау жолымен өтті, сөйтіп осы жерден оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері Плехановтың бір өзінің редакциялауымен шықты. 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов съездің шешімін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторларын өз бетімен кооптация жасап енгізді. «Искраны» 52-номерден бастап меньшевиктер өздерінің органына айналдырды.— *3.*

[3] 1901 жылдың көктемі мен жазында шетелдік социал-демократиялық ұйымдардың («Орыс социал-демократтары одағы», Бундтың Шетелдік комитеті, «Социал-демократ» революциялық ұйымы және «Искра» — «Заря» ұйымының шетелдік бөлімі) арасында «Борьба» тобының делдалдық жасауы және инициатива көрсетуі бойынша келісімге келу және бірігу жөнінде келіссөздер жүргізілді. Бірігу жүзеге асырылуға тиісті съезге әзірлену мақсатымен 1901 жылғы июньде Женевада осы ұйымдар өкілдерінің конференциясы шақырылды,— оның «июнь» немесе «Женева» конференциясы деп аталуы осыдан шыққан. Бұл конференцияда қарар («принципті келісім») қабылданды, онда Россияның барлық социал-демократиялық күштерін топтастыру және соның ішінде шетелдік социал-демократиялық ұйымдарды біріктіру қажет деп танылды, оппортунизмнің қандай да болсын көріністері мен түрлері: «экономизм», бернштейншілдік, мильеранизм және т. с. айыпталды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, 1971, 36-бет). Алайда «Орыс социал-демократтары одағы» мен оның органы — «Рабочее Дело» журналының оппортунизмге жаңадан бетбұрыс жасауы («Рабочее Делоның» 1901 жылғы сентябрьдегі 10-номерінде жарияланған Б. Кричевскийдің «Принциптер, тактика және күрес» және А. Мартыновтың «Әшкерелеуші әдебиет және пролетарлық күрес» деген мақалалары және «Одақтың» III съезінің июнь конференциясының қарарына енгізген оппортунистік түзетулері) бірігу әрекетінің сәтсіздікке ұшырауына себеп болды.

РСДРП шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезі 1901 жылғы 21—22 сентябрьде (4—5 октябрьде) Цюрихте болды. Съезге «Искра» — «Заря» ұйымының 6 мүшесі (В. И. Ленин, Н. К. Крупская, Ю. О. Мартов және басқалар), «Социал-демократ» революциялық ұйымының 8 мүшесі (оның ішінде «Еңбекті азат ету» тобының 3 мүшесі: Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич), «Орыс социал-демократтары одағының» 16 мүшесі (оның ішінде Бундтың шетелдік комитетінің 5 мүшесі) және «Борьба» тобының 3 мүшесі қатысты. Күн тәртібіндегі «Принциптік келісім және редакцияларға нұсқау» деген бірінші мәселе бойынша В. И. Ленин тамаша сөз сөйледі. Ленин съезге «Фрей» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 294—300-беттер) деген бүркеншік атпен қатысқан болатын. Бұл В. И. Лениннің шетелдегі орыс социал-демократтары арасында жұрт алдында тұңғыш сөз сөйлеуі еді. Съезде «Орыс социал-демократтары одағының» III съезінде қабылданған июнь қарарына енгізілген оппортунистік түзетулер мен қосымшалар оқылды. Осыған байланысты съездің революцияшыл бөлігі — «Искра» — «Заря» және «Социал-демократ» ұйымдарының мүшелері — бірігудің мүмкін еместігі туралы мәлімдеме жасап, съезді тастап кетті. В. И. Лениннің инициативасы бойынша бұл ұйымдар 1901 жылдың октябрінде Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына бірікті.— *3.*

4 *«Рабочее Дело»* («Жұмысшы Ісі»)—журнал, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы. Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, ал кейін А. С. Мартыновтың редакциялауымен шығып тұрды; 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Делоның» редакциясы «экономистердің» шетелдік орталығы болды; «Рабочее Дело» марксизмді «сынау еркіндігі» дейтін бернштейншілдік ұранды қолдады, орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды, шаруалардың революциялық мүмкіндіктерін теріске шығарды және т. с. «Рабочеделошылдар» пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иді және партияның басшылық ролін жоққа шығарды. «Рабочее Дело» редакторларының бірі В. П. Иваншин ашық «экономистердің» органы — «Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысты, «Рабочее Дело» оны қолдап отырды. РСДРП II съезінде «рабочеделошылдар» партияның әсіре оңшыл, оппортунистік қанаты болды.— *3.*

5 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — Киев социал-демократтарының құпия органы; Б. Л. Эйдельманның, П. Л. Тучапскийдің, Н. А. Вигдорчиктің және басқалардың қаты-

суымен және редакциялауымен Киевте шығып тұрды. Газеттің барлығы екі номері: 1-номері 1897 жылы августа және 2-номері сол жылдың декабрінде (ноябрьде деп көрсетілген) шықты. П. Л. Тучапский редакцияның тапсырмасымен шетелге барғанда Г. В. Плехановты және «Еңбекті азат ету» тобының басқа да мүшелерін «Рабочая Газетаның» 1-номерімен таныстырып, газетке қатысып тұру жөнінде олардың келісімін алды. Г. В. Плеханов редакция мүшелеріне жазған хатында жалпы орыстық социал-демократиялық орган ретінде «Рабочая Газетаға» жақсы баға беріп, пролетариаттың саяси күресі мәселелеріне көбірек көңіл бөлу қажеттігін атап көрсетті. «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс жасауы нәтижесінде «Рабочая Газетаның» 2-номері неғұрлым айқын саяси сипат алды. «Рабочая Газетаның» төңірегінде топталған социал-демократтар РСДРП I съезін әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізді.

РСДРП I съезі (1898 жылғы март) «Рабочая Газетаны» партияның ресми органы деп таныды. Съезден кейін Орталық Комитеттің және «Рабочая Газета» редакциясы мүшелерінің тұтқынға алынуы, сондай-ақ баспаханаиың талқандалуы салдарынан газеттің теруге дайындалып қойған үшінші номері жарық көре алмады. 1899 жылы «Рабочая Газетаны» қайта шығаруға әрекет жасалды; осы әрекет туралы В. И. Ленин «Не істеу керек?» деген еңбегінің бесінші тарауының «а» бөлімінде (қараңыз: осы том, 175—176-беттер) сөз етеді.— *4*.

6 *Лассальшылдар мен эйзенахшылдар* — XIX ғасырдың 60-жылдары мен 70-жылдарының бас кезінде герман жұмысшы қозғалысында болған екі партия; негізінен тактика мәселелері жөнінде, ең алдымен сол жылдардағы Германияның саяси өміріндегі ең көкейтесті мәселе: Германияны біріктіру жолдары туралы бұл екі партияның арасында кескілескен күрес болды.

Лассальшылдар — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі Ф. Лассальдің жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері; бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигте болған съезінде — жұмысшы табын өз ықпалына бағындыруға тырысқан буржуазияшыл прогрессистерге қарсы құрылды. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының бірінші президенті болып, Одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдады. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес — Жалпы герман жұмысшы одағының саяси программасы, мемлекеттің жәрдем ақшасымен жұмысшылардың өндіргіш ассоциацияларын құру — оның экономикалық программасы деп жарияланды. Пруссияның гегемон болуына бейімделген Лассаль, оның жақтастары мен мұрагерлері өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державашыл саясатын қолда-

ды; «объективтік жағынан алғанда, деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылы 27 январьда К. Маркске,— бұл бүкіл жұмысшы қозғалысында пруссактардың пайдасына жасалған арамдық пен опасыздық болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс лассальшылдықтың теориясын, тактикасын және ұйымдық принциптерін герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде талай рет қатты сынады.

Эйзенахшылдар — Эйзенахтағы құрылтай съезінде 1869 жылы құрылған Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшелері. Эйзенахшылдардың көсемі А. Бебель мен В. Либкнехт болды, оларға К. Маркс пен Ф. Энгельс идеялық ықпалын жүргізіп отырды. Эйзенах программасында Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзін «Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің секциясы деп санайды және оның талаптарын қостайды» деп көрсетілген. Маркс пен Энгельстің ұдайы кеңес беріп, сын пікірлер айтып отыруы арқасында эйзенахшылдар лассальдық Жалпы герман жұмысшы одағына қарағанда неғұрлым дәйекті революциялық саясат жүргізді; атап айтқанда, Германияны біріктіру мәселелерінде олар «пруссактікке, бисмаркшілдікке, ұлтшылдыққа аз да болса кеңшілік беруге қарсы күресіп, демократиялық және пролетарлық жолды дәйекті түрде жақтады» (В. И. Ленин. Шығармалар, 19-том, 292-бет).

1871 жылы Герман империясының құрылуы лассальшылдар мен эйзенахшылдардың арасындағы басты тактикалық пікір алалығын жойды, сөйтіп 1875 жылы жұмысшы қозғалысының өрлеуі және үкімет тарапынан қуғын-сүргіннің күшеюі әсерімен екі партия Готада болған съезде Германияның біртұтас Социалистік жұмысшы партиясы (кейіннен — Германия социал-демократиялық партиясы) болып бірікті. Гота съезінде қабылданған программа туралы 37-ескертуді қараңыз.— *7*.

7 *Гедшілдер мен поссибилистер* — француз социалистік қозғалысындағы революциялық ағым мен оппортунистік ағым, бұл ағымдар Франция жұмысшы партиясы Сент-Этьенн конгресінде жікке бөлінгеннен кейін, 1882 жылы екі партия құрды:

Гедшілдер — Ж. Гед пен П. Лафаргтың жақтастары — пролетариаттың дербес революциялық саясатын қорғаған солшыл маркстік ағым. Гедшілдер «Франция Жұмысшы партиясы» деген атын сақтап қалды, партияның 1880 жылы қабылданған Гавр программасынан айнымады, бұл программаның теориялық бөлімін К. Маркс жазған болатын. Олар Францияның өнеркәсіп орталықтарында үлкен ықпалға ие болып, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін біріктірді.

Поссибилистер (П. Брусс, Б. Малон және басқалар) — пролетариатты күрестің революциялық әдістерінен басқа жаққа

бұрын әкететін ұсақ буржуазиялық, реформистік ағым. Поссибилистер «Әлеуметтік-революциялық жұмысшы партиясын» құрды; олар пролетариаттың революциялық программасы мен революциялық тактикасын теріске шығарды, жұмысшы қозғалысының социалистік мақсаттарын бүркемеледі, жұмысшылардың күресін «мүмкіндік» (possible) шеңберімен шектеуді ұсынды — партияның аты да осыдан шыққан. Поссибилистердің ықпалы негізінен алғанда Францияның экономикалық жағынан неғұрлым артта қалған аудандары мен жұмысшы табының жөнді дамымаған топтарына тарады.

«Социалист» Мильеранның буржуазиялық министрлікке енуіне байланысты, XIX ғасырдың аяғында — XX ғасырдың басында француз социализмінің қатарында күштер жаңадан қайта топтасты: Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар 1901 жылы Франция Социалистік партиясына (бұл партияның мүшелерін де оның көсемінің есімімен — гедшілдер деп атайтын болды) бірікті; реформистер, буржуазиямен ынтымақтасуды және буржуазиялық мемлекеттің басқару органдарына қатысуды жақтаушылар («министериалистер») 1902 жылы Ж. Жорес бастаған Француз социалистік партиясын құрды. 1905 жылы екі партия бір партия — Француз социалистік партиясы болып бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде бұл партияның басшылары (Гед, Самба және басқалар) жұмысшы табы ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына көшті.— 7.

8 *Фабийшылдар* — Фабий қоғамының, 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымының мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған. Фабий өзінің соңына күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл ұрыс жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мысалы, С. және Б. Веббтер, Б. Шоу, Р. Макдональд және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды, капитализмнен социализмге ұсақ реформалар жүргізу және қоғамға бірте-бірте өзгеріс жасау арқылы ғана көшуге болады десті. Марксизмге қас Фабий қоғамы жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізушілердің бірі, ағылшын жұмысшы қозғалысына оппортунистік және социал-шовинистік идеяларды таратушы ролін атқарып келді және атқарып келеді. В. И. Ленин фабийшылдықты *«әсіре оппортунизм* бағыты» (Шығармалар, 13-том, 365-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.

Социал-демократтар.— Бұл арада Ленин 1884 жылы құ-

рылған ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшелерін айтып отыр. Реформистермен (Гайндман және басқалар) және анархистермен қатар Социал-демократиялық федерацияға революцияшыл социал-демократтардың, марксизмді жақтаушылардың бір тобы (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс және басқалар) кірді; олар Англиядағы социалистік қозғалыстың солшыл қанатын құрған еді. Ф. Энгельс Социал-демократиялық федерацияны догматизм мен сектанттығы үшін, Англиядағы бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгені және оның ерекшеліктерін елемегені үшін қатты сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия болып аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірлесіп, Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы осы партия мүшелерінің көпшілігі Великобритания Коммунистік партиясын құруға қатысты.—7.

9 *Халық ерікшілері* — террорист халықшылдардың «Халық еркі» деген құпия саяси ұйымының мүшелері; бұл ұйым халықшылдық «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа құрылды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский және басқалар кірді. Утопиялық халықшылдық социализм позициясында қала отырып, халық ерікшілері сонымен бірге саяси бостандыққа жету міндеттерін алға қойды. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» құруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына беру жөнінде шаралар белгілеуді көздеді. «Халық еркінің» ең таяудағы мақсаты патша самодержавиесін құлату болды. Бірақ «белсенді» ерлер мен «еңжар» тобыр туралы қате теорияға сүйенген халық ерікшілері халықтың қатысуынсыз, өз күшімізбен, жеке террор жасау арқылы қоғамды қайта құрамыз деп есептеді.

1881 жылғы 1 марттан кейін (II Александрдың өлтірілуі) үкімет қатал қуғындау, дарға асу және арандату арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта құруға ұмтылған талай әрекет нәтижесіз болды. Мәселен, 1886 жылы А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған «Халық еркінің» дәстүрлерін қолдаған топ құрылды. III Александрға қастандық жасамақ болған сәтсіз әрекеттен кейін 1887 жылы топ ашылып қалып, оның белсенді қатысушылары дарға асылды.

Халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын сынай отырып, В. И. Ленин сонымен бірге «Халық еркі» мүшелерінің патша үкіметіне қарсы жанқиярлық күресін зор құрметпен бағалаған болатын. 1899 жылы «Россия социал-демократтарының наразылығында» ол былай деп көрсетті: «Бір

шоғыр ерлерді қолдаған қоғамдық топтар өрісінің тарлығына қарамастан, қозғалыс туы революциялық теория болмағанына қарамастан, бұрынғы «Халық еркінің» қайраткерлері орыс тарихында аса зор роль атқара білді» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 188-бет).— 7.

10 *Бернштейншілдер* — герман және халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан ағымның өкілдері, бұл ағым XIX ғасырдың аяқ кезінде пайда болып, Герман социал-демократиялық партиясындағы оңшыл оппортунистік тенденциялардың ең айқын көрінген окілі Эд. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалар бастырды; бұл мақалаларында ол «сын бостандығы» деген желеумен революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздерін қайта қарауға (ревизиялауға, «ревизионизм» деген сөз осыдан шыққан) және оларды таптық қайшылықтарды ымыраластыру және таптық ынтымақ орнату жөніндегі буржуазиялық теориялармен алмастыруға тырысты; ол Маркстің жұмысшы табының қайыршылануы туралы, таптық қайшылықтардың өсе түскені туралы, дағдарыстар туралы, капитализмнің сөзсіз күйрейтіні туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы іліміне шабуыл жасады, сөйтіп, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» дейтін формулада білдірілген социал-реформизм программасын ұсынды. 1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Кітап герман социал-демократиясының оңшыл қанаты мен II Интернационалдың басқа да партиялардағы оппортунистік элементтері, соның ішінде Россия «экономистері» тарапынан қолдау тапты.

Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт (1898 ж. октябрь), Ганновер (1899 ж. октябрь) және Любек (1901 ж. сентябрь) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, бірақ партия келісімпаздық позиция ұстап, Бернштейннен іргені аулақ салмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық уағыздай берді.

В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана бернштейншілдікке және оның Россиядағы жақтастарына қарсы дәйекті және батыл күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189 және 196—201-беттер) бернштейншілдерге қарсы шықты. Лениннің «Марксизм және ревизионизм» (қараңыз: Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер),

«Европа жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» (бұл да сонда, 16-том, 365—370-беттер) және басқа еңбектері бернштейншілдікті әшкерелеуге арналды.— *8.*

11 *Юпитер мен Минерва* — ежелгі Рим пантеонының құдайлары. Юпитер — аспан, сәуле және жаңбыр құдайы, найзағай шашқан; кейінірек — Рим мемлекетінің ең жоғарғы құдайы. Минерва — соғыстың әйел құдайы және түрлі кәсіптің, ғылым мен өнердің жебеушісі. Рим мифологиясындағы Юпитер мен Минерва грек құдайлары Зевс пен Афинаға ұқсас; Зевс пен Афина туралы барлық аңыздар, оның ішінде Афина бар қару-жарағымен Зевстің басынан туды деген аңыз да Юпитер мен Минерваға көшіріле салынған.— *9.*

12 К. Маркстің «Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte» («Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері») деген еңбегінің немісше үшінші басылуына Ф. Энгельс жазған алғы сөзден В. И. Ленин өзі аударып үзінді келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1956, 221-бет).— *9.*

13 *«Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы»* 1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша, «Одақтың» барлық мүшелері топ программасын мойындайды деген шарт негізінде құрылды. «Одақтың» басылымдарын редакциялау осы топқа жүктелді, сөйтіп, 1895 жылғы мартта топ өзінің баспаханасын «Одақтың» қарамағына берді. 1895 жылдың жазында, В. И. Ленин шетелде болған кезде, «Одақтың» «Работник» деген жинақтар шығаруы жөнінде шешім қабылданды; бұл жинақтар Россия социал-демократтарының ұсынысы бойынша шығарылмақшы еді, сондықтан олар жинақтарды «Еңбекті азат ету» тобы редакциялайтын болсын деген шарт қойды. «Одақ» «Работниктің» 6 номерін, «Листок «Работниканың»» 10 номерін шығарды. В. И. Лениннің «Штрафтар туралы заңды түсіндіру» (1897), Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясына қарсы жаңа жорық» (1897) деген еңбектерін және басқа еңбектерді бастырып шығарды.

РСДРП I съезі (1898 ж. март) «Одақты» партияның шетелдегі өкілі деп таныды. Бұдан былайғы жерде «Одақта» оппортунистік элементтер — «экономистер» немесе «жастар» деп аталатындар басым болып кетті. «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» 1898 жылы ноябрьде Цюрихте болған I съезінің оппортунистік көпшілігі РСДРП I съезінің «Манифесімен» ниеттестік білдіруден бас тартты. «Еңбекті азат ету» тобы «Одақтың» бірінші съезінде «Работниктің» 5—6-номері мен В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» және «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшаларынан басқа басылымдарды редакциялаудан бас тартатынын мәлімдеді, ал аталған еңбектерді шығаруды топ өз мойнына алды. 1899 жылдың апрелінде «Одақ» «Рабочее Де-

ло» журналын шығаруға кірісті, оның редакциясына «экономистер» Б. Н. Кричевский, В. П. Иваншин («Рабочая Мысльді» редакциялауға қатысқан) және П. Ф. Теплов кірді. «Одақ» Э. Бернштейннің, мильераншылдардың және т. с. атына тілектестік білдірілген мәлімдемелер жасады. «Одақтың» ішіндегі күрес оның II съезіне дейін (1900 жылғы апрель, Женева) созылды және съезд үстінде де болды. Осы күрестің нәтижесінде «Еңбекті азат ету» тобы мен оның пікірлестері съезді тастап кетті де, дербес «Социал-демократ» ұйымын құрды.

РСДРП II съезінде «Одақтың» өкілдері барып тұрған оппортунистік позиция ұстады, ал съезд Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасын партияның шетелдегі бірден-бір ұйымы деп танығаннан кейін олар съезді тастап кетті. II съездің шешімі бойынша «Орыс социал-демократтары одағы» таратылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, 1971, 85-бет).— *11.*

14 *«Заря»* («Таң») — маркстік ғылыми-саяси журнал, 1901—1902 жылдары Штутгартта «Искра» редакциясы шығарып тұрды. «Заряның» не бары төрт номері (үш кітап) шықты: 1-номері — 1901 жылы апрельде (іс жүзінде жаңаша 23 мартта), 2—3-номері — 1901 жылы декабрьде, 4-номері 1902 жылы августа шықты.

«Заряның» міндеттері В. И. Ленин Россияда жазған «Искра» мен «Заря» редакциясы мәлімдемесінің жобасында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 349—361-беттер) белгіленді. Бұл органдарды «Еңбекті азат ету» тобымен бірлесіп шетелде шығару туралы мәселе талқыланған кезде «Заряны» жария, ал «Искраны» құпия түрде шығаруға ұйғарылғандықтан, «Искра» редакциясының 1900 жылы октябрьде жарияланған мәлімдемесінде «Заря» туралы ештеңе айтылмады.

«Заря» журналы халықаралық және орыс ревизионизмін сынап, марксизмнің теориялық негіздерін қорғап отырды. «Зарядa» В. И. Лениннің «Кездейсоқ заметкалар», «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары», «Аграрлық мәселедегі «сыншы» мырзалар» («Аграрлық мәселе және «Маркстің сыншылары»» деген еңбектің алғашқы төрт тарауы), «Ішкі жағдайға шолу», «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген еңбектері, сондай-ақ Г. В. Плехановтың «Біздің сыншыларға сын. I бөлім. П. Струве мырза Маркстің әлеуметтік даму теориясының сыншысы ролінде», «Cant Кантқа қарсы немесе Бернштейн мырзаның рухани өсиеті» деген еңбектері және басқалар басылды.— *12.*

15 *Гора және Жиронда* — XVIII ғасырдың аяғындағы Француз

буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның екі саяси тобының аты. Абсолютизм мен феодализмді жоюдың қажеттігін жақтаған, өз заманындағы революцияшыл тап — буржуазияның неғұрлым батыл өкілдерін Гора — якобиншілдер — деп атады. Якобиншілдерден жирондистердің айырмашылығы — олар революция мен контрреволюцияның арасында ауытқып, монархиямен келісім жасау жолына түсті.

В. И. Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды «социалистік Жиронда» деп, ал революцияшыл социал-демократтарды пролетарлық якобиншілдер, «Гора» деп атады. РСДРП большевиктер және меньшевиктер болып жікке бөлінгеннен кейін Ленин меньшевиктер жұмысшы қозғалысындағы жирондистік ағым болып табылады деп жиі-жиі атап көрсетіп отырды.— *12.*

16 *«Беззаглавиешілдер»* — 1905—1907 жылдардағы революция құлдырай бастаған кезде қалыптасқан буржуазияшыл орыс интеллигенциясының жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы (С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Португалов, В. В. Хижняков және басқалар). Топ Прокоповичтің редакциялауымен 1906 жылғы январь — майда Петербургте шығып тұрған «Без Заглавия» деген саяси апталықтың атымен аталды; кейін «беззаглавиешілдер» «Товарищ» деген солшыл кадеттік газеттің төңірегіне топтасты. Өздерінің формальды партиясыздығын бүркеніп, «беззаглавиешілдер» буржуазиялық либерализм мен оппортунизмнің идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдап отырды.— *16.*

17 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет кәмпескеленді; ерекше заң күшінде тұрған жылдарда 350-ге жуық социал-демократиялық ұйым таратылып, 900-ге жуық социал-демократ Германиядан қуылды және 1500 социал-демократ түрмеге қамалды, жүздеген газет-журналдар мен мерзімді емес басылымдарға тыйым салынды. Алайда қуғындау мен жазалау шаралары социал-демократиялық партияның жігерін жасыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларға астыртын жағдайдағы Орталық Комитет басшылық етті. Партия астыртын жағдайда жұмыс жүргізе отырып,

бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді де кеңінен пайдаланды, сөйтіп партияның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының қысымымен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *13.*

18 1877 жылғы 27—29 майда (жаңаша) Гота қаласында Германия социалистік жұмысшы партиясының кезекті съезі болды. Съезде партиялық баспасөз туралы мәселені талқылаған кезде партияның орталық органы «Vorwärts» («Алға») газетін Энгельстің Дюрингке қарсы жазылған мақалаларын (1878 жылы «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» деген атпен жеке кітап болып шыққан) басқаны үшін және Энгельстің өзін айтыста артық қаталдық жібергені үшін айыптау керек деген кейбір делегаттардың (Мост, Вальтейх) әрекеттеріне тойтарыс берілді. Сонымен бірге съезд практикалық мақсаттарды көздеп, теориялық мәселелер жөніндегі айтысты газетте емес, оған қоса шығарылатын ғылыми қосымшада жалғастыра беруге үйғарды.— *13.*

19 *«Vorwärts»* («Алға») — күн сайын шығып тұрған газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде «партияның Галль съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан бастап Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизм атаулының барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оңшыл қанатының қолында болып, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts», «экономистерді», ал партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Ленин мен большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Газет 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды.— *13.*

20 *Катедер-социалистер* — XIX ғасырдың 70—80-жылдарындағы буржуазиялық саяси экономия бағыттарының бірінің өкілдері; олар университет кафедраларынан (немісше Katheder) социализм деген желеумен буржуазиялық-либералдық реформизмді уағыздады. Қанаушы таптардың марксизмнің таралуынан және жұмысшы қозғалысының өрістеуінен үрейленуі, буржуазияшыл идеологтардың еңбекшілерді бағыныш-та ұстау үшін жаңа құралдар табуға ұмтылуы катедер-социализмнің шығуына себепкер болды.

Катедер-социализмнің өкілдері (А. Вагнер, Г. Шмоллер, Л. Брентано, В. Зомбарт және басқалар) буржуазиялық мемлекет бір-біріне жау таптарды ымыраластыра алатын, капиталистердің мүдделеріне нұқсан келтірмей, мүмкіндігіне қарай еңбекшілердің талаптарын ескере отырып, «социализмді» бірте-бірте енгізе алатын, таптардан жоғары тұрған күш деп дәлелдеді. Олар жалдама еңбекті полицияның бақылауына қоюды заңдастыруды, орта ғасырлық цехтарды қалпына келтіруді ұсынды. Маркс пен Энгельс катедер-социализмнің реакциялық мәнін әшкереледі. Ленин катедер-социалистерді Маркстің революциялық ілімін мейлінше жек көретін «полициялық-буржуазиялық университет ғылымының» (Шығармалар, 13-том, 24-бет) бейшаралары деп атады. Россияда катедер-социалистердің көзқарастарын «жария марксистер» уағыздады.— *14.*

21 Бұл арада В. И. Ленин Герман социал-демократиялық партиясының 1899 жылғы 9—14 октябрьде (жаңаша) болған Ганновер съезінің «Партияның негізгі көзқарастары мен тактикасына жасалған шабуыл» деген қарарын айтып отыр. Қарарда герман социал-демократиясының Э. Бернштейн идеялық жағынан басшылық еткен оппортунистік қанатының марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасауға, социал-демократиялық партияның тактикасын өзгертуге, бұл партияны демократиялық реформалар партиясына айналдыруға тырысқан әрекеттері әшкереленді. Бұл мәселе бойынша А. Бебель ресми баяндама жасады. «Оның Ганновер мен Дрезденде болған партия съездерінде оппортунистерге қарсы сөйлеген сөздері,— деп жазды Ленин,— көпке дейін маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қалады» (Шығармалар, 19-том, 294-бет). Бернштейн мен бернштейншілдікті қорғауды белгілі оппортунист Э. Давид өз міндетіне алды. Басым көпшілік дауыспен съезд Бебель ұсынған қарарды мақұлдады, бұл қарарда былай делінген: «Буржуазиялық қоғамның осы уақытқа дейінгі дамуы партияның бұл қоғам жөніндегі негізгі көзқарастарынан бас тартуына немесе оларды өзгертуіне ешқандай дәлел бермей отыр. Партия бұрынғысынша тап күресін негізге алып отыр, бұл бойынша жұмысшы табының азат етілуі тек оның өзінің ғана ісі бола алады. Сондықтан ол жұмысшы табының

тарихи міндеті саяси өкіметті жеңіп алу, сөйтіп соның көмегімен өндіріс құралдарын қоғамдастыру және өндіріс пен айырбастың социалистік әдісін енгізу арқылы жалпыға бірдей молшылықты мүмкіндігіне қарай көбірек қамтамасыз ету деп санайды». Белгілі бір практикалық нәтижелерге жету мақсатында буржуазиялық партиялармен уақытша одақ жасауды теріске шығармай отырып, «...партия өзінің бүкіл қызметінде әрқашан толық дербестік пен тәуелсіздікті сақтайды және өзінің қол жеткен әрбір табысына өзін түпкі мақсатына жақындата түсетін қадам ретінде ғана қарайды». Қарардың қорытындысында былай деп жазылған: «...өзінің басты талаптары мен негізгі көзқарастарын, немесе өзінің тактикасын, немесе өзінің атын... өзгертуге партияның ешқандай себебі жоқ; партия қазіргі мемлекеттік және қоғамдық құрылыс пен буржуазиялық партиялар жөніндегі өзінің көзқарасын өзгертуге тырысатын қандай да болсын әрекетке үзілді-кесілді тойтарыс береді».

Сонымен, 1899 жылғы Ганновер съезі социал-демократияның теориялық және тактикалық негіздерін ревизиялауды айыптады; алайда съездің қарарында ревизионизм мен оның уағыздаушылары жөнінде өткір сынның болмауы солшыл социал-демократтардың (Р. Люксембург және басқалар) наразылығын туғызды. Бернштейннің жақтаушылары осы қарарды қостап дауыс берді.— *14.*

22 Бұл арада В. И. Ленин Герман социал-демократиялық партиясының Любекте болған съезінің (1901 жылғы 22—28 сентябрьде (жаңаша)) Э. Бернштейнге қарсы бағытталған қарарын айтып отыр; Бернштейн 1899 жылғы Ганновер съезінен кейін де социал-демократияның программасы мен тактикасына шабуыл жасауын тоқтатпағаны былай тұрсын, қайта күшейте түсті және тіпті оны партияда жоқтардың арасына көпірді. Жарыссөздің барысында және Бебель ұсынған, съездің басым көпшілігі қабылдаған қарарда Бернштейнге тікелей ескерту жасалды: «Съезд партиямыздың бұдан былай да рухани жағынан дами беруі үшін өзара сынның қажеттігін сөзсіз мойындайды. Бірақ Бернштейн жолдастың буржуазиялық қоғам мен оның өкілдерін тиісінше сынамай, соңғы жылдары шұғылданып жүрген сынының өте-мөте сыңар жақ сипаты оны әрі-сәрі жағдайға қалдырып, жолдастардың көпшілігінің наразылығын туғызды. Бернштейн жолдас мұны түсінеді және өзінің мінез-құлқын тиісінше өзгертеді деген үмітпен, съезд кезекті істерге көшеді». «Сын бостандығын» талап еткен және Бернштейн туралы мәселе жөнінде жұмған аузын ашпаған оппортунист Гейне ұсынған қарар қабылданбай тасталды. Алайда Любек съезінде марксизмге ревизия жасаушылық социал-демократиялық партияның қатарында болумен сыйыспайтындығы туралы мәселе принципті түрде қойылған жоқ.— *14.*

23 *Герман социал-демократиялық партиясының Штутгарт съезі* 1898 жылы 3—8 октябрьде (жаңаша) болды, ол герман социал-демократиясындағы ревизионизм туралы мәселені тұңғыш рет талқылады. Съезде эмиграцияда жүрген Э. Бернштейннің арнайы жіберген мәлімдемесі оқылды, бұл мәлімдемесінде ол «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында жарияланған «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалаларында айтылған оппортунистік көзқарастарын баяндады және қорғады. Съезде Бернштейнге қарсылардың арасында өзара бірлік болмады: Бебель мен Каутский бастаған бір тобы партияда жік туады деп қауіптеніп, бернштейншілдікке қарсы принципті күресті партияның өте сақ ішкі тактикасымен ұштастыруға тырысты; басқалары (Р. Люксембург, Парвус) — бұлар азшылық болатын — жікке бөліну мүмкіндігінен тайсалмай, айтысты кеңейте және тереңдете түсуге күш салып, неғұрлым батыл позиция ұстады. Съезд бұл мәселе жөнінде ешқандай қарар қабылдаған жоқ, бірақ жарыссөздердің барысынан, сондай-ақ басқа да шешімдерден съезд көпшілігінің революциялық марксизм идеяларына адалдығын сақтап қалғандығы көрініп тұрды.— *15.*

24 Бұл арада А. Н. Потресовтың (Старовердің) 1901 жылғы апрельде «Заря» журналының 1-номерінде басылған «Не болып қалды?» деген мақаласы туралы айтылып отыр.— *16.*

25 *«Менменсіген жазушы туралы»* — А. М. Горькийдің бір әңгімесінің аты (қараңыз: М. Горький. Шығармалар жинағы, 5-том, 1950, 306—314-беттер).— *18.*

26 Бұл арада В. И. Ленин 1895 жылы «Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» деген жинақта басылған және 1907 жылы Лениннің «12 жыл ішінде» деген мақалалар жинағында қайта басылған «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы (Марксизмнің буржуазиялық әдебиетте баяндалуы)» деген мақаласы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 1-том, 367—563-беттер) мен «12 жыл ішінде» деген жинаққа жазған алғы сөзін (қараңыз: Шығармалар, 13-том, 84—104-беттер) айтып отыр. Бұл алғы сөзде әлгі мақала жазылған кездегі жағдайға сипаттама беріліп, оның жарық көру тарихы баяндалған.

«Біздің шаруашылық дамуымызды сипаттайтын материалдар» деген жинаққа Лениннің мақаласымен қатар Г. В. Плехановтың «Сары уайымға салынушылық — экономикалық тұрмыстың бейнесі»; «Біздің қарсыластарымызға бірнеше сөз (Орыс әдебиетіндегі цивилизация тарихына арналған материалдар)», П. Струвенің «Менің сыншыларыма» деген мақалалары және басқалар енгізілді; бұл жинақ 1895 жылғы апрельде жария баспаханада 2000 дана болып басылды; патша үкіметі жинақтың таралуына тыйым салды, сөйтіп жинақты

бір жыл бойы ұстағаннан кейін оны кәмпескеледі де, өртеп жіберді. Петербургтегі және басқа қалалардағы социал-демократтар арасында құпия таратылған 100 данаға жуығы ғана сақталып қалды.— *18.*

27 Э. Бернштейннің «Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie» («Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері») деген кітабы 1901 жылы әр түрлі атпен орыс тіліне аударылып басылды: 1) «Тарихи материализм». Аударған Л. Канцель. Спб., «Знание»; 2) «Әлеуметтік проблемалар». Аударған П. С. Коган. М.; 3) «Социализм проблемалары және социал-демократияның міндеттері». Аударған К. Я. Бутковский. М., Ефимов баспасы.— *19.*

28 Бернштейн мен Прокоповичтің кітаптарын Зубатовтың жұмысшылардың оқуына ұсынуы туралы «Искраның» редакциясына жолданган «Зубатовшылдық туралы» деген хатта хабарланды, бұл хат Мартовтың «Тағы да біздің заманымыздағы саяси азғындық туралы» деген мақаласында пайдаланылды («Искра» № 10, 1901 ж. ноябрь).— *20.*

29 Бұл арада әңгіме *«Россия социал-демократтарының наразылығы»* туралы болып отыр. В. И. Ленин мұны Петербургтегі А. И. Ульянова-Елизаровадан ол «Жастар Credo»-сы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер) деп атаған документті алғаннан кейін, 1899 жылы августа жазды. Россия бернштейншілдерінің «Credo»-сына қарсы «Наразылықтың» жобасы Минусинск округінде айдауда жүрген он жеті социал-демократтың Ермаковское селосында (А. А. Ванеев, П. Н. Лепешинский, М. А. Сильвин және басқалар айдалып барған жер) болған жиналысында талқыланды. Наразылық бір ауыздан қабылданып, оған В. И. Ленин, Н. К. Крупская, В. В. Старков, А. М. Старкова, Г. М. Кржижановский, З. П. Кржижановская-Невзорова, Ф. В. Ленгник, Е. В. Барамзин, А. А. Ванеев, Д. В. Ванеева, М. А. Сильвин, В. К. Курнатовский, П. Н. Лепешинский, О. Б. Лепешинская, Петербург жұмысшылары О. А. Энгберг, А. С. Шаповалов, Н. Н. Панин қол қойды. «Наразылыққа» жиналысқа қатыспаған И. Л. Проминский, М. Д. Ефимов, Чекальский және Ковалевский, сондай-ақ Туруханскіде айдауда жүргендер де (Ю. О. Мартов және басқалар) қосылды. Вятка губерниясындағы Орлов қаласында айдауда жүрген он жеті социал-демократ та (В. В. Воровский, Н. Э. Бауман, А. Н. Потресов және басқалар) «экономистердің» «Credo»-сына қарсы шықты.— *20.*

30 *«Былое»* («Өткен Дәуір») — негізінен халықшылдық пен ертеректегі қоғамдық қозғалыстар тарихына арналған тарихи журнал; ұйымдастырған В. Л. Бурцев. 1900—1904 жылдары Лондонда, 1906—1907 жылдары — Петербургте В. Я. Богу-

чарский мен П. Е. Щеголевтің редакциялауымен, Бурцевтің қатысуымен шығып тұрды; 1907 жылы «Былое» журналын шығаруға үкімет тыйым салды, сөйтіп журналдың 11 және 12-номерлерінің орнына «Біздің ел» деген тарихи жинақ шығарылды. 1908 жылы «Былоенің» орнына «Минувшие Годы» журналы шығып тұрды, ал 1909 жылы — «Өткен өмір» деген тарихи жинақ шығарылды. 1908 жылы Бурцев «Былоені» шетелде (Парижде) қайтадан шығарды, мұнда журнал 1912 жылға дейін шығып тұрды. Россияда «Былое» 1917 жылы қайта шыға бастады, сөйтіп 1926 жылға дейін шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін журналдың редакторы П. Е. Щеголев болды.— *20.*

31 *«Рабочая Мысль»* («Жұмысшы Ойы») — газет, «экономистердің» органы; 1897 жылғы октябрьден 1902 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. 16 номері шықты. Алғашқы екі номері Петербургте мимеографта басылды, 3—11-номерлері шетелде, Берлинде шықты; 12, 13, 14 және 15-номерлерін басу Варшаваға көшірілді; соңғы 16-номері шетелде шықты. Газетті К. М. Тахтарев және басқалар редакциялады.

Халықаралық оппортунизмнің орыстық түрі болған «Рабочая Мысльдің» көзқарастарын Ленин «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 260—297-беттер) деген мақаласында, «Искра» газетінде жарияланған мақалаларында және «Не істеу керек?» деген кітабында сынады.— *21.*

32 *««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum. Алғы сөзін Г. Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған материалдар жинағы»* (Женева, 1900 ж., февраль) РСДРП қатарындағы оппортунизмге, негізінен алғанда шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағындағы» «экономизмге», оның органы — «Рабочее Дело» журналына қарсы бағытталды.— *21.*

33 *«Profession de foi»* (наным символы, программа, дүние танымды баяндау) — РСДРП Киев комитетінің оппортунистік көзқарастарын баяндаған листовка; 1899 жылдың аяқ кезінде жазылған. Листовканың мазмұны көбінесе «экономистердің» белгілі «Credo»-сына сәйкес. Бұл документті Ленин өзінің қолжазба күйінде және машинкаға басылып таратылған ««Profession de foi» жөнінде» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 337—348-беттер) сынады.— *21.*

34 *«Еңбекті азат ету» тобы* — 1883 жылы Швейцарияда Г. В. Плеханов негізін салған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Бұл топқа Плехановтан басқа П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, В. Н. Игнатов кірді.

«Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмді насихаттау

жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. Топ К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесі», «Жалдама еңбек және капитал», «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген және басқа еңбектерін орыс тіліне аударып, шетелде бастырып шығарды және Россияда таратып отырды, сондай-ақ өз басылымдарында марксизмді насихаттады. «Еңбекті азат ету» тобы Россияда марксизмнің таралуына және социал-демократиялық қозғалыстың дамуына ең басты идеялық бөгет болған халықшылдыққа елеулі соққы берді. «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885) деген және басқа еңбектерінде Г. В. Плеханов Россия капиталистік емес жолмен дамып келеді дейтін халықшылдық теорияларды, халықшылдардың жеке адамның тарихтағы роліне субъективтік-идеалистік көзқарасын, пролетариаттың революциялық қозғалыстағы алдыңғы қатарлы ролін теріске шығаруын және басқа пайымдауларын маркстік сынға алды. Плеханов жазып, «Еңбекті азат ету» тобы бастырып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885 жылдар) Россияда социал-демократиялық партияны әзірлеп, құрудағы маңызды қадам болды. Әсіресе маркстік көзқарастарды таратуда, диалектикалық және тарихи материализмді негіздеуде және қорғауда Плехановтың (Н. Бельтовтың) «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895) деген еңбегінің зор маңызы болды; осы еңбек арқылы «орыс марксистерінің бүтіндей бір ұрпағы тәрбиеленіп шықты» (В. И. Ленин. Шығармалар, 16-том, 283-бет). Топ «Социал-Демократ» жинағының 4 кітабын, сондай-ақ жұмысшыларға арналып түсінікті жазылған кітапшалар шығарып, Россияға таратты.

Ф. Энгельс «Маркстің экономикалық және тарихи ұлы теорияларын шын пейілімен әрі бүкпесіз қабылдаған» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 461-бет) «Еңбекті азат ету» тобының құрылуын құттықтады. Г. В. Плеханов пен В. И. Засулич Ф. Энгельспен достық байланыста болып, көп жыл бойы онымен хат жазысып тұрды. «Еңбекті азат ету» тобы халықаралық жұмысшы қозғалысымен байланыс орнатты, сөйтіп II Интернационалдың 1889 жылғы (Париж) бірінші конгресінен бастап өзі өмір сүрген уақыт бойына оның барлық конгрестерінде Россия социал-демократиясының өкілі болды. Бірақ «Еңбекті азат ету» тобының елеулі қателіктері де бар: либерал буржуазияның ролін асыра бағалады, пролетарлық революцияның резерві ретінде шаруалардың революцияшылдығын жете бағаламады. Бұл қателіктер Плеханов пен топтың басқа да мүшелерінің болашақ меньшевиктік көзқарастарының ұрығы еді. В. И. Ленин «Еңбекті азат ету» тобы «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар, 20-том, 281-бет) деп көрсетті.

1894 жылы «Еңбекті азат ету» тобының инициативасы бойынша «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» құрылды. 1900 жылы «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері мен олардың жақтастары «Одақтан» шығып, революциялық «Социал-демократ» ұйымын құрды. Топ мүшелері Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод және В. И. Засулич «Искра» мен «Заряның» редакциясына енді. 1903 жылғы августа РСДРП екінші съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің өмір сүруін тоқтататынын мәлімдеді.

1899 жылғы декабрьде Аксельрод жазған *««Еңбекті азат ету» тобы басылымдарының қайтадан шыға бастауы туралы хабарландыру»* 1900 жылдың бас кезінде жеке листок болып және ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum»-де басылды. «Хабарландыруда» баяндалған «Еңбекті азат ету» тобының әдеби қызметінің программасы «Заря» мен «Искра» шығарыла бастағаннан кейін ғана жүзеге асты.— *25.*

35 *«Орыс социал-демократтары одағының» III съезі* 1901 жылғы сентябрьдің екінші жартысында Цюрихте болды; съезд шешімдері «Одақ» қатарында оппортунизмнің біржола жеңгенін дәлелдеді. Съезде орыс социал-демократтары шетелдік ұйымдарының 1901 жылғы июньде Женева конференциясында жасалған принципті келісімі мен шартының жобаларына нағыз оппортунистік сипаттағы түзетулер мен толықтырулар қабылданды; мұның өзі «Одақтың» III съезінен кейін бірнеше күннен соң болған РСДРП-ның шетелдік ұйымдарының «бірігу» съезінің сәтсіздікке ұшырайтынын күн ілгері-ақ байқатты. Съезде сондай-ақ ««Рабочее Дело» редакциясы үшін нұсқаулар» бекітілді, бұл іс жүзінде ревизионистерді қолдады, өйткені онда халықаралық және орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік тенденциялардың күресі туралы, ревизионизмді сынау және марксизмнің революциялық мәнін негіздей түсу қажеттігі туралы түк айтылмады.— *25.*

36 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 8-бет.— *26.*

37 *Гота программасы* — Германия Социалистік жұмысшы партиясының программасы; бұл программа бұрын жеке-жеке өмір сүріп келген немістің социалистік екі партиясы: эйзенахшылдар (А. Бебель мен В. Либкнехт басқарып, Маркс пен Энгельстің идеялық ықпалында болған) мен лассальшылдар біріккенде, 1875 жылы Готада болған съезде қабылданды. Программа эклектизмнен арылмады әрі оппортунистік болды, өйткені эйзенахшылдар аса маңызды мәселелер жөнінде лассальшылдардың ырқында кетіп, лассальшылдық тұжырымдарды қабылдады. К. Маркс пен Ф. Энгельс Гота программасының жобасын өлтіре сынап, оны 1869 жылғы

эйзенах программасымен салыстырғанда едәуір кейін шегінгендік деп бағалады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 5—40-беттер).— *26.*

38 Бұл арада П. Б. Аксельродтың «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде». Женева, 1898, деген кітапшасы жөнінде айтылып отыр.— *27.*

39 Бұл арада В. И. Ленин Ф. Энгельстің «Германиядағы шаруалар соғысы» деген еңбегіне (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 626—641-беттер) жазған алғы сөзінен өзі аударып үзінді келтіріп отыр.— *30.*

40 *«1896 жылы Петербургте болған атақты өнеркәсіп соғысы»* туралы сөз еткенде В. И. Ленин Петербург тоқымашы жұмысшыларының 1896 жылғы май — июнь айларында болған бұқаралық стачкасын айтып отыр. Стачкаға түрткі болған II Николайды таққа отырғызуға байланысты жұмыс істелмеген күндер үшін жұмысшыларға толық жалақы төлеуден фабриканттардың бас тартуы еді. Стачка Россия мақта жіп иіру (Калинкин) мануфактурасында басталып, Петербургтегі барлық мақта жіп иіру және тоқыма кәсіпорындарын, содан кейін ірі машина жасау заводтары мен басқа да кәсіпорындарды тез қамтыды. Петербург пролетариаты тұңғыш рет кең майдан құрып, қанаушыларға қарсы күреске шықты. 30 мыңнан астам жұмысшы ереуіл жасады. Стачка Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басшылығымен өтті; «Күрес одағы» жұмысшыларды өз праволарын ұйымшылдықпен және табандылықпен қорғауға шақырған листовкалар шығарды. «Күрес одағы» жұмысшылардың негізгі талаптарын («Петербургтің мақта жіп иіру кәсіпорындарының жұмысшылары нені талап етеді») бастырып шығарып, таратты: онда жұмыс күнін 10½ сағатқа дейін қысқарту, еңбек нарқын көтеру, жалақыны уақытылы төлеу және т. с. талаптар қойылған. Петербургтегі стачкалар бүкіл Россияда стачка қозғалысының дамуына жағдай жасады, патша үкіметін фабрикалық заңдарды қайта қарауды тездетуге және 1897 жылғы 2(14) июньде фабрикалар мен заводтарда жұмыс күнін 11½ сағатқа дейін қысқарту туралы заң шығаруға мәжбүр етті. Бұл стачкалар, кейінірек Лениннің жазғанындай, «сонан соң үздіксіз өрлеп келе жатқан жұмысшы қозғалысының заманын ашты» (Шығармалар, 13-том, 84-бет).— *32.*

41 *«Үгіт туралы» кітапшаны* 1894 жылы А. Кремер (кейін Бундты ұйымдастырушылардың бірі) Вильнода жазып, Ю. О. Мартов редакциялады; бастапқы кезде қолжазба кү-

йінде және гектографта басылып таратылды; ал 1896 жылдың аяқ кезінде Женевада басылып шықты, алғы сөзі мен соңғы сөзін П. Б. Аксельрод жазды. Вильнодағы социал-демократиялық жұмыс тәжірибесін қорытқан бұл кітапшаның орыс социал-демократтарына зор ықпалы болды, өйткені бұл кітапша томаға-тұйық үйірмелік насихатты қойып, жұмысшылардың күнделікті мұқтаждары мен талаптары негізінде олардың арасында бұқаралық үгіт жүргізуге көшуге шақырды. Алайда жалпы демократиялық талаптар негізінде жүргізілетін саяси үгіттің мәнін төмендетіп, оның есесіне таза экономикалық күрестің ролі мен маңызын асыра бағалауы болашақ «экономизмнің» ұрығы болды. «Вильно экономизмінің» сыңар жақтылығын П. Б. Аксельрод кітапшаның Женевада басылуына жазған соңғы сөзінде атап көрсетті. Г. В. Плеханов «Тағы да социализм және саяси күрес» деген мақаласында («Заря» № 1, 1901 ж. апрель, 1—32-беттер) «Үгіт туралы» деген кітапшаға сын тұрғысынан талдау жасады.— *34.*

42 *«Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын»* 1895 жылдың күзінде В. И. Ленин ұйымдастырды, ол Петербургтегі жиырмаға жуық маркстік жұмысшы үйірмелерін біріктірді. «Күрес одағының» бүкіл жұмысы централизм және қатаң тәртіп принциптері негізінде құрылды. «Күрес одағын» Орталық топ басқарды, оған В. И. Ленин, А. А. Ванеев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Ю. О. Мартов, М. А. Сильвин, В. В. Старков және басқалар енді. Тікелей басшылық топтың Ленин бастаған бес мүшесінің қолында болды. Ұйым аудандық топтарға бөлінді. Алдыңғы қатарлы, саналы жұмысшылар (И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов және басқалар) бұл топтарды фабрикалармен және заводтармен байланыстырды. Заводтарда хабарлар жинайтын және әдебиет тарататын ұйымдастырушылар болды; ірі кәсіпорындарда жұмысшы үйірмелері құрылды.

«Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет социализмді жұмысшы қозғалысымен біріктіру ісін, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың шағын тобы арасында үйірмелерде марксизмді насихаттаудан пролетариаттың қалың бұқарасы арасында саяси үгіт жүргізуге көшу ісін жүзеге асыра бастады. «Одақ» жұмысшылардың экономикалық талаптар үшін күресін патша өкіметіне қарсы саяси күреспен ұштастыра отырып, жұмысшы қозғалысына басшылық етті. 1895 жылы ноябрьде «Күрес одағы» Торнтон шұға фабрикасында стачка ұйымдастырды. 1896 жылдың жазында «Одақтың» басшылығымен Петербург тоқымашыларының 30 мыңнан астам жұмысшы қатысқан атақты стачкасы болды. «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап листовкалар мен кітапшалар бастырып шығарды. «Одақ» басылымдарының редакторы В. И. Ленин болды, оның басшылығымен «Рабочее Дело» саяси жұмысшы газетін шығару әзірленді. «Күрес одағы» Петербургтен тысқары жер-

лерге де ықпалын жүргізді. «Одақтың» бастауымен Москвада, Киевте, Екатеринославта, Россияның басқа да қалалары мен облыстарында жұмысшы үйірмелері «Күрес одақтарына» бірікті.

1895 жылы декабрьде патша үкіметі «Күрес одағына» қатты соққы берді: 1895 жылы декабрьдің 8-нен 9-на (20-нан 21-не) қараған түні «Одақтың» В. И. Ленин бастаған қайраткерлерінің едәуір бөлігі тұтқынға алынды; «Рабочее Дело» газетінің теруге әзірлеп қойған бірінші номері де қолға түсті.

Топтың тұтқындаудан бірнеше күн кейін өткен алғашқы жиналысында Петербург социал-демократтарының ұйымын «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп атауға шешім қабылданды. 1895 жылғы 15(27) декабрьде, Лениннің және «Күрес одағының» басқа мүшелерінің тұтқынға алынуына жауап ретінде, «Одақтың» тұтқыннан аман қалған мүшелері саяси тақырыпқа жұмысшылар жазған листок бастырып шығарды.

В. И. Ленин түрмеде отырған кезінде де «Одақтың» қызметіне басшылық етті, оған өзінің кеңестерімен көмектесті, сыртқа шифрлы хаттар, листовкалар жіберіп тұрды, «Стачкалар туралы» деген кітапша (әлі табылған жоқ), «Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру» деген еңбек жазды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер).

Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» маңызы мынада: ол, Лениннің сөзімен айтқанда, жұмысшы қозғалысына сүйенетін, пролетариаттың тап күресіне басшылық ететін революциялық партияның бастамасы болды.

«Одақтың» тұтқындаудан аман қалған ескі мүшелері РСДРП I съезін әзірлеп, оны өткізуге және съезд атынан басылып шыққан «Манифесті» жазуға қатысты. Алайда «Күрес одағын» құрушылардың, ең алдымен В. И. Лениннің Сибирьде айдауда жүріп, ұзақ уақыт болмауы 1897 жылдан бастап «Рабочая Мысль» газеті арқылы орыс топырағына тред-юнионизм мен бернштейншілдік идеяларын таратқан «жастардың», «экономистердің» оппортунистік саясатын жүргізуіне жеңілдік туғызды. 1898 жылдың екінші жартысынан бастап «Одақтың» басшылығына ең айтулы «экономистер» «рабоче-мысльшілдер» келді.— *34.*

43 В. И. Лениннің «Рабочее Дело» газетіне арнап жазған «Орыс жұмысшыларына» деген бас мақаласы әлі күнге дейін табылған жоқ.

«Русская Старина» («Орыс Аңызы») — тарихи журнал, негізін салған М. И. Семевский; Петербургте 1870 жылдан 1918 жылға дейін ай сайын шығып тұрды. «Русская Старинада» Россия мемлекет қайраткерлерінің және орыс мәдениеті өкілдерінің естеліктерін, күнделіктерін, жазбаларын, хатта-

рын, сондай-ақ әр түрлі документ материалдарын жариялауға көрнекті орын берілді.— *35.*

44 Бұл арада 1895 жылғы 27 апрельде (9 майда) Ярославльдің Үлкен мануфактурасында ереуіл жасаған жұмысшылардың жазалануы туралы айтылып отыр. 4000-нан астам жұмысшыларды қамтыған бұл стачканың тууына әкімшіліктің жұмысшылар жалақысын төмендеткен жаңа нарық енгізуі себеп болды. Стачканы басып-жаншу үшін Фанагорий полкінен 10 рота шақырылды; қару жұмсалды. Осының салдарынан 1 жұмысшы қаза тапты және 14 адам жараланды. Үлкен мануфактура жұмысшыларының жазалануы туралы полк командирі рапортының үстіне II Николай: «Фабрикадағы бейбастақтық кезінде табандылық және қаталдық көрсеткен фанагорийлік жігіттерге рақмет» деп жазған.

1895 жылы Ярославль стачкасы туралы мақаланы В. И. Ленин жазды; мақала осы уақытқа дейін табылған жоқ.— *35.*

45 *«С.-Петербургский Рабочий Листок»* («С.-Петербург Жұмысшы Листогы») — Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» органы. Екі номері шыққан: 1-номері — 1897 жылы февральда (январь деп көрсетілген) 300—400 дана болып Россияда мимеографта басылған және 2-номері 1897 жылы сентябрьде Женевада баспаханада басылған.

Газет жұмысшы табының экономикалық күресін кең көлемді саяси талаптармен ұштастыру міндетін алға қойып, жұмысшы партиясын құру қажеттігін атап көрсетті.— *35.*

46 Бұл арада әңгіме РСДРП I съезінің тапсыруымен және соның атынан РСДРП Орталық Комитеті 1898 жылы шығарған *«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының манифесі»* (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», I том, 1971, 11—14-беттер) туралы болып отыр. «Манифест» саяси бостандық алу және самодержавиені құлату жолындағы күресті Россия социал-демократиясының басты міндеті деп қойып, саяси күресті жұмысшы қозғалысының жалпы міндеттерімен байланыстырды.— *36.*

47 Бұл арада әңгіме «карттардың» — Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құрушылар В. И. Лениннің, А. А. Ванеевтің, Г. М. Кржижановскийдің, Ю. О. Мартовтың және басқалардың «Күрес одағының» жаңа құрамының өкілдерімен өткізген кеңестері туралы болып отыр; бұл кеңестер «Күрес одағының» ескі мүшелерін Сибирьге жер аудару алдында түрмеден шығарған соң, 1897 жылғы 14 және 17 февраль (26 февраль мен 1 март) аралығында, Петербургте С. И. Радченко мен Ю. О. Мартовтың пәтерлерінде болған еді. Осы кеңестерде ұйымдық және так-

тикалық мәселелер жөнінде елеулі алауыздық бары байқалды. Кеңесте 1893—1895 жылдары «қарттар» тобына кірген А. А. Якубова жаңа туып келе жатқан «экономизм» көзқарастарын қорғады; ал «Күрес одағының» «жас» мүшесі Б. И. Горев (Гольдман) В. И. Ленинді, «қарттарды» қолдады. Бұл жөнінде В. И. Ленин Петербургтіктің (К. М. Тахтаревтің) 1903 жылғы 15 майда «Искраның» 40-номерінде жарияланған «Редакцияға хатына» ескертуінде былай деп жазған болатын: «Атап айтқанда: менің бөлуімде дәлдіктің жоқтығы мынадан көрінеді: сол тұста (айтыста) бір «жас» «қарттарды» жақтады да, «қарттардың» бірі «жастарды» жақтады».— *37.*

48 *«Листок «Работника»»* (««Қызметкер» Листогы»)— «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» оқта-текте бір шығатын органы; 1896 жылдан 1898 жылға дейін Женевада шығып тұрды. «Листоктың» 10 номері шықты, соның 1—8-номерлері «Еңбекті азат ету» тобының редакциялауымен шықты. «Одақ» мүшелерінің көпшілігі «экономизмге» ауып кеткендіктен «Еңбекті азат ету» тобы «Одақтың» басылымдарын редакциялаудан бас тартты, сөйтіп «Листоктың» 9—10-номері (1898 жылғы ноябрь) «экономистердің» редакциялауымен шықты.— *37.*

49 *«Die Neue Zeit»* («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, содан кейін Г. Кунов редакциялады. «Die Neue Zeit» журналында К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сыны» (1890—1891 ж. 18-номерінде), Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (1901—1902 ж. 1-номерінде) және басқалар тұңғыш рет жарияланды. Энгельс өзінің кеңесімен журнал редакциясына үнемі көмектесіп, марксизмнен ауытқығаны үшін оны жиі сынап отырды. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғы —XX ғасырдың бас кезіндегі герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Г. В. Плеханов, П. Лафарг, В. Адлер және басқалар қатысып тұрды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап журналда ревизионистердің мақалалары ұдайы басылып тұрды, соның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын ашқан Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» атты сериялы мақалалары басылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында журнал іс жүзінде социал-шовинистерді қолдап, центристік, каутскийшілдік позиция ұстады.— *42.*

50 *Австрия социал-демократиялық партиясының* 1901 жылғы 2—6 ноябрьде (жаңаша) болып өткен *Вена съезінде* ескі

Гайнфельд программасының (1888) орнына партияның жаңа программасы қабылданды. 1899 жылғы Брюнн съезінің тапсыруы бойынша арнаулы комиссия (В. Адлер және басқалар) дайындаған жаңа программаның жобасында бернштейншілдікке елеулі жеңілдік жасалды, мұның өзі бірқатар сын пікірлер туғызды; атап айтқанда К. Каутский «Die Neue Zeit» журналының 1901—1902 жылғы 3-номерінде жарияланған «Die Revision des Programms der Sozialdemokratie in Österreich» («Австрия социал-демократиясының программасын қайта қарау») деген мақаласында тарихи процестің жалпы барысы мен жұмысшы табының міндеттерін социал-демократияның түсінуін неғұрлым толық және дұрыс көрсеткен Гайнфельд программасының принципті бөлімін сақтауды жақтады.— *42.*

51 В. И. Лениннің бұл арада айтып отырғаны С. Н. Прокоповичтің «Батыстағы жұмысшы қозғалысы. Сын көзімен зерттеу тәжірибесі. I том, Германия. Бельгия», Спб., 1899 жыл деген кітабы және П. Б. Струвенің 1899 жылы «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik», XIV Band, Berlin, 1899 («Әлеуметтік заңдар мен статистика архиві», XIV том, Берлин, 1899) журналында жарияланған «Die Marxsche Theorie der sozialen Entwicklung» («Әлеуметтік дамудың маркстік теориясы») деген мақаласын және оның Э. Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері», К. Каутскийдің «Бернштейн және социал-демократиялық программа» деген кітаптарына рецензиясы.

Реформизм рухында жазылған Прокоповичтің кітабына тән нәрсе материалды үстірт зерттеушілік және ғылыми социализм мен революциялық социал-демократияның қызметіне өшпенділік көзқарас болды; Прокопович өз кітабында Германия мен Бельгияның жұмысшы қозғалысында социал-демократияның революциялық күрес пен революциялық саясат жүргізуі үшін жағдай жоқ деп дәлелдеуге тырысты. Сондай-ақ, Струве де өз мақалаларында марксизмнің жалпы теориясын және оның философиялық алғы шарттарын бернштейншілдік позициядан теріске шығаруға тырысты, әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасының сөзсіздігін және қажеттігін бекерге шығарды.— *45.*

52 *Гирш-дункер кәсіподақтары* — 1868 жылы буржуазиялық прогрессивтік партияның қайраткерлері М. Гирш пен Ф. Дункер құрған Германияның реформистік кәсіподақ ұйымдары. Еңбек пен капитал мүдделерінің «үйлесімділігі» идеясын уағыздай отырып, гирш-дункер кәсіподақтарының ұйымдастырушылары одақтарға жұмысшылармен қатар капиталистерді де қабылдауға болады деп санады, стачкалық күрестің қажеттігін бекерге шығарды. Олар жұмысшыларды капиталдың езгісінен капиталистік қоғамның шеңберінде, буржуазиялық мемлекеттің заң шығару жолымен, кәсіподақ ұйымының кө-

мегі арқасында құтқаруға болады деп дәлелдеді; олар кәсіподақтардың басты міндеті жұмысшылар мен кәсіпкерлердің арасында делдалдық ету және ақша қаражаттары қорын жасау деп есептеді. Стачкаларға теріс көзқараста болу гирш-дункер кәсіподақтарын штрейкбрехерлер ұйымына айналдырды; олардың қызметі негізінен алғанда өзара жәрдем кассалары мен мәдени-ағарту ұйымдары шеңберінен аспады. 1933 жылғы май айына дейін өмір сүрген гирш-дункер кәсіподақтары буржуазияның қаншама күш салуына және үкімет органдарының қолдауына қарамастан, герман жұмысшы қозғалысында ешқашан елеулі күш болып көрген жоқ. 1933 жылы гирш-дункер кәсіподақтарының оппортунистік қайраткерлері фашистік «еңбек майданына» кірді.— *45*.

53 *«Жұмысшы табының өзін азат ету тобы»* — «экономистердің» шағын тобы; 1898 жылдың күзінде Петербургте пайда болып, бірнеше ай өмір сүрді. Топ өзінің мақсаттарын баяндап үндеу (1899 жылдың марты деп көрсетілген, 1899 жылы июльде «Накануне» журналында басылды), устав және жұмысшыларға арнап бірнеше прокламация бастырып шығарды.— *47*.

54 *«Накануне» («Қарсаңда»)* — «әлеуметтік-революциялық шолу», халықшылдық бағыттағы журнал, ай сайын шықты; 1899 жылғы январьдан 1902 жылғы февральға дейін Лондонда орыс тілінде Е. А. Серебряковтың редакциялауымен шығып тұрды; 37 номері шықты. Жалпы демократиялық көзқарастарды уағыздаған журналдың төңірегіне түрлі ұсақ буржуазиялық партиялар мен ағымдардың өкілдері топтасты; «Накануне» жалпы алғанда марксизмге, әсіресе орыс революциялық социал-демократиясына дұшпандық көзқараста болды.—*47*.

55 «Еңбекті азат ету» тобы мен «Рабочее Дело» редакциясының арасындағы айтыс В. И. Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» (Женева, 1898) деген кітапшасына 1899 жылғы апрельде «Рабочее Делоның» 1-номерінде басылған рецензиядан басталды. Шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» оппортунистік сипатын және Россияның социал-демократиялық ұйымдарында «экономистердің» ықпалы күшейіп отырғанын бекерге шығарып, «Рабочее Делоның» редакциясы бұл рецензияда: *«кітапшаның баяндалған негізгі мән-мазмұны «Рабочее Делоның» редакциялық программасымен толық сәйкес келеді»*, кітапшаға жазған алғы сөзінде «Аксельродтың қандай «жас» жолдастар туралы айтып отырғанын» редакция білмейді деді.

1899 жылғы августа жазылған ««Рабочее Делоның» редакциясына хатта» П. Б. Аксельрод Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшасында баяндаған революциялық социал-демократияның позициясын орыс және

шетелдік «экономистердің» позициясымен бара-бар деп дәлелдемек болған «Рабочее Дело» әрекетінің қисынсыздығын көрсетті. 1900 жылғы февральда «Еңбекті азат ету» тобы Г. В. Плехановтың алғы сөзімен ««Рабочее Дело» редакциясы үшін Vademecum» деген жинақ шығарды. Vademecum-нің шығуына В. И. Лениннің Сибирьде айдауда жүріп жазған және «Рабочее Дело» журналының 1899 жылғы декабрьдегі 4—5-номерінде басылған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер) «Россия социал-демократтарының наразылығына» («экономистік» «Credo»-ға қарсы) «Рабочее Делоның» редакциясы жазған соңғы сөзі себеп болды. «Рабочее Делоның» редакциясы осы соңғы сөзінде «Credo»-ны «тек қана жеке адамдардың көзқарасы деп білу керек» және орыс социал-демократиясының таза экономикалық күрес жағына қарай дамуы мүмкін деген қауіптің бейне бір «орыс жұмысшы қозғалысының шын мәніндегі барысында айтарлықтай негізі жоқ» деп пайымдады. Плеханов Аксельродтың «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде» деген кітапшасына жазған сол кезде қолжазба күйінде қолдан-қолға тарап жүрген С. Н. Прокоповичтің «Жауабын» және Е. Д. Кускова мен Гришиннің (Т. М. Копельзонның) саяси мазмұндағы кейбір «жеке» хаттарын «Vademecum»-де жариялап, «Рабочее Дело» редакциясының әлгі пайымдауларын теріске шығарды, «Орыс социал-демократтары одағы» мен «Рабочее Дело» журналының төңірегіне топталған орыс социал-демократиялық эмиграциясы арасында оппортунистік элементтер мен «экономизм» идеяларының шынында да басым екенін дәлелдеді.

«П. Аксельродтың «Хаты» мен Г. Плехановтың «Vademecum»-іне 1900 жылғы февраль — март айларында Б. Кричевский жазған ««Рабочее Дело» редакциясының жауабы» «рабочеделошылдардың» оппортунизмін толық айқындап берді. Бұдан кейінгі жерде «Рабочее Делоға» қарсы айтыс «Искра» мен «Заряның» беттеріне көшірілді.— *48.*

56 Бұл арада *«Der Sozialdemokrat»* («Социал-Демократ») газеті — социалистерге қарсы ерекше заң шығарылған кездегі Германия социал-демократиялық партиясының орталық органы жайында айтылып отыр; 1879 жылдың 28 сентябрінен 1888 жылдың 22 сентябріне дейін Цюрихте және 1888 жылдың 1 октябрінен 1890 жылдың 27 сентябріне дейін Лондонда шығып тұрды. Газетті 1879—1880 жылдары Г. Фольмар, 1881 жылдың январынан бастап сол жылдары Ф. Энгельстің күшті ықпалында болған Э. Бернштейн редакциялады. Энгельстің идеялық басшылығы «Социал-Демократтың» маркстік бағытта болуын қамтамасыз етті. Ерекше заңның енгізілуінен туған алғашқы абыржушылықты жеңе білген Германия жұмысшы бұқарасының жауынгерлік рухының газет қызметі үшін орасан зор маңызы болды: «Социал-Демократ», жекелеген қателіктеріне қарамастан, революциялық тактиканы та-

бандылықпен қорғады және герман социал-демократиясының күштерін жинап, ұйымдастыруда аса көрнекті роль атқарды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін «Социал-Демократты» шығару тоқтатылды, партияның орталық органы қайтадан «Vorwärts» («Алға») газеті болды.— *53.*

57 Бұл арада «Нарцис Тупорылов» деп қол қойылып, 1901 жылғы апрельде «Заряның» 1-номерінде басылған сатиралық «Ең жаңа орыс социалисінің гимні» айтылып отыр. Мұнда стихиялық қозғалысқа бейімделген «экономистер» келемеж етілген. Өлеңнің авторы Ю. О. Мартов болатын.— *55.*

58 *«Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы» (Бунд)* 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының Вильнода болған құрылтай съезінде құрылды; көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербестігі бар автономиялы ұйым ретінде» РСДРП-ның құрамына кірді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1 том, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды, социал-демократиялық қозғалыстың аса маңызды мәселелері жөнінде оппортунистік позиция ұстады. 1901 жылғы апрельде болған Бундтың IV съезі РСДРП бірінші съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды өзгертуді ұсынды және автономияны федерациямен ауыстыру жөнінде қарар қабылдады; Бундтың IV съезінің «Саяси күрес құралдары туралы» деген қарарында «қалың бұқараны қозғалысқа тартудың таңдаулы құралы экономикалық күрес болып табылады» деп жазылды.

РСДРП II съезі Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп танитын болсын деген талабын қабылдамай тастағаннан кейін Бунд партиядан шығып кетті. 1906 жылы IV (Бірігу) съездің шешімімен Бунд РСДРП құрамына қайта кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) үнемі қолдап отырды, большевиктерге, большевизмге қарсы күрес жүргізіп келді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, партияға қарсы Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылда-

рында бундшылдардың басшылары контрреволюция күштерімен бірігіп кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасу жағына қарай бет бұру да байқалды. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойылды деп жариялады, оның мүшелерінің бір бөлігі жалпы негізде РКП(б) қатарына кірді.— *65.*

59 *«Свобода»* («Бостандық») — Швейцарияда «Бостандық» атты «революциялық-социалистік» топ (1901 жылғы майда Е. О. Зеленский (Надеждин) құрған) шығарған журнал; журналдың не бары екі номері: 1-номері 1901 жылы және 2-номері 1902 жылы шықты. В. И. Ленин «Бостандық» тобын «берік, елеулі идеялары да, программасы да, тактикасы да, ұйымы да, бұқара ішінде тамырлары да болмаған» (Шығармалар, 20-том, 367, 368-беттер) «негізсіз топтардың» қатарына жатқызды. Өзінің басылымдарында («Свобода» журналынан басқа, топ «Революция қарсаңы. Теория мен тактика мәселелеріне мерзімсіз шолудың» 1-номерін, «Отклики» газет-журналының 1-номерін, Надеждин жазған «Россияда революционизмнің қайта тууы» деген программалық кітапшаны және басқаларын шығарды) «Свобода» тобы терроршылдық пен «экономизм» идеяларын уағыздады. Петербург «экономистерімен» бірігіп «Искраға» және РСДРП Петербург комитетіне қарсы шықты. 1903 жылы топ өзінің өмір сүруін тоқтатты.

В. И. Ленин ««Свобода» журналы туралы» (Шығармалар толық жинағы, 5-том, 390—391-беттер) және ««Свобода» тобы туралы» (Шығармалар, 6-том, 294—295-беттер) деген заметкаларында осы топқа және оның басылымдарына сипаттама берді.— *81.*

60 Бұл арада 1901 жылғы февраль — март айларында Петербургте, Москвада, Киевте, Харьковте, Қазанда, Томскіде және Россияның басқа қалаларында болған студенттер мен жұмысшылардың жаппай революциялық бой көрсетулері: саяси демонстрациялары, жиындары, ереуілдері айтылып отыр.

Студенттердің 1900—1901 оқу жылындағы академиялық талаптар негізінде туған қозғалысы самодержавиенің реакциялық саясатына қарсы революциялық саяси бой көрсетуге айналды, ол алдыңғы қатарлы жұмысшылар тарапынан қолдау тапты, орыс қоғамының барлық топтары оған үн қосты. 1901 жылғы февраль — март айларында демонстрациялар мен стачкалардың басталуына Киев университетінің 183 студентін студенттер жиынына қатысқаны үшін солдатқа беру тікелей себеп болды (қараңыз: В. И. Лениннің «183 студенттің солдатқа берілуі» деген мақаласы — Шығармалар толық жинағы, 4-том, 422—427-беттер). Үкімет революциялық бой көрсетуге қатысушыларды қатаң жазалады: полиция мен казактар демонстрацияларды қуып таратып, оған қатысушыларды соққыға жықты, жүздеген студенттер тұтқынға алы-

нып, жоғары оқу орындарынан шығарылды; әсіресе 1901 жылғы 4(17) мартта Петербургтегі Қазан соборы алдындағы алаңда болған демонстрацияға қатысушылар өте қатты жазаланды. 1901 жылғы февраль — март оқиғалары Россиядағы революциялық өрлеудің күшейіп келе жатқанын көрсетті; жұмысшылардың саяси ұрандармен өткен қозғалысқа қатысуының орасан зор маңызы болды.— *85.*

61 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 459-бет.— *91.*

62 1901 жылғы августа «Искра» газетінің 7-номерінде «Жұмысшы қозғалысының хроникасы және фабрикалар мен заводтардан хаттар» деген бөлімде Петербургтегі бір тоқымашы жұмысшының хаты жарияланды, бұл хат лениндік «Искраның» алдыңғы қатарлы жұмысшыларға орасан зор әсер еткенін дәлелдейді.

«...Мен «Искраны» көп жолдастарға көрсеттім, газеттің түте-түтесі шығып болды, солай болса да ол бізге қымбат...— деп жазды автор.— Мұнда тиындап бағалауға, сағаттап мөлшерлеуге болмайтын біздің ісіміз, бүкіл орыс ісі туралы жазылған; оны оқығанда жандармдар мен полицияның бізден, жұмысшылардан, біз соңынан ерген интеллигенттерден неге қорқатыны түсінікті бола кетеді. Олар, шынында да, қожайынның қалтасына ғана қатерлі емес, патшаға да, қожайындарға да, тіпті бәріне де қатерлі... Енді жұмысшы халық тез-ақ көтеріледі, өйткені бәрі де төменнен тұтанғалы тұр, ұшқын түссе-ақ өрт лаулайды. Ал ұшқыннан жалын лаулайды деп қалай дәл айтылған!.. Бұрын әрбір стачка оқиға болса, ал қазір жеке-дара стачканың түк емес екенін әркім біледі, қазір бостандықты күреспен алуға ұмтылу қажет, оны күшпен алу керек. Енді бәрі де, кәрі де, жас та оқыр еді, амал не — кітап жоқ. Мен өткен жексенбіде он бір адамды жинап, «Неден бастау керек?» деген мақаланы оқып бердім, сөйтіп біз түнге дейін тарамадық. Бәрі де қандай дұрыс айтылған, бәрі де қандай жеткізіліп айтылған... Сіздің осы «Искраға» хат жазып, оның неден бастау керектігін ғана емес, сонымен бірге қалай өмір сүріп, қалай өлу керек екенін үйретуін сұрағымыз келеді».— *98.*

63 П. Б. Аксельрод. «Орыс социал-демократтарының қазіргі міндеттері мен тактикасы туралы мәселе жөнінде». Женева, 1898, 16—17-беттер.— *101.*

64 Бұл арада «Исқраның» 2 және 4-номерлерінде 1901 жылғы февраль және май айларында басылған П. Б. Струвенің «Самодержавие және земство» деген мақаласы айтылып отыр. «Искрада» Струве мақаласының шығуы және «Заряда» С. Ю. Виттенің «Самодержавие жәпе земство» деген «құпия

запискасының» Струвенің (Р. Н. С.) алғы сөзімен басылуы «Искра» мен «Заря» редакциясының «демократиялық оппозициямен» (Струвемен) жасалған январь (1901 ж.) келісімінің нәтижесінде мүмкін болды. В. И. Ленин қарсы болған, Г. В. Плехановтың қолдауымен П. Б. Аксельрод пен В. И. Засулич жасасқан бұл келісім ұзаққа бармады: 1901 жылғы көктемде социал-демократтардың буржуазиялық демократтармен одан әрі ынтымақтасып іс істеуінің ешбір мүмкін еместігі әбден айқындалды, сөйтіп Струвемен жасалған блок ыдырап кетті.— *102.*

65 *«Россия»* — күн сайын шығып тұрған, баяу либералдық газет; 1899—1902 жылдары Петербургте Г. П. Сазоновтың редакциялауымен және фельетоншылар А. В. Амфитеатров пен В. И. Дорошевичтің қатысуымен шығып тұрды. Орыс қоғамының буржуазиялық топтары арасында кеңінен тарады. 1902 жылғы январьда үкімет Амфитеатровтың «Обманов мырзалар» деген фельетонын басқаны үшін газетті жауып тастады.— *104.*

66 Бұл арада В. И. Засуличтің «Қазіргі кездегі оқиғалар жөнінде» деген мақаласы және «Біздің қоғамдық өміріміздеп» деген бөлімдегі студенттер толқулары жөніндегі хабар («Искра» № 3, апрель, 1901 ж.), А. Н. Потресовтың «Мәнсіз қиял жөнінде» деген мақаласы және «Әдебиетке полициялық шабуыл» («Искра» № 5, июнь, 1901 ж.) деген заметка айтылып отыр.— *104.*

67 Бұл арада «Екатеринослав земствосындағы жанжал» және «Вяткалық «штрейкбрехерлер»» («Искра» №№ 7 және 9, август және октябрь, 1901 ж.) деген заметкалар айтылып отыр.— *104.*

68 *«С.-Петербургские Ведомости»* («С.-Петербург Ведомостары») — газет, Петербургте 1728 жылдан бастап шықты; ол 1703 жылдан бастап шыққан «Ведомости» атты тұңғыш орыс газетінің жалғасы болды. 1728 жылдан 1874 жылға дейін «С.-Петербургские Ведомости» Ғылым академиясының жанынан, 1875 жылдан бастап — халық ағарту министрлігінің жанынан шығып тұрды. Газет 1917 жылдың аяғына дейін шықты.— *106.*

69 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет, Москвада 1863 жылдан шыға бастады, баяу либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский, В. Г. Короленко және басқалар) қатысып тұрды, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан бастап газет буржуазиялық кадет партиясының оңшыл қанатының органы болды. Ленин «Русские

Ведомости» *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырып отырды деп көрсетті (Шығармалар, 19-том, 120-бет). 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа контрреволюцияшыл газеттермен бірге жабылды.— *106.*

70 *Тап күресін брентаноша түсіну,* «брентанизм» — «пролетариаттың революциялық емес «тап» күресін мойындайтын либералдық-буржуазиялық ілім» (В. И. Ленин. Шығармалар, 28-том, 225-бет), ол жұмысшы мәселесін фабрикалық заңдар шығару және жұмысшыларды кәсіподақтарға ұйымдастыру жолымен капитализмнің шеңберінде шешу мүмкіндігін уағыздайды. Бұл ілім буржуазиялық саяси экономиядағы катедер-социализм мектебі басты өкілдерінің бірі Л. Брентаноның есімімен аталды.— *106.*

71 Бұл арада Петербургте 1899 жылдың көктемінде В. А. Гутовский (кейіннен белгілі меньшевик Е. Маевский) ұйымдастырған *«Капиталмен күрес жүргізетін жұмысшылар тобы»* айтылып отыр; бұл топ бірнеше жұмысшы мен интеллигенттен құрылды, Петербургтегі жұмысшы қозғалысымен берік байланысы болған жоқ және көп ұзамай-ақ, 1899 жылдың жазында, мүшелерінің бәрі дерлік тұтқынға алынғаннан кейін жойылды; өзінің көзқарасы жөнінен «экономизмге» жақын болды. Топ «Біздің программа» деген листок шығарды, бірақ ұйым мүшелері ұсталып қалғандықтан таратылмады.— *114.*

72 Бұл арада әңгіме, сірә, В. И. Лениннің А. С. Мартыновпен 1901 жылғы бірінші кездесуі туралы болып отырса керек. Мартынов өзінің естеліктерінде осы кездесуді былай суреттейді: «Біз Ленинмен программа туралы, партияның саяси міндеттері туралы және саяси тактика туралы әңгімелестік және әңгіме үстінде арамызда ешқандай пікір алалығы болмағандай көрінді. Бірақ әңгіменің соңында Ленин маған мынадай сұрақ қойды: «Ал сіз менің ұйымдық мәселе жөніндегі жоспарыма қалай қарайсыз?». Осы арада мен: «Бұл пункт жөнінде мен сізбен мүлдем келіспеймін...» — деп кенет өре түрегелдім. Владимир Ильич көзін сығырайта қарап тұрып, мырс етті де, маған жауап берді: «Сіз тек осы пункт бойынша ғана менімен келіспейсіз, ал мәселенің бар түйіні осында жатыр, демек, бұдан әрі біздің арамызда ешқандай әңгіме болуы мүмкін емес қой». Сөйтіп біз ...ұзақ жылдарға ажырастық» (А. Мартынов. «Пролетариаттың ұлы көсемі», М., 1924, 8—9-беттер).— *122.*

73 В. И. Ленин бұл арада өзі басқарған Петербург социал-демократтарының («қарттардың») үйірмесін айтып отыр; осы үйірменің негізінде 1895 жылы «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» құрылды.— *140.*

[74] Революцияшыл халықшылдардың ұйымы *«Жер және ерік»* 1876 жылдың күзінде Петербургте құрылды; алғашында «Солтүстік революцияшыл-халықшылдық топ» деп аталды, ал 1878 жылдан «Жер және ерік» қоғамы деген атпен белгілі. Оның мүшелері Маркс және Ольга Натансондар, Г. В. Плеханов, О. В. Аптекман, А. Д. және А. Ф. Михайловтар, А. А. Квятковский, М. Р. Попов, С. М. Кравчинский, Д. А. Клеменц, А. Д. Оболешев, С. Л. Перовская және жетпісінші жылдардағы басқа да аса көрнекті революционерлер болды. Түпкі мақсат ретінде социализмнен бас тартпаса да, «Жер және ерік» ұйымы таяудағы мақсат ретінде «дәл осы сәттегі *халық талаптары мен тілектерін»*, яғни «жер және ерік» алу талаптарын жүзеге асыруды ұсынды. «Бұл формула,— делінген оның программасында,— *күшпен төңкеріс жасау жолымен ғана* жүзеге асырылуы мүмкін» екені өзінен-өзі түсінікті, ал бұл төңкерісті әзірлеу үшін «халықтың наразылығын» күшейту және «мемлекет күштерінің берекесін кетіру» міндеттері алға қойылды. Шаруалар арасында үгіт жүргізу үшін жер-ерікшілер әсіресе Поволжьенің және қара топырақты Орталықтың егіншілікті губернияларындағы деревняларда «қоныстар» ұйымдастырды. Олар сонымен бірге жұмысшылар мен оқушы жастар арасында үгіт жұмысын жүргізді, стачкалық қозғалысқа көмектесті. 1876 жылғы 6(18) декабрьде жер-ерікшілер Петербургтегі Қазан алаңында болған белгілі демонстрацияны ұйымдастырды.

70-жылдардың бірінші жартысындағы халықшыл топтардай емес, жер-ерікшілер қатаң түрде бір орталыққа бағыну және тәртіп принципіне негізделген сындарлы ұйым құрды. Ұйым «негізгі үйірмеден», сондай-ақ территориялық және арнаулы топтардан (шаруалар және жұмысшылар арасында жұмыс жүргізетін, «іріткі салушылар» және т. с.) құралды; «негізгі үйірмені» «әкімшілік» («комиссия») басқарды, ол топтардың қызметін бақылады, оларды әдебиетпен, қаражатпен және т. с. жабдықтап отырды. 1876—1877 жылдың қысында қабылданған қоғамның Уставы азшылықтың көпшілікке бағынуын, ұйымның әрбір мүшесінің «өзінің барлық күшін, қаражатын, байланысын, сүйініші мен күйінішін, тіпті өмірлерін» де ұйымның пайдасына жұмсауын, ұйымның барлық ішкі істері жөнінде толық құпиялықты сақтауды және т. б. талап етті. 1878—1879 жылдары жер-ерікшілер «Земля и Воля» журналының 5 номерін шығарды.

1879 жылы шаруалар арасындағы социалистік насихаттың сәтсіздікке ұшырауы және үкімет тарапынан жазалаудың күшеюі салдарынан жер-ерікшілердің көпшілігі өздерінің программасын жүзеге асыру жолындағы күрестің негізгі әдісі ретінде саяси террорға бой ұра бастады. Бұрынғы тактиканы жақтаушылар (Г. В. Плеханов бастаған) мен террорды жақтаушылардың (А. И. Желябов және басқалары) арасындағы алауыздық Воронеж съезінде (1879 жылғы июнь) «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуіне әкеліп соқтыр-

ды; біріншілері «Қаралай бөліс» қоғамын, екіншілері — «Халық еркі» ұйымын (9-ескертуді қараңыз) құрды.

Қаралай бөлісшілер (Г. В. Плеханов, М. Р. Попов, П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, Я. В. Стефанович, В. И. Засулич, О. В. Аптекман, В. Н. Игнатов, кейінірек — А. П. Буланов және басқалар) өздерінің программалық талаптарында негізінен алғанда «Жер және еріктің» платформасын қорғады. Россияда және 1880 жылы Плеханов, Дейч, Засулич, Стефанович және басқалар эмиграцияға кеткеннен кейін шетелде «Черный Передел» журналы және «Зерно» газеті шығып тұрды. Кейінірек қаралай бөлісшілердің бір бөлігі марксизмге бет бұрды (Плеханов, Аксельрод, Засулич, Дейч және Игнатов 1883 жылы орыстың тұңғыш маркстік ұйымын — «Еңбекті азат ету» тобын құрды), басқалары 1881 жылғы 1 марттан кейін халық ерікшілеріне қосылды.— *148.*

75 Бұл арада әңгіме Е. Лазаревтің «Орыс социал-демократиялық партиясындағы жікке бөлінушілік» («Накануне» №№ 15 және 16, апрель және май 1900 ж.) және «Бір жікке бөлінушілік жөнінде» («Накануне» № 17—18, июнь, 1900 ж.) деген мақалалары туралы болып отыр.— *154.*

76 Бұл арада мына кітапша айтылып отыр: *«1900 ж. Парижде болған Халықаралық социалистік конгреске орыс социал-демократиялық қозғалысы туралы жасалған баяндама»*, Женева, «Орыс социал-демократтары одағы» басып шығарған, 1901. Баяндаманы «Одақтың» тапсыруы бойынша «Рабочее Делоның» редакциясы жазған.— *158.*

77 В. И. Ленин бұл арада ««Рабочая Мысльдің» жеке қосымшасында» (1899 жылғы сентябрь) басылған Р. М.-ның «Біздің өмір шындығымыз» деген мақаласындағы талас ескертпелерді айтып отыр; В. И. Ленин оны III тараудың «б» параграфында цитатқа келтіреді (қараңыз: осы том, 75-бет).— *164.*

78 *«Южный Рабочий»* («Оңтүстік Жұмысшысы») — социал-демократиялық газет, мұны осы аттас топ 1900 жылғы январьдан 1903 жылғы апрельге дейін құпия түрде шығарып тұрды; 12 номері шықты. «Южный Рабочийдің» редакторлары және қызметкерлері болып әр кезде И. Х. Лалаянц, А. Виленский («Илья»), О. А. Коган (Ерманский), Б. С. Цейтлин (Батурский), Е. Я. және Е. С. Левиндер, В. Н. Розанов және басқалар істеді.

«Екатеринослав жұмысшы газеті» (алғашқы екі номерінің тақырыпшасы) ретінде шыққан «Южный Рабочий» көп кешікпей-ақ «Россияның оңтүстігіндегі жұмысшы қозғалысының ықпалды органына» айналды. Газет баспаханасы өзінің орнын ұдайы өзгертіп, Екатеринослав, Смоленск, Кишинев, Николаев және басқа қалаларға көшіп отырды.

«Южный Рабочий» «экономизмге» және террористылдыққа қарсы шықты, бұқаралық революциялық қозғалысты өрістету қажеттігін жақтады. Бірақ Россияда жалпы орыстық саяси газеттің төңірегіне топтасқан, бір орталыққа бағынатын маркстік партия құру жөніндегі искралық жоспарға қарама-қарсы «Оңтүстік жұмысшысы» тобы облыстық социал-демократиялық бірлестіктер құру арқылы РСДРП-ны қайта қалпына келтіру жоспарын ұсынды. 1901 жылғы декабрьде Россияның оңтүстігіндегі РСДРП комитеттері мен ұйымдарының съезін шақыру осы жоспарды іске асырудың практикалық әрекеті болды; съезде «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдарының одағы» құрылды, ал «Южный Рабочий» газеті оның органы болып белгіленді. Алайда бұл әрекет (сондай-ақ «Южный Рабочийдің» бүкіл ұйымдық жоспары да) өмірге бейімсіз болып шықты, сөйтіп 1902 жылдың көктемінде жаппай сәтсіздікке ұшыраған соң «Одақ» тарап кетті. «Южный Рабочий» редакциясының тұтқыннан аман қалған мүшелері Россия социал-демократиясының бірлігін қалпына келтіру жолында бірлесіп жұмыс істеу жөнінде 1902 жылы августа «Искра» редакциясымен келіссөз жүргізді. «Оңтүстік жұмысшысы» тобының «Искрамен» ынтымақтастығы туралы мәлімдемесінің (1902 жылы 1 ноябрьде «Искраның» 27-номерінде және 1902 жылы декабрьде «Южный Рабочийдің» 10-номерінде жарияланды) Россиядағы социал-демократиялық күштерді топтастыруда үлкен маңызы болды. 1902 жылы ноябрьде «Оңтүстік жұмысшысы» тобы «Искраның» орыс ұйымымен, РСДРП Петербург комитетімен және «РСДРП Солтүстік одағымен» бірлесіп, партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құруға және оның қызметіне қатысты.

«Оңтүстік жұмысшысы» тобы Россияда үлкен революциялық жұмыс жүргізді; сонымен бірге ол либерал буржуазия мен шаруалар қозғалысына көзқарас мәселесін шешуде оппортунистік тенденциялар да көрсетті, «Искрамен» қосарлас жалпы орыстық газет шығарудың сепаратистік жоспарын жасауды ойластырды.

РСДРП II съезінде «Оңтүстік жұмысшысы» тобының делегаттары «центристік» позицияда болды («центрдің» өкілдерін Ленин «орташа оппортунистер» деп атады). II съезд барлық жеке социал-демократиялық топтар мен ұйымдар сияқты, «Оңтүстік жұмысшысы» тобын да тарату жөнінде қаулы алды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, 1971, 85-бет).— *165.*

79 В. И. Ленин бұл арада «Рабочая Мысль» басып шығарған «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы туралы сұрақтар» деген листокты (1898) және «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы туралы мәліметтер жинау үшін сұрақтар» деген сұрақ тізбе-кітапшаны (1899) айтып отыр. Бұлардың біріншi-

сінде жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайлары жөнінде 17 сұрақ, екіншісінде — 158 сұрақ болды.— *167.*

80 1885 жылғы стачка қозғалысы Владимир, Москва, Тверь және өнеркәсіпті Орталықтың басқа да губернияларының көптеген тоқыма кәсіпорындарын қамтыды. Әсіресе Савва Морозовтың Никольск мануфактурасы жұмысшыларының 1885 жылғы январьдағы стачкасы кеңінен белгілі. Жұмысшылардың негізгі талаптары штрафтарды азайту, жұмысқа жалдау шарттарын тәртіпке келтіру және т. с. болды; стачкаға алдыңғы қатарлы жұмысшылар П. А. Моисеенко, Л. Иванов және В. С. Волков басшылық етті. 8 мыңға жуық жұмысшы қатысқан Морозов стачкасын әскердің көмегімен басып-жаншты; стачкаға қатысқан 33 жұмысшы сотқа тартылды, 600-ден астам жұмысшы жер аударылды. 1885—1886 жылдардағы стачкалық қозғалыстың ықпалымен патша үкіметі 1886 жылғы 3(15) июньдегі заңды («штрафтар туралы заң» деп аталатынды) шығаруға мәжбүр болды.— *168.*

81 В. И. Ленин бұл арада РСДРП тарихынан мына фактілерді айтып отыр:

Бірінші факт. 1897 жылдың жазында Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» сол кезде Сибирьде айдауда (Шушенское селосында) жүрген Ленинге ерекше жұмысшы кітапханасын құруға қатысыңыз деп ұсыныс жасайды, Ленин сол кітапханаға арнап текстіде аталған кітапшаларды жазады (екеуі де Женевада: «Орыс социал-демократтарының міндеттері» 1898 жылы, «Фабрикалық жаңа заң» 1899 жылы басылды).

Екінші факт. Туруханскіде айдауда жүрген Л. Мартов (Ю. О. Цедербаум) 1898 жылы Бунд Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша «Россиядағы жұмысшы ісі» деген кітапша жазды (1899 жылы Женевада басылған).

Үшінші факт. 1899 жылы Бунд Орталық Комитетінің инициативасымен «Рабочая Газетаны» қайта шығаруға әрекет жасалды. Аталған мақалаларды «Рабочая Газетаның» 3-нөміріне арнап Ленин жазған болатын.

Төртінші факт. 1900 жылдың бас кезінде РСДРП Екатеринослав комитетінің инициативасы бойынша және Бунд пен «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» қолдауымен РСДРП екінші съезін шақыруға, партияның Орталық Комитетін қалпына келтіруге және Орталық Органды — «Рабочая Газетаны» қайта шығаруға әрекет жасалды. 1893 жылы Ленин басқарған Самара марксистерінің үйірмесіне қатысқан, Екатеринослав комитетінің мүшесі И. Х. Лалаянц 1900 жылы февральда В. И. Ленинмен келіссөз жүргізу үшін Москваға келді; Лалаянц «Искра» тобына — Ленинге, Мартовқа және Потресовқа — съезге қатысуды және «Рабочая Газетаны» редакциялау міндетін өздеріне алуды ұсынды. Ленин және «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері съезд

шақыру ертерек болады деп есептеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 352—353-беттер); бірақ «Еңбекті азат ету» тобы съезге қатысудан бас тарта алмады да, съезге қатысу өкілдігін Ленинге тапсырып, шетелден оған мандат жіберілді. 1900 жылы апрель — май айларында полицияның жұртты жаппай тұтқынға алуы себепті съезд болмай қалды; 1900 жылдың көктемінде съезд ашылуға тиісті болған Смоленскіге тек Бундтың, «Южный Рабочий» редакциясының және шетелдегі «Орыс социал-демократтары одағының» өкілдері ғана келді.

Сонымен, Ленин фактілерді дәл сол өзінің болған қалпында айтып отыр.— *173.*

82 Бұл арада В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1901 жылғы октябрьде құрылған *Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы* туралы айтылып отыр. Лигаға «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі және құрамында «Еңбекті азат ету» тобы бар «Социал-демократ» революциялық ұйымы енді. Лиганың міндеті революциялық социал-демократияның идеяларын тарату және жауынгер социал-демократиялық ұйымның құрылуына көмектесу болды. Лига (өзінің уставына сәйкес) «Искра» ұйымының шетелдік бөлімі болды. Ол шетелде тұратын орыс социал-демократтарының арасынан «Искраға» жақтастар тартты, оны материалдық жағынан қолдап отырды, газеттің Россияға жеткізілуін ұйымдастырды және көпшілікке арналған маркстік әдебиет шығарып тұрды. РСДРП II съезі Лиганы комитеттің уставтық праволарымен пайдаланатын бірден-бір шетелдік партия ұйымы ретінде бекітті және оны РСДРП Орталық Комитетінің басшылығымен және бақылауымен жұмыс істеуге міндеттеді.

РСДРП II съезінен кейін Шетелдік лигада меньшевиктер бекініп алды да, Ленинге қарсы, большевиктерге қарсы күрес жүргізді. 1903 жылғы октябрьде болған Лиганың екінші съезінде меньшевиктер РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына қарсы бағытталған Лиганың жаңа уставын бекітіп алды. Осы уақыттан бастап Лига меньшевизмнің тірегіне айналды. 1905 жылға дейін өмір сүрді.— *174.*

83 Н. К. Крупская жазған «РСДРП II съезіне «Искра» ұйымының баяндамасында» былай делінген: «Сонымен бірге барлық жерде «жергілікті жұмыстың шеңберін кеңейтудің қажеттігі біршама айқын сезілді. «Бейне бір шұңқырда отырған сияқты, басқа жерлерде не болып жатқаны жөнінде еш нәрсе білмейді»,— деп жазған еді Киев комитеті туралы бір тілші. Осы сөздің нақ сол Киев комитетіне байланысты қаншама әділ айтылғанын білмеймін, ал жалпы сол кездері «шұңқырда отыру» жағдайы әбден жеткілікті болатын-ды» («РСДРП Екінші съезіне соц.-демократиялық комитеттердің баяндамалары». М.— Л., 1930, 31-бет).— *186.*

84 В. И. Ленин бұл арада Д. И. Писаревтің «Пісіп жетпеген ойдың ағаттықтары» (қараңыз: Д. И. Писарев. Шығармалар, 3-том, 1956, 147, 148 және 149-беттер) деген мақаласынан цитат келтіріп отыр.— *190.*

85 *«Листок «Рабочего Дела»»* (««Рабочее Дело» Листогы») — «Рабочее Дело» журналына мерзімді емес қосымша, 1900 жылдың июнінен 1901 жылдың июліне дейін Женевада шығып тұрды. «Листоктың» барлығы сегіз номері шықты. В. И. Ленин «Неден бастау керек?» деген мақаласында «Рабочее Дело» редакциясының «Тарихи бетбұрыс» деген мақалада («Листок «Рабочего Дела»» № 6, 1901 ж. апрель) 1901 жылдың февраль — март айларында Россияның көптеген қалаларында болған жұмысшылар мен студенттердің бұқаралық саяси демонстрацияларына байланысты социал-демократияның тактикасын «түбегейлі өзгертуге» және самодержавиеге қарсы бейне бір басталып кеткен шабуылға қатысуға шақыруын принципсіз эклектизм деп атады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 5—8-беттер). «Рабочее Делоның» редакциясы В. И. Лениннің сынына Б. Кричевскийдің «Принциптер, тактика және күрес» («Рабочее Дело» № 10, 1901 ж. сентябрь) деген мақаласымен жауап берді.— *190.*

86 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінің мына жерін айтып отыр:

«Гегель бір жерінде бүкіл дүние жүзілік-тарихи оқиғалар мен жеке адамдардың бәрі, былайша айтқанда, екі мәрте қайталанады деп атап көрсетеді. Ол бірінші ретте трагедия болып, екінші ретте ерсілік болып қайталанады деуді ұмытып кеткен» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 119-бет).— *191.*

87 1901 жылғы ноябрь — декабрь айларында Россияда студенттер демонстрацияларының жұмысшылар қолдаган толқыны тарады. Нижний Новгородтағы (М. Горькийді жер аударуға байланысты), Москвадағы (Н. А. Добролюбовты еске түсіру кешін өткізуге тыйым салуға наразылық білдіруге байланысты), Екатеринославтағы демонстрациялар туралы, Киевтегі, Харьковтегі, Москвадағы, Петербургтегі студенттер жиындары мен толқулары туралы корреспонденциялар «Искраның» 1901 жылғы 20 декабрьдегі 13-номері мен 1902 жылғы 1 январьдағы 14-номерінде «Біздің қоғамдық өмірімізден» деген бөлімде басылған болатын; сондай-ақ В. И. Лениннің «Демонстрациялардың басталуы» («Искра» № 13,— қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 402—405-беттер) және Г. В. Плехановтың «Демонстрациялар туралы» («Искра», № 14) деген мақалалары да демонстрацияларға арналды.— *194.*

88 *Янычарлар* — сұлтандық Түркияда XIV ғасырда құрылған тұрақты жаяу әскер. Сұлтандық тәртіптің аса маңызды по-

лициялық күші болды, аса қаталдығымен көзге түсті. Янычарлар полктері 1826 жылы таратылды. В. И. Ленин патша полициясын янычарлар деп атады.— *195.*

89 1907 жылы «12 жыл ішінде» деген жинақта «Не істеу керек?» қайта басылғанда В. И. Ленин бұл қосымшаны тастап кеткен.— *202.*

90 *Халықаралық социалистік бюро (ХСБ)* — II Интернационалдың тұрақты атқару-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партиялары өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 ж. сентябрь) қабылданды. Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып сайланды. 1905 жылдан бастап В. И. Ленин Халықаралық социалистік бюроға РСДРП өкілі ретінде кірді. Халықаралық социалистік бюро 1914 жылы өз қызметін тоқтатты.— *202.*

91 *«Революциялық «Социал-демократ» ұйымын»* «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» өзінің II съезінде жікке бөлінгеннен кейін 1900 жылдың майында «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері мен оның пікірлестері құрды. «Социал-демократ» ұйымының құрылғаны жөніндегі листовка-үндеуде оның мақсаттары туралы: «орыс пролетариатының социалистік қозғалысына көмектесу» және марксизмді бұрмалауға тырысқан оппортунистік әрекеттердің қандайымен болса да күресу деп көрсетілді. Ұйым «Коммунистік партияның манифесін», Г. В. Плехановтың, К. Каутскийдің және басқалардың бірнеше кітапшасын басып шығарды. 1901 жылғы октябрьде ол В. И. Лениннің ұсынысы бойынша «Искра» ұйымының шетелдік бөлімімен қосылып Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына бірікті.— *203.*

92 В. И. Ленин бұл арада Д. Б. Рязанов, Ю. М. Стеклов (Невзоров) және Э. Л. Гуревич (В. Даневич, Е. Смирнов) енген шетелдегі социал-демократиялық «Күрес» тобын айтып отыр. Топ 1900 жылдың жазында Парижде құрылды және 1901 жылғы майда ««Күрес» тобы» деп аталды. Орыс социал-демократиясындағы революциялық және оппортунистік бағыттарды ымыраластыруға тырысып, «Күрес» тобы шетелдік социал-демократиялық ұйымдар — «Искра» мен «Заря» редакциясы, «Социал-демократ» ұйымы, Бундтың шетелдік комитеті мен «Орыс социал-демократтары одағы» өкілдерінің Женева конференциясын шақыру инициативасын өз мойнына алды (1901 ж. июнь) және «бірігу» съезінің жұмысына қатысты (1901 ж. октябрь). 1901 жылғы ноябрьде топ программалық хабарландыру — «Социал-демократиялық «Күрес» тобының басылымдары туралы хабарландыру» жасады. Өз басылымдарында («Партия программасын жасауға арналған

материалдар», I—III кітаптар, ««Күрес» тобының жедел листогы», т. б.) «Күрес» тобы марксизмнің революциялық теориясын доктринерлік-схоластикалық рухта түсіндіріп, бұрмалады, партия құрудың лениндік ұйымдық принциптеріне жат көзқараста болды. Социал-демократиялық көзқарастар мен тактикадан ауытқуы, іріткі салу әрекетін жүргізуі және Россиядағы социал-демократиялық ұйымдармен байланысының болмауы себепті топ РСДРП II съезіне қатыстырылмады. II съездің шешімі бойынша «Күрес» тобы таратылды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, 1971, 85-бет).— *203.*

93 Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы «Vorwärts» («Алға») газетінің редакциясы, К. Каутский және «Заря» арасындағы айтыс Б. Н. Кричевскийдің «Vorwärts»-тегі Париждеи жазылған корреспонденцияларының біржақтылығын атап көрсеткен Мартовтың (Ignotus-тің) «Герман социал-демократиясының Любек партсйтагы» деген мақаласына («Заря» № 2—3, декабрь, 1901 ж.) байланысты шықты. Кричевский корреспонденцияларында француз социалистік қозғалысындағы істің жайы туралы теріс хабар беріп, гедшілдерге тиісумен болды, Мильеранның және оны қолдаған жоресшілдердің пайдасына үнемі насихат жүргізді. «Vorwärts» редакциясы Мартовты әділетсіз деп айыптап, Кричевскийді қорғады. Осыған байланысты «Vorwärts» бетінде өріс алған айтысқа К. Каутский қатысып, газет редакциясына оның Мартов мақаласының мазмұнын бұрмалағанын көрсетті. Сондай-ақ «Vorwärts»-те Мартов пен Кричевский («Vorwärts» редакциясы Кричевскийге қорытынды сөз берді) де пікір айтты. Алайда айтыс «Vorwärts» шеңберінен шығып кетті: Берлиннің жұмысшы жиналысында оқыған рефератында К. Цеткин, француз Жұмысшы партиясының органы «Le Socialiste» газеті (№ 55, 20—27 январь, 1902 ж.) және «Заряның» 1902 жылғы августағы 4-номерінде көшіріп басылған «Мильеран мен «Vorwärts». Оппортунизм психологиясының сипаттамасы жөнінде» деген мақаласында Парвус «Заряны» қорғап пікір айтты.

. «Искраның» 1902 жылғы 10 марттағы 18-номерінде «Партиядан» деген бөлімде ««Заряның» «Vorwärts» редакциясымен айтысы» деген заметка басылып, онда «Искра» мен «Заря» редакциясының бұл айтысқа көзқарасы баяндалды.— *208.*

94 *««Не істеу керекке?» түзету»* «Искраның» 1902 жылғы 1 апрельдегі 19-номерінде «Партиядан» деген бөлімде басылды.— *210.*

95 1903 жылы РСДРП II съезінде қабылданған партияның программасын 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың бірінші

жартысында лениндік «Искраның» редакциясы жасады. РСДРП программасының жобасын жасауда В. И. Ленин аса көрнекті роль атқарды.

1895—1896 жылдарда, түрмеде отырған кезінің өзінде-ақ Ленин социал-демократиялық партия программасының жобасын және оған түсініктеме жазған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 89—120-беттер); 1899 жылдың аяғында, Сибирьде айдауда жүргенде, ол программаның жаңа жобасын дайындады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 229—259-беттер). «Искраны» шығаруға кірісе отырып, Ленин оның аса маңызды міндеті — Россия социал-демократиясының идеялық бірлігіне жету және оны нығайту, осы бірлікті партия программасында баянды ету жолында күрес жүргізу деп санады: «Теория мен саясат мәселелерін талқылау ісі,— деп жазды ол,— партияның программасын жасаумен байланысты болады...» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 354-бет).

Партия программасының жобасын жасау жөніндегі мәселе 1901 жылдың жазында мейлінше қатты қойылды: «Россиядан бізге съезд туралы сыбыстар күшейді деп жазады,— деп хабарлады В. И. Ленин П. Б. Аксельродқа 1901 жылғы 9 июльде (жаңаша).— Мұның өзі программа туралы ойлауға бізді тағы да одан сайын мәжбүр етеді. Программаның жобасын жариялау *өте* қажет, сонымен бірге мұның орасан зор маңызы болған болар еді» (Шығармалар, 36-том, 61-бет). Лениннің ұсынысы бойынша программаның теориялық бөлімінің бастапқы жобасын Г. В. Плеханов жазды.

Плехановтың жобасын «Искра» редакциясының 1902 жылғы январьда Мюнхенде болған кеңесінде Ленин қатты сынады; ол жобаның толып жатқан принциптік қате қағидалары көрсетілген 30-дан астам ескертпе жасады (қараңыз: осы том, 215—223-беттер). Лениннің және редакцияның басқа мүшелерінің айтқан сынының ықпалымен Плеханов өз жобасының алғашқы екі абзацын қайта жазды (451-бетті қараңыз); бірақ ол басқа ескертпелер мен ұсыныстардың көпшілігімен келіспеді. Плеханов жобасын талқылау кезінде «Искра» редакциясының ішінде үлкен алауыздықтар байқалды; елеулі алауыздықтардың бірі Лениннің программаны Россияда капитализмнің дамуын көрсетуден бастау керек деген ұсынысынан туды; кеңестен кейінгі жазбасында Ленин былай деп көрсетті: «Россияны көрсетуден бастаса деген мәселе ашық қалды (3 дауыс жақтап, 3 дауыс қарсы болды)» (Лениннің II жинағы, 1924, 15-бет).

«Искра» редакциясының Мюнхендегі кеңесінде программаның теориялық бөлімінің жобасымен бірге программаның практикалық бөлімінің жобасын жазуға байланысты мәселелер де талқыланды. Мұны В. И. Лениннің бір парақ кішкене қағазға жазған «Программа жобасының практикалық бөлімінің жеке пункттерінің нобайы» дәлелдейді (қараңыз: 445—446-беттер). 1902 жылғы январьдың аяғы — февральдың ба-

сына қарай РСДРП программасы жобасының практикалық бөлімінің бастапқы нұсқасы жазылды; оның аграрлық бөлімі мен қорытындысының авторы Ленин болды (қараңыз: 460—461-беттер).

Программаның теориялық бөлімінің Плеханов жазған жобасын қабылдауға болмайтынына көзі жеткен В. И. Ленин өз жобасын әзірлеуге кірісті. РСДРП программасының теориялық бөлімінің лениндік жобасының бастапқы нұсқасы («Искра» редакциясы мүшелерінің жазысқан хаттарында — «Фрейдің жобасы») 1902 жылғы 25 январьға (7 февральға) қарай жазылып болды (қараңыз: 453—458-беттер); өз жобасын Ленин 1902 жылғы 18 февральға (3 мартқа) біржола аяқтады (қараңыз: 224—230 және 232-беттер). Сонымен бірге Плеханов та өзінің РСДРП программасының екінші жобасын жасаумен болды. Бұл жобаға да Ленин сын тұрғысынан едәуір талдау жасады (қараңыз: 233—258 және 259—261-беттер). Программаның Ленин мен Плеханов жасаған жобаларын үйлестіріп, РСДРП программасының жалпы жобасын жасау үшін «Искра» редакциясы «келістіру» комиссиясын құрды.

Программаның жобасын дайындаған кезде комиссия Плехановтың жобасын негізге алды. Бірақ Лениннің батыл талап етуі арқасында комиссия жасаған жобаға бірқатар аса маңызды қағидалар енгізілді: Плехановтың екі ұшты әрі бұлдыр тұжырымы ірі өндірістің ұсақ өндірісті ығыстыруы туралы тезиспен ауыстырылды; партияның таза пролетарлық сипатына Плехановтың жобасында айтылғанға қарағанда неғұрлым дәл анықтама берілді; социалистік революцияның қажетті шарты болып саналатын пролетариат диктатурасы туралы қағида программаның аса маңызды пунктіне айналды. Ленин программаның комиссия жасаған жобасымен 1902 жылы 12 апрельде (жаңаша), Мюнхеннен Лондонға бара жатқан жолында танысып, жол үстінде оған өзінің ескертпелерін жазды (қараңыз: 264—277-беттер).

«Искра» редакциясының 1902 жылғы 14 апрельде (жаңаша) Цюрихте болған, Ленин қатыспаған кеңесінде программаның жалпы редакциялық жобасы: оның теориялық бөлімі (комиссия жасаған жоба) және практикалық бөлімі (1902 жылғы марттың бас кезінде-ақ «Искра» редакциясының барлық мүшелерімен келісілген) бекітілді. Ленин ұсынған ескертпелердің, түзетулердің және қосымшалардың көбін программа жобасын жасаушылар оны Цюрих кеңесінде талқылаған кезде ескерді.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының «Искра» мен «Заря» редакциясы жасаған жобасы 1902 жылғы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде жарияланды. 1903 жылғы 17 июльде — 10 августа (30 июльде — 23 августа) болған РСДРП II съезі партия программасының искралық жобасын аздаған өзгерістермен қабылдады.

РСДРП программасы 1919 жылы РКП(б) VIII съезінде жаңа программа қабылданғанға дейін өмір сүрді. РСДРП программасының капитализм дамуының жалпы заңдылықтары мен тенденциялары сипатталған теориялық бөлімі В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РКП(б)-ның жаңа программасына енгізілді.— *213.*

96 Герман социал-демократиялық партиясының *Эрфурт программасы* 1891 жылы октябрьде Эрфуртте болған съезде қабылданды. Эрфурт программасы Гота программасымен (1875 ж.) салыстырғанда бір адым ілгері басқандық болды; капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз күйрейтіні және оның социалистік өндіріс әдісімен алмастырылатыны туралы марксизм ілімі программаның негізіне алынды; программада жұмысшы табы үшін саяси күрес жүргізудің қажеттігі баса көрсетілді, осы күрестің басшысы ретінде партияның ролі және т. с. атап көрсетілді; бірақ Эрфурт программасында да оппортунизмге елеулі жеңілдіктер берілді. Ф. Энгельс Эрфурт программасының жобасын жан-жақты сынға алды. («1891 ж. социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» — Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 101—116-беттер); мұның өзі шын мәнінде бүкіл II Интернационалдың оппортунизмін сынау еді, ал II Интернационал партиялары үшін Эрфурт программасы ерекше үлгі болатын. Алайда герман социал-демократиясының басшылары Энгельстің сынын партия бұқарасынан жасырды, ал Энгельстің аса маңызды ескертпелері программаның түпкілікті текстін әзірлеген кезде ескерілмеді. В. И. Ленин мен Г. В. Плеханов Эрфурт программасының басты кемшілігі, оппортунизмнің алдында қорқақтықпен шегінуі пролетариат диктатурасы туралы үндемей қалғандығы болды деп есептеді.

Ленин Эрфурт программасының неміс тіліндегі текстін пайдаланып, цитатқа келтірген қағидаларын өзі аударған.— *217.*

97 Бұл арада «Коммунистік партияның манифесінің» төмендегі қағидасы айтылып отыр: «Пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі, мазмұны жағынан болмаса да, формасы жағынан әуелі ұлттық күрес болады. Әрбір елдің пролетариаты, әрине, ең алдымен өз елінің буржуазиясын құртуға тиіс» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Коммунистік партияның манифесі. «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1968, 100-бет).— *234.*

98 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 104-бет.— *237.*

99 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 103-бет.— *242.*

100 Бұл арада К. Маркс жазып, 1864 жылы 1 ноябрьде I Интернационалдың Бас советінің мәжілісінде қабылданған «Жұмысшылардың Халықаралық серіктігінің уақытша уставы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, I бөлім, 1936, 13—16-беттер) және 1871 жылы сентябрьде I Интернационалдың Лондон конференциясында қабылданған «Жұмысшылардың Халықаралық серіктігінің жалпы уставы» айтылып отыр; оның негізіне Интернационалдың «уақытша уставы» алынған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 364—367-беттер).— *248.*

101 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 434-бет.— *250.*

102 Бұл арада Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген мақаласы айтылып отыр; мұнда ол Франция Жұмысшы партиясының 1892 жылы Марсельде болған съезінде қабылданып, 1894 жылы Нантта болған съезінде толықтырылған аграрлық программасын сынаған-ды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгеляс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 431—451-беттер).— *251.*

103 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 106-бет.— *252.*

104 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 21-бет.— *254.*

105 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 106-бет.— *255.*

106 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің «1891 ж. социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген мақаласының төменде келтірілген жерін айтып отыр: «Жалпы алғанда оның кемшілігі мынада: ол әрі программа болып, әрі программаға түсініктеме болмақ, сөйтіп басы бірікпейтін нәрсені біріктіруге тырысады. Жұрт қысқа да тиянақты жазсаң, ол оншама түсінікті болмайды деп қауіптенеді, сондықтан да текстке түсіндірме қосады, бұл оның баяндалуын көп сөзді етіп, ауырлатып жібереді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 103-бет).— *261.*

107 *«Программа жобасының аграрлық бөліміне түзетуді»* В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласының қолжазбасындағы таза парақтарға жазған және ол комиссия, яғни «Искра» редакциясының бес мүшесі Мюнхенде қызмет еткен кезеңінде-ақ жасаған программаның практикалық бөлімінің жобасына жа-

тады. «Искра» редакциясы мүшелерінің 1902 жылы 1—4 (14—17) апрельде Цюрихте болған, Ленин қатыспаған мәжілісінде «Түзету» қабылданбады.— *262.*

108 В. И. Ленин өзінің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласын (қараңыз: осы том, 331—378-беттер) *партия программасының аграрлық бөліміне түсініктеме* деп атайды.— *262.*

109 1861 жылғы 19 февральда бекітілген «Крепостниктік тәуелділіктен шыққан шаруалардың сатып алу төлемі туралы ережеге...» сәйкес шаруалар өздеріне бөлінген үлесті жер үшін помещиктерге ақы төлеуге міндетті болды. Сатып алу келісімін жасаған кезде патша үкіметі помещиктерге сатып алу қаржысын төледі, бұл шаруалардың қарызы болып саналды, шаруалар оны 49 жылдың ішінде төлеп бітіруге тиіс болды. Осы қарыздың шаруалар жыл сайын беріп тұратын бөлігі сатып алу төлемі деп аталды. Шаруаларға шамадан тыс ауыр тиетін сатып алу төлемі оларды жаппай күйзеліске, қайыршылыққа ұшыратты. Тек бұрынғы помещик шаруаларының өздері ғана патша үкіметіне 2 миллиард сомға жуық төлем төледі, ал оның бер жағында шаруалардың иелігіне көшкен жердің рыноктағы бағасы 544 миллион сомнан аспайтын. Ал шаруалар үлесті жерді бірден сатып алмай, ол 1883 жылға дейін созылғандықтан, сатып алу төлемін өтеп болу мерзімі 1932 жылы ғана бітуге тиісті еді. Алайда 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы дәуіріндегі шаруалар қозғалысы патша үкіметін сатып алу төлемін 1907 жылғы январьдан бастап жоюға мәжбүр етті.—*262.*

110 *«Құнын төлеу де — сатып алумен бірдей»* — Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» романы кейіпкерлерінің бірі Волгиннің сөзі; мұның өзі 1861 жылы шаруаларға «азаттық берілуіне» Н. Г. Чернышевскийдің өз көзқарасын білдіргені еді (қараңыз: Н. Г. Чернышевский. Шығармаларының толық жинағы. XIII том, 1949, 188-бет).— *262.*

111 Программаның теориялық бөлімінің комиссия жасаған жобасына В. И. Лениннің ескертпелері комиссия жобасының қолжазбасы беттерінің шеттеріне және жолдарының арасына, сондай-ақ сыртқы беттеріне жазылған. Комиссия жобасының Ленин айрықшалап көрсеткен (астын сызған, жақшаға алған, тұс-тұсын сызған және т. с.) жеке қағидаларының асты жіңішке сызықтармен сызылған.— *264.*

112 *Биметаллизм* — ақша жүйесі, бұл жүйеде елдің ақша өлшемі алтынмен де, күміспен де есептеледі, оның үстіне бұл металдың екеуі де бірдей негізде заңды төлем құралы болып табылады; XVI—XIX ғасырларда Батыс Европада кең тараған.

Прерафаэлитизм — XIX ғасырдың орта шенінде ағылшын мәдениетінде пайда болған реакциялық-романтикалық ағым. Прерафаэлит суретшілер өздері орта ғасырдағы діни өнер деп теріс түсінген Алғашқы Қайта Өрлеу Дәуіріндегі итальян өнерін (Рафаэльге дейінгі, «прерафаэлитизм» деген атау осыдан шыққан) мұрат тұтты. Олардың көзқарастарына әлеуметтік утопизм мен ұсақ буржуазиялық романтикалық бүлікшілдік тән болды. Прерафаэлит жазушылар ескі аңыздар мен жырлардың қаһармандық романтикасын, орта ғасырлық діни лириканы, Данте мен ағылшынның ертедегі реалисі Дж. Чосердің творчестволарын өздеріне әдеби үлгі етті. Прерафаэлитизм — буржуазиялық мәдениеттің дағдарысы мен құлдырай бастауына тән құбылыс.— *275.*

113 Бұл арада әңгіме К. Маркс «Капиталының» үшінші томы туралы болып отыр. Төменіректе «Капиталдың» екінші томы жайында айтылған.— *279.*

114 *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия, халықшылдық топтар мен үйірмелердің бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында құрылды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы еді; Лениннің айтуы бойынша, эсерлер «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы халықшылдықтың кемістіктерін жамап-жасқап түзетуге тырысады» (Шығармалар, 9-том, 315-бет). Эсерлер пролетариат пен шаруалар арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалар ішіндегі таптық жіктеліс пен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Самодержавиеге қарсы күрестің негізгі әдісі ретінде эсерлер уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді, бұқараны революциялық күреске жұмылдыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және теңгерме пайдалану негізінде жерді қауымдардың қарамағына беруді, сондай-ақ алуан түрлі кооперацияларды дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» программасы деп көрсетпек болған бұл программада социалистік еш нәрсе де жоқ, өйткені тек қана жерге жеке меншіктің жойылуы, Лениннің көрсеткеніндей, капиталдың үстемдігін де, бұқараның қайыршылығын да жоя алмайды. Эсерлердің аграрлық программасының нақты, тарихи прогрестік мазмұны помещиктік жер иеленуді жою жолында күресу болды; бұл талап буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде объективті түрде шаруалардың мүдделері мен талаптарын білдірді.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер деген ат-

ты бүркемеленбек болған әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету жолында эсерлермен батыл күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екенін ашып көрсетті. Сонымен бірге белгілі бір жағдайларда большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен уақытша келісім жасаудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан ала-құлалығы, сайып келгенде, эсерлер партиясы қатарында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйымдық ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариаттың арасында әрдайым ауытқып отыруына негіз болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оның оңшыл қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрды, олар өздерінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын болды; сондай-ақ эсерлерден бөлінген оның солшыл қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағын құрды. Столыпин реакциясы дәуірінде эсерлер партиясы толық идеялық және ұйымдық күйзеліске ұшырады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін меньшевиктермен және кадеттермен бірге эсерлер контрреволюцияшыл буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлердің солшыл қанаты шаруалардың революцияшылдануының ықпалымен 1917 жылғы ноябрьдің аяғында солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасының арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, солшыл эсерлер сөз жүзінде Совет өкіметін мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру әрекеттерін жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшылдарды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардияшыл эмиграция ордасында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін жалғастыра берді.

«Вестник Русской Революции. Социально-политическое обозрение» («Орыс Революциясының Хабаршысы. Әлеуметтік-саяси шолу») — жасырын шығып тұрған журнал, 1901—1905 жылдары шетелде (Париж — Женева) шығып тұрды; төрт номері шықты. 2-номерінен бастап — эсерлер партиясының теориялық органы. М. Р. Гоц (А. Левицкий), И. А. Рубанович, В. М. Чернов (Ю. Гарденин), Е. К. Брешко-Брешковская және басқалар журналда қызмет істеді.— *280.*

115 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — ай сайын шығып тұрған журнал, 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. 90-жылдардың бас кезінде журнал Н. К. Михайловский басқарған либерал халықшылдардың қолына көшті; 1893 жылы Россия социал-демократтарына қарсы жорық ашқан басты халықшылдық орган. Марксизмнің өңін айналдырып, бұрмалай отырып, «Русское Богатство» батыс европалық ревизионистерге сүйенді. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер «Русское Богатствоның» төңірегіне топталды. Журналдың әдебиет бөлімінде прогресшіл жазушылар — В. В. Вересаев, В. М. Гаршин, А. М. Горький, В. Г. Короленко, А. И. Куприн, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский және басқаларының шығармалары басылып тұрды.

1906 жылдан бастап «Русское Богатство» жартылай кадеттік энестер («халықтық социалистер») партиясының органына айналды. «Русское Богатствоның» аты бірнеше рет өзгерді («Современные Записки», «Современность», «Русские Записки»; 1917 жылғы апрельден бастап қайтадан — «Русское Богатство»).— *281.*

116 Бұл арада империалистік державалардың (Германия, Жапония, Италия, Англия, Америка Құрама Штаттары, Франция, патшалық Россия және Австрия-Венгрия) Қытайдағы 1899—1901 жылдардағы Ихэтуань антиимпериалистік халық көтерілісін басып-жаншу үшін жасаған интервенциясы айтылып отыр.— *283.*

117 «Искраның» 1901 жылғы февральдағы 2-номерінде «Біздің қоғамдық өмірімізден» деген бөлімде ««Ұлы Сибирь магистралында» (Сибирьден хат)» деген заметка басылды, онда Сибирь темір жол магистралының құрылысында парақорлық, пара алушылық жағдайдың орын алғаны суреттелді.— *284.*

118 *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — орыстың ең байырғы газеттерінің бірі; 1756 жылдан бастап Москва университеті (бастапқыда шағын листок түрінде) шығарып тұрды. 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» редактор-шығарушысы эсіре реакционер және шовинист, прогресшіл қоғамдық ой-пікірдің болмашы көріністерінің де жауы М. Н. Катков болды; ол газетті помещиктер мен дін басыларының ең реакцияшыл топтарының көзқарастарын білдірген монархиялық-ұлтшыл органға айналдырды; 1905 жылдан бастап «Московские Ведомости» — қара жүздіктердің басты органдарының бірі. 1917 жылдың аяғында жабылды.— *289.*

119 *«Социал-демократиялық жұмысшы кітапханасы»* — 1900—1901 жылдары Петербург және Вильно социал-демократтары

тобы шығарған кітапшалар сериясы. 1900 жылдың жазында құрылған «Социал-демократиялық жұмысшы кітапханасы» тобы социал-демократиялық үгіттің негізгі салмағын экономикалық күрестен тиісті кітапшалар шығару жолымен саяси күреске аударуды өздерінің алдына мақсат етіп қойды. Топтың петербургтік мүшелері жұмыстың әдеби-редакторлық бөлігін, вильнолық мүшелері техникалық жағын өз мойындарына алды. Топ Москвамен, Харьковпен, Одессамен және басқа қалалармен байланыс орнатты; оның басылымдары Петербургте және Петербург төңірегінде «Социалист» тобы арқылы таратылды. Арандатушы М. Гурович ұстап берген «Социал-демократиялық жұмысшы кітапханасы» тобын 1901 жылғы 30 январьға (12 февральға) қараған түні полиция талқандады: топқа қатысы бар адамдардың бәрі тұтқындалды. «Социал-демократиялық жұмысшы кітапханасы» ««Жұмысшы кітапханасының» редакциясынан», «Трансвааль және Қытай. Кейр-Гарди мен Либкнехттің екі сөзі», «Орыс заңдарының негізгі белгілері» деген және басқа кітапшалар басып шығарды. «Искра» (№ 2, февраль, 1901 ж.) «Социал-демократиялық жұмысшы кітапханасының» «Редакциядан» деген кітапшада белгіленген міндеттері туралы мақұлдаған пікір айтты, бірақ сонымен бірге кітапшаның «Россия буржуазиясына *әзірше* ештеңе тілеуге болмайды», «бізде буржуазияға аз да болса біраз саяси еркіндік берілген» деген сияқты қағидаларын дұрыс емес деп санады, яғни В. И. Ленин көрсеткен қатесі атап айтылды. Осындай қате көзқарастар «Орыс заңдарының негізгі белгілері» деген кітапшада да орын алды.— *291.*

120 В. И. Ленин Л. Надеждиннің (Е. О. Зеленскийдің) редакциялауымен 1901 жылы «Бостандық» тобы шығарған «Революцияның қарсаңы. Теория және тактика мәселелеріне мерзімді емес шолу» деген кітапшадан цитат келтірген, 129-бет. «Шолу» авторының қыңыр сұрағы «Искрада» земство статистиктерінің әкімшілік озбырлыққа қарсы күресіне арналған: «Екатеринослав земствосындағы жанжал» (№ 7, август, 1901 ж.) және «Вяткалық «штрейкбрехерлер»» (№ 9, октябрь, 1901 ж.) деген екі заметканың жарық көруіне байланысты туды.— *292.*

121 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 433-бет.

Төменіректе В. И. Ленин «Коммунистік партияның манифесінің» IV тарауының мына қағидасын айтып отыр: «...Коммунистер қай жерде болса да, қазіргі өмір сүріп отырған қоғамдық, саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың бәрін қолдайды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Коммунистік партияның манифесі, «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1968, 153—154-беттер).— *293.*

122 В. И. Ленин бұл арада 1894 жылы әскери сот шпиондық істеді және мемлекетке опасыздық жасады деп көрінеу жалған айып тағылып, өмір бойы қамауда отыруға кесілген, ұлты еврей, француз бас штабының офицері «Дрейфустың ісі» дейтінді айтып отыр. Реакцияшыл соғысқұмарлар әдейі ұйымдастырған Дрейфустың сотталуын Францияның реакцияшыл топтары антисемитизмді өршітіп, республикалық тәртіп пен демократиялық бостандықтарға қарсы шабуыл жасау үшін пайдаланды. 1898 жылы, социалистер мен буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері (олардың ішінде — Э. Золя, Ж. Жорес, А. Франс және басқалар) Дрейфустың ісін қайта қарау жолында науқан ашқан кезде бұл іс бірден айқын саяси сипат алып, ел екі лагерьге: бір жағынан, республикашылдар мен демократтарға, екінші жағынан, монархистердің, клерикалдардың, антисемиттер мен ұлтшылдардың блогына бөлінді. 1899 жылы қоғамдық пікірдің қысымымен Дрейфусқа кешірім жасалып, бостандық берілді; бірақ тек 1906 жылы ғана шағым қарайтын соттың үйғарымы бойынша ол кінәсыз деп танылып, армия қатарына қайта алынды.— *293.*

123 *Помпадурлар* — М. Е. Салтыков-Щедрин «Помпадурлар мен помпадуршалар» деген шығармасында жасаған жиынтық сатиралық бейне, орыстың ұлы сатирик жазушысы бұл шығармасында патшаның жоғарғы әкімшілік орнын, министрлер мен губернаторларды өлтіре мінеп-сынаған болатын. Салтыков-Щедриннің дәл анықтамасы әкімшілік озбырлықтың, есерсоқтықтың баламасы ретінде орыс тіліне берік сіңді.— *294.*

124 Бұл арада финанс министрі С. Ю. Виттенің 1901 жылы Штутгартта «Заря» бастырып шығарған «Самодержавие және земство» деген «құпия жазбасына» П. Б. Струве (Р. Н. С. деген бүркеншік атпен) жазған алғы сөзі айтылып отыр. В. И. Ленин бұл алғы сөзді өзінің «Земствоны қуушылар мен либерализмнің Аннибалдары» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 5-том, 23—76-беттер) қатты сынға алды.— *295.*

125 Бұл арада әңгіме 1901 жылғы 22 декабрьде (1902 жылғы 4 январьда) халық ағарту министрі Ванновский бекіткен *«Халық ағарту министрлігінің жоғары оқу орындарында студенттер мекемелерін ұйымдастырудың уақытша ережелері»* туралы болып отыр. Студенттер ұйымдарына қатаң әкімшілік бақылау қойған «Уақытша ережелерге» наразы болған студенттер үкіметтің жаңадан зорлық-зомбылық жасау әрекетіне қарсы шығып, бұл «ережелерді» мойындаудан бас тартты. Өздеріне студенттерге полициялық бақылау жасау міндетін күштеп жүктеген либерал профессорлар да «Уақытша ережелерге» қарсы шықты.— *300.*

126 *Николай (Ника-Милуша) Обманов* — А. В. Амфитеатровтың «Россия» газетінде 1902 жылғы 13(26) январьда басылған «Обманов мырзалар» деген фельетонының кейіпкері. Фельетонда Романовтардың соңғы ұрпақтарына: I Николайға, II Александрға, III Александрға және оның әйелі Мария Федоровнаға, патшалық құрып тұрған II Николайға бүркемеленген түрде сатиралық мінездеме берілген. Фельетонды басқаны үшін газет жабылып, Амфитеатров Минусинскіге жер аударылды. «Обманов мырзалар» деген фельетон жасырын басылып және қолжазба күйінде Россияда кең тарады.— *300.*

127 В. И. Ленин Л. Н. Толстойдың «Аштық туралы» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: Л. Н. Толстой. Шығармаларының толық жинағы, 29-том, 1954, 104-бет).— *304.*

128 *«Нововремялық дәріптеу»* жайында айтқанда В. И. Ленин патшалық Россия баспасөзінің «Новое Время» газеті (1868 жылдан 1917 жылғы октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды) бейнелеп отырған реакциялық бағытын мезгейді.

«Нововремяшылдық» реакцияшылдықты, сатқындықты, жағымпаздықты бейнелеген сөз болды.— *308.*

129 В. И. Ленин бұл арада Мемлекеттік жинақ кассалары басқармасы шығарған (шығарылған жылы көрсетілмеген) «Мемлекеттік жинақ кассаларының 1899 жылғы есебін» айтып отыр.— *308.*

130 Есептегенде қате кеткен: 157 мың 2 миллион фабрика-завод жұмысшысының *алтыдан бір* емес, *он екіден бір* бөлігіне жуығы болады.— *311.*

131 «Искра» редакциясының В. И. Ленин жазған баяндамасы РСДРП комитеттері мен ұйымдарының 1902 жылғы 23—28 мартта (5—10 апрельде) Белостокта болған конференциясына арналған еді. Конференцияға РСДРП Петербург және Екатеринослав комитеттерінен, «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдарының одағынан», Бунд Орталық Комитеті мен оның Шетелдік комитетінен, «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағынан» және «Искра» редакциясынан (оның өкілі Ф. И. Данның Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасынан мандаты болды) өкілдер қатысты. Конференцияны ұйымдастырушылардың — «экономистердің» кінәсынан «Искра» редакциясының делегаты конференцияның басталуына кешігіп қалды, ал «Исканың» орыс ұйымының өкілі Ф. В. Ленгник Белостокқа мезгілінде келгенімен конференцияға тіпті қатыса алмады; Белостокқа Даннан бұрын келген Нижегород комитетінің (искралық бағыттағы) өкілі А. И. Пискунов конференцияда искралық бағыттағы ұйымдар өкілдерінің болмауына байланысты наразылық

білдірді де, көп ұзамай қайтып кетті. «Экономистер» мен оларды қолдаған бундшылдар конференцияны РСДРП II съезіне айналдырмақ болды, сол арқылы орыс социал-демократиясы қатарындағы өз жағдайын нығайтып, «Искраның» өсе түскен ықпалын кемітпек болды. Алайда конференция құрамының біршама аз болуы (РСДРП-ның Россияда жұмыс істейтін ұйымдарының төртеуінен ғана өкілдер қатысты), сондай-ақ конференцияда принципті терең алауыздықтардың шығуы себепті бұл әрекет іске аспай қалды; атап айтқанда, «Искра» делегаты конференцияны партия съезіне айналдыруға қатты қарсылық білдіріп сөз сөйлеп, мұндай съезд өткізуге право да, дайындық та жоқ екенін дәлелдеді.

Белосток конференциясында ұйымдастыру туралы қарар және Бунд Орталық Комитетінің делегаты ұсынып, «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» өкілі түзетулер енгізген принципті қарар (принципті қарардың өзі дайындаған жобасын ұсынған «Искра» делегаты қарсы дауыс берді) қабылданды; сондай-ақ «Искра» редакциясы жасаған жоба негізге алынған Бірінші Май листогының тексті бекітілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, 1971, 44-бет). Конференция партияның екінші съезін әзірлеу үшін құрамына «Искраның» (Ф. И. Дан), «РСДРП оңтүстік комитеттері мен ұйымдары одағының» (О. А. Ерманский) және Бунд Орталық Комитетінің (К. Портной) өкілдері енген Ұйымдастыру комитетін сайлады. Конференциядан кейін көп ұзамай оның делегаттарының көпшілігін, соның ішінде Ұйымдастыру комитетінің екі мүшесін полиция тұтқындады. РСДРП II съезін әзірлеу үшін жаңа Ұйымдастыру комитеті 1902 жылғы ноябрьде Псковта РСДРП Петербург комитеті, «Искраның» орыс ұйымы және «Оңтүстік жұмысшысы» тобы өкілдерінің кеңесінде құрылды.— *319.*

132 Бұл арада әңгіме «Искраның» Бакудегі және Кишиневтегі баспаханалары туралы болып отыр.

Кишиневтегі баспахананы 1901 жылғы апрельде Л. И. Гольдман ұйымдастырды және ол 1902 жылғы 12(25) мартқа дейін жұмыс істеді. Баспаханада Г. В. Плехановтың «Бұдан әрі не болады?» деген мақаласы («Заряның» 2—3-номерінен оттиск), Н. К. Крупскаяның «Әйел-жұмысшы» деген кітапшасы, «Обухов заводында майда болған тәртіпсіздіктер туралы іс бойынша айыптау актісі» (В. И. Лениннің «Жаңа қырғын» деген мақаласы қосылған «Искраның» 9-номерінен оттиск), В. И. Лениннің «Ашығушылармен күрес» («Заряның» 2—3-номерінен оттиск) және «Демонстрациялардың басталуы» («Искраның» 13-номерінен оттиск) деген мақалалары, сондай-ақ бірқатар үндеулер мен листовкалар басылып шықты. Баспаханада «Искраның» 10-номері қайта басылды.

Бакудегі баспахананы (құпия жазысқан хат-хабарларда — «Нина») РСДРП Тифлис комитетінің көмегімен Бакудегі искрашылдар тобы (В. З. Кецховели, Л. Б. Красин, Л. Е. Гальперин, Н. П. Козеренко, В. Стуруа және басқалар) 1901 жылғы сентябрьде ұйымдастырды. «Нина» баспаханасы өз жұмысын уақытша тоқтатқан 1902 жылдың мартына дейін онда В. Либкнехттің «Өрмекшілер мен шыбындар», С. Дикштейннің «Кім немен күнелтеді?», «Петр Алексеевтің сөзі», «Морозов стачкасының он жылдығы» деген кітапшалар, прокламациялар мен листовкалар орыс және грузин тілдерінде басылып шықты. Баку баспаханасында «Искраның» 11-номері қайта басылды және грузиннің жасырын шығатын маркстік «Брдзола» («Күрес») газеті басылып тұрды. РСДРП II съезінен кейін Баку баспаханасы РСДРП Орталық Комитетінің тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін орталық партия баспаханасына айналды. 1905 жылғы декабрьде баспахана партияның Орталық Комитетінің шешімі бойынша жабылды.— *325.*

133 В. И. Ленин РСДРП программасы жобасының аграрлық бөліміне түсініктеме деп атаған *«Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы»* деген мақала 1902 жылғы февраль — марттың бірінші жартысында жазылып, 1902 жылғы августа «Заря» журналының 4-номерінде басылды. Мақала талқыланған кезде «Искра» редакциясы ішінде елеулі алауыздықтар пайда болды; мақаланың кейбір аса маңызды қағидаларына (жерді национализациялау туралы және басқалар) Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод және редакцияның басқа мүшелері қарсы шықты.

1902 жылғы 2(15) апрельде мақала «Искра» редакциясы мүшелерінің Цюрихтегі кеңесінде талқыланды; кеңеске Ленин қатыспады. Талқылауға қатысушылардың ескертпелерін Мартов мақала қолжазбасының сыртқы беттеріне жазып отырды. Цюрих кеңесінде талқыланғаннан кейін мақаланы алып, Ленин оған кейбір өзгерістер енгізді. 1902 жылғы 20 апрельде (3 майда) мақаланы ол екінші рет қайта қарау үшін Плеханов пен Аксельродқа жіберді. Плехановтың Аксельрод қолдаған көптеген жаңа ескертпелері мен түзетулері тым дөрекі, тіл тигізе жазылған еді. Мұның өзі «Искра» редакциясы ішінде шиеленіскен жанжал туғызды. Плеханов пен Аксельродтың ескертпелеріне Лениннің жауабы осы томның 467—485-беттерінде басылып отыр. «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақала «Заряда» басылған кезде бірқатар бөлігі, соның ішінде жерді национализациялау туралы мәселе жөнінде айтылған тұсы түгел алынып қалды.

В. И. Ленин Шығармаларының осы басылуында мақала бастапқы қолжазбасы бойынша жарияланып отыр. Мақалаға Ленин енгізген аса маңызды өзгерістер ескертулерде көрсетілген.

Postscriptum қолжазбада жоқ, «Заря» журналындағы мақаланың тексті бойынша басылып отыр.— *331.*

134 Бұл арада әңгіме К. Каутскийдің 1899 жылы Штутгартта басылып шыққан «Die Agrarfrage. Eine Übersicht über die Tendenzen der modernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie» («Аграрлық мәселе. Қазіргі ауыл шаруашылығының тенденцияларына шолу және социал-демократияның аграрлық саясаты») деген кітабы туралы болып отыр.— *346.*

135 Ленин бұл арада шаруаларды крепостниктік тәуелділіктен азат ету жобаларын жасау үшін Европалық Россияның барлық губернияларында (Архангельск губерниясынан басқасында) 1857—1858 жылдарда құрылған губерниялық комитеттерді айтып отыр. Комитеттер дворяндардан сайланған адамдардан құралды (дворяндық комитеттер деп аталуы да осыдан) және негізінен алғанда «шаруалар реформасын» дворяндарға мейлінше тиімді болатындай етіп жүргізудің құралдары мен жолдарын іздестірумен айналысты.— *352.*

136 Соңғы үш абзац («Одан соң» деген сөзден бастап, «крепостниктік шаруашылықтың» деген сөзге дейін) мақаланы талқылау барысында өзгерістерге ұшырады. «Искра» редакциясының Цюрихтегі кеңесінен кейін В. И. Ленин екінші абзацтың алғашқы жолдарын өзгертті («Бұл екінші шарт... құлдыққа түсірудің құралы болып қала береді» деген сөздерді сызып тастап, оларды: «Демек, бұл арада әңгіме мейлінше кең тараған кесінді жерлер туралы болып отыр» деген сөздермен ауыстырды) және келесі абзацты түгел алып тастады.

Мақала «Заряда» басылған кезде екінші абзац түгелдей және бірінші абзацтың: «бұл право крепостниктік қатынастардың тікелей сақталу жағдайларымен ғана шектелген. Атап айтқанда» деген сөздері алынып тасталды.— *354.*

137 *Валуев комиссиясы* — патша министрі П. А. Валуев басқарған «Россия ауыл шаруашылығының жағдайын зерттейтін комиссия». 1872—1873 жылдарда комиссия реформаға дейінгі Россия ауыл шаруашылығының жағдайы жөнінде көп материал: губернаторлардың баяндамаларын, помещиктердің, дворяндар жетекшілерінің, әр түрлі земство басқармаларының, болыстық басқармалардың, астықпен сауда жасаушылардың, селодағы поптардың, кулактардың, статистика және ауыл шаруашылығы қоғамдарының және ауыл шаруашылығымен байланысты әр алуан мекемелердің өтініштері мен мәліметтерін жинады. Бұл материалдар «Россияның ауыл шаруашылығы мен селолық өндірісінің қазіргі жағдайын зерттеу үшін патша ағзам құрған комиссияның баяндамасы» деген кітапта жарияланды, Петербург, 1873.— *355.*

138 Бұл абзацтың екінші жартысын В. И. Ленин «Искра» редакциясының Цюрихте болған кеңесінен кейін өзгертті: соңғы сөйлем алынып қалды, ал оның алдындағы сөйлемнің соңы («жөнінде» деген сөзден бастап) мынадай сөздермен алмастырылды: «ал дағдыда бола бермейтін жағдайлар ешқандай бірыңғай жалпы заңмен белгіленуі мүмкін емес, сондықтан оларды шешу ісі жергілікті комитеттердің (олар жерді сатып алуды да, айырбастауды да және сондайларды да қолдана алады) қарауына беру қажет». «Заряда» бұл жері осы қалпында басылып шықты.— *359.*

139 Бұл арада Полтава және Харьков губернияларында 1902 жылғы марттың аяғында — апрельдің басында болған шаруалар қозғалысы — Россия шаруаларының XX ғасырдың басындағы тұңғыш ірі революциялық аттанысы айтылып отыр; қозғалысқа аталған губерниялар шаруаларының өтемөте ауыр жағдайы себеп болды; 1901 жылы егіннің шықпай қалуы және ол тудырған аштықтың салдарынан шаруалардың жағдайы 1902 жылдың көктемінде одан бетер нашарлап кетті. Шаруалар жерді қайтадан бөлуді талап етті, бірақ 1902 жылғы қозғалыста олар негізінен алғанда помещиктердің экономияларындағы азық-түлік пен жем қорларын басып алумен шектелді,— Полтава губерниясында барлығы 56 экономия және Харьков губерниясында 24 экономия шаруалардың шабуылына ұшырады. Шаруаларды басып-жаншу үшін әскерлер жіберілді; патша үкіметінің қолданған жазалау шаралары салдарынан көптеген шаруалар өлтірілді, тұтас селолардың тұрғындарына жапа-тармағай дүре соғылды, жүздеген шаруалар түрлі мерзімдерге түрмеге қамалуға кесілді; шаруалардың толқулары салдарынан помещиктердің зардап шеккен 800 мың сом «шығынын» шаруалар өтеуге тиіс болды. В. И. Ленин «Деревня кедейлеріне» (қараңыз: Шығармалар, 6-том, 450—456-беттер) деген кітапшасында Харьков және Полтава губерниясындағы шаруалар қозғалысының көздеген мақсаттарына, сипатына және жеңілу себептеріне талдау жасады.— *378.*

140 *«РСДРП Солтүстік одағы»* немесе «Солтүстік жұмысшы одағы» — Владимир, Ярославль және Кострома губернияларының социал-демократиялық ұйымдарының облыстық бірлестігі. Ярославль мен Иваново-Вознесенскіден жер аударылған О. А. Варенцова мен В. А. Носковтың инициативасы бойынша 1900—1901 жылдары құрылды; Варенцова мен Носков Воронежде тұрып, мұнда айдауда жүрген кейбір басқа да социал-демократтармен (А. И. Любимов, Л. Я. Карпов, А. А. және Н. Н. Кардашевтер, Д. В. Костеркин) бірге искралық бағыттағы топ құрған болатын; «Солтүстік одақты» құруға сондай-ақ Иваново-Вознесенск жұмысшысы М. А. Багаев, Путилов жұмысшысы, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Си-

бирьге жер аударылған Н. Н. Панин, А. П. Доливо-Добровольский және басқалар қатысты. «Одақ» осы өнеркәсіпті ауданда 1901—1905 жылдары жұмысшы қозғалысына басшылық етті. Иваново-Вознесенск, Владимир, Ярославль және Кострома социал-демократиялық комитеттері өкілдерінің 1901 жылғы августа Кинешмада болып өткен кеңесінен кейін «Одақтың» жұмысы едәуір жандана түсті. «Одақ» 1902 жылғы 1—5 (14—18) январьда Воронежде болып өткен съезінде толық қалыптасты: Орталық Комитет (Багаев, Варенцова, Панин және басқалар) сайланды және программа қабылданды; В. И. Ленин «Солтүстік одаққа» деген хатында бұл программаны сынады.

Алғашқы күндерден бастап «Солтүстік одақ» «Искрамен» байланысты болып, оның саяси бағыты мен ұйымдық жоспарын қостады («Искра» ұйымының РСДРП II съезіне жасаған баяндамасында «партияның барлық комитеттерінің ішінде жалғыз «Солтүстік одақ» қана бірден «Искраға» достық қарым-қатынаста болды» деп атап көрсетілді). «Искраның» 1903 жылғы 15 февральдағы 34-номерінде басылған ашық хатында «Одақ» «Искра» мен «Заряның» программасына және Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабына толық қосылатынын мәлімдей келіп, «Искра» мен «Заряны» РСДРП-ның басшы органдары деп мойындады. 1902 жылдың көктемінде охранка «Одақты» талқандады, бірақ көп кешікпей-ақ қайтадан қалпына келтірілді, сөйтіп оның өкілдері (В. А. Носков, Ф. И. Щекoлдин, А. М. Стопани, А. И. Любимов) РСДРП II съезін әзірлеуге белсене ат салысты. «Одақтың» делегаттары (Л. М. Книпович пен А. М. Стопани) II съезде лениндік көпшілікке қосылды.

РСДРП II съезінен кейін «Солтүстік жұмысшы одағы» РСДРП-ның Солтүстік комитеті болып, ал жергілікті комитеттері — Солтүстік комитеттің топтары болып қайта құрылды. 1905 жылғы июльде РСДРП солтүстік ұйымдарының Костромада болып өткен конференциясында Солтүстік комитет жойылып, дербес комитеттер — Иваново-Вознесенск, Ярославль және Кострома комитеттері құрылды.— *390.*

141 Бұл арада әңгіме 1861 жылғы «шаруалар реформасының» жылдығы күні демонстрациялар ұйымдастыру туралы болып отыр. Бұл жөнінде шығарылған листоктарда, делінген «Солтүстік одақ» программасының 11-параграфында, «жұмысшылардың самодержавиелік үкіметтен ештеңе күтуіне болмайтынын оларға көрсетіп отыру» қажет және «азаттық беру бейне бір патшаның жеке өз басының ісі, оның ағынан жарылған ісі болды-мыс дейтін жалған елесті сейілтуге ұмтылу» қажет.— *390.*

142 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 459-бет.— *395.*

143 РСДРП Дон комитетінің 1902 жылғы 9(22) майда шығарылған «Орыс азаматтарына» деген прокламациясы жұмысшылар арасына 2000 дана болып таратылды. Министр Сипягинді өлтіргені үшін әскери соттың үкімі бойынша дарға асылған Балмашевтің төгілген қаны, делінген прокламацияда, «көрсоқыр тоғышарлардың көзін ашады, сонда олар Россия самодержавиесінің ауызбен айтып болмайтын сұмдығын көретін болсын. Біздің самодержавиемен күресіміздің етек алып, өсіп бара жатқанын да олар көретін болсын. Шаруалар жұмысшыларға және интеллигенцияның адал ниетті шағын тобына көмектесуге қазірдің өзінде жаппай аттануда. Алғашқы қарлығаштар қазірдің өзінде жылт ете бастады: Тулада солдаттар стачка жасаушыларға оқ атудан бас тартты, Полтава және Харьков губернияларында шаруалар көтерілісі бұрқ ете түсті. Онда мужик талай жүздеген жылдар бойы өз панының пайдасына сіңбек етті, талай жүздеген жылдар бойы езушілік пен жоқшылыққа шыдап келді, енді міне, ақыры, оның шыдамы таусылды». Әдеттегідей, патша үкіметі помещиктерге көмектесуге асығып, өзінің қатал жазалау шараларын қолдана бастады. «Ал құлдарша масқара болып шыдай беру енді жетті, құрбандықтарға ұшырай беру енді жетті,— деп үндеу тастады прокламация.— Кімде-кім қорқақтық жасап орта жолда тұрып қалса, кімде-кім өзінің азаматтық борышын ұмытса немесе оны май басып бара жатқан шошқаның қарны тоқ ойсыз өміріне айырбастаса, оны лағынет атсын. Озбырларды аяусыз күрес қана құлата алады... Азаматтар! Осы сұмдық қан төгістің толассыз тасқынын тоқтатыңдар; самодержавиені құлатыңдар!» — *402.*

144 *«Революционная Россия»* («Революциялық Россия») — эсерлердің құпия түрде шығып тұрған газеті; «Социалист-революционер одағы» Россияда 1900 жылдың аяғынан былай (1900 жыл деп жазылған 1-номері іс жүзінде 1901 жылғы январьда жарық көрді) шығара бастады. 1902 жылғы январьдан 1905 жылғы декабрьге дейін шетелде (Женева) эсерлер партиясының ресми органы ретінде шығып тұрды.— *405.*

145 В. И. Лениннің *«журнал мақаласында немесе кітапшада»* эсерлердің программалық көзқарастары мен тактикасына қарсы қоятын дәлелдерін неғұрлым егжей-тегжейлі баяндауға *«қайта оралмақ»* болған ниеті орындалмай қалды. Жазбақ болған кітапшасының дайындық материалдары мыналар: «Эсерлерге қарсы жазылатын мақаладан үзінді» (1902 жылғы декабрь) (қараңыз: Шығармалар, 6-том, 296—297-беттер), «Эсерлерге қарсы жазылатын кітапшаның конспектісі» (1903 жылдың көктемі) (қараңыз: «Пролетарская Революция», 1939, № 1, 22—28-беттер) және «Эсерлерге қарсы жазылатын мақаланың жоспары» (1903 жылғы июльдің бірінші жартысы) (қараңыз: Шығармалар, 6-том, 492—493-беттер).— *409.*

146 В. И. Ленин бұл арада эсерлер партиясының баспаханасында 1902 жылғы 3 апрельде басылған «Орыс патшасының барлық азаматтарына» деген прокламацияны және «Революционная Россия» газетінің 1902 жылғы июньдегі 7-номерінде осы прокламация туралы басылған пікірді айтып отыр («Партия қызметінен» деген бөлімде).— *412.*

147 В. И. Ленин социалист-революционерлер партиясы Шаруалар одағының «Россиядағы революциялық социализмнің барлық қызметкерлеріне» деген үндеуінен цитат келтіріп отыр («Революционная Россия» № 8, 1902 жылғы 25 июнь, 6-бет).— *416.*

148 В. И. Ленин «Искраның» алғашқы үш номеріне арналған библиографиялық заметканы цитатқа келтірген («Вестник Русской Революции» № 1, 1901 жылғы июль, 85-бет).— *420.*

149 Бұл арада И. С. Тургеневтің «Прозамен жазылған өлеңдерінің» бірі — «Тіршілік ережесі» айтылып отыр (қараңыз: И. С. Тургенев. Шығармалар жинағы, 8-том, 1956, 464-бет).— *422.*

150 В. И. Ленин бұл арада «Самодержавие және стачкалар. Финанс министрлігінің стачкаларға рұқсат ету туралы хаты» деген кітапшаны айтып отыр; бұл кітапшаны Орыс революциялық социал-демократиясының Шетелдік лигасы 1902 жылы Женевада бастырып шығарған болатын.— *432.*

151 *1886 жылғы 3(15) июньдегі заң* («Фабрикалық өнеркәсіп орындарына бақылау қою туралы және фабриканттар мен жұмысшылардың өзара қарым-қатынастары туралы ереже») Москва, Владимир және Ярославль губернияларындағы жұмысшы қозғалысының, әсіресе 1885 жылғы атақты Морозов стачкасының ықпалымен қабылданған болатын, 1886 жылғы 3 июньдегі заңның негізгі мәні жұмысшылардан штраф алған кезде («штраф туралы заң» ретінде әйгілі болуы да осыдан) фабриканттар мен завод иелерінің озбырлығын біраз шектеуде болды. В. И. Ленин «Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардан алынатын штрафтар туралы заңды түсіндіру» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 17—66-беттер) деген кітапшасында әлгі заңға толық талдау жасады және сынға алды.

1897 жылғы 2(14) июньдегі заң («Фабрика-завод өнеркәсіп орындарындағы жұмыс уақытының ұзақтығы және бөлінуі туралы») Россия тарихында тұңғыш рет ірі өнеркәсіптегі жұмысшылардың бір бөлігі үшін жұмыс күнін заң жүзінде шектеуді енгізді; 1886 жылғы 3 июньдегі заң сияқты, бұл заң да XIX ғасырдың 90-жылдарындағы жұмысшы қозғалысының, ең алдымен Петербург жұмысшыларының 1895—1896 жылдардағы бұқаралық стачкаларының ықпалымен қа-

былданды. В. И. Ленин «Фабрикалық жаңа заң» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 285—342-беттер) деген кітапшасында 1897 жылғы 2 июньдегі заңға талдау жасап, сынға алды.— *432.*

152 *«Механика жұмысшыларының қоғамы»* (ресми аты — «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамы») 1901 жылы май айында Москвада охранканың қатысуымен құрылды; оның уставын Москваның генерал-губернаторы 1902 жылғы 14(27) февральда бекітті. «Қоғамның» құрылуы «полициялық социализмді» (зубатовшылдықты) енгізу, жұмысшыларды революциялық күрестен басқа жаққа бұрып әкету әрекеттерінің бірі болды. Полицияның жұмысшыларды демагогтықпен алдап-арбауы, атап айтқанда зубатовшыл агенттердің — «Механикалық жұмысшылар қоғамы» басшыларының кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы жанжал кезінде делдал болу правосын өздеріне иемденіп алуға тырысқан әрекеттері Москваның фабриканттары мен завод иелерінің наразылығын және олардың мүдделерін көздеген финанс министрлігінің қарсылығын туғызды. 1903 жылдан бастап, жұмысшы қозғалысының өріс алуы нәтижесінде басқа да зубатовшыл ұйымдар сияқты, «Қоғамның» ролі де құлдырай түсті.—*434.*

153 *Манчестерліктер,* яғни фритредерлер,— сауда еркіндігін және жекеше-шаруашылық қызметке мемлекеттің араласпауын талап еткен буржуазияның экономикалық саясаты бағытының өкілдері; XVIII ғасырдың аяғында пайда болды. Фритредерлердің отанында, Англияда, XIX ғасырдың 30—40-жылдары оның тірегі Манчестердің өнеркәсіп буржуазиясы болды; сондықтан фритредерлерді «манчестерліктер», «Манчестер мектебі» деп те атады. «Манчестер мектебін» Кобден мен Брайт басқарды. А. Смит пен Д. Рикардо шығармаларында бұл бағытты теориялық жағынан негіздеп берді. Монополистік дәуірге дейінгі капитализм заманында фритредерлік тенденциялары Англиямен қатар Германияда, Францияда, Россияда және басқа капиталистік елдерде де өзіне негіз тапты.— *436.*

54 Бұл арада әңгіме «каторгалық» заң жобасы дейтін жоба (Zuchthausvorlage) туралы болып отыр; бұл заң жобасы кәсіпкерлер топтары мен император II Вильгельмнің күштеуі бойынша 1899 жылы герман рейхстагына енгізілген болатын; заң жобасы кімде-кім «күштеу, қорқыту, ар-абыройыңды балағаттау немесе ар-абыройың жоқ деп жариялау арқылы» жұмысшылардың одақтар мен келісімдерге қатысуына жәрдемдессе, оларды стачкалар жасауға итермелесе және штрейкбрехерлікке қарсы тұруға тырысса, ол адам 1 жылдан 5 жылға дейін түрмеде отырады, немесе 1000 маркаға дейін ақшалай штраф төлейді деп қорқытты. Жұмысшы қозғалы-

сының тегеурінi арқасында «каторгалық» заң жобасы 1899 жылғы 20 ноябрьде (жаңаша) солшыл партиялар мен центр партияларының қарсы дауыс беруі арқылы рейхстагта қабылданбай тасталды.— *438.*

155 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал; 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5(18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің жалпы редакциясымен шетелде шығып тұрды. Оппозициялық земство қозғалысының негізінде туған «Освобождение» іс жүзінде орыс либерал буржуазиясының астыртын органы болып, баяу-монархистік либерализм идеяларын дәйектілікпен жүргізіп отырды. 1903 жылы журналдың төңірегінде «Азаттық одағы» құралып (1904 жылғы январьда қалыптасты да), 1905 жылғы октябрьге дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституцияшылдармен қатар «освобождениешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған кадеттер партиясының — Россиядағы басты буржуазиялық партияның ұйтқысы болды.— *440.*

156 *РСДРП программасын жасау жөніндегі дайындық материалдар* 1902 жылдың январь — февралына жатады; бұл материалдарда «Искра» редакциясының РСДРП программасының жобасын жасау тарихының аса маңызды кезеңдері: Г. В. Плеханов жазған программаның бірінші жобасын В. И. Лениннің оқып, зерттеуі, программаның теориялық бөлімінің Лениннің өзі дайындаған жобасын жазумен шұғылдануы және РСДРП программасының практикалық бөлімінің коллективтік жобасын жасауға қатысуы бейнеленген. Материалдардың бәрі қолжазба бойынша басылып отыр; белгілі бір абзацтың (немесе абзацтың бір бөлегінің) нұсқалары айрықша көрнекті болу үшін қатар басылып отыр.— *445.*

157 В. И. Лениннің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласына Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельрод жасаған ескертпелер мақала қолжазбасының сыртқы беттеріне 1902 жылғы 20 апрель — 1 май (3—14 май) аралығында жазылған. Лениннің бұл ескертпелерге жауаптары (бұлар да қолжазбаның сыртқы беттерінде) Плехановқа жолданған хатпен бірге (қараңыз: Шығармалар, 34-том, 92-бет) 1902 жылғы 1(14) майда жазылған; Ленин жауаптарының қорытынды бөлімі (осы том, 484—485-беттер) мақаланың қолжазбасына тіркелген қосымша беттерге жазылған.

««Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақалаға Плеханов пен Аксельродтың ескертпелеріне берілген жауаптар» қолжазба бойынша басылып отыр; «Жауаптардың» әрқайсысына мақаланың тиісті ескертпелер жасалған үзіндісі қоса келтірілген. Ленин Плеханов текстісінің астын жіңішке сызықшамен сызып отырған.— *467.*

158 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің «Гота программасына сын» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, Қаз. мемл. баспасы, 1956, 24—25-беттер) және Ф. Энгельстің «1891 ж. социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 109-бет) деген еңбектерін айтып отыр.— *470.*

159 Жұмысшы, либералдық және демократиялық партиялар өкілдерінің жалпыға бірдей сайлау правосын енгізу туралы парламентке қойған талаптарын қолдап, 1902 жылғы апрельде Бельгияда жаппай стачка жарияланды. Стачкаға 300 мыңнан астам жұмысшы қатысты; бүкіл елде жұмысшы демонстрациялары болды. Алайда парламент сайлау реформасы туралы заң жобасын қабылдамай, әскерлер демонстрация жасаушыларға оқ атқан кезде, жұмысшы партиясының оппортунистік басшылығы (Вандервельде және басқалар) тізе бүкті, сөйтіп либерал буржуазияның лагеріндегі өз «одақтастарының» қысымымен жаппай стачкаға тыйым салды. 1902 жылғы апрельде Бельгия жұмысшы табының жеңіліске ұшырауы бүкіл дүние жүзінің жұмысшы қозғалысы үшін сабақ болды. «Тез жеңіске жетеміз деген үмітпен революциялық принциптерді құрбандыққа шалатын оппортунистік тактиканың қандай практикалық нәтижелерге жеткізетінін социалистік пролетариат көретін болады,— деп жазды «Искра» 1902 жылғы 1 июньдегі 21-номерінде.— Пролетариаттың жауға саяси қысым жасау үшін қолданатын құралдарының бірде-бірі, егер ол бұл құралды ақырына дейін апаруға әзір болмаса, мақсатқа жеткізе алмайтынына пролетариаттың тағы да көзі жететін болады».— *476.*

160 Г. В. Плеханов бұл арада Ю. О. Мартовтың «Искра» редакциясының 1902 жылғы 2(15) апрельде Цюрихте болған кеңесінде жасаған мына ескертпесін айтып отыр: «Россияда қазіргі кезеңде жерді национализациялау талабының реакциялық сипатын көбірек әрі айқынырақ атап айту керек».

Цюрих кеңесінен кейін В. И. Ленин жерді национализациялау талабы туралы әңгіме болатын VII тарауға кейбір өзгерістер енгізді (қараңыз: осы том, 367—368-беттер).— *478.*

161 Г. В. Плеханов бұл арада Ю. О. Мартовтың мына ескертпесі туралы айтып отыр: «Мұның орнына мынаны айту керек: біз жерді национализациялауды барлық өндіріс құрал-жабдықтарын социализациялаудың тікелей бастамасы ғана деп қабылдаймыз».— *479.*

162 Бұл арада әңгіме XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезінде жері кәмпескеленіп, ұлт мүлкі есебінде сатылған бұрынғы эмигранттарға Францияның королі X Карл үкіметінің берген сыйлығы туралы

болып отыр; 1825 жылғы 27 мартта қабылданған «есесін өтеу туралы заң» дейтін заң бойынша 1 091 360 мың франк («эмигранттар миллиарды») мөлшерінде ақшадай сыйлық беру көзделді. Ең көп сома корольдің төңірегіндегілерге тиді. Осыншама қыруар ақшаны табу үшін үкімет салықты көбейтті және 5 проценттік мемлекеттік рентаны конверсиялап, оны 3 процентке дейін кемітті.— *481.*

163 П. Б. Аксельрод бұл арада мақаланың мына бір жеріне Г. В. Плехановтың жасаған ескертпесін айтып отыр: «Бірақ осы сөзбен шектеліп қалудың керегі не? Бұған қоса кешегі құл иеленушілердің полицейлік мемлекеттің көмегімен шаруалардан алып келген және әлі алып отырған алымының бір бөлігін болса да халыққа қайтаруға неге әрекет етпеске?» (осы том, 372-бет).— Плеханов былай деп жазды: «Міне, тек осыны ғана ұсыну керек, қайырымдылық жасау қажет емес. Ал ақшаны кім алса, оны сол ғана: *дворяндар* ғана қайтарып бере алады».— *481.*

164 Г. В. Плеханов бұл арада Ю. О. Мартовтың мына ескертпесін айтып отыр: «Бұл қағида дұрыс емес. Учаске бөлу талабының еркіндігі *нақ* жер иемденудегі еркіндіктен туады. Мұның орнына қауымның жеке адамға өктемдігін қауымға өз ықтиярымен кіретін мүшеге жолдастық одақтың өктемдігіне айналдыруды біздің талаптарымыз теріске шығармайды деп көрсетсе жетіп жатыр».

Цюрих кеңесінен кейін В. И. Ленин екі сөйлемді де қолжазбадан сызып тастап, оларды мынадай сөздермен алмастырды: «Мұндай қарсылық негізсіз болған болар еді...» және одан әрі «өздерінің серігі сататын» деген сөздермен аяқтады (қараңыз: 483-бет).— *482.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

А. П. Г. Кто виноват в г. Стаховиче? — «Московские Ведомости», 1901, № 348, 18(31) декабря, стр. 2.— *289—292, 296.*

Аксельрод, П. Второе письмо. Декабрь 1897 г.— В кн.: Аксельрод, П. К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов. Изд. «Союза русских социал-демократов». Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898, стр. 18—29.— *27, 83.*

— *К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов.* Изд. «Союза русских социал-демократов». Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898, 34 стр.— *26—27, 48, 71, 83—84, 101, 117, 335.*

— *Объявление о возобновлении изданий группы «Освобождение труда».* Женева, «Союз русских социал-демократов», 1900, 8 стр.— *25, 26.*

— *Первое письмо.* Ноябрь 1897 г.— В кн.: Аксельрод, П. К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов. Изд. «Союза русских социал-демократов». Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898, стр. 16—17.— *101.*

— *Предисловие [к книге В. И. Ленина. Задачи русских социал-демократов].*— В кн.: [Ленин, В. И.] Задачи русских социал-демократов. С предисл. П. Аксельрода. Изд. Российской социал-демократической рабочей партии. Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1898, стр. 1—5.— *48.*

[*Алексеев, П. А. Речь, произнесенная 10(22) марта 1877 года в особом присутствии правительствующего Сената.* Баку, 1901].— *324.*

[*Амфитеатров, А. В.*] *Господа Обмановы.* (Провинциальные впечатления).— «Россия», Спб., 1902, № 975, 13(26) января, стр. 2. Подпись: Old Gentleman.— *300, 305, 386.*

Б. К.— қараңыз: Кричевский, Б. Н.

Б — в — қараңыз: Савинков, Б. Н.

Безработица.— «Южный Рабочий», [Смоленск], 1900, № 3, ноябрь, стр.— 9—14.— *165.*

Бельтов, Н.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Бернштейн, Э. Исторический материализм. Пер. Л. Канцель. Спб., «Знание», тип. Клобукова, 1901. 332 стр.— *19.*

— *Проблемы социализма и задачи социал-демократии.* Пер. с нем. К. Бутковского. М., кн. скл. Д. Ефимова, [1901]. 360 стр.— *19.*

— *Социальные проблемы.* Пер. с нем. П. Когана. М., Т-во тип. А. Мамонтова, 1901. V, 312 стр.— *19.*

Булгаков, С. Н. Капитализм и земледелие. Т. II. Спб., тип. Тиханова, 1900. 458, V стр.— *24, 280, 349, 427.*

«Былое», Пб., 1906, № 10, октябрь, стр. 320—330.— *20.*

В. З.— қараңыз: Засулич, В. И.

Ванновский, П. С. Приказ министра народного просвещения [*Ванновского*]. (Апрель 2-го дня 1901 года, № 2).— «Правительственный Вестник», Спб., 1901, № 74, 5(18) апреля, стр. 2—3.— *298.*

Вебб, С. и Б. Теория и практика английского тред-юнионизма. (Industrial democracy.) Пер. с англ. В. Ильина. Т. 1—2. Спб., кн. маг. и конт. изд. Поповой, 1900. (Экономическая б-ка. Под общ. ред. П. Струве).— *66, 156, 164.*

«Вестник Русской Революции», Женева.— *320, 322, 364, 374, 423.*

— 1901, № 1, июль, стр. 80—85, в отд. III.— *420.*
— 1902, № 2, февраль, стр. 39—87, 123—158, в отд. I; стр. 99—104, в отд. III.— *280, 402, 409—410, 422.*

«Вестник Финансов, Промышленности и Торговли». Спб., 1898, № 26, 28 июня (10 июля), стр. 779—780.— *308.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Архивінде сақтаулы.

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 91—92-беттер.

«Свобода». Журнал для рабочих. Издание той же группы.— «Заря», Штутгарт, 1901. № 2—3, декабрь, стр. 349—354. Подпись: В. З.— *151.*

[*Иваншин, В. П. Рецензия:*] *«Рабочая Мысль», орган петербургских рабочих, №№ 1—3.*— «Листок «Работника»», Женева, 1898, № 9—10, ноябрь, стр. 47—53. Подпись: И — ъ, В.— *38, 47, 49.*

Из нашей общественной жизни.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 2—4.—*408.*

Из нашей общественной жизни.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 2—6.— *103.*

Из нашей общественной жизни.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 13, 20 декабря, стр. 1—2.— *194.*

Из нашей общественной жизни.— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 14, 1 января, стр. 1—2.— *194.*

Из партийной деятельности.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 7, июнь, стр. 23—24.— *412.*

Ильин, Вл.; Ильин, Владимир — қараңыз: Ленин, В. И.

Инцидент в Екатеринославском земстве.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 7, август, стр. 3—4.— *104.*

«Искра», [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева].— *3, 4, 12, 32, 51, 55, 56, 58, 60—61, 62, 67, 70, 74—75, 79, 84, 89, 93, 95, 100, 101, 102, 119, 128, 148, 151, 170, 171, 174, 175, 177, 182—183, 184, 185, 186, 191—192, 193, 194, 202, 204, 308, 309, 324, 325, 326, 327, 399, 424—425, 476—477.*

* — [Лейпциг], 1900, № 1, декабрь. 8 стр.— *50—51, 53, 128, 180, 202, 203.*

* — [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1, 2—4, 6.— *12, 79, 102—103, 104, 283—284, 408, 417.*

* — 1901, № 3, апрель, стр. 1—7.— *103, 104, 335, 339, 345, 352, 353—354, 355—356, 359, 365—366, 367, 419—420.*

*— 1901, № 4, май, 6 стр.— *3—6, 51, 97—98, 102—103, 104, 119, 169, 170, 171—172, 176, 177—178, 179, 181—182, 184, 190, 194, 196, 203, 389.*

* — 1901, № 5, июнь, стр. 1—2, 3.— *70, 104, 300.*

Комиссионный проект проекта программы. Рукопись [1].— *278—281, 325.*

Конгресс Германской социал-демократической партии.— «Рабочее Дело», Женева, 1899, № 2—3, август, стр. 65—72, в отд.: Рабочее движение за границей.— *15.*

Конгресс Германской социал-демократической рабочей партии в Ганновере.— «Рабочее Дело», 1899, № 4—5, сентябрь — декабрь, стр. 25—37, в отд.: Рабочее движение за границей.— *15.*

[*Копельзон, Т. М. Письмо Б.*].— В кн.: Плеханов, Г. В. Vademecum для редакции «Рабочего Дела». Сб. материалов, изданный группой «Освобождение труда». С предисл. Г. Плеханова. Женева, тип. Группы старых народовольцев, 1900, стр. 35—36.— *21.*

— *Письмо г.* Г.— В кн.: Плеханов, Г. В. Vademecum для редакции «Рабочего Дела». Сб. материалов, изданный группой «Освобождение труда». С предисл. Г. Плеханова. Женева, тип. Группы старых народовольцев, 1900, стр. 27—35.— *21.*

[*Кремер, А. И.*] *Об агитации.* С послесл. П. Аксельрода. Изд. «Союза русских социал-демократов». Женева, тип. «Союза русских социал-демократов», 1896. 43 стр.— *34.*

Крестьянское движение.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 8, 25 июня, стр. 1—5.— *424, 425—426.*

Кричевский, Б. Н. Принципы, тактика и борьба.— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36.— *11—16, 24, 25, 27, 31—32, 35, 40—41, 45, 50—53, 54—55, 56—58, 67, 70, 93—94, 102—103, 108, 116—119, 124—126, 149—150, 157, 169—172, 176, 181, 190, 197, 204—205, 207, 209.*

— *Тревожное время во Франции.*— «Рабочее Дело», Женева, 1899, № 2—3, август, стр. 76—85, в отд.: Рабочее движение за границей. Подпись: Б. К.— *15, 207—208.*

— *Экономическая и политическая борьба в русском рабочем движении.*— «Рабочее Дело», Женева, 1900, № 7, август, стр. 1—22.— *50, 64.*

Крылов, И. А.— Две Бочки.— *10.*

— *Кот и Повар.*— *253.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 114—117-беттер.

Кто совершит политическую революцию.— В кн.: Пролетарская борьба, № 1. Б. м., 1899, стр. 1—38.— *114—115.*

Кто совершит политическую революцию. [Киев], изд. Киевского комитета, 1899. 28 стр. (РСДРП. Отдельный оттиск из «Пролетарской борьбы»).— *114—115, 122, 400.*

[*Кускова, Е. Д.*] *Письмо к Аксельроду одного из авторов брошюры против группы «О. Т.»* — В кн.: Плеханов, Г. В. Vademecum для редакции «Рабочего Дела». Сб. материалов, изданный группой «Освобождение труда». С предисл. Г. Плеханова. Женева, тип. Группы старых народовольцев, 1900, стр. 17—27.— *21.*

— [*Рецензия на кн.:*] *Ф. Дан. Из истории рабочего движения и социал-демократии в России.* 1900—1904 гг. Изд. Донской Речи.— «Былое», Пб., 1906, № 10, октябрь, стр. 320—330. Подпись: Е. Кускова.— *20.*

Credo.— В кн.: [Ленин, В. И.] Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»).— *20—21, 41, 43, 83, 104, 106—107, 143, 200.*

Лазарев, Е. По поводу одного раскола.— «Накануне», Лондон, 1900, № 17 и 18, июнь, стр. 208—210.— *154.*

— *Раскол в русской социал-демократической партии.* (Письмо в редакцию).— «Накануне», Лондон, 1900. № 15, апрель, стр. 183—184; № 16, май, стр. 194—196.— *154.*

Левицкий, А. Беглые заметки.— «Вестник Русской Революции». Женева, 1902, № 2, февраль, стр. 123—158, в отд. I.— *410, 422.*

Ленин, В. И. Аграрная программа русской социал-демократии.— «Заря», Штутгарт, 1902, № 4, август, стр. 152—183, в отд. 2. Подпись: Н. Ленин; Н. Л.— *262, 327, 467—485.*

* [*Ленин, В. И.*] *Беседа с защитниками ,экономизма.*— «Искра» [Мюнхен], 1901, № 12, 6 декабря, стр. 2—3.— *37, 100, 107.*

* — *Борьба с голодающими.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 9, октябрь, стр. 1.— *70, 287.*

— *Борьба с голодающими.* (Отдельный оттиск из № 2—3 «Зари».) Stuttgart, Dietz, [1901]. 18 стр.— *70.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 65—87, 118—130-беттер.

[2] Бірінші рет Лениннің III жинағында басылған, 1925, 25—30-беттер.

[3] Бірінші рет Лениннің III жинағында басылған, 1925, 19—24, 14—18-беттер.

— *Новый фабричный закон.* Изд. Российской социал-демократической рабочей партии. Женева. тип. «Союза русских социал-демократов», 1899. 52 стр.— *173.*

— [*О письме «рабочих с юга»*].— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 13, 20 декабря, стр. 6.— *297—298.*

— *О чем думают наши министры?* Рукопись [1].— *35.*

— *Отдача в солдаты 183-х студентов.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 6.— *79, 103, 417.*

*— *По поводу государственной росписи.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 15, 15 января, стр. 1.— *314.*

— *По поводу «Profession de foi».* Рукопись [2].— *21.*

— *Предисловие* [*к брошюре «Документы «объединительного» съезда»*]. В кн.: Документы «объединительного» съезда. Изд. Лиги русской революционной социал-демократии. Женева, тип. Лиги, 1901, стр. I—IV.— *3, 206.*

— *Предисловие* [*к сборнику: За 12 лет*].— В кн.: [Ленин, В. И.] Ильин, Вл. За 12 лет. Собрание статей. Т. I. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова и К°, 1908, стр. III—XII.— *18.*

— *Проект программы Российской соц.-дем. рабочей партии.* Рукопись [3].— *232, 234, 238—239, 244—245, 247, 250, 252—253, 256—257, 262—263, 268, 274, 276—277, 325, 332, 336, 337—340, 341, 342—345, 349—350, 351, 352, 353—354, 359—360, 362, 369—372, 373, 374—375, 466, 467, 481.*

— *Протест российских социал-демократов.* С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899. 15 стр. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»).— *20, 49.*

* [*Ленин, В. И.*] *Рабочая партия и крестьянство.*— «Искра». [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 1—2.— *102, 104, 335, 339, 345, 352, 353—354, 355, 359, 365—366, 367, 419—420.*

— *Развитие капитализма в России.* Процесс образования внутреннего рынка для крупной промышленности. Спб., изд.

---

[1] Бірінші рет «Петроградская Правда» газетінде басылған, 1924, № 22, 27 январь.
[2] Бірінші рет Лениннің VII жинағында басылған, 1928, 6—15-беттер.
[3] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 43—50-беттер.

Водовозовой, 1899. IX, IV, 480 стр. Перед загл. авт.: Владимир Ильин.— *356, 427.*

— *Раскол в заграничном Союзе русских социал-демократов.*— «Искра», [Лейпциг]. 1900, № 1, декабрь, стр. 8, в отд.: Из партии.— *203.*

*— *С чего начать?*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 4, май, стр. 1.— *3—6, 51, 56, 97—98, 118, 169, 170, 171, 176, 177, 178, 179, 184, 190, 194, 195—196, 203, 389.*

— *Три поправки [к «Проекту программы Российской социал-демократической рабочей партии»].* Рукопись [1].— *274—275.*

*— *Ценное признание.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 6, июль, стр. 1.— *104.*

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *3—6, 210, 389, 418.*

— *Экономическое содержание народничества и критика его в книге г. Струве.* (По поводу книги П. Струве: Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Спб., 1894 г.).— В кн.: Материалы к характеристике нашего хозяйственного развития. Сб. статей. Спб., тип. Сойкина, 1895, стр. 1—144, в ч. II. Подпись: К. Тулин.— *18.*

— *Экономическое содержание народничества и критика его в книге г. Струве.* (Отражение марксизма в буржуазной литературе.) (По поводу книги г. Струве. Критические заметки к вопросу об экономическом развитии России. Спб., 1894 г.).— В кн.: [Ленин, В. И.] Ильин, Вл. За 12 лет. Собрание статей. Т. I. Два направления в русском марксизме и русской социал-демократии. Спб., тип. Безобразова и К°, 1908, стр. 3—125.— *18.*

Лермонтов, М. Ю. Демон.— *182—183.*

— *Молитва.* («В минуту жизни трудную»).— *153.*

«Летучий листок группы «Борьба»», б. м., 1902, № 1, июнь, стр. 1.— *389.*

«Листок «Работника»», Женева, 1898, № 9—10, ноябрь, стр. 46—53.— *37, 38, 47, 49, 128.*

«Листок «Рабочего Дела»», Женева, 1901, № 6, апрель, стр. 1—6.— *56, 190, 203, 204.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 51-бет.

Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка.] Б. м., тип. партии, [1898]. 2 стр.— *35, 321, 328, 392.*

Маркс, К. Временный устав Товарищества. 21—27 октября 1864 г.— *248, 260, 338—339.*

— *Капитал.* Критика политической экономии. Т. II. 1885 г.— *279.*

— *Капитал.* Критика политической экономии. Т. III. ч. 1—2. 1894 г.— *279, 339.*

— *Общий устав Международного товарищества рабочих.* Сентябрь 1871 г.— *248, 260, 338—339.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Манифест Коммунистической партии. Декабрь 1847 — январь 1848 года.— *91, 234, 248, 249, 250, 251, 260, 293, 387—388, 395, 420.*

[*Мартов, Л.*] *Гимн новейшего русского социализма.*— «Заря», Штутгарт, 1901, № 1, апрель, стр. 152—153. Подпись: Нарцис Тупорылов.— *50, 55, 69, 127.*

*— *Голод идет!*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 6, июль, стр. 8.—*70.*

— *Доклад о деятельности группы «Искры», составленный для Белостокской конференции 1902 г.* Рукопись [1].— *327.*

*— *Еще о политическом разврате наших дней.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 10, ноябрь, стр. 1—2.— *19.*

— [*Заметка о четвертом съезде Бунда*].— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 7, август, стр. 6.— *174, 176.*

— *Крестьянское восстание.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 2.— *424—425.*

[*Мартов, Л.*] *Рабочее дело в России.* Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899. 90 стр. (РСДРП).— *174.*

— *Рабочее дело в России.* Изд. 2-е, переработанное. Изд. Лиги русской революционной социал-демократии. Женева, тип. Лиги русск. революц. соц.-дем., 1903. 104 стр. (РСДРП).— *174.*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта басылған: РСДРП Екінші съезіне социал-демократиялық комитеттердің баяндамалары. М.—Л., 1930, 86—90-беттер.

— 1900, № 16, май, стр. 194—196.— *154.*

— 1900, № 17 и 18, июнь, стр. 208—210.— *154.*

Нарцис Тупорылов — қараңыз: Мартов, Л.

Невзоров, Ю. Социал-демократия как носительница национального освобождения.— «Заря», Штутгарт, 1901, № 2—3, декабрь, стр. 156—179.— *389.*

Некрасов, Н. А. Саша.— *423—424.*

О надзоре за заведениями фабричной промышленности и о взаимных отношениях фабрикантов и рабочих и об увеличении числа чинов фабричной инспекции. 3 июня 1886 г.— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1886, № 68, 15 июля, ст. 639, стр. 1390—1405.— *432.*

О продолжительности и распределении рабочего времени в заведениях фабрично-заводской промышленности. 2 июня 1897 г.— «Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате». Спб., 1897, № 62, 13 июня, ст. 778, стр. 2135—2139.— *432.*

Об агитации — қараңыз: Кремер, А. И. Об агитации.

Обвинительный акт по делу о майских беспорядках на Обуховском заводе. С послесловием от редакции «Искры». Издание и типография «Искры». [Кишинев], ноябрь 1901. 15 стр. (РСДРП. Оттиск из ном. 9 «Искры»).— *325.*

Объединение.— «Летучий листок группы «Борьба»», б. м., 1902, № 1, июнь, стр. 1.— *389.*

Объявление о возобновлении изданий группы «Освобождение труда» — см. Аксельрод, П. Б. Объявление о возобновлении изданий группы «Освобождение труда».

Объявление об изданиях социал-демократической группы «Борьба». Б. м. и г. 12 стр.— *389.*

Организация.— «Свобода», Женева, 1901, № 1, стр. 61—80, в отд. 3.— *81, 115, 132—133, 134—139, 144—145, 146—147, 157, 161—164, 165, 183, 187—188, 191—192.*

«Орловский Вестник», 1901, № 254, 25 сентября, стр. 2—3.— 289.

«Освобождение». Штутгарт, 1902, № 4, 2(15) августа, стр. 49—53.— *440.*

Основные черты русского законодательства. Б. м., тип. «Рабочей библиотеки», 1901. 60 стр. (Социал-демократическая рабочая б-ка. № 4).— *291.*

Островский, А. Н. Без вины виноватые.— 184.

От крестьянского союза партии социалистов-революционеров ко всем работникам революционного социализма в России.— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 8, 25 июня, стр. 5—14.— *404—405, 415—416, 419, 420—421, 422—431.*

От министерства народного просвещения.— «С.-Петербургские Ведомости», 1901, № 10, 11(24) января, стр. 1.— *79.*

От редакции.— «Рабочее Дело», Женева, 1899, № 1, апрель, стр. 1—10.— *46, 49—50, 63, 108, 200.*

От редакции «Рабочей библиотеки». Б. м., тип. «Рабочей библиотеки», 1900. 25 стр. (Социал-демократическая рабочая б-ка. № 1).— *291.*

Ответ «Заре».— «Революционная Россия», [Женева], 1902, № 4, февраль, стр. 4—5.— *423.*

Ответ редакции «Рабочего Дела» на «Письмо» П. Аксельрода.— В кн.: Ответ редакции «Рабочего Дела» на «Письмо» П. Аксельрода и «Vademecum» Г. Плеханова. Изд. Союза русских социал-демократов. Женева. тип. «Союза». 1900, стр. 1—27. (РСДРП).— *49, 72, 117, 119.*

Ответ редакции «Рабочего Дела» на «Письмо» П. Аксельрода и «Vademecum» Г. Плеханова. Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1900. 81 стр. (РСДРП).— *48, 49, 72, 115, 116, 119.*

Ответ редакции «Рабочего Дела» на «Vademecum» Г. Плеханова.— В кн.: Ответ редакции «Рабочего Дела» на «Письмо» П. Аксельрода и «Vademecum» Г. Плеханова. Изд. Союза русских социал-демократов., Женева, тип. «Союза», 1900, стр. 28—69. (РСДРП).— *48, 115.*

Отдельное приложение к «Рабочей Мысли». Изд. петербургского «Союза». Пб., 1899. 36 стр.— *24, 47, 52, 59, 71, 75, 120, 121, 164.*

Отчет государственных сберегательных касс за 1899 год. Спб., тип. «Народная польза», б. г. XXXI. 129 стр.— *308—318.*

Очередной вопрос революционного дела—қараңыз; Чернов, В. М. Очередной вопрос революционного дела.

Парвус. Оппортунизм на практике.— «Заря», Штутгарт, 1902, № 4, август, стр. 1—39, в отд. 2.— *206.*

[*Передовая*].— «Рабочая Мысль», Спб., [1897, № 1], октябрь, стр. 1—4. Мим.— *38—39, 41, 46, 47.*

Писарев, Д. И. Промахи незрелой мысли.— 189.

Письмо в русские социал-демократические органы.— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 12, 6 декабря, стр. 2, в ст.: [Ленин, В. И.] Беседа с защитниками экономизма.— *21, 24, 36, 41, 44, 46, 59, 100, 101—104, 107, 116, 179, 289, 291, 292, 293, 294, 295.*

[*Письмо рабочего-ткача из Петербурга*].— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 7, август, стр. 4, в отд.: Хроника рабочего движения и письма с фабрик и заводов.— *98, 191.*

[*Письмо Центрального комитета Всеобщего еврейского рабочего союза в Литве, Польше и России.*] 29 августа (11 сентября) 1901 г.— «Искра», [Мюнхен], 1901. № 8, 10 сентября, стр. 6, в отд.: Из партии.— *173, 176.*

Плеханов, Г. В. Второй проект программы РСДРП. Рукопись[1].— *233—261, 277, 278, 325.*

— *К вопросу о развитии монистического взгляда на историю.* Ответ гг. Михайловскому, Карееву и комп. Спб., 1895. 287 стр. Перед загл. авт.: Н. Бельтов.— *55.*

*— *На пороге двадцатого века.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 2, февраль, стр. 1.— *12, 249, 261.*

*— *О демонстрациях.*— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 14, 1 января, стр. 1.— *194.*

— *О задачах социалистов в борьбе с голодом в России.* (Письма к молодым товарищам.) Женева, тип. «Социал-демократа», 1892. 90 стр. (Б-ка современного социализма. Вып. 10).— *73, 335.*

Плеханов, Г. В. Первоначальный проект программы РСДРП. Рукопись [2].— *224, 244—245, 251, 255—256, 452.*

[1] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 57—61-беттер.
[2] Бірінші рет Лениннің II жинағында басылған, 1924, 15—19-беттер.

— 1901, № 58, 14(27) марта, стр. 1.— *300.*

— 1901, № 68, 25 марта (7 апреля), стр. 1.— *299—300.*

— 1901, № 74, 5(18) апреля, стр. 2—3.— *299.*

— 1901, № 91, 26 апреля (9 мая), стр. 2.— *300.*

— 1901, № 283, 30 декабря (12 января 1902 г.), стр. 2—3 — *299—300.*

— 1902, № 1, 1(14) января, стр. 1—4.— *282—288, 311.*

[*Примечание редакции журнала «Рабочее Дело» к статье Б. Н. Савинкова «Петербургское движение и практические задачи социал-демократии»*].— «Рабочее Дело», Женева, 1900, № 6, апрель, стр. 28.— *116, 143.*

[*Программа для занятий*]. Б. м. и г. 10 стр.— *321.*

Программа для кружковых занятий. Б. м. и г. 29 стр.— *321.*

Программа для чтения. Составлена И — ым. Б. м. и г. 22 стр.— *321.*

Программа периодического органа Союза русских социал-демократов «Рабочее Дело». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899. 9 стр. (РСДРП. Оттиск из № 1 «Рабочего Дела»).— *25, 46, 49—50, 108—109, 200.*

Программа С.-Петербургского союза борьбы за освобождение рабочего класса. [Листовка, Спб.], октябрь 1900. 2 стр.— *124, 129—131, 157—158.*

Программа [*«Северного союза РСДРП»*]. Рукопись[1].— *390—401.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 21, 1 июня, стр. 1—2.— *327, 335, 400, 425, 430, 431.*

Проект программы Российской социал-демократической рабочей партии. (Выработанный редакцией «Искры» и «Зари»).— «Заря», Штутгарт, 1902, № 4, август, стр. 1—20, в отд. А.— *275—276, 400, 430, 431.*

Проект программы русских социал-демократов — қараңыз: Плеханов, Г. В. Проект программы русских социал-демократов.

[1] Бірінші рет «Пролетарская Революция» журналында басылған, 1922, № 9, 231—234-беттер.

[*Прокопович, С. Н.*] *Ответ на брошюру Аксельрода «К вопросу о современных задачах и тактике русских социал-демократов».*— В кн.: Плеханов, Г. В. Vademecum для редакции «Рабочего Дела». Сб. материалов, изданный группой «Освобождение труда». С предисл. Г. Плеханова. Женева, тип. Группы старых народовольцев, 1900, стр. 37—60.— *21, 121.*

— *Рабочее движение на Западе.* Опыт критического исследования. Т. I. Германия и Бельгия. Спб., Пантелеев, 1899. II. 212, 120 стр. Перед загл. авт.: С. Н. Прокопович.— *19, 45.*

Пролетарская борьба. № 1. Б. м., 1899. 119 стр.— *114—116, 291.*

Pro domo sua. (Библиографическая заметка о № 1 «В. Р. Р.» в «Заре» № 2—3).— «Вестник Русской Революции», Женева, 1902, № 2, февраль, стр. 99—104, в отд. III.— *280—281.*

Profession de foi Киевского комитета РСДРП. 1899. Рукопись[1].— *21.*

Р. М. Наша действительность. (Рабочее движение, самодержавие, общество с его слоями (дворянство, крупная и мелкая буржуазия, крестьяне и рабочие) и общественная борьба).— Отдельное приложение к «Рабочей Мысли». Изд. Петербургского «Союза». Пб., 1899, стр. 3—16.— *24, 51, 71, 75, 119—120, 121, 164.*

Р. Н. С. — *қараңыз:* Струве, П. Б.

«Рабочая Газета», Киев.— *36, 148, 158.*

«Рабочая Газета» (неосуществленное издание 1899 г.).— *4, 174—175, 176, 180, 326—327.*

«Рабочая Мысль», Спб.— Берлин — Варшава — Женева.— *24, 37, 38—40, 41, 47, 48, 49, 60—61, 65, 79, 103, 105, 115, 119—120, 133, 148, 162. 167. 168, 174—175, 182.*

— [1897, № 1], октябрь. 5 стр. Мим.— *37, 38—39, 41—42, 46, 47, 127.*

«Рабочее Дело» (неосуществленное издание 1895 г.).— *34—35, 38.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің VII жинағында басылған, 1928, 16—18-беттер.

[1] Бірінші рет Лениннің VIII жинағында басылған, 1928, 227-бет.

Экстренный съезд горнопромышленников в Харькове.— «Южный Рабочий», [Смоленск], 1900, № 3, ноябрь, стр. 4—8.— *165.*

«Южный Рабочий», Екатеринослав и др.— *165.*

— 1900, [Смоленск], № 3, ноябрь, стр. 4—14.— *165.*

Abwehr. [*Antwort der Redaktion des «Vorwärts» auf den in N 2—3 der russischen Zeitschrift «Sarja» erschienenen und von Ignotus unterzeichneten Artikel über den Lübecker Parteitag*].— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 1, 1. Januar, S. 3.— *208.*

[*Anmerkung der Redaktion zu dem Artikel Kautskys*].— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 6, 8. Januar, S. 3.— *208.*

«Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik», Bd. 14. Berlin, 1899. VII, 754 S.— *41.*

Bemerkung der Redaktion.— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 46, 23. Februar, 1. Beilage, S. 3.— *208.*

Bernstein, E. Probleme des Sozialismus.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1896—1897, Jg. XV, Bd. I, N 6, S. 164—171; N 7, S. 204—213; N 10, S. 303—311; N 25, S. 772—783; 1896—1897, Jg. XV, Bd. II, N 30, S 100—107; N 31, S. 138—143.— *8, 19, 67.*

— *Das realistische und das ideologische Moment im Sozialismus.* Probleme des Sozialismus, 2. Serie II.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1897—1898, Jg. XVI, Bd. II, N 34, S. 225—232; N 39, S. 388—395.— *8, 19, 67.*

— *Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie.* Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *8, 19, 67.*

«Bulletin de l'Office du travail», Paris, 1901, N 10, octobre, p. 711—712.— *312—313.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfg. 1—2, S. 71—85.— *362.*

Engels, F. Die Bauernfrage in Frankreich und Deutschland.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, N 10, S. 292—306.— *250—251.*

— *Herrn Eugen Dührings Umwälzung der Philosophie.*— In: «Vorwärts», Leipzig, 1877, N 1, 3. I, S. 1; N 2, 5. I, S. 1—2; N 3, 7.I, S. 1—2; N 4, 10.I, S. 1—2; N 5, 12.I, S. 1; N 6, 14.I, S. 1—2; N 7, 17.I, S. 1—2; N 10, 24.I, S. 1—2; N 11, 26.I, S. 1—2; N 17, 9.II, S. 1—3; N 24, 25.II, S. 1—2; N 25, 28.II, S. 1—3; N 36, 25.III, S. 1—2; N 37, 28.III, S. 1—2; N 44, 15.IV, S. 1—2; N 45, 18.IV, S. 1—2; N 49, 27.IV, S. 1—2; N 50, 29.IV, S. 1—2; N 55, 11.V, S. 1—2; N 56, 13.V, S. 1—3; Wissenschaftliche Beilage des «Vorwärts»: N 1 und 2 zu N 87, 27.VII, S. 1—3; N 3 zu N 93, 10.VIII, S. 1; N 4 zu N 96, 17.VIII, S. 1; N 5 zu N 105, 7.IX, S. 1; N 6 zu N 108, 14.IX, S. 1; Beilage des «Vorwärts»: zu N 127, 28.X, S. 1—2; zu N 130, 4.XI, S. 1; zu N 139, 28.XI, S. 1—3; zu N 152, 30.XII, S. 1—3; Beilage des «Vorwärts», 1878: zu N 52, 5.V, S. 1—2; zu N 61, 26.V, S. 1—2; zu N 64, 2.VI, S. 1—2; zu N 75, 28.VI, S. 1—2; zu N 79, 8.VII, S. 1—2.— *14.*

— *Vorbemerkung [zur Arbeit: Der Deutsche Bauernkrieg]*. 3-ter Abdr. Leipzig, Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875, S. 3—19.— *28—30, 59.*

— *Vorrede zur dritten Auflage [der Arbeit: Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte]*.— In: Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte. 3-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1885, S. III—IV.— *10.*

— *Zur Kritik des sozialdemokratischen Programmentwurfes 1891.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I. N 1, S. 5—13.— *237, 243, 251, 252, 254, 261, 167—168, 172, 470—471.*

Der Entwurf des neuen Parteiprogramms. III.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. II, N 51, S. 780—791.— *251—252.*

Der Entwurf eines Gesetzes zum Schutze des gewerblichen Arbeitsverhältnisses, N 347. Berlin, den 26. Mai 1899.— In: Stenographische Berichte über die Verhandlungen des Reichstages, 10. Legislaturperiode. I. Session 1898/1900. 3-ter Anlageband. Berlin, Sittenfeld, 1899, S. 2238—2239.— *438—439.*

Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.— In: «Reichs-Gesetzblatt», Berlin, 1878, N 34, S. 351—358.— *14, 30, 53.*

[Höchberg, K., Schramm, K., Bernstein, E.] Rückblicke auf die sozialistische Bewegung in Deutschland. Kritische Aphoris-

men.— In: Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik. Hrsg. von Richter. Jg. I. Hft. 1. Zürich, 1879, S. 75—96.— *53.*

Ignotus. [*Martow, L.*] *In Sachen «Vorwärts» gegen «Sarja».*— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 46, 23. Februar, I. Beilage, S. 3.— *208.*

Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik. Hrsg. von Richter. Jg. I. Hft. 1. Zürich — Oberstrass, Körber, 1879, S. 75—96.— *53.*

* *Kautsky, K. Die Agrarfrage.* Eine Übersicht über die Tendenzen der mobernen Landwirtschaft und die Agrarpolitik der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. VIII, 451 S.— *346, 375.*

— *Finis Poloniae?* — In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, № 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525.— *347—349.*

— *Die Intelligenz und die Sozialdemokratie.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1894—1895, Jg. XIII, Bd. N 27, S. 10—16.— *134.*

— *Nochmals die «Sarja» und der «Vorwärts».*— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 6, 8. Januar, S. 3.— *208.*

— *Der Parlamentarismus, die Volksgesetzgebung und die Sozialdemokratie.* Stuttgart, Dietz, 1893. 139 S.— *156—157.*

— *Die Revision des Programms der Sozialdemokratie in Österreich.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 3, S. 68—82.— *42—43, 247—248.*

— *Die «Sarja» und der «Vorwärts».*— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 4, 5. Januar, S. 3.— *208.*

— *Vollmar und der Staatssozialismus.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1891—1892, Jg. X, Bd. II, N 49, S. 705—713.— *367.*

Kongreß der Sozialdemokraten Deutschlands. (Schluß).— In: «Vorwärts», Leipzig, 1877, N 65, 6. Juni, S. 1—2.— *14.*

Kritschewsky, B. Die Beweise der «Sarja».— In: «Vorwärts», Berlin, 1902, N 52, 2. März, 4. Beilage, S. 1.— *208.*

— *Ein letztes Wort der Abwehr zur Diskussion mit Genossen Liebknecht.*— In: «Vorwärts», Berlin, 1899, N 190, 16. August, S. 3.— *208.*

— *Die Sozialisten und die Dreyfus-Affaire.*— In: «Vorwärts», Berlin, 1899, N 181, 5. August, S. 2—3.— *208.*

— *Tatsachen beweisen.* Antwort an W. Liebknecht.— In: «Vorwärts», Berlin, 1899, N 185, 10. August, S. 2—3.— *208.*

— *Über die Situation in Frankreich.*— In: «Vorwärts», Berlin, 1899, N 146, 25. Juni, S. 3.— *208.*

Lassalle, F. [*Brief an K. Marx.*] 24. Juni 1852.— In: Lassalle, F. Briefe an Marx u. F. Engels. 1849 bis 1862. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 52—54. (In: «Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle». Hrsg. von F. Mehring. Bd. IV).— *1.*

— *Briefe an K. Marx und F. Engels.* 1849 bis 1862. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 52—54. (In: «Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle». Hrsg. von F. Mehring. Bd. IV).— *1.*

Luxemburg, R. Neue Strömungen in der polnischen sozialistischen Bewegung in Deutschland und Österreich.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216.— *348.*

— *Der Sozialpatriotismus in Polen.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 41, S. 484—491.— *348.*

Marx, K. Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte. 3-te Aufl. Hamburg, Meißner, 1885. VI, 108 S.— *10, 190.*

— [*Brief an Bracke*]. 5. Mai 1875.— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, N 18, S. 562.— *26—27, 67.*

— *Zur Kritik der Hegelschen Rechts-Philosophie.* Einleitung.— In: «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, Lfg. 1—2, S. 71—85.— *362.*

— *Zur Kritik des sozialdemokratischen Parteiprogramms.*— In: «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, N 18, S. 561—575.— *254, 470—471.*

Mehring, F. Geschichte der deutschen Sozialdemokratie. T. 2. Von Lassalles offenem Antwortschreiben bis zum Erfurter Programm. 1863 bis 1891. Stuttgart, Dietz, 1898. VI, 568 S. (In: Die Geschichte des Sozialismus in Einzeldarstellungen von E. Bernstein, C. Hugo, K. Kautsky, P. Lafargue, F. Mehring, G. Plechanow. Bd. 3, T. 2).— *18, 53.*

Most und Genossen. [Antrag von Most und Genossen auf dem Parteitag der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, polemische Artikel, wie Engels contre Dühring, in Zukunft im «Vorwärts» nicht mehr zu veröffentlichen. 29. Mai 1877].— In: «Vorwärts», Leipzig, 1877, N 65, 6. Juni, S. 2, im Protokoll: Kongreß der Sozialdemokraten Deutschlands.— *14.*

Mouvement général de l'épargne en 1899.— «Bulletin de l'Office du travail», Paris, 1901, N 10, octobre, p. 711—712.— *312—313.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, N 18, S. 561—575.— *27—28, 67, 254, 470—471.*

— 1890—1891, Jg. IX, Bd. II, N 51, S. 780—791.— *251—252.*

— 1891—1892, Jg. X, Bd. II, N 49, S. 705—713.— *367.*

— 1894—1895, Jg. XIII, Bd. I, N 10, S. 292—306.— *250—251.*

— 1894—1895, Jg. XIII, Bd. II, N 27, S. 10—16.— *129.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 32, S. 176—181; N 33, S. 206—216; N 41, S. 459—470.—*348.*

— 1895—1896, Jg. XIV, Bd. II, N 42, S. 484—491; N 43, S. 513—525.— *348—349.*

— 1896—1897, Jg. XV, Bd. I, N 6, S. 164—171; N 7, S. 204—213; N 10, S. 303—311; N 25, S. 772—783; Bd. II, N 30, S. 100—107; N 31, S. 138—143.— *8, 19, 67.*

— 1897—1898, Jg. XVI, Bd. II, N 34, S. 225—232; N 39, S. 388—395.— *8, 19, 67.*

— 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 1, S. 5—13.— *237, 243, 251, 252, 254, 261, 267, 268, 272, 470—471.*

— 1901—1902, Jg. XX, Bd. I, N 3, S. 68—82.—*42—43, 247—248.*

Old Gentleman — қараңыз: Амфитеатров, А. В.

Organisation der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Halle 1890.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 7—10.— *153.*

Programm der Sozialdemokratischen Arbeiterpartei in Österreich. (Beschlossen am Parteitag zu Wien 1901).— In: Protokoll über die Verhandlungen des Gesammtparteitages der Sozialdemokratischen Arbeiterpartei in Österreich. Abgehalten zu

Wien vom 2. bis 6. November 1901. Wien, Wiener Volksbuchhandlung Ignaz Brand, 1901. S. 3—5.— *42.*

Programm der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Erfurt 1891.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20 Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts», 1891, S. 3—6.— *217, 219, 221, 241—242, 252, 261.*

Protokoll über die Verhandlungen des Gesammtparteitages der Sozialdemokratischen Arbeiterpartei in Österreich. Abgehalten zu Wien vom 2. bis 6. November 1901. Wien, Wiener Volksbuchhandlung Ignaz Brand, 1901. 204 S.— *42.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Erfurt vom 14. bis 20. Oktober 1891. Berlin, «Vorwärts». 1891. 368 S.— *153, 217, 219, 221, 241—242, 261.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, «Vorwärts», 1899. 304 S.— *15, 22.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901. 319 S.— *15, 22.*

«Reichs-Gesetzblatt», Berlin, 1878, N 34, S. 351—358.— *14, 30, 53.*

Resolution Bebels [angenommen am 13. Oktober 1899 auf dem Parteitag der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands zu Hannover].— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Hannover vom 9. bis 14. Oktober 1899. Berlin, «Vorwärts», 1899, S. 243—244.— *15, 22.*

Resolution Bebels zur Bernstein-Debatte [angenommen auf dem Parteitag der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901].— In: Protokoll über die Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, «Vorwärts», 1901, S. 99.— *15, 22.*

«Der Sozialdemokrat», Zürich — London.— *53.*

Stenographische Berichte über die Verhandlungen des Reichstages, 10. Legislaturperiode. I. Session 1898/1900. 3-ter Anlageband. Berlin, Sittenfeld, 1899. IV, 1703—2512 S.— *438.*

Struve, P. Die Marxsche Theorie der sozialen Entwicklung. Ein kritischer Versuch.— In: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik». Bd. 14. Berlin, 1899, S. 658—704.— *45.*

— [*Rezension der Bücher:*] *Bernstein, Eduard. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie.* Stuttgart, 1899. X u. 188 S. *Kautsky, Karl. Bernstein und das sozialdemokratische Programm.* Stuttgart, 1899. VIII u. 195 S.— In: «Archiv für soziale Gesetzgebung und Statistik». Bd. 14. Berlin, 1899, S. 723—739, in der Rubrik: Literatur.— *45.*

Vahlteich. [*Diskussionsbeitrag Vahlteichs auf dem Parteitag der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands über die Aufnahme der polemischen Artikel von Engels in den «Vorwärts».* 29. Mai 1877].— In: «Vorwärts», Leipzig, 1877, N 65, 6. Juni, S. 2, im Rubrik: «Kongreß der Sozialdemokraten Deutschlands».— *14.*

«Vorwärts», Leipzig—Berlin.— *107.*

— Leipzig, 1877, N 1, 3. Januar, S. 1; N 2, 5. Januar, S. 1—2; N 3, 7. Januar, S. 1—2; N 4, 10. Januar, S. 1—2; N 5, 12. Januar, S. 1—2; N 6, 14. Januar, S. 1—2; N 7, 17. Januar, S. 1—2; N 10, 24. Januar, S. 1—2; N 11, 26. Januar, S. 1—2; N 17, 9. Februar, S. 1—3; N 24, 25. Februar, S. 1—2; N 25, 28. Februar, S. 1—3; N 36, 25. März, S. 1—2; N 37, 28. März, S. 1—2; N 44, 15. April, S. 1—2; N 45, 18. April, S. 1—2; N 49, 27. April, S. 1—2; N 50, 29. April, S. 1—2; N 55, 11. Mai, S. 1—2; N 56, 13. Mai, S. 1—3; N 65, 6. Juni, S. 1—2.— *14.*

— Wissenschaftliche Beilage des «Vorwärts», 1877, N 1 u. 2 zu N 87, 27. Juli, S. 1—3; N 3 zu N 93, 10. August, S. 1; N 4 zu N 96, 17. August, S. 1; N 5 zu N 105, 7. September, S. 1; N 6 zu N 108, 14. September, S. 1.— *14.*

— Beilage des «Vorwärts», 1877: zu N 127, 28. Oktober, S. 1—2; zu N 130, 4. November, S. 1; zu N 139, 28. November, S. 1—3; zu N 152, 30. Dezember, S. 1—3.— *14.*

— Beilage des «Vorwärts», 1878: zu N 52, 5. Mai, S. 1—2; zu N 61, 26. Mai, S. 1—2; zu N 64, 2. Juni, S. 1—2; zu N 75, 28. Juni, S. 1—2; zu N 79, 8. Juli, S. 1—2.— *12.*

— Berlin, 1899, N 146, 25. Juni, S. 3; N 181, 5. August, S. 2—3; N 185, 10. August, S. 2—3; N 190, 16. August, S. 3.— *208.*

— 1902, N 1, 1. Januar, S. 3; N 4, 5. Januar, S. 3; N 6, 8. Januar, S. 3; N 46, 23. Februar, 1. Beilage, S. 3; N 52, 2. März, 4. Beilage, S. 1.— *208.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

білдірумен аяқтады. Алексеевтің сөзі кейіннен көптеген жасырын басылымдар арқылы таратылып, Россиядағы революциялық қозғалысқа елеулі әсер етті. В. И. Ленин оны «орыс жұмысшы революционерінің ұлы көрегендігі» (Шығармалар толық жинағы, 4-том, 546-бет) деп атады. 1877 жылғы 14(26) мартта Алексеев 10 жыл каторгаға кесілді, 1884 жылы қоныстануға шығып, Якутияда тұрды; сонда 1891 жылдың 16(28) августында тонаушының қолынан қаза тапты.— *117*.

Ауэр (Auer), *Игнац* (1846—1907) — герман социал-демократиясының көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен өрімші-жұмысшы. 1874 жылдан эйзенахшылдар партиясының секретары, ал 1875 жылы эйзенахшылдар лассальшылдармен біріккеннен кейін — Германия Социалистік жұмысшы партиясының секретары. 1877—1878 жылдары социал-демократиялық «Berliner Freie Presse» («Берлиннің Еркін Баспасөзі») газетінің редакторы болды; бірнеше рет рейхстагтың депутаты болып сайланды. Ішкі партиялық күрестің тереңдей түсуіне байланысты реформизм позициясына көшті, герман социал-демократиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі болды.— *146*.

Б

Б — в — қараңыз: Савинков, Б. В.

Бабёф (Babeuf), *Гракх* (шын аты *Франсуа Ноэль*) (1760—1797) — француз революционері, утопиялық теңгерме коммунизмнің аса көрнекті өкілі. Қоғамды коммунистік жолмен қайта құрудың программасын талдап жасады, жеке меншікті жоюды, жалпыға бірдей саяси және экономикалық теңдік орнатуды талап етті, әрбір адам еңбек етуге және қоғамды басқаруға қатысуға міндетті деп есептеді. Термидор реакциясы кезінде құпия қоғам («тең адамдардың заговоры» дейтін) ұйымдастырды; бұл қоғам халықтың қалың бұқарасының мүдделерін қорғайтын революциялық диктатура орнату үшін қарулы көтеріліс әзірледі. Бабёф пен оның жақтастары — бабувистер өздерінің көзқарастарын олар шығарып тұрған «Tribun du Peuple» («Халық Трибуны») және «L'Eclaireur» («Ағартушы») деген мерзімді органдарда насихаттады. «Заговор» ашылып қалды да, 1797 жылғы 27 майда (жаңаша) Бабёф дарға асылды.— *429*.

Бакунин, М. А. (1814—1876) — анархизм идеологтарының бірі. 1840 жылдан бастап шетелде тұрды, Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік тәртіпті қатаң сынға алды; 1844 жылы патша Сенаты оны дворяндық атағынан, мүлікке барлық правосынан айырып, каторгаға жіберуге сырттай үкім шығарды. 1848 жылы Прага көтерілісіне қатысты, 1849 жылғы майда Дрезендегі көтеріліске басшылық етті, тұтқынға алынып, 1851 жылы патша үкіметіне ұстап берілді. Петропавл, ал содан соң Шлиссельбург қамалдарында тұтқында отырғанында I Николайға

«Тәубешілік» хат және II Александрға жалбарынған хат жазып, бұл хаттарында өзінің революциялық көзқарастарынан бас тартты; 1857 жылы өмір-бақи Сибирьде тұруға жер аударылды, 1861 жылы одан шетелге қашты. 1863—1864 жылдардағы поляк азаттық көтерілісіне жәрдем көрсетті. 1868 жылдан бастап I Интернационалдың жұмысына қатысты, оның ішінде анархистердің астыртын одағын («Социалистік демократия альянсы») ұйымдастырды; бұл одақты Интернационалға қарама-қарсы қоюға және Бас Советке басшылық ісін өз қолына түсіріп алуға тырысты, бұл әрекетінде «қандай құралды болсын қолданудан, қандай зұлымдықтан болсын тартынған жоқ; өтірік, өсек, жалақорлық, қорқыту-үркіту, тасада тұрып тап беру — оған осының бәрі бірдей тән еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, 2-бөлім, 1940, 539-бет). Іріткі салушылық қылықтары үшін ол Маркстің талап етуі бойынша 1872 жылы Интернационалдан шығарылды.

«Бакуниннің,— деп жазды Энгельс,— прудонизмді коммунизммен араластырудан жасаған ерекше теориясы бар...» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, 1953, 277-бет). Бакунин өндіріс құрал-жабдықтарына коллективтік меншік идеясын индивидуумның анархиялық «абсолютті бостандығымен» ұштастырды. Люмпен-пролетариат пен ұсақ буржуазияның мүдделерін білдіре отырып, ол мемлекетті құртуды талап етті, буржуазиялық қоғамның басты кеселі капиталда емес, мемлекетте деп білді. Пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін жоққа шығара отырып, Бакунин анархиялық әлеуметтік революция үшін неғұрлым қолайлысы шаруалары басым болып отырған артта қалған елдер деп есептеді. Революцияның нәтижесі «таптардың теңестірілуі», «еркін ассоциациялардың» бірігуі болуы тиіс. К. Маркс пен Ф. Энгельс Бакунинге қарсы батыл күрес жүргізді, бакунизмнің реакциялық мәнін әшкереледі, ал бакунизм — В. И. Лениннің анықтамасы бойынша — «өзін сақтап қалудан үмітін үзген ұсақ буржуаның» (Шығармалар, 13-том, 11-бет) көзқарасы болды.— *29.*

Балгорн (Ballhorn), *Иоганн* — XVI ғасырдағы немістің кітап бастырушысы.— *74.*

Балмашев, С. В. (1882—1902) — Қазан, соңынан Киев университетінің студенті, студенттер қозғалысына белсене қатысушы. 1901 жылғы январьда тұтқынға алынып, Киев университетінің 183 студентімен бірге солдатқа жіберілді. 1901 жылдың жазында Қырым мен Харьковтың революциялық үйірмелеріне кірді; сентябрьде Киев университетіне қайтадан түсіп, мұнда революциялық жұмысты жалғастырды, эсерлермен жақындасып, олардың «Жауынгерлік ұйымына» кірді. Үкіметтің елдегі қоғамдық қозғалысты басып-жаншуға бағытталған қатал қудалауына қарсы наразылық ретінде 1902 жылғы 2(15) апрельде Балмашев ішкі істер министрі Сипягинді атып өлтірді. Сипягинді өлтіру эсерлердің «Жауынгерлік ұйымының» тұңғыш террористік әрекеті болды. Петербург округтік сотының үкімі бойынша Балма-

шев 1902 жылғы 3(16) майда Шлиссельбург қамалында дарға асылды.— *402, 409, 411, 416.*

Бастиа (Bastiat), *Фредерик* (1801—1850) — француздың тұрпайы экономисі. Буржуазиялық қоғамдағы таптардың қарым-қатынастарын қызмет көрсету айырбасы ретінде таныды, капиталистік қатынастарды адамдардың «табиғи» қатынастары деп есептеді, еңбек пен капитал мүдделерінің үйлесімдігін уағыздады, жұмысшы табының ұлттық табыстағы үлесі техниканың прогресіне қарай өсе береді деп дәлелдеуге тырысты. К. Маркс Бастианы «тұрпайы экономия апологетикасының ең сұмпайы, сондықтан да ең салымды өкілі» («Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 24-бет) деп сипаттады. Оның теорияларын капитализмнің осы заманғы қорғаушылары пайдалануда. Бастианың негізгі шығармалары: «Экономикалық софизмдер» (1846) және «Экономикалық үйлесімділіктер» (1849)—*317.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметті 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, рейхстагтың мінбесінен кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстап, Париж коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі болып қалады» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және европалық жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады.

Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күрестің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.).— *16, 74, 134, 146, 189.*

Белинский, В. Г. (1811—1848) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, әдеби сыншы әрі публицист, философ-материалист, 1833—1836 жылдары «Телескоп» журналына қатысып жүрді; 1838—1839 жылдары «Московский Наблюдатель» журналын редакциялады, «Отечественные Записки» (1839—1846) журналының әдеби-сын бөлімін басқарды, 1847 жылдан «Современник» журналының қызметкері әрі идеялық басшысы болды. 1847 жылғы 3 июльде шетелде жүріп атақты «Гогольге хатын» жазды, бұл хат «цензурасыз демократиялық баспасөздің осы

уақытқа дейін де өзінің орасан зор күнделікті маңызын жоймаған ең таңдаулы шығармаларының бірі болды» (В. И. Ленин. Шығармалар, 20-том, 247-бет). Белинский идеализмнен материализмге, ағартушылықтан революциялық демократизмге қарай идеялық дамудың күрделі әрі қайшылықты жолынан өтті. Ол социалист, крепостниктікке қарсы күреске көтерілген шаруалар бұқарасының идеологы болды, бірақ оның социализмі утопиялық сипатта болды. Белинский революциялық-демократиялық эстетика мен әдеби сынның негіздерін қалады. Пушкин, Лермонтов, Гоголь туралы мақалаларында, 1840 жылдан 1847 жылға дейінгі орыс әдебиетіне жасаған шолуларында Белинский орыс әдебиетінің өзіне тән ерекшілігі мен ұлылығын көрсетіп, оның реализмі мен халықтығын ашып берді. Белинскийдің қызметі Россияда қоғамдық ой-пікірдің одан әрі дамуына және азаттық қозғалысының өсуіне орасан зор әсер етті.— *28.*

Бельтов, Н.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Бём-Баверк (Böhm-Bawerk), *Евгений* (1851—1914) — буржуазияшыл экономист, саяси экономиядағы «австралиялық мектеп» дейтіннің өкілдерінің бірі. Қосымша құнның маркстік теориясына қарсы бағытталған еңбектерінде пайда жұмысшы табын қанаудың салдарынан емес, қазіргі және болашақ игіліктердің субъективтік бағаларының айырмасынан пайда болады-мыс деп дәлелдеді. Капитализмнің қайшылықтарын, капиталдың еңбекті қанауын бүркемелей отырып, Бём-Баверк жұмысшы табының назарын революциялық күрестен басқа жаққа аударуға тырысты; оның реакциялық көзқарастарын буржуазия капитализмді қорғау үшін пайдалануда.— *278.*

Берг — қараңыз: Мартов, Л.

Бердяев, Н. А. (1874—1948) — реакцияшыл философ-идеалист және мистик. 90-жылдардың аяғында Киевтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» жәрдем көрсетті, бұл одақтың ісі бойынша 1900 жылы Вологда губерниясына жер аударылды. Алғашқы әдеби еңбектерінің өзінде-ақ «жария марксизмге» қосылып, Маркстің іліміне неокантшылдық тұрғыдан ревизия жасады, кейіннен марксизмнің ашықтан-ашық жауына айналды. 1905 жылы кадеттер партиясына кірді; реакция жылдарында діни-философиялық құдай ізденімпаздық ағымы өкілдерінің бірі болды, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь революциясынан кейін феодализм мен орта ғасырлық схоластиканың апологеті болып, оларды өсіп келе жатқан коммунизмнен бірден-бір құтқарушы деп білді. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда философиялық мистицизмді уағыздауын жүргізе берді, контрреволюция идеологтарының бірі болды.— *199, 278.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының әсіре оппортунистік қанаты мен II

Интернационалдың лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап қатысты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиясының жасырын органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген мақалалар сериясын жариялады, бұлар кейін «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген атпен кітап болып басылды; бұл кітабында революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресінің маркстік теориясын, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. Бернштейн жөнінде айта келіп, В. И. Ленин «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар жолындағы күрес деп жариялады, «сң бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік тұжырым ұсынды.

Бернштейн мен оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практикалық оппортунистік қызметі, жұмысшы табының мүдделеріне тікелей опасыздық жасауға әкеп соқтырды, бұл II Интернационалдың күйреуімен тынды. Кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін одан әрі жүргізе берді, империалистік буржуазияның саясатын қолдауға шақырды.— *8, 9, 14, 19, 22, 53, 69, 315, 334.*

Боголепов, Н. П. (1846—1901) — 1898 жылдан бастап халық ағарту министрі. Оның инициативасы бойынша 1899 жылғы 29 июльде жоғары оқу орындарында «Уақытша ережелер» енгізілді; бұл ережелер негізінде ағарту министрі студенттердің толқуларына қатысушыларды солдатқа жібере алатын болды. Боголепов оқушыларды саяси аңду мен бақылау жүйесін ұйымдастырды. Оның бұйрығы бойынша 1901 жылы әуелі Киев университетінің 183 студенті, ал кейін Петербургтің 28 студенті солдатқа жіберілді. Бұл шаралар студенттердің кең наразылығын және әлгі шараларды ұйымдастырушыға өшпенділігін туғызды. 1901 жылғы 14(27) февральда студент Карпович Боголеповқа қастандық жасады. Боголепов ауыр жараланды да, көп кешікпей қайтыс болды.— *298, 304.*

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, философ-идеалист. 90-жылдары «жария марксист» болды. 900-жылдардың бас кезінде Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады, халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» дейтінмен түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволю-

Ванновский, П. С. (1822—1904) — патша армиясының генералы, 1881—1898 жылдары соғыс министрі. 1899 жылы жоғары оқу орындарындағы студенттер толқуларының себептерін анықтау жөніндегі комиссияның председателі болды. 1901 жылы Боголепов өлтірілгеннен кейін халық ағарту министрі болып тағайындалды, «мектеп жөнінде сүйіспеншілік және шын пейілмен қамқорлық жасау» жайында екіжүзді сөздер сөйледі. Ағарту ісі саласында болмашы реформалар жасаумен шектеліп, Ванновский революциялық студенттік қозғалысқа қарсы жазалау саясатын жүргізе берді. Өзінің «тыныштандырушылық» қызметі бүтіндей сәтсіздікке ұшырауына байланысты 1902 жылы отставкаға шықты.— *299—300.*

Васильев, Н. В. (1855 ж. туған) — жандарм полковнигі; 1900 жылдан — Минск губерниялық жандарм басқармасының бастығы, зубатовшылдық «полициялық социализмнің» жақтаушысы.— *126.*

Вебб (Webb), *Беатриса* (1858—1943) мен *Сидней* (1859—1947) — белгілі ағылшын қоғам қайраткерлері, реформистер. Екеуі бірігіп, ағылшын жұмысшы қозғалысының тарихы мен теориясы жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Олардың: «Industrial Democracy» (1897) деген кітабы 1900—1901 жылдары «Ағылшын тред-юнионизмінің теориясы мен практикасы» деген атпен орыс тіліне аударылып шықты; В. И. Ленин бірінші томның аудармасын жасады, екінші томның аудармасын редакциялады. Ұсақ буржуазия мен жұмысшы аристократиясының идеологтары болған Вебтер өздерінің еңбектерінде жұмысшы мәселесін капиталистік қоғам шеңберінде бейбіт жолмен шешу идеясын ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында социал-шовинизм позициясында болды. Сидней Вебб реформистік фабиаңшылдар қоғамының негізін салушылардың бірі болды; бірінші (1924) және екінші (1929—1931) лейбористік үкіметтерге кірді. Вебтер Совет Одағына ықыласты ниетте болды, 1932 жылы СССР-ге сапар жасап қайтты.— *66, 156.*

Вейтлинг (Weitling), *Вильгельм* (1808—1871) — неміс жұмысшы қозғалысының жаңа туып келе жатқан кезіндегі көрнекті қайраткері, утопиялық теңгерме коммунизм теоретиктерінің бірі; кәсібі жөнінен тігінші. «Әділеттілер одағының» белсенді қайраткері болды; Энгельстің сөзімен айтқанда, Вейтлингтің көзқарастары «неміс пролетариатының тұңғыш дербес теориялық қозғалысы ретінде» пайдалы роль атқарды; алайда ғылыми коммунизм жарыққа шыққаннан кейін бұл көзқарастар жұмысшылардың таптық сана-сезімінің дамуына бөгет бола бастады. К. Маркс пен Ф. Энгельс Вейтлингтің көзқарастарын қатаң сынға алды. 1848—1849 жылдардағы революциядан кейін Вейтлинг АҚШ-қа эмиграцияға кетіп, мұнда 1850—1855 жылдары «Republik der Arbeiter» («Жұмысшылар Республикасы») деген журнал шығарып тұрды, кейін жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *43.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *108.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыстың мемлекет қайраткері; Витте патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші болды, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға болмашы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен жазалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль—август 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь 1905 — апрель 1906) бола отырып, Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы саласындағы шаралары арқылы, шетелдік капиталдың енуін барынша қолдау арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелді болуының күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржаның агенті» — міне В. И. Ленин оған осындай сипаттама берді.— *104, 282—288, 295, 312 , 373, 335, 482.*

Вольтман (Woltmann), *Людвиг* (1871—1907) — немістің реакцияшыл социологы және антропологы. Бірқатар еңбектерінде маркстік философия мен кантшылдық ұқсас дегенді дәлелдеуге тырысты; жұмысшы қозғалысының басты міндеті экономикалық күрес деп есептеді. Дарвиннің ілімін қоғамдық дамуға қолдана отырып, қоғамның таптық құрылымы бейне бір тарихи себептерге ғана байланысты болмайды, сонымен бірге адам индивидуумдарының табиғи теңсіздігіне де байланысты болады-мыс деп пайымдады. Нәсілшілдік теориясын қорғады, нәсілдік белгілерден саяси және экономикалық дамудың аса маңызды факторын көрді. Өзінің еңбектерінде және 1902 жылы негізі қаланған «Politisch-Antropologische Revue» («Саяси-Антропологиялық Шолу») деген журналда герман ұлтының артықшылығы идеясын уағыздады; Вольтманның көзқарастары герман фашизмі идеологиясының құрамдас бөлігі болды.— *50.*

Вормс, А. Э. (1868—1937) — юрист, Москва университетінің приват-доценті, кейіннен профессоры; либерал. 1901—1902 жылдарда зубатовшылдық «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамының» жиналыстарында лекциялар оқыды. 1911 жылы басқа да бір топ либерал профессорлармен бірге халық ағарту министрінің қудалап жазалау шараларына қарсы наразылық білдіру белгісі ретінде Москва университетінен кетіп қалды. 1917 жылы Москва университетіне қайта оралып, 1928 жылға дейін оның профессоры болды. Шаруа және азаматтық право жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *126.*

Воронцов, В. П. (В. В.) (1847—1918) — экономист әрі публицист, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологта-

рының бірі, «Россиядағы капитализмнің тағдыры» (1882), «Біздің бағыттарымыз» (1893), «Теориялық экономия очерктері» (1895) және басқа кітаптардың авторы; бұл кітаптарында ол Россияда капитализмнің дамуын теріске шығарды, ұсақ товар өндірісін мадақтады, шаруалар қауымын дәріптеді. Патша үкіметімен ымыраға келуді уағыздады және марксизмге үзілді-кесілді қарсы шықты. В. И. Лениннің көптеген еңбектерінде Воронцовтың көзқарастары қатаң сынға алынды.— *39, 48, 54, 427.*

Г

Г. В.— қараңыз: Плеханов, Г. В.

Г. В — ч — қараңыз: Плеханов, Г. В.

Гассельман (Hasselmann), *Вильгельм* (1844 ж. туған) — неміс социал-демократы, кейіннен анархист. Лассальшылдық Жалпы герман жұмысшы одағының көрнекті қайраткері, оның «Der Neue Sozialdemokrat» («Жаңа Социал-Демократ») деген органының редакторы болды, оның беттерінде К. Маркс пен Ф. Энгельске және олардың Германиядағы жақтастарына қарсы күрес жүргізді; 1875 жылы лассальшылдар мен эйзенахшылдарды біріктіру инициаторларының бірі болды. Бірігуден кейін партияның жаңа органы — «Vorwärts» («Алға») газетінің редакциясында жұмыс істеуден бас тартып, «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін шығара бастады, бұл газетте партияның саясатына өршелене шабуыл жасады. Социалистерге қарсы ерекше заң қолданылып тұрған кезеңде ашықтан-ашық анархистік позицияға көшіп, іс жүзінде партиядан қол үзді де, Виден конгресінде (1880) Мостпен бірге партиядан шығарылды, содан кейін АҚШ-қа эмиграцияға кетіп, жұмысшы қозғалысынан шеттеді.— *53, 134.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы болды. Гегельдің тарихи еңбегі идеалистік диалектиканы терең әрі жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болды. Гегельдің пайымдауынша, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта өзгерісте және дамуда болады; алайда ол объективтік дүниені, өмір шындығын «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» жемісі деп қарады. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық ойдан шығарған өтірігі деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель реакционер болды.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин Гегельдің диалектикалық методын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адамның ой-пікірі дамуының негұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің басты еңбектері: «Рух феноменологиясы» (1806), «Логика ғылымы» (1812—1816), «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» (1817), «Право философиясы» (1821). Қайтыс болғаннан кейін жарық көрген еңбектері: «Философия тарихы жөніндегі лекциялар» (1833—1836) және «Эстетика жөніндегі лекциялар немесе өнер философиясы» (1836—1838) — *28.*

Гед (Guesde), *Жюль (Базиль, Матьё Жюль)* (1845—1922) — француз социалистік қозғалысының және II Интернационалдың ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі. Саяси қызметін 60-жылдардың екінші жартысында бастады; 1871 жылғы Париж коммунасын қолдады, эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1876 жылы Францияға қайтып оралып, К. Маркс пен Ф. Энгельс еңбектерінің ықпалымен марксизм позициясына көшті, 1877 жылы «L'Égalité» («Теңдік») газетінің негізін салушылардың бірі болды; бұл газет 1879 жылы француз пролетариатының тұңғыш дербес саяси партиясы — Франция Жұмысшы партиясын құруда шешуші роль атқарды. Маркс пен Энгельстің қолдауымен Гед Лафаргпен бірге партияның программасын жазып, ол Гавр конгресінде (1880) қабылданды. Гед Францияда марксизм идеяларын тарату және социалистік қозғалысты дамыту үшін көп жұмыс істеді; оны бірнеше рет парламент депутаты етіп сайлады. 1904 жылы Ленин Гедке халықаралық социал-демократияның неғұрлым дәйекті және батыл өкілі деп сипаттама берді.

Бірақ оңшыл социалистердің саясатына қарсы шыға отырып, Гед теориялық мәселелерде де, тактикалық мәселелерде де сектанттық сипатта қателіктер жіберді; ол жұмысшы табының күресінде партияның ролін жете бағаламады, пролетариаттың соғысқа көзқарасы туралы мәселе жөнінде теріс позиция ұстады. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған кезде Гед «патриотизмге» бола жұмысшылардың мүддесіне опасыздық жасады, буржуазияның жағына шығып, буржуазиялық үкіметке кірді. Ленин былай деп жазды: «Гедтің 1914 жылғы социализмге ашықтан-ашық опасыздық жасауынан *басқа,* бүкіл өмірінен үлгі алыңыздар, дейміз біз жұмысшыларға» (Шығармалар, 21-том, 114—115-беттер). Гед Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын түсінбеді, Коминтернге қосылуды ұйғарған Француз социалистік партиясының Тур конгресі (1920) көпшілігіне қосылмады.— *73.*

Герц (Hertz), *Фридрих Отто* (1878 ж. туған) — австриялық экономист, социал-демократ-ревизионист. 1899 жылы басылып шыққан «Die Agrarischen Fragen im Verhältnis zum Sozialismus» («Социализм тұрғысынан алынған аграрлық мәселелер») деген кітапта аграрлық мәселе жөніндегі марксизм іліміне қарсы шықты, ұсақ шаруа шаруашылығының «тұрақтылығын», оның

ірі шаруашылықтың бәсекесіне қарсы тұруға қабілеттілігін дәлелдеуге тырысты. Россияда аударылып басылған Герцтің кітабын буржуазияның апологеттері Булгаков, Чернов және басқалар марксизмге қарсы күресінде кеңінен пайдаланды.— *24, 308, 316, 334, 420.*

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революционер-демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы; «орыс» социализмінің негізін салушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристердің дәстүрлерін жалғастырған дворян революционері ретінде енді. 1829—1833-жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен утопист социалистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып-үйренген алдыңғы қатарлы, революциялық пиғылдағы жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, 1835 жылы Пермьге, кейін Вяткаға, Владимирге және Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып оралғаннан кейін Москвада тұрды. Оның бұл кезде жазған «Ғылымдағы дилетантизм» (1842—1843) және «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» (1844—1846) деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. В. И. Ленин Герценге диалектикалық материализмге тікелей таяп келіп, тарихи материализмнің алдына жеткенде тоқтап қалған аса көрнекті ойшыл деген сипаттама берді. 1847 жылғы январьда патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен эмиграцияға кетті. Бастапқы кезде Парижде, Ниццада тұрды, ал 1852 жылы Лондонға көшіп келді, мұнда орыс баспаханасын ашып, шетелдегі орыстың еркін баспасөзін құруға бастама жасады. Революциялық бірнеше прокламация, кітапшалар мен мақалалар бастырып шығарғаннан кейін 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылдан бастап Н. П. Огаревпен бірге «Колоколды» шығара бастады. 1848 жылғы қозғалыстың және Маркске дейінгі социализмнің буржуазиялық-демократиялық мәнін түсінбеген Герцен орыс революциясының буржуазиялық табиғатын ұғына алмады, демократизм мен либерализм арасында ауытқумен болды; 60-жылдарда Герцен либерализммен батыл қол үзді де, революциялық демократия жағына шығып, «өзінің назарын... *Интернационалға,* Интернационал болғанда, кәдімгі Маркс басшылық еткен Интернационалға... аударды». Огаревқа жазған хатында Герцен Маркс еңбектерінің орыс тіліне аударылуын құттықтады.

В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихында атқарған роліне баға берді (қараңыз: Шығармалар, 18-том, 10—17-беттер).— *28.*

Гирш (Hirsch), *Макс* (1832—1905) — немістің буржуазияшыл экономисі әрі публицисі, прогрессистік партияның мүшесі, рейхстагтың депутаты. 1859 жылы өзінің меншікті баспасын ашты, 60-жылдардың бірінші жартысында жұмысшыларға білім беру одақтарында жұмыс істей бастады. 1868 жылы, Англияға

барып қайтқаннан кейін, Франц Дункермен бірге бірнеше реформистік кәсіподақ бірлестіктерін («гирш-дункерлік кәсіподақтар» дейтіндерді) құрды. Өзінің еңбектерінде еңбек пен капиталдың «жарасымы» идеясын уағыздады, пролетариаттың революциялық тактикасына қарсы шықты, реформизмді қорғады.— *40.*

Гофштеттер, И. А. (1863 ж. туған) — либерал халықшылдықтың өкілі, өзін В. П. Воронцовтың ізбасарымын деп есептеді. Марксистерді капитализмді «өрбітуге» және «шаруаларды жерсіз қалдырып, ұсақ қожайындарды күйзелтуді жеделдетуге» ұмтыласыңдар деп айыптай отырып, Гофштеттер патша үкіметінің ақылға қонымды саясатына үміт артты; оның пікірінше, патша үкіметі салықтар мен кредиттің дұрыс жүйесі арқылы ірі өндірістің есебінен ұсақ өндірісті дамытуға көмектесуге тиіс болды, Гофштеттердің көзқарастары оның «Капитализмнің доктринерлері» (1895) деген кітапшасында баяндалды; бұл кітапша П. Б. Струвенің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» деген кітабына қарсы бағытталған еді.— *427.*

Д

Давид (David), *Эдуард* (1863—1930)— герман социал-демократиясының оңшыл қанаты лидерлерінің бірі, мамандығы жөнінен экономист. 1894 жылы партияның аграрлық программасын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына кірді, аграрлық мәселе жөніндегі маркстік ілімге ревизия жасау позициясында болды, капитализм тұсында ұсақ шаруа шаруашылығының «тұрақтылығын» дәлелдеді. Ревизионистік «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналын құрушылардың бірі болды. 1903 жылы «Социализм және ауыл шаруашылығы» деген кітап шығарды, бұл кітапты В. И. Ленин «ревизионизмнің аграрлық мәселедегі басты еңбегі» деп атады. 1903 жылдан бастап рейхстагтың депутаты болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; 1919 жылы Герман республикасының бірінші коалициялық үкіметіне кірді. 1919—1920 жылдары — ішкі істер министрі, 1922—1927 жылдары — үкіметтің Гессендегі өкілі; герман империализмінің реваншистік талаптарын қолдады, СССР-ге қас болды. Ленин Давидті «бүкіл өмірі жұмысшы қозғалысын буржуазиялық жолмен аздыруға арналған» (Шығармалар, 21-том, 272—273-беттер) оппортунист деп сипаттады.— *15, 308, 334.*

Даниельсон, Н. Ф. (Н.— он) (1844—1918) — орыстың экономист-жазушысы, 80—90-жылдардағы либерал халықшылдықтың идеологтарының бірі. 60—70-жылдары шыққан әр текті революцияшыл жастар үйірмелерімен байланысты болды. К. Маркс «Капиталының» Г. А. Лопатин бастаған орыс тіліндегі тұңғыш аудармасын аяқтады, осыған байланысты К. Маркспен және

Ф. Энгельспен хат жазысып, онда Россияның экономикалық даму проблемаларын сөз етті. Алайда Даниельсон марксизмнің мәнін ұқпады, сөйтіп кейін оған қарсы шықты. 1893 жылы «Біздің реформадан кейінгі қоғамдық шаруашылығымыздың очерктері» деген кітабын бастырып шығарды; бұл кітап В. П. Воронцовтың еңбектерімен бірге либерал халықшылдықты теориялық жағынан негіздеуге қызмет етті. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Даниельсонның көзқарастарын қатаң сынға алды.— *427*.

Дюринг (Dühring), *Евгений* (1833—1921) — неміс философы және экономисі. Дюрингтің философиялық көзқарастары позитивизмнің, метафизикалық материализмнің және идеализмнің эклектикалық қойыртпағы болды. Оның «социалитарлық» шаруашылықтың реакциялық-утопиялық системасы Пруссияның жартылай крепостниктік шаруашылық формаларын дәріптеді. Дюрингтің философия, саяси экономия және социализм мәселелері жөніндегі зиянды әрі жаңсақ көзқарастары герман социал-демократиясының бір бөлігі арасында қолдау тапты, мұның өзі әлі нығая қоймаған партия үшін зор қауіп еді. Осыны ескере отырып, Энгельс Дюрингке қарсы шықты, «Анти-Дюринг. Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі» (1877—1878) деген кітабында оның көзқарастарын сынға алды. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында және басқа бірқатар шығармаларында Дюрингтің эклектикалық көзқарастарын талай рет сынады.

Дюрингтің негізгі еңбектері «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тұрғысынан жазылған тарихы» (1871), «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы» (1873), «Философия курсы» (1875).— *13*.

Ж

Желябов, А. И. (1850—1881) — орыстың аса көрнекті революционері, «Халық еркі» партиясының ұйымдастырушысы және көсемі. Желябов халықшылдардың ішінде алғашқылардың бірі болып патша өкіметіне қарсы саяси күрестің қажеттігін, бұл күресті революционерлердің ерекше ұйымы ғана ойдағыдай жүргізе алатынын түсінді. Талантты ұйымдастырушы болған Желябов патша өкіметінің саясатына наразы адамдардың бәрін «Халық еркі» партиясының төңірегіне біріктіріп, студенттер арасында, армия мен флотта астыртын топтар құруға тырысты. Желябов қала жұмысшыларының арасында жүргізілетін революциялық жұмысқа зор маңыз берді, оның инициативасы бойынша Россияда тұңғыш рет жұмысшыларға арналған газет шығарылды, ол ««Халық еркіне» мүше жұмысшылардың программасы» авторларының бірі болды. Алайда Желябов жұмысшы табының тарихи ролін әлі түсінбеді, ғылыми социализмнен алыс болды, патша самодержавиесіне қарсы күресте жеке террор тактикасына шешуші роль берді. Оның басшылығымен

II Александрға бірнеше рет қастандық жасалды. 1881 жылғы 1 мартта жасалған қастандықтан екі күн бұрын тұтқынға алынған Желябов жолдастары тұтқынға алынғаннан кейін өзінің патшаны өлтіруді ұйымдастыруға қатысқаны туралы мәлімдеме жасады. Сотта қорғаушыдан бас тартты, өзінің сөйлеген сөздерін революциялық үгіт үшін пайдаланды. Соттың үкімі бойынша Желябов пен оның жолдастары — халық еріктілері Перовская, Кибальчич, Михайлов және Рысаков 1881 жылғы 3(15) апрельде Петербургтегі Семенов алаңында дарға асылды.— *117, 189.*

З

Засулич, В. И. (В. Дм., В. З., В. И.) (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал кейіннен социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қатысушысы. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. «Жер және ерік» және «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарының мүшесі болды. 1880 жылы эмиграцияға кетіп, шетелде көп кешікпей халықшылдықтан қол үзді де, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы орыстың бірінші марксистік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдарда К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркін» және басқа еңбектер жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып, оларда бірқатар әдеби-сын мақалаларын жариялады. 1900 жылы Засулич «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

РСДРП II съезінен кейін Засулич меньшевизм лидерлерінің бірі болды, меньшевиктік «Искраның» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды, реакция кезеңінде жойымпаздарға қосылды, 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *150, 263, 279.*

Зомбарт (Sombart), *Вернер* (1863—1941) — немістің тұрпайы буржуазиялық экономисі, герман империализмінің көрнекті идеологы. Бреславль, ал кейін Берлин университеттерінің профессоры. Өз қызметінің бастапқы кезінде Зомбарт «аздап маркстік түрге боялған социал-либерализмнің» (В. И. Ленин, Шығармалар, 18-том, 67-бет) типтік идеологтарының бірі болды. Кейінірек марксизмнің ашық жауына айналды, капитализмді үйлесімді шаруашылық системасы ретінде бейнеледі. Өмірінің соңғы жылдарында ол фашизмнің позициясына көшіп, гитлерлік тәртіпті мадақтады. Зомбарттың негізгі еңбектері: «Социализм және XIX ғасырдағы әлеуметтік қозғалыс» (1896), «Қазіргі заманғы капитализм» (1902) және басқалар.— *344.*

Зубатов, С. В. (1864—1917) — жандарм полковнигі, «полицейлік социализмнің» («зубатовшылдықтың») дем берушісі және ұйымдастырушысы. 90-жылдары Москваның охранка бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды, саяси тыңшылық системасын кеңінен ұйымдастырды, революциялық ұйымдармен күрес жүргізу үшін «жедел тыңшылық отряд» дейтіндерді құрды; 1902 жылы полиция департаментінің ерекше бөлімінің бастығы болды. 1901—1903 жылдары жұмысшылардың назарын революциялық күрестен бұрып әкету мақсатымен полициялық жұмысшы одақтары — Москвада «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара жәрдемдесу қоғамын», «Санкт-Петербург қаласының орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысын» және басқаларды ұйымдастырды. Өзінің арандатушылық саясаты сәтсіздікке ұшырағаннан кейін қызметтен босатылды және саяси қызметтен шеттеді. 1917 жылғы Февраль революциясының алғашқы күндерінде өзін өзі өлтірді.— *19, 44, 127—128.*

И

Иваншин, В. П. (В. И.— ъ) (1869—1904) — социал-демократ, «экономизм» лидерлерінің бірі, мамандығы жөнінен статистик, 1896 жылы Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» істеді, тұтқынға алынды, 1898 жылы эмиграцияға кетті. «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» журналы редакторларының бірі бола отырып, Петербург «экономистерінің» «Рабочая Мысль» газетімен де тығыз байланыс жасап тұрды. Өзінің мақалаларында жұмысшылардың тікелей экономикалық мүдделерін социал-демократияның саяси міндеттеріне қарама-қарсы қойды. 1901 жылғы октябрьде «Орыс социал-демократтары одағының» өкілдері қатарында шетелдік социал-демократиялық ұйымдардың «бірігу» съезіне қатысты. 1903 жылдың бас кезінде рабочеделошылдардан қол үзіп, Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына кірді, РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды.— *38, 47, 48, 49, 199.*

Иловайский, Д. И. (1832—1920) — дворяндық-монархистік бағыттағы тарихшы әрі публицист, революцияға дейінгі Россиядағы бастауыш және орта мектептерге арналған ресми тарих оқулықтарының авторы. Бұл оқулықтарда тарих негізінен патшалар мен қолбасылардың қызметіне келіп саятын. 1854 жылы Москва университетін бітірді, біраз уақыт бойы онда сабақ берді. Кейін әдеби және публицистикалық қызметпен шұғылданды. Негізгі еңбектері: «Рязань князьдігінің тарихы» (1858), «Русьтің басталуы туралы зерттеулер» (1876), «Россия тарихы» (1876—1905).— *13.*

К

К. Н.— «Искра» редакциясының тілшісі.— *389.*

Каблуков, Н. А. (1849—1919) — экономист және статистик, либерал халықшылдықтың жақтаушысы; Москва университетінің профессоры. 1885—1907 жылдары Москва губерниялық земствосының статистика бөлімшесін басқарды. Оның басшылығымен «Москва губерниясы бойынша статистикалық мәліметтер жинақтары» (1877—1879) құрастырылды. Бірқатар газеттер мен журналдарға жазып тұрды. Өзінің еңбектерінде ұсақ шаруа шаруашылығының «тұрақтылығы» идеясын уағыздады, жер қауымын шаруалардың жіктелуіне бейне бір жол бермейтін форма ретінде қорғады. Тап күресінің ролі мен маңызы туралы мәселе жөнінде марксизмге қарсы шығып, таптық ынтымақты уағыздады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабында Каблуковтың көзқарастарын қатаң сынға алды. 1917 жылы Каблуков буржуазиялық Уақытша үкіметтің жанындағы жер жөніндегі Бас комитеттің жұмысына қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Орталық статистика басқармасында (ЦСУ) істеді, оқытушылық және әдеби жұмыстар атқарды. Негізгі еңбектері: «Ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар туралы мәселе» (1884), «Ауыл шаруашылығының экономиясы жөніндегі лекциялар» (1897), «Россияда шаруалар шаруашылығының даму жағдайлары туралы» (1899), «Саяси экономия» (1918) және басқалар.— *308.*

Кареев, Н. И. (1850—1931) — либерал-буржуазияшыл тарихшы әрі публицист; социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі, эклектик-идеалист. 1879 жылдан — Варшава, кейін — Петербург университеттерінің профессоры. 1905 жылдан — кадеттер партиясының мүшесі. 90-жылдардан бастап марксизмге қарсы қасарыса күрес жүргізді. Толып жатқан еңбектердің авторы; бұлардың ішінен құндылары — француз шаруаларының тарихы жөніндегі еңбектер: «XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Франциядағы шаруалар және шаруа мәселесі» (1879) — оны Маркс жақсы бағалаған,— «Француз шаруалары тарихының очеркі» (1881). Польшаның тарихы жөнінде де бірқатар еңбектер жазды. «Жаңа замандағы Батыс Европа тарихының» курсы (7 том) (1892—1917) жұртшылыққа кең мәлім болды. 1910 жылы Петербург ғылым академиясының корреспондент мүшесі, 1929 жылы СССР Ғылым академиясының құрметті мүшесі болып сайланды.— *55.*

Карпович, П. В. (1874—1917) — эсер. Москва университетінде, соңынан Юрьев (Тарту) университетінде оқыды, мұнда оқып жүргенінде студенттер қозғалысына қатысқаны үшін университеттен шығарылды; оқуын жалғастыру үшін 1899 жылғы де-

кабрьде шетелге кетті. 1901 жылғы февральда революциялық студенттер жөнінде қатал қудалау шараларын қолдануға қарсы наразылық белгісі ретінде халық ағарту министрі Боголеповты өлтіру ниетімен Петербургке келді. 1901 жылғы 14(27) февральда қастандық жасап, Боголеповты ауыр жаралады, 20 жыл каторгада болуға сотталды, 1907 жылы қоныстануға босатылды. Көп кешікпей шетелге қашып барып, онда эсерлердің «Жауынгерлік ұйымына» қосылды. 1908 жылы II Николайға қастандық жасауды ұйымдастыруға қатысты, бірақ бұл сәтсіз болды, бұдан кейін «Жауынгерлік ұйымнан» шеттеп кетті. 1917 жылы Россияға қайтып келе жатып, немістің сүңгуір қайығы пароходты бұзып-жарған кезде Солтүстік теңізде қаза тапты.— *299.*

Карышев, Н. А. (1855—1905) — экономист әрі статистик, земство қайраткері. 1891 жылдан Юрьев (Тарту) университетінің, одан соң Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» журналдарына және басқаларға жазып тұрды; Россияның шаруалар шаруашылығының экономикасы мәселелеріне арналған көптеген кітаптар мен журнал мақалаларының авторы, бұларда либерал халықшылдардың көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің реакцияшыл көзқарастарын қатаң сынға алды.— *308.*

Катков, М. Н. (1818—1887) — реакцияшыл публицист. Саяси қызметін баяу дворяндық либерализмнің жақтаушысы ретінде бастады, 1851—1855 жылдары «Московские Ведомости» газетін редакциялады, кейін «Русский Вестник» журналын шығарушылардың бірі болды. «Россиядағы тұңғыш демократиялық өрлеу кезінде (XIX ғасырдың 60-жылдарының бас кезі) ұлтшылдыққа, шовинизмге және жанталасқан қаражүздікке қарай бұрылған еді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 18-том, 276-бет). 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» шығарушы-редакторы болды; бұл газет монархиялық реакцияның тірегі болды. Катков өзін «самодержавиенің сенімді қарғылы төбетімін» деп атады. Катковтың есімі ең өршеленген монархиялық реакцияның бейнесіне айналды.— *98.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») редакторы.

Каутский социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы ол К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысады да, олардың ықпалымен марксизмге көшеді, алайда сол кездің өзінде-ақ Каутский оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсет-

кен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатаң сынаған болатын. 80—90-жылдары Каутский маркстік теорияның жекелеген мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі» (1887), «Аграрлық мәселе» (1899) және басқаларын жазды; бұл еңбектері оларда жіберілген қателіктерге қарамастан марксизмді насихаттауда маңызды роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңіпен өрістеген кезеңде, Каутский оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Каутский центрист болды, соғыс кезінде революциялық марксизмнің ашық жауларының лагеріне көшіп, өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы жел сөздермен бүркемелейді. Каутский әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды.» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *42—43, 74, 156—157, 208, 247—248, 346, 348, 349, 367, 375.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатынасты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатынасты. Кешікпей «Еңбекті азат ету» тобынан шеттеп кетті. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағы» басшыларының бірі, 1899 жылы «Одақтың» «Рабочее Дело» журналының редакторы болды, оның беттерінде реформизм мен бернштейншілдік идеяларын уағыздады. РСДРП II съезінен кейін социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті.— *12—13, 14, 50, 70, 90, 116, 124, 149, 163, 169, 181, 189, 199, 200, 202, 206, 207—208, 209.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — орыстың буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, марксизммен танысып, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документ

«экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобының қатты наразылығын туғызды. 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің «Товарищ» деген газетіне белсене қатысты. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты, 1921 жылы «Ашыққандарға жәрдемдесудің қоғамдық комитетіне» кірді, бұл ұйымның басқа да басшыларымен бірге оны Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдалануға тырысты. 1922 жылы шетелге жер аударылды, мұнда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *20.*

Л

Лавров, П. Л. (1823—1900) — халықшылдықтың көрнекті идеологы, социологиядағы субъективтік мектептің өкілі; орыстың халықшыл интеллигенциясына зор ықпал жасаған «Тарихи хаттар» (1868—1869) деген кітаптың және қоғамдық ой-пікірдің, революциялық қозғалыстың тарихы мен мәдениет тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің («1873—78 жылдардағы халықшыл-насихатшылар», «Интернационалдың тарихы жөніндегі очерктер» және басқалар) авторы. Лавров «ерлер» мен «тобыр» жөніндегі реакцияшыл халықшылдық теорияның негізін қалаушы болды; бұл теория қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын теріске шығарып, адамзаттың прогресін «сын тұрғысынан ойлайтын жеке адамдар» қызметінің нәтижесі деп қарады.

Лавров «Жер және ерік» қоғамының, кейін «Халық еркі» партиясының мүшесі болды. 1870 жылдан бастап эмиграцияда болған ол, «Вперед!» журналын (Цюрих — Лондон, 1873—1876) шығарып тұрды, «Вестник Народной Волидің» (1883—1886) редакторы болды, халық еріктілерінің «Орыстың әлеуметтік-революциялық қозғалысының тарихына арналған материалдар» (1893—1896) деген жинақтарын редакциялауға қатысты; I Интернационалдың мүшесі болды, К. Markспен және Ф. Энгельспен таныс болып, олармен хат жазысып тұрды.— *149.*

Лалаянц, И. Х. (1870—1933) — Россиядағы социал-демократиялық қозғалыстың белсенді қатысушысы. 1888—1889 жылдары Н. Е. Федосеевтің Қазандағы маркстік үйірмесінің мүшесі болды, 1892 жылы Нижний Новгородтағы Сормово заводының жұмысшылары арасында революциялық насихат жүргізді. 1893 жылы Самарада В. И. Лениннің төңірегіне ұйымдасқан маркстік үйірмеге кірді. 1895 жылы Екатеринославқа жер аударылды, жергілікті «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес ода-

ғын» құруға және РСДРП I съезін әзірлеуге қатысты. 1900 жылдың көктемінде Лалаянцтың қатысуымен жасырын социал-демократиялық «Южный Рабочий» газетінің бірінші номері шығарылды және партияның II съезін шақыруға әрекет жасалды. 1900 жылғы апрельде тұтқынға алынды да, 1902 жылғы мартта Шығыс Сибирьге жер аударылды, екі айдан кейін одан шетелге қашып кетті. Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына кірді, Женевада «Искраның» баспаханасын меңгерді. РСДРП II съезінен кейін — большевик, партияның Орталық Комитетінің Россиядағы агенті. 1905 жылы большевиктер атынан біріккен Орталық Комитетке кірді, 1906 жылы РСДРП-ның әскери-жауынгерлік ұйымдарының Таммерфорста болған конференциясына қатысты. Көп кешікпей тұтқынға алынды да, екі жыл бойы алдын ала қамауда отырғаннан кейін 6 жыл каторгаға кесілді. 1913 жылдың аяғында, каторга мерзімі біткеннен кейін, Шығыс Сибирьге мәңгі қоныстануға жер аударылды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. 1922 жылдан РСФСР Халық ағарту комиссариатының Саяси-ағарту бас басқармасында жұмыс істеді; «Большевизмнің бастапқы кезеңі» деген естеліктер жазды.— *175.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы.

Лассаль — Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін қалаушылардың бірі болды. Одақтың құрылуы жұмысшы қозғалысы үшін маңызды болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Өздерінің мақсатын бейбіт парламенттік қызмет үшін күреспен шектей отырып, лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакцияшыл Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәнісіндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын», В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *1, 14, 44.*

Лафарг (Lafargue), *Поль* (1842—1911) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Гедпен бірге Франция Жұмысшы партиясын құрды, талантты публицист, Франциядағы ғылыми коммунизмнің алғашқы ізбасарларының бірі, К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын досы әрі серігі,

1866 жылдан, I Интернационалдың мүшесі болған кезден бастап, жұмысшы қозғалысына белсене қатысты. К. Маркспен жақын танысып, оның ықпалымен марксизм позициясына көшті. Париж Коммунасы кезінде Лафарг Францияның оңтүстігіндегі департаменттерінен революцияшыл Парижге көмек ұйымдастырды, жасырын жағдайда Парижде болып, Маркстi елдегі оқиғалар жайында хабардар етіп отырды. Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін Испанияға, одан соң Португалияға эмиграцияға кетті, мұнда бакунизмге қарсы белсенді күрес жүргізді. 1880 жылы Лафарг Гедпен бірге, Маркс пен Энгельстің жәрдеміне сүйеніп, Жұмысшы партиясының программасын жазды; коммунарларға кешірім жарияланғаннан кейін Францияға қайтып келіп, Жұмысшы партиясының органы — «L' Egalité» («Теңдік») газетінің редакторы болды. Лафарг II Интернационалдағы оппортунизмге белсене қарсы шықты, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құттықтады, кейін большевиктерге іш тартып қарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Лафарг саяси экономия, философия, тарих, тіл білімі саласында марксизм идеяларын насихаттады және қорғады; реформизм мен ревизионизмге қарсы күресіп, бернштейншілдердің марксизм мен кантшылдықты «синтездеуге» тырысқан әрекеттерін сынға алды. Ленин Лафаргтың философиялық еңбектерінің идеализм мен агностицизмді сынға алу үшін маңызы бар екенін атап көрсетті; алайда Лафаргтың еңбектері, атап айтқанда, шаруа және ұлт мәселелері жөнінде, социалистік революцияның міндеттері туралы мәселе жөнінде қате теориялық қағидалардан таза емес еді.

Қартайған шағында адамның революциялық күреске септігі тимейді деп есептеп, Лафарг пен оның әйелі Лаура (К. Маркстің екінші қызы) өздерін өздері өлтірді. Оларды жерлеген кезде РСДРП атынан В. И. Ленин сөз сөйлеп, Лафаргты «марксизм идеяларын ең талантты және терең таратушылардың бірі» (Шығармалар, 17-том, 295-бет) деп атады.— *73.*

Левитский, Н. В. (1859 ж. туған) — либерал халықшыл, экономист, «Русские Ведомости» газетіне қатысты, земство басқармасының секретары болды, адвокаттықпен айналысты. 90-жылдарда Херсон губерниясында бірқатар егіншілік артельдерін ұйымдастырды, халықшылдар бұл артельдер капитализмді болдырмау құралдарының бірі деп санап, олардың төңірегінде үлкен шу көтерді. Шындығына келгенде бұл артельдер тек шаруалардың жіктелуіне ғана көмектесті де, көп ұзамай ыдырап кетті.— *429, 430.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Н. Ленин, К. Тулин, Фрей, N. N., Jacob Richter) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *3—6, 18, 20, 21, 24, 35, 37, 38—39, 48—49, 51, 70, 79, 97—98, 103, 104, 118, 119, 122—123, 140, 142, 147, 148—149, 167, 170—172, 173—176, 200, 202—203, 205, 206—209, 210, 224, 228—229, 230—231, 262,*

* Жақшаның ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

сонымен бірге либерал буржуазияға да қандай да болсын жеңілдік жасауына қарсы шықты.— *98.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал, 90-жылдарда социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакцияшыл буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж коммунасының жендеті генерал Галифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» партиясын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін орнынан түсуге мәжбүр болды. 1925 және 1927 жылдары сенатор болып сайланды.— *8, 9.*

Митчелл (Mitchell), *Исаак* (1867 ж. туған) — Англия кәсіподақ қозғалысының белсенді қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясының мүшесі; 1899 жылы тред-юниондардың жалпы федерациясы құрылған кезде оның бас секретары болып сайланды.— *488.*

Михайлов, Н. Н. (1870—1905) — тіс дәрігері; арандатушы, 1895 жылғы декабрьде соның көрсетуімен В. И. Ленин және Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басқа да басшылары тұтқынға алынды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 129—130-беттер); 1902 жылдан бастап полиция департаментінің чиновнигі болды; 1905 жылы Қырымда эсерлер өлтірді.— *39.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либерал халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкілдерінің бірі. Михайловскийдің әдеби қызметі 1860 жылы басталды; 1868 жылы ол «Отечественные Записки» журналының қызметкері, ал кейін редакторларының бірі болады. 70-жылдардың аяғында «Халық еркі» партиясының басылымдарын құрастыруға және редакциялауға қатысты. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарып, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (1894) деген еңбегінде және басқа шығармаларында сынға алынды.— *55, 198, 278.*

Мост (Most), *Иоганн Иосиф* (1846—1906) — неміс социал-демократы, кейін анархист, кәсібі жөнінен кітап түптеуші-жұмысшы. 60-жылдарда жұмысшы қозғалысына қосылды, социал-демократиямен жақындасып, журналист болды; 1874—1878 жылдары рейхстаг депутаты болып сайланды. Теорияда Мост Дюрингтің жақтаушысы болды, саясатта «қимыл жасап насихат жүргізудің» анархистік идеясын уағыздады, дереу пролетарлық революция жасау мүмкін деп есептеді. 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заң шығарылғаннан кейін Мост Лондонға эмиграцияға кетіп, мұнда анархистік «Freiheit» («Бостандық») газетін шығарды; Маркс бұл газет туралы былай деп жазды: «Біз Мостты оның «Freiheit»-інің *тым революцияшылдығы* үшін кінәламаймыз. Біз оны әлгі газетте ешқандай *революциялық мазмұнның* болмай, қайта бір ғана *революцияшыл желсөздердің* болғаны үшін айыптаймыз» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 63-бет). Газет беттерінде Мост жұмысшыларды жеке террор жасауға шақырды, ол террорды революциялық күрестің ең тиімді құралы деп білді. 1882 жылы Мост АҚШ-қа эмиграцияға кетіп, мұнда «Freiheit» газетін шығаруды жалғастырды. Кейінгі жылдары жұмысшы қозғалысынан шеттеп кетті.— *13, 53, 129.*

Мышкин, И. Н. (1848—1885) — халықшылдық қозғалыстың көрнекті қайраткері, кәсібі жөнінен топограф. 1873 жылы Москвада жария баспахана ашты, мұнда тыйым салынған әдебиет жасырын басылды. 1875 жылы Н. Г. Чернышевскийді айдаудан босатып алуға әрекет жасады, онысы сәтсіз болды, қашып шықты, бірақ тұтқынға алынып, «193-тің процесі» бойынша сотқа тартылды. Сотта ол жалынды революциялық сөз сөйледі, 10 жыл каторгага кесіліп, Сибирьге айдалды. Жолшыбай, 1881 жылдың күзінде, Мышкин халықшыл-революционер Л. А. Дмоховскийді жерлеген кезде сөз сөйледі, бұл үшін тағы да 15 жыл каторгага кесілді. 1882 жылы Карийск каторгалық түрмесінен қашып шықты, бірақ Владивостокта тұтқынға алынды. Кейін Мышкинді Петропавл қамалына көшірді, ал 1884 жылы — Шлиссельбург қамалына ауыстырылды, мұнда 1885 жылғы 26 январьда (7 февральда) ол түрме қызметшісіне тіл тигізгені үшін атылды.— *117.*

Мюльбергер (Mülberger), *Артур* (1847—1907) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, Прудонның ізбасары, кәсібі жөнінен дәрігер. 1872 жылы Германия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы «Der Volksstaat» («Халықтық Мемлекет») газетінде тұрғын үй мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жариялады; бұл мақалаларды Ф. Энгельс қатаң сынға алды. Хёхбергтің «Die Zukunft» («Болашақ») деген оппортунистік журналына қатысып тұрды, Франция мен Германиядағы қоғамдық ой-пікірдің тарихы жөнінде бірнеше еңбек жазды, марксизмге сын айтты.— *13.*

Н

О

дады, Москвадағы зубатовтық «Механикалық өндірістегі жұмысшылардың өзара көмектесу қоғамының» жиналыстарында лекциялар оқыды. Өзінің еңбектерінде ол үкімет жұмысшыларға қарапайым саяси бостандықтар беруге тиіс, оларды кәсіподақтарға біріктіруге, бұларға кәсіпкерлер де кіретін болуға тиіс, таптық ынтымақ саясатын іс жүзінде жүзеге асырып, жұмысшы ұйымдарының қызметін бақылауға мүмкіндік алуға тиіс деп дәлелдеді. Патша үкіметі Озеровтың еңбегін өзінше бағалады: 1909 жылы ол Ғылым академиясы мен университеттерден Мемлекеттік советке мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Уақытша үкімет оны Москва университетінде сабақ беруден шеттетті; 30-жылдардан бастап Ленинградтағы қарт ғалымдар Үйінде тұрды.— *127—128.*

Оуэн (Owen), *Роберт* (1771—1858) — ағылшынның ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылыстың негіздерін қатаң сынға алды, бірақ капитализм қайшылықтарының шын мәніндегі түп-тамырын ашып көрсете алмады; әлеуметтік теңсіздіктің негізгі себебі капиталистік өндіріс әдісінің өзінде емес, оқу-ағарту ісінің жеткіліксіз таратылуында жатыр, оны білім таратумен және әлеуметтік реформалармен жоюға болады деп санап, әлеуметтік реформалардың кең программасын ұсынды. Оуэн жұмыс күнін заң жүзінде шектеу жолында, еңбекті қорғау жолында, балаларға қоғамдық тәрбие беру жолында күресті.

Болашақ «рационалды» қоғамды Оуэн өзін өзі басқаратын шағын (мүшелерінің саны үш мыңнан аспайтын) коммуналардың еркін федерациялары түрінде болады деп білді. Алайда Оуэннің өз идеяларын жүзеге асырмақ болған әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. 30—40-жылдары кәсіподақ және кооператив қозғалыстарына белсене қатысты, жұмысшыларға білім беру үшін өте көп жұмыс істеді. Оуэннің XIX ғасырдағы ағылшын жұмысшы қозғалысындағы қызметінің маңызына баға бере келіп, Энгельс былай деп жазды: «Англияда жұмысшы қозғалысы мүдделері үшін жүргізілген бүкіл қоғамдық қозғалыстар және олардың шын мәніндегі жетістіктерінің бәрі Оуэннің есімімен байланысты» («Анти-Дюринг», 1957, 248-бет).

Оуэннің негізгі еңбектері: «Адамның мінез-құлқының қалыптасуы туралы» (1813), «Қоғамдық күйзелістерді жеңілдетудің жоспары туралы Ленарк графтығына баяндама» (1820), «Жаңа адамгершілік дүниесі туралы кітап» (1836—1844) және басқалар.— *29.*

П

П. Б.— қараңыз: Аксельрод, П. Б.

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик, 90-жылдардың аяғында және 900-жылдардың бас кезінде Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп,

оның солшыл қанатына қосылды: «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбек жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин думасына қатысуға шақырды, кадеттермен ұсақ-түйек келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимаркстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмінің агенті, ірі саудагерлікпен айналысып, әскерге жабдық жеткізуден байыды. 1915 жылдан бастап «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың» (В. И. Ленин. Шығармалар, 21-том, 432-бет) органы болған «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды.— *206.*

Писарев, Д. И. (1840—1868) — орыстың аса көрнекті революционер-демократы, публицист және әдеби сыншы, философ-материалист. 1861 жылы Петербург университетін бітіргеннен кейін сол кездегі алдыңғы қатарлы «Русское Слово» журналының іс жүзіндегі басшысы болды. Самодержавиені құлатуға шақырған мақаласы үшін (мақала құпия баспаханада басуға арналған еді) 1862 жылғы 2(14) июльде тұтқынға алынды. Төрт жарым жыл Петропавл қамалында тұтқында болды, мұнда отырып, әдебиет, жаратылыс тану және философия мәселелері жөнінде бірқатар мақалалар жазды. 1866 жылғы ноябрьде қамалдан шыққан соң «Дело» және «Отечественные Записки» журналдарына қатысып тұрды. Писарев өзінің еңбектерінде крепостниктік тәртіпті де, сондай-ақ батыс европалық капитализмді де әшкереледі, социалистік идеяларды уағыздады, қоғамды революциялық жолмен қайта құруды жақтады, алайда мұнымен бірге революциялық демократизмнен кері шегініп, халық бұқарасының ролін жете бағаламады. Әдеби еңбектерінде идеалистік философияны сынға алды, реакцияшыл эстетиканы әшкерелеп, әдебиет пен өнердің қоғамдық маңыздылығын атап көрсетті.

Писарев либерализмге қарсы дәйекті түрде күресті, оның жалынды мақалалары орыс қоғамының алдыңғы қатарлы элементтерінің революцияшыл көзқарастарының қалыптасуына зор ықпалын тигізді.— *189.*

Плеве, В. К. (1846—1904) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, 1881—1884 жылдары — полиция департаментінің директоры, 1902 жылғы апрельде Сипягин өлтірілгеннен кейін — ішкі істер министрі. Плевенің тұсында Полтава және Харьков губернияларындағы шаруалар қозғалыстары аяусыз басып-жанышталды, бірқатар земстволықтар талқандалды; Плеве Россияның шеткері аймақтарында реакцияшыл орыс-

тандыру саясатын көтермелеп отырды. Бұқараны самодержавиеге қарсы күрестен басқа жаққа бұру үшін орыс-жапон соғысының басталуына себепші болды; нақ осы мақсатты көздеп, еврейлер қырғынын ұйымдастырды, «зубатовшылдықты» көтермелеп отырды. Өзінің саясаты арқылы орыс қоғамының қалың топтарында өзіне өшпенділік сезімін туғызды. 1904 жылғы 15(28) июльде оны эсер Е. С. Сазонов өлтірді.— *416*.

Плеханов, Г. В. (Бельтов, Н., Г. В., Г. В — ч) (1856—1918) орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы, дүниеге материалистік көзқарас жолындағы табанды күрескер, 1875 жылы, студент кезінде-ақ, Плеханов халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты; 1877 жылы «Жер және ерік» халықшылдық ұйымына кірді, ал 1879 жылы бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, Плеханов халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың бас кезінде Плеханов В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясы мәселелері жөнінде ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болып табылатын көптеген еңбектер жазды.

Плехановтың аса маңызды теориялық еңбектері: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және басқалар. «20 жылдың ішінде, 1883—1903,— деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы толып жатқан тамаша шығармалар жазды» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі ең таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды; бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы еді. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп білді; сөз жүзінде пролетариаттың гегемониясы идеясын мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды.

Прудон (Proudhon), *Пьер Жозеф* (1809—1865) — француз публицисі, экономист және социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі; кәсібі жөнінен әріп теруші. 1840 жылы «Меншік дегеніміз не?» деген кітабын жариялады. Прудон ұсақ жеке меншікті мәңгілік етуді армандады және ірі капиталистік меншікті ұсақ буржуазиялық позициядан сынады, «тегін кредиттің» көмегімен жұмысшылардың өз өндіріс құрал-жабдықтары болып, қолөнершіге айналуына мүмкіндік жасайтын арнаулы «халық банкісін» ұйымдастыруды ұсынды. Прудонның ерекше «айырбас банктерін» құру жөніндегі утопиясының да нақ осындай реакциялық сипаты болды, ол осы банктер еңбекшілердің өз еңбектерінің өнімін «әділетті түрде» өткізуін қамтамасыз етеді-міс және сонымен қатар өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына капиталистік меншіктің болуына тиіспейді деп санады. Прудон тап қайшылықтарының басты қайнар көзі мемлекет деп есептеді, «мемлекетті» бейбіт жолмен «жоюдың» утопиялық жобаларын ұсынды, саяси күреске теріс көзқарасты уағыздады. 1846 жылы «Экономикалық қайшылықтар системасы немесе Қайыршылық философиясы» деген кітабын шығарды, онда өзінің ұсақ буржуазиялық философиялық-экономикалық көзқарастарын баяндады. Маркс «Философия қайыршылығы» деген еңбегінде Прудон кітабының ғылыми жағынан негізсіз екенін көрсетіп, оны өлтіре сынады. 1848 жылғы революция кезеңінде Құрылтай жиналысына сайланған Прудон жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін айыптады; ол Францияда Екінші империя тәртібінің орнауына әкеп соқтырған 1851 жылғы 2 декабрьдегі бонапарттық төңкерісті мақұлдады.— *43.*

Р

Р. М.— ««Рабочая Мысльдің» жеке қосымшасында» басылған «Біздің өмір шындығымыз» деген мақаланың (1899 жылғы сентябрь) авторы; бұл мақалада «экономистердің» оппортунистік көзқарастары ашықтан-ашық баяндалған болатын.— *52, 69, 75, 120, 199, 200.*

Р. Н. С.— *қараңыз:* Струве, П. Б.

Риттингхаузен (Rittinghausen), *Мориц* (1814—1890) — неміс демократы, 1848 жылы К. Маркс пен Ф. Энгельс шығарып тұрған «Neue Rheinische Zeitung» («Жаңа Рейн Газеті») газетіне қатысып тұрды, кейін эйзенахшылдарға қосылды, I Интернационалдың мүшесі болды; рейхстаг депутаты болып сайланды. «Organisation der Staatsindustrie» («Мемлекеттік өнеркәсіпті ұйымдастыру») (1848) және «Die direkte Gesetzgebung durch das Volk» («Тікелей халықтық заң шығару») (1850) деген еңбектерінде демократияны қарадүрсін түсінетінін көрсетті; бұл еңбектер Каутскийдің «Парламентаризм, заң шығару және социал-демократия» (1893) деген кітабында сынға алынды. 1883

жылғы 10 майда Бебельге жолдаған хатында Энгельс былай деп жазды: «Риттингхаузен 1848 жылдың өзінде-ақ түкке тұрмайтын еді,— ол өзінің «тікелей халықтық өкіметіне» біздің көмегімізбен жету үшін тек сырт көзге бола социалист болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 311-бет). 1884 жылы Копенгаген съезінің партиялық тәртіп туралы шешімдеріне бағынбағаны үшін Риттингхаузен Германия социал-демократиялық партиясынан шығарылды.— *157.*

С

Савинков, Б. В. (Б — в) (1879—1925) — эсерлер партиясының көрнекті қайраткері, оның «Жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі; Октябрь революциясынан кейін — Совет өкіметінің белсенді жауы. Саяси қызметін Петербург университетінің студенті болып жүрген кезінде бастады, «экономистерге» — «рабочемысльшылдарға» жақын болды, жұмысшы үйірмелерінде насихат жүргізді, «Рабочее Делоға» қатысып жүрді. 1901 жылы тұтқынға алынды, соңынан Вологда губерниясына жер аударылды, одан эмиграцияға кетті. Шетелде эсерлер партиясына кірді, эсерлердің «Жауынгерлік ұйымының» террорлық әрекеттеріне барынша ат салысты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — соғыс министрінің (Керенскийдің) орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы; оның инициативасы бойынша майданда өлім жазасы енгізілді. Октябрь революциясынан кейін — Совет республикасына қарсы бірқатар контрреволюциялық бүліктерді және соғыс интервенциясын ұйымдастырушы. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, бірақ тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды, СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша ең жогары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанда өзін өзі өлтірді.

Савинков мистицизмге толы бірнеше роман (А. Ропшин деген бүркеншік атпен) және «Террористің естеліктері» деген өмірбаяндық шығарма жазды.— *81, 113—114, 116, 132, 140—142, 143, 145, 151—152.*

Сазонов, Г. П. (1857 ж. туған) — реакцияшыл халықшылдықтың өкілі, Лениннің бейнелеп айтуы бойынша, «полицейлік халықшылдардың» бірі; «Мемлекеттік-экономикалық программаға байланысты шаруалар жерінің меншіктен алынбайтындығы» (1889), «Қауым бола ма әлде болмай ма?» (1894) және басқа еңбектердің авторы. 1899 жылдан 1902 жылға дейін Москва өнеркәсіпшілерінің қаржысымен шығып тұрған баяу-либералдық бағыттағы «Россия» газетін редакциялады. 1905 жылғы 17 октябрьден кейін қаражүздікші «Орыс халқының одағына» мүше болды.— *426, 427.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик-жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармала-

рында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, есерсоқ помещиктердің, патша бюрократиясы өкілдерінің, қоян жүрек либералдардың образдарының тұтас бір галереясын жасады және орыс көркем әдебиетінде тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін суреттеді. «Қайшылықтар» (1847) және «Шытырман іс» (1848) деген алғашқы повестері үшін 1848 жылғы апрельде Вяткаға жер аударылды, мұнда ол 7 жылдан астам уақыт болды. 1856 жылдың бас кезінде Петербургке қайта оралып, «Губерния очерктерін», ал кейін, 60—80-жылдары «Бір қаланың тарихы» (1869—1870), «Ізгі ниетті сөздер» (1872—1876), «Головлев мырзалар» (1875—1880) және басқа бірқатар ірі шығармалар жазды. «Головлев мырзалар» романының басты кейіпкері — Иудушка Головлевтің образын Ленин мәңгілік образ деп атады, Салтыков-Щедрин шығармаларындағы басқа да образдар сияқты, оны да өзінің еңбектерінде талай рет пайдаланып, халыққа қас әлеуметтік топтар мен саяси партияларды әшкереледі. К. Маркс Салтыков-Щедриннің шығармаларын жоғары бағалады. 1863—1864 жылдары Салтыков-Щедрин революциялық-демократиялық бағыттағы «Современник» журналының жетекші публицисі болды, ал 1868 жылдан «Отечественные Записки» журналы редакциясының құрамына кірді. Некрасов қайтыс болғаннан кейін 1878 жылы журналдың жауапты редакторы және 60-жылдардағы революциялық демократияның ұлы дәстүрлерін жалғастырған демократияшыл интеллигенцияның шын мәніндегі рухани көсемі болды.— *157.*

Сен-Симон (Saint-Simon), *Анри Клод* (1760—1825) — француздың ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылысты сынап, оны ассоциациялар негізінде құрылған қоғаммен ауыстыру программасын ұсынды. Сен-Симон жаңа қоғамда жұрттың бәрі еңбек етуге тиіс және адамдардың атқаратын ролі олардың еңбектегі табыстарымен сәйкес болуға тиіс деп есептеді; өнеркәсіп пен ғылымның ынтымағы туралы, бір орталыққа бағындырылған және жоспарлы өндіріс туралы идея ұсынды. Бірақ Сен-Симонда, Энгельстің жазғанындай, «пролетарлық бағытпен қатар буржуазиялық бағыт әлі де белгілі бір маңызын сақтады» («Анти-Дюринг», 1957, 18-бет). Ол болашақ қоғамда жеке меншік пен капиталға процент сол күйінде қалады деп білді, саяси күрес пен революцияға теріс көзқараста болды, пролетариаттың тарихи міндетін түсінбеді, үкіметтік реформалар мен қоғамды жаңа дін рухында адамгершілікке тәрбиелеу таптық қайшылықтардың жойылуына әкеліп соғады деп есептеді, байлардың халыққа сүйіспендікпен қарауын уағыздауға үміт артты.

Сен-Симонның негізгі шығармалары: «Женева тұрғынының замандастарына хаттары» (1802), «XIX ғасырдың ғылыми еңбектеріне кіріспе» (1807—1808), «Өнеркәсіпшілер катехизисі» (1823—1824), «Жаңа христиан діні» (1825) және т. б.— *29.*

Серебряков, Е. А. (1854—1921) — орыстың халықшыл революционері. 1871 жылы, теңіз училищесінің тәрбиеленушісі болып

жүргенінде флоттағы жасырын революциялық үйірмелермен жақындасты, 1879 жылы теңіз офицерлерінің бір тобымен бірге «Халық еркі» партиясына қосылды, партияның «әскери ұйымында» істеді, құпия әдебиетті таратты, белсенді насихатшы болды. 1883 жылы Серебряков әскери қызметті тастап, шетелге қашып барды. Эмиграцияда әдеби қызметпен шұғылданды, Лондонда «Накануне» (1899—1902) журналын шығарып тұрды. 1905 жылғы революциядан кейін Россияға қайтып келіп, бірқатар журналдарға қатысып жүрді. Кейін Серебряков эсерлер партиясымен жақындасты, 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін «бұрынғы социалист революционер-қорғанымпаздар» тобына қосылды, осы топтың «Народ» деген газетін редакциялады. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Серебряков «Халық еркінің» тарихын жазумен шұғылданды, «П. Л. Лавров туралы естеліктер» жазды. Ол Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөнінде бірқатар мақалалар мен кітапшалар, соның ішінде ««Жер және еріктің» тарихы жөніндегі очерк» (1902), «Флоттағы орыс революционерлері. Естеліктерден» (1907) және басқа еңбектер жазды.— *154—155.*

Сипягин, Д. С. (1853—1902) — 1899 жылдан — ішкі істер министрі және жандармдар шефі, демократизмнің болмашы көрінісінің өзін аяусыз қудалады, земствоны қыспаққа алды, Россиядағы азаттық қозғалысымен аяусыз күрес жүргізді, мұнысымен өзіне орыс қоғамының қалың топтары тарапынан өшпенділік сезімін туғызды. Эсерлердің «Жауынгерлік ұйымы» Сипягинге қастандық жасауды ұйымдастырды да, 1902 жылғы 2(15) апрельде оны С. В. Балмашев өлтірді.— *287, 305, 409, 411, 416.*

Скворцов, А. И. (1848—1914) — буржуазияшыл экономист, агроном, Новоалександрийск ауыл шаруашылық және орман шаруашылық институтының профессоры, саяси экономия және ауыл шаруашылығы экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. В. И. Ленин өзінің шығармаларында Скворцовтың көзқарастарын талай рет сынға алды. Скворцовтың негізгі еңбектері: «Бу транспортының ауыл шаруашылығына ықпалы» (1890), «Экономикалық этюдтер» (1894), «Саяси экономияны негіздеу» (1898) және басқалар.— *484.*

Старовер — қараңыз: Потресов, А. Н.

Стахович, М. А. (1861—1923) — баяу либерал, 1895—1907 жылдары Орел губерниясы дворяндарының жетекшісі, земстволық қозғалыста көрнекті роль атқарды; I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, Мемлекеттік советтің мүшесі, бастапқыда кадеттер партиясына қосылды, кейін октябристер партиясын («17-Октябрь одағы») ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Финляндияның генерал-губернаторы, одан кейін Уақытша үкіметтің шетелдегі өкілі.— *289—291, 292.*

Струве, П. Б. (Р. Н. С.) (1870—1944) — орыстың буржуазияшыл экономисі әрі публицисі, 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сынай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың асқан шебері» (Шығармалар, 13-том, 507-бет) деп атады. Струве буржуазиялық-либералдық «Азаттық одағының» (1904—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» (1902—1905) журналының редакторы болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылғаннан кейін оның Орталық Комитетінің мүшесі болды, 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Струве — либералдардың оңшыл қанатының лидері; 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан агрессияшыл Россия империализмі идеологтарының бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *18, 44, 45, 69, 199, 295, 344, 385—386, 408, 411—412, 421, 422, 440—441.*

Т

Ткачев, П. Н. (1844—1885) — революцияшыл халықшылдық идеологтарының бірі, публицист және әдеби сыншы. 1861 жылдан бастап студенттер қозғалысына белсене қатысты, бірқатар прогресшіл журналдарға жазып тұрды, патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1873 жылдан бастап эмиграцияда болды; біраз уақыт П. Л. Лавровтың «Вперед!» журналына қатысып тұрды, 1875—1881 жылдары поляк эмигранттарының бір тобымен бірлесіп, «Набат» журналын шығарды, 1880 жылы О. Бланкидің «Ni Dieu, ni Maître» («Құдай да жоқ, мырза да жоқ») газетіне қатысып тұрды.

Ткачев бланкизмге жақын, жаңа революцияшыл халықшылдық бағытты бастаушы болды; ол саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп есептеді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революцияшыл азшылық саяси өкімет билігін басып алып, жаңа мемлекет құруға және халық мүдделеріне сай революциялық өзгерістер жасауға тиіс, сонда халыққа осы дайын нәтижелерді пайдалану ғана қалады. Ол Россияда самодержавиелік мемлекеттің әлеуметтік негізі жоқ және ол қандай да бір таптың мүдделерін білдірмейді деп қателесті. Ткачевтің ұсақ буржуазиялық көзқарастарын Ф. Энгельс «Эмигранттық әдебиет» деген мақалаларында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шы-

ғармалар, XV том, 1935, 241—264-беттер) сынады. Ткачев өмірінің соңғы жылдарын Париждегі психиатриялық ауруханада өткізіп, сонда қайтыс болды.— *191.*

Толстой, Л. Н. (1828—1910) — орыстың данышпан жазушысы, дүние жүзіндегі ұлы жазушылардың бірі; ол орыс және дүние жүзі әдебиетінің дамуына орасан зор ықпалын тигізді. Толстой өзінің творчествосында революцияға дейінгі Россияның өмірін суреттеді, реформадан кейінгі дәуірдегі орыс қоғамының әр түрлі таптары мен әр түрлі топтарының психологиясын, олардың 1905—1907 жылдардағы революцияға көзқарасын белгілеген сол кездегі қайшылыққа толы күрделі жағдайларды бейнелейді.

Шыққан тегі мен тәрбиесі жағынан Толстой Россияның үстем табы — помещик ақсүйектердің жоғарғы тобына жатады. Алайда ол бұл ортаның көзқарастарынан қол үзіп, еңбекшілер бұқарасын езуге және қанауға негізделген мемлекеттік және қоғамдық-экономикалық тәртіптерді қатал айыптаушы болды; ол үстем таптарды ашу-ызамен соққылады, патша сотының әділетсіздігін, буржуазиялық моральдың екіжүзділігін және т. с. әшкереледі. Толстой самодержавиелік тәртіпті қасиеттеп, бас иген, езушілік пен қанаушылықты жақтап, ақтаған шіркеуді қатты сынға алды; бұл үшін ол шіркеуден аласталды. В. И. Ленин Толстойды «орыс революциясының айнасы» деп атады. Жазушының ұлылығын, оның данышпандық шеберлігін, орыс және дүние жүзі әдебиеті үшін оның аса көрнекті маңызын атап көрсете келіп, Ленин Толстойдың дүниеге көзқарасы шаруалардың буржуазиялық революциясы ретіндегі бірінші орыс революциясының өзіндік тарихи ерекшелік белгілерін мейлінше айқын бейнелегенін, бұл революцияның қайшылықтарын, оның күшті және әлсіз жақтарын бейнелегенін көрсетті.

Самодержавиенің озбырлығын әшкерелей отырып, крепостниктік тәртіппен және самодержавиелік-полицейлік мемлекетпен күресудің орнына, Толстой «зорлыққа күшпен қарсылық жасамауды», саясаттан шеттеуді, революциядан бас тартуды, адамның өзін өзі жетілдірумен шұғылдануын уағыздады; дінге қарсы күресудің орнына ескі дінді жаңа дінмен ауыстыру қажеттігін уағыздады. Толстой жұмысшы қозғалысын да, революцияның себептерін де және революцияның болмай қоймайтынын да түсіне алмады. Оның ілімі — «толстойшылдық» утопиялық және реакциялық сипатта болды, бұл ілім революциялық қозғалысқа үлкен нұқсан келтірді. Толстойдың дүниеге көзқарасын сипаттауға және оның бүкіл қызметін бағалауға В. И. Ленин мынадай бірқатар шығармаларын арнады: «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» (Шығармалар, 15-том, 200—207-беттер), «Л. Н. Толстой», «Л. Н. Толстой және қазіргі заманғы жұмысшы қозғалысы», «Толстой және пролетарлық күрес» (Шығармалар, 16-том, 338—343, 346—349, 371—372-беттер) және басқалар.— *304.*

Тотомианц, В. Ф. (1875 ж. туған) — орыстың буржуазиялық экономисі, 1899 жылы «жария марксистердің» органы — «Нача-

ло» журналына қатысып жүрді, 1903—1904 жылдары либералдық «Экономическая Газетаны» редакциялады, «Образование» журналында экономика бөлімін басқарды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде меньшевиктерге жақын болды, меньшевиктік жария «Начало» газетіне қатысып жүрді, кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.

1912 жылдан — Москва университетінің приват-доценті, кооперация курсынан лекция оқыды, сонымен бірге Коммерция институтында сабақ берді. Европаның экономикалық жағдайы туралы, кооперация және қала шаруашылығы туралы бірқатар кітаптардың авторы. Октябрь революциясынан кейін эмиграцияда болды.— *308, 427.*

Тулин, К.— қараңыз: Ленин, В. И.

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы, ол орыс әдеби тілінің дамуына көп еңбек сіңірді. Оның шығармаларында өткен ғасырдың 30—70-жылдарындағы орыс қоғамының идеялық ізденістері мен психологиясы көрсетілген. Тургенев өзінің творчествосында орыстың қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды суреттеді; дворяндық құрылыстың құрып бітетінін түсінген, бірақ оны өзгерту үшін іс жүзінде нендей бір шара қолдануға қабілетсіз «артық адамдар» образының галереясын жасады; әдебиетте тұңғыш рет жаңа ұрпақтың өкілін — революцияшыл әртекті-демократты («нигилисті») көрсетті. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы қатты наразылығы баяу-либералдық талаптармен ұштасып жатты. Лениннің айтуынша, «... Тургенев Добролюбов пен Чернышевскийдің мужиктік демократизмінен жиреніп, баяу монархиялық және дворяндық конституцияға тартты...» (Шығармалар, 27-том, 267-бет).— *422.*

Ф

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың орта шенінде социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығып тұрған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагтың және Бавария ландтагының депутаты болып әлденеше рет сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі мәрте сөз сөйледі; бұл сөздерінде ол партияның қызметін реформалар жүргізу жолындағы күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасауға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизм мен ревизионизмнің идеологы болды. Ол тап күресін шиеленістіруге қарсы шықты, мемлекеттік социализмнің артықшылықтарын дәлелдемек болды, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын талдап жасаған кезде

ұсақ жер иелерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Фольмар социал-шовинизм позициясында болды, өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *9, 367.*

Фрей — қараңыз: Ленин, В. И.

Фурье (Fourier), *Шарль* (1772—1837) — француздың ұлы социалист-утописі. Буржуазиялық құрылысты аяусыз әрі терең сынады және адам құмарлығын тану негізінде құрылған болашақ «үйлесімді» адамзат қоғамын суреттеп көрсетті. Фурье зорлық жасалатын революцияға қарсы болды, болашақ социалистік қоғамға ерікті және сүйкімді еңбек адамның қажетіне айналатын үлгілі фаланстерлерді (еңбек ассоциацияларын) бейбіт насихаттаудың нәтижесінде өтеуге болады деп білді. Алайда Фурье, Ф. Энгельстің атап көрсеткеніндей, дәйексіздігімен ерекше көзге түсті: оның көзқарасы бойынша, болашақ қоғамда жеке меншік сақталып қалуға, байлар мен кедейлер де, капиталистер мен жұмысшылар да сол күйінде қалуға тиіс болды.

Фурьенің негізгі шығармалары: «Төрт қозғалыс пен жалпыға бірдей тағдырлар теориясы» (1808), «Жаңа шаруашылық және социетарлық дүние...» (1829) және т. б.— *29.*

Х

Халтурин, С. Н. (1856—1882) — орыстың тұңғыш жұмысшы революционерлерінің бірі, кәсібі жөнінен қызыл ағаш шебері. 70-жылдардың орта шенінен бастап жұмысшы қозғалысына белсене қатысты, Петербургтегі жұмысшы үйірмелерін біріктіруге тырысқан халықшылдық «Достар қоғамына» кірді. Бірақ халықшылдардан өзгеше, Халтурин саяси күресті революциялық қозғалыстың басты міндеті деп есептеді, ал жаңадан туып келе жатқан пролетариатты революциялық қозғалыстың шешуші күші деп білді. Басқа бір аса көрнекті жұмысшы-революционер слесарь В. П. Обнорскиймен бірге Халтурин 1878 жылы құпия «Орыс жұмысшыларының солтүстік одағын» құрды, дербес жұмысшы газетін шығаруға әзірлік жүргізді. 1879 жылы «Одақ» мүшелерінің көпшілігі тұтқынға алынды. Бостандықта қалған Халтурин «Халық еркі» партиясымен және оның басшысы А. И. Желябовпен жақындасты. Ол кезде Қысқы сарайда ағаш шебері болып істеп жүрген Халтурин халық еркішілерінің ықпалымен патшаға қастандық ұйымдастырды; 1880 жылғы 5(17) февральда сарайда жарылыс болды, алайда патша да, оның семьясы да зардап шеккен жоқ. Полицияның қуғындауында болған Халтурин Россияның оңтүстігінде революциялық жұмысты жүргізе берді. 1882 жылы ол өзінің жолдасы Н. А. Желваковпен бірге Одессада өзінің жауыздығымен әйгілі болған әскери прокурор, генерал Стрельниковқа қастандық жа-

сады. Қастандық жасау үстінде екеуі де тұтқынға алынды да, әскери-дала соты оларды өлім жазасына кесті.— *117.*

Хёхберг (Höchberg), *Карл* (1853—1885) — немістің оңшыл социал-демократы, журналист, бай көпестің баласы. Партияны финанс жөнінен қолдап отырды, «Die Zukunft» («Болашақ») (Берлин, 1877—1878), «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» («Әлеуметтік ғылым мен саясаттың Әржылдығы») (Цюрих, 1879—1881) және «Staatswirtschaftliche Abhandlungen» («Саяси-экономикалық зерттеулер») (Лейпциг, 1879—1882) деген журналдар шығарып тұрды. Социалистерге қарсы ерекше заң қабылданғаннан кейін Шраммен және Бернштейнмен бірігіп жазған «Германиядағы социалистік қозғалыстың өткен кезеңіне шолу» деген мақаланы жариялады, бұл мақалада партияның революциялық тактикасы айыпталды. Мақала авторлары буржуазиямен одақ жасауға және оған бағынуға шақырды, «жұмысшы табының өзін өзі азат етуге қабілеті жетпейді» деп есептеді. Бұл оппортунистік көзқарастар К. Маркс пен Ф. Энгельс тарапынан қатты наразылық туғызды; олар мұны партияға опасыздық жасағандық деп әділетті түрде атап көрсетті.— *53.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. «Русское Богатство» журналында Маркстің теориясы ауыл шаруашылығына қолдануға жарамайды-мыс дегенді дәлелдеуге тырысып, марксизмге қарсы бағытталған мақалалар жазды. 1902—1905 жылдарда эсерлердің «Революционная Россия» газетінің редакторы. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Уақытша үкіметтің егіншілік министрі болды, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларды қатаң жазалауды ұйымдастырды. 1918 жылғы 5(18) январьда Құрылтай жиналысының контрреволюциялық бөлігі оны жиналыстың председателі етіп сайлады. Азамат соғысы жылдарында — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушы, 1920 жылы эмиграцияға кетті, шетелде антисоветтік қызметін одан әрі жүргізді.

Черновтың теориялық еңбектерінде субъективтік идеализм мен эклектика ревизионизммен және халықшылдардың утопиялық идеяларымен ұштасып жатады. Эмиграцияда жүріп, ол ғылыми социализмге реформистік буржуазиялық «конструктивті социализмді» қарама-қарсы қоюға тырысты.— *308, 315, 334, 364, 477.*

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдеби сыншы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россияның 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалысының идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы ар-

қылы өтуге мүмкін болады деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «ол — цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруа революциясының идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революцияшыл күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болды.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық, пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатал сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта өңдеуге ұмтылды. Саяси экономия, тарих, эстетика, көркем сын саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевскийдің еңбектерін оқыған К. Маркс бұл шығармаларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылдарға дейін сындарлы философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс өмірінің артта қалуы себепті Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне көтеріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевскийдің қаламынан философия, саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романын оқып, тәлім алды.— *28.*

Ш

Швейцер (Schweitzer), *Иоганн Баптист* (1833—1875) — немістің қоғам қайраткері және жазушысы, Ф. Лассальдың ізбасары, адвокат. Саяси қызметін либерал ретінде бастады, Лассальдың ықпалымен жұмысшы қозғалысына қосылды. 1864 жылдан Жал-

пы герман жұмысшы одағының орталық органы «Der Sozial-Demokrat» («Социал-Демократ») газетін редакциялады, 1867 жылы Одақтың президенті болып сайланды. Швейцер жалпыға бірдей сайлау правосын енгізеді, өндірістік кооперация үшін мемлекеттік қарыз береді және т. с. деген үмітпен Пруссия үкіметімен келісім жасаудың лассальшылдық, оппортунистік тактикасын жүргізді; Германияны «жоғарыдан» біріктірудің юнкерлік-пруссиялық жолын жақтаушы болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Швейцердің «корольдік-пруссиялық үкіметтік социализмін» қатты сынға алды. Одақтың ішінде Швейцер жеке диктатура саясатын жүргізді, осы арқылы Одақ мүшелерінің наразылығын туғызды. 1871 жылы Швейцер президенттің қызметінен кетуге мәжбүр болды, осыдан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті.— *53.*

Шрамм (Schramm), *Карл Август* — неміс экономисі. Саяси қызметін либерал ретінде бастады, 70-жылдардың бас кезінде социал-демократияға қосылды. Хёхбергпен және Бернштейнмен бірге «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-те («Әлеуметтік ғылым мен саясаттың Әржылдығы») «Германиядағы социалистік қозғалыстың өткен кезеңіне шолу» деген мақала жариялады. Партияның революциялық тактикасын айыптай келіп, мақала авторлары буржуазиямен одақ жасауға және пролетариат мүдделерін оған бағындыруға шақырды. К. Маркс пен Ф. Энгельс бұл оппортунистік көзқарастарға қарсы шықты. 1884—1886 жылдары Шрамм «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының беттерінде және «Rodbertus, Marx, Lassalle» («Родбертус, Маркс, Лассаль») деген кітапта марксизмді сынға алды; кейін социал-демократиядан шеттеп кетті.— *53.*

Штакельберг, А. Ф. (1808—1865) — ішкі істер министрлігінің чиновнигі, 1859 жылдан бастап фабрика және қолөнер уставтарын қайта қарау жөніндегі комиссияны басқарды. Өзінің шетелде жүріп жинаған материалдары негізінде «Батыс Европадағы цех құрылымы және өнеркәсіптің еркіндігі» (1864) деген еңбек жазды.— *434.*

Шульце-Делич (Schulze-Delitzsch), *Герман* (1808—1883) — немістің тұрпайы экономисі, қоғам қайраткері, 1867—1883 жылдары рейхстаг депутаты. Капиталистер мен жұмысшылардың таптық мүдделерін үйлестіруді уағыздады; 1849 жылдан бастап неміс жұмысшылары мен қолөнершілері арасында кооперативтік серіктіктер мен қарыз-жинақ кассаларын құру жолындағы науқанды өрістетті; ол мұны капиталистік қоғам шеңберінде әлеуметтік ынтымаққа жетудің жолы деп білді. К. Маркс пен Ф. Энгельс Шульце-Деличтің реакцияшыл көзқарастарын талай рет сынға алды.— *44, 316.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(1902 жылғы январь — август)

Январь — август. Ленин Мюнхенде (январь — март), ал кейіннен Лондонда тұрады. «Искра» редакциясының жұмысына басшылық етеді. Партия программасының жобасын жазумен шұғылданады.

13 январь (жаңаша). Ленин РСДРП программасы жобасының практикалық бөлімінің жеке пункттерінің нобайын жазады.

Жылдың басы. Ленин «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналынан және «Vorwärts» («Алға») газетінен үзінділер көшіріп алады. Бұлардың кейбіреулері «Не істеу керек?» деген кітапта және РСДРП программасының жобасын жасаған кезде пайдаланылды.

Кеш дегенде 8(21) январь. Ленин Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы программасының Г. В. Плеханов жасаған бастапқы жобасын конспектілеп, өзінің түзетулерін енгізеді және сын ескертпелерін жазады.

8(21) январь. Ленин Мюнхенде «Искра» редакциясының кеңесінде Г. В. Плеханов жасаған программаның бастапқы жобасын сынап сөз сөйлейді және өзінің түзетулері мен толықтыруларын енгізеді.

Ерте дегенде 8(21) январь. Ленин РСДРП программасы жобасының «Искра» редакциясында жасалу барысы туралы хабардың жоспарын жазады.

8 және 25 январь (21 январь мен 7 февраль) аралығында.	Ленин РСДРП программасы жобасының өзі жасаған бастапқы нұсқасын: теориялық бөлімін, аграрлық бөлімін және қорытындысын жазады.
15(28) январь.	«Исқраның» 15-номерінде Лениннің «Мемлекеттік есеп жайында» деген мақаласы жарияланады.
Январьдың ортасы.	Ленин «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітабын жазып бітіреді; бұл кітапты жазуды ол 1901 жылы майда бастаған еді.
25 январьдан (7 февральдан) ертерек.	Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабы «Искраның» редакциясында талқыланады.
25 январь (7 февраль).	Ленин Женевадагы Г. В. Плехановқа хат жазып, оған РСДРП программасының өзі жасаған жобасын Ю. О. Мартовтың түзетулерімен қоса жібергенін, «Не істеу керек?» деген кітаптың теріліп жатқанын хабарлайды; Плехановтың «Заряға» арнаған мақаласын жазумен қалай шұғылданып жатқанын сұрайды.
25 январь мен 18 февраль (7 февраль мен 3 март) аралығында.	Ленин РСДРП программасының жобасын жетілдіре түседі: жобаның аграрлық және фабрикалық бөлімдеріне толықтырулар жазады.
Кеш дегенде 30 январь (12 февраль).	Лениннің инициативасы және нұсқауы бойынша искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылады.
30 январьдан (12 февральдан) кешірек.	Ленин Самарадағы Г. М. және З. П. Кржижановскийлерге хат жазып, онда «Искраның» орыс ұйымының құрылғанын құттықтайды. «Сіздердің бастамаңыз,— деп жазды ол,— бізді керемет қуантты. Ура! Дәл осылай! кеңірек тарта беріңдер! Және де дербес, инициативамен қимылдаңдар — сіздер біріншi болып осыншама кең көлемде бастадыңдар, демек, жалғасы да ойдағыдай болмақ!»
1(14) февраль.	«Искраның» 16-номерінде Лениннің «Саяси үгіт және «таптық көзқарас»» деген мақаласы мен ««Оқушыға» жауап» деген заметкасы жарияланады.

5(18) февраль.	Ленин Берндегі Л. И. Аксельрод-Ортодокске хат жазып, ол жазып жатқан «Кейбір «сыншылардың» бірқатар философиялық жаттығулары туралы» деген мақаласын жіберуді сұрайды,— бұл мақалада Черновты сынауға бірнеше жол арнауға кеңес береді.
13(26) февраль.	Ленин Самарадағы анасы Мария Александровна Ульяноваға хат жазады, қарындасы Мария Ильинична Ульянова жіберген кітаптарды алғанын хабарлайды, А. А. Преображенскийге (Самара губерниясындағы Алакаевка деревнясына жақын жердегі хутордағы көршісіне; мұнда Ленин 1889—1893 жылдардың жазында болған-ды) сәлем айтуды сұрайды, оған егжей-тегжейлі хат жазуға уәде береді.
15(28) февраль.	«Исқраның» 17-номерінде Лениннің «Банкроттықтың белгілері» және «Россияның экономикалық өмірінен» деген мақалалары жарияланады.
Кеш дегенде 18 февраль (3 март).	Ленин партия программасының өзі талдап жасаған жобасына үш түзету жазады.
18 февраль (3 март).	Ленин Цюрихтегі П. Б. Аксельродқа хат жазып, онда РСДРП программасының өзі дайындаған жобасын аяқтағанын хабарлайды және оған енгізілген үш түзетудің текстін келтіреді.
Ерте дегенде 18 февраль (3 март).	Ленин Женева кітапханасының әр алуан мәселелер жөніндегі кітаптарының неміс, ағылшын және француз тілдерінде тізімін жасайды.
Февраль.	Ленин «Не істеу керек?» деген кітабына алғы сөз жазады.
Февраль — марттың бірінші жартысы.	Ленин «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақала жазып, оны РСДРП программасының аграрлық бөліміне түсінік деп атады.
Февральдың екінші жартысы — марттың басы.	Ленин Л. И. Гольдманға хат жазып, Кишиневтегі Гольдман басшылық еткен жасырын баспахананың қызметкерлерін Самарадағы искралық орталықпен байланыстыруға уәде береді.

Марттың басы.	Штутгартта Дитцтің баспасында «Не істеу керек? Қозғалысымыздың толғағы жеткен мәселелері» деген кітап басылып шығады. Кітапқа «Н. Ленин» деген бүркеншік атпен қол қойылған.
5(18) март.	Ленин РСДРП Белосток конференциясына «РСДРП комитеттерінің кеңесіне (конференциясына) «Искра» редакциясының баяндамасын» және қаулының алғашқы нобайын жазады.
5 және 8 март (18 және 21 март) аралығында.	Ленин редакцияның кеңесіне қатысады, «Искраның» Белосток конференциясына жүріп бара жатқан делегатына нұсқау береді.
9(22) март.	Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, РСДРП программасының Плеханов дайындаған екінші жобасы туралы оның пікірін сұрайды, программаның жалпы жобасын жасаудың негізі ретінде редакцияның мюнхендік бөлімінің атынан ұсынылған келісімнің жобасын жібергенін хабарлайды; программаның жобаларын Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының талқылауына берудің керегі жоқ деп есептейді.
10(23) марттан ертерек.	Ленин Париждегі Г. Д. Лейтейзенге хат жазып, одан Б. Н. Кричевскийдің француз социал-демократиясының реформистік қанатын (Жорес пен Мильеран бастаған) қорғап, «Vorwärts»-те («Алға») бастырған корреспонденциясы үшін Мильераннан алғыс айтқан хат алғаны туралы лақапты тексеруді және «Заря» мен «Vorwärts»-тің арасында өршіген айтысқа байланысты осы тексерудің нәтижесін хабарлауды сұрайды.
10(23) март.	«Искраның» 18-номерінде Лениннің «Земствошыларға хат» деген мақаласы және «Күрес» тобы туралы заметкасы жарияланды.
11(24) март.	Ленин М. А. Ульяноваға хат жазып, семьяның жағдайын сұрайды; «Мир Божий» журналында жарияланған Вересаевтың «Бұрылыста» деген повесінен алған әсерін хабарлайды.

14(27) марттан ертерек.

Ленин РСДРП программасының Г. В. Плеханов дайындаған екінші жобасына сын ескертпелер мен пікір жазады.

Германиядағы «Искра» ұйымын полицияның қудалауына байланысты редакцияның Ленин бастаған мюнхендік бөлімі «Искраны» шығаруды Мюнхеннен Лондонға көшіруді ұйғарады.

14(27) март.

Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, «Искра» редакциясының Лондонға көшпек ниеті барын хабарлайды, программаның Плеханов дайындаған екінші жобасына өзінің ескертпелерін жіберуге уәде береді; программаның жобасын талқылау үшін «Искра» редакциясы мүшелерінің кеңесін шақыруды мезгілсіз деп есептейді.

Кеңес 1—4(14—17) апрельде Цюрихте өтті; Ленин оған қатысқан жоқ.

15 март пен 6 апрельдің (28 март пен 19 апрельдің) аралығында.

Ленин Вологдада айдауда жүргендердің әдеби тобының секретары А. А. Богдановқа хат жазып, оның «Искраның» редакциясымен бірлесіп көпшілікке арналған сериялы кітапшалар шығару туралы ұсынысын қабылдайды, алайда, бұл топтың кітапшаларды редакциялау жөнінде қойған шарттарын қабылдауға болмайды деп есептейді; жіберілген мақала жөніндегі өз ескертпелерін хабарлайды.

16(29) марттан ертерек.

Ленин А. Н. Потресовқа «Искра» редакциясының Мюнхеннен Лондонға көшуі жайында хат жазады.

20 март (2 апрель).

Ленин М. А. Ульяноваға хат жазып, оның денсаулығына алаң болып жүргенін білдіреді; Сибирьден жіберген кітаптарын ретке келтіргені үшін Мария Ильиничнаға алғыс айтады; өзінің жаңа адресін алғаннан кейін (таяу уақытта Лондонға көшіп баруына байланысты) орыс тіліндегі кітаптарды, соның ішінде статистика жөніндегі әдебиетті жіберуін өтінеді.

22 марттан (4 апрельден) ертерек.

Ленин РСДРП программасы жобасының аграрлық бөліміне түзету жазады.

22 және 23 март (4 және 5 апрель).

Ленин Г. В. Плехановқа хат жолдап, оған өзінің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласын жіберіп отыр-

	ғанын жазады, В. И. Засуличтің мақаланың шетіне жазған ескертпелері жөнінде өз пікірін жазып беруін және РСДРП программасының комиссиялық жобасын жедел жіберуін өтінеді.
24 март (6 апрель).	Ленин А. Н. Потресовқа хат жазып, Г. В. Плехановтың «Заря» журналын редакциялауды өз қолына алу және оны Женевада шығару туралы ұсынысына байланысты редакциядағы алауыздықтар жөнінде хабарлайды.
28 март (10 апрель).	Ленин Берлинге, апасы Анна Ильинична Елизароваға хат жазып, өзінің Лондонға жүріп бара жатқанын білдіреді және хат жазып тұратын адресті хабарлайды.
30 марттан (12 апрельден) ертерек.	Ленин Лондондағы Н. А. Алексеевке жазған хатында «Искра» редакциясының жақын арада келетінін хабарлайды; өзіне жолданған хаттардың Якоб Рихтердің атына келіп тұратынын айтып ескертеді.
30 март (12 апрель).	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Мюнхеннен Лондонға жүріп кетеді. Ленин поезда келе жатып «Искра» редакциясының келістіру комиссиясы дайындаған партия программасының жобасына ескертпелер жазады.
30 марттан (12 апрельден) кешірек.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Мюнхеннен Лондонға бара жатқан жолда Кёльнде аялдап, Кёльн соборын көреді, Льежге, одан кейін Брюссельге соғады.
1(14) апрель.	«Искраның» 19-номерінде Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабына жазған түзетуі жарияланады.
Апрельдің басы.	В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Лондонға келеді. Ленин «Искра» редакциясының келістіру комиссиясы дайындаған РСДРП программасының жобасына қосымша ескертпелер жазады.
	Ленин «Искра» редакциясының техникалық секретары В. В. Кожевниковаға хат жазады, Кожевникова Лондонда баспахана мәселесі шешілгенге дейін газеттің бірнеше номерін шығару үшін уақытша Мюнхенде қалған еді; Ленин «Искраның» жаңа ғана теріліп болған

он тоғызыншы номерін негізінен алғанда мақұлдайды, газеттің келесі номерін шығаруға байланысты бірқатар сұрақтарға жауап береді.

Ерте дегенде 4(17) апрель.

Ленин Лондонда «Искра» газетін басып шығаруды ұйымдастырады.

Ағылшын Социал-демократиялық федерациясының орталық органы — «Justice» («Әділет») газетінің редакторы Гарри Квелчпен «Искра» газетін оның баспаханасында бастыру туралы келіссөз жүргізеді.

Ленин ішкі істер министрі Сипягинді С. В. Балмашевтың өлтіруіне байланысты Петербургте басылып шыққан «Тарақандар мен күңдер» деген листокқа редакциялық ескерту жазады.

5(18) апрель.

Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, Лондонда «Искраның» редакциясын орналастыру жөнінде істеліп жатқан жұмыстарды хабарлайды; Аксельродтың «Заряның» 4-номеріне арналған мақаласының жайын сұрайды.

8(21) апрель.

Ленин аграрлық мәселе жөніндегі материалдарды зерттеу үшін оқу залына барып жүруге праволы болатын билет беруді өтініп, Британ музейінің директорына хат жазады. Хатқа Тред-юниондардың жалпы федерациясының бас секретары И. Митчелльдің кепілдемесі қоса тіркеледі.

10(23) апрель.

Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, оған Лондондағы өз адресін хабарлайды (құпиялылықты сақтау мақсатымен адресін көп жария етпеуді өтінеді), «Искраның» 20-номеріне арналған бас мақаланы Г. В. Плехановтың жазған-жазбағанын сұрайды.

10 және 20 апрель (23 апрель мен 3 май) аралығында.

«Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаланы 2(15) апрельде Цюрихте болған кеңесте «Искра» редакциясының мүшелері — Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич және Ю. О. Мартов — талқылағаннан кейін Ленин оған кейбір өзгерістер енгізеді.

11(24) апрель.

Ленин И. Митчелльдің жаңа кепілдемесін жібергені туралы хабарлап, Британ музейінің директорына екінші рет хат жазады.

16(29) апрель.	Ленин Британ музейі оқу залының тіркеу қағазына оқу залының ережелерімен танысқаны туралы өз адресін көрсетіп қол қояды.
1902 ж. ерте дегенде 16(29) апрель — 1903 ж. кеш дегенде апрель.	Ленин Лондондағы Британ музейінің оқу залында жұмыс істейді; Германия, Голландия, Франция ауыл шаруашылығының жағдайы туралы арнаулы статистикалық зерттеулермен танысады. Мына еңбектерден үзінділер көшіріп алады: C. Hubach. «Ein Beitrag zur Statistik der Verschuldung des ländlichen Grundbesitzes in Nieder-Hessen» (К. Губах. «Төменгі Гессендегі селолық жер иеленушілер берешегінің статистикасы жөнінде»), H. Grohman. «Die niederländische Landwirtschaft im Jahre 1890» (Г. Громан. «Голландияның ауыл шаруашылығы 1890 жылда»), Th. Goltz. «Die agrarischen Aufgaben der Gegenwart» (Т. Гольц. «Қазіргі аграрлық проблемалар»), P. Turot. «L'enquête agricole de 1866—1870» (П. Тюро. «1866—1870 жылдардағы ауыл шаруашылық анкетасының қорытындылары» және басқалар. Ленин Великобританияның фабрикалық бас инспекторының 1901 жылы Лондонда басылып шыққан «Annual Report of the Chief Inspector of Factories and Workshops for the year 1900» деген жыл сайынғы есебінен үзінділер көшіріп алады, бұл кітапқа қысқаша сипаттама береді және 1901 жылы жарық көрген басқа да парламенттік басылымдардың тізімін жасайды. Ленин әр түрлі мәселелер жөніндегі кітаптардың, журналдар мен газеттердің ағылшын тілінде тізімін жасап, оған белгілер салады.
20 апрель (3 май).	Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, РСДРП программасының жобасы «Искраның» 21-номерінде жариялануға дайындалып жатқанын, «Искра» редакциясының Цюрихте болған кеңесінің ұсыныстарына сәйкес өзінің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласына өзгерістер енгізгенін және оны Плехановқа жібергенін хабарлайды. Сондай-ақ Воронеж бен Уфадағы тұтқынға алу фактілерін де хабарлайды.
Ерте дегенде 20 апрель (3 май).	Ленин Херсон земстволық кітап қоймасының 1900 жылғы есеп ведомостін зерттейді, кейбір

жайттарды есептеп шығарады; В. Ф. Арнольдтың 1902 жылы Херсонда басылып шыққан «Херсон уезінің шаруалар шаруашылықтарының агрономиялық техникасы мен ауыл шаруашылық экономикасының жалпы белгілері» деген кітабын оқып шығады, кейбір жерлеріне белгі салады.

21 апрель (4 май). Ленин «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағына» және Бундтың шетелдік комитетінің Парижде тұрған өкілі А. Кремерге хаттар жазады, «Искра» делегатының тұтқынға алынуы ықтимал деген жорамалмен РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Белосток конференциясында сайланған мүшелерінің фамилиялары мен адрестерін хабарлауды өтінеді; Бірінші Майға арналған листокты жергілікті комитеттерге жеткізу жөнінде шаралар қолдануды ұсынады; «Искраның» Париждегі өкілі — Г. Д. Лейтейзен арқылы байланыс жасап тұруды ұсынады.

22 апрель (5 май). Ленин Г. Д. Лейтейзенге хат жазып, 21 апрельде (4 майда) оған жіберілген маңызды хатты тауып алу және онда баяндалған шұғыл тапсырманы орындау қажет екенін хабарлайды.

Ленин Н. К. Крупскаяның Псковтағы П. Н. Лепешинский мен И. И. Радченкоға жазған хатына Вардёде (Норвегия) Россияға жасырын әдебиетті тасымалдап тұру үшін аралық пункт құру туралы, Воронеж бен Ярославльдегі тұтқынға алу фактілері туралы қосымшалар енгізеді; хатқа жазған қосымшасында статистика жөніндегі кітаптарды алғанын хабарлайды және Владимир губерниясының жерлерін бағалау жөніндегі 1901 жылы басылып шыққан материалдарды жіберуді өтінеді.

23 апрель (6 май). Ленин Самарадағы Г. М. Кржижановскийге хат жазып, «Искраның» Белосток конференциясындағы делегаты Ф. И. Данның тұтқынға алынғанын, конференцияда РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің құрылғанын хабарлайды, жергілікті комитеттерді, әсіресе Орталық, Урал және Оңтүстік комитеттерін өз жағымызға тарту міндетін қояды, Кржижановскийге астыртын жағдайға көшуді ұсынады.

25 апрель (8 май). Ленин М. А. Ульяноваға хат жазып, шетелде жақында кездесерміз деген үміт білдіреді, келіп жетудің неғұрлым қолайлы жолын ұсынады.

27 апрель (10 май). Ленин Лондонда шығатын «The Athenaeum. Journal of English and foreign Literature, Science, the fine Arts, Music and the Drama» («Атенеум. Ағылшын және шетел әдебиеті, ғылым, әсемдік өнерлер, музыка және драма журналы») апталығына мынадай хабарландыру береді: «Орыстың право докторы мен оның зайыбы бір ағылшыннан (немесе ағылшын әйелінен) ағылшын тілінен сабақ алып, өздері оған орыс тілінен сабақ бергісі келер еді.— Хаттарды Я. Рихтер мырзаның атына мына адреске жіберіңіздер: 30, Холфордсквер. Пентонвилл. W. С.».

Апрель. Ленин «РСДРП Солтүстік одағының» программасына сын ескертпелер жазады.

1(14) май. Ленин Г. В. Плеханов пен П. Б. Аксельродтың «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаланы олар екінші рет қарап шыққан кезде жасаған ескертпелеріне жауап жазады.

Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, онда Плехановтың «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақалаға жасаған ескертпелерінің сипаты мен сарынының жөнжосықсыздығына қарсы наразылық білдіреді.

Ленин Г. В. Плехановтың «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақалаға жасаған ескертпелері жөнінде А. Н. Потресовқа хат жазады; оған мақаланы жібереді.

9(22) майдан кешірек. Ленин «Искра» редакциясының атынан «Орыс азаматтарына» деген прокламацияға кіріспе жазады; бұл прокламацияны РСДРП Дон комитеті ішкі істер министрі Сипягинді атып өлтірген С. В. Балмашевтың дарға асылуына байланысты шығарған болатын.

10(23) май. Ленин Н. К. Крупскаяның Самарадағы Ф. В. Ленгникке жолдаған хатына қосымша жазады, онда партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін қалпына

келтіру және РСДРП-ның жергілікті комитеттерінің басым көпшілігін өз ықпалына қаратып алу қажеттігі айтылады.

24 май (6 июнь). Ленин Н. К. Крупскаяның Петербургтегі И. И. Радченкоға жазған хатының текстіне түзетулер енгізеді; бұл хатта Бунд пен «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» тактикасы туралы, Белосток конференциясының нәтижелері туралы, эсерлер партиясының құрылуы туралы мәселелер баяндалған болатын.

25 май (7 июнь). Ленин М. А. Ульяноваға хат жазып, оның шетелге келуін күтетінін айтады, Горький мен Скиталецтің кітаптарын алғанын хабарлайды, кітаптарды бұдан былай да жіберіп тұру үшін адресін жіберуге уәде береді.

Ерте дегенде 30 май (12 июнь) Ленин «Искра» редакциясының атынан «Суретшілер — және бостандық жолындағы күрес (Күні кеше өткен уақыттың документі)» деген прокламацияға кіріспе жазады; бұл прокламацияны 1902 жылғы 3(16) мартқа белгіленген демонстрация жөнінде «Ерікті суретшілер одағы» Петербургте бастырып шығарған болатын. Прокламация және оның кіріспесі 1902 жылы июльде «Исқраның» 22-номерінде жарияланды.

1(14) июнь. «Искра» газетінің 21-номерінде РСДРП программасының жобасы жарияланды; бұл жобаны Лениннің инициативасымен және оның белсене қатысуымен «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясы әзірлеген болатын.

5(18) июнь. Ленин А. Н. Потресовқа хат жазып, «Искра» газетін ұлғайтуды — оған қосымшалар шығаруды, кітапшалар бастыруды ұсынады; «Заряны» редакциялау жұмысын Г. В. Плехановқа (Женеваға) беруді ұсынады.

9(22) июньнен ертерек. Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, одан Берлинде өзінің рефератын оқуды ұйымдастыру мүмкіндігі туралы хабарлауды өтінеді.

9(22) июнь. Ленин Петербургтегі И. И. Радченкоға хат жазып, Бундпен және «Искраның» Орыс ұйымының бюросымен бірлесіп, РСДРП II съе-

зін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құруды, Ұйымдастыру комитетіне секретарьлық және оның жұмысына басшылық ету міндетін өз мойнына алуды, Бундқа өз ұйымдары арасында съезге әзірлік жұмысын жүргізуді тапсыруды ұсынады.

10(23) июнь. Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаланы редакциялауға байланысты екеуінің арасында туған дауды жою туралы оның ұсынысын қабылдайтынын айтады; өз мақаласының корректурасын жіберуді ұсынады; «Заряның» 4-номерін шығаруды тездету қажет деп есептейді.

Ленин Л. И. Аксельрод-Ортодоксқа хат жазып, Бернде тұратын орыстар арасындағы эсерлер туралы лекция оқуға денсаулығының нашарлығы себепті келе алмайтынын хабарлайды; күзде келемін деп уәде береді.

12 және 14 (25 және 27) июнь аралығында. Ленин Парижге барады.

14(27) июнь. Ленин Париждегі орыс саяси эмигранттарының жиналысында эсерлерге қарсы бағытталған реферат оқиды.

Июньнің екінші жартысы — 12(25) июль. Ленин өзінің анасы М. А. Ульяновамен және апасы А. И. Елизаровамен бірге Логивиде (Францияның солтүстік жағалауы) тұрады.

19 июнь (2 июль). Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, тынығу және туыстарымен көрісу үшін Бретаньға келгенін, террордың мәні туралы мәселе жөнінде Ю. О. Мартовпен және В. И. Засуличпен арадағы алауыздықтары туралы («Искраның» 21-номерінде Г. Ю. Леккерттің Вильно губернаторы фон Вальға жасаған қастандығы туралы заметканың жариялануына байланысты) хабарлайды; Плехановқа «Искраның» 22-номеріне бас мақала етіп беру үшін «Ветеран» деп қол қойылған өз мақаласын қайта өңдеп жазуды ұсынады.

26 июнь мен 3 июль (9 және 16 июль) аралығында. Ленин И. И. Радченкоға хат жазып, оның өтінуі бойынша РСДРП Петербург ұйымының жұмысындағы ең таяудағы практикалық міндеттердің нақты жоспарын белгілейді, Петер-

бургтегі «Күрес одағы» мен Жұмысшы ұйымы өкілдерінің Лондонға келуін тездетуді өтінеді.

29 июнь (12 июль). Ленин Г. В. Плехановқа хат жазып, «Заряның» 4-номеріне арналған оның «Біздің сыншыларға сын» деген мақаласын алғанын хабарлайды, Халықаралық социалистік бюроның мәжілісіне қатысу үшін Брюссельге неге бармай қалғанын сұрайды; Дейчтің Швейцарияда практик-искрашылдардың съезін шақыру туралы жоспарын қабылдауға болмайды деп есептейді, Плехановпен және Россиядан келген жолдастармен Лондонда кездесуді ұсынады.

Июньнің аяғы — июль. Ленин «Социал-демократия неліктен социалист-революционерлерге үзілді-кесілді және аяусыз соғыс жариялауы керек?» деген мақаласын жазады.

3(16) июль. Ленин Лондондағы Н. К. Крупскаяға хат жазып, мүлдем әзірленбегендігі себепті Швейцарияда практик-искрашылдардың съезін шақыру мүмкін болмайды деп есептейді, «Заряның» 4-номеріне арналған «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген өз мақаласының корректурасына түзету енгізуді өтінеді.

Ленин И. И. Радченкоға хат жазып, «Не істеу керек?» деген кітап туралы жұмысшылардың пікірлерін хабарлауды өтінеді, Петербургтегі Жұмысшы ұйымының «Искра» редакциясымен тікелей байланысын орнату қажет деп есептейді, РСДРП Петербург комитетімен өзара қарым-қатынастың қандай екенін сұрайды, партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетін құру жобасын ұсынады.

9(22) июль. Ленин И. И. Радченкоға хат жазып, комитеттің «экономизмге» қарай ауытқуына қарсы аяусыз күрес жүргізу және сонымен бірге Петербургтегі Жұмысшы ұйымын өз жағына тартып алу жөніндегі жұмысты күшейту, бұл үшін Радченко басшылық ететін үйірмені пайдалану қажеттігі туралы нұсқау береді.

11(24) июль. Ленин өзінің Логивиде болғаны туралы, Россиядағы бірқатар комитеттердің, соның ішін-

де Петербург комитетінің «Искраның» позициясына көшкені туралы Г. Д. Лейтейзенге хат жазады.

12(25) июль. Ленин Логивиден Лондонға жүріп кетеді.

15(28) июль. Ленин Г. В. Плехановқа хат жазады; оны Лондонға тезірек келуге шақырады және жолына ақша жіберілгенін хабарлайды.

16(29) июль. Ленин Қырымдағы В. Г. Шкляревичке хат жазып, онда «Искра» редакциясын Россияның оңтүстігіндегі (Қырым) социал-демократиялық жұмысшы ұйымымен байланыстыруды өтінеді.

20 июль (2 август). Ленин П. Г. Смидовичке хат жазып, «Не істеу керек?» деген кітаптың IV тарауына, «Жұмысшылар ұйымы және революционерлер ұйымы» дейтін бөлімге түсінік береді.

22 июль (4 август). Ленин Цюрихтегі В. А. Носковқа хат жазып, онда Россия үшін «Искра» агенттерін іріктеп алудың және олардың жұмысына шетелден басшылық етудің қиыншылықтарын айтады; агенттердің жұмысына практикалық басшылықты «Искраның» орыс ұйымы жүзеге асыруы қажет деп есептейді; «РСДРП Солтүстік одағының» «Искра» редакциясымен неғұрлым тығыз байланыс орнатуын ұсынады.

Ленин Н. К. Крупскаяның РСДРП Киев комитеті мүшелерінің біріне жазған хатына түзетулер енгізеді, хатқа жазған қосымшасында комитеттен келетіндердің «Искра» редакциясымен, Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының мүшелері арқылы емес, қайта тікелей байланыс орнатуын өтінеді.

25 июль (7 август). Ленин Н. К. Крупскаяның И. И. Радченкоға жолдаған хатына қосымша жазады, онда полицияның оның ізіне түсуі себепті Радченконың Петербургтен кетуі қажеттігін айтады.

26 июль (8 август). Ленин Г. В. Плехановқа хат жазады; Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» мүшесі В. П. Краснуханың келгенін хабарлап, Плехановқа оның Женеваға баруын күтуге кеңес береді.

30 июль (12 август).	Ленин И. И. Радченкоға хат жазып, Жұмысшы ұйымының құрамына жұмысшылардан жаңа мүшелерді кооптациялау қажет деп есептейтінін айтады, оған тұтқынға түсіп қалмау үшін оңтүстікке — Харьковқа немесе Киевке кетуді ұсынады.
Июль — август.	Ленин «Революциялық авантюризм» деген мақала жазады. Мақала «Искра» газетінің 23 және 24-номерлерінде (1 августа және 1 сентябрьде) жарияланды, ал кейін жеке кітапша болып басылды.
Июльден кешірек.	Ленин А. Мартыновтың 1902 жылы Женевада басылып шыққан «Жұмысшылар және революция» деген кітапшасын қарап шығып, кейбір жерлеріне белгі салады.
2(15) август.	Ленин Лондонда РСДРП Петербург комитеті, «Искраның» орыс ұйымы және «РСДРП Солтүстік одағы» өкілдерінің кеңесін өткізеді; бұл кеңесте партияның II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің искралық ұйытқысы құрылады.
3(16) август.	Ленин 1902 жылғы 2(15) августа Лондонда болған кеңестің нәтижелері туралы Н. К. Крупскаяның И. И. Радченкоға жазған хатына түзету енгізеді.
6(19) август.	Ленин П. Б. Аксельродқа хат жазып, Герман социал-демократиялық партиясының Мюнхенде болатын съезіне баруға кеңес береді және И. Х. Лалаянцқа арналған хатты қоса жібереді.
9(22) август.	Ленин Харьковта шығатын «Южный Рабочий» газеті редакциясының мүшелеріне хат жазып, газеттің «Искрамен» ынтымақ жасауды ұйғарғанын мақұлдайды, ең таяудағы практикалық жоспарларын сұрайды, хат жазысып тұру үшін адресін хабарлайды.
11(24) август.	Ленин РСДРП Москва комитетінің «Не істеу керек?» деген кітапта баяндалған көзқарастарды қолдайтыны туралы мәлімдемесі жөнінде осы комитетке хат жазады.
Кеш дегенде августа.	Ленин «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның екінші басылуына арналған алғы сөздің нобайын жазады.

Август. Ленин «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаның екінші басылуына алғы сөз жазады. Лениннің «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласы «Заря» журналының 4-номерінде жарияланады.

1(14) сентябрь. «Искра» газетінің 24-номерінде Лениннің «Стачкалар туралы жаңа заңның жобасы» деген бас мақаласы жарияланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).

Т. 6. Янв.-авг. 1902. 666 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар:
Э. В. Клопов, Е. Б. Струкова,
С. Е. Тарнопольская.

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. Е. Перова.

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Н. П. Коликов.

Редактор *К. А. Остроухова.*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 12/IV 1974 г. Подписано к печати 14/I 1975 г. Формат 84×108¹/₃₂. Бумага типографская № 1 — 21,375=35,9 усл. п. л.+ 4 вклейки ¹/₄ печ. листа (34,8 уч.-изд. л.).
Тираж 15 000 экз. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата,
ул. Советская, 50.

Заказ № 870. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.